

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

ӨР-ЫЛДИЛЫ ӨМІР

Хикаяттар



«Тоғанай Т»

Алматы

2016

ӘОЖ 821.512.122-3
Қ 13

Қабышұлы Ғ.
Қ 13 Өр-ылдилы өмір. Хикаяттар / Ғаббас Қабышұлы. – Алматы:
«Тоғанай Т», 2016. 376 бет.

ISBN 978-601-7855-42-0

Бұл жинаққа жазушының әр жылдардағы хикаяттары таңдап
енгізілді.

ӘОЖ 821.512.122-3

ISBN 978-601-7855-42-0

© Қабышұлы Ғ., 2016
© «Тоғанай Т», 2016

ТӘЛКЕК ТАҒДЫР

Ойдым-ойдым орман. Кескілескен қияпат ұрыста қатары қақырап, ұранынан жаңылып, қырка-жонға қашып шығып, ұйлығып, етекке үрке қарап тұрған шарасыз әскер-тобырға ұқсайтын төрізді. Етекте өлісі өлідей сұлап, жарақаттысы жан тәсілім сәтіндегі қиналыс тауқыметін тартып жатқан қарулас серіктеріне құр ғана көзбен: «Бақыл болыңдар!.. Қош болыңдар!...» – дейтіндей. Оларға қайырылар, көмек берер, құтқарар қауқарлары жоқтай. Шарасыздық-ай!..

Етекте жайрап қалғандар аз емес: кебінге оралғандай аппақ-аппағы да, кебін жетпей, жалба-жұлба киімімен жатқандар да көп. Бәрі де тіршіліктен тылсымға көшкен. Түңілген. Суынған. Тағдыр-ай!..

Күштің аты – күш. Қаншама ғасыр жасағанында сыны бұзылмай, сымбаты бүлінбей, аңның ғана дауысын, құстың ғана үнін естіп, жаңбырдың сіркірін, қардың сықырын, желдің гуілызылын тыңдап, әрқашан кең тыныстап, емін-еркін тірлік кешкен қалың орман, қара орман осы бір күйге тап болды. Шомбал-шомбал, заңғар-заңғар таудың сілем-тізбегін түгелдей еншілеп, етегінен ең биік ұшар басына дейін сыңсып өскенін әлде Алласы, әлде албастысы көпсінген қыруар қол – екі аяқты адам легі келді де, мирас тыныштықты тас-талқан етті. Етектен түре қиып кірісіп еді, жүздеген жыл толысқан жарасым-сұлулықты он шақты жыл қарасында ойрандап-ақ тастады. Қарағай-самырсында – жасында да, қартында да – дәл қазір тағдырына талыға нәлет айтқаннан басқа амал жоқ. Лек-лек болып жеткендер түп-тамырынан қиып, отап, сыпыра селдіретіп, бұтағын бұтарлап өртеп, қабығын қауырсындап түсіріп, сүрегін «ақ кебіндеп», әлдеқайда әкетіп жатыр. Қатал да қайырымды, суық та сұлу өңірге тажал аратемір мен балта болды. Қыруар қол бір уақ аялдар емес: азаннан ақшамға дейін қимылдайды; орманды да ойсыратады, өздері де ойсырайды,

бірақ өңірден ағаш тиіп кеткен көлік атаулы адам тиіп қайтып оралады; ағаш неғұрлым көп кетсе, адам соғұрлым көп келеді. Лек-лек, лек-лек...

Сол лектің бірі бүгін де таң алакеуімнен келіп, қара орманның «қоңын» оюға кіріскен. Аң біткенді үркітіп, құс біткенді шошытып, төңіректі тақ-тұқ, шақ-шақ, зың-зың дауыс-дыбысқа толтырған. Кейде ашулы, назалы жандардай, бейкүнә қарағайда еселері кеткендей, екілене қимылдап, дауыс-дабысты үдетіп жібереді; кейде амалсыздың күнін аңғартқандай самарқау, селкос, бейжай, берекесіз әрекетке ауысып, саябырлап барып сап тынады. О тұс пен бұ тұстан енді естілетіні: күрк-күрк жөтел, қақырыныс-түкірініс, күңкілдескен сөз. Сәлден соң күңкілдесу де тыйылады; тыйылмайтын – күрк-күрк жөтел ғана, оны алқам-салқам, жамау-жасқау киімді лектің бір сәткі тірлік хабаршысы дерсің.

Домалақ жер жарықтықтың тоң қыртысты солтүстік-шығысының аспаны да алқам-салқам – шілденің соңғы аптасы басталса да, қара қожалақ бұлт арық-тұрақ қой өткен қурай басындағы өлі жүндей жырым-жырым болып салбырап тұр. Суық жаңбырдың құйрығы үзілгелі он шақты күн болғанмен, ауада жаз жылуы жоқ, жаңбыры ауып кетсе де, суығы табандап қалып қойғанға ұқсайды. Жан-жақ жасыл бояуға тым кенде, қайда қарасаң да – сұрғылт дүние, сұп-сұр. Сұп-сұр. Көзіңді қарып, көңіліңді қажайды, құлазытады, қаңыратады. Бұл жалғанда, мынау орман-тауда жападан-жалғыз қалғандай хал кешесің. Табаныңның астындағы жер байғұс жасын санауды, тыныс алуды тоқтатқандай; жырым-жырым қарақожалақ бұлтты алқам-салқам аспан күннен-күнге аласарып, түнеріп, төніп келе жатқандай – сені басып, жаншып, езіп, сұп-сұр тоң-топыраққа сіңіріп жіберетіндей. «Топырақтан жаралған» жұмыр бас болсаң да, топыраққа сіңірілгің келмейді. Атамекеніңнің де топырағы емес. Қорқынышты. Қорқасың.

Осындай ауыр күйде, суық сезім уысында аңтарылған Құрманбай:

– Хал қалай? – деген оқыс сыбырдан селт етіп, жалт бұрылып қараса, Семен екен: аппақ шашы қобырап, шүңірек көзі жұмылыңқырап, әкпішше бүгіліңкіреген ұзын денесі икемге әрең

көнгендей қиналысты пішінмен дізе бұге берді; «ох!» деді ақырын ғана.

– Мында келсеңші! – деді бөренеде отырған Құрманбай, оған оң жағынан иегімен орын нұсқап.

– Дізем қиылып кетті, көсіліп отырайын, – деген Семен бөренеге арқасын тіреп, ұзын аяғын серейтіп-серейтіп тастай салған тәрізді сәлекет қимыл жасап жайғасты.

– Мейлің. Жер сыз ғой бірақ.

– Ұзақ отырғызбас.

Құрманбай көзін Семеннен аударып, сол жақ дізесіндегі жамауы жалбырап тұрған көнетоз шалбарының басқа да жыртылған, сетінген, сөгілген тұстарына қарап отырып:

– Бүгін түп-тура жеті жыл, – деп өз-өзінен күбірледі.

– Ал менің әлі бес жылым бар, егер аман-есен жүрсем.

– Жас емессің бе? Ертең-ақ!

– Кім біледі...

Әлдекімнің ауыз жаппай күркілдегеніне: «Кәне, тұрындар! Іске кірісіндер! Тұрындар! Іске кірісіндер!» деген қарлығыңқы жуан дауыс ілесті. Сол дауыстан бір сәт дір еткен тымық ауа қайтадан тұнды. Құрманбай кеудесін көтеріп, жан-жағына қарады. Бәрі де қыбырсыз отыр. Өзі мен Семен сияқтылар. Бірі – бөренеде. Бірі – түбірде. Бірі – жерде. Ешқайсысы қозғала қоймады. Сәлден соң бір тұстан қоңыр кепкалы, қоңыр күртелі төртпақ кісі көтерілді де:

– Ал тұралық! Жұмысқа кіріселік! Кәне, тұрындар! Естідіндер ғой, ал кірістік! – деді. Оркестр алдындағы дирижерша екі қолы қосыла «сөйледі». «Оркестр» іске кірісті, орман ішін балтаның тақ-тққ, қарш-қарш еткен үні керней бастады. Құрманбайға құм түстес түйе тасты қисайта өскен қу қарағай тап болған: балтасын шыңылдатып кейін тебеді. «Бүгін де қолымнан қол қалмайтын болды-ау!» – деді Құрманбай іштей кейіп. Ол ернін жымқыра түсті. Он төрт жасында «Көсе Матвей» деген ұста орысқа балғашылыққа жалданып, қолына дәу балғаны алғаш ұстағанында Көсе Матвей оған балға сабын қай тұсынан қалай ұстағанда қандай күш алатынын түсіндіріп айтып: «Балғаны ешқашан ыңқылдап, ырсылдап ұрма, өйтсең – тез шаршайсың, ернінді жымқырып тұр, демінді үнемдеп

шығара біл, сонда күшің рәсуа болмайды. Қалай, балуан жігіт, ұқтың ба?» – деген. Сол ақыл сақаға құйған қорғасындай болып, көкейіне қонып қалған-ды; оның дұрыстығына көзі тез жеткен.

Кейін, төрт-бес жылдан соң, Матвей ұста дүкенін бір тайыншаға сатып, Тарғын руднигіне көшіп кетті. Құрманбайдың әкесінде жалғыз қоңыр сиыр бар болатын, әйелі қайтыс болып, енді-енді тәй-тәйлай бастаған жалғыздары Құрманбаймен қалған Айтықтың қолынан келетіні – қоңыр сиырдың бұзауын торпақ шыға соғымға сойып алатын. Құрманбайының ұсталыққа көңілі ауғанын көрген соң Айтекең соғымды тыя тұрды да, торпағын тайынша шығарып, Матвейдің ұста дүкенін барша құрал-сайманымен сатып алып қалды. Өзі екінші рет үйленген жоқ; әрі тұңғышы, әрі кенжесі – Құрмашының ұсталығы әкеге шынайы мерей болды. Сол жәйт санасынан бір сәткі сағым болып сырғып жөнелген Құрманбай: «Матвей Емельянович бар ма екен, қайда екен? Менен жиырма жас үлкен еді, биыл елу тоғызда ғой, бар шығар» деп ой орнықтырды.

Балта шыңң... шыңңң... Қолдың қары діррр... діррр... Балта кейін де тебеді, тайып та кетеді. Құрманбайдың жігері құм. Көрінеу қырсыққа үнсіз көніп, күйбеңмен уақыт өткізуіне де болар еді. Кім неше ағаш кесті деп тінтініп түгендеп санап жүрген бақылаушы жоқ; қазіргі бақылаушы Павел Павлович Павловқа керегі: іске кірісіңдер дегенде – кіріс; дем алыңдар дегенде – дем ал. Бір сағат жұмыстан соң он минөт демалыс. Түскі тамақ мерзімі қырық минөт. Павловқа дейінгілердің тәртібі тым сорақы еді: бұларды жұмысқа алып келетін, жұмыстан алып қайтатын үш бақылаушы бәрін де титықтататын, түскі тамаққа дейін де, одан кейін де дем алдырмайтын, ақырып-зекіріп, боктап-иянаттап, түйіп жіберіп, теуіп қалып, әбден қорлайтын; басын қосымша пәледен қорғағысы келетін әлсіз, амалсыз, қорғансыз адамдар қашан халі құрып, шөке түсіп құлап қалғанға дейін әйтеуір қимылдай беретін, қыбырлай беретін, құлады екен – үшеудің әңгіртаяғы ойнайды, бірер минөттен соң сүйретіліп қайта тұрып, қарғыс атқан қарекетке қайта кіріспеске лажы жоқ, кешке лагерьге зорға жетеді, баракқа біріне-бірі сүйеніп, сүйретіліп кіретіндер де, еңбектеп енетіндер де аз болмайды, өйткендердің екеу-үшеуі азапты өмірінің ақырғы

түнін де азаппен, жарық дүниені әлде қимаған, әлде қарғаған қиналыспен өткізеді, сөйтіп, ертеңінде, азанда жұмысқа әкетердегі санақта, барак тобының саны кеміп шығады...

Павловтың келуі қырдан бері аскалы қылғынып тұрған аждаһаның кенеттен кері қайтып кеткені туралы ертегіге ұқсас дерлік жәйт болды: үш бақылаушының орнына – біреу; әңгіртаяқ тыйылды. Жұмыс кезінде жалтақтап, қол қусырып тұрма, екеу-үшеуден ошарылып, оңашаланып сөйлеспе, ісінді біл – ілбіп болса да қимылдай бер. «ПП» соған риза. «ПП» – бақылаушының көпшілік аузындағы қысқаша аты. «ППП» емес, «ПП»; кім қойғаны беймәлім.

«ПП»-ның мұнда келгеніне үшінші ай. Мамырдың орта шенінде келген. Бұларды жұмысқа алып шыққан бірінші күні таңертең: «Менімен тіл қатысарда, сөйлескенде «Павлов» дейтін болыңдар» деген. Ешкім: «Неге?» демеді, көзінше «Павлов», «сыртынан «ПП» дейді. Ол бұларды орманға алып барысымен: «Араларында дәрігер бар ма?» деді. Бар болатын. Көнетоз қоңыр кепкалы, қоңыр күртелі, өңі оңған көкшіл шалбарлы, бақа бас көн бәтеңкелі Жұмахан Байбатыров топ ортасынан асықпай шығып, оның алдына барды да: «Мен дәрігермін. Не бұйырасыз?» – деді, еңгезердей Павловтың бетіне жайбарақат қарап. «Сіз маған көмекші боласыз. Мына тоғызыншы барактың тазалығы үшін де, жұмыстағы тәртібі үшін де сіз жауап бересіз. Орныңызға барыңыз, кейінірек сөйлесерміз», деді.

Жаңағы бір әредікте: «Ал тұралық!...» – деп бұларды іске бастаған сол, Жұмахан Байбатыров.

Барақтағыларға бит кәдімгі бөрідей тажал болған-ды. Күзеті осал қотандағы қойға аш бөрі қалай тыныштық бермесе, моншаның не екенін ұмытқан, жарым-күрсақ жұртты бит те басынып алған еді. Көпшіліктің қолынан келген қайран: таңертең қоңыраудан бұрынырақ тұрып, тыр жалаңаш шешініп, киім-кешегін айқыш-ұйқыш шегеленген арса-арса жарматақтай есікке ұрып-ұрып алу да, сүртініп-сүртініп киіп, еңтігіп-демігіп кете бару.

Жұмахан жаңа бақылаушыға көмекші болғаннан екі күннен соң бұларға барактың сыртқы бір бұрышына жақын тұстан киіз

үйдің орнындай аумақта тастан қоршау жасатты да, ішіне екі жерден шұңқыр қаздырды; содан былай барақтағылардың ішкі киімдерін бестен, оннан жиғызып алып (түн әлетінде, әрине), қоршауға апарғызып, шұңқыр түбіне жағылған оттың жалынына шарпытпай ұстап тұрып, ағаш таякшамен өңін де, аудартып астарын да ұрғылататын болды. Көпшілік о баста да осылай істеуге әрекеттенгенде түнгі күзетшілер, бұлар құдды қоғамға қастық істеуді көздегендей-ақ, бүкіл даланы бастарына көтере ақырыш-бақырып, бараққа қуып тыққан. Мына жолы да біраз ақырыс-бақырыс, жағалас болды, бірақ лагерь бастығының жана орынбасары Сидельников пен Павлов келіп араласып, ақырында күн ара түнде осылай «киім қақтау» жасап тұруға рұқсат берілді. Әр жолы барақтағылардан екі кісі кезекші болады.

Жұмахан күндіз жұмыс кезінде топты бір аралап шығады, оқыс қиналысқа, кесепатқа тап бола қалғандарға көмектесіп бағады, дәрі-дәрмексіз дәрігер қолынан келгенінше жәрдем беруге тырысады. Тек о тұс, бұ тұста себепсіз бөгелуге, кіммен болсын шүйіркелесіп тұруға хақы жоқ – Павловтың жарлығы солай.

Ал «ПП»-ның өзі болса, күні бойы топтың бір шетінде не отырады, не ары-бері аяңдап жүреді. Қайыңның тозына ұқсас әлденеге ораған бір ескі кітап қолынан түспейді, соған жиі үңіледі. Бұрын ондайды көрмеген көпшілік алғашқыда онысын әрқалай жорысты:

– Ананың оқып жүргені немене екен? Жуас дейміз, өстіп, статья-мыстатьясын оқып алып, жуастан жуан шығып, ертең бұл да төбемізге шай қайнатып жүрмесін?! – деді әлдекім.

– Өзі ауру емес пе екен? Соны уайымдап, өзімен-өзі әлек болып жүрген жоқ па екен?

– Мінезі сондай шығар, нелерің бар?

– Әй, осы келгеннен бері ептеп ес жидық қой, үндемесендерші.

– Бұл емес, кіші бастық келгеннен бері десеңші!

– Соның әкелген кісісі емес пе?

– Иә, әлгі үш қарақшыдан құтылдық па, жоқ па?!

– Бұлардың бәрі де – қарақшы! Сүйегіміз бәрібір осы Сібірлерінде шіріп қалады! – деп біреу түңіле қыжыртты.

– Қалсын деп әкелген соң қалмағаны неткені! – деп оны біреу қостай қойды.

– Қырылып жатырмыз ғой... – деді енді біреу, қалжырап біткені үнінен анық аңғарылып.

– Қойындар, таусыла сөйлемендер, жігіттер, сабыр сақтаңдар. Кімнің ақ, кімнің қара екені ақырында бір тексерілмейді дейсіндер ме, тексеріледі. Ойда жоқта душар болған кесапаттан қашан құтыларымызды кім білсін, шыдам керек, төзім керек, қолымыздан келер басқа не бар? – деді, барынша байыпты сөйлеуге тырысқан әлдекім, қатты демігіп, «ш» мен «с» дыбыстары шиқылға ұқсап естіліп.

Күңкіл мен күбір тыйылды. Соңғы сөз бұрын да айтылған, естіп жүрген сөз еді, бірақ бұрын көпшілік, әсіресе баракта, мұндай сөзге шамданып:

– Ақылыңа болайын! Шыдасаң да, шыдамасаң да он жылыңды өтейсің!..

– Төзбегенде не істейсің?! Не істей аласың?!

– Төбелесу керек! Қарсы шығу керек!..

– Қарсы шыққандардың не болғанын көрмеп пе едіңдер?!

– Бәрібір құримыз! Жағаласып өлу керек!..

– Әй, ақылды да, ашуды да қойындар! Өзіміздің өкіметпен жағаласқанда не табамыз?..

– Әй, «халықтың жауысың!» деп осы бәрімізді осында айдап әкелген, көзімізге көк шыбын үймелеткен өзіміздің-ақ өкіметіміз ғой?!

– Өкімет емес, шаш ал десе бас алатын бастықтар!..

– Олар кімдер?

– Олар...

– Олардың кім екендерін өкімет көрмей, білмей отыр ма?!

– Болды, болды, доғарындар!.. – десіп, жақ-жақ болып, шарбаяқтасып қалатын. Ұйықтайтын төрт-бес сағаттан басқа уақытта лагерь мен барақ әкімдерінің әңгіртаяғынан өзге ештеңе көрмейтін, ештеңе естімейтін көпшілік іштей үнемі ширығып, қысастанып, өзегін өрт шалып жүреді-ау, сірә!

Топқа «ПП»-ның бақылаушы болып келгені, қорлау сөз бен

қамшы-таяқтың кенеттен тыйылғаны көпшілікті енді іштей дағдартқан-ды. Әлбетте, ұзақ уақыт бір жағдайда болған адам – мейлі жақсылықта дейік, мейлі жаманшылықта дейік, аяқ астынан екінші жағдайға кезіге қалғанында нанар-нанбасын білмес жұмбақ күй кешеді емес пе. Бір ғана сәтке болсын: сенім мен сенімсіздік, қуаныш пен қайғы, шүкіршілік пен күмән-күдік, емірену мен елегізу тәрізді толып жатқан сезім сапырылыса қалады.

Жаңа бақылаушының келуімен сабақтасқан сондай сезім сапырылысы тез тынған, тыншыған. «Қойыңдар, таусыла сөйлемендер, жігіттер, сабыр сақтандар...» – дегенге жұрт қалайда илана білді. Павловқа ептеп еркінірек сөйлей бастады. Бүгін де, түскі үзіліс кезінде, Семен шетте қарағайға сүйеніп, кітабына үңіліп тұрған бақылаушыға дауыстап:

– Павлов! Бері келіңіз, бізбен бірге тамақ ішіңіз! – деп еді, Павлов сол қолын көтеріңкіреп, басын шайқай бұрыла қарап, ризашылық білдіргендей ишарат жасады.

– Оған сенің өңез наның мен кара суың қажет еді, – деп Құрманбай қыжырта мырс етті.

– Енді оған шошқаның сүрі майы мен ақ тоқашты қайдан табайын, өзімнің де тіпті түсіме кірмейтін де болды! – деді Семен де қыжылмен...

* * *

– Құреке, қоя тұр, сөз бар.

Жұмаханнның дауысы. Құрманбай белін жазып, балтасын оң қолына ұстап тұрып, сол қолының сыртымен маңдай терін сүртіп, Жұмаханға сұраулы кескінмен қарады.

– Мынауың қарағай емес, кәрі жіліктей кәпір көрінеді ғой, ақ жем болып, ә? – деп Жұмахан ұсақ-ұсақ жаңқаны бәтәңкесінің бақа басымен ары-бері ысырғыштап қойды да, Құрманбайға барлай көз тастап:

– Ертең саған ел жағыңнан бір кісі келеді, – деді.

– Кімге? Маған ба?! – деген Құрманбайдың үнінде әлде таңданыс басым екенін, әлде «мазағыңды қой!» деп тұрған реніш басым екенін аңғару қиын еді.

– Иә, саған! – деді Жұмахан, «шын айтамын, сенсеңші!» дегенді

ұқтыруға асыққан кейіппен, жүдеу жүзін одан әрмен жадаулау көрсететін ала көзіне налыс ұялап.

– Ол кім екен?

– Білмеймін. Іздеп келе алатын аға-інің, ержеткен балаң бар ма еді?

– Жүмеке, кімді кім іздеп келгенін көрдің?! Қате естіген шығарсың. Кім айтты оны?

– Жоқ, Құреке, қате емес. Бағана жолда «ПП» айтты. Оған кеше кеште кіші бастық айтыпты, «қолында рұқсат қағазы бар бір кісі хабарласты, таңертең осында болады» депті. Кім болуы мүмкін?

Құрманбай балтасын жерге тастай салды. Қиықша қоңыр көзіне, бет сүйегі шығыңқы қуқыл өңіне мұң көлеңкесі түсе қалды.

– Бұл қиырға Жібегін іздеп келген Төлеген мен емеспін, соңымнан жетер Сансызбайым да жоқ, – деді Құрманбай ширьға сөйлеп. – «Ұшарын жел білетін, қонарын сай білетін» бір байғұс немере бар еді, қайда екенін, не болғанын кім білсін! Қабырғасы катпаған, бұғанасы бекімеген үйелмелі-сүйемелі алты балам бар еді...

– О, жақсы екен, Құреке, жақсы екен, ұрпақты екенсің!

– Сорлы әйелімнің аяғы ауыр еді, өлі ме, тірі ме бейшара!.. Тұңғышымыз Ізкеннің жасы алдыңғы күні жиырма бірге толды, айналайын Ізкенім қайда десеңші! Тым өткір еді, қызбалау еді... Қарғам-ай, жауыздардың жағасына жармасып, әкеңді іздеп, қор боп кеттің бе, қарғам-ай! – деп қыстыққан Құрманбайдың көзінен қос тамшы ыршып кетті. Жұмахан жан-жағына қарап алып:

– Құреке, қой, қой! Егер сен бүйтіп жасысаң, онда басқамызға не жорық?.. Болмайды, Құреке, жасыма, – деді, сөз аяғын пәстеу үнмен тұйықтаңқырап.

Құрманбай қолын бір сілтеп, балтасына еңкейді.

– Сонсоң, Құреке, «жауыздардың» деп... бәріне бір-ақ айдар тағып қайтесің, олар...

– Ай, Жүмеке! Басқа айтарың болмаса, осы айтқаныңа да рахмет, бара бер, жарқыным! – деген Құрманбай қарағайға балта ұрды.

* * *

Әлде шыңғырған, әлде шырылдаған бір жағымсыз дауыстан оянып кеткен Құрманбай барақ іші бозамықтанып қалғанын көрді. Жалғыз терезеге қарап еді – шырайсыз шілденің қысқа таңы асығып-үсігіп жетіпті. Жыртыған терезенің қойдың тоқпақ жілігіндей тұтам-тұтам тор темірі «ә, бәлем!» деп табалай күлген көргенсіздің бейпіл аузындағы сирек тіше сүйкімсізденіп-ақ тұр. Құрманбай әрқашанғысынша жан-жағына көз тастады: сол баяғы сұрқай көрініс – араларына аяқ ұшы батпастай болып сығылысып, бір жамбастап жатқан бейбақтар... бірі – койлекшең, бірі – пенжакшаң, бірі – шинель жамылған, бірі – жамау-жасқау әлденеге оранған; бастарына жастық орнына оны-мұны киім-кешек жастаулы. Темір тор құрсаулы жарматақтай есік көзінде, барақтың бұрыш-бұрышында – үйілген бәтеңке мен етік. Көзді әбден қажап, көңілді әбден күңгірттеп біткен бұл көрініс Құрманбайдың жүрегіне күн сайын бір тікен қадап, бітеу жараға толтырып келеді, жүрегі құрығырдың қашан ірің сасып үзіліп түсері ғана беймәлім.

Құзға бір емес бірнеше темір бөшке құлағандай қаңғыр-құңғыр дауыс дүниені тітіретіп жіберді. Бұл – тәулік таңымен бірге жететін: «Дереу тұрыңдар! Жұмысқа жөнеліңдер!» деген доғал дабыл-бұйрық.

Темір құрсауы тарс-тұрс ағытылып айқара ашылған жарматақтай есіктің арғы жағында найзасы шошайған мылтықты екеу көрінді.

– Шығыңдар, кәне! – деп шаңқ етті бірі...

– Айтықов! Сен қал! – деп барқ етті екіншісі. «Шық!» дегенде шықпайтын, «қал!» дегенде қалмайтын кім бар мұнда? Құрманбай басына жастаған пенжағын сілкіп-сілкіп киіп, шалбарының қалталанып қалған дізелерін уқалап, қағып, орнына қайта отырды. Еденге төселген ескі-құсқы кенеп-сенептің о жер, бұ жерінен ұйпаланып шығып жатқан шөп-сабанға, жүн-жұрқаға қарады. Анау бір жылы Айтқали айтқан сөз есіне тағы да түсті. Бұдан төрт жыл бұрын бұларды бір шатқалға алып барып, қорабын брезентпен қаптаған машиналарға екі ай бойы қызғылт топырақ тиеткен. Сонда өзіндей пенделердің бірі Айтқали күрк-күрк жөтеліп, топыраққа түкіріп тастап жүріп: «Әр машинаға қанша микробымды тиеп жібердім екен?» – деген. «Сол айтқандай... Е, Айтеке, жатқан

жерің жарық болсын... Сен... құтылдың ғой! Сен айтқандай, мына жұлқа-жұлқа еденнің жыртық-тесігінде не пәле жоқ дейсің! – деді іштей. – Ермен төсесе ғой». «Бірақ бұл жақта ермен жоқ. Сабанды да әлдеқайдан әкеліпті», – деп күбірледі де, жантая кетті...

– Айтықов! Шық! Тез! – деп шарылдаған дауыстан оянды. Көзі ілініп кеткен екен. Орнынан тұрып, үсті-басын қаққылап, есікке қарай аяңдады.

– Тез жүр! Бол, тез! – деді есікті ашып тұрған жалпақ шал, басын қақшаңдатып, қолындағы тізбе кілттерін шалдырлатып.

– Әне, конвойшы жолдас тосып тұр, бол, тез!

– Фамилияң кім? – деді конвойшы.

– Айтықов.

– Кеттік, алға түс!

– Қайда кеттік?

– Сені айдап апарамын!

– Кімге!

– Сұрақты доғар!.. «Кімге?!» Лагерь бастығының орынбасары Сидельников жолдасқа апарамын. Жөнел! – деп конвойшы қатты бір жөткірініп, иығындағы винтовкасын қолына алды.

Құрманбай екі қолын артына ұстап, оның алдына түсті.

– Хе! «Қайда, кімге?» Алтын тіс салдыруға! «Қайда, кімге?» – деп жалпақ шал өз-өзінен шала бүлініп, кілттерін шалдырлатып қалды...

Сидельников бөлмесінде жалғыз емес екен. Оның үстелінің қарсы жағына қырын қойылған екі орындықтың бірінде қоңырқай өнді жігіт отыр, бұйра қара шашты.

– Айтықовсыз ба? – деді Сидельников, ырымға бір қылтанағы жоқ жалтыр сопақ басын оң қолымен сипалап қойып, Құрманбайға қарап.

– Айтықовпын.

– Бері келіңіз, – деп Сидельников орнынан көтеріліп, бейтаныс жігіттің жанындағы екінші орындықты қолымен мегзеді, – отырыңыз. Ал сен боссың, бара бер, – деді ол енді конвойшыға. Содан кейін етігі сықырлап барып төргі терезенің пердесін ашты, қайта бұрылып үстеліне келіп, одан бір парақ қағазды алып көз

жүгіртті де, ол қағазды ұстаған күйі бұрылып барып, үстелінің оң қапталындағы қабырғаның орта тұсында төбеден еденге дейін түсіп тұрған көнетоз жасыл шымылдықты сол жаққа қарай ысырды, ондағы терезенің де ішкі пердесін ашты. Сонсоң үстеліне оралды. Сидельниковтен көз алмай отырған Құрманбай: «Мына бастық толғағы басталған әйелше тынышсызданды-ау!» – деп іштей мырс етіп, енді бейтанысқа мойнын бұрды. Бейтаныс болса, Құрманбайға бағдарлай қарап қалыпты: өңінде әлде танданғандықтың, әлде секемденгендіктің белгісіндей әрі-сәрі бір нышан бар; сол жақ езуі төмен тартылыққы.

Құрманбай бейтаныс жігіттен көзін тайдыра бере оның сол қолы кемтар екенін байқап үлгірді: пенжағының жеңі ұшынан бүгіліңкіреп шығып тұрған саусақтар баланың саусағындай жіп-жіңішке, аппақ.

– Айтықов, мына жолдас – сіздің Қазақстаныңыздан келген журналшы, – деп Сидельников жігітке көз тастады. – Аты-жөні... кешіріңіз.... – деп алдына қойған әлгі бір парақ қағазға үңілді. – Әділбек Ақ-жі-гі-тов, иә, Әділбек Ақжігітов. Сізбен әңгімелесем дейді. Қалғанын өзі айтар.

– Андрей Серафимович, – деді журналшы жігіт, үстелді шынтақтаған оң қолын сол көтеріп, Сидельниковке ғафу өтінген раймен қарап, – бұл жерлесіме қоятын бір сұрағым бар, біздің әңгімелесер-әңгімелеспесіміз сол сұрақтың жауабына байланысты.

– Сұраңыз, сұраңыз, – деді Сидельников жымыып.

– Сәлеметсіз бе? Сіздің атыңыз кім? – деді журналшы, Айтықовқа қазақша сөйлеп, сонсоң іле Сидельниковке «сіз түсінбейді екенсіз ғой, көңіліңізге келіп қалмады ма?» дегендей күлімсіреп қарап алды да, сұрағын орыс тілінде қайталады.

– Құрманбай, – деді Айтықов.

– Сіздің Ізғұтты деген ұлыңыз бар ма?

– Бар. Бар болатын. Ол қайда? Оны неге сұрадыңыз? – деді Құрманбай, сабырсыздана қалып.

– Абыржымаңыз. Ешқандай жаманшылық жоқ, – деді журналшы жігіт жылы үнмен. Содан кейін: – Сол кісі екен, Андрей Серафимович, қанша уақытқа мұрсат бересіз? – деді.

Сидельников гимнастеркасының омырау қалтасынан бауы салбырап тұрған күміс сағатын алып, сырт еткізіп қақпағын ашып қарады да:

– Екі... үш жете ме?

– Жетер.

– Осында отырыңыздар. Мен сағат он үште келермін, – деп сағатының қақпағын тағы да сырт еткізіп жауып, қалтасына қайта салды да, үстеліндегі қағаздарын жиыстырып, әлгі бір парақты Әділбекке ұсынды: – Өзіңде болсын, мұнда қалдырмаңыз, бізде... – деп, ойын аяқтамастан орнынан тұрып, қынай буынған гимнастеркасының қыртыс-қатпарын жазып, галифе шалбарының екі дізесі мен күйрығына тұтқан былғарысын бір-бір сипап, кеңірдек қоныш етігі тағы да сықырлап, бөлмеден шығып кетті.

– Қарағым, аты-жөнің кім дедің? Ізкенімді, Ізғұттыны неге сұрадың? – деді Құрманбай журналшы жігітке бүкіл денесімен тез бұрыла шапшаң сөйлеп.

* * *

Құрметті Оқырман!

Әңгімемнің әліпбиін осымен тәмәмдап, келесі кезекті Әділбектің қолжазбасына беруді жөн көрдім.

«1941 жыл. Қазан айының кеші. Ертіс жағасы. Салқын. Жылда бұл мезгілде суға түсушілер сиренкірегенмен, мұнда қайықшы серуеншілер, сауықшылар аз болмайды. Қазағы, татары, орысы бар аралас қауым – қыз-жігіттер қайыққа екі-екіден отырып алып, әзілдесіп, күлісіп, ескектері жалтылдап, жоғары-төмен жүзіп жарысатын, бір жағасындағы айғай екінші жағасына талып әрең жететін айдын бетіне сыймағандай-ақ «жолға» таласып, бір қайықтағылар екінші қайықтағыларды аударып, қайық-майығымен жағаға ығыстырып тастауға тырысатын. Мәре-сәреде мерейі үстем болатын жеңімпаздарға жүлде әзір. Судағы «сойқан» сайыс жағада би билеумен, ән салумен аяқталатын.

Ал биыл өзен жағасы жым-жырт, тым-тырыс. Қайық атаулы судан шығарылып, төңкеріліп тасталған; алысырақтан қараған бөгде кісіге құдды теңкиіп-теңкиіп өліп жатқан сусиыр сияқтанып көрінер еді. Мен сондай «сусиырдың» біреуіне барып отырғанмын.

Кеудем толы құйын. Бүгін Жексеннің жетісін бердік. Жексен – менің әкем Ақжігіттің бірге туысқан жалғыз інісі Ақжанның жалғыз перзенті болатын; жасы он алтыда еді, менен төрт жас кіші еді, 1937 жылдың желтоқсанында сиыр фермасының меңгерушісі Ақжігіт, тракторшы Ақжан ауылдан бір түнде ғайып болды. Ағайынды екеуі де «халық жауы» болған көрінеді. Ештеңені түсінбей, зар еңірегеннен басқа ештеңені біле алмай біз қалдық. Менің қолымнан келетіні – шешем мен апайым аңырап жылағанда қосыла жылау, ал он бір жастағы Жексен көбінесе біздің үйде, менімен бірге болады да, жылаған бізге үрке, жапақтап қарап отырады. Шынымды айтсам, мен де бірдеңе сезіп күйреп қалған жоқпын. «Әкеңді халықтың жауы деп алып кетті. Ол ешкімнің де жауы емес! Аппақ қайным да ешкімнің жауы емес! Жалған! Жалған! Лениннің өкіметіне сүйеніп ержеткен екі жетім кімге жау болушы еді, құдай-ау?!» деп аңырайды шешем. Қыста қой күзететін, жазда қырман күзететін, бізбен іргелес тұратын Әміржан деген бүкір шал күн ара келіп: «Жау болып ұсталған жалғыз Ақжігіт пен Ақжан ба? Анау Бекетбай, Мырзабек, Құлтай, Жарбол, анау әлгі Әуесбай, Тоқтасын да жау болып кеткен жоқ па?! Е, оларды айтпағанда, тіпті Олжабектен артық па еді?! Колхоз бастығы болса да, оны да әкетті ғой! Әй, айтпақшы ауылсоветтің төрағасы Төлеукені де айдап кетті емес пе?! Так што, Қайша шырағым, сен жылай берме, ұқтың ба?» деп шешемді «жұбатып» кететін-ді. Соның «жұбатуын» естіген сайын мен «халық жауының» баласы өзім ғана емес екенімді ұғына түсетінмін, әлденеге иланғандай, жалғызсырамайтын себеп тапқандай болатынмын.

Жексеніміз бұдан жеті күн бұрын қаза тапты... Семейдің көшесінде бұрын да тым ағылып жүріп жатпайтын, бүгін де көп емес машиналардың біреуі қағып кетіпті. Машинасы құрғырдың шофері мас екен деседі, сұмырайдың Жексенге тап болғанын айтсаңшы!..

Ертіс жағасы жым-жырт, тым-тырыс. Салқын. Жігіттердің бәрі де соғысқа аттанып кетті, қыздардың көбі солардың орындарын басты: күндіз-түні зауытта, фабрикада, комбинатта, колхозда, совхозда жұмыста; сауық-сайран, ән-салтанат қайда – біреу қайда?!

Ертіс жарықтық та жадау, жүдеу тәрізді, жетімсіреген тәрізді; жансыз өзен, сезімсіз жаратылыс болса да бәрін біліп, сезіп жатқан тәрізді. Жаным ашып кетті оған. Екі жетім бір-біріміздің хал-күйімізді ұққандаймыз: Ертіс бұл кеште жағасына келген жалғыз маған қарай алмай, жылаулар болып, толқынын түбіне батырып, ауыр күрсініп ағып жатқандай. Шынында, жаным ашып кетті. Әлде өзіме біреудің жаны ашыса екен, мүсіркесе екен деп отырдым ба, білмеймін – бүкіл кеудем қаңырап, көңілім құлазып, жарық дүние шіркінде тұп-тұлдыр боп өзім ғана қалып қойған сияқтандым. Ертісімді де біреу бүгін-ертең басқа жаққа бұрып алып кететіндей көрінді. Мен өксіп-өксіп жылап жібердім: қашаннан бері еріксіз іркіліп тұрғандай-ақ, көз жасым ал сауласын, ал кеп сауласын...

Әлдебір кезде қалжырап шаршап қалғанымды сездім. Көз жасым тыйылыпты. Сірә, сарқылса керек. Соңғы уақытта тынысымды бунап, тарылтып тұратын болған, маған бейтаныс бір пәле құбылысқа айналған тылсымдық енді жасыммен жуылып кеткендей ме, қалай: бойым біраз жеңілдеп қалғанға ұқсады. Соған іштей таңданыңқырап, орнымнан ептеп тұра бере аңғарғаным ту сыртымда біреудің отырғаны болды. Қарасам: қапсағай денелі жігіт, үстіне көнетоз сарғыш сулық киген. Жасы менімен мөлшерлес секілді.

– Қайырлы кеш! – деді ол. Түрегелді де қолын ұсынды.

– Сәлеметсің бе? – дедім мен де қолымды ұсынып.

– Ізғұтты Айтықов, – деп қолымды дәл бір танысымдай-ақ қатты қысты.

Мен де аты-жөнімді айттым.

– Құлын-тайдай тебісіп масайраған қыз-бозбала табысатын мына жаға енді пақырлар кездесетін жерге айналмаса не қылсын! – деді ол, төңірекке қарап тұрып.

– Ақынсың ба? – дедім мен. Сол сұрақтың сайтандай қайдан сап ете түскенін еске алсам, қазірде де өзімнен-өзім ыңғайсызданамын.

– Жо-ға, – деп ол мырс етті.

Екеуіміз жүре сөйлесіп кеттік. Өскеменнің жігіті екен. Әкесі адам аулаған зобалаңға душар болыпты. «Халық жауының» балалары Ізғұтты мен екі інісін ауылдағы «қырағы большевиктер»

жұмыстан, мектептен қуғызған. Ешқайда жұмысқа орналаса алмай жүйкесі жұқарған шарасыз Ізғұтты немере ағасы Қабдырахманның сілтеуімен Семейге кеткен.

– Біз өзі ата-бабамыздан бері тап-тақыр кедейміз, қу кедейміз! Совет өкіметінің арқасында аман-есен жетіліп, ел қатарына қосылыппыз. Сонда сол өкіметке жау болатындай не жынымыз бар, құдай-ау, не жынымыз бар?! Осыны неге түсінбейді бұлар?! – деп Ізғұтты күйіне сөйледі де үндемей қалды.

Мен не дейін?!

Екеуіміз жаға құмына аяқты көме басып, ары-бері жүрміз.

– Қабдырахман аға азамат соғысына қатысты, – деді Ізғұтты енді сабырлы сөйлеп. – Врангельге қарсы майданда болды. Сөйткен адамды 1932 жылы әлгі «қазаққа ит етін жегізбесең, Совет өкіметін мойындамайды» деп көкіп, халықтың бар малын сыпырып алғызып, талай-талай ауылдың түтінін өшірген сұмырай Голощекинді бір жиында сынап сөйлегені үшін «сен партия саясатына қарсысың» деген айыппен партиядан шығарып, тура бір жыл сандалтты. Әйтеуір, азамат соғысына қатысқаны туралы документі болған соң ұстап әкете алмапты. Ол осында, Семейге келіп, облыстық партия комитетіне шағым жасап, Ольга Михайловна деген бір басшы әйел кісінің көмегімен партбилетін қайтарып алыпты. Сонда, Әділбек, өзің айтшы, Совет өкіметін қорғап соғысқан адам сол өкіметтің партиясының саясатына қалай ғана қарсы болады?! Өкіметіміз де – біреу, партиямыз да – біреу емес пе?! – деп Ізғұтты тағы да қызбалана сөйлеп, мені сол жақ, өзі келе жатқан жақ қолтығымнан алды да, қолын тез тартып, жарымжан қолыма көз тастап: – Ғафу ет, бұған не болған? – деді.

– Іштен туғанда осылай екен, – дедім шынымды айтып.

– Сенің жасың нешеде? – деді.

– Он тоғызда.

– Құрдас болдық онда. Мен соғысқа кете алмай жүрмін.

– Неге?

– Қабдырахман ағаны әлгі Ольга Михайловнаның алдында алып барған бір қазақ мені осында техникумға оқуға түсірген еді былтыр. Бірақ жақында техникумға ауылдағы біреулерден:

«Халық жауының баласын неге оқытасындар?» деп хат келіпті. Содан соң техникумның партия ұйымының секретары мені оқудан шығарттырып жіберді, бүгін он төрт күн болды. Әскерге алыңдар деп военкоматқа барсам, оларға да «халық жауының баласын әскерге алмаңдар!» хат келіпті. Сонымен, саяқ атша сенделіп жүрмін. Басқолбасшы Иосиф Виссарионович Сталин жолдасқа хат жазып жібердім. Ұсталып кеткен әкемнің жазықсыз екенін, не үшін қараланғанын ел-жұрт білетін күйінде түгел айттым да, мені майданға алдыруын сұрадым. «Әкемнің адал адам екенін Сізге қаныммен, жаныммен дәлелдеп беремін!» дедім деген Ізғұттының дауысы шыңылдап шықты. «Былтыр Өскемен қаласының военкоматқа барғанымда ондағы бір тапал капитан: «Сені әскерге емес, анау әкенің соңынан Сібірге айдау керек!» деп итше арсылдады ол сволочь!..» деп Ізғұтты қалшылдап кетті. «Айлас әйел – мұндас» демей ме, мен оны құшақтап, білген жұбату сөздерімді айтып, сүйрегендей етіп үйге алып бардым. Ол сол түні біздікінде қонып шықты. Екеуіміз әр жәйтті өреміздің жеткенінше сөз еттік. Таққа-баққа таласпай, өзінің отбасы, ошақ қасында тыптыныш жүрген әкелеріміздің, ағаларымыздың, солардай қаншама адамдардың аяқастынан «халық жауы» болып шыққанына ақылымыз жетпей-ақ қойды. Біресе бәрін де сүттен ақ, судан таза деп дәледдейміз, біресе әлде біз білмейтін бір себептері бар шығар, оларын НКВД ғана білетін шығар дейміз.

– Бұны Сталин жолдас біле ме екен, білмей ме екен? – деді Ізғұтты.

– Көсемнің білмейтін нәрсесі болмауға тиіс, – деп топшылады мен.

– Менің хатым ол кісінің қолына тие ме, тимей ме, қалай ойлайсың?

– Қайдан білейін.

– Поштаның хат қабылдайтын орнында бір татар шал істейтін, соған бардым, оңаша отыр екен, «Сталин жолдасқа хат жазып едім» деп қысқаша айтып беріп едім, оған шыныңды айтпай болмайды ғой, ол маған конверт беріп, сыртына адресі айтып жаздырды. «Барады, балам. Шыда. Екі аптадан кейін келіп шық» деп қолымды

қысты. Әділбек, татар көп қой, олардан да «халық жауы» дегендер шықты ма? Орыстардан ше?

– Тұтқындардың ішінде татар да, орыс та бар көрінеді. Бірақ көбі қазақтар дейді. Тәтем айтты. Әкемді, ағамды іздеп түрмелерге бір жарым ай бойы күнде барып жүріпті. Түрмелерді биік етіп шарбақ сыммен қоршап тастаған дейді. Тұтқындар күндіз соның ішінде жүреді екен, бірақ қоршауға жақындауға праволары жоқ, мылтықты күзетшілер бар көрінеді.

– Сен студентсің бе?

– Иә. Мені әскерге алмайды, ақ билет берген.

– Мен Сталин жолдасқа хатты тағы жазамын, соғысқа қайтсем де кетемін! – деді Ізғұтты, әлдекімге айбат шеккендей қызына сөйлеп...

Содан кейін Ізғұттыны көрген жоқпын. Келіп тұрармын деп кеткен еді. Келмеді.

1944 жылғы маусымның 28-і. Магадан өңіріндегі жүз бесінші лагерь бастығы орынбасарының кабинетінде Айтықов Құрманбайға мен осы жәйтті баяндап бердім. Құрекен: «Құлыным-ай!..» деп, қарсыдағы терезеге қарап түнеріп қалды.

Өткеннен ой өрбіте отырып аңғарғаным: Ізғұтты әкесіне тартыпты. Қайратты қоңыр шаш, кең маңдай, қыран қабак, киықша қоңыр көз, етегі сәл тұжырыңқыланған шарифатты мұрын, қалыңша ерін, мығым иек. Әрине, техникумда оқып жүрген Ізғұтты мен Сібір сызында еріксіз жүрген Құрманбайдың өң-түсінде, бет-жүзінде үлкен айырма бар. Он тоғыз жастағы ұлы мен қырық жетідегі әкесінің әлпеттеріндегі, шырайларындағы ұқсастықты көз алдарыңызға елестетіп, салыстырып байқарсыздар. Ныспы – біреу, нышан – екеу.

Бір сәткі үнсіздікті Құрекен серпіді:

– Ізкенім қайда екен, не болды екен?.. Қапарым да әскер жасына іліккелі екі жыл болды... Ал сен, Әділбек шырағым, мұнда қалай келдің, қашан келдің? – деп маған жылы раймен қарады. Сонда да жүзінен таңданыс табы сезілді.

Мен әкем Ақжігіт пен оның інісі Ақжан Қарпыкбекұлдарының жалған айыптың құрбандары болып кете барғандарын, республика

прокуратурасындағы бір алыс ағайынның араласуымен олардың осындағы лагерьде екендерін анықтап алғанымызды, сондарынан іздеп баруды екі жыл бойы өтініп, рұқсатты биылғы наурыз айында ғана бергендерін айттым.

– Таптың ба, жолықтың ба? – деді Құрекең елеңдеңкіреп.

– Екеуі де осы лагерьде делініп еді. Әкем мұнда әкелінген соң жиырма үш күннен кейін каза тауыпты. Ағаш басыш қалды дейді.

– Туһ, жарықтық-ай! Топырағы торқа болсын.

– Бізге хабар бермеді.

– Бұлар сөйтеді. Ал ағаң ше? Ол табылды ма?

– Жоқ. Мұнда Қарпықбеков Алдан деген кісі әкелініпті, біздің жақтан. Фамилиялас біреу. Атының екі әрпі басқа... Ағжан емес, Алдан.

– Қаріп демекші, – деп Құрекең сәл езу тартты. Дауысынан, езу тартысынан әзіл емес, ашыныс аңғарылды. – Біздің Қазақстаннан осында екі редактор жүр, бізбен бірге. Қаріп демекші, екеуі де шығарған бір газеттерінде «Ұлы Сталин жасасын!» дегендегі «ұ» қарпінің төбесіндегі ноқаты ұшып кетіп, «Ұлы Сталин» – «Улы Сталин» болған соң: «Сен әдейі істедің! Сталин жолдасты масқараламақ болдың!» деп айыпталып, «халық жауы» деген сұрқия статъямен он жылға кесілген. Неткен сұмдық! Ол кезде «ұ» қарпі «у» қарпі сияқты еді, төбесіне үтірге ұқсас ноқат қойылған болатын, сонысы түсіп қалады білем, сол үшін-ақ неше редактор сотталғанын бір құдай біледі. Айтары жоқ... Балам, қалай, әкең марқұмның қабірін таба алдың ба?

– Айшылық жерден арып-ашып, ат арытып, тон тоздырып жеткенімді қайтейін, әкемнің дәм-тұзы атамекенінен жырақта таусылғанын қайтейін...

Лагерьге келісімен бастығының кеңсесіне барып едім, «бастық орталыққа кеткен, он шақты күннен кейін оралады» десті. Орнында қалғанын іздедім, тауып сөйлестім. Андрей Серафимович Сидельников көргені мен түйгені көп жан болса керек, байсалды, сабырлы екен. Мұнда келгеніне жарты жыл ғана болыпты. Мән-жайымды білген соң лагерьдің қабылдау-тіркеу құжаттарын ақтарттырып, тез-ақ анықтатып берді. Әкемнің аты-

жөні оқылған сәтте ұша жөнелердей қанаттанған көңілім Андрей Серафимовичтің аянышты көзқараспен: «Бекем болыңыз...» деп ақырын бастаған жұбату сөзінен секем алып, суынып, мұздап, пұшайман болып тындым. «Әке, сені іздеп таба алсам, көре алсам, құшағыңа кіре алсам!..» деп сайлаған айтар сөзімнің бәрі аузымнан жалын болып, көзімнен жас болып шықты. Амал бар ма?! Егілдім, езілдім, жаншылдым, мүжілдім... «Қабірі қайда? Көруге бола ма?» дедім. Сидельников орнынан тұрып барып есікті ашып: «Ныркәуді шақырып келші!» деп дауыстады. Сонсоң менің жаныма отырып, тағы да жұбату айтты. «Кінәліні де, кінәсізді де жайлаған бұл дерттің беті қашан қайтар екен?!» деп ауыр күрсініп, ақырын тұрып орнына барды. Сол әредікте есік қағылып, айқара ашылып, кенеп костюмді біреу домаланып кіріп келіп:

– Мені шақырдыңыз ба? – деді, тықылдап сөйлеп, Сидельниковке иегін ұмсынта қарап. Бір жапырақ қағазға әлденені жаза бастаған Сидельников жазуын тәмәмдап, қаламсабын сия сауытқа шошайтып малып қойды да, әлгі домалаққа карап:

– Бері кел, Ныркәу, – деді. Қағазын алып, сия кепкен-кеппегенін андап бірер желпіп, ортасынан бір бүктеп, Ныркәуге ұсынды. – Сенің жирен қасқаң өзінде ме?

– Өзімде.

– Тағы бір ат керек, бар ма?

– Табылады, Андрей Серафимович, бар, бар!

– Табылса, бар болса, Ныркәу, онда сен мына жолдас екеуің, – деп Сидельников маған бір қарап алды, – лагерьдің зиратына барып қайтыңдар. 1937 жылғы қараша мен желтоқсанда... қайтыс болғандардың қай тұста жерленгенін білесің ғой?

– Білемін.

– Білсең, болды, – деді Сидельников, селқос сөйлеп, орнынан көтеріле беріп. – Ал, сіз, жолдас Әділбек Ақжігітов, барып келген соң менімен хабарласарсыз. Егер мұнда болмай қалсам, Ныркәу мені тауып алады. Барыңыздар. Зираттың жайын Ныркәу ғана біледі...

Ныркәу екеуіміз салт атпен жолға шықтық.

– Бір сағатта жетіп барамыз, – деді Ныркәу.

Жирен қасқаның бұлкектеп желгені сияқты, Ныркэу де ернін бұлкілдетіп сөйлей жөнелді. Менің кім екенімді сұрап алды да, «е, мен сескенетіндей үлкен төре емес екенсің ғой!» дегендей жымия қарап қойып, сөзін соза берді. Әкесінің осында патша үкіметі кезінде түрме, лагерь қарауылы болғанын, өзінің бұрын орман күзетшісі болып істегенін, соңғы он жылда лагерьдің қабіршісі екенін, кіші бастық Андрейдің жақсы кісі, ал үлкен бастық Кравцовтың оңбаған екенін айтып өтті. Кравцов орталыққа тегін кетпеген көрінеді, кіші бастықты құрту үшін кетіпті, ол кіші бастықтың өзіне жақпағандарын сөйтіп құртады екен. Кравцов арақты күнде көп ішеді. Оқымысты, ақылды тұтқындарды ұрады, – деді Ныркэу. Кравцов лагерьдегі тұтқындарды он бес топқа бөліпті, әр топта жүз елу кісіден көрінеді, олар бір бақылаушы мен оның екі көмекшісіне бағынады екен. «Кравцов ашуланса, ызакор, жаман бастық, өзі мамонт секілді үлкен, күшті» деді Ныркэу. Топ бақылаушыларының бәрі де сол сияқты араққұмар, кісі сабағыш екен. «Андрей Сидельников олардың екеуін қуып жіберді, орнына Павлов пен Бирюковты қойды, бұлар да Андрейдей жақсы кісілер, бірақ үлкен бастық оларға ақырып ұрса береді» деді.

– «Халық жаулары» сіздерге қауіпті емес пе, қастық жасамай ма? – дедім Ныркэуге. Түсімнен шошынып оянғандай-ақ сол сұрақты неге қойғанымға іле іштей тандандым. Өйткені Ныркэудің маған дәл сол секундта: «Е, сіз де осындай ма едіңіз?!» – дегендей тіксіне қарай қалғаны.

– Иә, Ныркэу не деп жауап берді? – деді менің сөзімді бағанадан үнсіз тыңдап отырған Құрманбай.

– Ол ештеме демеді, тек басын шайқады.

Құрманбай жеңіл күрсінді:

– Е, ол не десін. Мұнда жүнін жұлған тауықтай етіп топырлатып айдап әкелген жұрттың бәрі жау емес екенін сезгенмен, көп ішінде небір қанқұйлылардың барын, олардың Совет өкіметінің қолқа-жүрегін суырып алу үшін қолдарынан келген қаскөйлікті жасап жанталасқандарын ол қайдан білсін. Ел ішінде жаудың бары бар ғой. Біздің колхоздың өрістегі бір табын сиырын, қырық алты сиыр еді, талтүсте бақташымен қоса атып, қырып кеткенін

өзіміз көрдік. Жиып, үйіп қойған мая-мая шөпті бір түнде өртеп кететін. Ертең орақ саламыз деп отырғанда егінді өртеп жіберетін. Колхозымыздың бірінші бастығын да, екінші бастығын да түнде бірін қырманда, бірін өзінің есігінің алдында ұрып, өлтіріп кетті. Өкіметке жаулық емей немене ол?! – деп Құрманбай қызына түсіп тоқтап, ыңғайсызданғандай раймен: – Әділбек шырағым, сөзіңді бөліп жібердім-ау, ренжіме, айта бер. Зиратқа кеше барып қайттыңдар ма? – деді маған.

– Иә, кеше, – дедім. – Баруын барып қайттым ғой... Зират қалың орманның бір шетіндегі тақыр төбенің жазық жақ баурайында екен. Көзіме безеу басқан беттей көрініп, жүрегім дір ете қалды. Ығы-жығы төмпешік. Топырақты шелекпен әкеліп, асығыс-үсүгіс қатарлап төге берген тәрізді. Көртышқанның үйіндісінен үлкен төмпешік жоқ. «Отыз жетінші жылдың аяғындағылар мына тұста», – деді Ныркәу. Бір шеткерірек жерге ертіп барды. Ығы-жығы төмпешіктерді екі бөліп жатқан арба жолының төбе жақ қыры. Аштан өлген түйенің өркешіндей мұжылған елу шақты төмпешік. Ешқайсысында, тым құрыса, шаншылған шыбық жоқ. Орта шеніне мойнын соза қараған Ныркәу: «Осында!» деді. Атынан түсті. Екі атты дізгіндерін қосып байлап жолға қойып, қабірлердің ара-арасымен аяндадық. Тізем қалтырап, буын-буыным босап, тәлтіректеп кеттім. Сүрініп те қалдым. «Ағаш басыпты» дедің бе? Қазір, қазір. Өйтіп қаза тапқандарды ұмытпаймын. Құдыққа құлағандар, ағаш басқандар... Құдай, өзің кешірім жаса, қайтейін. Кейде жалғыз өзім әкеліп жерлеймін, кейде Харитон екеуіміз әкелеміз, екі-үш күрек бойы аламыз да... жер тоң... шамаң жетпейді, құдай өзі кешірсін...» – деп Ныркәу күңкілдеп барып тоқтады. Бүктелген қамшысымен үш төмпешікті құдды санағандай екі қайыра нұсқап шықты да, сонсоң қатар екеуіне еңкейіп қарап тұрып-тұрып: «Осы екеуінің біреуі... Қайсысы?... Ағаш басқан ақшыл өңді қазақ болатын. Қайсысы еді? Кешір мені!.. Иә, осы екеуінің бірі... Сонда қайсысы?... – деп алақанын жайып, кеудесін көтерді. Көзін тарс жұмып, сұқ саусағымен маңдайын үйкеледі. – Мен қартайайын деген екенмін... Есіме түсіре алатын емеспін. Бірақ осы екеуінің бірі екеніне ант етемін!» – деп қос жұдырығымен

кеудесін бір нұқыды да, жалт бұрылып кетті. Соның бәрін түсімде көргендей, түсімде естігендей болып мен қалдым.

Қос қабірді жалғыз қолмен кезек-кезек сипалап шөке түстім. «Әке!.. Әке!.. Әке!..» Басқа сөздің бәрін ұмытқан сияқтымын. Басқа сөз тіпті жоқ сияқты. «Әке!.. Әке!.. Әке!..» Көз жасыма ие бола алмай, екі қабірге кезек-кезек қараймын. Алақаным біресе күйіп бара жатқандай, біресе мұздап бара жатқандай болады...

Қайтқанда Ныркэу жол бойы ештеңе демеді. Әкемнің қабірін көрсете алмаған соң арылмас күнәға батқандай болды-ау деймін. «Жолдас Ныркэу, сіз күйінбеңіз, осы қызметіңіздің өзіне мен дән ризамын. Рахмет сізге! Көп жасаңыз! Атау-ахиретсіз қалуға мәжбүр болғандарды жерлеп жүргеніңіздің өзі – адамгершілік іс. Мен сізге шын ризамын! Менің әкем сіз сияқты қайырымды еңбек адамы еді, «халық жауы» емес еді», – дедім. Ныркэу тұқырған күйінде басын біреу изеді де қойды.

– Шырағым Әділбек! Ол Ныркэудің де өз қайғысы өзіне жетеді, – деді Құрманбай, аяғын айқастыра шалқиыңқырап отырып. – Әйелі алты бала көтеріп, солардың тұңғышынан басқасы тоқтамаған, бес-алты жастарында қайтыс бола берген. Ал тұңғышы талаптанып Ленинградта оқып, сонда теңіз жағының үлкен әкімі болып, әкешесін қолына алыпты. Бір оқымысты қызға үйленіпті. Бірақ бейшара жігіт тойын жасаған соң, төртінші күні, «халық жауы» деп ат қойып, айдар тағылған бір топ коммунист басшылармен бірге ұсталып кетіпті: он жылға сотталды деген. Деген де бір жарым айдан кейін атып тастаған, оны Ныркэу бертінде ғана білген, атып тастағандарын. «Халық жауының» әке-шешесі деп Ныркэу мен әйеліне де құрық салынуға айналғанда, бұлар Леинградтан бір түнде ғайып болып, осында – атамекеніне қашып келіп аман қалған.

– Солай ма?! – деп мен еріксіз таңдандым.

– Солай, шырағым, солай. Мен мұнда әкелінген соң бір жыл төрт ай ұста болып істедім. Ныркэумен содан бері таныспын, ол атшы ғой. Аттарын тағалатып тұратын.

– Мен сіздің аты-жөніңізді сол Ныркэуден естідім. Зираттан қайтып келген соң қоштасып тұрып: «Лагерьде сіздің қазақтардан

Айтықов Құрманбай, Есболов Исахан, Садырбеков Сейітқұл... деп жиырма шақты адамның аты-жөнін атады да, кеудесін сипалап: «Көп, тіпті көп, құдай өзі кешірсін!» – деді. Сіздің фамилияңызды естігенде мен еріксіз елең еттім. Есіме Ізғұтты түсті. Бірақ, мен, неге екенін білмеймін, әлде өзім әкемнің атында болғандықтан, яғни фамилиям Ақжігітов болғандықтан шығар, Ізғұттының әкесінің аты Айтық қой, ендеше мұндағы Айтықов басқа біреу болар, ол егер Ізғұттының әкесі болса, онда Айтық Пәленбаев болар еді деп ойладым. Сонсоң Ізғұтты мүмкін атасының атында шығар, оны мен айырып сұраған жоқпын, ол «әкем Құрманбай Айтықов» деген жоқ, көңіліміз жүдеп, қыстығып жүрген хал-жағдайда тәптіштеп әңгімелесіп үлгірмедік қой деп ойладым. Сөйтіп, Ізғұттының әкесімен аттас басқа біреу болса да, тәуекел, жолығайын, сөйлесейін, әйтеуір, қазақ дейді, бір танысайын, мұнда тауқымет тартушы қазақтарымыздың жағдайын біле кетейін деп ұйғардым. Ізғұтты досым еді, лагерьдегі Айтықов соның әкесі болуы мүмкін ғой деп ойымды Сидельниковке айтып едім, ол ойланып отырып-отырып, сізді шақырып беруге келісті.

– Қазақта «Адам айдаса – барман, дәм айдаса – қалман» деген мәтел бар. Бізді мұнда адам айдап әкелді. Тағдыр шығар, Совет өкіметіне жауды да, жау еместі де әкелді, қойша иіріп! – деп Құрманбай ширыға сыйлеп, басынан кешкенін, көріп-білгенін айтуға кірісті. Маған керегі де сол еді, сөзін бөлмей, мұқият тыңдадым.

Құрманбай колхозда ұста екен. Әкесі Айтыққа жалғыз сиыр бітсе, өнері асыраған ұлына бір бие, бір сиыр, он екі қой бітіпті. Жақын төңіректегі село, хутор, деревняның орыстары: «Айтықовтың қолы алтын, еңбегі адал», – деп оны-мұны темір істерінің бәрін Құрекеңе жасатып алып, ақысын ақшалай береді екен. Колхоз жұмысынан қол боста Құрекең қарап отырмаған, колхоз басшылары оған көз алартпаған, қайта приискілерде, рудниктерде, комбинаттарда істейтін орыстармен ол арқылы байланысты күшейтіп, солардың көмегімен колхозға қажетті темір, көмір алып тұратын болған. Сөйтіп тіршілігіне, өмірге ризашылығы артып, жүргенінде... жел терісінен тұрсын!.. 1931 жылдың жазы орталай бере қолдағы малға «қасқыр шапты» – бір сиырдан басқасының бәрі колхоз меншігіне

көшуге тиіс деген нұсқау жетті, ол өзге нұсқаулардай бірер парак мүләйім қағаз күйінде емес, қамшы үйірген әсіребелсендінің шоқпары болып, қабағынан қар жауған милиция мылтығының найзасы болып жетті! «Айналайын Совет өкіметім!» деп отырған көпшілік өкіметтің атынан келген нұсқауға тырп етпей-ақ мойын ұсынды. Бірақ арада ай өтпей жатып жалғыз сиырдан айырылды. «Бұлда өкіметтің нұсқауыма?» деді колхозшылар. «Иә, бұл өкіметтің сенімді үлкен өкілі, Қазақстанның бірінші басшысы Голощекиннің нұсқауы!» деді баяғы өкілдер. «Жалғыз сиырымызды да сыпырып алып зарлататындай біздің жазығымыз не?» деді колхозшылар. «Қазақтар тым байып кеткен. Жеке меншік малдарын сыйғыза алмай жүр. Колхоздың жұмысын істемейді, өкіметке бағынбайды, оларды бағындыру үшін иттің етін жегізу керек!» депті Голощекин. Оның өкілдері осылай деді. «Адаспасын! Сандалмасын!» деді ашынған, қорланған көпшілік. Голощекин адасқан да, сандалған да жоқ. Адасқан да, сандалған да, ашыққан да, сенделген де, ісіп-кебе бастаған да, қырылған да көпшілік болды. Молотов атындағы колхоздың жүз жиырма үш түтінінің дәл жартысы 1932 жылдың күзінде мүлде өшті. Ел аман, жұрт тынышта адамы көмусіз қала бастаған колхоздардың бағусыз, күтімсіз малы өлексеге айналды. «Мал өлмек тұрғай өртеніп құрыса да ешкімге бір қабырғасы да берілмесін!» деген нұсқау тағы болған. Сол баяғы Голощекиннен!.. Халық босты, қаңғырды. Тарау-тарау қара жолдардың бойында қарттың да, сәбидің де сүйегі қурап қалып жатты.

Араны зор аштық есігін тепкілеп сындыруға айналған кезде Құрманбай Қалба алтын іздеу басқармасындағы орыс тамырларына барып, ат-арба алып келді де, әйелі мен төрт ұлын салып алып, көшіп кетті. Жасырынып кетпеді, колхоз басшыларының алдынан өтті. Екі өрттің ортасында қалып, шақшадай бастары шарадай болып жүрген басшылар: «Күреке-ай, сенің де түтінің өшіп, тұқымың құрығаны керек пе еді бізге?! Бар, рұқсат. Анау төрт балаңды аман сақтай гөр!» десті. Төрт ұл аман-есен жетсе, төрт шаңырақ емес пе? Атың өшкір Голощекин Қазақстанды билеп тұра берер болса, бұл колхозда тірі пенде қалмайды. Ендеше бүгін Голощекиннің уысынан құтылған әр сәби – ертең халыққа олжа! Өшіп жатқан

Дүбірән, Жама, Сегізек ауылдарында кірпік қағар бір түтінді ертең қайта түтететін, құлап жатқан шаңырақты ертең қайта көтеретін – солар. «Орнында бар оңалар». Ал оңалу үшін он жыл, жиырма-отыз жыл да жетпес. «Елу жылда ел жаңа...» деп күтпесек, басқа ешбір шара жоқ, дегенді айтты колхоз бастығы Қаржыбаев Қабден. Аудан барса да, облыс барса да жұртына жәрдем ала алмай, «шыдандар!» деген шаншу сөзден басқа ештеңе ести алмай беті қайтқан, тауы шағылған, колхозы қаңсыған ағаш бөшкедей халге душар болған Қабден: «Балаларды аман сақтай көріңдер!» дегеннен басқа сөзден қалған. «Шамасы барлар өрге кетсін, ойға кетсін, Қырым мен Қытайға кетсін, тек бөбектерін ажалға бермесінші! Құдай жіберген ажалға қарсы тұрар дәттерің болмаса да, адам жіберген ажалмен жанталас жағаласып бағындаршы!» деді Қабден. Оны Құрманбайға ғана емес, әзірше тірілердің санатында жүргендердің бәріне айтты.

Қалба тауының бір қойнауындағы рудникке көшіп барған Құрманбай Голощекиннің – аштық-қорлықтың құрығынан құтылды. Ұсталық құрып, мал тапты. Он жастағы Ізгүттысы мен сегіз жастағы Қапары орыс мектебіне оқуға барды.

– Ел-жұртпен, ағайын-туғанмен хабарласып, хал-ахуал білісіп жүрдік, қолдан келгенше азық-түлік беріп тұрдық. Сталин Голощекинді Қазақстаннан шақырып алып, Мәскеуге үлкен әкім етіп қойыпты деп естідік. Бізді қырған еңбегін ескерген екен дестік, – деп Қүрекен сонау жылдардан қалған күйініш қоламтасын тағы бір түртіп өтті. «Ол – өшуге тиіс емес күйініш, оны қоламтадан ашып алып, кейінгі ұрпаққа көрсетер күн туар-ау!» деп ойладым.

– Ал туған жерге қашан оралдыңыздар? – дедім Қүрекеңе, оның көңіл жарасын ушықтыра бергім келмей.

– 1936 жылдың күзінде, – деді Қүрекен, тұнжырай түсіп. – «Ер – туған жерінде, ит – тойған жерінде» деп оралдық қой, оралғанда. Басымызға бас қосылып, Ақшабике, Алқабике деген екі қызымыз дүниеге келіп, мәре-сәре болып отырған жерден көшіп, елге қайттық. Артынып-тартынып, аңсап жеттік ауылға. О, тоба!.. О, тоба!.. Байшы сайының аузындағы бау-бақшалы, дырду-думанды ауыл қайда-а-а?! Жоқ! Ауыл жоқ! Ұранхай өзені мен Байшы бұлағының құйылысындағы көк ауылдың орны сары тақырға

айналыпты!.. Қолдың саласындай сұлу өскен қалың көктерек бас-басына жайдың оғы түскендей мүжіліп бітіпті. Тұп-тұтас болып бұйраланып тұратын көк тал орнында сидиған-сидиған таяқ. Әр үш үйдің екеуі қаңырап қалған соң, не шара!.. Аштық тыйылған, әйтеуір. Колхоз тірлігіне қайта кіріскен. Босып, қаңғып кеткен көптің тірі қалғандары қайтып оралып, жыласып-сықтасып, жоқтауымызды айтып, өлімізге – иман, тірімізге – тыныштық тілесіп, колхоз шаруасына кірісіп жаттық. Бірақ... – деп Құрекең қолды бір сілтеп, орнынан шапшаң тұрып, қарсы терезеге қарай аяндады: үстіндегі киімі қолп-қолп еткен кең болса да, аяғын дік-дік басқаны әрі ашу-ызадан көкірегі қыж-қыж қайнап кеткенін, әрі қажыр-қайраты әлі де мұқала қоймағанын аңғартып еді.

– Әділбек шырағым! – деді Құрекең сабырлы үнмен. «Ашу – алды, ақыл – соңын» көрсетіп, жаныма келіп отырып. – Менің қалайша «халық жауы» болғанымды білгің келетін шығар. Айтайын. Сен үшін де, Изғұттым үшін, балаларым үшін де айтайын. Изкенімді көре қалсаң... құлыным-ай, құлыншақтарым-ай! Қаңғалақтап қайда жүр екенсіңдер?! – деп Құрманбай тістеніп, екі жұдырығымен екі дізесін нығарлап-нығарлап жіберді.

– Құреке! Аға! Сабыр етіңіз! – дедім, басқа не дерімді білмей саскалақтап, иығынан құшақтап. Ол маған жалт қарап, аңтарыла қалды.

– «Аға» дедің бе?.. Изкенім де мені «аға» деуші еді, айналайын Әділбек-ай! – деп Құрекең мені бассалып құшақтап, мұрнымның қыр дөңесінен сүйіп-сүйіп алды. Менің әкем де сөйтіп сүйетін. Жүрегім езіліп, көзімнен жасым сау етті. Құрекең де кемсендеп, біразға дейін көз жасын тия алмады. Мен жаншылып, өң мен түстің ортасында отырғандай хал кештім. Әлден соң Құрекең құшағын жазып, көзін жеңімен сүртіп, кеудесін кере дем алды да: – Екеуіміздің мұнымыз не? Қолыңды ауыртып алған жоқпын ба? – деді, құрақ ұшып.

– Жоқ, ауырған жоқ! – дедім.

Екеуіміз бірер минут үнсіз отырдық. Содан кейін Құрекең тамағын бір кенеп алып, үзілген сөзін қайта жалғады.

Лагерьде мен естімеген, ойламаған жәйттер бар. «Халық жауы»

деп он жылға кесілген кейбіреулердің әйелдерін, балаларын да айыптап, өзімен бірге жер аударып жіберіпті, оларға, мысалы, мұнда бір барақта тұруға рұқсат жоқ; әрқайсысы – әр барақта. Қатыстырмайды. Байғұстар бір-бірінің тірі екендерін біліп жүргенге шүкіршілік етуде. Ондай халге көбінесе Москваның, Ленинградтың адамдары душар болған. Сондай-ақ, «халық жауының» әке-шешесін, аға-інісін, бала-шағасын мүлде басқа жақтарға айдап, бірінен-бірін адастырып та жібереді екен. Сонда Сталиннің: «Әкесі үшін баласы жауап бермейді» деген белгілі қағидасы қайда қалған?!

«Ізғұттымды көре қалсаң...» деді. Менің нендей қияметке тап болғанымды балаларым білсін дейді ғой Құрекең. Дені дұрыс, ары таза әке ұрпағына тек ақиқатты айтса керек, ұрпағының алдында екіжүзділік жасамаса керек. Демек, мен Айтықов Құрманбайдың кім екеніне куә болмақпын, ол мен арқылы, Ізғұттысымен бірер күн сырласқан бейтаныс журналшы арқылы сол Ізғұттысына, басқа балаларына, әйеліне, ауылдастарына шындықты айтып бермекші. Менің әкем де солай істеген болар еді-ау! Бірақ тағдыр оған ондай мүмкіндікті бермеді... Амал не, Құрекеңнің шындығы да маған аз жүк, жеңіл жүк болмас, егер мен оны елге аман-есен жеткізе алсам, тағдырлас құрдасым Ізғұттыны кезіктірер күн болмағанда, ауылдастарының адал пейілмен: «Апырым-ай!» дейтіндеріне айтып беруге жарасам. Айтқызар кез келсе, айта алармын. Кімнің шындығы қандай болса да, ол жетер жеріне өз аяғымен, өз қанатымен жете алмақ емес, мынау лагерьде «халық жауларының» алыс-жақынмен хат жазысуларына, газет, кітап оқуларына тыйым салыныпты. Радио о бастан жоқ. Газет те, кітап та, радио да тек лагерь бастығының кабинетінде бар.

Колхоз шаруасына кіріскен Құрманбай сол баяғы ұсталығын жалғастырған. «Кеме келгенде қайық судан тайып», бұрынғы ұста Төлеубек оған балғашы болған. Бірақ, ауылға о қиыр мен бұ қиырдан қайтып оралғандар әкеліп жатқан хабар тым жайсыз, тым ауыр. «Мәскеу маңында... Ленинград жақта... басқа да жерлерде халық жауы көбейіп кетіпті дейді, каншама ұстап, соттап жатса да азаймайтын көрінеді... Халық жауларының өкілдері жер-

жерді түгел аралап жүр дейді. Совет өкіметін құлатқылары келеді дейді. Сталиннің өзіне қастық жасамақшы болыпты дейді!...» деп дүмпілдеген сөз ауылдың аштықтан аман қалған азаматтарының аза бойын қаза қылуға айналды. Оны кейбіреулер: «Е, қойындар, алып-қашты өсек-аяң шығар!» деп бейжай қабылдаса, кейбіреулер: «Рас екен. Пәленбайдың Өскемендегі Түгенбайы халық жауы болып ұсталып кетіпті!», «Ойбай, аузыңа ие бол! Түгенбайдың Семейдегі Пәленбайы халық жауы болып кетіпті!», «Алматыда большевиктер мен халық жаулары айтысып-тартысып, атысып-шабысып жатқан көрінеді!» деп дабылдата жөнелді. Ал колхозға қайдан келгені белгісіз, әйтеуір, жақында келіп кілтші болып орналасқан Сансызбай деген жігіт: «Әй, ол жай сөз! Мәселе анау Германияда! Көрешекті соның Гитлер дегені келгенде көресіңдер!» десе, кәмпескеленіп кеткен Шомбай байдың барымташысы болған кезбе Мұсақұл деген кісі Дүбірән ауылына аптасына бір соғып: «Жақсыбай ауылындағы үлкен молда айтты, күннің батысынан Китлер деген күшті шықты, ол дүниенің төрт бұрышын түгелдей өзіне қаратып алады, бәлшебектерге зауал содан деді. Китлер келсе бар ғой, бәлшебектердің басын кесіп-кесіп алып, ағаштың басына іліп-іліп қояды!» деп көзін ойнақтатып кетеді.

– Осы мына жұрттың жүн сабағандай етіп жүрген сөзі не сөз – деді Құрекеңе әйелі Күлән, бір кеште, шай үстінде.

– Е, мен қайдан білейін.

– Жау келеді дей ме-ау...

– Десе дей берсін. Голощекиннен өткен жау келер деймісің? – деді Құрманбай шаршаулы кейіппен.

– Болмай-ақ қойсын...

– Болмайды!

– О не, жұмыс қауырт болды ма? – деді әйелі абыржыңқырап.

– Ертең де жұмыс көп. Маған төсекті сыртқа, жаппаның астына салшы, ертерек тұруым керек.

– Құреке-ау, салқын ғой?

– Солай ма? Онда ауызғы бөлмеге сал. Әлгі кенжетай қайда? Пысылдатып соны иіскеп жатайын, – деп Құрманбай кесесін төңкеріп, жантая кетті.

– Күреке, – деді әйелі сәл жымыя төмен қарап, дөңгелек үстелдің жиегін сұқ саусағымен үйкелеп отырып, – осы үйге не ұлдың кенжесі болып, не қыздың кенжесі болып біреу келе ме деп ойлаймын...

– Солай ма?! – Құрманбай басын оқыс көтеріп аламын деп, аласа үстелді иығымен қағып төңкере жаздады.

– Солай, Күреке...

– Әп, бәйбішем, бәрекелді! Әні мен сәнінен айырылған ауылымызды шілдехана жасап бір серпілтеміз деші?! – Ол әйелін арқасынан қаға орнынан тұрып, сыртқа беттеді.

– Бұрынғы ән мен сән қайда-а-а!.. – деп Күлән ақырын ғана күрсінді...

– Күреке, тұршы, тұршы! – деді әлдекім, құлағына үрейлі үнмен сыбырлап. Иығынан ырғап та қояды.

– Бұл кім?

– Мен ғой, Күлән.

– Не боп қалды?

– Төрдегі үйдің терезесін біреу қаққылап, «ағалап» жылап тұр. Кербез қайнымның қызы сияқты. Баршы, білші, байғұстарға бірдене болып... Кербез қайнымның жылын бергелі отырғандарында...

– Жә, қойшы! Ақырзаман жетті деймісің? – деп ренжи қалған Құрманбай әйтседе тез киініп, шығып кетті.

Алаңдаған қалпы терезеге барып сыртқа қараған Күлән көйлегі ағарандаған кішкентай қыз баланы қолынан жетектеп жүгіре жөнелген күйеуінің соңынан: «Абайла, байқа!» – деп қалды. Кішкентай қыз Кербез қайнысының – былтыр белгісіз біреулер далада атып өлтіріп кеткен жидашы Қаратайдың Жібегі екенін таныды. Күлән төртінші атадан табысатын қайнысының салт бойынша атын тіке атамай, «Кербез қайным» дейтін.

Жібек үйіне жақындай бере Құрманбайдың қолынан сытылып: «Тәте! Тәте!» – деп шырылдап жүгіре жөнелді. Ілесе ұмтылған Құрманбайдың: «О не, Жібек, не болды, неге жылайсың?» – деген сұрағына да: «Тәте, тәтем...» деп өксігеннен басқа жауап айтуға мұршасы жоқ баланың шырылы Құрманбайды шын шошындырды. «Сорлы бейшаралар тағы неге ұшырады екен?!» деп Жібекке ілесе

үйге енген Құрманбай ала көлеңке бөлме ішінде алысып жатқан екеуді көрді. Ақ дамбалшаң әлдебір жігіт Мағрипаны ырқына көндірмек болып дізерлеп жатыр екен. Құрманбай бір-ақ ырғып жетті де, жігітті екі мықынынан қусыра бүріп, жұлып алды. Сол сәтте өзінің шықшытына жігіттің шынтағы сарт етті – құлағы зың ете қалды. Құрманбай: «О, атаңа нәлет!» – деп кіжіне күбірлеп, жігітті бүрген қалпы іргеге қарай лақтырып кеп жіберді. Мысықша төрт тағандап түскен жігіт есік жаққа тұра ұмтылды. Қашып құтылмақ. «Ұрының бір жері қуыс». Бірақ сытылып үлгірмеді, Құрманбай оны шалып жығып, бас салып, тоңқаң еткен бөксесін діземен мыжи бастады, қарсыласып қарманған жігіттің екі қолын қайырып ұстап: «Атаңа нәлет, сенен басқада дізе жоқ дейсің бе?! Дізенің көкесін көрсетейін мен саған!» – деп аямай езгілей түсті.

– Босат! Жібер! – деп ышқынды анау.

– Сен әуелі кім екенінді айт, содан кейін көреміз!

– Босат деймін!

– Кім екенінді айт деймін!

– Айтпаймын!

– Айтасың! – Құрманбай оның екі қолын босатып, желкесінен сыға ұстап орнынан тұрғызды да, дедектетіп далаға алып шықты, сонсоң босағаға жалп еткізіп отырғызды. – Қане, айт тез: кімсің?! Қайдан жүрсің?!

Анау жағаласа ұшып тұрмақ болып еді, Құрманбай оны төбеге бір қойып, бүк түсірді.

– Айт, қане! – деді ызғарлана күбірлеп, иығынан аяғымен басып тұрып.

– Қоя бер! – деп бажылдады анау.

– Айт, кәне! – Құрманбай тістене төнді.

– Өлті... ресің... – Анау қырылдады. Сол әредікте:

– Құреке, Құреке, – деп әлдекім пайда бола қалды. Құрманбайды құшақтап, сипалап, қаққылап: – Құреке, ағатай, айналайын, бір ашуыңызды беріңізші маған, ағатай! – деп шыр-пыр.

– Сен кімсің, әй?! – деді Құрманбай, оны өзінен серпіп жіберіп.

– Құреке, менмін ғой, мен Жапабек ініңізбін. Бір ашуыңызды маған беріңізші, ағатай!

– Мына сасық қоңызға арашашы болып келдің бе?!

– Алып кетейін, Құреке, алып кетейін...

– Мұның кім? Қайдан келген неме?!

– Әлгі, әлгі аудандағы бөлемнің жолдасы еді. Бақай деген.

Құреке, кеше екеуі бірге келіп, қонаққа, екеуі, мен қазір алып кетемін мұны, алып кетейін, Құреке, – деп Жапабек қонағын қолтығынан көтеріп жанталасты.

– Қаратайдың қаралы үйіне қара түнде қасқырша шапқан бұл сүмелегінді шапқа бір теуіп, сәуірлік қылып жіберейін! – деп Құрманбай сиырша созаландап тұра бастаған жігітке кіжіне қарап еді, ол да, Жапабек те жандәрмен қаша жөнелді. Әйтседе Құрманбай бейтаныс «бозбаланы» былш еткізіп бір теуіп үлгірді, – анау бақаша тарбиып ұшып түсті. Құрманбай жиіркене бір түкіріп, бұрылып жүре берді. Қаратайдың үйіне кірмеді. «Келінді ұялтпайын» деп ойлады.

Күлән күйеуін сыртқы есікте тосып алды.

– О не? Не болыпты? Аман ба өздері?! – деді, қатты абыржығаны аңғарылып. Күйеуі не болғанын айтып берді.

– Қорғансызды ит те, шошқа да басынады ғой! – деген Күләннің дауысы құмығып шықты.

Сол оқиғадан соңғы төртінші түнде екі милиционер келіп, Құрманбайды ауданға алып кеткен. Не үшін екенін айтпаған. Ауыздарынан «Бұйрық бар» деген екі-ақ сөз шыққан. Содан бері сегіз жыл өткен. Құрманбайдың қайда екенінен үй іші бейхабар. Ауылда: «Айтықтың Құрманбай халық жауы болып ұсталып кетті» деген дақпырт қана қалды.

«...Алты күн ақ түрмеге қамаған соң, Түсірді мировайдан маған қағаз...» деп Балуан Шолақ айтқандай, Құрманбайды аудандық НКВД түрмесінің бір камерасында төртінші тұтқын етіп жеті күн ләм-мимсіз ұстады да, сегізінші күні: «Семейге апарамыз!» – деп ала жөнелді. Қорап-жәшігінің алдыңғы жағына самауырға салатындай бұталған ағаш отын тиелген дарылдақ машинаға тоғыз тұтқын, екі конвойшы мінді. Конвой бастығы – тапаншалы иір қара кісі кабинаға отырды. Тұтқындардың бір-екеуі: «Семейге апарғаны несі?! Сонша не жазығымыз бар? Тым болмаса, не

үшін қамағандарынды айтсаңдаршы?! Өлтірсеңдер де, ойпыры-
ау, айтып өлтірсеңдерші?!» – деп еді, конвойшының біреуі:
«Сөйлемей отырыңдар!» – деп ақырды, ал иір кара кабинадан
жыланша ирең еткізіп кеудесін шығарып: «Сөзді доғарыңдар! А то
жаяу айдаймын!» деп бақылдады.

Түрменің сыртқы қақпасынан өте бере машина тоқтады. Әскери
киімді бір орыс, бір қазақ келді. Орыс кабинадағы иір караға
барды да, қазақ қолындағы қысқа көк шыбықпен машинаның
қорабын тық-тық ұрғылап, тұтқындарға ала көзін ақшита қарап
тұрып: «Бородулин қайсысың?» деді тістене сөйлеп. «Менмін. Не
айтасың?» деді тұтқын орыс, көзіне түскен қайратты ұзын сары
шашын жоғары сілкіп тастап, үнінен мысқыл аңғарылып. Алакөз
оған жауап бермеді. «Айтықов қайсысың?» деді ол. «Айтықов
менмін. Ал сіз кімсіз?» деді Құрманбай. Алакөз түйіле қарап, суық
жымиып: «Дұрыс!» деді де, ол да иір караға барды. Тұтқындардың
бірі: «Бұларға бәрі дұрыс», – деп күңк етті. Әлгі бір конвойшы:
«Сөзді қысқарт!» деп алғашқысынан да қатты ақырды.

– Бородулин, екеуіміздің фамилиямызды атаған жаңағы қазақты
танисыз ба, ол кім? – деді Құрманбай мойнын бұрып, машинаның
дарылынан дауысын асырып.

– Ол біздің аудандық НКВД-ның бір бөлімін басқаратын пәле.
Бақай Мышбаевич Мышбаев...

– Сөйлеме! – деді тағы да әлгі ақырғыш конвойшы, Бородулинге
ежірейе қарап. Құрманбай оған ұмсына бұрылып:

– Әй, шырағым! Дәл қазір атып жіберсең де бар ғой, сен көп
қоқандамай отыр, ұқтың ба?! Аузын буатын өгізді тапқан екенсің!
– деп зекіді.

Конвойшы көрінеу сасып қалып:

– Мен бастыққа айтам, – деді, «Өзінен зор шыққанда екі көзі
сонда шығатын» бейшара бәсеңдеп, кабина жаққа алақтап қарап.

– Бастығыңа айтпақ тұрғай құдайыңа айт! «Шаш ал десе, бас
алғышын» мұның! Бородулин, жаңағының аты-жөні кім дедің!

– Мышбаев Бақай Мышбаевич.

Кенет Құрманбай тұнжырай қалды: «Өй-й!.. Жаңағы атаңа
нәлет әлгі... Жапабек айтқан Бақай болып жүрмесін?! Сол ғой,

сол! Алда атана нәлет-ай!..» – Құрманбай еріксіз күліп жіберді. Машинаның дарылы оның күлкісін ешкімге естірткен жоқ. Естілетін күлкі емес те еді. Таңданыс пен түңіліс аралас пәс күлкі болатын. Таңданғаны: егер мұның тұтқындалғаны сонау қараңғы түнде қаралы үйдегі қорғансыз жесірге қиянат көрсетпек болған есуастың дертесін қайырып жібергені үшін болса, онда Мышбаев Бақай да жазалануға тиісті емес пе? Оқиғаның куәлары – Жібек, Мағрипа, Жапабек қайда, не деді? Түңілетіні: «Қолынан келген қонышынан басадының» керімен әлгі Мышбаев мыстандық жасап, өзінің біреулерін куәға тартып, «Айтықов пәлен күні пәлен жерде маған тіл тигізді, қол жұмсады» деп жала жауып, соттатып жібермек пе?.. Бірақ ол үшін Семейге, ит арқасы қиянға апарудың қажеті не?.. Қолына билік тигендер бетіне тура қарағандарға өсти берсе, онда әділеттілік қайда, шындық қайда, Совет өкіметінің тура жолы қайда?!

Ойға шомған Құрманбай көзін жұмып, қалғыған кісіше тұқырып отыр. Өзінің тұтқындалу себебін біле алмай далырғанына, міне, сегізінші күн. Камералас болған үшеумен шүйіркелесіп сөйлесе де алмады. Тайынтыданмын деген Дүйсенов Науан – бухгалтер, Айыртауданмын деген Садуақасов Әбіш – колхоздың жылқышысы, ал Ақтауданмын деген Смирнов Дмитрий – шахта партия комитетінің секретары. Бір жұма бірге жатқан бейтаныс төртеудің біріне-бірі сенбегені анық: шүйіркелесіп сөйлеспеді, хал-жағдай сұраспады, бастаған әңгімелерінің бәрі де: «Кім білсін...», «көрерміз...», «бас аман болсыншымен» аяқталып жүрді. Бір жұма ішінде ешқайсысы тергеуге де шақырылмады, далаға серуенге де шығарылмады. Томаға-тұйық, тіптен түсініксіз тірлік кешті. Көр-жерді сөз етіп, жоққа таласып, кейде демалыс үйінде жатқандай жоққа мәз болып күліп, уақыт өткізді. Сол үшеу сол камерада қала берді. Мына машина үстінде жаңа Бородулинмен тіл қатысты, ал басқаларының бірде-бірі таныс емес. «Пәлен жерде пәленбай халық жауы болып кетіпті» деп тарап жатқан сөз шын болып жүрмесін?.. Өйтсе, халыққа қылдай қиянат жасап көрмеген құрманбайларды бас салып тұтқындап жатқандардың өздері халық жауы емес пе? Жұмыс қолын азайта берсек, колхоз өзінен-өзі

кұрып бітеді деп нобайлайтын шығар?! Ол да мүмкін: аштықта бас көтерерінің көбінен айырылған, енді-енді ғана есін жия бастаған халық мынандай арам ойдың кесіріне кезіксе, несі қалады?!

Дарылдақ машина төрт-бес жерде тоқтап, оттығын отынға толтырып-толтырып алып, өрт шалғандай болып түтіні будақтап, Семей қаласына таң біліне жетті: құлпы шақылдаған, топсасы шиқылдаған қақпаға еніп, таласқалы тұрған итше ырылдап-қырылдап барып үні өшті. Иір қара кабинадан сойдиып шықты да: «Тырп етпеңдер! Мен қазір келем!» деп бір жөткірініп, қақпаның ішкі оң қапталында іші-сыртында электр шамы самсап жанып тұрған, қима құлақтары едірейген, тайпақ шатырлы үйге қарай кетті.

– Баланың ойыны, бақсының жыны тәрізді бір жағдайға тап болдық, ақыры немен тынар екен, – деді тұтқындардың бірі.

– Абыржыма. Ертең-ақ осы зымырауықпен қайтамыз үйге, – деді, оны екіншісі жұбатып. Конвойшылар жақ ашпады.

... Құрманбай төбесі аласа ұзын ағаш барақта айға жуық тыныш жатты. «Тынышы» не тергеушінің, не басқаның мазаламағаны. Әйтпесе қайдағы тыныштық болсын: кім әкелгені, кімге әкелгені, неге әкелгені белгісіз бір құпия хал – қай жерің, қай мүшең екені беймәлім, әйтеуір, бір мүшенді, бір жерінді дерт жайлап жатқаны сөзсіз жәйт. Ұзын барақ бұрын бірнеше қойма болғанға ұқсайды, кейінде ішкі бөлме қабырғаларын алып тастағаны анық байқалып тұр. Қабырғалардың о жер, бұ жерінде сылаққа сіңе жайылған әлдебір май дақтары, шашыраған бояу жұғындылары бар. Талайдан әктелмеген. Жоғары бұрыштарда – өрмекшінің торы.

Барақ едені тақтайланбаған, сабан теселіпті. Төсек, төсеніш жоқ. Жайшылықта көз мөлшерімен отыз кісі жатарлық бараққа жетпістен астам адам қамаулы. Барақта бас қана сияр үш-ақ терезе бар екен, оның өзінде де темір тор сұстанып тұр.

Жетпістен астам адамның мұнда ұйлыққандарына алды – ай, соңы – апта болған мөлшерде басталар іс басталды. Барақтағылар сыртқы тіршіліктен бейхабар еді. Радио, газет, журнал жоқ. Хат жазысуға тиым салынған. Соңдарынан іздеп келгендермен жолықтырмайды. Іздеп келушілер де бірен-саран. Олар да барақты

қоршаған биік тақтай дуалдың сыртында сенделіп жүріп-жүріп қайтады, құрсаулы қақпа ашылмайды. «Жолығуға болмайды! Киім де, тамақ та алынбайды!» деген доңайбат сөзден басқа сөз айтылмайды. Дуалдың жарық-тесігінен сығалағандардың көрері: ауыл аймағындай қоршаудағы алты барак: әр барактың алдында екі-екіден тұрған мылтықты қарауыл.

Құрманбайлар қамалған барактың нөмірі – үшінші.

1937 жылғы қазан айының үшінші күні, таңертең осы үшінші барактан төрт кісі тергеуге шақырылды: сұр костюм, қара көйлек, қара бәтеңке киген біреу екі милиционермен келіп, бір дәптер тізімнен төртеуінің аты-жөндерін атап-атап оқып, айдап алып кетті. Төртеудің үшеуі түс әлетінде қайтып оралды, біреуі оралмады. «Халық жауы» жайындағы неше түрлі алып-қашпа сөздер бұрын бұл баракта да сан саққа жүгіртіліп айтылған-ды. Өз ауылдарынан, өз аудандарынан кімдердің «халық жауы» делініп ұсталғанын, сотталғанын мұндағылар да айтысқан. Сонда әлгі ұсталып сотталғандардың «халық жауы» болуы мүмкінінен мүмкін емесі әлдеқайда көп болып шыққан. Бірге өсіп едік, баяғыдан білетін едік дегендердің пікірінше.

Бұл үшінші барактағылардың дені – қазақтар. Жастары елудің алды-артындағылар. Бірнеше орыс, татарлар бар. Ал іштерінде басшы болғандар аз. Шығыс Қазақстанның Зайсан аудандық совет атқару комитеті председателінің орынбасары деген жігіт бар: басқалары – колхозшы, мұғалім, жидашы, бригадир, шахтер, алтын жуушы, орманшы, сатушы...

Айтса адам нанғысызы: бұлардың қай-қайсысы болсын нендей сұмдығы үшін тұтқындалғанын айтып бере алмайды. Ойда жоқта алып жөнелді, әкелді, жапты. Дағдарды да қалды. Сырттағылардан тірі жан түсінік бермейді. «Айтады. Асықпаңдар!» – дейді. «Айтамыз» емес, «айтады». Күніне кісі басы бір тілім қоңыр нан, қатықсыз бір аяқ арпа коже, екі кесе шай әкеледі де, тілдерін тістеп келеді, тілдерін тістеп кетеді. Дәретхана – іште, барактың бір бұрышында. Далаға шығар сылтау жоқ, сұранса – шығармайды. Біреулер бұлқан-талқан ашуланады, қиянат жасағандарды қырып-жоймақ болады. Біреулер оларға басу айтады: «Өзіміздің өкімет

өзімізге қиястық жасамайды ғой, бұл бір түсінбестік шығар, біреулер былықтырып отырған болар, заң орнындағылар ақ-қарасын айырар» деседі. Қисса-дастанның күніне біреуін жатқа айтатын Қабдолла деген жидашы кейде: «Бұл заман не боп кетті?!» деп күйіп-пісе бастағандарға: «Дүние – бір қисық жол бұрандаған, бақ тайса, патша тақта тұра алмаған. Басыңа мың бір пәле жаусадағы, жігіттер, күдер үзбе бір Алладан!» деп басу айтады, ашуын сейілтуге тырысады. Бәріне ортақ көңіл күй ауырламаса екен дейді. Бұл өлеңді орыстарға да өз білгенінше аударып беріп, күлдіріп, мақұлдатқан да. Мұнда күлкі өшкен жоқ. Күлкілі жәйттер болып тұрады, күлкілі әңгімелер айтылады. Карта ойнап күліп те, дауласып та отырады. Біреулер өзіне өлшеп берілетін қара наннан тоғызқұмалақтың тасын жасапты, еденнің топырағын ұқыптап оймыштап, қазан-ұя сайлап, қазақтар тоғызқұмалақты да қыздыра ойнап қояды. Күн ұзақ, уақыт өткізу керек. Екіншіден, ешкімге жерге қарар жаманшылық жасамаған болсаң, ертеңді-кеш күйгелектене берудің, күйректікке ұрынудың жөні қайсысы?! Бір сәткі қателікке түзелмес қиянат деп қарама. Өкімет орнында. Заң бар.

Осындай орынды пікір барақтағылардың басын біріктірген, аздап болса да көңілдерін аулаған, отбасы, ошақ қасымызға ертең-ақ қайтып ораламыз деген сенімді бекіткен. Бірақ алғашқы тергеуден келген үшеудің халі баракқа шыжыған шілдеде шыңылтыр аяз суығын сау еткізгендей болды. Көпшілік бір сәт тіксініп, тына қалған. Содан кейін ғана:

– Не деді?..

– Не болды?..

– Кім екен?.. – деп асып-саспай, алып-ұшпай сұрасты.

– Ақылбаев қайда? – деді әлдекім, тергеуге әкетілгендердің бірін, төртіншісін еске алып.

– Ау, халайық! – деді Қабдолла, дауыс оздыра, оң қолын көлбете көтеріп. – Тоқтаңдар, сабыр етіндер. Жамыраған малша жан-жақтан қыстамайық. Бәріміз, кәне, отыралық. Мына жігіттер де, – деді ол әлденеге алаңдағандай айнала аңтарыла қарап тұрған үш жігітке көз тастады, – бұлар да отырсын, сонсоң көрген-білгендерін өздері асықпай айтып берсін. Дұрыс па?

- Дұрыс!
- Сөйтеік!

Көпшілік үш жігітті ортаға ала, дізелері қағыла-соғыла сығылысып отырысты.

– Тергеу жасады ма? Тәртеуінді бір кісі тергеді ме? Кеңселері қайда екен? – деді біреу сұрақты үйіп-төгіп.

– Қазір өздері де айтады ғой, бастырмалатпасаңшы! – деп оған басқа біреу наразылық білдірді...

Тергеуден оралғандардың айтқандарын тыңдаған адам күлерін де, жыларын да білмеген бір шала жұмбақ күй кешкен еді...

Бөлмедегі оны-мұныға байыптап қарап, байыппен сөйлеп отырған Құрекең бір мезет үнсіздікке берілді де, маған оқыс қарап, оқыс та болса қалайда бір шұғыл шешімге ден қойғандай қиналысты кейіппен ойлана қарап:

– Ол күнгі үш жігіттің не айтқанын, басқамыздың не халде болғанымызды, одан кейінде де қандай оқиғаларға тап болғанымызды айтып сенің уақытыңды алмайын, жүйкеңді де тоздыра бермейін. Саған өзім өткен дозақты айтсам да жетер. «Өткен» деп сол Семейдегіні ескертіп отырғаным ғой, әйтпесе бізді ол атасына нәлет неме он жылға деп мықтап тұтты емес пе?! Одан содан кейінгі қалған ғұмырымызда құтыла алсақ – құба-күп. Әй, құтыла алмаспыз. Міне, – деп ол оң білегін түріңкіреп, оймақ аузындай ақ тыртықты көрсетті, – денеңе түскен жара екеш жара да о дүниеге өзіңмен бірге кетеді, ал жүрегіңе, арыңа, атыңа, тіпті бүкіл әулетіңе түскен жара, жағылған күйе жазылмас та, өшпес те. Өзімді қойшы, мың жасайтын сайтан емеспін, бүгін бармын, ертең жоқпын. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді, ол рас та, сонда менің балам «халық жауының баласы» аталып, менің немерем «халық жауының немересі» аталып, менің шөберем «халық жауының шөбересі» аталып өтпек пе?! Олай болмауы керек! – Құрекең қыстығып, булығып, екі жұдырығын біріне-бірін ұрғылап-ұрғылап жіберді. Мен қатты састым. «Ағалап» ұшып тұрып, сау қолыммен құшақтай алып, аппақ самайынан екі-үш рет сүйдім. Көзін тарс жұмып, қыстыққаннан дір-дір етіп отырған Құрекеңді құшақтағанда, құдды шарбақ қорап құшақтағандай болдым –

қапсағай дене құр сүйек екен!.. Өзімді-өзім іштей кінәладым. «Айтықов дегенде, неге ғана елең еттім? Неге іздестірдім, неге жолықтым?! Жан жарасын неге ушықтырдым? Әкемнен екінші рет, мәңгі бақиға айрылған соң, өз қайғымды ғана арқалап неге қайта бермедім?!»

– Әділбек шырағым, – деді Құрекең екі алақанын уқалап, басын бір шайқап: – Айналайын, сен қамықпа, жасыма... Сүйегіңе басылған қара таңбадан сен де бүгін-ертең құтыла алмассың, қайтейік, шырағым! Бірақ сен жасыма! Әкең марқұмның адал екенін білген болсаң, қай жерде жүрсең де еңсеңді түсірмей жүр. Мен өз жайымды айтарда Ізғұтты үшін айтамын демедім бе, менің ел алдында арым таза екеніне ол күмәнданбас. Сонда да болса сен де куә бол, менің қандай «халық жауы» екеніме. Ізкенімді кездестіре алмасаң, біздің Ұлан ауданынынан жолыққан орыс-қазаққа айта жүр. «Ел құлағы – елу», менің құлындарымның бірі болмаса бірі естір, егер, ай, дүние-ай, айтуға тілім де бармайды, кім біледі, атаңа нәлеттер оларды да тентіретіп жібермесе...

Мен Құрекеңе ештеңе демедім. Сидельников келгенше уақыт біздікі. Айтқысы келгеннің бәрін түгел айтсын, асықтырмайын. Сидельников те асықпай әңгімелесуімді қалаған. «Таңертең Магаданға баратын машиналардың біріне отырғызып жіберемін, соған үлгірсеңіз болды», деген. Ал Құрекеңнің кеудесі ыза-шерге, ашу-налаға толы ғой, ақтарсын, жеңілдесін. Менің де естігім, түсінгім келді.

Әлгі төрт жігіттен кейін, бесінші күні, Құрманбай Айтықов та тергеуге апарылған. Тергеу орны алтыншы барақтың астында болып шықты. Тергеуші – қарабауырша шаншылып тұрған қатпа қара қазақ. «Айтықов, менің саған ескертерім: егер кінәнді мойындамасаң – бұл жерден тірі кетем деп ойлама!» деді шарт етіп. Құрманбай еріксіз күлді. Дені дұрыс емес сөз, әлбетте, не ашу, не күлкі туғызады. «Мен сен сияқты күлгендердің талайын жылатқанмын!» деп, тергеушінің талағы тарс айырылды. Сөйтіп, ә дегеннен қатты басталған сөздің соңы: «Айтықов, сен – халықтың жауысың!» деген айқаймен аяқталған. Тағылған айып: «Алтайзолото» бірлестігіндегі «Қалбазолото» басқармасы бастығының орынбасары Архиповпен

доссың. Архипов – халық жауы. Шетелдік агенттермен байланысып, оларға жасырын алтын сатқан. Оны Айтықов біледі, себебі алтын жуушы артельдердің бір бастығы алтынды рудник ұстасы Айтықовқа әкеліп тапсыратын, ал Айтықов оны Архиповқа апаратын, сол қызметі үшін көп ақша алатын. Архипов – Айтықов ұйымы ертеден жұмыс істейді. Архипов Айтықовты ауылдан рудникке тектен-текке көшіріп алған жоқ және өзінің қылмысы ашылуға айналған кезде Айтықовты қайтадан ауылына көшіріп жіберді. Мұны Архипов мойындады, бірақ ол алтын жуушы артель бастығының аты-жөнін білмеймін, оны Айтықов біледі депті. «Сен, Айтықов, маған сол сұмырайдың аты-жөнін айтып бер!» дейді тергеуші, шақ-шақ етіп. Құрекең «сол сұмырай» тұрсын, тіпті Архиповтың кім екенін де білмейтінін айтады. «Білесің, айт!» деп тергеуші ол күні Құрекеңді бес сағат қажайды. Түн ортасында алдырып, «айтсаң да – айтасың, айтпасаң да – айтасың!» деп басқа біреуі шақылдап, таң атқанша ұстайды. Ертеңінде түстен кешке дейін үшіншісі қажайды: алдайды, арбайды, қорқытады, үркітеді. Түнде алғашқысы тағы алдырып: «Ақырғы рет сұраймыз, жан керек болса, айт!» дейді. «Әй, өзіңнің есің дұрыс па? Білмесем, немді айтамын?!» деп Құрекең де шарт ете қалады. Ашудан жарыла жаздаған тергеуші тұра жүгіріп барып есікті ашып, «Перетуриң! Байсалов!» деп шаңқылдап, екі жігітті кіргізіп алды да: «Мынаның тілі байланып қалыпты, кәне, көріңдер!» деп Құрекеңді меңзейді. Анау екеуі айтақтаған итше ұмтылады. Оларсыз да күйініп тұрған Құрекең бассалған екеуін үйіріп-үйіріп екі жаққа ұшырып-ұшырып жібереді. Қайтадан жабыла кеткен екеуін бір-бір ұрып, мұрттай ұшырады. Сол әредікте конвойшы жетіп келіп, енді үшеулеп кіріседі. «Ұрыңдар! Жығыңдар!» деп тергеуші үстелін тоқпақтап, жер тепкілел шақылдайды. Құрекең үшеуіне бой бермейді. Тумысында балуан бітісті ұстада болмаған күш-қайрат кімде болсын! Итше арсылдап жабылған үшеуін үш жаққа лақтырады. Апыр-топыр қайтадан басталады. Сол кезде кімнің немен ұрып жібергенін байқай алмай қалады: Құрекеңнің оң иығына әлдене сарт етіп, оң қолы ұйып кетеді. Жалғыз қолдан не қайран, ақырында үшеуі жабыса ұстап, жұлқылап, итеріп, шалып жығып, тепкілеп ала жөнеледі.

Ол сұмдық ертеңінде тағы қайтланады. Тергеуші екеу болады. Екіншісі – түлкі бет, қасқыр төс, шикіл сары орыс. Жасы егде тартқан. Сол жақ қасының етегінен шықшытына дейін тыртығы бар.

Екі тергеуші екі жақтап қыспаққа алды. Айтатындары – сол кешегі сандырақ. «Халық жауының байланысшысысың!» дейді. «Халық жауысың!» дейді. «Шыныңды айтпасаң, құртамыз, құрисың!» дейді. Кешегі екі жалдапты тағы шақырады, қолдарына сыңар құлаштай жуан таяқ беріпті. Құрманбай: «Халық жауы» деген мазаққа ұшырап, сотталғанша, мына иттердің біреуін мертіктіріп, төбелесқор болып-ақ сотталайын!» деп іштей бекінді де, тайынбады да аянбады. Бірақ ақырында төртеу – жеңді, жалғыз – жеңілді.

Тергеуге он жетінші рет апарылғанда Құрманбайда аяқ басып тұрар хал болмады. Өне бойы да қол тигізбейді, ісіп-кеуіп кеткен. Екі жалдап басынып, есіріп алады: «Бас аяғынды! Тұр, кәне!» деп екі бүйірден түйгіштей бастайды. Орыс тергеуші бір-екі рет кіріп-шығады. «Ну что, вражья морда, молчишь?!» деп ақырып-бақырып келіп: «Молчи, молчи. Подохнешь как собака!» деп зымияндана жымыып кетеді. Құрманбайда қарсыласар дәрмен қалмағанын көрген қазақ тергеуші жеңген итше желкеден түспейтін болды. Мазақтайды, табалайды, тілдейді. Бір күні өздігінен тік тұра алмаған Құрманбайды екі қолынан арқанмен аспақтатып байлатып қойғызды. Жерге аяқтың ұшы ғана тиеді. Екі жалдапты шығарып жіберіп, бетпе-бет қалған тергеуші:

– Әй! Сен қасарыспа! Халық жауы екенінді мойында да, анау тергеу қағазына қолыңды қой! – деп шақылдады.

Құрманбай үндемеді. Оған қарамады да.

– Қолыңды қойсаң, аман шығасың, бала-шағаңның жанына барасың, ұқтың ба?!

Құрманбайда үн жоқ. Көзін жұмып тұр.

– Қолыңды қоймасаң, халық жауын әдейі жасырды, өзінің де халық жауы екенін көрсетті деп жазамын да, ату жазасына кестіремін, ұқтың ба?

Құрманбай ләм-мим демеді. «Мынаны бір теуіп, үнін өшірер ме едім!» деген ойда.

– Ендеше, өлім жазасына кесілдім дей бер! Сендей сұмдарға кешірім жоқ! Ісінді ертең сотқа түсіремін – бітті, құрысың! Ал бәрібір құритын болған соң, естіп қал: сен, дурак, менің туысымды – біздің совет інквизиторының офицері Мышбаев Бақайды ұрыпсың! Дурак болмасаң, одан жесір қатынды қызғанасың ба?! Вот, сол үшін құрысың!.. «Халық жауы!» Қы-қы-қы! – деп тергеуші кенет күліп жіберді. Есесін қайтарып, есебін түгендеген табашының тәлкек күлкісі. – Әй, Айтықов, естідің бе?! Есті, естіп ал! Мұнда сенен басқа естіген есуас жоқ, куә жоқ, жоқ! – деп, қатпа қара тағы да қарқылдап тұрып күлді.

Шынында, тергеуге содан кейін апарған жоқ. Ісі сотқа тапсырылғандардың тобына қосылды. Ондағылардың көбінің бет-аузы жара, киімі жұлым-жұлым, тұнжырап жүргендері. Сөз аз. Аз сөздің өзі ашу-ызалы, назалы. Соттың тез болуын талап етеді. Сот ақ-қараны айырады деседі. Сенеді. Бұлар – «халық жауы» екенін мойындамаған Құрманбай сияқтылар, қандай қинау-қорлық көрсе де не өзін, не басқаны беталды қаралауға ары бармағандар.

«Қой деген жеріне қол қойып бердік, біреу үшін өлейік пе енді!» деп жылмандап, сынапша сырғып жүргендер де жоқ емес. Ондайлардың бет-аузы аман, киімі бүтін.

Сот та басталды. Бесінші және алтыншы барақтардың арасына үстел, орындық қойған, онда – үш кісі отыр: «Үштік соты». Азаннан ақшамға дейін істейді. НКВД өкілі мен екі милиционер тұтқындарды сот алдына тізім бойынша бес-бес кісіден айдап апарды.

Құрманбай сот алдына өз тобында үшінші болып барды. Алдыңғы екеу «халық жауымен сыбайлас болғандарын мойындағандар» деп аталып, әрқайсысы бес жылға жер аударуға кесіліп, бесінші бараққа әкетілді. «Халық жауы» шетел агенті Архиповпен ұзақ жылғы байланысын мойындаудан бас тартқаны үшін, халық жауы Құрманбай Айтықов он жылға жер аударуға кесілді». Ол алтыншы бараққа әкетілді. Ақырғы сөзінде өзінің бар-жоқ кінәсі – НКВД қызметкері Бақай Мышбаевты жесір әйелді жәбірлегелі жатқан жерінде ұстап алып ұрғанын, онда да оның кім және қайдан келгенін білмегенін, мұны тергеушінің білетін болып

шыққанын, көргенсіз Мышбаев қаныпезер тергеушімен туыс екенін, оны соңғы күнгі тергеу кезінде тергеушінің өзінен естігенін, ал тергеушілер тұтқындардан жауап алғанда совет заңына қайшы келетін ұрып-соғу сияқты сорақылықтар жасағанын айтып еді, ол сөзіне «Үштік» құлақ қойған жоқ.

– Айтып-айтпай не керек, адам санатынан шығарылып, мал қатарына қосылып, жүк поезына, жүк кемесіне тиеліп, арып-ашып, айлап жол жүріп, 1937 жылдың желтоқсан айында осында әкеліндік қой, – деп Қүрекең тағы да күрсініп алды. – Мұнда жеткенше жол-жөнекей әпербақандардан қорлық көргендер қаншама, қорлыққа шыдамай түнде асылып, буынып қалғандар қаншама?!

«Халық жауларын» лагерьде де күн суығымен қатар тіл суығы да қарсы алған. Лагерь бастығы, оның орынбасарлары, бақылаушылары, қарауылдары ата жаулары, құныкерлері келгендей сұстанған, кемсітіп, тілдеп сөйлескен, әңгіртаяқ ойнатқан. Екі сөздерінің бірі: «Халық жауы» – фашизмнің сыбайласы, Гитлердің тыңшысы!» болған. Сол сөзбен, әсіресе, кешегі коммунистер мен комсомолецтерді көзге шұқыған, оларды аштың аз-ақ алдында ұстап, жұмыстың ең ауырына жеккен. Лагерь қожаларының миына сіңген: «Халық жауы» – ұлы көсеміміз Сталиннің жауы!» деген қағида әпербақандардың мінез-құлқының, бүкіл іс-әрекетінің негізі болды. Соның зардабынан алғашқы айларда жүзден аса тұтқын өмірін өлімге қиыпты. Ауырып, тау-орманда жұмыс сәтінде тосын апатқа ұшырап көз жұмғандар да аз болмапты.

– Әділбек шырағым, қазақта «Адам итжанды» деген мәтел бар емес пе, сол рас. Жазықсыздан-жазықсыз жанымыз да, тәніміз де жаралы болып жүріп, міне, жеті жылды артқа тастадық. Ел-жұртқа жетуден үміттіміз. «Алдымен аман болайықшы, қайтейік, он жылды ештеп өткізерміз» дейміз. Тек, нендей қайран қыларсың, біразымыздың үмітіміз шіріген жіптей үзілді, әлі де қаншасының үзілерін кім білсін!..

Қүрекең лагерьде әуелгі жылы ұста болыпты. Лагерьдің сол кездегі бастығы Проскурин ұр да жықтың нағыз өзі екен. Ұста дүкеніне анда-санда келіп-кетіп жүргенінде Қүрекеңе де, балғашы Геннадий Сырбачевке де тіл тигізіп, бірде балғашыға

қамшы салыпты. Сырбачев Алматы қаласының маңындағы бір ауданда мұғалім болған екен. «Сатқындар! Мен сендерді қасқырға жем қыламын!» деп тебінген Проскуринге ол тік қарап тұрып: «Біз ештеңені бұлдірген де, қиратқан да жоқпыз. Бір емес, екі емес тілдей беруге қандай дәлеліңіз бар?» деген. «Ей, жауыз! Жағыңды қарыстыр!» деп Проскурин бураша шабынған. «Сіз ақ гвардияшының тұқымынан саусыз ба?» деген Сырбачев сонда оған. Қашанғы бұға берсін. Сол-ақ екен, Проскурин үнемі білеп жүретін дырау қамшысымен балғашы жігітті тартып кеп қалған, бірақ бір тартқаннан ары үлгірмеген: онсыз да қаны қайнап тұрған Құрманбай лагерь бастығын ішке бір теуіп мықшитқан да, қамшысын жұлып алып, сабын бырт еткізіп, көріктің аузындағы отқа атып ұрған. Ол үшін, әрине, оны ешкім басынан сипаған жоқ: Проскурин қолшоқпарларын жауып жіберіп, қызыл жоса қан қылып сабаттырып, бір кісілік камераға қамап тастаған.

Айтықовтың не күйге ұшырағанын Сырбачевтан естіген барактас серіктері: «Айтықовты босатпасаңдар, жұмысқа шықпаймыз! Мәскеуден комиссия келуін, біздің жағдайымызбен танысуын талап етеміз! Сталинге хат жазамыз!» деп отырып алған. Лагерь басшыларының қоқан-лоққысынан қорықпаған. Жұртты ондай қарсылыққа Жұмақан Байбатыров деген тұтқын дәрігер бастапты: «Бізді енді екінші рет соттамас. Соттаса, тіпті соттай берсін! Халық алдында арымыз таза дегендерің Айтықовқа ара түсіңдер! Адал жүріп те өлетін болдық қой?!» депті. Проскурин барактың алдында ат ойнатып: «Қырам да жоям!» деп бірер сағат аласұрып, ақырында Құрекенді босатуға мәжбүр болыпты, бірақ ұсталығына жібермей, ағаш кесушілерге қосыпты. Сырбачевті басқа жаққа жіберіпті.

Төрт жылдан соң Проскурин араққа күйіп өлген көрінеді. Оның орнын басқан Кравцов одан өткен бейбастақ болып шыққан. Жуан жұдырық, бейпіл ауыз.

Елінен айырылып, еркінен айырылып келген көпшілік қашып құтыла алмас өлімге тап болғандай тағдырға мойын ұсынған мүшкілдікке шыдамаған. Әділетсіздіктің бұғауы буындырып әкелген Сібірде де жан сақтаудан бұрын ар сақтауды, бас қорғаудан бұрын жолдасты қорғауды ойлаған. Араларындағы жазықсыз

адамды айуандық азапқа бермеуге бел байлағандары сондықтан. Өттең, өттең! Өмірге иелер – күшке де ие. Билік-беделдеріне қауіп төнсе қару қолданудан да тайынбайды. «Итше ыңырсытып атып тастаймын! Арамтамақты іздеп әуре болар ақымақ жоқ!» деп тісін шақырлатады Кравцов. Ол бұрынғы лагерінде өзін өлтірмек болған үш «халық жауын» атып тастапты деген қауесет бар. Шын болуы да ғажап емес. Қазір лагерьдегілер сұмдық-зұлымдық атаулының ешбіріне тандануды, адамгершілікке жатпайды деп жағасын ұстап наразы болуды қойған, дәм-тұзы таусылған тұтқындардың о дүниеге қайтіп, қалай кетіп жатқандарын Ныркэу сияқты бейшаралар ғана біліп қалуы мүмкін. Ал мұнда білгенінді басқаларға сездіру де – қатерлі іс; өйткендер «ерекше есепке» алынады да, көп кешікпей із-түссіз жоғалады, оларды Ныркэу де көріп-білмейді.

Тұтқындар ашық танданған бір ғана оқиға – лагерь бастығының жалпы бақылау жөніндегі орынбасары, желіккен бурадай барқылдап жүретін Кондрашовтың кенеттен ғайып болғаны. «Халық жауы» деп ұстап әкетіпті! Сенсең де – сол, сенбесең де – сол!

Жаңа орынбасар Сидельников Мәскеу маңынан келіпті деседі. Мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, іс-әрекеті тұтқындар көргендердікіне кереғар. Ол алғашқы бетте-ақ Кравцовпен шекісіп қалыпты. «Мен сені қуып жіберемін!» деген оған Кравцов. Онысына: «Ойланып сөйле! Бұл сенің әкеннен мұраға қалған жеке меншік лагерің емес!» деген жауап алған.

Сидельниковтің келуі қапырық ауаға қайырма леп араласқандай, қашаннан жабулы түндіктің бір шеті түрілгендей, қап-қараңғы үй іші ала көлеңкеленгендей болған. Ол екі топтың бақылаушысын ауыстырыпты.

– Кебенек киіп, аш-арық болып жүрсек те, әйтеуір, құлағымызды тұндыратын боқтық сөзден, «арамтамақ, малғұн, жау, фашистердің құйыршығы!» дегендей кемсітіп қорлаудан құтылдық, Сидельников тағайындаған бақылаушымыз Павел Павлович Павловтың бізге әзірше залалы жоқ. Ол да болса жеңілдік қой! – деді Құрекең.

Бұрынғы бақылаушылары Рубцов Ресейдің бір жерінде облыстық партия комитетінің секретары болған тұтқынды кесілген қарағайды бұтақтап жүргенінде басы айналып құлап қалғаны үшін:

«Іріткі салушы!» деп тепкілей бастағанда, жақын тұрған бір тұтқын оны қолындағы ағаш сырғытатын келтекпен ту сыртынан ұрып сұлатыпты. Бақылаушы ауруханаға түскен. «Сотқар» тұтқынды Сидельников бір апта қаматып қойған.

Лагерьдегілер Германияның 1941 жылдың маусымында Совет Одағы жеріне тұтқиылдан басып кіргенін, көп жерімізді ойрандағанын, көп халықты қырғанын, бірақ фашистердің беті қайтып, қазірде апанына қарай қашып бара жатқанын Сидельниковтен естіген.

– Аға, сіздер оған дейін соғыс жайынан шынымен ештеңе естимедіңдер ме? – дедім мен, таңдағанымды жасыра алмай.

– Кімнен естиміз? Қайдан естиміз! Мәңгүрт қылып, меңіреу шетке әкеліп тастаған жоқ па? Күндіз-түні көретініміз мұнара басындағы күзетші мен қасымыздағы бақылаушы ғана емес пе? – деді Қүрекең.

Сол әредікте Ныркэу кіріп келді. Жып-жылы жымыып, жанымызға домалана жетіп, Қүрекеңе екі қолын бірдей ұсынып:

– Айтықов! Айтықов! – деді қуана, құшырлана сәлемдесіп.

– Ә, Ныркэу?! Хал-жағдайың қалай? – деп Қүрекең де жылы амандасты.

– Кешіріңіз, кешіріңіз! Мені бастық жіберді, Андрей Серафимович жіберді, – деп Ныркэу маған қарады.

Әңгімелесіп болып па, біліп кел деген ғой. Мен Қүрекеңе қарадым. Ол кісі сәл ойланды да:

– Айналайын Әділбек қалқам, мен өзіңе айтқым келгеннің бәрін айттым, тәмәмдадым. Ендігісін өзің біл. Менен естегеніңнің ішінде «бүйректен сирақ шыққандай» дәнеңе жоқ, бірақ басқаға айтарыңды абайлап айтқайсың, қарсы алдында ешкім көрінбегенімен тусыртыңда тұрмасын қайдан білесің. Періште қайсысы, албасты қайсысы – айырып болмас бір зобалаңға ұшырадық қой. Не көрсек те, мына біз көрейік, сендерден аулақ! – деді.

– Ұқтым, аға, ұқтым. Біз де аузымызды бағатын болғанбыз. Менің бір шаруам – елге оралысымен Ізғұттыны іздеу, – дедім. Басқа не дейін?! Қүрекеңнің көңілін де аулауым керек, өзімнің қолымнан басқа ештеңе келмесін де мойындауым керек. Ізғұттысын іздеп

тапсам, соным да ерліктей болар-ау! Ол «халық жауының баласы» деп майданға ақыры жіберілмеген шығар. Қайда жүр екен?

Күрекең мені құшақтап, маңдайымнан сүйіп:

– Айналайын балам! Әділбекжан! Қамықпай қайт, қамықпа!.. – деді дауысы дірілдеп.

– Аға!.. Аға!.. – Өне бойым бір ысыды, бір суыды. Құмығып тұрып қалдым. Күрекең Ныркәудің сонынан аяндап, киімі қолп-қолп етіп кете барды. Бұрылып қарамады...

Ертеңінде Сидельников мені Магадан қаласына баратын бір машинаға отырғызып жіберді.

Айлап жол жүріп, әкем мен ағайымды көремін деп аруақтана алып ұшқан көңіл байғұсым жапан түзде қарлы жаңбыр астында қалған жалғыз жаяудай жабырқап, жадап, жаурап келеді. Төңірекке әлсін-әлсін қараймын: тау-жота да, қырат-қырқа да, орман-тоғай да, өзен-бұлақ та сұрқай сияқты, жансыз сияқты, өлі сияқты, бәрі де менің әкемнің өкінішті қазасына куә, бірақ айта алмайтын тәрізді, бәрі де менің ойда жоқта Күрекеңмен кездескенімнен, әңгімелескенімнен, «халық жаулары» лықа толы лагерь қарекетінен көп мағлұмат алғанымнан мүлде бейхабар тәрізді.

Күрекеңмен кездескенім жетімсіреген жүрегіме аздап болса да жұбаныш-жылу берді. Мен Құрманбайұлы Ізкенді... – апырым-ай, Күрекеңше «Ізкен» дегенімді қараты! Аруағыңнан айналайын әкемнің өзімді «Әдіш» деп еркелете атайтыны есіме түсіп кетті-ау!.. – Ізғұттыны жолықтыратыныма, әкесінің амандығын айтып қуантатыныма қалайда сеніп келемін...

Қош, әке, қош!.. Мен сені көре алмадым, құшағыңа ене алмадым. Тым құрыса, көзің тіріде ақырғы рет «әке!» дей алмадым. Қолымнан бір уыс топырақ сала алмадым. Ныркәу көрсеткен қос қабірдің біреуі сенің қабірің екеніне сене де алмадым, сенгім де келмеді. Сол қос қабірді де, құжынаған басқа қабірлерді де көрмей-ақ қойсам еді! «Сенің әкең бұл лагерьде әу баста болған екен, кейін басқа лагерьге әкетіліпті...» деген жауап естісем еді! Сөйтіп құр сенделіп қайтсам еді!.. Сенделіп қайтсам да, сенің тірі екеніңді біліп қайтатын едім ғой!.. Біз сені әне келеді, міне келеді деп күтіп жүретін едік қой!..

1944 жылғы шілденің жиырма тоғызында сол күні кеште Магаданнан Владивостокқа аттанатын кемеге билет алдым. Содан кейін үйге телеграмма соғайын, шыққанымды айтайын, шешемнің көңілін демдейін деп қала телеграфына бардым. Кеңселері қоянның кеуегіндей қушиған қуыс-қуыс бірдеңе көрінеді. Телеграмма қабылдайтын терезенің арғы жағында беті тарғақтың жұмыртқасындай секпіл-секпіл жирен шашты әйел отыр, қолында газет. Мен терезеге иіле бергенде ол:

– Дуся! – деп әлдекімге дауыстады да: – Мен саған бір тізім оқып берейін, кәне, тыңдашы! – деді де, газетке тұқыра түсіп, айтқан тізімін оқи жөнелді. Адамдардың аты-жөндері. Кісі келді-ау деп мені елеп-ескермегеніне іштей ренжи қалсам да, сабыр сақтап тұрдым. Ол алтыншы ма, жетінші ме, бір фамилияны оқығанда мен елең еттім: «Айтықов деді ме, Антипов деді ме? Изгутта деген сияқты болды ма?!» Әйел он бес шақты фамилияны оқып:

– Дуся, естідің бе? Таныстарың болмады ма? – деді.

– Жоқ, болмады. Ол не тізім? – деген жіңішке дауыс естілді арғы жақтан.

– Указ, указ! Белоруссияның Полоцк қаласын жаудан азат еткендегі ерлігі және Батыс Двина өзенінен ұрыспен өтіп шығып, жаудың тосқауылын талқандауда көрсеткен ерлігі үшін Совет Одағының Батыры атағын алғандар дейді, бірақ түгел емес, өйткені бұл указдың өзі емес, мақала: «Жеңісті жақындатушылар» деп аталады.

– Сәлеметсіз бе? Кешіріңіз, газетіңізді көріп беруге бола ма? Менің бір танысымның аты-жөні естілгендей болды, көрсетіңізші! – дедім жирен шаштыға.

Әйел маған бажырая қарап, сонсоң газетті ақырын ұсынып:

– Алып кетіп жүрмеңіз, көршімнің, бастықтың газеті, – деді.

Мақаланың тізім тұсына үңілсем, сенейін бе, сенбейін бе?! – «Айтыков Изгутта» деп-ақ тұр! «Күреке! Аға!» деп айғайлап жібергенім!

– Не болды? – деді әйел, маған үрке қарап, қолын да созып:

– Менің ағайым!... Менің ағайым Батыр болыпты! – деп газетті көтере сермеп қалдым.

– Бері әкел! Газетті бер! – деп әйел шағыр көзін ақшита, қолын соза түсіп, орнынан көтеріле бастады. Мыналар кісінің қуанышына да селт етпейтін болған ба деген пендешілік ой келді маған.

Телеграмманы беріп, сыртқа шықтым. Енді не істеу керек?.. Жаксылық хабарды Құрекеңе қалай жеткізуге болады? Телеграмма соғайын ба?.. Бірақ оларға телеграмма алмайтын шығар... Сидельниковтың атына соқсам ше? Айтпақшы, лагерь кеңсесінде радио да бар, газет те алады демеді ме? Сидельников көрісімен өзі-ақ айтар Құрекеңе. Әрине, дереу айтады!

Басыма келе қалған ойда, сұрақ-жауапта сан жоқ. Баласы Батыр атағын алған соң, енді Құрекеңді босататын шығар? «Халық жауының» баласы Совет Одағының Батыры болғаны әкесін ақтағаны емес пе? Құрекеңе кешірім жасалмай ма? Оның үстіне Құрекең жау емес қой?! Әрине! Әрине, тіпті де жау емес!.. Әй, Ізғұтты! Әй, құрдасым! Сталинге хат жазып жүріп, ақыры майданға алынған екенсің, «әкемнің адал екенін дәлелдеймін!» деген сертіңде тұрған екенсің! Жарадың, Ізкен, аман бол! Әкеңмен, туыстарыңмен табысатын бол!

Кешке кемеге отырып, Владивостокқа бет алдық...»

Автордан:

Құрметті Оқырман!

Перзенттік жүрегі «жүр, жүрлеп» Сібірдің шығысына әкесі мен ағасын іздеп барып қайтқан Әділбек Ақжігітов, өкініштісі сол, Ізғұттымен хабарласып үлгірмеді. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы шілденің 22-сі күнгі Указы бойынша Совет Одағының Батыры атағын алған Ізғұтты Құрманбайұлы Айтықов содан үш тәуліктен соң, шілденің 25-і күні, Литваның Зарасай ауданын гитлершілдерден азат еткен айқаста қаза тапты. Ол госпитальде мәңгіге көз жұмар сәтінде: «Бізге Батыр атағын бергендеріңе рахмет!.. Мен атақ үшін соғысқан жоқпын. Отанымызды фашизмнен қорғау үшін соғыстым. Халқымды оба дертінен де қатты қырғынға ұшыратқан «халық жауы» деген сұрқиялық жаламен жазықсыздан-жазықсыз сотталып кеткен әкемнің – колхозшы Құрманбай Айтықовтың ел алдында өзі де, ұрпағы да адал екенін дәлелдеу үшін соғыстым! Әке, бақыл бол!» депті.

Ізғұттының қабірі Литваның Зарасай қаласындағы Бауырластар зиратында. Қабірі басында Батырдың бетбейнесі салынған, аты-жөні жазылған құлпытас тұр.

Ізкенінің даңқты жорық жолында Батыр атанғанын Құрекең естіді ме, жоқ па, ол бізге белгісіз.

Айтықов Құрманбай туған топырағына, шаңырағына орала алмады. 1956 жылдың күзінен бастап іздеген, сұрау салған балаларына: «...Әкелеріңіздің жалған айыппен сотталғаны анықталды. Марқұм толық ақталды. Ол 1947 жылы лагерде қайтыс болды» деген жауап келді.

Құрекеңнің қабірінің қайда екені белгісіз.

* * *

1946-жылғы маусым. Әкем Қабыштың (Қабдырахманның) немерелес ағасы Айтықов Құрманбайдың үйінде отырғанмын. Есік тық-тық қағылып, тез ашылып, әскери киімді ұзын қазақ еңкейіп кіре бере:

– Рұхсат па екен? Сәлеметсіздер ме? – деді, есіктің тықылы мен ашылған сықырына сәлемін қиуластыра сөйлеп. Қара күнқағарлы қоқырайған бас киімін қолына алды. Қолтығында қара портфелі бар екен.

– Кім болсаң да төрлет! – деді Айсары апамыз, көзін қысыңқырай барлап қарай қалып. Шағын бөлменің бір қабырғасын түгел алып тұрған сүйек төсекке арқасын сүйеп отырған-ды.

Ұзын жалғыз емес екен, бірі тақырбас, бірі бұйрашаш екі қазақ ілесе кіріп, екеуі қосарлана:

– Амансыздар ма?

– Сәлеметсіздер ме? – десті.

– Аманбыз, сәлеметпіз, төрлетіңдер! – деді Айсекең, төр жақты иегімен нұсқап.

Үш мейман төрлеп, текеметке әрқалай жайғасты: тақырбас малдас құрып, бұйрашаш жамбастап, әскери бір дізерлеп.

– Ал жол болсын, қай баласыңдар? – деді апамыз, шалқия көз тастап. Тақырбас ән айтардай тамағын қырнап алып сөйлеп кетті. Өзінің аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, бұйрашаш жігіт аудандық совет атқару комитеті төрағасының орынбасары,

ал әскери киімді жігіт аудандық әскери комиссариаттың бастығы екенін айтып шықты.

Үйде Айсары апамнан басқа екеу бар едік: Күлән тәтем және мен. Күлән – Айсекеңнің қызы, Айтықов Құрманбайдың бәйбішесі. Мен тәтемнің жанында, арқалықсыз ағаш орындықта отырмын.

– Күлән, шайыңды қамда! – деді апамыз. Тәтем бейтаныстар кіргенде алдына қойған ұршығын енді қолына алып көтеріле бергенде тақырбас:

– Жеңеше, әуре болмаңыз, біз асығыспыз, нан ауыз тисек болады, шайға әуреленбеңіз! – деп тақылдады.

– Асығыс болсаңдар, онда бұйымтайларыңды айта отырыңдар, – деді Айсекең, үнін де, түсін де суытыңқырап. Апамыз – ірі денелі, сұсты кісі.

Хатшы комиссарға иек қақты. Ол портфелін дізесіне ақырын қойып, асықпай ашып, жайнамаз шамалас ақ қағаз шығарды. Қағаздың жиектерінде жылтыр сары әшекейлі сызықтар барын байқап қалдым. Иесі қағазын порфелінің үстіне жайып, алақанымен ақырын сипап (ортасында сары жылтыр және қара әріптермен жазылған біраз сөз, соңғы жағында дөңгелек мөр бар екен), апам мен тәтеме кезек қарап алып, сайрап кетті. Сөзін Лениндік комсомолдың мүшесі Изғұтты Құрманбайұлы Айтықовтың соғысқа өзі сұранып барғаны майдандағы жас жауынгерлерге ерекше күшті тәрбие болғанынан бастап, оның Отанға, партияға, комсомолға шын берілген патриот болғанын, қанмайданда керемет ерлік көрсеткенін мақтаныш ететіндерін екпіндете тізбелеп өтіп, сонсоң дауысын бәсендете сөйлеп, Изғұттыдай азаматтың қаза тапқанына барша Совет халқының, оның ішінде келіп отырған үшеуінің де қатты қайғырғандарын айтты.

– Қарақағаздарыңды алғанбыз, иә, тағы не айтарларың бар? – деп апам комиссарға қалың қабағын шыта, кішкене өткір көзін қадай қарады. Комиссар алдындағы қағазды хатшыға соғымның басын ұсынғандай иіле ұсынды. Хатшы қағазды екі шетінен ұстай бір дізерлеп отыра қалып:

– Апа, жеңгей! Изғұттыларыңыз көп солдаттардай жай ғана қаза тапқан жоқ, сұрапыл соғыста бірінші күннен бастап алда болып,

қарулас достарына рух беріп, батырлықтың ғажап үлгілерін көрсетіп барып қаза тапты. Міне, мынау СССР-дың бүкілодақтық ақсақалы Михаил Иванович Калининнің өзі қол қойған, Изғұтты Құрманбайұлы Айтықовқа Совет Одағының Батыры деген құрметті атақ берілсін деген грамотасы! – деп оны Айсекеңе ұсынған сәтте апам:

– Әкесі Құрманбайды «халық жауы» деп боқтап құртып еді, баласы Изғұттыны «батырсың» деп мақтап құртқан екен ғой! – деп ақырып қалып, оның қолын қағып жіберіп, өксіп жانتая кетті...

ЖОЛАУШЫЛАР

– Ғабеке, мен туралы кітап жазыңызшы! – деді Ақаш.

– Не деп? – деді Ғабдол, вагон терезесінен сыртқа қарап отырған қалпын сақтаған күйі.

– Өзіңіздей жазушылардың бәрі де олай деп, бұлай деп, неше түрлі оқиғалардың оңтайын келтіріп, нанбасыңа қоймайтын етіп жазып жүр. Солардың біреуі ғұрлы бірдеңе деңіз.

Жолсерігінің майда қоңыр үнінен әзіл-қалжыңның сыңайын күткен Ғабдол енді шынайы өтініштің салмағын сезіп, Ақашқа жайлап қана қарады.

– Танданбай-ақ қойыңыз, шын айтып отырмын, – деді Ақаш.

Рас екен. Ақаштың аққұба өңі қуқылданып, қой көзі өткірленіп, мұрнының етегі кеңікіреп, әлдебір беймазалыққа тап болғандықты аңғартады.

– Ақа, бір көргеннен ғашық болып қалатындай, сіз ай десе – аузы бар, күн десе – көзі бар ару емессіз, көріп-біліп үлгірмей, сіз туралы не айтпақпын, не жазбақпын? – деп әзілдеді Ғабдол.

– Өмірді көру керек, зерттеу керек, кейіпкеріңмен ұзақ уақыт бірге болуың керек, ә?.. Дұрыс... Дау жоқ... – Екі қолын айқастыра кеудесіне салып тік отырған Ақаш сол күйі төсегіне қисайып, ондалып шалқасынан жатты да, тамағын қырнаңқырап алып: – Құдды келісіп шыққандай-ақ мына екі кісілік купеде кездескенімізді қараңыз... Бір көрген – біліс, екі көрген – таныс депті... Алдымызда әлі біржарым тәулік бар, екеуіміз бұл вагонда

әлі екі күн, бір түн дөңбекшіміз... Сөйтіңіз, Ғабеке, мен туралы жазыңыз, не жазсаңыз да, – деді.

Ғабдол да төсегіне жантайды.

Жаздың күзге ұласуына көп уақыт қалмағанын сездіргендей болып терезенің бір саңылауынан салқын леп сыздықтап келіп тұр. Ғабдол лепті қолымен тұспалдап іздеп тауып, терезенің шымылдығын соған қарай жиыңқырап, тосқауылдап қойды. Сонсоң ортадағы үстелшенің үстін ақырын сипалап, өзі жақ жиек жігіне қыстырған сүйек тісшұқығышын алды.

– Ғабеке, сіз тіс шұқығанды тәуір көреді екенсіз, ол болмайды, тістің еті қашады, – деді Ақаш.

Ғабдол жауап қатқан жоқ. Жоғары тұрған үстелшеден не алып, не қойғанымды қайдан көріп жатыр деп ойлап, сәл жымыды.

«Защита» станциясынан ұзаған сайын поезд жүрісін шапшаңдата түскен. Вагон доңғалақтары рельс жіктерін санауын тездетіп, дедектеп келеді. Доңғалақ ырғағына тәуелді жұмсақ тербеліске бойынды да, еркінді де беріп, жақсы бір ойларға елітіп жатқанға не жетсін. Аса бір асығыс жәйт мәжбүр еткенде болмаса, Ғабдол көбінесе поезд сапарын қалайды. Тек купелес серіктерің дұрыс кісілер болғай: арақ сасып, темекі сасып жатпағай; тіршіліктің төрешісі болып жалғыз өзі жаралғандай беталды лағып сөйлемегей, түймедейді түйедей етіп жұлқынбағай; көзіне көрінген жұртқа ақыл айтып азаптанбағай. Ғабдол ондай жолсерікке тап болған емес. Бірақ мына Ақаш мүлде ерекше болып ұшырасты. Екеуінің танысқандары жаңа ғана, бір сағаттың мөлшері. Ғабдол ішке кіргенде бұл терезе алдында сыртқа қарап тұр екен, тез бұрылып, бір аттап қолын ұсынып: «Таныс болалық. Ақаш Берікболов!» деді. «Ғабдол Қабдырахманов. Ел-жұрт бар анау дәліз жақ терезеден қарамай, ағайын-ау, мына жақтан не көріп тұрсыз?» деп қалжындады Ғабдол. «Ешбір терезе иен қалмасын деймін» деді Ақаш. Қанық жауап болмады, – қалай түсіну, неге жору өз еркін деген қызық жауап. «Сізді сыртыңыздан білемін, «Айыртау жұмбағы» деген кітабыңызды оқығанмын» деді және.

Ал енді «мен туралы жазыңызшы» деп жатқаны мынау. Мұның өңінде де бір жұмбақ бар ма, қалай?..

– Ақа, мен сіздің кім екеніңізді білмеймін. Өскеменде, облыстық Совет атқару комитетінде бөлім бастығысыз. Алматыға командировкаға кетіп барасыз. Жасыңыз қырық алтыда, үш балаңыз бар, жақында ғана тұңғыш немеренізді сүйіпсіз. Менің білетінім – әлгі бір әзірде өзіңіз айтқан осы бірер мағлұмат қана...

– Мен оныншы класта оқып жүрген кезімде, әлі есімде, он төртінші қаңтардан бастап бір қызға ғашық болдым, – деді Ақаш, Ғабдолдың сөзін аяқтатпай. – Ол біздің Тарғын селосына басқа жақтан көшіп келген бір қызметкердің қызы екен. Аты – Қарагөз. Шіркін, десе дегендей: екі көзі ботаның көзіне ұқсап, мөп-мөлдір болып жәудіреп қарағанда, басқаны білмеймін, менің көзім қарауытып, құлағым шыңылдап кетті...

– Паһ, шірке-е-ен!

– ...Біздің ешқайсымыз ондай сұлуды көрмеген едік, бәріміздің де есіміз шықты. Сол күні бірінші сабақ химия болатын. Әрі химик, әрі класс жетекшіміз Жәмила апай оны ертіп кіріп келгенде таңырқап қалғанымыз соншалық, егер Жәмила апай: «Балалар, бұл кісі – Күләш Байсейітова» десе де, қыңқ етпей сенгендей едім. Ол кездерде біз үшін Күлекеңнен сұлу әйел заты жоқ болатын. Шағын ауыл-селоларды айтпағанда, аудан орталығы – Бозымбай селосының өзі телевизорыңнан мүлде бейхабар жылдар ғой. Күлекеңнің дауысын радиодан естиміз, патефоннан естиміз. Жұрт: «Күләш Байсейітонадан асқан әнші де жоқ, сұлу әйел де жоқ. Ол кісі қартаймайтын көрінеді, он төртінде туған айдай қалпында мөлдіреп тұратын көрінеді!» дейтін. Сол он төрт пен қаңтардың он төрті сиқырдай сәйкес келгендігі де әсер етті ме, білмеймін, сол күннен бастап ұл біткеннің көзі Қарагөзде болды. Тіпті сонау жетінші кластың ұлдары да жалбақтап жүгіріп, Қарагөздің алды-артын орағыштайтынды шығарды. Бірақ мен саптың алдын ешкімге бермедім. Мектепте маған төтеп беретін ұл жоқ еді. Палуан жарысы мен бокс сайысында жүлдені қырып алып, чемпион атанып, шекемнен қарап жүрген кезім...

– Ақа-ау, мұндай әңгімені көңілденіп, желдіртіңкіреп айтпайсыз ба?! – деп Ғабдол қыздырмалай қостап, басын көтеріңкіреп қарады да, Ақаштың қозғалмағанын көріп, қайтадан жатты.

Ақаш майда қоңыр үнін бұзған жоқ.

– ...Сегізінші кластың бір қуы, тоғызыншы кластың екі қуы және біздің кластың бір қуы бар – төрт ұл мені кешкі кинодан кейін бір-екі рет қоршап алып, ептеп шекістік те. Мен таяқ жей қоймадым. Арам ойы ашылғандарды кейін сабақ арасындағы үзілістерде жекелеп нықытып-нықытып алатын болдым. Сөйтіп, ақырында қарсыластарым Қарагөзден күдерлерін үзді. Бірақ менде Қарагөзге жігітшілік лебіз білдірер дәт жоқ. Аққудай әсем, құлындай көркем, ботақан көз сұлу қыз жүрегімді жандырғанмен тілімді байлап, аузымды құлыптап қойған сияқты. Таңертең үйінен шыққан сәтте-ақ қиялап барып қосылып: «Қайырлы таң!» деймін. Ол қысыла қарап, басын изейді. Содан мектепке жеткенге дейін ләм-мим дей алмаймын. Ең мықтағанда, ауа райын сылтауратып, екі-үш сөз айтамын. Ол үндемейді, ең жарытқанда басын изейді. Мектеп ауласына кірген тұста ұшырасқан ұлдармен даурыға амандасып, сабақ жайында бірденелерді айтқансып, қалайда өжеттеніп кетемін. Сірә, Қарагөздің алдындағы батылсыздығымды оларға сездірмейін, күлкі болмайын деп ойлайтын болсам керек. Сабақ бойында тағы да ештеңе демеймін. Дегім келсе де – дәт қайда?! Сабақтан соң тағы да өжеттенген сыңай танытып, Қарагөзбен қатар шығып, жан-жағымға өркештене қараймын. Баяғы қыр керсету. Әдеттері бойынша біраз жерге дейін ілесіп жүретін ұлдарға өктемдеу сөйлеп, оларға оны-мұны нұсқау беремін. Одан әрі Қарагөзбен кете барамын. Сыртымыздан қарап қалатындар біздің мерейіміз үстем болып, құмар қандыра шүйіркелесіп бара жатқандарымызға шүбәланбайды. Ал біз тағы да үнсіз аяндаймыз. Менің Қарагөзге анда-санда қарап қоятыным ғана болмаса, жақ ашпаймыз. Кең маңдай. Толқынды қара шаш, топ-толық қос бұрым. Білінер-білінбес дөңесі бар қыр мұрын. Қалың да емес, жұқа да емес қызғылт реңді ерін. Сәл-пәл сүйірлеу иек, оның астыңғы жағында бір сәтке ғана іркілгендей шынашақ елі балғын бұғақ. Жұп-жұмыр аппақ мойын...

– Уа деген! Суреттедіңіз-ақ!..

Сол әредікте вагонның есігі сырт етіп ашылып, ақ халатты әйел басын сұғып:

– Кешке қандай тамақ ішкілеріңіз келеді, соны айта қойыңыздар!
– деп қою қасын кере жымиды. Ақаш үндемеген соң Ғабдол басын көтеріп:

– Кешіріңіз, жарқыным. Сізді қарындас деуді де, апай деуді де білмей, кідіріп қалдық-ау осы, сірә, қарындас болғаныңыз жөн шығар, ә? – деді қуақыланып.

– Әже десеңіз де мейліңіз.

– Ендеше, айналайын құдаша, біз екеуіміз де мешкейміз. Яғни бізді тойдыруды ойласаңыз болғаны. Тек шайыңыз қоюырақ болғай!

– Сүт сұрамаңыздар.

– Тепловоздарыңыздың биыл қысыр қалғанын білеміз. – Әйел кенеттен мәз бола күлді. Ақаш мырс етті де қойды. Әйел күлкісін үзбеген күйі кетті.

– Күлкісінің тәуірін қарашы, ә, Ақа? – деді Ғабдол, үстелшенің үстіндегі газет-журналдарды жиыстыра бастап.

– Қарагөздің не сақылдап, не сықылықтап күлгенін көрген жоқпын, – деді Ақаш, әңгіме желісін үзуге келісімі болмайтынын аңғартып. – Ол суреттей аппақ сұлу тісі тізіле жымиятын. Оның үйіне жете бере мен: «Сау болыңыз!» деп күбірлеймін баяғы. Ол да күндегісінше басын изейді. Сонымен бір күнді өткіземін. Ақырында сөйте-сөйте ай өтті, тоқсан өтті. Ғашық болғандар күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылады дегенді сан естісем де, сан оқысам да, мен ондай халге ұшырамадым. Ұйқым да, күлкім де қалыбында. Қарагөз үнемі көз алдымда тұрады – үйімде жүргендей жайбарақат боламын. Тірлігімдегі бір ғана өзгерісім – оқу үлгерімім жақсарды. Бұрын тіл, алгебра, жағрафия тәрізді сабақтар маған басы артық бір азап боп көрініп, онша елеп-ескермей, ылғи ғана «үш» алушы едім, ал класымызға Қарагөз келгеннен бастап мен «үш» дегеннен кәдімгідей қорқатын болдым, «үш» алсам-ақ, портфелімнен айырылып қалар ма екенмін деп қалтырап жүретін қазіргі кейбір карьеристерше, жігіт болудан күдер үзуге тура келетін секілденеді...

– Намысыңыз қамшылаған да.

– ...Оның есесіне кластағы бұрынғы ақ жарқын ара-қатынастағы

қыздар менен теріс айналды. Мен жетінші кластан бастап староста едім. Әрі көркемөнерпаздар үйірмесінің жетекшісімін: ән айтатын, аккордеон тартатын өнерім бар. Мектеп өнерпаздары олимпиадасында бірінші орын біздікі. Қыздар, әлгі «Жігітті жұрт мақтаған – қыз жақтаған» дегендей, маған үйір болатын, бар ықыластарымен шүйіркелесетін. Ғайни, Мәден деген екі қызды ойша саралап, салыстырып, екеуінің қайсысына ен тағып иемденсем екен деп жүретінмін. Ғайни толықша денелі. Бойы менің иығыма сәл ғана жетіңкіремейді. Тұрған деген кластас жолдасым: «Бұл қыз ба, бұл кейін жалпиған бәйбіше болады, бұған жолама!» дейтін маған. Тұрған қызық бала еді. Мұрны үп-үшкір болып, үнемі сәуегейсіп жүретін. Біз оған «Пайғамбар» деп ат қойғанбыз. Ал Мәден көзілдірік қиетін, алыстағыны айнадағыдай көргенмен, жақындағыны көруі қиын болатын, кітап пен дәптерге еңкейіп көп отыратын. Менің жаным ашитын оған. Онымен көбірек сөйлескім келіп, жағаттай беретінмін. Бір күні әлгі пайғамбарымыз маған: «Мәденді қой. Кейін жетектеп жүрейін деп пе едің?» деп қарап отыр. Ақымақтың «ағалаған» дауысын Айға жеткіздім... Сол Ғайнимен де, Мәденмен де арамыз алшақтап кетті. Қыздардың қылығында құпия көп болады емес пе, кластағы қыздардың ешқайсысы Қарагөзді жатсынған да, шеттеген де жоқ, класта қалжындары да, ойындары да. күлкілері де, сыбырлары да жарасып, сәндері келісіп жүреді. Тек маған ілтипат көрсетпейді. Сонсоң, сабақтан шыққан кезімізде, ешқайсысы Қарагөздің де, менің де алдымызды кескестемейді, біз қалайда екшеліп, оңашаланып қала қоямыз...

Купенің есігі тағы да ашылып, ақ халатты әйел тағы да көрінді. Бір қолында – тамақ толы кәрзеңке, екінші қолында – үрген бүйендей торсифан дәу ақ шәугім.

– Тандағандарыңызды алыңыздар. Ыстық көжеден басқаның бәрі бар. Ыстық көже соңыра, ресторан ашылғанда ғана болады, сонда әкеліп берермін, – деп сөйлей кірді.

– Көп жасаңыз, құдаша! Сізді берген құдайдан, құдай-д-а-ан! – деп Ғабдол қалбалақтап қалды. Керек деген тамақты алып, ақшасын төледі. – Маған тиіссеңіз де, мына ақ шәугімге тиісе көрмеңізші! – деді.

– Су жетеді, шыдамдарыңыз жетсе, – деп күліп, «құдашасы» есікке беттеді.

– Сүріне қоймаспыз! – деді Ғабдол.

Езуі жиылмаған құдаша купенің шамын жаға кетті.

– Күн батыпты-ау! – деп Ақаш басын көтерді. – Ертеңгі заказ менен.

– Ала көлеңке әлі үйіріле қойған жоқ еді, – деп Ғабдол дастарқан мәзіріне кірісті.

Екеуі тамақты да, шайды да үнсіз отырып ішті. Ақаштың қайратты шашы ақшулана бастаған көрінеді. Ақ бояу самайдан іліккен. Ал қоп-қоңыр бұйра шаш, қалың қас, қысық көз Ғабдолдың қоңқақ мұрнының ұшы тершіп, «шайға қандым!» деп шыға берді.

Ақаш қол орамалын алып сүртініп, орнына қайтадан қисайды. Ғабдол қабырғаға арқасын сүйей шегініп, тісін шұқуға кірісті.

– Тісіңіздің арасынан ел көшердей болар, егер шұқығаныңызды қоймасаңыз, – деп күңк етті Ақаш.

– Не болса да көндім. Шұқымасам қышиды да тұрады, шыдатпайды.

– Әдет деген пәле күшті-ақ.

– Айтпаңыз.

– Көктемгі каникулдан кейін сабаққа қайта кірістік...

– Ақа, перерывке шықпайды екенсіз.

– ...Каникул кезінде үйінің маңына күн сайын барсам да, Қарагөздің төбесін де көре алмадым. Сопиып бостан-бос қайту маған біртүрлі ауыр тиіп, сағыныш сезімді тұтатты. Ақырында төзімім мүлде таусылып, қолыма қалам алдым. Қарагөзге тұңғыш рет хат жаздым. Хатымды Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқасының» бірінші шумағымен бастадым да, тілімнің жеткенінше сұлулап, қиылып-ақ жазуға тырыстым. Ә дегенде оп-онай не бола қалушы еді, ол хатты қайта-қайта оқып, қайта-қайта түзетіп, әй, кемінде он рет көшірген шығармын. Сол хатты Қарагөзге қалай табыс етуге енді ақылым жетпеді. Мектепке келе жатқанымызда қолына ұстата қоюға бір бекініп едім, лақтырып тастаса, табаныммен емес, маңдайыммен жер басармын деп қорықтым. Пальтосының қалтасына салып жіберуге және жүрексіндім. Класқа кірген соң

қыздарымыздың біреуіне жалынып көрмек болып, ары ойлап, бері ойлап, ешқайсысына тағы сенбедім. Сөйтіп, ғашықтық хатым екі күн бойы төс қалтамда жүрді де, үшінші күні тағы түзетіп, тағы көшіріп шықтым. Есіме Ақгүл түсті енді...

– Жеңгеніз бе?

– ...Ақгүл ме?.. Ол пешші Жағыпар деген көршіміздің қызы еді. Жеті жыл бірге оқығанбыз. Ол сегізінші класта алты ай ауырып, ары қарай оқи алмады да, дәрігерлер оқуды бір-екі жыл қоя тұр деді деп, поштаға хат сұрыптаушы болып жұмысқа орналасып кеткен. Енді телеграмма қабылдаушы боп істейтін. Жүгіріп соған бардым. Ақгүлге. «Иә, батыреке, кімнен қашып келдің? Алқынып тұрсың ғой?» деп сықылықтап күлді. Күлегеш болатын. Күлкісі әдемі еді... Екеуіміз бір үйдің балаларынша шүйіркелесе беретінбіз. Бір селода және көрші тұрдық қой.

– Мен саған хат алып келдім, – дедім.

– Кімнен? – деп тандана қалды.

– Мен жаздым, – депшін.

Сықылықтап күліп ала жөнелді. Шатысқанымды аңғара қойып, қосыла күлмеске шарам қалмады. Ақгүлдің арғы жағында отырған қызметші келіншектер:

– Әй, күлегеш қыз, не болды? Бізге де айтсаңдаршы, біз де күлейік те! – деп, бірі атып, бірі қуып отыр.

Сасайын дедім.

– Телеграмма саябыр болса бері шығып кетші, жүрші! – деймін Ақгүлге.

– Маған жазған хатың болса – әкел. Ал басқа біреуге жазған болсаң, онда шығайын, – деп қыстыға күледі.

– Жүрші енді! – деп қиылып, дәлізге ертіп шықтым да: – Біздің кластағы Қарагөзді танысың ба? – дедім.

– «Алтайзолотоның» жаңа бастығының қызы ғой, танымын. Біздің үйге күн ара кешке келеді, жеңгемнен кесте тоқуды үйреніп жүр, – деді.

– Мәссаған! – дедім.

– Не боп қалды? – деді.

Сол жерде хатты қолына ұстата салдым да:

– Мен оған ғашыкпын! – деп шыға жөнелдім. Ақгүлдің «ей!» деуге ғана мұршасы келді – хатты ұстап қала берді.

– Содан кейін?! – деп Ғабдол лекіте күлді.

– Содан кейін сол күні кешке Ақгүлдің үйіне бардым. Қарагөздің ол үйге келіп-кетіп жүргенін, тым құрыса, бір рет көрсемші! Тіпті сенгім келмеді. Бірақ Ақгүлге сенбеуге болмайды... Ол... Ақгүл десе – ақ гүл еді. Ақ жарқын, ақ көңіл... – деп Ақаш сәл бөгеліп, ауыр күрсінді. Ғабдол сырттағы әлдебір дыбысқа елең еткен жанша әнтек аңтарылып, серігіне көз қиығын тастап, тісшұқығышын үстелшеге қойды да, екі қолын басына жастай төсегіне жатты.

– Қарагөз бүгін келмейді, ертең келеді. Сен саспа. Ол сұлудың мойнын бұрап аламыз. Мәрсеннің мойнынан жуан дейсің бе, тек саспасаң болды, – деді Ақгүл.

Мәрсен дегені бізбен бірге жетінші класты бітіргеннен кейін тракторшылар даярлайтын курсқа оқуға кетіп қалған құрдасымыз болатын: ұзыны мен көлденеңі бірдей төртпак, кеуделі, бұқа мойын бадырақ еді. Ақгүл бәрімізбен де қатты қалжындасатын, әсіресе, Мәрсенге бапандай, иттің екі көзін екі жаққа жіберетін.

Ақгүл хатымды Қарагөзге берген күннің ертеңінде мектепке бармадым. Күндегімше таңертең үйден шықтым да, сөмкемді қораның үстіне лақтырып жіберіп, басым ауған жаққа кеттім баяғы. Клубқа бардым, кешке қандай кино болатынын білдім. Селолық кітапханаға барып едім – жабық жатыр. Одан соң кітап магазиніне кіріп шықтым. Спорт бұйымдары магазинінде болдым. Уақыт өтер емес. Әлдебіреулерден жасырынып жүрген кісіше жалтақтап біттім. Әкемнің орманшы болғанына шүкіршілік деп өзімше іштей куланып та қоямын. Егер ол көп кеңсенің бірінде қызметші болса, мен селоны аралап әйтшулей алармын ба?

Бір кезде поштаға, Ақгүлге қарай тарттым. Қалтамды ақтарсам – бір десте шоколадқа жетер қаржым бар екен. Жолай шоколадтың «Көктем гүлі» деген түрін сатып алдым да, Ақгүлге жеттім ғой. Қарасам: Ақгүл отырған тұстағы терезенің алдында ыздып бейтаныс бір жігіт тұр. Басында – қаракүл бөрік, үстінде – қызыл қоңыр қынаға боялған шолақ тон. Қара шалбардың балағын жалтыраған қара етіктің кеңірдек қонышына салған. Ақгүлге бір

сөз айтады да, жан-жағына бір қарайды, екі сөз айтады да – екі қарайды. Ұзын кірпікті қысық көз кейпінде ыңғайсызданып тұрған сыңай жоқ, қайта: сен қызбен сөйлесем бе екен, сөйлеспесем бе екен дегендей бір бәлсінгенсымақ нышан бар. Жақындадым. Қатарластым. Мені тіпті көзіне ілер емес. «Солай, қарындас. Шақырғанда бармасаң – шақыруға зар боларсың» деген бір ақылды сөз айтылыпты баяғы заманда. Ойланыңыз!» деді Ақгүлге.

Ақгүл шот қағып отыр екен. Бейтаныстың бес пұт болып тұрғаны жынымды келтірді.

– Қарындас, менің кешегі телеграммам жетті ме екен, жауап жоқ па? – деп сөйлей ұмтылып, әлгі ыздиган немеңі сол ыздиган күйінде терезеден иығыммен ысырыңқырап тастап, терезеге басымды сұғып та үлгірдім. Ақгүл жалт қарап, сықылықтап күлсін келіп, күлсін келіп. Оның арғы жағындағы баяғы қыз-келіншектер:

– Е, бәсе, күлегеш қыз, күлші бір!

– Бұған томсырайған жараспайды дедім ғой мен!

– Әй, анау бір жарықтық келіп, тіпті жарық дүниеден кетіп бара жатқан кісіше серейіп пәле болған жоқ па! – десіп, олар да күлді.

Ыздиган неме құйрығымнан бір теуіп, азын-аулақ абыройымды ақтарып кетер ме екен деп бір сұмдық ойға бой алдырып, дереу шегініп қарап, оның сол серейген күйі сыртқы есікке қарай аяндап бара жатқанын көрдім. Сізге өтірік, маған шын: дәл сол жерде менің кінәмнан басталып кете жаздаған үшінші дүниежүзілік соғыс әуірімде басталмай калғандай-ақ іштей қатты қуандым.

– Кетті ме? – деді, күлкісін тиған Ақгүл, иығына түскен бұйра шашын желкесіне қарай жиыстыра бастап.

– Ол кім? – дедім.

– Білмеймін. Кешеден бері тап болды, ысылдап, – деп жымындайды Ақгүл.

– Иә, не болды? – дедім.

Сұрағымның сырын даусымнан ұққан Ақгүл:

– Не болғанын өзің айтсаңшы, мектептен келе жатырсың ба? – деп сыбырға көшті.

– Жоқ, мектепке баруға дәтім шыдамады, – деп шынымды айттым. Мен де күбірге көшкенмін.

– Өй, жасық! Әлден бүйтіп бұйықсаң, ертең ол сұлудан айырыласың ғой, несіне ұяласың? – деп ол қабақ шытты.

– Біртүрлі... – деп күмілжіп қалдым.

– Ол кеше жарты сағаттай кешігіп келді де, жеңешемнен кешірім сұрап, біраз ғана отырып, кетуге айналды. Мен оны шығарып салдым да, қолына ұстатып жібердім. «Мұныңыз немене?» дейді. «Бір танысыңыздың сәлем хаты, үйіңізге барған соң оқырсыз» дедім. «Қызык екенсіз» деп мырс етті де кете барды. Сөйтіп, екеуіңнің араларыңа жеңгелікке жүре алатынымды дәлелдедім білем, ә? – деді Ақгүл қуақы үнмен.

Мен жауап іздеп желкемді сипай бергенімде:

– Шырағым, сырласатын жер бұл емес қой, сөздерің бітті ме, жоқ па?! – деп бір бүйірімнен біреу қырылдай қалды. Қарасам: мен тұрғай Жапақтан да қаймыға қоймайтын кейіптегі жалпақ әйел.

– Жапағыңыз кім, Ақа? – деді Ғабдол.

– Е, біздің селодағы тері-терсек жинаушы Таубайдың Бәтимасы дейтін жалпақ әйел.

Ғабдол күлді:

– Жалпақты емес, Ақа, Жапақты сұрап жатырмын, Жапақты!

– Ә, Жапақ па?.. Ол, әлгі, бір ауылға бір аусар керек-ақ екен дегендей, біздің селодағы аты шулы Жапақ қой. Есінің аздап кемшіні бар жігіт. Біреудің не сөзін, не өзін жақтырмай қалса: «Әй, жоқтауынды бір-ақ асырайын ба осы?!» деп қалтасынан шолақ қара қайшысын суырып алатын. Оның халін білетіндер қарсы тұрмай, сөзге айналдырып, арқасынан қағып құтылады, ал білмейтіндер біраз жерге барысады. Қияңқыланып жылаған балаларын: «Әне, Жапақ келе жатыр!» деп қорқытатындар да болды... Сол Жапақты осы жақында Бозымбай селосында – Ұлан ауданының орталығында көрдім. Қартайып, тым жүдеп кетіпті байғұс. Палуан пішінді жігіт еді... Тағдырға не жазғанын сонша... Бұ тағдыр шіркін-а-ай!

– Оу, Ақа, Қарагөз құрбым қайда? Қайтып оралайық та Қарагөзге! Поштада, Ақгүлдің жанында тұра бересіз бе? – деді Ғабдол, ойнақыландыра тіл қатып.

Ақаш үндемеді.

Ғабдол да енді үндеген жоқ.

Пойыз зулап келеді. Донғалақтар «дігі-дік, дігі-дік» деп баяғы тақпағына басқан. Вагон бір қалыпты тербелісте. Кең далаға үйірілген керенау ымырт терезеден ішке тұнжырап қарап тұрған тәрізді. Шаңырақтағы шам «мұнда кім-кім барсыңдар?» дегендей бірде шақырая қалады, «ә, сендер екенсіңдер ғой» дегендей бірде немқұрайдыланып, бәсеңдеп қалады. Ақаш жақтағы қабырғалас купеден қарқылдаған күлкі естіледі. Ғабдол жақ қабырғаның арғы бетінен «Москва маңы кештерінің» әуені жетіп тұр. Ғабдол сол әуенге құлақ қойғанға ұқсайды; бір сәт қолын басынан асыра қабырғаны сипалай, купенің радио тетігін тапты, бірақ радионы сөйлетпеді. Сірә, Ақаштың көңіл күйі жұмбағын таба алмай жүрермін деп іштей жасқанса керек. Екі арадағы үстелшенің кәрі жіліктей сойдиған тіреу-сирақтары арасынан Ақашқа көз қырын тастап еді: Ақаштың сопақ жағын одан әрмен ұзартып көрсететін сырғалығы созылыңқы құлағынан басқа ештеңе көрінбеді; құлақтың астыңғы жағында жастықтың бұрышы едірейеді. «Көршімнің көзіне ұйқы тығыла бастады ма екен? – деп ойлады Ғабдол. – Бірақ ұйқы жағалайтындай бейжай халде емес сияқты еді...» Ғабдолдың есіне ауылдағы кәрі жеңгесі Бибәтіш түсті: ол жеңгесі сәмпылдап сөйлеп отыратын да, кенет түкірігіне шашала жаздағандай ық-қы-хы деп барып тынып, басы кеудесіне салбырай қалып, ұйықтап-ақ кететін. Әңгіме-сыры араласып үнемі дерлік бірге жүретін абысыны Томпыш оны жамбасына түйіп жіберіп шошытып оятып: «Әй, жаман қатын, не болды? Ауыз омыртқаң тағы ағытылып кетті ме?» деп күлетін. «Ұйқысы қызық кісілер болады» деп Ғабдол іштей тұжырым жасай бергенде, құдды оған қарсылық, білдіргендей болып, Ақаш:

– Қарагөзбен ертеңінде мектепте, класта ұшырастым, – деді де, тамағын кенеп алып, әңгіме соқпағына қайта оралды. – Оның сөресінен құрт ұрлап тұрып қолға түскендей-ақ қиналдым, жасырынар жер таппадым, бетіне қарай алмадым. Сабақ араларындағы үзілістерде дәптер-мәптеріме үнілгіштеп отыра бердім. Жолдастарым: «Жүр, далаға шығайық!» дейді. Мен: «Кешегі сабақтарды қарап отырмын, өздерің шыға беріңдер» деймін. Мағрипа деген бір тұштақай қыз бар еді, сол даурыға

сөйлеп: «Ақаштың ақылы кірейін депті, сабақтан бас алмауын қарандаршы!» деп мазақтайды.

Сабақтан соң Қарагөзбен баяғымша бірге қайттым. Өзімді-өзім іштей әбден кайрап, ширықтырып, тәуекелге бел будым. Бірақ оным қызылиек кемпірдің «тістегеніндей» бірдеңе болып шықты. Жарым жолға дейін есінедім бе, шашалдым ба-ау, жөткіріндім бе-ау, мұз жоқ жерде тайғанадым ба, әйтеуір, дені дұрыс кісінің тірлігін жасамадым. Қарагөзге көзімнің қырын салайыншы деп ойласам-ақ болды сол секундта біреу жаққа тартып жібергендей күй кешем. Өне бойым өртеніп бара жатқандай-ақ жол жиегінен қайта-қайта қос уыстап қар алып, сықпалап мұз доп жасап, жол шетіне тастай саламын. Сіз, Ғабеке, кітабыңызға менің бұл айтып жатқандарымды жазбаңыз, қажеті не, сондағы мен сияқты балаң ғашықтар ғана болмаса, өзгелер бұған сене қоймас.

– Жарайды.

– Сөйтіп, Қарагөздің үйіне де жеттік. «Бұдан ары бармай-ақ қой. Сау бол!» деп ол озыңқырай берді. Мен басымды изеп қала бердім. Шыбындаған жылқыша. Бірақ қашанғы тұрайын, үйреншікті соқпағыма түсіп, сопыып кете бардым; үйге жеткенше, әй, дене қызуым тап қырық болмағанымен, сірә, отыз тоғыз градус болған-ақ шығар. Тілімнің жеткенінше өзімді-өзім іреп-сойып балағаттап, тура күресінге тастай салатын еттім. Жасық та – мен, шірік те – мен, сорлы да, бақытсыз да – мен. Жұп-жуас, моп-момақан қызға бісмілда деп бір ауыз сөз айта алмаған соң, шіркінім-ау, жігітсінгенің қайда, жігерің қайда!..

Кенет купенің есігі қағылып, формалы киімді сапаршы жігіт кірді. Доптай доп-домалақ. Тау арқалап жеткен Толағайша ендіккен.

– Кеш жарық, жігіттер! Кәне, билеттеріңді әкеле қойыңдар. Қалай, вагон жылы ма, жайғастыңдар ма? Төсекті салып та алғансыңдар ма? Бір-бір сомнан бері қарай қуалаңдар. Қазір ақ төсеніштерді де, жастықтардың тысын да әкеп беремін, – деп ағыл-тегіл сөйлеген күйі Ақаштың аяқ жағына отыра кетті.

– Ай-хой, проводник жолдас-ой, тіпті пулеметше пытырлатып жібереді екенсіз? Қыркүйектің қарлы бұршағының астында қалдық

па, не болды өзі?! – деп Ғабдол қалжыңын қару ете төсегінен бас көтерді. Ақаш қырына аунап түсіп, басын көтере бере пенжағының төс қалтасынан билетін де, үш сом ақша да алып ұсынды:

– Тілеуіңізді берсін, қалған бір сомына мына ақ шәугіммен бірінді етіп ыстық шай әкеліп беріңізші! – деп үстелшеде өңкііп тұрған ақ шәугімді нұсқады да, басын жастыққа қайта салды.

Сапаршы екеуінің билеттерін қарап, екі билетті де қолқалтасының жықпылдарына салып:

– Мұны түсерде аласыңдар. Ал шайды қазір әкелеміз, әрі ыстығынан, әрі қоюынан әкелеміз. Төрт күн болды, бір пәлекеттің қырсығынан сүтсіз қалдық. Бұрын бізде шайға қататын кілегей де болушы еді, енді сүтке де зар болдық. Оқасы жоқ, ертеңдер бәрін де жеткізіп беретін шығар, әйтпесе, қалайда...

– Бауырым, шайынды тездетші, басым көтертпей жатыр, – деді Ақаш салқын дауыспен, пытырлатуға тағы кіріскен сапаршының тілін тежеп.

– Қазір! Қазір! – деп сапаршы ақ шәугімді құшақтап алып, есікке қарай домалай жонелді.

– Ақа-ай, біраз көсілтіп алмай, бәтірекеңе бекер тосқауыл қойғаныңыз-ай! – деп күлді Ғабдол.

– Бәтірекеңнің сампылдауы жаман, туғанда жағы босағаға тиген болар, – деді Ақаш, әлі де жылынбаған дауыспен.

– Біздің кеңседе де бір заржақ бар, – деді Ғабдол, аяғын еденге түсіре созып, екі қолын кеудесіне айқастыра қабырғаға арқасын сүйеп. – Заржақ болғанда сұмдық ол. Оған космос мәселесі де – бір, көше тазалығы жөніндегі сөз де – бір. Сонау Гегельден бастайды да, уәй, боратады дейсің, боратады дейсің! «Мұның теориялық бір сипаты бар» деп сыпыра тізіп, сипаттап, дәлелдеп жөнелгенде оны тоқтату қиын. Оның үстіне бірді айтып бірге кете береді. Пенсиясына бір-ақ жылы қалды, мақтап-мақтап шығарып құтыл-масак, миымызды шірітіп бітіретін.

– Сабасаң да тоқтамайтын сабаз деңізші?!

– Шынында.

– Ондайлардың көкесін де, көсемін де көрдік қой.

– Құрысыншы солар! Арғы-бергі тарихтағы ондайлардың бәрі де

Қарагөздің тырнағынан садаға кетсін де! Солай ма, Ақа? – деп Ғабдол әзіл делбесін қағып қалды. Өзінің де басынан өткен бозбалалық хикаялары басқалардың басынан қалай өткенін білсем деген ойы бой жасырған жоқ. Өзінің де қызбен қалай танысып, қалай сырласып, қалай түсініскені, үйленгені көкейінде қайта жаңғырып, Ақаштың әңгімесімен астарласа тілсіз сайрап келе жатқан. Екі хикаяны жарыстыра іштей салыстыруға кіріскен Ғабдол жастық шағының жан жалауы болған ғашықтық, сүйіспеншілік махаббатының әлі де сол аса қымбат, аса мейірлі, аса тәтті қалпында екенін іштей және бір ұғынып, өз-өзінен мерейленіп отыр. Өзінің өмір серігі Әсемін мына Ақаштың Қарагөзімен ойша қатар қояды да, «менің Әсемімдей жаны сұлу әйел сирек!» деп тұжырады. Студентка қызы Мақпалдың маңдайы, мұрны Әсемнің әсем маңдайы мен мұрнынан аумайтынын есіне алып, көзіне елестетіп, «маған тартпай, шешесіне тартқаны, қандай оңды болған!» деп қуана ойлайды. Ал былтыр институтты бітірісімен: «Міндетті парызымды өтеп келемін» деп армия қатарына аттанған ұлы Ернар болса, Ғабдолдың түп-тура өзі. «Бозбала кезіндегі өзің ғой?! Мұндай тартар ма?!» деп шешеге тән нәзік шүкіршілікпен әрленген әзіл айтады Әсемі. Өстіп ұлы ұяға, қызы қияға қонар кезеңінде де Ғабдол мына купелес жолдасының әңгімесінен бір ерекше әсер алып отыр. Жаңа танысының Қарагөз жайында емін-еркін сыр шертуі де қызықтырғандай. Бірақ...

Купенің есігі тағы ашылды да, әуелі торсыып ақ шәугім, одан соң борсыып сапаршы жігіт көрінді. Сапаршы жігіттің дауысы да озып келеді:

– Ауыздарыңның салымы бар екен, жігіттер, иә, салымы бар екен. Бүгін цейлон шайын алыппыз, тіпті жақсы болды. Кәнеки, қанып тұрып ішіп алыңдар, қаншама жазылмайтын бас болса да, бір-екі минуттан кейін әлгі пахмель жасағандай жадырап қаласыңдар, – деп шүберекпен қос қолдай көтерген ақ шәугімді үстелшеге дік еткізіп қойып, еңсесін жазып, екі жолаушысына масаттана қарады. Алғыс тілеген кейіп.

– Па-а-ахмелің бар болсын, – деді Ақаш, басын көтере беріп.

– Сізге Ақаң әзіл айтса, мен көп-көп рахмет деймін. Жүз жасаңыз! Отырыңыз, бізбен бірге шай ішіңіз! – деді Ғабдол.

– Жо-жок, уақытым жоқ, рахмет! Ал шай тәтті болсын! Менің анау жақтағы жұмыстарым да басымнан асып жатыр. Вагон толы кісі және менде бұл жолы бір вагон емес, екі вагон, өте қиын...

– Әрине, әрине. Білеміз. Жұмысыңыздан қалмаңыз, барыңыз, – деп Ақаш шай құюға кірісті.

Сапаршы жігіт келген ізімен домалап кете барды.

– Шай ішіңіз деуін десем де, отыра қалып зарлай ма деп іштей шошып едім, уһ! – деді Ғабдол, көйлегінің алқым түймелерін ағытып.

Екі жолаушы кешкі шайларын ішті.

– Әлде ресторандарына барып көрмедік пе? Жазушы ағайындар ресторانشыл болады деседі ғой? – деп жымыды Ақаш.

– Ресторанға апарсам, Ғабдол көңілденіп, мен туралы кітапты жазуға кірісіп кетер ме еді деп отырсыз-ау, ә, Ақа? Ол болмайды, мен арзанға түсе қоймаймын, – деп Ғабдол қалжың қарымын қайтарды. – Ал кейбіреулердің «жазушылар ішкенді тәуір көреді» дейтіндері – кәдімгі кәртеміш өсек. Сауды – ауру демесе, ауруды – өлгелі жатыр демесе іші кебетін өсекшілерге өзіңіз де сенбейтін шығарсыз.

– Әрине. Менікі – әзіл де баяғы. Әйткенмен, Ғабеке, осы орайда мына бір анекдот есіме түседі: өмір бойы соңынан қалмай қойған өсекті адам бір күні қапысын тауып ұстап алыпты да: «Сені менің ізіме салып қойған кім? Соңымнан қашан қаласың?» депті. Өсек айтыпты: «Мені сенің ізіңе салып қойған – өзінен басқаға бір тамшы қара суды да қимайтын сұм. Ал мен сенің соңыңнан өлсең де қалмаймын!» депті. Расында әлгі кісі төсек тартқан ұзақ науқастан қайтыс болған күннің ертеңінде: «Ол төсектен құлап өліпті!» деген өсек гу ете түсіпті...

Шайларын ішіп болған соң Ақаш сәкінің бас жақ іргесінде жатқан журналды алып, сәл шегіне отырып, жайлап көруге кірісті. Ғабдол үстелшенің үстін жиыстырып, оны-мұны қоқым-соқымды газет жыртындысына орап алып, купеден шығып кетті. Алдағы станция әлі қашық болса керек, паровоз екпінін тежемей, еркінше сілтеп-ақ келеді. Дігі-дігін жиілетіп, вагондарды дедектете түскен. Терезенің арғы жағында әлем-тапырық бір дүние көшіп жатқандай:

біресе алакеуімденіп, аспан жиегі көзге шалынып қалады, біресе қою қараңғылық тұмшалап кеп жібереді; алакеуім – бір демдік те, қараңғылық – сарылтпа; бұл – түн баласының атқа мінгендігі. Журналды парақтап, о тұсы мен бұ тұсына үңіліп отырған Ақаш ендігі мәселе ұйқыда дегендей енжарлау қозғалып орнынан тұрды да, журналды үстелшеге тастап, төсегін баптай бастады. Ғабдол кірді:

– Ақа, ұйықтаймыз ба, қайтеміз? Әлде...

– Әлде Қарагөз хикаясын айта бересің бе дейсіз бе? Мейліңіз. Мен дәлізге шығып, құрыс-тырысымды жазып келейін. Содан арғы уақытымды сізге қидым. Кейін, кітабыңыз дайын болғанда, өзара есеп айырысармыз, – деп қулана көз қысып, Ақаш купеден шықты.

Дәлізде ешбіреу көрінбейді. Көршілес купелердің бәрінің де есіктері жабық, тек қайсыбірінен дабырлаған дауыс, күлкі естіледі. Ақаш еңкейіп-шалқайып, дізесін бүгіп-жазып, ары-бері аздап жүрді де, өз купелерінің қарсысындағы терезе алдына тоқтап, қара барқын сыртқа көз тастады: ештеңе көрінетін емес, терезенің арғы жағынан екінші Ақаш қана қарап тұрғандай. Ол Ақаш бұл Ақашқа: «Е, бауырым, хал-жағдайың қалай?» дейтіндей. Түн тыныштығын ысыра зымыраған поездың, теңселген вагонның салдыр-гүлдіріне қабақ шытқандай кейіптегі бұл Ақаш ол Ақашқа: «Сол-а-ай» деп күбір етті де купесіне бұрылды.

Ғабдол да төсегін салып, пижамасын киіп, «Қазақ әдебиеті» газетіне үңіліп отырған.

– Сіздердің андағы газеттеріңіз соңғы кезде жақсы шыға бастады. Қызық әңгіме, өткір сын беретін болды. «Қожанасыр қоржыны» өз алдына, – деді Ақаш, шешіне бастап.

– Қай газеттің, қай журналдың болсын беделі оқырманның көкейіндегі мәселені жаза білуіне байланысты. Сонсоң оған оралымдылық, батылдық керек. Алты қарыс азу керек! – деп Ғабдол газетін терезенің алдына қойып, төсегіне жантайды. Онысы Қарагөз жөніндегі әңгімеге кезек тиетін уақыттың жеткендігін аңғартқаны еді. Соны Ақаштың өзі де күткендей болып:

– Шам жанып тұра берсін бе, әлде өшіріп тастайық па? Әй,

сірә, өшіріп татағанымыз жөн болар, – деп өзі сұрап, өзі жауап беріп, босағадағы электр селтекті сырт еткізіп, шамды өшірді де, төсегіне жатып: – Ғабеке, егер керек етсеңіз, бас жақтағы жеке шамыңызды жағып алыңыз, маған керек емес, әйтеуір, – деді де, тамағын бір кенеп алып, хикая желісін жалғап жіберді: – Сонымен үшінші күн дегенде қайрауым жетіліп, Қарагөздің алдында тілге келдім. «Хатыма қашан жауап бересің?» дедім. Мектептен шығып, жол ортаға жеткенбіз. Ол теріс қарады. Маған Қарагөз ғана емес, бүкіл жарық дүние теріс қарап кеткендей көрінді. Қатты састым. «Бері қарашы!» дедім. Қолынан ұстай ала жаздадым. Ол маған жалт қарады, өңінде тіксінгендіктің табы бар тәрізденді, тегі менің дауысым құзға құлап бара жатқан сорлының өмірмен қоштасқандағы дауысындай болып естілсе керек. Оны өзім де сезіп, одан ары не дерімді, не істерімді білмей қалдым: әлде аяғымның астына қарадым ба, әлде аспанға қарадым ба, білмеймін, тек Қарагөзге қарай алмағаным есімде. Бір уақта екеуіміздің қарсы алдымызда бізге қарай тарихшы мұғаліміміз Сәдуақас ағайдың келе жатқанын байқадым. Қарагөздің: «Ұят болды-ау...» деп күбірлегенін естідім. Шынында ұят болды. Ол кезде қызбен оңаша келе жатпақ тұрғай, жалғыз өзіміз келе жатып мұғалімді көре қалсақ, сонау жерден қысылып-қымтырылып, болса – бас киімімізді алып, болмаса – желкемізді қасып, әлек-шәлегіміз шығатын еді ғой, ә? Бұ қырсықты қойсаңшы, Сәдуақас ағайды ұшырастырған қай сорым екен деп ойлап та үлгірдім, басымдағы түлкі малақайымды сыпырып та үлгірдім.

– Сәлеметсіз бе? – деп те қалдым. Қарагөз де:

– Сәлеметсіз бе, ағай? – деді.

Қарагөздің дауысы маған сыбызғының үніндей болып естілді. Сәдуақас ағай бізге қараған сәтте көкірегімде лап еткен ұят өртіне ақ жаңбыр себелеп өткендей бір әдемі, бір рақат сезімге бөлендім. Ол әлде төңірегінде теңдесі жоқ сұлу қызбен қатар келе жатқан бозбаланың, жігіттің, жай ғана бозбала, жай ғана жігіт емес, ғашық жанның жүрек еркінен тыс мақтаныш сезімі ме еді, кім білсін. Оны сол секундта мен түсінбегенмен Сәдуақас ағай аңғара қойған болар, ол маған қарап, жылы үнмен:

– Алтыншы сабақтан шығып қойдыңдар ма? – дей салып, өтіп кете барды. Қарагөзге қарамады, тегі қысылтпайын дегені болар. Мұғалімнің ол мінезі маған өз сабағында «бес» қойғандай-ақ әсер етті, түлкі малақайымды басыма қайтадан жапсыра бере: «Хатымды оқыдың ба? Ұнады ма?» дедім Қарагөзге. Ол маған көзін төңкере бір қарап, ақырын ғана жымиды. Жаның құштар қыздың саған жымиғанының өзі қаншалық! Оның көзімен бірге сенің жүрегің де төңкеріліп түспей ме! Көңілімнің аспанында ақша бұлттар жүзіп жөнелді. Қар қыртысын сетінете бастаған сәуір лебі екпіндей түсті. Менің жігерім де еркіндік алды: «Қарагөз, ертең киноға барсақ қайтеді?» дедім. «Білемін» деді ол ақырын ғана... «Кинодан шыққан соң не дерінді білемін» дегені-ау, ә?... Жоқ. Ол... әлде солай дегені ме екен? Мен онда басқаша жорыдым. Күзде, Қазан революциясы мерекесі күндері село клубында «Ботагөз» фильмі бір апта ғана қойылып, содан кейін оны «Ақтау» руднигіне алып кеткен. Бізге: «Бір айдан соң қайта әкеліп көрсетеміз деді» дескен. Сол кино бір айдың орнына төрт айдан соң әкелініп, екі күннен бері жүріп жатқан болатын. Қарагөз соны білемін деген сияқтанды маған... «Билет алайын ба?» дедім. «Бірінші сеансқа болса... соған класс боп неге бармаймыз?» деді ол. «Онда қызық болмайды!» дедім. Неге қызық болмайтынын ғылыми дәлелдеп жауап бергендей-ақ нық айттым. Қарагөз басын сәл төмен салыңқырап, тағы да жымиды. «Бірінші сеанста ұсақ балалар көп болады, шулап есті шығарады. Екінші сеансы жақсы» деп және дәлелдеп тастадым. Айтқанымдай-ақ, екінші сеансқа бардық. Соның өзіне билет әрең табылды. Шешемнен жалынып-жалпайып он сом сұрап алып жетіп барсам: «Бүгінге билет жоқ» деп жазып қойыпты. Өй, шыбын жаным шырқырады дейсің! Киномеханик Әбіл ағайға жеттім, екі өкпемді қолыма алып. Ол әуелі ұрсып тастады: «Немене, мен саған кассирмін бе?!» деп. Мен жатып қиылайын. Ол қатты ашуланды: «Ертең де күн бар емес пе?» деді. «Немене, ертең әскерге кетуші ме едің?!» деп ежірейді. Мен шынымды айттым. «О, ененді ұрайын, ә дегенде-ақ айтпайсың ба мұныңды! Кенжең де жігіт болып қалды деп ертең Берікболдан сүйінші сұрайын» деп күлді де, төс қалтасынан бүктеулі біраз билет алып, екеуін бөлектеп жыртып,

маған жымия ұсынып: «Тоғызыншы қатар, тоғызыншы, оныншы орын. Келін шырақты Берікболдан бұрын мен көретін болдым, ә? Мә, ала ғой, тек ақшанды жылтындатпа, мен ренжіп қаламын. Бұл менің көрімдігім болсын, жарай ма?» деді. Өзімді ренжітпеген адамды мен неге ренжітейін, өйтуге дәтің бар ма?! «Рахмет, аға, рахмет!» деп ытқи жөнелдім. Сыртқа шықсам: бүкіл село, бүкіл дала маған құттықтай қарап тұрғандай. Көк шатырлы, қызыл шатырлы үйлердің баршасы аңыз-ертектердегі патша сарайлары сияқтанады. Көше бойларындағы қаз-қатар қайың-теректер бұлықсып, толықсып, мамырды күтпей-ақ буын ашып, бұр жарып, ақындарша айтқанда, жасыл желек жамыла бастағандай. Жан-жақтағы тоғайлы тау-төбелерден қарағай иісі, самырсын иісі аңқығандай. Көктемнің екінші айы емес, жаздың бірінші балауса айы тәрізді... Ал кешке Қарагөзбен қатар отырғандағы хал-күйімді, Ғабеке, өзіңіз де түсініп жатқан шығарсыз...

– Мүмкін.

– ...Киномеханик Әбіл ағаның қамқорлығы арқасында қалтамда қалған ақшаны шешеме қайтармауға ақылым жеткен болатын; пайданды ойлағанда ақылыңның көбейіп кететін әдеті емес пе! Сол ақшаға соруға жақсы шыңылтыр кәмпит сатып алғанмын, немене деген кәмпит екені дәл қазір есімде жоқ. Кино басталысымен жанқалтамнан кәмпитті уыстап шығардым да, Қарагөзге ұсындым. Қарагөз үнсіз күліп, екеуін ғана алды. Жомарттығымның жөнге келмегенін түсініп, өзімді-өзім іштей сөгіп, Қарагөзден іштей кешірім сұрадым...

– Көзіңіз кинода, көңіліңіз Қарагөзде болады-ау енді, ә, Ақа? – деді Ғабдол әңгімеге ынта қойып жатқанын аңғартқан үнмен. Оның бұл адал әзілінде оқиғаның өрістеуін тездеткісі келгендей сыңай бар деуге де, жастық сезімнің ағарып атқан таңдай әуелгі сәулелі сәтін – әншейіндегі бойжеткен мен бозбаланың жолығысуын емес, қылықты қыз бен қызығулы жігіттің бір-біріне сыр ашуға бекініп келгендігі сөз-әрекет әліпбиін әрлеп жеткізсе екен деген тілек те бар деуге болатын-ды.

– Оныңыз рас, – деді Ақаш сәл күрсініп. – Жұрттың көзі кинода, менің көзім Қарагөзде болды. Оған қарай аз-маз бұрыла отырдым

да, әрине, сездірмеуге тырысып, көз тастадым. Көз тастадым да таң қалдым – жанымда біраздан бері мен көріп жүрген Қарагөз емес, мүлде басқа Қарагөз отырғандай: ет пен сүйектен жаратылған жан деуге ауыз бармайды, тек ғажап бір сурет дейсің. Неше түрлі оқиға-көрініс алмаса бастаған экран біресе ағарып, біресе күңгірттеніп, зал реңі соған орай құбылған тұстарда Қарагөздің ажары да ойнап жүре берді: әлгі ғажап суретті біреу ашып-жауып, көрсетейін бе, көрсетпейін бе деп тұрғандай-ақ есім кетті. Кәдімгі керемет сурет. Жанды сурет. Маңдайы, мұрны, ерні, иегі, мойыны... бір артық-ауыс бұдыр болсайшы! Түп-түзу кірпігі зымырап үшқан жебедей. Толқынды шашта артық бір тал жоқ тәрізді; топ-толық қос бұрымның бірі арқаға кетіп, бірі омырауына түскен. Сурет те емес-ау, бір сұлу елес сияқтана ма, қалай... Төзімім таусылып бара жатты. Қолымды орындықтың таянышынан ақырын асыра созып, Қарагөздің өзім жақтағы қолын ұстадым. Қарагөздің қолы дірілдей ме, өзімнің қолым дірілдей ме, білмеймін, әлде жер мен көктің арасы тербеліп кетті ме, әлде менің басым айналып кетті ме, әйтеуір, біртүрлі бір құбылысқа тап болдым. Қарагөз қолын тартып алатын шығар деп ойлағаным бекершілік екен, ол ә дегенде ғана тартыңқырады да, содан кейін ешқандай қарсылық жасамады, ып-ыстық, жіп-жіңішке саусақтары менің уысымда жатты. Өне бойымды аралап кеткен діріл басылыңқыраған сәтте Қарагөздің төмен қарап, кірпігін жиі-жиі қағып отырғанын байқадым. Ол омырауына түсіп тұрған бұрымын екінші қолымен ұстап, ерніне апарып басты да, жүзін менен әнтек ары бұрды. Мен еңкейіңкіреп, екінші қолымды және созып, Қарагөздің қолын екі алақанымның арасына алып, ептеп сипауға кірістім. Денем бір ысиды, бір суиды; жүрегім кеудеме сыймай бара жатқандай; құлағымның түбінен қайдағы бір қаңғыр-даңғыр естілетіндей, оны әлде сахнадан, экраннан жетіп тұрған дабыр ма деп ойлап экранға қарасам, онда екі-үш қыз сықылықтап күліп тұр. Сол әредікте Қарагөз қолын жайлап тартты, ал мен босатпауды, яғни айырылып қалмауды ойлап, қолын қысыңқырап ұстадым да, оным дөрекілік болып жүрер деп пайымдап, ақырындап босаттым. Қарагөз басын көтеріп, экранға көз тастады, мен де солай қарадым. Экранда Ботагөз бен

Лиза қол ұстасып кетіп барады, жаңағы екі-үш қыз күліп тұр дегенім солар болса керек, күн мен түннің арасында адасқандай боп отырған маған солай көрінген де. Екі алақаным су болып кетіпті, соны енді байқап, іштей әрі таңқалдым, әрі қатты ұялдым. Алақаны түскірге не болғанын қайдан білейін, Қарагөз: «мұның алақаны суға малып алғандай шылқығанына қарағанда өзі бойы сорайған былжыр біреу емес пе екен?» деп жүрмесе игі деп күйіне ойлаймын. Былжыр жаралмағанымды дәлелдеу, қызға икемделу болмады, түзеліп, тып-тыныш күйге көштім...

– Тұу, Ақа-ай, әдеп сақтағыш болғаныңыз-ай! – деп Ғабдол наз айтып қойды.

– ... Кинодан шыққан бетте Қарагөз фильмнің өзіне ұнамағанын айтты. Өзім сөз бастай алмаған соң, қайтейін, момақан-мүләйім болып, ыңғайына көндім. Күндіз еріп, енді мұзданқырап қалған аламыш қарлы қатқақ жолда Қарагөздің бір сөзін естіп, бір сөзін естімей, жанаса жақын жүруге тәуекелім жетпей келе жаттым. «Меніңше, кинода Ботагөздің құр сүлдесі бар, Сәбит Мұқановтың романындағы Ботагөз мұнда жоқ!» дегенін естідім. Содан кейін тағы бір жоқтарды айтты, онысын андай алмадым...

– Ақа, ғафу етіңіз, сөзіңізді бөлейін, Қарагөз жеңешем сонда дұрыс айтқан. «Ботагөз» фильмін мен үш қайтара көрдім, меніңше де, оны жөні түзу шыққан деуге әсте болмайды. Сәбеннің тамаша кітабынан тамтық қана бар онда. Жалын боп жанған, талай жерде сөз таласында, пікір таласында азуы жырта қарыс қара ниеттілерге дес бермеген кәдімгі жауынгер қыз Ботагөз кинода басқалардың, Лизаның көлеңкесінде қалып қойған. Асқар бейнесі де тым солғын. Романда басын балта шапқан Итбай кинода оп-оңай атып тасталды. Амантайдың әрекеті де әрі-сәрі бірдеңе. Кенжетай, Бүркітбай, тағы басқалары қайда? Бәрі де орыс кейіпкерлердің көлеңкесінде жүрген көрнексіз біреулер болып шыққан. Шіркін, кино өнеріне жетік нағыз жанашырдың назарына іліксе, «Ботагөз» романы кемінде екі сериялы тап-тамаша фильм болатын-ақ еді, амал не?! Жібекті түте алмағанның керін құштық.

– Кейін, өзіңіз айтып жатқандай жетіктер шыққан кезде дұрыстап қайтадан жасай жатар.

– Ей, Ақа-ай, ол қайдан болсын! Басқалар жоқтан бар жасайды, елеусізін елдігіне жаратады, ал біз барымызды бағалай алмай келеміз. «Алма, піс, аузыма түс!» деген бір бойкүйез жайбарақаттамыз. «Уа, біз өйтеміз де бүйтеміз!» деп азаңдатуға ғана шеберміз. Азанымыздың ақыры өзімізді-өзіміз алдауға апарып ұрындырады...

– Ғабеке-ау, сіз тым тереңдетіп барасыз ба, қалай? – деген Ақаштың сұрақ астарында әзілден гөрі құптағанға саятын аңс бары байқалды.

– Бірер ғана мысал айтайын, Ақа. «Абай» романын төрт сериялы киноға айналдырғалы жатырмыз деп даурықтық па? Даурықтық. Не болды? Баяғыдағы, қырық жылғы ескі киносын жаңғырттық та, соған мәз болдық. Ұтылдық, ұта алмадық. Ал барымызға көз салсақ: анау Рейхстагқа бірінші боп жетіп ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев жайында, немесе, тіпті ең бірінші кезекте күні кеше тендесіз ерлігі бүкіл әлемге аян болған 28 панфиловшылар жайында, генерал Панфилов пен Бауыржан Момышұлы туралы қаншама ғажап кино түсіруге болар еді. Ойлап ойдан шығарып әуре болмай-ақ, дайын фактіге жан бітірсек, сол да жетіп жатқан жоқ па?

– Әрине.

– Осы «эринені» айтамыз да, армансыз жүре береміз, – деді Ғабдол кейіс үнмен...

Поезд екпіндеген қалпында. Вагон доңғалақтары ақындарымыз болат таспаға теңеген темір жолдың буын-түйінін сыпылдап санап тауыса алмай әбігерленіп келеді. Ол әбігершілікке еліккен вагон тақтай еденде тербелген ағаш бесіктей. «Бесікте» екі «сәби» – Ақаш пен Ғабдол. Екеуінің әңгімесі Қарагөзден Ботагөзге ойысқаны несі? Қарагөз хикаясын бірі айтуға, бір ести түсуге асыққандай еді. Енді әлгі айлас-мұңдасқа қатысты мәтелдің маңайында тоқайласты-ау! Бірақ оның несі айып? Бұл екеуінің ешқайсысы ешкімнің ойына келмеген ештеңе де айтқан жоқ. Жүздеп, мыңдап емес, миллиондап саналатын мына біздің көкейіміздегіні, кеңпейіл, жо-жоқ, кемтарпейіл кешірімшілдігіміздің салдарынан ашынып айтпай жүргенімізді, тіліміздің ұшында тұрғанды ортаға салды. Екеуара ортаға. Халқының тарихында: Алпамыс, Қобыланды,

Амангелді, Талғат, Мәншүк пен Әлия бар; Фараби, Шоқан, Абай, Махамбет бар; Әлихан, Мұстафа, Сәкен, Мұхтар, Сәбит, Қаныш, Күләш, Қорқыт, Құрманғазы, Тәттімбет, Дина, Әміре, Жамбыл, Балуан Шолақ, Қажымұқан... бар елде киноның кенжелемес кезде кенжелеп келе жатқаны қайсымызды қынжылтпайды дейсіз. Жазушы мен кинодраматург қайда? Сценарий мен режиссура шебері қайда? Қамқоршы мен бас-көз қайда? Ақылшы мен айғайшы қайда? Ұят пен намыс қайда?..

Ғабдол осыны іштей тағы ойлап, осыған іштей тағы қынжылып жатқан шығар.

Ақаш та осыны іштей тағы ойлап, осыған іштей тағы қынжылып жатқан шығар.

Қолынан іс келетіндер қынжылсашы, дүние-ай!

Ғабдол кино шаруасына араласпақ болған, сценарий жазып байқаған. Атақ пен лауазымы дардай бір режиссермен пікірлескен. Бірақ оң бата ала алмады. Әлгі режиссер:

– Ойланайық, көрейік, – деген азбас-тозбас жауаппен екі жыл есек дәмелі етіп, ақырында құмға жауған жаңбырдай зым-зия болды.

– ...Қарагөздің үйіне де жақындадық. Есіктерінің алдында бір топ кісі дабырлай сөйлесіп тұр. Орталарында «Москвич» автомашинасы көрінеді. Ол кез «Москвичтін» алғаш шыққан жылы еді. Тегі, Қарагөздің әкесі мен көршілері машинаны тамашалап тұрса керек. Мен машинаны облыс орталығында көргенмін. Қарагөзге сол пысықтығымды сездіргім келгендей-ақ: «Сендердің үйлеріңе «Москвичпен» біреулер келіпті» дедім. Менің ол білгіштігіме Қарагөз: «Сен тезірек кетіп қалшы, папам көрсе, ұят болады!» деп жауап берді. Әміршім айтты – бітті! Аузым буылып, аяғым бұрылып, сұлкіп кете бардым. Электр шамы самаладай жанып, жап-жарық боп тұрған есік алдындағы топқа іштей кіжіну ғана келді қолымнан. Қарагөзге ештеңе дей алмағаным үшін, кинодан басқа сөз таба алмағаным үшін өзімді кінәлаған жоқпын, өзіме кіжінген жоқпын, анау топты сырттай кінәлап, соларға сырттай кіжіндім. Әйтеуір бірдеңе бөгет болмай қоймайды деймін іштей. Клубтан Қарагөздің үйіне дейінгі жарты шақырымдай жолда тым

құрыса хатыма жауап сұрай алмағаныммен ісім жоқ...

Ертеңінде әдетімше Қарагөздің үйі маңындағы қарауыл қарайтын – ех-хе! – пунктіме келіп әрі тұрдым, бері тұрдым, көзіме оттай басылатын қос терезеге, көк қақпаға кезек-кезек қарадым – ешкім көрінбеді, ешкім шықпады. Қашанғы тұрайын, бұрылып қарай-қарай мектепке жеттім. Бірінші сабаққа кешігіп қалыппын. Бірінші сабақ қазақ тілі еді, мұғалім – Рая деген ашуланшақ келіншек. Есікті қағып ашып: «Апай, кіруге бола ма?» деп едім, ол: «Болмайды!» деп шаңқ етті. Кешіккеніме не сылтау айтсам екен деп аз-кем ойланған еңбегім зая кетті. Есікті жаба салдым. Қарагөз келмей қалса, тіпті қызық болады: бірі мүлде келмеді, бірі кешігіп келді дейтін қызылкөздер табылар деп ойлады. Киноға барғанымызды біреу-міреу көрген болса – бітті: атау, ілік, барыс, табыс... деп септеп жөнелер...

Қарагөз сабаққа келіпті. Сонда мені тоспай, менен ерте кеткен бе? Онысы несі? Не боп қалды екен? Ойым он саққа жүгірді. Сабақ үстінде Қарагөзге бір-екі мәрте ұрлана көз тастадым. Сабақ аралығындағы үзілістерде не оңаша кездесе алмадым, не тіл қатыспадық. Ол Ғайнимен шүйіркелесіп, жұптары жазылмай қойды. Неге өйткендерінен мағлұматым және жоқ. Күндегіден, әдеттегіден ерекше жақындасып алды. Бір әредікте пайғамбар Тұрғанды қолынан жетектеп жеке шығарып алдым да: «Менікі мен сенікі бүгін соншама неге ынтымақтаса қалған? Сенің не хабарың бар?» деп қалжындадым. Ол түсіне қойып, үшкір мұрнын шүйіріп: «Соның екеуін де саған бердім» деді. «Әй, біз кеше киноға бардық!» дедім, оны шалқасынан түсірермін-ақ деп ойлап. Менің жаңалығымды құлағына жолатқан жоқ. «Киноға барғанда не тұр?» дей салды. «Әй, Ғайнимен барған жоқпын, Қарагөзбен!» деп нықтадым. «ЗАГС-ке барсаң да еркің, пожалыста!» дейді атана нәлет...

– Қу қыз сізді сынаған-ау, ә!

– ...Келесі үзілісте Тұрғаным ұп-ұзын мойнын соза түсіп: «Балалар, ертең кешке бәріміз бірігіп киноға барсақ қайтеді? Класс болып, асқан ұйымшылдық көрсетіп, коллективті түрде барайық, ә? Жеке-жеке ұрланып барушы болмайық. Тоғызыншы, сегізінші

кластарда біреулер екеу-екеу боп ұрланып барады дейді, ол дұрыс емес, жолдастар, комсомол өйтпеуі керек!» деп жар салсын. О, атаңа нәлет-ай! «Кино сенің не теңің?!» деп қалжыңға сайдырып, өзін бассалып илеп-илеп алдым. Бір балалар оны қостады, біреулер қарсы шығып: «Қыз-жігіт боп киноға жеке баратын жасқа жеттік, сен қайдағыны қоңырсытпа!» десіп отыр. Мен өз-өзімнен ыңғайсызданып, кластан шығып кеттім. Дәлізде Жәмила апай ұшырасып: «Ақаш, сабақ біткен соң маған кел, мұғалімдер бөлмесінде боламын» деді. Тағы қуыстана қалып: «Неге, апай?» дедім. Тегі даусымда кінәрәт болды-ау деймін, Жәмила апай маған әнтек аңыра қарап: «Май мерекесі жақындап қалған жоқ па? Дайындыққа кірісу керек емес пе?» деді. Жүрегім орнына түсті. «Жарайды, апай, жарайды!» деп лып еттім. Апай жымыды да, иығымнан ақырын ғана қағып, жөніне кетті...

– Кәдімгі әлгі бір бейнеттен қалғандай болдым десеңізші?

– Шынында, сөйттім. Неге өйткенімді қайдан білейін, әйтеуір, ел аман, жұрт тынышта сезіктеніп есім шықты сол күні. Алтыншы сабақтан шыға бергенімізде маған тоғызыншы кластың старостасы Тоқан келіп, менен бір кітап сұрады ма-ау, дәл қазір есімде жоқ, мені бірдеңе деп бөгеп қалды да, одан құтылған соң Қарагөзді іздесем – жоқ. Жүгіріп сыртқа шықсам – есіктің көзінде біздің үш-төрт ұл ғана тұр, қыздардың ешқайсысы көрінбейді. Менің арсаландап неге атқып шыққанымды аңғарса керек, Ақылбек деген жолдасымыз тұрып, оны біз «ұлы математик» деуші едік, ол алгебра, геометрия, тригонометрия дегендеріңе тым жүйрік болатын, есеп-қисапты біразымыз содан көшіріп алатынбыз; жарықтық осыдан төрт жыл бұрын өзінің «Жигулиімен» келе жатып аварияға ұшырап қаза тапты, марқұм, – сол Ақылбек тұрып: «Қыздардың бәрін әлгі пайғамбар алдына салып, иіріп алып кетті» деп күлді. Енді олардың сондарынан жүгіретін емес, қайырылып ішке кіріп, Жәмила апайға бардым. Әр кластағы көркемөнерпаздар үйірмесінің жетекшілерін жинаған екен. Төрт көзіміз түгел. Мектеп бойынша басшымыз Жәмила апай: «Ертең кешкі сағат алтыда Ленин бөлмесінде бас қосамыз. Концерт программасын жасап әкеліндер, жаңартып, жақсылап жасаңдар!» деді де, әр класс өнерпаздарынан кім бар, кім

жоғын сұрастырды, жаңадан келген шәкірттердің қандай өнерлері барын білуді, бәрін де қатыстыруды тапсырды. Тарай бергенімізде Жәмила апай маған: «Ақаш, сен Қарагөзбен сөйлестің бе, не өнері бар екен?» деді. «Сөйлескен жоқпын» деп күңк еттім. Апай қабағын бір көтеріп қойып: «Түсі игіден түңілме» демей ме, онда бір өнер болмауы мүмкін емес, сен дұрыстап сөйлес онымен. Қарагөз – жалпы жақсы бала, жаратылысы ұнайды маған, есінде болсын» деді...

– Жәмила апайыңыздың өзі де жақсы кісі болды ғой, камқоршылық жасағанын қараңызшы, – деді Ғабдол.

– Иә, ол кісі өте биязы, сабырлы болатын. Әнді ғажап әсем айтатын. Дауысы қандай еді! Құдды тау ішінде шырқап келе жатқандай болып, мектеп залын жаңғырықтырып жіберетін. Жәмила апайдың жанына жинала қалғанымызда өзіміздің ән салып жібергіміз келіп, Жәмила апайға тыңдатқымыз келіп тұратын. Ол кісі өзі домбыра тарта алмағанымен мектепте домбыра оркестрін ұйымдастырды, өзі дирижер болды. Нота да, дәнене де жоқ, бірақ керемет ойнататын. Мектептің директоры Фатих ағай жасы алпысты алқымдап қалған кісі еді, сол кісі қалжындап, Жәмила апайды «қара жаяу дирижер» дейтін. Ал Жәмила апай сыбызғы, аккордеон, баян жайында, музыканттар мен композиторлар жайында, ертедегі күйшілер туралы әңгіме айтқанда аузымыз аңқиып қалғанын білмей тыңдайтынбыз. Дүниеде кітапты Жәмила апайдан көп оқыған тірі жан жоқ сияқтанатын бізге...

– Ал махаббат, сүйіспеншілік жайынан ештеңе айтушы ма еді? – деп Ғабдол қуақыланды.

– Сол жолы біздің ұлдардың бірі, ұмытпасам Манап қой деймін, Мұхтар Әуезовтің «Еңлік – Кебек» пьесасынан үзінді қояйық деп ұсыныс жасады. Бірақ Жәмила апай құптамады: бұл пьеса сендерге ауыр болады, сонсоң уақыт тығыз, алдарыңда кәмелеттік аттестат алатын емтихандарың тұр, – деді. Біздің класта тұйық мінезді, ұяң, ұялшақ бір қызық қыз бар еді, аты Майра болатын, біз оған «Майра-сайра» деп керісінше ат қойып алғанбыз, сол қыз жаңағы «Еңлік – Кебек» туралы сөзге ойда жоқта киліге қалып: «Апай, Еңлік пен Кебек шын болған ба, әлде өтірік пе?» деп, келі түйгендей дүңк еткізгені. Ду күлдік. Совет деген қушыкеш ұл

іліп алып: «Майра-сайраның махаббат сезімі бүр жара бастады», демесін бе! Күлкінің көкесі туды. Бірақ тез тиылдық, өйткені Жәмила апай ең болмаса езу тартпады. Біз сабамызға түскен әредікте басын бір шайқап, дөңгелек жүзі... әлде алаулап па, әлде нұрланып па... қалай деуді қазірде де білмеймін, бір ерекше әдеміленіп, әсем дауысымен сөз бастап, махаббат жайында ғибрат айтты. «Махаббат, сүйіспеншілік деген сөздерге күлмендер және ол сөздерден үрікпендер. Қай-қайсыңның болсын бүкіл өміріңе, бүкіл келешек тіршілігіңе нәр беретін, сән беретін, мән-мазмұн беретін махаббат сезімі бәріңде де болады. Бірінде ерте, бірінде сәл кеш басталар – бәрібір, жаңа Совет айтқандай, бүр жарады. Енді бірінде бүр жарған да шығар. Қалай басталғанда да күле қарамандар, күліп тыңдамаңдар. Шынайы махаббат та өмір тәрізді, ол да сол өмірмен бірге бәрімізге бір-ақ рет беріледі. Ендеше, оны қадірлей білу керек, силай білу керек, тани білу керек, – деді Жәмила апай. – Сүйіспеншілік, махаббат аса күрделі, аса терең, әрі ашық, әрі тұйық, ыстық та нәзік. Әрқайсымыздың жаратылысымызға, мінез-құлқымызға қарай ол әрқилы қасиетпен зерленеді. Бірінің баянды, бірінің баянсыз, сәтті-сәтсіз болып жататыны сондықтан. Жеңіл, ұшқалақ, көрсеқызар адамдардың махаббаты оңғақ келеді. Ал адамның жеңілтек болуы да, салмақты болуы да өзіне, өзін-өзі тәрбиелеу алуына байланысты. Абай аталарың: егер заң-закон қолымда болса, мінезім түзелмейді деген кісінің тілін кесер едім, демеді ме? Яғни адам өзінің мінезін өзі қалыптастыруы, өзінің бүкіл сезімін өзі билей алуы керек. Сүйіспеншілік сезімі – мінез-құлықтың елшісі, – деді Жәмила апай бізге жағалай қарап. – Қыз бен жігіттің, мысалы, мінездері жарасса, сезімдері де жарасады. Мінез силастығы – сезім силастығы. Бірін-бірі кіршіксіз силай білген қыз бен жігіттің жүректерінде оянған сүйіспеншілік сезімдері де кіршіксіз болады. Отбасының бақытты болуы сол кіршіксіз сезімнің ғұмырлы болуына байланысты. Қалай дейсіңдер, балалар, дұрыс па, жоқ әлде...» деп Жәмила апай сұрағының соңын да бізге қалдырып, қол сағатына қарады. Мөлшері бірер минуттай үнсіз отырдық. Сол бірер минутта біздің ми қазанымызда қаншама ойдың қайнағанын құдай білсін. Мен Қарагөзбен түсінісе алам ба, жоқ

па – соны ойлап үлгірдім. Мінезіміз үйлеседі, біз бақытты отбасы бола аламыз деп түйдім. Ешқандай шүбәланудан елес те болмады. Бір институтқа түсіп те, бірге бітіріп те, қызметке бірге барып та, үйлену тойымызды жасап та қойдым. Соның бәрін үлгірген жаңағы бірер минутта жанымда Қарагөз жоқ болатын. Ол қалайда келмей қалған-ды. Келем, папамның домбырасын ала келем деген, бірақ келмеді. Концерттік алғашқы жаттығуға қатысты, ал не өнері барын білгіміз келген сұрағымызға: «Елтеп домбыра тартамын» деді де қойды. Екінші жаттығуда, міне, жоқ. Мұнысы несі деп өзіме-өзім іштей сауал берген сәтте Күлән деген қыз: «Неге химик болдыңыз, апай, ә?» дегені ғой. Тосын сұраққа тағы күлкі ілесті. Жәмила апай да күлді. «Апай, шынында, сіз тіл-әдебиеттен сабақ берсеңіз, қандай жақсы болар еді!» деді Майра-сайрамыз. «Бәрібір емес пе? Мен өз ойымнан шығарып ештеңе айтып отырған жоқпын, кітаптардан оқығанымды айттым» деді Жәмила апай. «Рая апай тіл-әдебиеттен сабақ берсе де, бізге сізше мынадай жақсы әңгіме айтып көрген жоқ, ол кісі тіпті де тіл-әдебиеттің мұғалімі емес!» деп Совет шықты. «Қойыңдар, қателеспендер. Қане, таралық, сағат сегізден асып кетті. Ақаш, жаттығуды жүргізе бастандар, мен келесі жолғыларыңа қатыса алмаспын. Ал сау болыңдар, балалар!» деп Жәмила апай орнынан тұрды. Біз де тарадық...

– Ақа, Советтің «тіпті де тіл-әдебиеттің мұғалімі емес» дегеніне қарағанда, Рая апайларыңыз оншама дұрыс кісі болмаған тәрізді.

– Е, ол кісі өзі бір сүйкімсіздеу адам еді. Сығыр көзін одан әрмен сығырайтып алып, кіріспеске кірісіп кеп жүретін. Оны балалар онша ұнатпайтын. Сыртынан «жатаған жандарм» деп атайтынбыз. Аласа бойлы кісі болатын.

– Түу, қойған аттарыңыздың сұмдығын-ай! Олай деп кім қойып жүр?

– Тоғызыншы класта Мұхтар Мақсатов деген тікен тілді бір қуымыз болды, мектепте балаларға да, мұғалімдерге де атты көбінесе сол қоятын. «Жатаған жандармды» шығарған сол. Ал Жәмила апайға «жазбайтын жазушы» деп ат қойды. Біз қарсы болған жоқпыз. Мектеп директоры Фатих ағай жоғарғы кластарға тарихтан сабақ беретін. Ол ағай білмейтін тарих жоқ деп

ойлайтынбыз. Өзі аса сабырлы, жайдары жан еді. Не сабағында, не жиналыстарда дауыс көтеріп сөйлегенін, ашуланғанын көрген емеспіз. Мұғалім бе, мектеп жұмысшысы ма, шәкірт пе – кім болса о болсын, ол кісінің көзінше бірдеңеге, біреуге ренжіп, ашуланып жатса, Фатих ағай оған мұртынан жымия қарап: «И-и-иә? Өрт неден шықты? Басынан бастап айтшы!» дейтін. Сөйтіп бәрін лезде анықтап, орын-орнына қойып, жарастырып жіберетін. Ол кісі мектепте бір қызық тәртіп қалыптастырды. Біздің мектепте неше түрлі үйірме жұмыс істейтін, ал соның бәрінің жетекшісі балалардың өздері болды, Фатих ағайдың нұсқауы солай. Ал мұғалімдер өз қалаулары бойынша не бір үйірмеге, не екі үйірмеге кеңесші болады. Фатих ағайдың өзі тарих үйірмесінде кеңесші болды. Біз бір тақырыпты, бір оқиғаны өзімізше зерттеп келеміз де, талқылаймыз, талдаймыз, тіпті айтысып-тартысып қаламыз. Фатих ағай қолына қағаз-қарындашын алып, партаның бірінде отырады да, қажет жерінде шәкіртше қолын көтеріп, орнынан тұрып, біздің бұрыс пайымдауларымызды дәлелдеп түзетеді немесе ең соңынан сөйлеп, тұжырым жасайды...

– Шынында, қызық екен!

– ...Сол тәртіп туралы бірде облыстық газетте құптаған мақала да жарияланды. Облыстық оқу бөлімінен екі-үш кісі келіп, бес-алты күн болып кеткен еді, солардың бірі жазыпты. Содан кейін сол мақаланың дұрыс-бұрыстығын айтқан тағы бірер мақала шықты да, ақырында жым-жырт болып қалды. Сол Фатих ағайға әлгі Мұхтар қуымыз «тірі тарих» деп ат қойды, – деді Ақаш. – Бәрінен бұрын оның «жатаған жандарм» дегені бізге қатты ұнады, сол үшін біз оған «Молодец Мұхтар» деп ат қойып, айдар тақтық. Ал «жатаған жандарм» болса, ол бізге, Қарагөз екеуімізге, шынында, кәдімгідей жандармдық жасады...

Ақаш кідірді.

Халық аузында бір сөз бар. Әулие шал Қожанасыр әпендіге біреу: «Қожеке, бұл тірлігіңізде басыңыздан өткен оқиғалардың ішінде ойыңызға алғыңыз келмейтіні бар ма?» десе керек. Сонда әпенді: «Әйелімнің анау бір жылы маған шайды сүт қатпай бергенін ғана есіме түсіргім келмейді» депті. Ол солай демесе, әпенді

болғаны кәні?! Сірә, Ақаш та сонау бір жылдардағы ұстазы Раяның өздеріне, Қарагөз екеуіне, «жандармдық» жасағанын андаусызда айтып алып, енді оның не жасағанын сыртқа шығарғысы келмей жатыр ма? Әлде Ғабдол елең етіп, елігіп сұрасын, содан соң ғана айтайын деп тосқаны ма?

Ғабдол да үнсіз.

Халық аузында және бір сөз бар. Әулие шал Қожанасыр әпендіні көшеде бір саудагер қуып жетіп, екеуі сәлемдесіп, есен-саушылық сұрасып, сонсоң қатар келе жатыпты. Саудагер қайта-қайта күрсініп, басыш шайқап, «е, Алла, е, Алла!» дей беріпті. Ол саудагердің: «Жарқыным, жаның осынша неге қиналды?» деген сауалды күтіп келе жатқанын сезген Қожекен: «Сенің ол ісіңе Алла тағаланың ешқандай қатысы жоқ!» депті. Сол сияқты, Ғабдол егер сұрай қалсам: «Ә, оның бұл арада ешбір қатысы жоқ» деп тастар ма екен деді ме, әлде жарасының аузын тырнамайын деді ме? Қалайда бейтараптылық сақтады.

Тәсбих тартып болар сәткі үнсіздікті әңгіме иесі Ақаштың өзі бұзды:

– Қолымызды кәмелеттік аттестатқа жеткізер жолдың жарымына барып қалғанбыз. Алғашқы төрт емтиханды қыр асырып тастағанбыз. Келесі сын – СССР тарихы. Фатих ағай екі күн консультация өткізді. Көңіліміз – көктем. Соңғы, үшінші күннің консультациясына жиналды. Фатих ағайды тосып, дуылдасып отырмыз. Мектепті бітіргеннен кейін қайсымыз қай институтқа баратынымызды айтып, ағыл-тегіл жасалған жоспарларымызды талқылап мәре-сәреміз. Ал Фатих ағай кешігіп жатыр. Ол кісіде кешігу деген ешқашан болмайтын. Әлгі Тұрған пайғамбарымыз шықты: «Ол ағай да жаралған сүйек-еттен, қайтер дейсің бір күні сәл кешіккен?!» деп. «Әй, пайғамбар! Сен зулап тұрған ақын екенсің ғой?! Бұл өнеріңді неге жасырып келдің?» деп Молодец Мұхтар қадала қарады. «Бұл пайғамбардан ақын шықса, онда мен енді оқымай-ақ профессор боламын!» деп Ғайни қанжығаласты. Сол сәтте: «Ой, профессорлар-ай!» деген дауысқа жалт қарасақ – есік көзінде Рая апай тұр. «Жатаған жандармымыз». Орын-орнымызға ұмтылды. Жайғасып, тыныштала қалдық. «Профессор

болу үшін күндіз-түні оқу керек. Институтты, аспирантураны үздік бітіру керек. Мінсіз қызмет ету керек. Оқудан, ғылымнан өзгені ойламау керек. Осы бастан талпыну керек!» деп үстел басына келді. «Керек» деген сөзді бес рет қайталағанынан тіксіндім. Неге соншама ширықты, не болып қалды екен деп ойладым. Көз жүгіртсем – басқа балалардың жүзінде де аңтарылыс нышаны бар секілді. Қарагөз екеуіміздің жанарымыз түйісіп өтті: Қарагөз ернін сәл жымқырып, көзін тайдырып әкетті, ал мен жатаған пішінді Рая апайға қарап, еңсемді көтеріңкіреп отырдым. Ол кісі маған жайшылықтағысынан өткір қарады да: «Берікболов пен Сәйдімбековаша әлден қол ұстасып тау-тасты кезбеу керек!» деді. Құлағым шыңң ете қалды. Денемді от шарпығандай болды. Мұғалімнің тұла бойы жыбырлап, киноларда көрсететіндей, дәл қазір бір хайуанға айналып кететіндей болып көрінді маған. Жоқ, ол ешқандай хайуанға айналған жоқ. Шаншылып тұрған күйі тағы сөйледі. Дауысы шыңылдап: «Мектеп қабырғасынан ұзамай жатып махаббатқа жармаспау керек!» деді. Содан кейін: «Фатих Тәуекелович бүгін келе алмайды, аяғын сындырып алыпты. Тарай беріндер, консультация болмайды!» деді де, бұрылып кете барды. Ол шығып кеткен соң да біраз уақыт үнсіз тұрып қалдық-ау деймін. Қайда, кімге қарағанымды білмеймін, әлде Қарагөздің бар-жоғын аңғаруға тырыстым ба, қалайда бір жаққа қараған тәріздімін. «Фатих ағайға қиын болды-ау!» деді біреу. Күләннің дауысы. «Бейнетін-ай, ә?!» деді екінші біреу. Советтің дауысы. «Нағыз жатаған жандарм!» деді тағы біреу. Ақылбектің дауысы... Бірінен-бірі ауыр тиген екі хабарды санамыз енді-енді қорытып, ес жия бастаған болармыз, дабыр-дұбыр көбейе түсті. «Фатих ағайға не болды екен?», «Ауруханаға жатқызған шығар?», «Барып қайтпаймыз ба?», «Жәмила апайдан білейікші!» десті балалар. Молодец Мұхтар суырылып шығып: «Балалар, жүріңдер, Жәмила апайға барайық!» деп, маған бір қарап қойып, есікке қарай аяңдады. Балалар ілесіп жүре берді. Ең соңында Қарагөз бен Ғайни шықты. Ғайни есік көзінде маған бұрылып, «Неғып тұрсың? Жүрсенші!» дегендей боп қолын бұлғай кетті. Мен болсам, қайда барарымды, не істерімді, кімге не дерімді білмеймін. Ғабеке,

кітаптарыңызда өздеріңіз жазасыздар ғой, анау-мынау қателіктері, қылмыстары үшін орнынан алынып, қызметінен, жұмысынан босап қалғандардың сол минуттағы көңіл күйлерін суреттейсіздер ғой, соларға ұқсап мен де жер мен көктің ортасында қалғандай бір жағдайға ұшырадым. Фатих ағайдың құлап, мертігіп жатқаны сияқты бір көмескі елес көз алдымнан бір ауық өтті де, содан соң Қарагөз ғана ойымда болды...

– Кешіріңіз, Ақа!.. Ол кез Қарагөз екеуіңіздің түсінісіп дегендей, былайша айтқанда, «мен – сендікпін» десіп жүрген кездеріңіз бе еді?

– Солай еді... Екеуіміздің әңгімеміз, әзіл-күлкіміз жарасып үлгірген. Арада бес ай өткен. Алғаш танысқан күннен кейін. Киноға бару, оны-мұны сауық кештеріне бару бізге проблема болудан қалған. Оны класс жақсы білетін. Басқа кластардағы кейбір жора-жолдастарым да білетін. Өзіңіздің де басыңыздан өткен дүние емес пе, оның несін тәптіштей берейін. Өзіңіздің демекші, Ғабеке, сіздердің қайсыбірлеріңіздің кітаптарыңызда, қайсыбір киноларда қыз бен жігіттің таныса кетуі, жақындаса кетуі оп-оңай болатыны бар. Екінші не үшінші жолыққанда-ақ бассалып ауызға ауыз салады. Оларыңыз не? – деді Ақаш, үнінен наразылық мысқылы сезіліп.

– Е, оны менен неге сұрайсыз? – деп Ғабдол наразылық ұпайын теңестіре жауап қайырды.

– Енді кімнен сұраймыз?

Екеуі де күлді. Пікір, сөз қызықтасқан жеңіл күлкі емес, пайымдау күткен пәстеу күлді.

– Ақа, сұрағыңыз орынды. Сөйтіп жазатындарға, сөйтіп кино қоятындарға сіздің бұл сұрағыңызды мен де қойып жүрмін, газет-журналдардың сын-пікір мақалаларын куә ете айтсам, бұл сұрақты басқалар да көлденең тартып келеді. Жақында бір сыншымыз «Экран этикасы» деп аталған мақаласында былай депті, сөзбе-сөз қайталай алмаймын, ұзын-ырғасын айтайын: қайсыбір жазушылардың, драматург, киносценарист жолдастар қыз бен жігіт кейіпкерлерін екінші рет жолықтырғанда-ақ бірінің ерінін бірі жеп жіберердей сүйістіретінді шығарды, ал кейбір кинофильмдерде

басына әлдеқалай бір қиын іс түскен немесе қызмет, шаруа жайымен ренішке, күйінішке тап болған кейіпкерлер темекіні үсті-үстіне тартқанда, мына байғұс шіркін, темекесінің тұқылын тастар ма екен, әлде жұтып қояр ма екен деп отырамыз дейді.

– Онысы рас. Өзіміз де солай деп күлеміз.

– Одан кейін. Ақа, әлгі сыншы жолдас тағы да былай дейді: кейбір фильмдердің жаңалығы дейді, ол жаңалығы дегенді жақшаға, жо-жоқ, тырнақшаға алған, иә, кейбір фильмдердің «жаңалығы» – кейіпкерлеріне тамақ ішкізе беретіндігі. Бас-аяғы бір немесе біржарым сағаттық бір серияда тамақ ішу экранная төрт-бес рет көрсетіледі, қайсыбір кейіпкерлердің тамақты аузына қалай салғанын, қалай шайнағанын, қалай жұтқанын, ал кейбіреуінің аузын тамаққа толтырып алып сөйлегенін немесе тамақ пен темекісін жарыстырып отырғанын еріксіз көреміз дейді. Оқиғаның себеп-салдарын ашуға, кейіпкер образын толықтыруға ешбір қатысы болмайтын ондай процестерді тықпалағаннан сценарист пен режиссер не ұтты екен дейді. Рас, тамақ ішу – табиғи іс. Ендеше, оны тәптіштеп қайта-қайта көрсете беру экран этикасына нұқсан дейді.

– Дұрыс айтқан.

– Міне, көрдіңіз бе, Ақа, сіздің ойыңызды сыншы да тап басқан. Мен де құптап жатырмын. Ал жаңағының бәрін жазатындар мен көрсететіндер керісінше дәлелдейді. Мейлі, олар не деп дәлелдесе, о деп дәлелдесін, оны, мысалы, мен өз басым қабылдай алмаймын. Абай ақсақал айтқандай, әдептен озбайық деймін...

Купенің қара көлеңкесі ала көлеңкелене бастады. Вагонның ырғауы да бәсеңдегендей. Шекесіне электр шамынан шоқ қадаған бағаналар ара-тұра жанай қалып жатқандықтан да ала көлеңке жағаласа керек купені. Алдағы станцияның алыс болмағаны. Ғабдол мен Ақаш үнсіз...

...Ғабдол ұйқылы-оюу тербеліп, аз-кем жатып, сонсоң біреп керілді де, көзін ашып, төбеге қарады. Вагонның төбесіне, ауа алмастырғыштың қатарына Роза Рымбаеваның үлкен суреті жапсырып қойылыпты. Журнал бетіндегі сурет болар. «Мұны кеше неғып байқамағанмын?» деді Ғабдол іштей. Соны айтсаңшы

дегендей боп түрлі түсті суретте Роза күліп тұр. Әншілігіне тәнті бір құрметшің-ау, сені купенің күмбезіне шығарып қойған! Күмбезден күмбезге көше бер, қарындасым! – деп күбір етіп, Ғабдол басын көтерді. Ақаштың төсегі бос жатыр. Жуынып-шайынып жүрген болар. Ғабдол тұрып, емін-еркін керіліп-созылып, терезе шымылдығын ысырып, далаға қарады. Он бес шақты шым үй қалып барады. Иіріп шөктіріп қойған он бес шақты түйеге ұқсас іркес-тіркес сарғыш үйлер. Ара-арасында бірен-саран бұзау-торпақ, қозы-лақ көрінеді. Бергі шеттегі екі үйдің төбелерінде үш-төрт бала отыр. Поезды көздерімен ұзатқан тып-тыныш қалыпта. Разъезд кезекшісінің күркесі көрінді: кезекші – есік алдында, қолын көтере ұстаған сары жалаушасын бұлғандатып, тісі ақсия жымыып тұр. Жолаушым, алдың ашық, сапарың оң болады дейтіндей. Күркеден таяқ тастам берідегі ойпанда екі кара ала күшік бірін-бірі қуалап, арсалаңдап жүр. Күренденген далада көз кідірет басқа ештеңе көрінбейді. Не төбешік, не бұта жоқ. Жап-жазық ен дала көк күмбезінің етегіне жеткен де тіреліп қалған. «Бұл жазыққа да бір кездерде қала орнар, бүйтіп иен жата бермес!» деп ой түйіп, Ғабдол енді төсегін жинауға бұрылды.

– Ә, тұрдыңыз ба? Қайырлы таң! – деп Ақаш сөйлей кірді.

– Қайырлы таң, Ақа!

– Сірә, қайырлы күн десек те болар, Ғабеке. Сағат онбір жарым.

– Солай ма?! Өй, сілейіппіз-ау! Әлде сіз ертерек тұрдыңыз ба?

– Менде сағат жетіден соң ұйқы деген тіпті қарызға да болмайды.

– Пәлі, Ақа, мені оятпадыңыз ба енді?

– Е, неге? Түнде мөлшері екі мен үштің арасында кіріскен болармыз ұйқыға. Қалай, ұйқыңыз қанды ма?

– Қанғанда қандай! Жұмсақ төсекте дөнбекши беруші едім, ал мұнда тура қатып қалыппын.

– Ендеше, жуынып-шайынып келіңіз. Ресторан онбірде ашылады екен, барып ыстық тамақ ішейік, мен заказ беріп келдім. Кісі аз.

– Уа, Ақа-ай, қайран да қайран Қарагөз жеңгей мен Әсем келініңіздің былқыған бесбармағы мен күп-күрең шайына қашан ғана жетер екенбіз, ә?! Жеңгейдің сырын білмеймін, ал келініңіз

болса, ол: «Қуырдақ пен бесбармақ – бір жартысыз не тамақ?!» деп, түсте алдыма шүпілдетіп жарты литр... қымыз қояды! – деді Ғабдол, күле сөйлеп.

– Көжеміз суып қалады, тезірек жуынып кел, – деді Ақаш, пенжағын шешіп іле беріп. Оның дауысында Ғабдолдың әзіліне мән бергісі келмегендігін сездіргендей салқындық сызаты бар еді. Ғабдол оны аңғарып үлгірді. «Мұнысы не? Әп-сәтте алыстай қалғаны несі?» деген бір лүпіл-таңданыс көңілінің көктеміне күз бұлтының көлеңкесін түсіре жаздады. «Үйреніспей жатып желпілдеп... желкеніме жел жарықтық қай жағымнан жетіп келді?» деп іштей өкінген Ғабдол үстелшеде жатқан қол сағатына үңіліп, көйлегінің жеңін жүре түріп, купеден шықты.

Ақаш еңсесін жазып, екі қолын жанқалтасына салып, терезеден далаға көз жіберді. Кең көсілген қоңырқай жазық. Қиял-ғажайып ертегілерде де кездеспейтін ересен нән қоңыр аюдың терісін жайып-керіп тастаған тәрізді дерлік: ілбіп қана жылжыған поезд ақылға сыймас алып аю терісінің жон арқасындағы жолды тауыса алмай, пұшпақтарының қарасын да көре алмай қор боп келе жатқанға ұқсайды. Бір тұста іркес-тіркес домаланған үш қаңбақ пайда болды: жел емес, желемік қуған баяу-жаяу домалас; алдыңғысы кідіріп, оған ортаңғысы барып тіреліп, оларға соңғысы жетіп қосылып, ұмар-жұмар ұйымшыл домалас болды да, содан кейін, құдды алқынып қалғандай-ақ, біреуі оқыс іркілді; одан соң, құдды оған қарайлағандай-ақ, екіншісі іркілді; сыңар сытылған үшіншісі, үшбу осы кеткенім кеткен дегендей-ақ, ілкідегі баяу-жаяуынан танбай кете барды.

Есік тық-тық қағылды. Селт еткен Ақаш бұрылып:

– Кіріңіз! – деді.

Купеге сапаршы киімін киген ұзынша бойлы балаң жігіт кірді де, басын сол иіңкіреп:

– Сәлеметсіз бе? Мен шәугім мен стакандарды алуға келіп едім, – деп көзін үстелшеге аударды.

– Ала ғой. Андағы шәугімді кеше әлгі сөзшең ағаң толтырып әкеп берген болатын, соның ақшасын да есептей салшы, – деп жымиған Ақаш жан қалтасынан үш сом алды да, үстелшенің

шегіне қойды. – Інішек, сен темір жолдың оны-мұны бір оқуын бітіріп пе едің, сапаршы болып жүргенің қалай?

– Темір жол техникумындамын. Келесі жылы бітіреміз.

– Ауылдың баласысың ғой?

– Иә.

– Қай ауылдансың?

– Мақаншыдан. Семей облысы.

– Мақаншы де... Білем, білем Мақаншыны... Ал мен Шығыс Қазақстанның Ұлан ауданынанмын. Көрші екенбіз. Менің атым – Ақаш. Сенің атың кім, інішек?

– Сәкен.

– Сәкен, сен Мақаншыда көп жыл тұрған Нұрлыбек Сәйдімбеков дегенді білесің бе, естуің бар ма?

Сәкен үш сомнан аларын алып, артығын үстелшеге қойып тұрып:

– Білем. Директор апайдың әкесі ғой. Былтыр қайтыс болды, – деді.

– Қайтыс болды дейсің бе? – Ақаш таңданғандай кейіппен иегін көтеріңкіреп, сонсоң басын ақырын ғана бір-екі изеп, төсегіне отырды. – Иманды болсын... Ал директорларың... Е, иә, иманды болсын... Інішек, андағы шәугіміңмен соңыра шай әкеліп берерсің. Бара ғой.

Сәкен шығып кетті.

– Ақа, келіп қалдық. Ресторанға апармақ тұрғай солдатқа алсаңыз да дайынмын! – деп қалжыңын ілестіре Ғабдол енді ішке. Ол тіпті басын да жуып үлгіріпті.

– Жаңа осында Сәкен деген жігіт кіріп шықты. Семейдің Мақаншысынан екен. Жарайды, жүр кеттік, – деп Ақаш екі дізесін екі алақанымен сипалап, орнынан көтерілді.

– Ертең Семейдің жерінен өтіп, Талдықорғанның территориясына кіреміз. Поезд екпінін тежей бастады, сірә, станция алыс емес шығар, қай станция екен, қанша аялдар екен пойыз? – деді Ғабдол, сауалға үш қайнаса да сорпасы қосылмайтын сөйлемнің соңын жадағайлап, өзімен-өзі сөйлескенге ұқсатып...

...Сөзді Ақаш бастады:

– Алматыға жеткенге дейін бойымызға біраз май жинайтын болдық, күндіз-түні жатамыз, – деді ол, екеуі ресторанның келіп орындарына жайғасқан соң.

– Шошқаға да бір мейрам емес пе? Жүгіргеннен мүйіз шығатын болса, күніне сегіз сағат зыр жүгіріп-ақ жүрміз ғой осы!

– Оның рас.

– Рас болса, Ақа, кітабымызды одан ары қарай жазайық, әлгі «жатаған жандармдарыңыз» келіп, жүйкелеріңізге тұз сеуіп кеткен жеріне жеткенбіз.

– Оның: «Берікболов пен Сәйдімбековаша әлден қол ұстасып тау-тасты кезбеу керек!» дегенінің себебі бар еді. Біздің село «Тарғын» деп аталады. Күнбатысында Тарғын тауы, ортасында Тарғын өзені бар. Фатих ағайдың жорамалынша олар батырлар жырындағы Тарғынның тарихына қатысты сияқты. Қалай болғанда да ол жердің табиғаты ерекше тамаша. Мөлдір сулы өзеннің екі жағасы – салған суреттей бұйра тал мен қалың мойыл. Ғабеке, сен қай жердікің?

– Алматылықпын.

– Ол манда мойыл өспейді. Мойылдың мекені біздің жақ, Шығыс Қазақстан облысының жері. Мойыл сендердің алмаларыңша бүрлеп өседі. Ағашының бітімі алма ағашынан сәл нәзіктеу, сұңғақтау. Ал бүр ашқан гүлі шымқай аппақ болады. Ол тау беткейіне де, сайшатқалға да өседі. Сонда көктемде, мойыл бүрлеген кезде, өзен бойына, таудың о тұсы мен бұ тұсына ақша бұлт шөгіп жатқандай болады. Қандай әдемі, шіркін! Керемет әдемі!.. Бүр жарғаннан бастап аңқитын иісін айтсаңшы жарықтықтың! Пай-па-а-ай!.. Қарагөз екеуіміз мойыл бүрлеген екінші жексенбіде тауға шығып, табиғаттың сұлулығын тамашалап, талай-талай арманды еншілеп, Қарақойынға дейін барып қайтқанбыз. Рая апайдың үйі селоның күншығыс бүйіріндегі сол Қарақойын сайының ауызында еді. Сірә, ол бізді сонда көріп қалса керек. Ол біздің ойымызда да жоқ.

– Ол күні бұ жарық дүниеде Қарагөз женешем екеуіңізден өзге ешкім жоқ сияқтанған да шығар? – деп Ғабдол қалжың-тұздық ұсынды.

– Рая апайымыз көргенінен көзақы алып, тегі қояды дегенің.

Тағы да бес-алты пәннен емтихан тапсырдық. Оның өзі жиырма бірдеңе күнге созылды. Сол аралықта Рая апайымыз бізге – Қарагөз екеуімізге үш мәрте шабуыл жасады. Бірде кешке консультацияға асығып, мектепке келе жатыр едік, бес бала болатынбыз, Тарғынның «Төменгі ауыл» деп аталатын, Асубұлақ поселкесіне қарай құлдайтын аяқ жағында тұратын Мәден, Тұрған, Мәйке, мен – төртеуіміз бармыз, жол ортада Қарагөзді қосып алғанбыз. Мектеп ауласына ене бергенімізде Рая апай қарсы ұшырасып, біздің: «Сәлеметсіз бе, апай?» дегенімізге қысық көзі мүлде жұмыла ызғарланып: «Берікболов пен Сәйдімбекова неге бөлек кетпеген? Мектепті бітіргенше шыдайтын түрлері жоқ емес пе еді?!» деп Қарагөз екеуімізге кезек қарады. Оны көзім шалысымен көңілім бұрқасындай бастаған болатын. Бір пәлені сезгенмін. Бірақ қарсыласар мұрша қайда, ол кезде тіпті небір сотқардан именбейтіндер де мұғалімнен именетін еді ғой, бізде де үндемей құтылғаннан басқа жол қалмады, сонсоң оған сыр бермеуге тырысып, көзімізді жерден алмай тұқырып калдық. Қарагөздің өртеніп, алаулап тұрғанын түйсінемін. Ал өзімнің жігерім құм. Ызадан жарылардаймын. Ыза ақыл таптырған ба?! «Бәлем, тұра тұр! Кәметтік аттестатымды алған соң сенің дертеңді бір қайырармын!» деп іштей бір жойқын шайқасқа дайындықты бастадым. Сол сәтте Тұрған бір жөткірініп қойып, ақырын жылжи бастады. Мектепке қарай...

– Рая апайларыңызға қарай ма деп қалсам, – деп Ғабдол момақан әзіл тастады.

– Құдай сақтасын! Мектепке қарай, табанын ырғай қозғап жылжыды. Кейін өзі айтады: «Сағатына бір шақырым жылдамдықпен жылжи берейін, қайтер екен деп ойладым» дейді. Одан соң мен де қозғалдым. Қыздар да ілесті. Өлгі «Қырық қасқыр мен екі ешкі» ертегісіндегідей болды. Рая апайымыз қала берді. Ертеңінде Қарагөз айтады: «Шаншылаған апайдың шатағынан үндемей ғана құтыла алатынымды Май мерекесіндегі концерт алдында түсінгенмін» дейді. Сөйтсе, концерттен бір күн бұрын, соңғы дайындықтан келе жатқанда, апайы оны тоқтатып алады да, «орман күзететін Берікболдың баласынан білімді кісі шығады деп ойламаймын. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Егер онымен

байланысың болса, онда тоқтат. Ол сенің теңің емес. Институтқа түсіп, оны бітіргенше кім бар, кім жоқ. Ойлан, өз келешегіңді ойла. Сонсоң мына домбыранды таста. Жеңілтек болма, тіл ал!» депті...

– Ұстаз-ақ екен!

– Оның сол сөзі екінші жолы маған қамшы болды. «Жатаған жандармымыз» азық-түлік магазинінің алдында кездесе қалып: «Иә, Берікболов, қайда барғалы жүрсің?» деп жымыды. Мен: «Қайда барушы едім, үйге кетіп барамын!» дедім. «Оқуға қайда барғалы жүрсің деп тұрмын!» деп шаншыла қалды. «Орманшы әкемнің қасына барамын!» деп жүріп кеттім. Ол менен ондайды күтпеді ғой деймін, – ләм демеді. Былай шыға бере екі Ақаш бірімен-бірі айтыссын. Бір Ақаш айтады: «Әй, байғұс бала, неменеге мықтымысың келесің? Ал қитықтың, ал ерегестің, ал дөрекілендің, ал есенді жібермедің! Не маркадам таптың енді? Одан да Қарагөзше жақ ашпай қойсаң болмады ма? Заты әйелге бүйтіп сес көрсету жігіт басыңа жарасар ма?!» дейді. Екінші Ақаш айтады: «Сауап болды, өкінбе, бауырым, өкінбе. Өзі жас болмағандай, сүйіспеншілік сезім кешпегендей, о несі? Ақыл айтса беталды ашумен, кекесінмен емес, ақылмен айтпай ма? Ұр да жықтық – әсіресе әйелдің жаратылысына жат мінез, соны неге түсінбейді? Аяғын байқап бассын. Сауап болды, өкінбе!» дейді. Ал маған – үшінші Ақашқа ол екеуінің сөзі әрі дұрыс, әрі бұрыс тәрізденді. Жә деп ойлансам: «Қырқына шыдаған соң қырық біріне де шыдау» керек еді, енді біраз күннен кейін қоштасатын, одан арғы ғұмырында кездесуің неғайбіл мұғаліміне доңайбат көрсетудің қажеттігі жоқ еді. Бұл – бір. Екіншіден, мұғалім, ұстаз – шын мәнінде үлкен тұлға. Ұрпақты тәрбиелей алу, адамды тәрбиелей алу тек адамның, Максим Горький айтқандай, бас әріппен жазылатын Адамның ғана қолынан келеді. Ендеше, сол биік дәрежеге жете алмайтын мұғалімсымақ, ұстазсымақтарға құлдық ұра берме, бір уақ тәубасына түсіріп тобығынан қағып-қағып қой. Әйтпесе, ол бүгін сенің қасиетті сезіміңді қорласа, ертең сенің інілерің мен қарындастарыңның қасиетті сезімдерін қорлайды...

– Апырым-ай, Ақа-ай, үкіміңіз тым ауыр болған екен, – деп Ғабдол іштей тіксініс аңғартты.

– Тым ауыр дейсің бе?.. Мүмкін... Ол он жеті жастағы Ақаштың үкімі еді... Е деге-е-ен... Рая апайымыздың үшінші шабуылын айтайын енді. Мектеппен қоштасар сәт келді. Салтанатты кеш спорт залында өтетін болды. Дастарқан жайылып, стол жасалды. Әрі көңілді, әрі көңілсіз. Өзің де басыңнан өткізген шығарсың. Фатих ағай балдағына сүйеніп тұрып сөз сөйледі. Әдемі сөйледі. Көңілі босап, көзіне жас алды. Біздің де көңіліміз босап кетті. Менің тіпті мектептен кеткім келмеді. Бірақ сары езу қалпында мектепте не тындырасың? Оқу керек, институтты бітіріп шығу керек. Алматыға барамын, Абай атындағы пединституттың тіл-әдебиет факультетіне түсемін дегенмін. Енді соны бітірісімен өз мектебімізге мұғалім боп қайтып оралуға іштей бекіндім. Қарагөз ол институттың физика-математика факультетіне бармақшы. Екеуімізде сонда барамыз дегеннен басқа, «бітіреміз, бірге боламыз» дегендей сөз болған емес.

– Өкініштілеу екен, – деп Ғабдол және бір әзіл қыстырды да, үстелшедегі тісшұқығышына қол созды.

– Мұғалімдердің бәрі де сөз сөйледі. Кейбіреулері студенттік кездерінен естелік айтып, небір күлкілі жәйттерін еске түсіріп, бізге ақыл-кеңес берді, ақ тілектерін арнады. Енді бір әредікте Рая апайымыз сөз алып, Қарагөз екеуімізден өзге балалардың бәріне бас-басына оң сапар тіледі, институтқа түсіп, жақсы оқып, үлгілі боп бітіріп, алға қойған мақсаттарына жететіндіктеріне сенемін деді. Ал маған қарап тұрып: «Берікболов орманшы болуға лайық. Одан алыстың қажеттігі жоқ. Содан кейін, «Лениншіл жас» газетінің кешегі нөмірінен оқыған шығарсыздар, біздің ауданның Шымқорадағы орта мектепті биыл бітіретін жастары бірі калмастан мал фермаларына жұмысқа барамыз деп үндеу қабылдапты. Өте жақсы бастама. Кейбіреулердің соған үн қосқаны дұрыс болар еді» деді. «Кейбіреулердің» дегені Қарагөзге арналғанын ішім сезе қойды, өйткені оның тым құрыса атын да атамады ғой. Қаным қайнап кетті, орнымнан атып тұрып, «жатаған жандармның» сығыр көзін көзіммен ойып алардай сұс төге қарап: «Біздің қыр соңымызға түсіп алатындай, біз сізге не істедік? Әкеңізді өлтірдік пе?!» деп қалғанымды аузымды жиып

ала бере аңғардым. Болары болды, бояуы сінді. Тым-тырыс бола қалдық. Гуіл де, күлкі де сап тиылды. Көзімді тайдырып әкеттім. Шыны сылдыр етті. «Жатаған жандармымыз» қолындағы кесесін жерге бір-ақ ұрғаны. Біреу «на счастье!» деді. Біреулер күліп жіберді. Тағы тым-тырыс бола қалдық. Фатих ағай орнынан көтеріле берді: «Қисық сөзді қысқартыңдар! Сұлтан, патефоның қайда? Билерің қайда? Кәне, биді бастаңдар, үш аяқтап мен де билеп көрейін» деп қос балдағын қолтығына тіреді. Сұлтан дегені дене шынықтырудан сабақ беретін жігіт еді. «На счастье!» деп қалған да сол екен. Ол бұрыштағы патефонына қарай жүгірді. Ал «жатаған жандармымыз», біз өкшесі тақтай еденді піскілеп, басын оң жағына қарай қисайта қаздиып, шығар есікке беттеді. Одан жөн сұраған да, оған жөн айтқан да ешкім болмады. Қарсымда отырған Тұрған: «Последний вечер, қалды жетім-жесір» деп күңк етті. Мәден мен Ғайни күліп жіберді. Мағрипа: «Кетші әрі!» деді, ол да күңк етіп. Күйтабақтың үні шықты. «Оныншы «Б» класы оныншы «А» класын вальске шақырады!» деп «Б» класының старостасы Дулат екпіндей дөңгелене билеп шыға келді, орта-ға-а-ағ-ға-ақ... – деп Ақаштың дауысы бұзылып кетті. Құдды біреу көкірегіне түйіп-түйіп жібергендей болды.

– Ақа, о не? – деді Ғабдол, басын көтеріңкірей көз тастап. Ол Ақаштың жүрек тұсын қос қолдап баса бүктетіліп қалғанын көріп шошып кетті. Қарсы алдына дізерлеп отыра қалып, Ақаштың сусыған шаш жауып кеткен бетіне үңіліп: – Ақа! О не, Ақа?! Не болды?! – деп әбігерленді. Көршісінің жүрек ауруы бар екенін тұспалдап үлгірді. Не істеу керек? Шалқасынан жатқызып, жүрегіне массаж жасау керек, дұрыстап дем алдыру керек. – Ақа, шалқаңыздан жатыңызшы! Кәне, Ақа, шалқаңыздан жатыңыз, жақсы болады, жеңіл болады. Валидолыңыз қайда? Бар ма еді? Айтсаңызшы, әперіп жіберейін. Жақсы болады. Ақа, а, Ақа?!

Ақаш бүгілген қалпын жаза алмады. «А-ай!» деп қинала бір тыныстады. Ғабдол ұшып тұрып, купе терезесін барынша көтеріп ашып жіберді де, Ақашқа бір қарап алып, есікке ұмтылды. Ниеті – дәрігер іздеу. Дереву іздеп таппай болмайды!

– Дәрігер дейсіз бе? Жүрек ауруы ма? – деп сапаршы жігіт

те абыржып қалып: – Екі вагоннан кейін, он төртінші вагонда, пойыздың бригадирі бар, жүріңіз, радиомен хабарлай қойсақ – болды, табылады. Жүріңіз. Мұндай жағдай талай болған, – деді де, Ғабдолдың алдына түсе жөнелді.

Пойыз бригадирі қою қара мұртты, көзәйнекті қазақ екен:

– Он бесінші вагонның жетінші купесінде Сана апай жатыр, кардиолог. Жүгір, бар! – деп сапаршыны жұмсап жіберді де, Ғабдолға: – Сіз жолдасыңыздың жанында болыңыз. Сана апай қазір-ақ барады. Кеше он тоғызыншы вагондағы сондай бір жолаушыға жәрдем берді. Жақсы дәрігер, – деді.

...Ғабдол қайтып келсе, купе іші ұйқы-тұйқы болып қалыпты. Пойыздың екпінімен еселенген жел газет-журналдарды шашқан. Терезенің келте шымылдығы су сабалаған қаздың қанатынша далдандап тұр.

* * *

Алматының жазға бергісіз жайдары күзі болатын. Сейсенбі, қазанның 16-сы. 1984 жыл. Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандық партизандар туралы деректі повесть жазып жүрген Ғабдол бүгін Киевке ұшпақшы. Ол жиылып-теріліп, сағат онда үйінен шыға бере пошташыны ұшырастырды.

– «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» деген рас, жолың болады екен, қайным. Өзіңе қалыңдығы кітаптай бір заказной хат бар, ала ғой, – деді пошташы әйел Сәмиға сампылдап. Сөмкесінен «кітаптай» хатты да, оны табыс еткендігін куәландырып қол қойдыратын дәптерін де алды. Хат сыртындағы адреске үңілген Ғабдол: «Өскемен қаласы, Абай көшесі, №51 үй. А.Біртанысов» дегенді оқып, «Біртанысы қай таныс?» деп күбірледі.

– Маған бірдеңе дедің бе? – деп пошташы елең ете қалды.

– Жоқ, сізге ештеңе деген жоқпын.

– Қайдан білейін, сөйлеген сияқты болған соң...

– Мына хатты жазған кісіні танымайтын тәріздімін, фамилиясы да қызық екен, «Біртанысов» дейді. Соған таңданып тұрмын.

– Е, бәсе. Өзің, немене, бір жаққа аттанып барасың ба?

– Баяғы командировка.

– Онда жолың болсын!

– Айтқаныңыз келсін.

Ғабдол хатты үйге тастап кетуге бір оқталды да, ол райынан қайтып, портфеліне салып алды. Самолетте оқымақ. Шынында, кітаптай. Бірақ жұмсақтау. Сірә, бірнеше дәптер шығар.

Самолет барар бағытына қарай бет түзеп, межелі биіктігіне көтерілді. Киевке дейінгі жолдың ұзақтығы бес сағат. Ғабдол дәл қазір уақытқа бай; Біртанысовының «кітабын» бір емес, екі-үш қайтара оқып шықса да мейлі.

Қолдан жасалған көк конвертті ашып қараса, – қатырма мұқабалы қалыңша екі дәптер екен. Нөмірлеп қойыпты. Басқа бөлек-салақ сәлем, хат-хабар жоқ. Әңгіменің бе, повестің бе қолжазбасы болды ғой деп ойлады Ғабдол. Жаңа бастап жүрген жас жазушылардан мұндай қолжазба келіп тұратын. Ақиқат ақпарлы повесть жазатын Ғабдолға жас әріптестер тырнақалдыларын жолдап, пікірін сұрайтын. Мынау ол қолжазбалар сияқты машинкаланбапты. Көк сиямен, асығыстау жазылған. Өшірілген сөздер де, тұтас сөйлемдер де көп. Бірінші дәптердің бетін ашты:

«Ғабдол!

Тандансаң да осы, танданбасаң да осы, бауырым. Екеуіміз пойыда танысып, пойызда көз жазысқаннан бері бес ай өтті.

Мен тірімін. Тегі бұл ғасырда өле қоймайтын да шығармын. Солай-ақ болсын, ә?

Бауырым, мен «Біртанысов» емеспін. Ақаш Берікболовпын. Есіңе түсірдің бе? Әкем Берікбол болған соң одан туған мен неге осал болайын, солай ма?

Мені пойыздан түсіріп алысымен сол стансадағы ауруханаға салыпты. Есімді екінші тәулікте жиыппын. Жүрек байғұсымның кейде сөйтіп еркелеп алатыны бар, қайтейін, «Қарғайын десем, – жалғызым, қармағайын десем, – жалмауызым». Қой, «жалмауызым» демейінші. Не болса да маған жер бастырып жүрген осы «жалғызым» емес пе? Ол қайбір еркелейді дейсің, біз артқан жүк-салмақты ауырлап, тәлтіректеп-тәлтіректеп кетеді де. Сүрініп те қалады. Әйтеуір, жығылмаса екен! Біз жығылсақ та, ол жығылмасыншы, – бізді тұрғызып алатын да өзі ғой оның.

Мен ол ауруханада бір ай жаттым. Әрең тұрдым. Тұруым

өте қажет болды. Алматыдан інім мен келінім келген-ді. Пойыз бастықтарының мені вагоннан алып түсіп, «жедел жәрдемге» жеткізгендерін білем, одан арғысы беймәлім болды емес пе. Есімді жиып, тілім шыққан соң ініме телеграмма соқтырғанмын. Екі өкпелерін қолдарына алып жетіпті екі қарғам. Інім мен келінімді айтам. Содан інім жанымда қалып, келінім үйіне, Алматыға қайтты.

Алматы...

Алматыға ең бірінші рет барғанымызда-ақ менің жолым болмап еді...

Егер ұмытпасам, саған өзім туралы айтқан әңгімем біздің оныншы класты бітіруімізбен үзілді-ау деймін. Сондағы «мен туралы жазсаңшы» дегенімді сен шын көріп қалған жоқсың ба? Ол менің жай бір әзілсымағым болатын. Мен туралы, мысалы, кітап тұрғай очерк жазатын да ештеңе жоқ. Оным толып кеткен көкірегі құрғырды ортайтуды ойлаған тәсіл еді. Сенің орнында басқа біреу болса, сендей жазушы емес, не орманшы, не бухгалтер, әйтеуір, кім болса да, мен оған да сол әңгімемді айтқан болар едім. Көкірегің толып кеткенде айтарынды жаныңда сырласың жоқта жүзі жылы бейтанысыңа да айтып, жаңағы жалғызыңның – жүрек байғұсыңның жүгін жеңілдеткеніңше іштей қиналып бітесің. Басымнан кешкен. Мына хатты жазып отырғанымның себебі де сол, Ғабеке, әйтпесе соңыннан қуып жүріп, өзім туралы бірдене жаздырмақ ниетім жоқ. Басын естідің, енді соңын да тыңда. Кісінің көңілі күпті болмағаны керек.

Әңгімемді жалғайын.

Біз оныншы класты бітірдік. Жан-жаққа тарайтын болдық. Бәріміз де институтқа бармақшымыз. Қарагөз екеуіміз Алматыға аттанбақпыз. Мен Абай атындағы педагогикалық институттың тіл-әдебиет факультетіне барамын, Қарагөз қыздар институтының физика-математика факультетіне түспекші. Керек екен деген қағаз-мағазды түгел әзірлеп, енді не самолетке, не пойызға билет алуды жоспарлап жүрген бір күні Қарагөз сегізінші класқа көшкен бауыры Жеңістен записка беріп жіберіпті. «А!.. Ертең автобуспен Өскеменге барып қайтайық. Ақгүл сонда ауруханада жатыр екен, он жеті күн болыпты. Естіп пе едің? Оған операция жасайды дейді.

Сырласым болмаса да, Ақгүлді мен өте сыйлаймын. Барасың ба?» депті. Шынымды айтайын, қатты қуандым. Қарагөзбен бірге Өскеменге барып, күні бойы бірге жүріп қайту дегенің ғажап саяхат емес пе?! Ақгүлді көрмегеніме біраз болғаны сонда ғана есіме түсті. Оның қайда екенін сұрайтындай себебім де жоқ еді. Операция жасайтыны сәл ойландырды. Оның өкпесі ауыратынды. Оқуды доғарған себебі де сол. Операция жасаса, жазылар. Көңілін сұрап барып қайтқан дұрыс. Қарагөзге: «Кеттік. Ең бірінші рейспен. Автостанцияда күтемін!» деп жауап жаздым...

Ақгүл Өскеменнің Гавань деген бөлігінде екен. Аурухананы тез тауып алдық. Қарагөздер бұрынырақта Өскеменде төрт жыл тұрыпты. Жолбасшы Қарагөз болған соң, мен адасармын ба!

Аурухана ұзыннан-ұзақ салынған ағаш үй екен. Қарагөз мені босағаға кідіртіп, өзі ішке кіріп кетті де, көп кешікпей шығып: «Жүр, палатасына кіреміз» деді. Іште бір қартаңдау орыс әйел екеуімізге екі ақ халат берді. Қарагөз алға түсті, мен соңынан ілестім. Коридор күңгірттеу, бас-аяғында ғана электр шам жанып тұр. Ішкі иіс күлімсілеу. Еден тақтайы сықыр-сықыр етеді.

Бір бөлмеге барып кірдік. Күн түсіп, жап-жарық болып тұр екен. Екі төсектің бірі бос, бірінде Ақгүл көзін жұмып, шалқасынан жатыр. Бұйралау шашы, кең маңдайы «мен мұндалайды». Ақ қапты көрпесін алқымына дейін қымтана жамылып алған. «Ұйықтап жатыр» деп аузымды жиып үлгіргенімше болған жоқ, Ақгүл көзін ашып, бетін бізге бұрды. Әншейіндегі үлкен көзі мүлде алақандай боп кетіпті.

Ақгүл жанына жақындаған бізге таңдана қарады. Басын көтермек болып ұмсынып, бірақ көтере алмай, ернін тістеп, бетін ірге жағына бұрып әкетті. Иық тұсы дір-дір ете қалғанынан Ақгүлдің жылап жібергенін аңғардым. Бет-алдымды ыстық бу шарпығандай болды. Ал Қарагөз тез ұмтыла еңкейіп, Ақгүлді шашынан сипап, самайынан сүйіп: «Ақгүл, қойшы, жыламашы! Қойшы, айналайын, жыламашы!» деді. Өзінің де үні бұзылып шықты.

Біз палатада қырық минуттай отырдық. Сөзіміздің басы онша құралмады, әңгімеміз сұрақ-жауаптың о жақ, бұ жағындағы бірдене болды. Ақгүл: «Операция жеңіл болатын, сәтті өтті, бір

сағатқа ғана созылды. Енді екі-үш аптадан соң үйге қайтамын» деді де, палаталас көрші кемпірдің, тағы басқа сырқаттардың мінез-қылықтарын айтып, сөзді өзінен бұрып, көңілді болуға тырысты.

Медбике әйел кірді. Укол салатын, әйтетін-бүйтетін асай-мүсейлерін сайлап келіпті. Біз қоштастық. Ақгүл құдды ересек кісіше Қарагөзді мандайынан сүйді. Менің қолымды әлі келгенше қатты қысып, көзіне жас толып: «Жолың болсын!... Жолдарың... жолдарың болсын!..» деді. Мен есіктен шыға бере бұрылып қарап едім: Ақгүл басын сәл-пәл көтеріңкіреп, мәңгі-бақи қалатын жандай қинала қарап жатыр екен. Менің бет алдымды тағы да ыпыстық бу шарпығандай болды.

Қарагөз екеуіміздің әңгімеміз де жол бойы қиюласа қоймады. Алматыға қай күні аттануымыз керек екенін айтып едім, «әринеден» асып жауап қатпады. «Ақгүл тағы да оқи алмайтын болды. Обал болды» деп автобус терезесінен далаға мұңая қарады. Сұлу рең реніш-кейіс сәтінде де сұлу көрінеді екен. Мен Қарагөздің мұңайып қырын отырғандағы әсем ажарына, басқаларда жоқ ерекше көркіне қызыға да, қызғана да қарадым. Мен үшін ғана, менің күнде көріп, іштей тамашалап, тамсанып, басқалардың көзінен қызғанып жүруім үшін ғана жаралған жан екенін санама бекіткен сайын мен оған ынтыға түстім. Қарагөздей қыз тіпті Алматыда да жоқ екеніне титтей де шүбәланбадым. Хадиша апай әндетіп айтатын дастандардағы Баян, Жібек сынды арулардың өзі осы менің Қарагөзімдей ғана сұлулар шығар деп ойлап қоямын.

Ғабеке, сөздің реті келген соң айта отырайын. Хадиша апай дегенім – біздің ауылдағы қисса айтқыш әйел. Жасы қырыққа ілінген болар. 17 жасында ұзатылып, бір жылдан соң күйеуі қайтыс болып, Күпән деген қызымен қалған. Өзі күйеуінің жылын беріп жатқан күні жығылып, бір қолы, бір аяғы тартылып, үш жыл бойы сал боп жатқан.

Қазір қызы екеуі тұрады. Апайдың аяғы қалыбына келген де, қолы оңалмай қалған: ұзындығы кемімегенмен, бес-алты жастағы баланың қолындай жіп-жіңішке, саусағы кіп-кішкене. Кемтар қолын көйлегінің белбеуіне қыстырып жүреді. Өзі әліпті таяқ деп білмейді, ал қиссаларды жатқа айтқанда кітапқа бергісіз. Біздің

үйдө «Тоғыз батыр» жинағы бар, Хадиша апай қиссалардың бірін айтуға кіріскенде мен сол кітапты ашып қойып қадағалап отырамын, – бір де бір жолын қалдырмай айтады. Мүдірмейді-ау, мүдірмейді. Ауылда той-томалақ болғанда ақсақалдар жағы Хадиша апайды шақыртып алып, түннің бір жеріне шейін қисса тындасады. Апайдың мақамы да әдемі-ақ. Ашық қоңыр үнмен қоңыраулатып бастап, бірде баяу жырлайды, бірде желдірмелеп кетеді. Оқиға ырқына орайластырып, тындаушысын ертіп, елітіп, бірде жадыратып, бірде түнертіп отырады. Бір ерекшелігі – жортақтауы, жұлқынуы, алқынуы жоқ; дауысының ырғағына қарай әсем ғана теңселіп отырады. Орамалынан сусып кеткен шашын сау қолымен жиыстырып, орамалын түзеп қояды, басы артық бар қимылы – сол. Инабатты адам. Хадиша апайдың әкесі қисса айтуда алдына жан салмаған екен және ол күй тартқанда ашық күн түнеріп, түнерген күн ашылып кететін дейді, өнерге тәттілер әсірелеп. Хадиша жарлы үйдің жалғыз перзенті екен. Әке-шешесі көз жұмғанда дүние-мүлік дейтіннен қалғаны жалғыз ғана ақ домбыра болыпты. Хадиша әкесінің сол ақ домбырасын төріне іліп сақтап келеді, ешкімге ұстатпайды деседі. Солай болса солай да шығар, онысын мен білмеймін, үйінде болған емеспін, ақ домбыраны көрген жоқпын. Менің бар ойлайтыным – телевизиядағы ағайындар Хадиша апайдың өнерін пленкаларына жазып алса, қандай ғажап болар еді деймін. Ауыл-село басы Хадиша жоқ шығар. Телевизияға осы ойымды екі дүркін жаздым да, бірақ ондағы жолдастар менің ақылыммен бай болып қайтсін, жауап та бермеді. Өзіңе де белгілі шығар, қырғыз телевизиясынан кәрі-жас манасшы-жыршыларды көріп-тыңдап отырғаныңда айызың қанады-ақ, ә?!

Жарайды, елдің Хадишасын қойып, өзімнің Қарагөзіме қайтып оралайын.

Иә, біздің сөзіміз шөлейттегі түйенің қылтанақ шалғанындай болып шықты. Мен анда-санда бірдеңе деймін, ол басын не изейді, не шайқайды, немесе иығын қужың еткізеді. Маған қарағанынан терезеге қарағаны ұзақ. Мен де дізгінімді тартыңқырадым. Оның Ақгүлді ойлап, аяп келе жатқанын, аяныш сезімін шектей алмай отырғанын сездім. Кімді болсын есіркеп-мүсіркегеннен басқа не

келеді қолымыздан, деймін іштей. Ақгүл бейнетті тартып-ақ жүр. Бейшараның тағдыры неге сонша тарғыл болғанын айтсаңшы. Жастай ауырды. Оқуды тастауға мәжбүр болды. Енді операция жасатып жатқаны анау. Ақыры қайырлы болсын де. Сауығып кетсе, – ғұмыры әлі алда.

Автобустан Қарагөз бұрын түсетін еді. Ол орнынан көтеріліп: «Сен шықпай-ақ қой. Сау бол. Ертеңдер хабарласармыз. Бүгін басым ауырып тұр», деп иығыма қолын салып, мені орныма отырғызды да, өзі есікке беттеді. Мен соңынан қарап қала бердім. Автобустан түскен соң ол енді мені көзімен ұзатып қала берді, – не жымиган жоқ, не қолын бұлғаған жоқ, бар болғаны басын екі рет изеді. Мен Қарагөздің ол күйін Ақгүл халіне жаны күйзеліп қайтқан тым сезімталдығына жорыдым.

Ертеңінде кешке Қарагөзден тағы да записка келді. «Біз таңертең Семейге жүреміз. Алматыға сол жақтан баратын болдым. Папамның шаруасы өте тығыз екен, мамам үшеуіміз ерте аттанбақшымыз. ЖенПИ-ден табарсың. Сау бол!» депті.

Сөйтіп, Алматыға не поезбен, не самолетпен бірге барамыз деп жүрген тәп-тәтті ойым, әлгі ақындар айтатындай, қол жетпес арман болды да кетті...

...Қарагөзді ЖенПИ-ден таба алмадым. Құжаттарды қабылдайтын комиссиядағы алтын тіс келіншек маған: «Шырағым, осы бәрімізді сен-ақ шаршататын болдың! Сәйдімбековаңды тығып қойды деймісің?! Ертең шілденің 31-і ме? Ертең сенің Сәйдімбековаң келсе бар ғой, анау есіктің сыртына сыйғанынша дәу суретін салдыртып қояйық та, сенен сүйінші алайық, шырағым, бүгін миымызды шұқымашы енді!» деп, төртінші рет сұрастыра барғанымда шыжғырулы майша шыжылдап ұзатып салды.

31-ші шілде де өтті, тамыздың алғашқы аптасы да өтті, – Қарагөз жоқ. Үйіне хат жаздым, төзімім таусылғаны сонша, іле телеграмма салдым, – жауап жоқ. Тамыздың 16-ы болды. Үшінші емтиханда ерім мойныма кетіп, «айналайын ауылым, қайдасың?» деп, келген ізіммен аман-есен кері аттанатын болдым. Мен оған айылымды жимадым. Қайта қуандым. Маған институт арзан, Қарагөз қымбат кез!

Институтты бітіріп келгендей арсалаңдап жеттім үйге. Шешем

шошып кетті: «Сені әлі келмейді деп еді, мұның не? Амансың ба өзі? Не боп қалды?» деді. Әкем мырс-мырс күлді де: «Бізде ағаш отырғызуға кісі жетпей, қиналып жүр едік, дұрыс болды. Төрт класс біліммен мен де жүрмін, нешауа!» деді. Ал менің өз «нешауам» өзімде. Қарагөзді іздеуге кірістім. Бірақ көп сандалған жоқпын. «Сәйдімбеков Семей облысының бір руднигіне бастық боп ауысып, көшіп кетті» деген «соңғы хабар» сопаң етті. Ал керек болса! Қарагөздің: «Папамның шаруасы өте тығыз екен», дегені енді түсінікті болды. Е, мейлі, әкесі облысқа бастық болып кетсе де еркі, ал Қарагөзге не болып қалды? Оқуы қайда? Қайдан іздеймін? Қай ауданға барды екен? Қалай іздеу керек?.. Миым ашыды. Оныншы класқа енді баратын жоддасым Әнуармен ақылдасып едім, ол: «Семейдің обкомына телеграмма соқ. Осылай да осылай, туысым еді, сол кісінің қайда барғанын хабарлауларыңызды өтінемін деп жаз, сонсоң олар жауап береді» деді. Құдды өзі обкомда қызмет істеп, сондай телеграммаларға жауап беріп үйренгендей нықтап айтты. Дедектеп поштаға бардым. Ақгүлдің орнында бір бөтен қыз отыр: сабалақ шашын екі иығына жайып жіберген. Суқаным сүймей қалды. «Ақгүл жұмысқа енді екі күннен кейін шығады», деді ол. Мына пәлеге жоламайын, Ақгүл шықсын деп ойладым да, үн-түнсіз кете бардым.

Сол күні кешке көшеде Ақгүл кездесе қалды. Көңілін сұрай үйіне кіріп-шықпағаныма өкініп үлгіргенімше болмады, Ақгүл:

– Келгенінді естідім. Иә, халың қалай? Жүдеп кетіпсің ғой? – деп күле қарсы алып, қолын ұсынды.

– Өзіңнің де алақандай боп көзің ғана қалыпты-ау?! Қалайсың? Денсаулығың қалай? Бағана поштаңа іздеп барып едім, жұмысқа екі-үш күннен кейін шығады деді, әлгі бір албастыдай қыздарың, – деп бұра тарттым.

– Саған хат бар деген, алдың ба? – деді Ақгүл.

– Қайдағы хат? Кімде? – дедім. Сірә, дауысым дұрыс шықпаса керек, Ақгүл маған салмақтана қарап:

– До востребованиядағы Мәруа айтты. Ертең барып ал. Жарайды, мен асығыс едім, сау бол, тағы кездесеміз ғой, – деді де, бұрылып кете барды.

Мен үйге қарай аяндадым. «Қарагөз! Қарагөздің хаты! Менің Қарагөзімнің хаты! Не жазды екен? Қалай көшкендерін, қайда барғандарын, адресін жазған шығар?» деп көкірегімде қуаныш қаулай жөнелді.

Ғабеке, менің сол түні ұйықтап қарық болмағанымды, сағынтқан Қарагөзді қайта-қайта ойлап, онымен алғаш танысқаннан бергі тірлігімді көз алдымнан қайта-қайта өткізіп, сүйіспеншілік сезімнің ып-ыстық толқынында күйіп-жанып, жанымның бір жақсы қиналыс кешкенін ұғып отырған боларсың. Ал соның ертеңіндегі хал-күйімді әрі анық, әрі толық сезіне алуың үшін Қарагөздің хатын, міне, саған көшіріп жолдап отырмын. «Ақан» дегені қате жазғаны емес, – Қарагөз мені Ақаш демейтін, Ақан дейтін. «Ақан» деген жақсы көретін. Сонымен, Қарагөздің хатын оқы, бауырым.

«Ақан, менің бұл хатым қолыңа тие ме, тимей ме, білмеймін. Институтқа оқуға түскендер колхозға жұмысқа аттанар алдында үйлеріне бір аптаға жіберіледі екен, сен де келетін шығарсың, менің хатымды сол кезде аларсың деп ойладым. Өйткені поштадағы қыздар сені таниды ғой, хат барын айтады деп сендім. Ақгүл қалай екен?..

Ақан, сен менің әке-шешемді сырттай ғана танысың, кімекендерін білмейсің. Олар – біріне-бірі кереғар жаратылған кісілер. Әкем – өте жақсы адам, ал шешем – «Шашы ұзын, ақылы қысқалардың» бірі. Күйеуінің жақсылығынан адам болып, басқалармен терезесі тең болып жүрген, "Пәленшекеңнің бәйбішесі», «Түгленшекеңнің үйіндегі жеңгей» атанып жүрген пәтуасыз әйелдер аз ба? Солардың бірі – менің шешем. Мұны саған жанымды шырылдатқан бір шындықтың бетін ашу үшін айтып отырмын. Менің сенімен жолыққанымға шешем алғаш сезген сәтінен бастап қарсы болған. «Үлкен оқымыстының қызы қайдағы бір орманшының ұлымен қол ұстасып жүр деген неткен сұмдық!» деп бажылдап еді, сол сөзінен бүгінге шейін жаңылмай жүр. Мен де, әкем де ештеңе түсіндіре алмадық. Шешем: «Кұда-құдағиым өзіммен тең болмаса, асылып өлем!» дегенінен танбады. Әкем екеуіміз қажыдық. Әкеме жаным ашиды. Шешем: «Бұл жақтан кетем, көшем!» деп шырқымызды бұзып болды. Тіпті Алматыға, министрге хат жазыш жіберіпті. Оған

нені төндіргенін кім білсін, аудандық партия комитетінің бірінші секретары әкемді шақырып алып: «Обкомнан телефон соқты, сізді көрші облыстың бір руднигіне ауыстыру туралы министрліктің шешімін алыпты. Мұндағы ісіңізді тапсырыңыз», депті. Әкем жағдайды түсіндірмек болған екен, бірінші секретарь: «Әйеліңізге де, сізге де адвокат бола алмаймыз!» дегенді айтыпты. Әкем маған: «Айналайын, жүрегің кімді қаласа, сонымен бол», деді. Мен ары ойладым, бері ойладым. Көп ойландым, Ақан, көп ойландым. Шешеме қарсы ұшып, еш жазығы жоқ әкемді құрбан еткім келмеді. Оның қызметіне кесірім тиюі мүмкін. Оның коммунистігіне залалым тиюі мүмкін. Ал шешемді білем, ол өз дегеніне жету үшін қандай ессіздіктен болсын тайынбайды. Ақырында әкеме обал болады. Әкемді аяймын.

Мені ұмыт. Ақан, ұмыт. Ұмыт мені. Саған пірімдей сиынып, сенен бір ғана өтінерім, тілерім: мені енді ешқашан іздеме; жазғыра көрме мені. «Махаббатымызды қорғай алмадың, өзіңді қорғай алмадың» деп жазғыра көрме. Оның бәрін де ойладым. Мен өзімді қорғаймын деп, екеуіміздің махаббатымызды қорғаймын деп әкемді отқа тастай алмаймын, өйтуге арым бармайды. Шешем менен ала алмаған өшін әкемнен алар. Әкемнің жазығы не, кінәсі не? Оның күні не болады? Мен өзімді ойлауды қойдым, әкемді қорғауды ғана ойлаймын.

Ақан, сен кешір мені. Ашуға жеңдірме, ақылға жеңдір. Бар өмірің алда. Мен саған бақыт тілеймін. Менен әлдеқайда артық қыздардың бірін кездестіретініңе, бақытты болатындарыңа сенемін. Мені ұмыт, іздеме. Ақгүлге сәлем айт. Ақгүлдің сырқатынан әбден сауығуына, ұзақ ғұмырлы және бақытты болуына тілектеспін!!!

Қош бол, Ақан! Қарагөз».

Міне, бауырым, Қарагөздің менде қалған бар-жоқ белгісі – осы хат. Мен де көп ойландым. Қарагөзді түсінбедім, түсінгім келмеді. Оны іштей айыптадым, жазғырдым. Іздеп барғым келді, шешесінің бас терісін аузына қаптағым келді. Тым құрыса, сөйтіп бір есе қайтарайын дедім. Жоқ, өйтпедім. Қарагөзден айырылатыныма сенбедім. Қарагөзсіз өмір сүретініме иланбадым. Ол да шарасыздықтың шегіне жетіп, тиянақты ештеңе дей алмай, мені

байқайын деп ойлаған болар. Мен көне салсам, жігерім құм болып, жасып қала берсем, ол да тыныш таппақшы шығар. Шешемді ерегестіре беріп қайтем, әкем екеуінің арасын ашып қайтем деген. Арым бармайды депті. Жаным да, махаббатым да арымнан қымбат емес дегені ме? Онысын қалай түсіну керек? Не деп түсіну керек? Солай қалмақшы ма? Махаббатсыз, келешексіз, отбасынсыз өтпекші ме? Әлде әке-шешесі, жоқ, әкесі емес, шешесі ұйғаратын біреуге, өздеріндей бір үлкеннің ұлына қосылып кете беруге көне ме? Мені сүйгені рас болса, онысы қалай? Басқа біреуді тағы сүйе ала ма? Өйтсе, махаббат деген сезімнің не болғаны?..

Қойшы, Габеке, сөйтіп мен іштей жанталасқа ұшырадым. Қарагөз ойланар, тағы да хат жазар деп күттім. Қарагөздің өзінен бір емеурін болмайынша іздеп баруға тәуекел жасай алмадым. Мен іздеп барсам, Қарагөз мына хаттағы сөзін айтса, не шықты? Оны қинағанда қай мұратыма жетем? Қой, шыдайын, тосайын, Қарагөзден хат келмей қоймайды; алты ай бойғы сезімді, айтылған жалын сөздерді, ұштасқан армандарды бір хатпен жоққа шығара салуы мүмкін емес деп ойладым. Қарагөзден хабар күттім.

Күзде ағаш егетіндердің бригадасына жазылған болатынмын. Селодан жиырма сегіз шақырым жерде жұмыстамыз. Жексенбі күні ғана боспыз: ол күні мен таң бозынан тұрып, салтатпен үйге келемін. Кір-қонды жудырып, аптаға жетерлік тамақ алып, кештетіп бригадаға қайтамын. Мәруаға жолықпай кетпеймін. «Маған хат жоқ па?» деймін. «Әзірше жоқ», дейді. Әзіршенің ақырын күтемін. Сол күтумен үш ай өтті. Іштегі жалын бәсеңдей бастады. Кейде өршіп-өршіп, шарпып-шарпып алады да, қайтадан бәсеңдейді.

Поштаға жұмысқа орналастым. Экспедитормын. Ақгүлді күнде көремін. Ол менің халімді түсініп, әзіл-қалжыңын араластыра жұбатып қояды. Осы маңайда қай қызды ұнатсаң, соны маған көрсет. Бәлем, ендігісін бе! Ендігісін сенің ашсаң алақаныңда, жұмсаң жұдырығыңда болатындай етіп, өзім бақылап жүремін деп қояды. Екеуіміз кешке бірге қайтамыз. Кейде киноға барамыз. Жаңа жыл жақындады. Мектепті бірге бітіргендерден селода төртеу-ақ бармыз. Аралас-құралас, сырлас болғандарымнан ешкім жоқ: бірі институтқа, бірі училищеге түсіп оқып жүр. Енді

біреулері Өскемендегі, Ақтаудағы, Асубұлақтағы комбинат, зауыт, фабрикада жұмыс істейді. Алғашқы кезде хат алысып тұрушы едік, бірте-бірте оны да сиреттік. Күнделікті тіршіліктің шылауымен кетсек керек.

Желтоқсанның 29-ы күні Тұрғаннан хат алдым. Ол Лениногордың кен барлау техникумына түскен-ді. Хатын бас-көз жоқ: «Құрметті Байланыс министрі Ақаш Берікболов жолдас, сүйіншіңізді атай беріңіз: мен кеше Қарагөз Сәйдімбекованың қайнысы Махмұт дегенмен таныстым, ол осында орман шаруашылығы техникумында оқиды екен. Ал сіздің Қарагөзіңіз райисполкомның құдайының үлкен ұлына, Махмұттың ағасына әйел болыпты, жақында, 6-қарашада. Құттықтаймын! Оның ақылы аздау екенін сезуші едім, бірақ сізден жасқанып айтпаушы едім.

Что же, барсын! Тым сұлуға сенбеу керек! Привет! Асығыспын. Кейінірек дұрыстап жазармын», депті де, айғыздап қол қоя салыпты. Ал керек болса!

Жаңа жылдың кеші де, аракідік кино да адыра қалды. Үйге де, түзге де сыймадым. Қорлаңдым, намыстандым, күйіндім. Бірақ қайтейін, «Намыстан, уа дариға-ай, өлгенім жоқ».

Ақпан туды. Киноға бара бастадым. Кейде Ақгүл екеуіміз, кейде Мәруа үшеуіміз барамыз.

22-ақпанда клубта Армия күніне арналған кеш болды. «Алтайзолото» басқармасының өнерпаздар коллективі концерт қойды. Соңынан би болды. Түнгі сағат 12 шамасында тарқастық. Ақгүл екеуіміз бірге шықтық.

– Биші екенсің ғой, кім білген. Әдемі биледің, – дедім.

– Жә, мақтама. Көзің тиеді, – деп күлді.

Содан кейін екі көше бойы үндескен жоқпыз. Клубтан ұзаған сайын кісі аяғы саябырсып, қар сықыры азия берді.

– Сен, немене, жүнжіп, сонша, Қарагөздей қыз табылмайды дейсің бе? Қой ары, о несі? – деп Ақгүл қуақылана сөйлей күліп, мені қолтықтап алды.

Сол қолтықтасқан, оны-мұныны айтысқан калпымызда үйге жеттік. Ақгүлдің үйінің есік алдына тоқтадық. Жым-жырт.

Терезелер тұңғыық. Аспан бүлтты. Көше шамдарының екеу-үшеуі ғана жанып тұр.

– Әкеліп салғаныңа рахмет, көп жаса, ал сау бол! – деп Ақгүл қолын ұсынды. Сол сәтте құдды біреу кенет әмір еткендей-ақ, мен Ақгүлді бассалып құшақтай алдым да, бейқам қызды бетінен, көзінен сүйе бастадым. Екі қолымен сабалай қарсылық көрсеткенін елемедім. Ол тосын о жарлығымның, ұятсыздығымның ақыры Ақгүлдің де мені қатты қысып құшақтауымен бітті. Құшағымыз жазылған әредікте Ақгүл омырауыма бетін басып тұрып:

– Мен сені сүйемін, баяғыдан сүйемін! – деп өксіп-өксіп қалды да, бұрылып кете барды.

Мен не істеп, не қойғанымды, не дерімді білмей, меңірейіп тұрып қалдым.

Мен иен далада жүргендей күй кешіп, Қарагөз бен Ақгүлге жарылып, жанымды отқа да, суға да салдым. Қарагөз деп оянған алғашқы сүйіспеншілік сезімнен қымбат ештеңе жоқ сияқтанды. Бірақ ол сезімім алданды, аяққа басылды. Кінәлі – Қарагөз. Алғашқы махаббат қайталанбайды, кейінгі махаббат алғашқыдай болмайды дегенді романдардан оқып, көңілге түйіп өскенбіз. Енді мен Қарагөзді сүйгендей кіршіксіз, қалтқысыз, ыстық махаббатпен ешкімді де сүйе алмаймын деп білдім. Ал Қарагөздің қылығы қытығыма тиген, жігіттік намысымды шабақтаған кездерде оны мүлде ұмытуға тырыстым. Оған ерегескенде тезірек үйленгім келді. Одан да сұлу қыз кездесе екен деген іштей арман-тілеуге бой ұрыңқырадым. Өзінен сұлуға үйленсем ғана Қарагөзден есем қайтады деп есептедім. Сөйтіп, неше қилы ой өрбітіп жүріп, бірте-бірте Ақгүлге ойыса бастағанымды өзім де байқамадым, аңғармадым. Күлегеш қыз атанған Ақгүл де көктемгі қызғалдақша құлпыра берді. Оны сезіп те, көріп те жүрмін. Ол менімен мүлде емін-еркін сөйлеседі, еркелейді, қалжындасады. Сол ашық-жарқын мінезіне, жас баланың қылығындай қалтарыссыз қылығына мен де балаша қызығып жүрдім де, бір кеште кинодан кайтып келе жатып, сонау жолғымша бассалып сүйіп: «Маған тұрмысқа шықшы! Үйленейікші!» – деп төтесінен бір-ақ тарттым.

Сөйтіп, Ақгүл екеуіміз үйлендік.

Ақгүлге үйленгеніме өкінген жоқпын. Одан ешқашан опық жеген емеспін. Ол өз жанының тыныштығын, өз басының пайдарақатын көксеп көрмеді. Ата-енені, қайнаға-қайныны, жеңгекелінді, тіпті алыс-жақын ешбір туысымызды жатсынбады, бәріне кәдімгі қолбалаша қалбалақтап жүрді. Келіншекпін деп алтын-күміске, модалы киімге әуестік білдірмеді. «Маған ананы әперші!» дегенін естіген емеспін. Сонысына риза боламын да, бұйырған тиын-тебенді алақанына салып отырамын. Киіміміз бар, тамағымыз бар. Ың жоқ, шың жоқ бір жайбарақат өмір өткізіп жаттық. Өскеменге көштік, үй алдық. Бір ұл, екі қыз өсірдік. Ұлымыз Ақжан – тұңғышымыз. Ол мектепті бітіріп, Өскеменнің жол-құрылыс институтына түсуге талпынды. Бірақ конкурстан өте алмай қалды. Қайтып келіп, құрылыста жұмыс істеп жүріп, жарты жылдан кейін армияға аттанды. Әуелде бізге бітпестей көрінген екі жылы екі айдай болмай өте шықты. Ақжан институттың күндізгі бөліміне тағы да іліне алмай, сырттай оқытатын бөліміне түсті. Баяғы құрылысына жұмысқа барды.

Ғабеке, үйлену, перзент сүю сияқты ұлы қуанышты, қызық-думанды өзің де басыңнан кешірген боларсың. Ал келін түсіріп, немере сүйіп көрген жоқсың, ә? Әлі жасырақсың ғой.

Біз келін де түсірдік, немере де сүйдік.

Бір күні ұлымыз Ақжан:

– Мен үйленемін, – деді. Тым киношыл болып кеткен-ді. Ақгүл екеуіміз бір-бірімізге қарадық. Түбі күткенмен, әзірше ертерек-ау деп жүрген қуанышымызды қалай қабылдауды, қайда сиғызарымызды білмей қалсақ керек:

– Ол кім? – деп қосарлана сұрадық емес пе!

– Қарлыға деген қыз. Жинақ кассасында инспектор, – деді.

– Білімі қалай? – деппін мен.

– Кассада инспектор деген не пәле? – депті Ақгүл. Ақжан айызы қана күлді де:

– Дұрыс қыз. Біз келісіп қойдық. Ертең ЗАГС-ке барамыз, өтініш береміз, – деді.

– Мәссаға-а-ан!..

– Ей, шырағым! Жыртар егістікті жыртып, себер тарынды сеуіп

қойғаннан кейін: «Мына жерді жырттып, тары сепсем қайтеді?» деп сұрамас болар. Осылай да ақылдаса ма екен, мұның не? – деймін ұлымызға.

– Ештеңе етпейді, заңға томпақ дәнеңе жоқ қой, – дейді ол күліп.

– Әй, батыреке! Оның кім ол? Көшеде кездескен біреу емес пе? Әке-шешесі бар ма? Той жасау керек болар? Жасау керек болса, ол тойға дайындық та керек, соны ойлау қайда? – деймін. Ақгүлге қараймын. Ол көзі жасаурап, аң-таң кейіпте.

– Әке-шешесі бар. Әкесі – ғылым кандидаты, институтта оқытушы, ал шешесі дәрігер болған, қазір жұмыс істемейді, – дейді ұл.

– Әкесінің атақ-дәрежесін қайтеміз, дені дұрыс адамдар болсын де. Ал сен қызды бізге көрсет, ертіп әкел, көрсет! – деді Ақгүл ұлына.

– Жарайды, ертіп әкелейін. Осы сенбі-жексенбінің бірінде ертіп келем! – деді ұл.

Ақжан сөзінде тұрды. Жалпы қазіргі жастар еркін емес пе, жігіті де, қызы да бірінің үйіне бірі бара береді. Ондай ашықтық, еркіндік жақсы, әрине. Тек қайсыбіреулерінің кейде оны шектен шығарып жіберетіндері, үйлену тойларын тезірек жасауға мәжбүр болатындары ыңғайсыз. Сөзді сөз қозғайды дегендей, Ғабеке, мынадай бір әңгімені де айта отырайыншы, қызық үшін. Біздің Оспан деген көршіміз бар. Сол айтады: бір күні «Балалар бұйымы» магазиніне бара қалсам, Тотан жүр екен дейді. Ол иттің келін түсірген тойында болғанмын, келінімізге ақ батамды бергенмін. Содан бес айдан кейін: «Тотанның келіні босанып, балпанақтай ұл тауыпты» деп естідік. Әйелім жүгіріп барып келді. Құттықтап. Мен бара алмадым. Балалар ыңғайсызданып жүрер деп. Тотан айтыпты: «Шілдехана тойын немерем бір жасқа толғанда бір-ақ жасаймын», депті. Сөйтіп жүргенде екеуіміз әлгі магазинде тоқайласа қалайық. Құрдас емеспіз бе, бұл итті бір шоңқитайын: «Немерең неменеге асығып келіпті, неден құр қалыпты?» дейін деп, тілім қышып, Тотанның ту сыртынан бардым да, иығынан түртіп қалып:

– Әй, мұнда не іздеп жүрсің? – дедім.

– Велосипед іздеп жүрмін, – дейді.

– Кімге?

– Немереме.

– Оныңның туғанына бір айдай ғана болған жоқ па?

– Тоғыз айлық жолдан бес-ақ айда жетіп келген күшіктің үш-төрт айда велосипед теппесіне көзің жете ме? – дегені. Сөйтіп алдымды орап кетті, атаңа нәлет», – дейді Оспан.

Мен де «велосипед іздеп» жүрмейін деп Ақжанға ептеп сұрақ қойғанмын. Ондайдан аулақпын деді ол.

Қарлығаны көрдік. Шай-пай ішіп отырып қайтты. Ақжан екеуі кетті.

– Иә, бәйбіше, келер келінің қалай екен? Ұнаттың ба? – дедім Ақгүлге. Көзі боталап, өңі қуқылданып, әлденеге алаңдағандай болып отыр. Мен ол күйін қалай түсінерімді білмей, сұрағымды қайталап едім, Ақгүл шаршаған адамның үнімен:

– Жүрегі суық сияқты... қайсысына тартқанын кім білсін... – деді.

Басқа жауап күтсем де, ондай жауап алуды тұспалдаған да жоқ едім, оқыс тіксініп қалып:

– Қойшы ары! – дедім. Сол сәт есіме Абайдың: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», дегені түсті. Ақгүлдің: «Жүрегі суық сияқты...» деп қалай, неге айтқанын ой таразыма салдым. Жаңағы Қарлығаның кескінін көз алдыма елестеттім: бойшаң, қалың шашты, көзі... көзі тым жалтырап тұр, шыны көзге ұқсайды... «Көз – көңілдің терезесі», деген... Сірә, Ақгүл оның «шыны» көзінен, «қыраулы терезесінен» жылу көре алмай, «жүрегі суық сияқты» деді-ау? «Қайсысына тартқанын кім білсін» деді және.

– Әй, Ақгүл-ай, ақ тілеу тілеші! – дедім әйеліме. Ол:

– Көресің әлі, – деді де, орнынан тұрып кетті. Ішімнен: «Е, не көрсек те екеуміз бірге көреміз ғой!» дей салдым.

Біраздан соң Ақжан келіп:

– Иә, келін қалай екен? – деп күле сұрақ қойды. Өзі көңілді. Дауысында «өз шешімім – шешім» деген рай және бар.

– Әй, бала, ол саған лайық қыз емес. Дорба ауыз, дөң жауырын, бұраң аяқ па, немене? Қайдан тауып жүрсің? – дедім. Ойыма үйірілген бар жауабым шынында сол болатын.

Кухнядан келген Ақгүл ұлына кейіп қарап:

– Егер менің тілімді алсаң, шырағым, әлгінді қой, ол саған адам болмайды, – деді.

Ұл ашуланып, бөлмесіне кіріп кетті. Ақгүлге қаталдау қарап, күбірлей сөйлеп:

– Саған не болды, ей? Мұнша шириққаның не? Үйіп-төгіп айтпасаң қайтегін еді? – дедім, өзім оңдырып айтқандай. Ақгүлдің сонша таусылып сөйлегенін, сонша кейігенін көрген жоқ едім.

– Менің айтқаным келмей-ақ қойсын, бірақ көрерсің әлі! – деді ол.

Жастар айтқандарын істеп, ЗАГС-ке өтініш беріп тынды. Енді құда түсу, тойға әзірлену ғана қалды бізге. Көрші тұратын апа-жездем, Ақгүл төртеуіміз барып құда түстік. Бәрі де дұрыс болды. Қыздың әке-шешесі олай-бұлай деп кергімеді. Тойды бірлесіп ресторанда өткізетін болдық.

Келін түсірудің қуанышы басталып кетті. Қарлығаны ұнатпай, анау-мынау мін таққанымыз мүлде ұмытылды. Ақгүл дегенің келініме пәлен керек, түген керек дейді де, жолдас-жоралардың машиналарын кезек-кезек мініп, күнара магазин аралайды.

Жалғыз ұлын үйленгелі жатса, тәңір-ау, сенде не тағат қалсын, не дәт қалсын! Келінді боласың, немерелі, шөберелі боласың. Сенің фамилияңды иеленетін, сенің өрісінді кеңейтетін, өмірінді ұзартатын, кейінгі ұрпағыңды көбейтетін алғашқы ұрпағың дүниеге келеді. Мың жасайды дейтіні сол емес пе?!

Ақгүл екеуіміз әбден шабылдық. Туыстарымыз да қызылтанау. Мен құрдастарымның бәрінен бұрын келін түсіретінімді ерекше бір мақтаныш па, мәртебе ме, әйтеуір, бір ғаламат мерей деп біліп, бұл той жыры өзіміздің де, аралас-құралас құрдастарымыздың да, ағайын-туғандардың да, дос-жолдастардың да, алыс-жақындағы естігендердің де есінде қалсыншы деп ойлап, екі балаға, жоқ, екі балама, сонау Қырымға, ондағы Ялта санаторийіне екі жолдама сатып алып қойдым. «Ата-бабамыз да, өзіміз де көрмеген жерді мына екеуі көретін болды-ау!» – деп Ақгүл де мээ-мейрам.

Той өтті. Болып жатқан үйлену тойларының ешқайсысынан артып кетпегенмен, ешқайсысынан кем де болған жоқ. Шақырылған жүз

адам ризашылықпен тарасть. Шүкір дестік. Төбеміз көкке тиіп-ақ қалды-ау сонда. Ақгүл әншейіндегі ыңқыл-сыңқылынан ада-күде айығып кеткендей, әзіл-қалжың мен күлкіден езуі жиылмайды.

Тойдан төрт күннен кейін ұл мен келінді Ялтаға аттандырып салып, думанды жалғастыра түстік. Қайсыбір құрдастарым: «Әй, сен капиталист екенсің ғой, ақшаң таусылатын емес қой?!» дейді. Ұл мен келіннің жолдамалары, арғы-бергі билеттері неше сомға түскенін есептейді-ау. Қайсыбір құрдастарымыз айтады: «Дұрыс, бәрі де дұрыс! Бұл жақсылығың екі балаңның есінен өмірі шықпас. Ақшанды қайда жұмсарыңды білмей сөйткен жоқсың, біз білеміз ғой шамаларыңды. Қалтанды қағып тұрып қыдыртып отырсың балаларыңды. Дұрыс. Осы заманғы салтымыздың бірін жасадың. Балаларыңның бұл жақсылығыңды еселеп қайтаруына тілектеспіз!» – дейді.

Менің өз пікірім ішімде. Ең алдымен ойлағаным екі баламның ертені болды. Қосылғанға дейін қаншама «сүйдім, күйдім» десе де, екеуінің үйлері бөлек, күнделікті тірлігі екібасқа болып келді. Күндіз тезірек жолығуға, біріне-бірі жетуге асығады. Кешке қайта айырылысады, өзді-өздерінің үйлеріне кетеді. Әйтсе де, нені айтса да, әзірше пікірлері бір, көзқарастары бір. Өйткені тұрмыс құрудың ортақ әрекетіне әлі кіріскен жоқ, оның оны-мұны тауқыметінен ада. Ал қосылған соң екеуінің бұрынғы тіршілік-тыныстары өзгереді, басқа арнаға түседі, ғашық екі бойдақ енді күйеу мен әйелге айналады, бір сөзге, бір іске, бір ұсынысқа екі түрлі пікір айтыла бастайды, екі түрлі үкім шыға бастайды. Жас жұбайлар бірін-бірі ә дегеннен түсіне қойса, түсінуге бейіл берсе, – құба-құп. Басы артық сөзді елемей-ақ қойса, естімей-ақ қойса, – жөн. Ә дегеннен есептесіп, әрқайсысы өз ойын, өз қылығын оң санай бастаса, сол ғой тірліктің соры. Екі жақтың «армиясы» ондайда қалыс қала білсе жақсы, белсеніп шығып, ши ішіне ши жүгірте бастаса, – мылтықсыз майдан басталғаны. Ерлі-зайыпты болып қалыптасып үлгірмеген, бірін-бірі адами жаратылыс тұрғысынан қабылдап болмаған, мінез-құлықтары кіріге қоймаған екі жастың арасы онда тез ушығады. Егер олар біраз уақыт оңаша тұрып, көлденең көзден, желкөбік сөзден, қажеті шамалы арашашы –

«адвокаттардан» қағаберісте болса, артық-ауыс айтыс-талас істерін оңаша өздері талқылап, өзді-өздері түсініссе, бірі күйеу, бірі әйел ролін меңгеріп алып кетсе, одан кейінгі жердегі басқа жамағатпен жарасулары жеңілдеу болмақ. Мен екеуіне санаторийге жолдама алғанда осыны ойладым.

Балаларымыздың аттанғанына жетінші күн дегенде мені бастығымыз шақырып алды да: «Берікболов жолдас, сізді өсіруді ұйғарып отырмыз. Мұндағы жұмысыңызды өткізіп, Алматыға жүруге әзірленіңіз!» деді. Дәрежесінің өскенін кім теріс көрсін. Кейбір жолдастарымыз, теріс көргені былай тұрсын, «пәленбайдың орны босайды екен, түгленшекеңе бір ауыз бірдеңе десеңіз қайтеді, сол орынға мені қойсын да» деп өздері-ақ елден бұрын еңтігіп жүреді.

Мен де дәрежемнің өскенін іштей де, сырттай да қалағанмен, бұл жолы жылы орнымды суытқым келмеді. «Министрлікке барып басқарма бастығы болғаннан облыстағы орынбасарлығым кем бе екен? Осында жүре бергенім дұрыс сияқты», дедім. Бірақ тиісті басшылықтағы кісілер: «Жолдас, саудаласпайық!» деген екі-ақ сөзбен шипамды бітірді.

Үй мәселесі қиын болар, менің бала-шағам аз емес деп сылтауратып едім, бастығым күлді. Сөйтсем, ондағы бастық Досболов пен екеумізді олар тура «айырбасқа салып» отыр екен, – екеуіміз орын да, үй де ауыстыратын болып шықтық.

Үлкен қызым Ялтадағы аға-жеңгесіне хат жазып, сүйінші сұрап та үлгіріпті. Алматыға көшетімізге екі қызым калайда қатты қуанған. Сол қуаныштарын Қара теңіздің жағасына жеткізгенше асықса керек. «Ақжандар да қуанады, асығып ертерек те қайтады», деді қызым. Ал Ялтадан: «Я не собираюсь переезжать. Қарлыға», деген жауап телеграмма сап ете түсті. Мәссаған! Сүйіншінің бодауы күйінші болып жүрмесін?! Қой, олай болмас. Қарлығаның қалжыңы шығар, бұлай қалжыңдайтыны бар шығар деп күлдік. Оның ертеңінде: «Категорически повторяю не буду переезжать оставьте мои вещи восклицательный знак», деген жаңа телеграмма жетті. Мәссаған безгелдек! Ақжанды телефонға шақырып сөйлеспек ниетпен таңертең заказ беріп, бесін түсе тілдестік. Келін

сөйлесуге келмей қойыпты, «мен шешемнің жанынан кетпеймін, өлсем де көшпеймін!» деп соңғы сәлемін айтып қалыпты.

– Енді қайтеміз, не істейміз? – деймін ұлыма.

– Білмеймін. Мұнда онсыз да ит пен мысықша жұлысып жүрміз, – деп кейіді.

– Не деп тұрсың, ей? Қалжыңың ба, шының ба?

– Қайдағы қалжың?! «Маған бала керек емес! Бала керек болса, басқа катын ал!» деп қарабауырша шақылдайды.

– Немене дейді, өй, мынау?! Сен өзі мастан саумысың?! Не деп шатып тұрсың?!

– Не дегенімді естімей тұрсыз ба? «Мастан саумысың» деп... менің мас бола ішкенімді көріп пе едіңіз?.. Саумын! Мас болғаннан да саумын, жынданғаннан да саумын!.. Бір-екі күнде үйге қайтатын шығармыз, билетке заказ беріп қойдым.

– Не дейді?! Әлі екі апталарың бар емес пе?

– Қайтамыз. Барған соң... – дей бергенінде телефонды бағып отырғандардың бірі: – Время вышло, разъединяю! – деп үзе салды.

Ақгүл екеуіміз аң-таң болып біраз отырдық. Түк түсінсек, не дейсің. Алай дейміз, былай дейміз. Біріміз сұрақ қойып, біріміз жауап береміз немесе біріміздің сұрағымызға екеуіміз да жауап таба алмай, тығырыққа тірелеміз. Ақырында Ақгүл көзі жасаурай қалып:

– Бұлар ұзақ тұра алмайтын шығар. Келініңнің мінезі морт. Саған айтпай-ақ қояйын деп едім, айтайын: олар ұшатыннан бір күн бұрын кухняда құдағи екеуіміз отыр едік, Қарлыға келіп: «Сидите?» – деді. Мен: «Сидит» етпегенде енді бізге не керек, қалқам, мына дүниенің бәрін сендер үшін жинадық, курорттан келген соң өздерің ие боласындар», демеймін бе?! Келінім маған суық қарап: «Не болтайте!» деді де бұрылып шығып кетті. Сасып қалдым. Құдағиыма қарап едім, ол тыртық езуінен күліп: «Әжесінің бауырында өскен, свободно өскен», – деді де, ол да шығып кетті. Басқа салып қалғандай мең-зең болып отырып қалдым. Ол сөйткен, – деді.

– Қой, өзінше қалжыңдағаны шығар, – деймін.

– Қалжың қайсы, шын қайсы екенін ажыратар жасқа жеттік емес пе? Әй, білмеймін. Көзі жаман, сүзеген сиырдың көзіндей.

– Ештеңе қирап қалған жоқ. Кем-кетіксіз мінез кімде бар? «Көш жүре түзеледі», – деп мақалдадым.

Бірақ өзімнің көкірегіме бір күдік еніп кетті. Қарлығының «не болтайтесі» де, телеграммасы да жаңа ғана түскен келіннің қылығы деуге сыймайды-ау. Құдағиымыздың – Алпаның – «әжесінің бауырында өскен, свободно өскен» дегенін қалай түсінсек екен? Біз білген әжелер немерелерін өзінен үлкенді де, кішіні де силай білуге, инабатты болуға, әйтеуір, тек жақсылыққа тәрбиелеуші еді. Әлде Қарлығының әжесі жаратылысында көкбет болды ма екен? Бауырындағы немере-шөберелерін сасық күзен етіп өсірді ме екен?..

Айтқандай-ақ, Ақжандар содан екі күннен кейін қайтып келді. Келін шырақта жылы шырай жоқ: қабағы түйіліп, көзі жалтырап, ерні дүрдиіп кеткен. Маған бір, Ақгүлге бір қарап, басын изеді де, өздерінің бөлмесіне тура тартты. «Иә, балам, хал қалай? Самолет шаршатып тастады ма?» – деп едім, кідірген де жоқ, ләм-мим деген де жоқ, – кіріп кетті. Ақгүл құшағын жаюға ыңғайланған күйінде аңтарылып тұр екен...

Алматыға жүруді кешеуілдетіп бақтым. Жас отаудың іргесі бекігеннің орнына шаңырағы шайқала бастаса, қай ата-ананың шыбын жаны шырқырамас.

Әдейілеп барып құда-құдағимен ақылдастық.

– Қайдан білейін, бұл өзі... – деп құдамыз Сапақ жапалақ көзденіп әйеліне қарады. Кіп-кішкене дөңгелек көзі мүлде жұмылып кеткен Алпа:

– Менің қызым біреудің соңынан қаңғырып жүре алмайды! – деді.

– «Біреудің соңынан қаңғырып» дегеніңізді қалай түсіну керек? – дедім мен, тіксінгенімді жасырмай.

– Күйеуін айтып отырмын, – деді Алпа, іркілдеген жып-жылтыр беті қара қошқылданып.

– Сонда сізге Сапекең де «біреу» болғаны ма? – дедім, қалжыңға сайдырмақ сыңаймен.

– Менің қызым ешқайда көшпейді, все! – деді Алпа, отырған креслосынан төңкеріле тұрып.

Ұзыны мен көлденеңі бірдей тап-тапал, сеп-семіз кісілердің бәрі маған әлгі «Карлсон, который живет на крыше» деген мультфильмдегі Карлсон тәрізденіп тұрады. Сиықтары ұқсағанмен кейбіреулерінің сыры ұқсамайды бірақ. Карлсонның жаны – жаз. Ал, мысалы, Алпаның жаны қандай екенін айырып айтып беру қиын. Құда-құдағи дескен екі-үш айдың ішінде байқағаным: Алпа бір сағат ауқымында жаз да, күз де, қыс та, көктем де бола береді. «Алпекең дұрыс айтады», «Алпекеңді жөн деп қоймасаң, – шырқыңның бұзылғаны. Өлі есімде, бірде, тойға дейін құда-құдағиды 1 Май мерекесімен құттықтап қайтайық деп, бара қалдық. Үйлерінде бір жігіт пен келіншек отыр екен. Түскі шай әлеті болатын. Есен-саулық сұрасқаннан кейін Сапақ әлгі жігіт пен келіншекті бізге:

– Бірге туысқан інім мен келінімдей болып кеткен жасы кіші жолдастарымыз, екеуі де біздің институтта мұғалім, – деп бізге таныстырып, бізді: – Алпекең екеуіміздің құда-құдағиларымыз, – деп оларға таныстырды. Сонсоң: – Жақсы келдіңіздер. Алпекең шайын жасап болғанша құдағиыма домбыра тартып берейін, – деп әзілдеп, қабырғада ілулі тұрған домбыраны алып отырды да, «Шилі өзен, қамыс-айды» шіңкілдете бастап еді, кухняға кеткен Алпа:

– Әй, Сапақ, бері кел! Апар мыналарды! – деп айғай салды. Сапақ естімеген кісіше былқ етпей, домбырасын шіңкілдетіп, көзін жұмыңқырап, теңселе бастады. Біздің көзімізше сыр бергісі келмегенін аңғардым.

– Кәне, құда, не бір ән айтып жіберіңіз, не бір күй тартып жіберіңіз, той басталдыға есептейік, – деп қалжындады Ақгүл.

– Шіркін, ондай өнерім болса... – дей берген Сапақтың жанына Алпа ентіге жетіп келді де, қолынан домбыраны жұлып алып, жүгіре басып екінші бөлменің есігін ашып, домбыраны ары қарай лақтырып кеп жіберді. Қаңғыр-құңғыр, шарт-шұрт етті, сірә, сорлы домбыра шағылып тынды білем. Ал Алпа бақырайып отырып қалған күйеуіне мекиенге айдарлана төнген әтешше қарап:

– Кісі жоқта баксы боп кетсең де еркін, кісі барда көмектес дедім ғой мен саған! Жұр, шай жасас! – деп кухняға қарай айдап әкетті. Біз астымыздан су шыққандай қипақтадық.

– Мына құдағиымыз ертең бәрімізді қолбала етіп алмаса нетсін, – деді Ақгүл күбірлеп. Сапақтың «інісі мен келіні» Алпаның албасты «концертінен» шошыса керек, екеуі ақырын тұрды да, тұқырған күйі жылыстап жөнелді.

Май мерекесінде шайлап-майлап біраз рақаттанып қайтамыз деп күліп барып, ішкеніміз ірің, жегеніміз желім болып, күрсініп қайттық.

Сол Алпа бізді, міне, тағы шошытты. Құдағи болғанға дейін айбатынан ай тұтыларын көрсеткен шіркінге құдағи болып алған соң не дауа? Ары айттық, бері айттық, олай дедік, бұлай дедік, – бір иліксеші! «Қыз менікі! Мен не десем, сол болады!» деп барқ ете түседі де, шай кесені алдымызға тақ еткізіп қоя салады. Сапақ оған көз көтеріп қарай алмайды. Оған жаным ашып: «Ойбу, байғұс, сорлап қалған екенсің ғой?!» дедім іштей.

Балаларымызбен ақылдасып едік, оның аяғы дау-дамай болып тынды. Келін тілден қалды. Қызметінен келе бөлмесіне кіріп алады да жатады. Таңертең сыртқы есіктен шығып бара жатқанын ғана көреміз. Онда да көре алмас едік, егер бәріміз де жұмысқа ертелетіп, бірімізден кейін біріміз жөнелмесек: кірер есік бір болған соң шығар есік те бір.

Келін трамваймен, Ақгүл автобуспен кетеді. Ұл екеуіміздің жұмыс орнымыз жақын. Жаяу тартамыз. Үйден шыққан соң үш көше бірге барамыз да, одан ары мен – оңға, ол – солға бұрылып, өзді-өзі жайымызға кетеміз.

Сондай өзді-өзі жайымызға кетер алдында бір күні ұлға:

– Маған жұмысты тапсыруға берілген бір апта тұрғай екінші апта бітуге таянды. Бастығымыз көңілімізге қарап кеңшілік жасап отыр. Мен шынымды айтқанмын. Бірақ енді соза берудің реті жоқ. Не істейміз? – дедім.

– Білмеймін, басым қатты, – деді Ақжан сынық үнмен. Ақгүлге өңі аумап тартқан аппақ ұлдың көңілсіз кездегі үні Ақгүлдің де көңілсіз сәттегі үнінен айнымайтынын сонда аңғардым.

– Не көшу керек, не көшпеу керек. Осы екеуінің бірін білсең жетіп жатыр, – дедім, оның табанды тап тіремегеніне риза болмай.

– Көшкен дұрыс болар еді. Құрылыстың бір мәселесі мені қатты

ойландырып жүр. Соны зерттеп, ғылыми бір жұмысты қолға алсам ба деймін. Ондай мүмкіндік мұнда бола қоятын емес.

– Мұның – ақыл.

– Бірақ ақыл басқада болып тұрған жоқ па?!

– Келінде ме?

– Иә, сонда... Мен ойланайын, аға. Кешке Қарлығамен тағы сөйлесемін, сонсоң айтамын, жарай ма? (Ақжан атасы мен апасының бауырында өсіп, мені «аға» деп атап кеткен).

– Жарайды. Тек есінде болсын, Ақжан, екеуіңнің араларың суымасын. Мен өйтіп дәрежемді өсірмей-ақ қойдым, қалқам.

– Ұқтым, аға...

Ұлымыздың ұққаны аздық ететініне көзіміз жетті.

Кешке бәріміз жиналып, шай-пайымызді ішіп, телевизорымызды көріп, оны-мұны күйбендерімізді тәмәмдап, ұйқы ауылына аттандық.

Жайлы жатып, жақсы тұрдық.

Қарлыға ғана оң аяғымен тұрмапты. Ол таңертең:

– Мен көшпеймін! Все! Мамамның үйінде қалам! – деп мәлімдеп кетті.

– Министрлігіңмен сөйлесші, көшкенді қояйықшы. Бұлданды десе, басқа жұмыс тауып аларсың. Бар болсын бар болғыр! – деді Ақгүл қабақ шытып.

«Жол айырығына» жете бере Ақжанға:

– Сонымен көшкенді доғарайық па? – дедім.

– «Көшпеймін! Мамаммен қалам!» дегеннен басқа сөзі жоқ. Неге екенін де айтпайды, – деді ол. Көзі кіртііп қалыпты, ұйқысы қанбай жүр-ау!..

Бастығымызға бардым. Пікірлесіп, ақылдасып, содан министрлікке телефон соғып, ақырында мен өз орнымда қалатын болдым.

Ертеңінде кешке құда-құдағымыз Сапақ пен Алпа келіп қайтты.

– Көшпейтіндерің дұрыс болды. Ол жақта не бар, тентіреп?! – деді Алпа, кеудесі көрікше көтеріліп. Қошқыл өңінде жеңімпаздың жобасы бар.

– Сіздің тіл қорыңызда «тентіреп» деген сөздің жүздеген данасы бар сияқты ма, қалай, құдағи? – деп қалжыңдадым.

Сапақ ырсып күлді. Ақгүл астыңғы ернін тістеп жымиды: «осы сөзді бекер айттың-ау» дегісі келгенде сөйтіп астыңғы ернін тістейтін әдеті болатын.

– Тентіреген емей немене? Не бар онда? Министр болатындай! Еше балаларды жылатып!.. – деп Алпа әжептәуір ежіреді.

– Қойындаршы соны. Көшпейтін болдық па, болдық. Енді бас ауыртып қайтеміз соған? Келіндер, бәріміз ұйымдаса кірісіп, пельмен жасап жіберейік! – деп Ақгүл әңгіменің бетін бұрып жіберді...

Арада аяндап төрт ай өтті. Ашық күні де, жел-дауылды күні де болды. Бір күні Ақгүл:

– Ақаш, Ақаш, сүйінші! Немерең болады! – деді.

Ғабеке, алғаш ұлым үйленемін дегенде қалай қуанғанымды айттым ғой, жоқ, жаздым ғой, осы хатымның он бірінші бетінде. Ұлың үйленген соң, немере сүйетінің заңды болып көрінеді екен де, оны тосады екенсің. Тек қашан келері неғайбіл жолаушындай болып біраз елендетеді, содан кейін: «Ей, аман-есен болса бір келер», деп, оның келуіне мән беруің бірте-бірте бәсендейді, кейде ұмытып та кетесің. Ал «Сүйінші! Немерең болады!» дегенде сол жолаушың, сен о баста күткен сол адамың үйіңе жақындап қалғандай бір іштей де, сырттай да әбігерге түсесің. Оны күтіп алуға әзір емес жанша, үйінді тігіп үлгірмеген, қойынды сойып үлгірмеген кісіше бір қызық қарбаласқа түсесің. Қазақтың «Қорыққан да – бір, қуғанған да – бір» дегені рас екен, менің есім шығып кетті.

– Қашан? Ұл ма, қыз ба? – деппін.

Ақгүл сықылықтап кеп күлсін. Оның өйтіп күлгенін көрмегеніме біраз уақыт болғанын аңғарып, кеңсірігім ашып жүре берді. Оның – сонау күлегеш қыздың, кешегі күлегеш келіншектің, бүгінде қырықтың төріне жақын әйелім Ақгүлдің әсем күлкісін сағынып қалғанымды сездім.

– Қашан, ей? Ұл ма, қыз ба?! Айтсаңшы! – деп жорта тағатсыздандым. Оным – Ақгүл күле түссе екен дегенім. Ақгүл ішек-сілесі қата сықылықтады. Үй оңаша, балалар жоқ еді. Мен ашуланғансимын,

«қойсаңшы, болды ғой!» – дегенді айтқым келгендей жорта қабақ түйіп, екі қолымды бірдей сермеп «әлектенемін». Ақгүл одан әрмен сықылықтайды. Бір кезде ол күлкісін кенет тия қойып, екі шекесін екі алақанымен басып, отырып қалды.

– Басың ауырып кетті ме? Байқасаңшы енді! – деп жанына барып отырып, арқасынан сипадым. Ақгүлдің қаны тасып ауыратын болғанына алтыншы жыл еді. Жыл сайын ауруханада екі-үш ай жатып шығатын. Бірдеңеге толқыса, ренжісе, тіпті көбірек күлсе де, ауырсынып қалатын. Тағы сөйтті.

– Бұ құдай маған күлкіні де көпсінетін болды-ау! – деп кейіп, екі самайын, төбесін, желкесін уқалады. Көзі жасаурап, екі беті алаулай қалыпты. Қан қысымы көтерілгендегі кейпі. Халатының қалтасынан қорапшасын алып, дәрісін ішті. – Танертең ішуді ұмытып кетіппін, – деді.

Дәрігерлер ары емдеп, бері емдеп, алай деп, былай деп, ақырында күніне екі түйме дәрі ішіп жүру керек дескен. Оның үстіне әрбір үш айдан кейін екі апта бойы күніне бір укол алатыны және бар. Жүрек сырқат дейді. Өскеменнің де, Алматының да, Риганың да, Мәскеудің да дәрігерлеріне көрінді. Бәрінің нысанасы – бір жүрек. «Жүрегіңіз шаршаған», – дейді. Шаршаған жүрекке қалай дем алдыру керек дегенге әрқайсысы әрқалай ақыл, әркілы дәрі береді. Біреуі: «Қызметті қойыңыз», дегенді де айтты. «Омалып үйде отырсам – оңармын!» деп Ақгүл көнбеді оған. Сол жүрек шіркін енді күлгенін де көпсінетін болғаны рас. Мен әлі де болса сөзге айналдырайын деп түйіп:

– Ол күшіктің қашан келетін түрі бар? Мезгілі қай тұс? – дедім.

– Қыркүйек-ау деймін. Келіннің шешесінің айтуы солай. Келіннің өзі не білсін, – деп күрсінді де: – Мен жарты сағаттай жантайыыншы, басым зеңіп тұр, – деп, аяғын ауыр басып, бөлmemізге қарай аяңдады. Мен оны көзіммен ұзатып салып, өзім ванна бөлмесіне бардым. Ондағы суық су ағар шүмек бұзылып, сілбіреп су ағып, жыныма тие бастаған. Сол қранды оңдап қоймасам болатын емес.

Қолым – істе, ойым – қыркүйек айында келетін немеремде.

Ақгүл мен келін де ойымда.

«Немеремнің ұл болғаны жақсы ма, қыз болғаны жақсы ма?...» деймін өзіме-өзім. Ең жақсысы – соның жалғыз-жалқы болмай, жиыны төртеу-бесеу болғаны. Ұл мен қыз аралас келіп, балалы үй – базар боп жатқанға не жетсін. Қазір өзі қалалы жер былай тұрсын, ауылды жерлерде де бір үйден бір бала, екі бала ғана шығатын болып барады-ау. Кейбір келіншырақтар одан көп бала табу мәдениетсіздік, ескішілдік десетін көрінеді. Қай халықтың мәдениеті қашаннан бері баланың санымен өлшеніп еді?! Қайта халықты халық ететін оның саны, көптігі емес пе? Саны он-жиырма миллион халықтың қызық-шыжығы көп пе, әлде бас-аяғы бір-екі миллион халықтың қызық-шыжығы көп пе? Халқыңның ертеңін ойлай білсең, бүгін ұрпақ өсімін шектемеуің керек. Шүкір, дәл қазір қанша бала сүйсең де: тамағы тоқ, киімі көк болатын кез. Қайсыбір жас жұбайлар бұл сөзге қол қоймайды. Олар баладан бұрын екіден, үштен ит өсіреді. Шетелдік ит деп жұдырықтайын да, тайыншадайын да, тап-тақырын да, сабалағын да ұстайды. Сонсоң, бала жетектеудің орнына ертеңді-кеш соларын жетектеп, аяқтары салбырап аспаннан түскендей боп жүргендері. Ол иттері пәтерлерінде өздерімен бірге жатады, яғни оларына орын бар, ал балаға орын жоқ.

Жарайды, итшілдермен итшілесіп қайтемін, өз жөнімді білейін.

Ойым – немеремде, әлгі қыркүйекте келетін құйтақандай әлде Берікболов, әлде Берікболова болатында. Тұңғыш немереме атты өзім қоямын деймін. Ұл болса, өзімнің атыма, ал қыз болса, Ақгүлдің атына ұйқастырып қоямын. Кішкентай ғана арба-пәуеске сатып аламын. Араласып жүрген жолдас-жораларымызды түгел шақырып, айта қалсын той жасаймыз! Тұңғыш немеремнің жолы бөлек қой, бөлек! Ендеше, ештеңе аяма, Ақаш! Көңілің көктем болсын, Ақаш!

Көңілімнің көк аспанына анда-санда бір кара барқын бұлт шығып-тарқап, шығып-тарқап жүрді. Ақгүлді гипертония деген меңдеп алды. Оның үстіне, «Мұртқа өкпелеп жүргенде сақал шықтының» керімен, жүрегіне ишинга-кушинга дей ме, әйтеуір, аты жаңылтпаш тәрізді бір ауру және қосылған. Операциядан қалған баяғы өкпе еркін жетілмей, кемтар бірдеңе болып, жүрекке ол да өмір бойы салмақ салып өтпек көрінеді. Олай деп, бұлай деп,

аяғында қазақемшілеп: «Сынық арба көп кешерді» көңілге медет етіп жүрдік, әйтеуір.

Келін шіркіннен Ақгүлге ешбір жәрдем, жеңілдік және болатын емес. Қарлыға үй шаруасына қол тигізгенді мүлде қойды. Қызметінен келе өз бөлмелеріне кіреді де, тамақ ішерде, телевизор көрерде ғана шығып, диванда шоқияды да отырады. Ақгүл: «Қарлыға, айналайын, мынау ыдыс-аяқты жуа салшы!» десе, келіні не үндеместен бөлмесіне кетіп қалады, не «тырнақым ауырады!» деп күңк ете түседі де, тапжылмай отыра береді. «Саусағым» демейді, «тырнағым» да демейді, «тырнақым» дейді, «к» арқылы айтады. Тіл мүкісін қойшы, ауырмайтынды ауырады дейтіні ыңғайсыздау.

Біраздан соң «тырнақ» былай қалып, «ішім ауырады» шықты. Қарлыға аяғы ауыр болғанын картақұмарлардың көзірді бетке ұстайтындарындай бір тәсілге ұқсатып жіберді. «Ішім ауырады», дейді – бітті.

Келіншегінің қылығы Ақжанды шаршата бастады. Бөлмелерінде күн ара шаң-шүң. Екі дауыс бірінен-бірі кезек-кезек асып түсіп жатады. Ақгүлдің жаны алқымына келеді:

– Екеуіне не жетпей жатыр тағы?! – деп баруға ыңғайланады.

Мен оны қолынан ұстап:

– Отыра бер. Ештеңе етпейді. Өсти-өсти үйренісіп, дұрысталып кетеді, – деймін.

– Сөз ұқпайтын шіркіннің тап болғанын қарасаңшы! – деп күйінеді Ақгүл.

«Сөз ұқпайтын» дейтіні – келініміз екенін өзің де аңғарып отырған боларсың. Ақгүл онымен оңаша әлденеше рет сөйлесіпті. «Қалқам-ау, бұның не? Жоқтан өзгені сылтау етіп, неге жанжал шығара бересің? Отын тасып, су әкеліп әлектенетін үй емес, бәрі де ішінде. Тіпті ештеңе істемеші! Тек қабағыңды ашып, адамша кіріп-шығып жүрші! Екі қайынсіңліңнен артылатын жұмыс жоқ мұнда. Ыдыс-аяқты да жумай-ақ қой», – деп, Ақгүл оған жалынғандай боп ақыл айтады екен. Келін үндемей тыңдап отырып-отырып, ақыр-аяғында: «Менің характерім осылай. Мен енді басқа болмаймын!» – деп, орнынан тұрып, балконға шығып кететін көрінеді.

Ақгүл маған соны айтқан сайын мен:

– Әлі жас емес пе, қашанғы қиыс шала берер дейсің, қояды. Екеуі өз еріктерімен қосылды, өздері түсінісіп алады, – деп болжау жасаймын.

Жаратылысынан ашық, әзілқой Ақжан тұйықтала берді. Келіншегі барда бөлмесіне кірмейді. Кітапқа үңілген күйі не кухняда, не залда отырады. Бөлмесіне ұйықтарда ғана барады. Екі қарындасының оны-мұны сұрақтарына, қалжыңдарына салқын ғана жауап қайырады. Оның кітапты оқығанынан құр үңілуі көп екенін сездім де, бір күні оңашада:

– Ақжан, ей, келін екеуіңе не болды, айтшы маған! – дедім.

– Ештеңе де болған жоқ, – деп күңк етті. Бірақ кітабын жауып, маған бұрыла отырды. Күпті көңіл көкірегін толтырып, ақтарылар, ортаяр сәтті күтіп жүргенін ұқтым.

– Не айтсаң да тек ашып айт, жасырма, бүкпе. Өзінде кінә болса, орынсыз ақталма. Сөйт. Екеуіміз ғана отырмыз ғой, – дедім.

Ғабеке, «Іштен шыққан сұр жылан» болғанның өзінде кім баласын жамандаушы еді. Бірақ мен Ақжанды жамандап күнәлі бола алмаймын. Себебі оның теріс мінезі, қисынсыз қылығы жоқ. Не үлкенге, не кішіге көңіл қалдырар мінез көрсеткен емес, көңіл суытар сөз айтқан емес. Арақ ішпейді, темекі тартпайды. Қалай тәрбиелесек, солай болып өсті. В. Белинский: «Тәрбиенің әсерімен адам Сократтай терең ойлы ізгі жан да, Нерондай жыртқыш та болады» деген екен. Біз, Ақгүл екеуіміз, ұлымызды Сократ етеміз демесек те, адал да қайырымды жан етіп шығаруға тырысқанымыз хақ. Тәрбие-еңбегіміз зая кетпегеніне көзіміз жеткен. Сол Ақжан енді өзіне тәрбиеші тілемей, әлде төреші, әлде арашашы тілеп жүргені жаныма қатты батты. Бүкпесіз ашық әңгімеге шақырдым. Ол құп алды. «Барым, бар-жоқ шыным осы», деп ағынан жарылды.

Қарлыға әлгі Ялтаға барып түскен күні-ақ өзінің қояр шартын көлденең тартыпты. «Мені шын сүйсең: менсіз ешқайда аяқ баспайсың, ешкіммен араласпайсың. Айлық еңбекақынды маған түп-түгел әкеліп бересің, автобусың мен трамвайыңа жететінді мен санап беріп отырамын. Сенің туыстарың көп екен, ал олардың қайсысымен туыс болу керегін менің мамам айтып отыратын

болады. Менің мамам көп біледі, ол жоғары білімді адам, ал сенің шешенде орта дәрежелі білім де жоқ көрінеді...» – деп, не керек, біраз жәйтті ескертіпті. Ақжан онысын әуелде қалжыңы шығар деп ойлап, анау-мынау деп көрсе, келін мүлде шындап кетіпті. Санаторийде аптасына екі күн кино қояды екен, жан-жақтарындағы қалаларға экскурсия ұйымдастырылады екен, соларға бару-бармау Қарлығаның көңіл күйіне байланысты болыпты. Ақжан кітапханаға да Қарлығасыз бара алмапты. Бара қалса, келіншек шіркін соңынан жете жанжал шығарып жүріпті. Бөтен кісілер тұр-ау деп қысылып-қымтырылу жоқ болыпты. Ақжанның әлгі: «Мұнда да жетісіп жүрген жоқпыз. Ит пен мысықтаймыз», дегені сол екен.

– Енді қалай болады? – деймін, көңілім құлазып.

– Көрерміз. Түсінісетін шығармыз. Шешесі біртүрлі кісі. Бара қалсақ болды, Қарлығаның көзінше маған беталды ұрсып ала жөнеледі.

– Не деп? – деймін таңданып.

– «Қарлыға – менің жалғыз қызым, менің тұңғышым. Ұлдарды қойшы, олар – ұлдар. Мен қызымды жақсы көрем. Бұл әжесінің бауырында өскен. Өте ақылды. Бәрін біледі. Сен тілін алып жүр. Ашуландырма! Нервісі жаман. Кішкентай кезінде рахит болған. Сен байқа, тілін алатын бол!» – деп, кетер-кеткенше миымды ашытады.

– Сапақтың көзінше де солай дей ме?

– Оған Сапақ ағаның бар-жоғы бәрібір. Ол кейде: «Әй, Алке, қойсаңшы...» – деп араға түскісі келгенде құдағиыңыз оны тарақан көзімен шаншып: «Сен қыстырылма, идиот!» деп тиып тастайды. Құдаңыз ырсып күледі де, өз бөлмесіне кетеді, қайтып шықпайды.

– Қызық екен! – деймін, таңданысым үдей түсіп. Сөздің сыралғысы деп «қызық екен» деймін ғой, әйтпесе, қайдағы қызық ол? Қасірет емес пе?! Ерлі-зайыпты екеуде өзара сыйластық, құрмет, ынтымақ болмай, біреуі екіншісін беталды езулей берсе, отырса – басқа ұрып, тұрса – сираққа ұрып жүрсе, онда ол шаңырақта не қадір-қасиет болсын. Ондай ұясымақтан ұшқандардың не ілетіндері де күн ілгері белгілі.

Ақжан екеуіміздің әңгімемізді коридордағы телефон шылдыры

бөліп жіберді. Барып трубканы алған Ақжан: «Иә, менмін...» – деді де, қасын кере тыңдап қалды. Сымның арғы ұшынан сәмпылдап сөз құйыла бастағаны маған да естіліп тұр. Келін қызметінен келмей кешігіп жатыр еді, бірденеге ұшырап қалмағай деп отырмын. Ақжан трубканың ауыз табақшасын алақанымен басып, маған қарап:

– Шешесі! – деді. Дауысынан діріл аңғарылды; қайыненесінің сөзі қыстықтыра бастаған болар.

– Сыпайы сөйлес. Ашуланба, – дедім. Ақжанның ақ құба өңі күреңтіңкіреді. Сол әредікте сыртқы есік те ашылды. «Кім ол?!» – деген ызғарлы дауыс та естілді. Қарлыға екен.

– Мамаң, – деді Ақжан.

– Әкел! – деп келін трубканы оның қолынан жұлып алып: – Мам! Это я... – деп сөйлесе жөнелді.

Ақжан бұрыла бере жымың етіп, кухняға беттеді. Қайыненесінің кезекті «лекциясынан» құтылғанына қуанып бара жатқанын сездім.

Сыртқы есік ашылды. Ақгүл болар. Сол екен. Бәтеңкесін шешіп, тәпішкесін киіп, коридорды дабырлатып жіберді.

– Тише! – деді онысын жақтырмаған келініміз, Ақгүлге ала көздене қарап. – Да, эти, базарят вечно! – деп шешесіне мәлімет беріп, сөзін жалғай түсті.

Ақгүл басын бір шайқап, кухняға кіріп кетті.

Мен есіктен қырын көрініп тұрған Қарлығаға қарап отырмын. Тар коридорда телефонға кең орын табылмаған. Сөйлескенде залдың есігінен жарты денең ішке көрініп тұрады, амал жоқ. Арғы жақ орын киімлігіштікі. Бір кезде (бөлмелерде, кухняда отырып сөйлесе берейікші деп телефонның сымын ұзартып қойған едім, бірақ одан пайда болмады: ұл да, қыздар да телефонды бөлмелеріне алып кетіп, тіпті босатпай қоятынды шығарды. Сонсоң шұбалған сымды шұнтитып, бір метрдей ғана қалдырып, телефонды емеген жанасқыш бұзаудай етіп тұқыртып тастадым. Сөз шынында азайған. Бірақ Қарлыға сөзді сонда да көбейтіп жіберіп жүр. Ешқашан қысылмай, қымтырылмай, кейде күліп, кейде ұрсысып, әлдекімдермен ағыл-тегіл сөйлесе береді. Міне, ту сырты дөңкііп, шешесімен сөйлесіп тұр. «Да, эти, базарят вечно!»

деп алды. «Тише!» деп, енесіне баласынан, сіңлісінен бетер әмір беріп тастады. Сонысына қайран қалып отырмын. Жап-жас бала. Жаңа түскен келін. Мұнша дөкірлікті, дөрекілікті кімнен, қашан үйреніп үлгірген? Ата, ене деп ескілікті мойындамай-ақ қойсын, күйеуінің әкесін әке, шешесін шеше деп ұғу қайда? Жас жағынан өзінің әке-шешесіндей адамдарды, тіпті айдаладағы біреулер болса да, үлкен деп сыйлау қайда? Қай жерде, қай мектепте оқыған? Қай институтты бітірген? Кім тәрбиелеп өсірген? Не деп, кім бол деп тәрбиелеген? «Сүтпен біткен сүйекпен кетедінің» рас болғаны ма? Сонда мұның мінезіндегі мәдениетсіздік шеше сүтінен біткені ме? Бұған сөз ұқтырудың, дені дұрыс тіршілік жаса деудің жолы, реті табылмай кетпек пе? Олай болуы мүмкін емес!

Мен осындай аласапыран ой кешіп отырғанымда кухнядан шыққан Ақжан келіннің жанынан өте бере оның иығына қол салып, құлағына әлдене деп сыбырлап еді, келін жалт бұрылып, бос қолының сыртымен Ақжанды ауызға қағып кеп жіберді. Ақжан да қарап қалмады: өзіне сілтеген қолды сарт еткізіп ұстай алды да, бұрап кеп жіберді. Мен де ұмтылдым. Келіннің екінші қолынан трубка да түсіп кетті, аузынан: «Ах, подлец! Еще бьет!» деген айқай да шықты. Мен трубканы дереу көтеріп алып, аппараттың ашасына тастай салдым да, жағаласа бастаған ұл мен келінге: «Қысқарт! Тоқтат!» деп ақырдым. Ақжан келіншегінің екі қолын бірдей ұстап үлгірген екен, бірақ келін шіркін аяғын сермеп, тебуге жанталасып жүр. Тағы ақырдым. Кухнядан жүгіріп келген Ақгүл: «Не боп калды? Не болды?» деп шырылдап, ұлы мен келіннің ортасына түсе кетті. Аяғы күйеуіне дарымай күйіп жүрген келін енді енесін ыңқ еткізіп ішке тепті де жіберді. Мен жетіп үлгіргенше Ақжан келіншегін бір салып, мұрттай ұшырды. Сол қас қағым сәтте менің миыма «немерем жазым болды-ау!» деген үрей сарт ете қалды. Келінге қарай ұмтылдым. Орнынан созаландап тұра берген оны қармай құшақтап, бөлмелеріне ала жөнелдім. Ақгүл мен Ақжанға: «Сендер кірмеңдер, кетіңдер!» деп зекідім.

Келінім: «Пусти! Пусти меня! Я ему покажу!» деп бұлқына бастады. Апарып төсегіне отырғыздым да: «Отыр, ашуыңды бас!» дедім. Құшағымды жазып, есікке қарай шегіндім. «Мен

өлем! Өлтірем!» деп келін атқып тұрды. Мен есікті жауып, сүйеніп тұрдым да: «Ешқайсысың өлмейсің. Отыр. Ашуынды бас. Екеуіміз сөйлесеміз», дедім. Келін мені ығыстыруға, есікті ашуға әрекеттене бастады. «Отыр, кәне!» деп ақырып кеп қалдым. Тегі, дауысым жаман шықса керек, келін ақшаң етіп қарады да, ақырын шегіншектеп, төсегіне барып отырды. Көзін жерге салды. Шашын, киімін түзеді. Мен дәнене деместен бес минуттай қарап тұрдым. Ол жуасыды. Қолын уқалап, төмен қарап отыр. Мен есікті ашып:

– Әй, Ақгүл, шайыңды жөндей бер, біз қазір барамыз! – дедім де, есікті қайта жауып, келіннің жанына барып отырып: – Балам, екеуіміз қайын ата мен келін емес, әке мен қыз болып бір сөйлесейікші! – деп сөз бастадым.

Ғабеке, есті адам ұлы мен келінін, қызы мен күйеу баласын бір-бірінен бөлмей, алаламай, бірдей жақсы көруге тиіс емес пе? Алалаған жерде тірлік, өмір болмайды емес пе? Ұлым бақытты болсын десең, келініңе сиын; қызым бақытты болсын десең, күйеубалаңа сиын. Әрине, сиынуға тұратынына көзің жетсе ғана сиынасың. Менің ой тұжырымым осы болатын. Қарлығамен сөйлескенде де осыны ұстандым. Сөзді дұрыс бастадым-ау деймін:

– Балам, саған бар-жоғы екі-ақ сұрақ қояйын, сен тек шыныңды айтып жауап қайтаршы, жарай ма? – дедім. Ол сәл үнсіз отырды да, басын изеді.

– Жаңа Ақжан, сенің құлағыңа не деп сыбырлады?

– «Кончай, женушка, чаевать пора» деді.

– Сол сөз үшін оған қол жұмсағаның ешбір ақылға сыймайды. Ал оның шыдамы таусылып, шындап ұрса, азаматтың аты азамат емес пе, сен оңбай қаласың. Сосон милиция шақырасың, рас қой? Бұларың ұят. Бірінді-бірін қалап қосылғанда ертең өстіп қырқысып өмір сүру үшін, сонсоң соттасып-қаттасып айырылысу үшін қосылмаған шығарсыңдар деп сенемін. Ойланыңдар, балалық-шалалықты тастаңдар. Екінші сұрағым: жаңа Ақгүлдің орнына шешен араларыңа түссе, оны да теуіп жіберер ме едің?

Қарлығада үн жоқ. Қызыл бояулы сояу тырнақ сау-сақтарын кезекпен сылап, қалың еріндерін дүрдитіп отыр.

– Шырағым, есінде болсын, өзінің дені дұрыс адам екенін білетін

адам қорғануға, сақтануға мәжбүр болғанда демесек, хайуанға да беталды қол жұмсамайды, – дедім.

– Ақжан мені неге ұрды?! – деп бұрқ етті ол.

– Ол саған өзін де ұрғызып, шешесін ұрғызып қоя алмайтын шығар. Шешесіне арашашы болмаса несіне балаңмын дейді. Дәл бұл жолы мен Ақжанды айыптамаймын, қайта қолдаймын, сен мұны дұрыс түсін. Соңындағы бауырың Еркін ертең үйленеді, сонда келінің Еркінге, шешеңе қол жұмсаса, сен шыдап қарап отырасың ба? – дедім.

– Мен мамама бәрібір айтамын, мамамнан ештеңені жасырмаймын. Ол жасырма деген, – дейді.

– Айтсаң, шынында ештеңені жасырмай айт. Бүгін не болғанын, жанжалды кім бастағанын, қалай бастағанын Алпаға екеуіміз қатар отырып айтып берейік, жасырмайық. Содан кейін, шырағым, маманды арқаңа таңғанды қой. Қит еткенді жеткізіп тұрумен абырой таппайсың. Біз – әке мен шеше – сендерге дұрыс жол сілтесек қана әке мен шешеміз. Әкем ғой, шешем ғой деп, өз айтқандарыңның бәрін жөн дей бермендер. Сенің бірге өмір сүретінің – Ақжан. Ал Ақжанның бірге өмір сүретіні – сен. Біз сендермен бірге жасамаймыз. Біз – ең шірегенде орта жолдарына дейін ғана ілесетін жолаушылармыз. Сондықтан, балам, екеуің ең алдымен бір-бірінді ойландар, сонсоң бірлесіп ертеңгі күндеріңді ойлайсыңдар, – деп бастап, Қарлығаға білген ақылымды ақтарып айттым. Ең ақырында менің шаңырағымда, мынау төрт бөлмелі үйде ата жолымен Ақжан екеуінің түпкілікті ие болып қалатындарын, қыздарымның ертең-ақ өз қияларына барып қонатындарын түсіндірдім. Келінім басын изеңкіреп қойып отырды.

– Қалай, дұрыс па, бұрыс па бұл айтқандарым? – деп пысықтадым.

– Дұрыс, – деді ол.

– Ендеше, түсіне білгеніңе рахмет, жүр, шай ішейік, – деп ертіп алып шығып, кухняға қарай беттедік.

Сол әредікте телефон шыр ете қалды.

Пәленің төбесі қызыл телефонның шылдырынан кейін қылтиғаны есіме сап ете түсті де, трубканы ала қойдым.

– Қарлыға бар ма? – дейді. Құда бала Еркіннің дауысы.

– Еркінсің бе? Ассалаумағалейкүм қайда? – деп әзілді алға салдым.

– Қарлыға керек! – деп қадалып тұр.

Он үштегі баламен есеп айырысып қайтем. Қарлығаны шақырып, трубканы ұсындым да, кухняға барып, үстел басына отырдым.

– Ол кім? – деді Ақгүл.

– Еркін ғой, Қарлығаны шақырды.

– Ол сендер сөйлесіп отырғанда екі рет звондап еді, мен «Қарлыға ваннада» дей салдым.

– Мен үйге кеттім, мамама плохо дейді! – деді Қарлыға коридордан дауыстап.

– Мамаңа плохо дей ме? Тұра тұр, Ақжан бірге барсын, – деп Ақгүл жауап қайырып, Ақжанға бар деген ишара жасады.

Ақжан орнынан ықылассыз тұрып, басын шайқай тыржың етті.

– Байқа, ұстамды бол, Қарлыға бұл жолы теріс кетпес, – деп сыбырлап оған ескерту жасап қалдым.

Балалар шығып кеткен соң Ақгүл:

– Құдағиың «жүрегім ауырады» деп сүйінші сұрап кеп жүретін, шынында ауырып қалмасын. Бірақ соның жүрегі жүрек емес, жұдырықтай сіңір ме деп қорқам, – деді күлмей, жайбарақат сөйлеп.

– Нең бар онда? Олардың өз тірліктері өздерінде, біздің өз тірлігіміз өзімізде.

– Жарайды, қойдым, – деді ол. – Бірақ кейін көргенде содан көрерсің. Мен бізге жақында келген бір дәрігер келіншекке көрініп жүрмін. Сол айтады: «Алпа біздегілерді біріне-бірін айдап салып, екі жыл ішінде төрт рет талқыға түсіп, ақырында еңбек кітапшасына: «Коллективте іріткі салғаны үшін, өсек-аянды өршіткені үшін жұмыстан шығарылды», деп жазылып қуылған, содан бері, міне, төрт жыл болды, еш жерге қызметке орналаса алмай жүр», – деді.

– Е, мейлі, – дей салдым, қажетсіз сөзді қаңтару ниетіммен.

– Мейлі ғой, әрине. Тек оның шәлкем-шалыс мінезінің шалығы балаларға тиіп жүрмесе екен. Бір кезде қайын ене мен келіннің арасы жараспайды деп неше түрлі келеке сөз тарап жатушы еді, ал қазір қайын ене былай қалды, қыз шешесі атқа мініп тұр; қызы мен күйеу баласының арасында күңкіл естілсе болды, қыз шешесі

білегін сыбанып жетеді де, күйеу баласына әңгіртаяқ ойнатады. «Сен сондайсың, сен мұндайсың, менің ақылды қызымды ақымақ қылдың, қор қылдың!» деп тебітіп-тебітіп, әмірі жүрмей қойса, қызын ажыратып алып кететінді шығарды. Анау Жамалгүл, Бижік, Сәлима сөйткен жоқ па? Қыздарына басу айтудың орнына, айтақтап-айтақтап, ақырында екі жастың арасын ашып, шиеттей сәбилерді тірі жетім етіп тынды. Сәлиманың қызы бізде істейді ғой, сол: «Шешемнің жетегіне бекер ердім!» деп жылайды. Күйеуі қандай жақсы бала еді, Талаптың ұлы ғой, ол тірі айырылғанға аза тұтып отырсын ба, бір көргенді қызға үйленіп, тәп-тәуір отбасы болып кетті, ол келіншегінің аяғы ауыр.

– Сонымен, қайын ене мен келін проблемасы күн тәртібінен түсті, ендігі проблема қыз бен шеше одағы демексің бе? Қой, олай болмас. Сәлималарыңның ыңғайы солай боп қалған шығар, әйтпесе, өз қыздарының тағдырына өйтіп баса-көктеп қиянат жасап не көрініпті оларға?! – дедім.

– Мейлі. Олардікі өздерімен кетсін, бірақ жиілеп барады. Әй, біздің қыздар кешікті ғой, сағат жеті боп қалды, – деді Ақгүл, мектептен келетін уақыттары боп қалған екі қызымызды есіне алып...

Ақжан ел жата оралды. Жалғыз.

– Қарлыға қайда? – деді Ақгүл, көзі боталап.

– Ертең келетін шығар, шешесі жіберсе, – деген Ақжанның дауысынан жүйкесі жұқарып келгені аңғарылды.

– Не болды? Бері келіп айт, – деп бөлмемізге шақырып алдым. Ақжанның айтқанынан білгеніміз мынау болды: табалдырықты аттай берісімен-ақ енесі Ақжанға дүрсе қоя беріпті. «Сен менімен неге дұрыстап сөйлеспедің? Телефонның трубкасын Қарлығадан неге тартып алып қоя салдың? Сен мені өлтіресің! Жүрегімнің приступы ұстап, құлап қалдым, егер өліп кетсем, қайтесің?!» деп Алпа бұрқырап кеп кетіпті. Күйеу баласының аузын аштырмапты. «Сөйлеме! Тыңдамаймын!» деп зіркілдепті. Өзі өртеніп тұрған шешесіне Қарлыға одан ары жел беріп: «Мені ұрды!» депті. Алпа ала құйынның көкесін көрсетіпті сонсоң... Қолына не түссе, соның бәрін жерге атып ұрып, үйді басына көшіріп айқайлап, орысша-

қазақша боқтық сөздерді боратып, «мына подлецке төмпештетіп қойғанша, сені өзім ұрып өлтірейін!» деп қызын екі рет періп-періп жіберіпті. Екі ұлы далаға безіп кетіпті. Бөлмесінен шығып: «Қой енді, қой!» деген Сапаққа диванда жатқан шахматты ала ұмтыпыпты. Шахмат Сапақ жауып үлгірген есіктің сыртына тиіп, салдыр-гүлдір шашылыпты. «Сабасына түссін, сонсоң бізде не боп, не қойғанын Қарлығаның өзін куә етіп отырып айтайын деп ойлап, шыдап бақтым. Бірақ: «Тәте!» дей берсем-ақ болды, «Сөйлеме! Молчи! Дурак!» деп тағы бұрқырап ала жөнеледі. Бір кезде әлдеқайда телефон соғып, бір әйелмен «Лидочка» деп дәл бір сағат сөйлесті», деді Ақжан. Алпа ол Лидочкасына мұңын шағып, Қарлығаның бақытсыз екенін, ақылы жоқ күйеуге тап болғанын, күнде таяқ жеп жүргенін, енді ұратын болса, күйеуін соттатып жіберетінін құдды бір қисса жырлағандай қиыстырып айтыпты. Ара-арасында өксуді, көзін сулауды да ұмытпапты. Қарлығаны жанына шақырып алып, құшақтап отырып: «Сені енді жібермеймін. Керек десе, анау Ақыш пен қатыны келіп, менен кешірім сұрасын!» депті. Соны естіген соң Ақжан шығып жүре берген.

Мен бас-аяғы жоқ түсініксіз бір әңгіме тыңғандай әрі-сәрі күй кештім. Ашуланарымды да, күлерімді де білмеймін. Ал Ақгүл:

– Құдай-ай! Ел қатарлы құдандалы болдық, келін түсірдік деп қуанып едік, кесепатқа душар еттің-ау! Алпа тірі тұрғанда шырықтарыңның осы бұзылғаны бұзылған шығар. Балам-ай, қой дегенде тіл алмай, жабысып қалып едің... Сонда-ақ айтып едім, жүрегі суық деп, ақыры не болар екенсіңдер! – деп көз жасын іркіп, шығып кетті.

Ұл екеуіміз оңаша қалдық. Онда да, менде де үн жоқ. Ақжанның не ойлап отырғанын қайдан білейін, ал мен іштей дағдарыстамын. Қарлығамен сөйлесіп, қайсысының оң, қайсысының теріс екенін ұғысқанымыз әлгібір әзірде ғана еді-ау. Арада бір сағат өтер-өтпесте келін шырақтың шешесінің алдында шалқасынан түсіп, бәрін кері айналдырып жібергені қалай? Не білген ойы бар?.. Өзімді оңаша: келіннің орнына қойып та, Сапақ пен Алпаның орындарына қойып та ойландым, ештеңені бажайлап жарымадым. Алақұстанып бүлінетін де, алағандай бүлдіретін де себеп, негіз

жоқ. Әлде сол ма дейтін бір ғана дәлел – Алпаның машық-мақсаты. Ол – күйеуді қыңқ дегізбей бүріп ұстау. Бұзылған адамды бүріп ұстау керек болар, ал бұзылмаған адамды бүріп ұстамақ – ессіздік, адамның қадір-қасиетін, ар-намысын сыйламаушылық. Жаңа қосылған жастардың бірі сондай «принцип» ұстанса, ол – адами сорлылық және сүйіспеншілік сезімді қорлаушылық. Қарлыға мұны шынымен ойламай ма, түсінбей ме? Бүйте берсе, ертеңгі тірліктері не болмақ?.. Ажырасып тынып жүрмесін?! Олай бола қалса – масқара!..

Өрескел ойдан басым ауырып кетті. Ұлға қарадым.

– Бұл не? Не болды бұл? – дедім оған.

– Аға, ол екеуіміз түбі тұра алмайтын сияқтымыз. Мен алданыппын. Сіздердің де пікірлеріңізбен санаспап едім, оным қыңырлық болыпты, кешіріңіздер, – деді ұлымыз.

– «Сіздердің де» дейсің бе? Бізден басқа тағы кімдер қарсы болып еді?

– Әли мен Нұржандар да қарсы болған. Әуелі солармен таныстырғанмын. Соларға барып жүрдік. Әли БАМ-ға жұмысқа кетті ғой. Ол кетерінде: «Қарлығаға үйленсең, маған пригласительный жібермей-ақ қой, бәрібір құттықтамаймын!» – деген болатын. Нұржан мен Жанна да тойға келмеді. Олар да қарсы болған.

– Неге?

– Әли: «Оныңның кім екенін ақыры түсінбедім» деді, ал Жанна: «Ол өмірі кітап оқымаған кісі сияқты. Өзінің мектеп бітіргені, институт бітіргені рас па?» – деп күлді.

– Әне, көрдің бе, Қарлығаның сиқын сенен басқаның бәрі таныған, ал сен... Жарайды, болары болды, енді өкіне берме, шыда. Балаларың болған соң, бәрі де орын-орнына келіп, жақсы боп кетулерің мүмкін, шыда, – деп әкелік парызымды өтеудің және бір әрекетін жасадым.

Келін содан үйге үш күн келмеді. Екінші күні Ақжан барған екен, енесі сендерді қырам да жоям деп, аузына келгенді айтыпты. Үшінші күні Ақгүл ауруханаға түсіп қалды, қызметте отырған жерінде жүрегі қысылып, «жедел жәрдем» алып

кетіпті. Реанимация дегенінде бір апта жатты. Кіргізбейді, жолықтырмайды. Хат арқылы хабарласып жүрдім. Ол байғұс өзі қатты ауырып жатып, біздің хал-ахуалымызды сұрайды, «балалардың қарны ашып қалмасыншы» дейді. Келінін сұрайды, «келді ме?» дейді. Мен екеуіміз ерлі-зайыпты болған жиырма төрт жыл ішінде оны бірінші рет алдап: «Қарлыға үйде, қазір тәп-тәуір боп жүр, ойланған тәрізді», деп жауап жазамын. Өтірігім шығып калған күні не дер екенмін деп іштей күлем. Бірақ, шығуы керек-ақ өтірігім шықпай қойды. Және бір аптадан кейін Ақгүлді екінші кардиология бөліміне ауыстырып, палатада жүріп-тұруына рұқсат етілді. Ауруханаға түскеніне жиырма екінші күн дегенде ғана палатадан шығып жүруіне рұқсат берілді. Сол күні келініміздің перзентханаға, оның әлгі алдын ала бақылау жасайтын бөліміне алынғанын естідім. Ақжан айтып келді. Барып шығыпты. Өзінің көңіл күйі сәл түзелгендей.

Жексенбі күні қыздарымды ертіп, Ақгүлге бардым. «Мамаларың Қарлығаның үйде болған-болмағанын сұраса, «үйде болды» дендер, көңілін бұзбайық», деп түсіндірдім. Сөйтіп, өтірігім шықпай қалды.

Ақгүл ауруханада тағы бір ай жатты. Жүрегі дұрысталып келе жатады да, бір күні жүрісінен жаңылып, қан қысымын арттырып кеп жібереді. Ақгүл басын көтере алмай, үш-төрт күн жатып қалады. Дәрігерлер аң-таң, «Ем-домымыз дұрыс еді, аяқастынан не болды екен?» деседі. Тағы анализ, тағы байқау, тағы ем-дом. Облыстық аурухананың бас дәрігері ғылым докторы Дәурен Дәрменов:

– Алматының кардиология орталығынан профессор шақырсақ дейміз, сіз қалай қарайсыз? – деді.

– Қалай қарағаны несі, тезірек шақырсаңыздаршы! – деп күйіп-пістім. Ақгүлдің халі біресе жеңілдеп, біресе ауырлаңқырап, емдеуші дәрігерлердің дағдарып алақан жаюлары жиілей түскен сайын менің күйіп-пісуім де көбейген. Менің ұғымым бойынша: дәрігер білетінін «білемін», білмейтінін «білмеймін» деуге тиіс. Әлде анау шығар, әлде мынау шығар деп өзіне денсаулығын ғана емес, тағдырын да тапсырып жатқан тірі адамды тәжірибе мүлкіне айналдырмауы керек.

– Ақа, сіз ашуланбаңыз. Бұл шаруаның бір кілтипаны бар. Жеке бір сырқатқа шақырғанда ол кісінің келу-қайту дегендей барлық шығынын, мысалы, сіз көтеретін боласыз, – деді Дәрменов.

– Туысқан-ау! Атаң қазақ баяғыда-ақ айтқан: «Малым – жанымның садақасы», деген!

Содан он алтыншы күн дегенде профессор келді. Ақгүл болса, сол он алты күн ішінде екі рет қатты киналды. Барлық қаны басына жиналғандай болып, бүкіл бет-әлпеті қып-қызыл боп күлдіреп кетеді. «Қан қысымы екі жүз жиырмадан асып тұр, ешбір укол әсер етпейді», дейді дәрігерлер.

Профессор келді деген күні үкідей ұшып жетіп едім, Ақгүлді емдеуші дәрігер жігіт Ербол:

– Профессор бүгін дем алатын болды, жеңгейді ертең көреді, ал жеңгеміз қазір молодец, жаңа обход жасап шықтық, – деді.

– Профессор ер адам ба, әйел ме?

– Ер адам.

– Дем алғышын қайтейін. Оны самолет көтеріп келмей, самолетті ол көтеріп келген ғой, сірә? – деп профессорды ашық жақтырмай және кейідім.

– Жасы жетпіске келіп қалған көрінеді...

– Онда пенсиясын алып, жатсын үйінде!

– Жеңгейге барып шығыңыз... Ал профессорға айтатыныңызды сонсоң өзіне айтарсыз, – деді Ербол қуақы үнмен.

Ақгүл жасыл гүлді халатын жамылып, палатасынан шығып келеді екен.

– Иә, қайда кетіп барасың? – деп құшақтап, бетінен сүйдім.

– Есік алдына шығып біраз отырып келмесем, тегі палата ысып кетті, жүрші, – деп қолтығымнан ұстады.

Күн шуақты еді. Өскеменде күз соңғы жылдары әдеттегіден ұзағырақ, жылырақ болып жүрген, биыл да жылы болады деседі. Қазан айы ортасынан ауыңқырап бара жатса да, Алтайдың «түсі суық» күзінен әлі хабар жоқ.

– Алматыдан профессор келді. Сізді сол қарайды дейді, осылар мені біреумен шатыстырып, мемлекет қайраткері деп жүргеннен сау ма? – деп езу тартты Ақгүл.

– Ол да мүмкін, – деп құптадым, оның көңіл күйіне орай жадырап.

– Жәрдемі болса.

– Болғанда қаңдай! Жиырма бес жылдық «күміс» тойымызда таң атқанша билейміз әлі екеуіміз! Онда немереміз бір жасқа толады, соны кезек-кезек көтеріп алып билейміз! – дедім.

– Құдалар ат ізін салған жоқ. Қарлыға қалай екен?

– Келіннің күні таяу тәрізді. Ақжан айтады: «Төркініне күн ара тұра қашып жүріп, декретінің он шақты күнін өткізіп алыпты», дейді.

– Ештеңе етпес, жаны қалса, болды. Профессорға көрінген соң үйге шығамын, берер уколын үйден аламын. Әбден жалықтым, шаршадым. Мұнда жатқаннан үйде жатқаным жақсы.

– Әрине, кемпірім, әрине. Оның үстіне немеремізге ә дегенде апа керек.

Ақгүл маған жүзі нұрлана қарап, шынайы мейіріммен жымыып:

– Немере сүйіп, ата-апа болған қызық, иә? – деп, қолтықтап келе жатқан қарымды қос қолдап қысып-қысып, жан-жағына еңсесін көтере қарады.

– Өз балаң – балауыз, балаңның баласы – бал депті!

– Кім?

– Ақаш Берікболов! – деп, жоқ мұртымды сылап, шекемнен қарадым.

Ақгүл күліп жіберді. Сықылықтап тұрып күлді.

– «Мемлекет қайраткері» де сықылықтап күледі екен-ау! – деп едім, Ақгүл одан әрмен сықылықтады. – Байқа, кемпірім, профессор естіп қоймасын. «Мынаның ауруы қайда? Мені алдап шықырыпсыңдар ғой?!» деп өкпелеп, қайтып кетіп жүрер!..

– «Өкпелесе, көшке берген тайын алсын». Тезірек шығарса екен, немереміз келгенде үйде болғаным жақсы ғой.

Сол әредікте ту сыртымыздан медсестра Зәуренің:

– Ауру Берікболова! Берікболова! Палатаға қайтыңыз. Қазір профессор келеді! – деген дауысы естілді.

– Әне, айттым ғой, профессор естіп қойыпты, – деп әзілдеп, Ақгүлді иығынан құшақтап, кейін бұрдым.

– Осылар «ауру пәленбаев» дегендерінен жаңылмайды-ақ. Ауру екенінді ұмытайын десең де ұмыттырмайды, түге. Жарайды, сен үйге қайта бер. Қарлығының халін біліп тұрыңдар. Маған ештеңе керек емес, – деп, иығындағы қолымды алақанымен бірер қаққылап, көзі жәудірей қарап, кете барды.

Профессор Ақгүлді бір апта қарады.

– Бұл профессор – бүкіл Одаққа белгілі кардиолог. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Дүйсенбі күні сағат 9-да, менің кабинетіме келіңіз, танысасыз, әңгімелесесіз, – деді Дәурен, жұма күні.

Айтқан мезетінде профессормен кездестім, таныстым. Сұңғақ бойлы, сыптығырдай кісі екен. Ол маған көзәйнегін алып қарап:

– Егер ренжімесеніз, сіз екеуіміз ертең осы уақытта сөйлесейік, соңғы бір анализдің нәтижесі дайын болмай жатқаны, – деп қолын қайта ұсынды.

Ертеңінде таңертеңгі сағат сегіз жарымда телефон шылдыр етті. Ақжан жұмысына, қыздарым мектепке кеткен. Мен ауруханаға баруға шыққалы тұрғанмын.

– Алло! – дедім.

– Ақжан Берікболов жолдассыз ба? – деді сыңғырлаған дауыс.

– Ол қызметінде. Мен – Ақаш Берікболовпын.

– Әкесісіз бе? – деді әйел дауысы, тым-тым сыңғырлай түсіп.

– Иә. Сіз кімсіз? Не бұйымтайыңыз бар еді?

– Ұлыңыз «ең алдымен маған айтыңыз» деп еді, бірақ өзі жоқ екен, енді ренжи қоймас, – сүйінші! Немерелі болдыңыз! Ұл бала! Сүйінші! – деп қоңыраулатып жіберді.

– Қайда? Қайда?! Бұл кім?! – деппін.

– Қайда болушы еді? Перзентханада! Перзентханадан телефон соғып тұрмын. Сүйіншімді атаңыз! Менің атым – Жібек. Немереңіздің де, келініңіздің де денсаулығы жақсы!

– Айналайын Жібекжан! Айналайын! Айналайын!..

«Айналайынды» неше рет айтқаным, тағы не дегенім есімде жоқ, трубканың «бип-бип-бип» деп дабыстап тұрғанын бір-ақ аңғардым.

Ғабеке-ау, сыртқы есікті қалай жапқаным, көшеге қалай шыққаным, ауруханаға қалай жеткенім, шын бар-ау, есімде жоқ.

Немерелі болғанымды ең әуелі Ақгүліме – апасына айтайын, басқаларға содан кейін ғана айтамын деп түйгенім ғана есімде.

Ақгүл екеуіміздің немерелі болғанымызды бүкіл жарық дүние білген сияқтанды. Сол бүкіл жарық дүние ол ұлы хабарды Ақгүліне, Ақжанына, қыздарыма, туыстарына, жолдастарына, достарына Ақаңның өзі жеткізсін деп тосып тұрған да сияқтанды. Менің мәртебем де, мерейім де өсіп жүре берді.

Аурухананың сыртқы қақпасы алдында профессормен, Дәуренмен тоқайласып қалдым.

– Ассалаумағалейкум! – дедім профессорға.

– Уағалейкүмәссәләм! – деді ол ақырын ғана, маған апанық танданыспен қарап. Көңіл көрігім гуілдеп, сірә, сәлемім даурықпалау шықса керек.

Одан ары ләм-мим деспей, профессор – алда, мен – ортада, Дәурен – артта, қаздай тізіліп, Дәуреннің кабинетіне кіріп бір-ақ тоқтадық. Кабинеттің есік-терезесі ашық, желдетіліп қойылған екен.

– Отырыңыздар, – деп Дәурен есікті жауып, сонсоң барып терезелерді жаба бастады.

Мен «жаппай-ақ қойсаңшы!» дей жаздадым да, олардың көңілдері менің көңілімдей желдеп тұрмағанын есіме алып, профессордың меңзеуімен диванға, оның жанына жайғастым.

– Балаларың бар ма, нешеу? – деді профессор, диванның арқалығына қолын арта маған бұрыла отырып.

Мен жауап бердім. «Немерем де бар!» дей жаздап, тілімді тістей қойдым. Анау перзентханада немеремнің іңгәлап жатқанын алдымен Ақгүлге айтып, алдымен Ақгүл апасын қуантуым керек. Ол ұлы хабарды басқалардың Ақгүлден бұрын естуге хақылары жоқ. Атын егер ұл болса – өзімнің атыма, қыз болса – Ақгүлдің атына ұйқастырып қоямын деген іштей уәдем де бары есіме сап ете түсіп еді, онымен ілесе «Мақаш» деген ат та тіліме орала кетті. Ақаш – Мақаш!..

– Балаларыңның есейіп, ержетіп қалғаны жөн екен, – деді профессор, ақ бурыл қалың шашын толқынта басын бір изеді де: – Мен келіннің сырқатын әбден зерттедім. Жүрек ауруларының қазірде кең тарап, асқынып тұрған екі түрімен көптен бері ауырады

екен, – деді. – Оның үстіне өкпесі кемтар көрінеді, жүрекке ол да жүкті аз артпаған. Ал жүрек... Жүрек байғұста не билік бар, қашан титықтап біткенінше тоқтап қалмауға тырысады. Солай, Ақаш інім, солай. Сенің мықты болуың керек, берік болуың керек. Келіннің қалған ғұмыры қысқа ма деп қорқамын. Оның жүрегі ендігі қысылыс-қиналысқа төзе алмайды...

Кабинет тарылып, орнынан жылжып барады...

Көз алдым ығы-жығы көрініске толы. Ауыл ма, мектеп пе, кісілер ме, мал ма, көшелер ме, өзіміздің үй іштеріміз бе, жылаған балалар ма... қат-қабат, алмасқан, көшкен көріністер...

– Ағай, кімді іздеп жүрсіз? – деді әлдекім. Бөтен дауыс. Маған емес.

– Ағай, кімді іздеп жүрсіз? Кімді? – деді шынтағымнан ұстап. Дәуреннің қолтықтап, бірдеңе деп келе жатқанын байқағандай едім, дауысқа бұрылып қарасам, – ол емес, бөтен біреу.

– Ақгүл қайда? – дедім.

«Ординаторская» деген жазуы бар есіктің алдында тұр екенмін.

– Ақгүл тәтем бірінші этажда, мынау үшінші этаж.

– Кешір, қалқам...

– Сіз Ақаш ағайсыз ба? – деді. Қыз бала. Ақ халатты. Жүзі таныс секілді.

– Мен бе? Иә, иә...

– Сізді сырттай танимын. Дәурен аға айтқан. Ал Ақгүл тәтеме кеше кешке барып, танысып шықтым. Сіздер туралы мамам да айтқан.

– Дұрыс, дұрыс. Ақгүлге барайын.

– Аға, мен осында ауысып келдім. Бір апта болды. Хирургиядамын. Атым – Гүлзағи. Қарагөздің қызымын.

– Дұрыс, айналайын, дұрыс.

– Қарагөз Сәйдімбекованың қызымын, аға!

– Жақсы, айналайын... Кім?! Қарагөз?! Қайдағы Қарагөз?.. Ә-ә, иә... Қалай? Қарагөз қайда?

– Семейде тұрамыз. Мамам мектепте директор. Папам рудникте. Мен мединститутты былтыр бітіргенмін, осында ауысып келдім. Нұрбол мединститутты ендігі жылы бітіреді, сонсоң бәріміз осында

көшіп келеміз. Жарайды, аға, тағы кездесеміз ғой, сау болыңыз!

– Сау бол, сау бол!.. Мен Ақгүлге барайын, – деп кете бардым.

Басымның зеңгігені басылыңқырап, көз алдым айығыңқырады; үшінші қабаттан не іздейін – төменге қайттым. Сатының қызыл қоңыр сүйеніш-жақтауы суық екен, ол да маған теріс болмады – оң алақанымнан өне бойыма салқындық тарады ма, білмеймін, тарылып кеткендей болған тынысым сәл кеңігенге ұқсап, денем жеңілденкіреді. Құлағыма: «Келіннің қалған ғұмыры қысқа ма деп қорқам. Оның жүрегі ендігі қысылыс-қиналысқа төзе алмайды» деген дауыс келе қалды. Профессордың дауысы. Профессордың өзі де, дауысы да сүйкімсіз, жағымсыз деп түйдім. «Келіннің қалған ғұмыры қысқа ма деп қорқамын...». Ол – профессор – несіне қорқады?! Бір көрген кісінің халіне қабырғасы қайыса қалғаны ма?! Онысы қай көлгірсігені?! Мен сенеді деп айтқанын қарасаңшы!.. «Емдеп жазу қолымнан келмейді» деп шынын айтпай ма? Қайда апарып, кімге апарып емдетуге болатынын неге айтпайды? Әлде өзінен асқан білгір жоқ деп ойлай ма екен?.. Мен оның келу-қайту шығынын бәрібір төлеп берем ғой – Ақгүлдің садақасы!.. Профессор, мен саған сенбеймін! Сену мүмкін емес! Сен пайғамбар емессің... Сендер, дәрігерлер, білмейтіндеріңді «білмеймін» демейсіңдер, «білмеймін» деуге арланасындар, сонсоң әйтеуір бірдене дейсіңдер, өздеріңше бір диагноз қоясындар – мен сендер-ге сенбеймін...

Мен іштей осылай деп қысастыққа беріліп, Ақгүлдің палатасына барып жеткенімде палатадан медсестра жүгіре басып шығып, мені байқап қалып: «Ағай, сәл кідіре тұрыңыз, іште профессор мен лечврач бар», – деді де, дәліздің төріне қарай жөнелді. Мен біреу кеудеме түйіп қалғандай ауырсына қалт тоқтадым. Профессор мен Дәуреннің қашан келіп үлгіргендеріне таңдандым ба, жаңағы медсестраны танымайтындығыма таңдандым ба, қалайда әрі-сәрі күйге тап болдым. Мені бірінші рет көрген медсестраның маған: «Ағай, кідіре тұрыңыз...» дегені несі? Әлде басқа палатаға келіп тұрмын ба тағы? деп аңтарылып, есікке қарасам, жоқ, тоғызыншы палата, Ақгүлдің палатасы. Сол әредікте әлгі медсестра қолтығына қоңырқай бір жәшікше қысқан күйі жүгіре басып палатаның есігіне қол соза бере маған басын бір изеп: «Ағай, кідіре тұрыңыз, ештеңе

етпейді, қазір», деді де, ішке кіріп кетті. Мен қала бердім. Ел-жұртымның көшінен қалып қойғандай жалғызсырап, жан-жағыма жүрексіздене қарадым – бірде-бір пенде көрінбейді.

Кенет екі дізем ұйи бастады ма, мұздай бастады ма, білмеймін, өз денемді өзім ауырлап, қылтам қиылып бара жатқандай жайсызданып, отырар жер іздедім: қарсы терезенің алдына таман қалқаймалы ескі орындық тұр екен, соған жетіп үлгірдім – ол орындық шақыр-шұқыр ете қалды; мен әлдекімнен қысылғандай селт етіп, жан-жағыма тағы қарадым, ешкім тағы көрінбеді. «Ештеңе еткен жоқ» деп ойладым. Әлгі бейтаныс медсестраның: «ештеңе етпейді» деген жұбатуы есіме түсті. «Өзі де ештеңе етпейді» деп тұжырдым. Ол білмесе айтпайды ғой. Ештеңе етпейді. Ақгүл әлі немересін сүйеді. Сүйеді немересін, сүйеді!..

Орындықты шақырлатпауға тырысып, терезеге қарай бұрылып отырдым. Ақгүл әлі немересін сүйеді деген берік сенім менің ойымды тағы сабақтады: құйтақандай ғана күшік кімге тартты екен десеңші! Ақжанның сондай құйтақандай кезі көз алдыма келді. Оны туғанына үшінші күн болғанда көргенмін, қолтоқпақтай орамнан қоңқиған мұрны ғана көрінген. Мен перзентхананың Ақгүл мен бөбегім жатқан екінші қабатына сыртынан өрмелеп шығып, терезесінен қарағанмын. Ақгүл ораулы баланы екі білегіне көлденең салып алып келген. Бөбектің бір уыс қана бетінен шынында мұрны ғана көрінетін. «Кімге тартқан?» дедім, терезе шынысына аузымды тақай айқайлап. Екі беті алаулай күлімсіреген Ақгүл мені иегімен нұсқап, «саған тартқан» дегенді үнсіз ұқтырғанды. Ал енді біздің немереміз кімге тартты екен?..

Палатаның есігі ашылды. Жалт қарап, орнымнан ұшып тұрдым. Іштен профессор, Дәурен, бір әйел дәрігер және Ербол шықты. Алғашқы үшеуі мені байқамай, күбірлесіп сөйлескен күйі өз жайларына кетті де, Ербол халатының түрген жеңін түсіре аяндап жаныма келіп, басын ізей, қолын ұсына сәлемдесіп:

– Апайға келдіңіз бе? Ол кісі аздап жайсызданып еді, профессор көрді, тәуірленді, барыңыз, кіріп шығыңыз, көңілін аулаңыз, – деп қолымды қаттырақ қысып, басын ізей жымыып, сонсоң ол да жөніне кетті.

Мен палатаға кіргенде бейтаныс медсестра әлгі қоңырқай жәшікшесін, басқа да асай-мүсейін қолтықтап шығуға беттеп келеді екен, ығысыңқырап жол бердім. Ол қабағын кере жымыып:

– Апайды шаршатып алмаңыз, көп сөйлеспеніз, – деді.

Палата ішін әлдебір ашқылтым дәрі иісі жайлап алыпты, кеңсірігімді бірден қапты. Екінші төсектің бос екені де бірден байқалды: сары ала жапқышы мұқиятталып, үшкілдендіре қырынан қойылған жастығының құлағы едірейіп тұр.

Ақгүл төсегінде халатымен жатыр екен. Мен барып жанына отырған сәтте бетін ақырын бұрып, көзін ашып, езу тартты. «Күлегеш қыз» Ақгүл көз алдыма келе қалды. «Тәңірім-ау, менің мына шаршап қалжырап жатқан Ақгүлім оған ұқсамайтыны қалай, екеуі аттас қана сияқты ғой?» деген бір ой кеудемді тесіп өтіп кеткендей болды. Ақгүлді құшақтай еңкейіп, екі көзінен кезек сүйдім. Ол тағы езу тартып, қатты сағынып сарыла күткен кісіше жәудіреп қарады. Қуқыл тартқан жүзіне қайтадан қан жүгіріп, ерні ерекше қызғылттанды. Әйелімнің ажары мен бұрын көрмеген әсемдікпен сұлуланьш, менің құлази қалған көңіліме қуанышымды қайта оралтты:

– Сүйінші, жаным, сүйінші! Немерең бар, екеуіміздің немереміз бар! – дедім, оның ұсынған екі қолын бірдей уысыма алып, сипай отырып.

Ақгүл көзін жұма қойды. Қолы дір-дір етті. Мен шошып қалдым. Оқыс айттым-ау, келте айттым-ау деп өкіндім. «Қуанған да – бір, қорыққан да – бір» деген, ауыр тиді-ау», деп өзіме-өзім іштей күйініп, Ақгүлді қайтадан құшақтай еңкейіп, бетіне үңілдім. Оның көз құйрығынан жас сорғалап кетті. Қуаныштың жасы екеніне шүбәланған жоқпын. Ғабеке, бұл адам дегенің қайғы теңізінде халі құрып бара жатқанның өзінде сонау өткен өмірінің ең бір сәулелі сәтін есіне алып үлгіреді деп жазғанды бір кітаптан оқып едім, сол, сірә, рас шығар, себебі Ақгүл көзін ашпаған күйі, көзінен жасын бұлап жатқан күйі езу тартып:

– Ақжанымның өзіндей, құйтақандай-ау, ә? – деді де, ботакөзін жалт еткізіп ашып, екі қолын жайлап көтеріп мойнымнан күшақтап: – Кеудемді көтерші! – деді, енді жымыып.

Ақгүлдің перзентханада Ақжанын өзіне алғаш әкеліп көрсеткен минутты есіне алғанын ұқтым.

– Ақжаныңдай, Ақжаныңдай! Ат ұстар! – дедім.

– Айналайын, ат ұстарынан айнала-а-йын, – деді.

– Бүгін туды, таң алдында туыпты, сағат сегіз жарымда, – дедім.

Ақгүл қолын сілтей әлсіз күліп:

– «Таң алдында» не, «сағат сегіз жарымын» не, әлі абыржып отырсың ғой, шалым-ау? – деді. «Шалым-ау» дегені маған өзім өз болғалы естіген ең ыстық, ең қымбат сөз болды. Өйтпегенде ше?! Немере сүю, ата болу – ғажап қой, құдайым-ау, ғажап-ақ қой!

– Перзентханадан сағат сегіз жарымда телефон соғып, сүйінші сұрады. Мен ғана үйде болатынмын. Ең алдымен саған айтайын деп, апасына айтайын деп жеттім емес пе, Ақгүлім! Сен апа болдың, міне. Ауыруға енді уақытың болмайды, әйда, үйге қайтамыз, киін, кәне. Немерең келгенде үйде болуың керек қой? – дедім көңілдене әзілдеп.

– Келін үйден барды ма? – деді Ақгүл. Менің жүрегім жұлқынып қалған тәрізденді. «Шындықты ірке тұр, Ақгүліңе ауыр тиер» дегені ме екен-ай?!

– Әрине, үйден барды, қазір жақсы, бәрі жақсы, тек өзің шықшы, үйге жүрші. Киіміңді әкелейін бе? – деп әзілімді жалғай түстім.

– Құйтақандайым келгенде үйде болсам жарар еді, шомылдырып, сылап-сипау керек қой оны, – деп Ақгүл емірене сөйлеп, төсектен түскісі келетінін аңғартты. Түсуіне көмектесіп, қолтығынан алдым.

– Атын кім деп қоямыз? – деді Ақгүл.

– Атасының атына ұйқастырып қоямыз демеп пе едік?

– Жоқ, папасының атына ұйқастырып, Мағжан деп қояйықшы!

– деді ол, назды үнмен, менің иығыма басын сүйеп.

Ақгүлімнің назды, ерке қылығын сағынған екенмін, жүрек шіркінім шым-шым етті.

– Жарайды, жаным. Мағжан деп қояйық. Ақжан-Мағжан – қандай жарасымды! Сенің басың – бас емес, тура университет! – деп иіліп, шашынан иіскедім.

– Басым шынында бас емес, отырайықшы, – деді Ақгүл кенет

сынық үнмен. Көзіме профессордың ақ бурыл шашы елестей қалды...

Айналайын, інім, Ғабеке!

Осыдан бес күн бұрын Ақгүлдің қырқын бердік.

Немеремнен тірі айырылдым. Сапақ пен Алпа перзептханаға бізден бұрын барып, қыздарын да, менің немеремді де алып кетіпті. Содан әлі көрсетпей отыр. Атын кім деп қойғанын да білмейміз.

Хал, осы, бауырым!.. Аман болыңдар! Ақаш».

Ғабдол соңғы дәптерді соңғы бетін жаппаған күйі дізесіне қойып, ауыр күрсінді. Жан-жағына жайлап қарады: жол серіктері шалқиып-шалқиып ұйықтап жатыр. «Бейқам ұйықтаған да – бір жетістік екен-ау!» деп ойлады Ғабдол. Ол самолеттің терезесіне көз тастады – оның көзіне терезенің арғы жағынан сабынның көбігіндей ақ бұлт әлемі көрінбеді, Ақаш, Қарагөз, Ақгүл, тағы біреулер елестеді. Көзін жұмып, орындықтың арқалығына ол да шалқиды, бірақ Ақаштардың бейнесі жанарына сіңіп қалғандай, өшер емес. Қайта Ақашпен вагон купесінде алғаш танысқанынан бастап өзі көрген, Ақаштан естіген, алдындағы дәптерлерден оқыған оқиғалардың бәрі кинолентадағыша тізбектеліп көрініс бере бастады, көзін ашса да одан өзге ештеңе бағдарланбайды. Тіпті самолетте емес, Ақашпен бірге пойызда келе жатқандай.

Сәлден соң Ғабдол қайтадан түзеліп отырып, дәптерлерді алып парақтап, о жер, бұ жеріне қайтадан үңілді. Жанағы тізбектелген көрініс мүлде жанданып жүре берді...

Стюардессаның саңқылдай жөнелген дауысы Ғабдолды да селт еткізді. «Киевтің Борисполь аэропортына жақындадық. Самолет төмендей бастады...» дейді.

...Ғабдол Киевте бір ай шамасы болды. Уақытының көбі архив ақтарумен өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында украин партизандарының қатарында болған, фашистерге соққы берген бірсыпыра қазақтардың жауынгерлік өмір-жорық жолдары жөнінде көптеген дерек тапты. Қаһарман жерлестерімен қарулас дос-жолдас болған көзі тірі киевтіктермен кездесіп, әңгімелесіп, естелік жазып алды; Украинаның басқа қалаларында, шалғай облыстарында тұратындардың адрестерін анықтады – олармен хат арқылы пікірлеспекші, қашан және қайда кездесуді келіспекші.

Киев – Алматы самолеті бұлыңғыр аспанды сызып келеді. Радио таңертеңгі соңғы хабарында күн бұлтанып, жаңбыр жаууы мүмкін дегенде Ғабдол аэропортта бармақ тістеп отырып қалар ма екенбіз деп қауіптеніп еді, олай болмады – қабылдайтын Алматыда күн ашық көрінеді, сондықтан бұл самолет уақтылы көтеріліп кетті. Уайымы сейілген Ғабдол жайланып жайғасқан соң портфелін алып ашып, бұл жолғы творчестволық сапарының жемісі болған, беттеріне стенографиялық таңба толған төрт блокнотын шығарды. Ол блокноттарда әскери міндетін украин жерінде өтеп жүргенінде неміс-фашист басқыншыларының шабуылына тап болып, тағдыр үкімімен партизандық өмір жолына түскен, украин бауырларымен дізе қоса жауға соққы берген жасөспірім қазақ жігіттерінің жауынгерлік өмірбаян сыры тұнып жатыр. Қаза тапқандарының ерліктері журналист-жазушы тілімен суреттеліп, тарихқа тапсырылады, ал тірі жүргендерінің – Жеңістен кейін Қазақстанына қайтып оралып, бейбіт еңбекке араласып кеткендерінің кешегі қаһармандығы, бүгінгі қастерлі тіршілігі жалғастырыла баяндала береді; бұлардың бірнешеуін Ғабдол біледі, таниды, ал мүлде білмейтіндері, танымайтындары әлдеқайда көп болып шықты. Ерлік – тым ерекше болатын, ойлап шығарылатын іс емес, ол – ар-ождан әрекетінің көрінісі, кәдімгі қалыпты әрекет, қарапайым адамдардың іс-қимылы. Қарапайым жан: «Мен бүйттім! Мен сөйттім!» деп жар салмайды, ол атақ үшін соғысқан жоқ, өзін көптің бірімін деп біледі, көзге түспей жүргендерінің себебі сол. Бірақ олар бүгінгі жас ұрпаққа көрінуі, танылуы керек, жас ұрпақ оларды тануы, құрметтеуі керек. Бұл – тіршіліктің, тарихтың талабы.

Ғабдол блокноттарын газетпен мұқият орап, портфеліне қайтадан салды да, енді Ақаштың дәптерлерін алды. «Күні кеше әкелеріміз, ағаларымыз қан төгіп, жанын қиып орнатқан тыныш, бейбіт өмірімізде тірліктің қақтығыс-соқтығысы тоқтау білмей, сабыр таппай жүріп жатыр-ау!» деп іштей ой өргізген Ғабдол дәптерлерді парактап, кей тұсына тағы үңіліп отыр. Ақаш, Қарагөз, Ақгүл тағы көз алдында...

Көкшетау, «Оқжетпес» санатории.

1983 жыл.

ЕКІ ЖӘЙТ

1. ШЫБЫНДЫКӨЛДЕГІ ШАЛЫС

Ел-жұртта ес жоқ. Екі тәулік болды.

– Мүрсәлімов келеді дейді!..

– Қашан?..

– Қабең бе?..

– Иә, өзі!..

"Обухов" совхозының ойы-қырын кезіп жөнелген сұрақ-жауап осындай. Шаруашылықтың дізгін-шылбырын шыжымдап ұстаушылар қолбала белсенділерін жан-жаққа жаушыша шапқылатып қызылтану.

Директор Шақай біреуін жайлауға ұшырып: – Таңдап-таңдап ең семізін әкел! Ыбырайдың қара қойынан ал! Менен Ыбырайға сәлем айт, анау марқасқасының біреуін қосып берсін! – десе, екіншісін: – Петроға жет, жаңа кескен балынан әзірше бес кило керек, ал бір аптадан кейін қырық литрлік флягін толтырып алып келсін! – деп аттандырған.

Партком секретары Сәкібай бір коммунистінің бетін облыс орталығы Өскеменге қаратып: – Қабең тек армян коньягын ішеді, соның бір жәшігін және "Боржомидің" үш жәшігін жеткіз. Ә, айтпақшы, Қабең – преферанстың көкесі, сен облрадиоғағы Тұмарға, облгэзеттегі Жапарға бар, уақыт тауып, дайындалып, бүрсүгіні осында болсын, ұқтың ба, анау жолғыңша ұмытып кетпейсің бе? – деп пысықтаған.

Кәсіподақ ұйымының төрағасы, әлбетте, ұлы науқандардың бел ортасында әрқашан. Шыбындыкөлдiң жағасына үш киіз үй тіктіру, қымыз, қайық, ау, қармақ, мылтық, қазан-ошақ, жаңа самауыр апарту мәселелерін шешуге кірісіп кеткеніне бір апта.

Комсомол ұйымының секретары Бодаубайға ауданның әнші-күйші, биші қыз-жігіттерінің ең таңдаулы бес-алтауын шақырып келу жүктелген.

Негізі Шақайдан тарайтын тапсырмалар қашанда қатал. Ол:

"Басыңмен жауап бересің!" деп шегелегенде бас керек жан басын шайқай да, изей де алмайды, тапсырма алған шіркіндер ғана емес, бүкіл совхоз шегеленіп қалады...

Алматыдан әйгілі ғалым Қаби Мүрсәлімов келіп жеткен сәтте Шыбындыкөлдегілер келін түсіру тойын бастардай "ай-хой, бәрекелді!" желпіністі күйде еді. Аса қадірлі мейманды көлден сегіз шақырымдағы Тарғын селосының Өскемен жақтан кіреберісінде көгалға дастарқан жайып қарсы алып келген Шақай бәйге атындай зымырап жеткен екі "Волганың" біріншісінен Қабиден соң шықса да, Қабидің алдына түсе қалып, сегізқанатты аппақ үйге қарай бастап жөнелді. Жиналып тосып тұрған он бес шақты кісіге екі қолын бірдей сермелеп: – Айналайындар, Қабең қатты шаршап келді, мазаламайық, тарай қойындар, ертеңдер әңгімелесерсіндер, бүгін тыныш жатсын, дем алсын, кәне, тараңдар! – деп өтініш-бұйрық айтты. Директорсыз жөтеліп-шашалмайтын, директорсыз қадам баспайтын жұрт әзірлеген сәлем-сөздерін тіл ұшында тежеп, өздеріне иек қаққанға ұқсас ишарат аңғарта қиыс өте берген, ата қаздай Қабең бастаған үш мейманға үнсіз бас иісіп тарасты...

Сегіз қанат үйден аяғын жебей басып шыққан Сәкібай босағаға сүйеніп тұрған Бодаубайға: «Шақаңның жаңа не дегенін естідің ғой, Қабең шынында шаршап келіпті, ешқандай ырду-дырдуды қажет етпейтінін, осында қымыз ішіп, аң аулап, балық ұстап, екі апта тыныш қана жатқысы барын әлгінде ғана өзі де білдірді, так что сен концертный бригаданды жетектеп қайта бер, ұқтың ба?» деді. "Әрқашан әзірміз!" пионерден өскен Бодаубай басын бір шұлғып тайып тұрды. Сәкібай Өскеменге жұмсаған коммунистін енді алты қанат үйде «карта иесі – қара сайтанға» сиынып қымыз сіміріп отырған Тұмар мен Жапарға жұмсады: «Жігіттер ренжімесін, жұмыстарын тастап келе қалғандарына мың бір рахмет! Амал не, Қабең бұл жолы картаны қолына алмайтын болып келіпті. Мен Қабеңдер аттанған соң айналайын ол жігіттерді осында өзім алып келіп, айыздарын қандырармын, бүгін ренжи көрмесін!» – деді. Сәкең де қызық. Қабең жүрген жерде реніш болуға тиіс емесін Тұмар мен Жапар білмейді деді ме екен?!

Екі күн өте Шақай мен Сәкібай да жөндерін тапты.

– Сендер күнделікті көп шаруаның басы-қасындағы кісілерсіңдер, ондағы істі де, жұртты да енді қаңтармаңдар, бара қойыңдар. Танитын үлкен-кішіге сәлем айтыңдар. Мұнда бізді күтетіндердің ғана болғаны жөн. Мен де, жеңгелерің де өзіміз де мазаланбай, өзгелерді де мазаламай дем алсақ деп келдік, оны айттым да. Пейілдеріңе рахмет, ризамын. Қажет болған жағдайда өзім хабарласармын, мұнда телефон бар шығар? – деді Қабең, жұмсақ үнін соза баяу сөйлейтін әдетінен жаңылмай.

– Телефон бар, Қабе, бар. Әдейілеп тартқызып қойдым. Ғафакең жақ қанатта. Сізге, жеңгей екеуіңізге ыңғайсыз болмауын ойластырдым, – деп Шақай шыр-пыр болды.

– Иә, ағаларың биыл қатты шаршады, жұмысбасты адам емес пе, үйде де, дүзде де тыным көрмеді, мұнда тыныш қана дем алсыншы деп қоярда-қоймай әкелдім, – дегенді Қабеңнің әйелі Ғазел күлімдей отырып айтты.

– Дұрыс! Жеңгеміз жақсы түсіндірді. Бұл жолы бізге салтанаттың қажеті шамалы, егер қажет болса, жаңа Қабең айтқандай, өзімізден хабар болар, ал бұл сапарымызда мылтық пен қармақты ермек етуден басқа «арам» ойымыз жоқ! – деген Ғафар қырылдап күліп, академик ағасына бір, академик емес жеңгесіне бір қарады.

– Ғафардан сөз атаулы қашып құтылған емес. Шешендігіне сай көрнекті ғалым, ғылым докторы екенін жолай айттым ғой. Ендігі бір ғана қосарым: Ғафар – әнші. Қырылдаған дауысынан шошымаңдар, осы дауысымен-ақ талай тойда бәйге алған, – деп жымыды Қаби.

– Қабең қалжыңдап отыр, шын көріп қалмаңдар, – деді Ғафар, тағы қырылдай күліп.

– Ғафекеңнің қырық түрлі өнері бар! – деген Ғазел сөзіне бәрі ду күлісті..

Қазаққа мерейлі мейманның тілек-талабы – ежелден заң. Қабең мәртебелі мейман ғана ма? Республиканың Жоғарғы Советіне осы «Обухов» совхозының еңбекшілері сайлаған депутат. «Тарғын мен Өскемен арасындағы алпыс шақырым

тас жолды тақтайдай еткізіп беремін!.. Өскемен-Жалғызтөбе теміржолын салуды тездетіремін... Ұлан ауданын Шығыс Қазақстан облысының социалистік жарысында жеңімпаз туын берік ұстап, басқаларға үлгі-өнеге болатын аудан дәрежесіне көтеруге бар күшімді саламын!.. Облысты өнеркәсібімен ғана емес, астығымен де, балымен де, балығымен де озық, атақты етуге қолымнан келгенді аямаймын!..» дегендей нық-нық уәде-серті бар депутат! Енді екі жылдан кейін жасы алпысқа толады, сонда Социалистік Еңбек Ері атағын алуы мүмкін деген жақсы хабар алды-артын орап жүргелі екі-үш ай болған әйгілі академик-депутат!

Ғафары да сау сиырдың бірдеңесі емес, қазақ әдебиетінің тарихын еміп өскен, талай-талай қыр асқан, жүздеп мақала жазған, ондап кітәп шығарған көрінеді. Онысын Қабең баптап баяндап бергенде Ғафакең жымындап төмен қарап отырды.

Ғазел жеңгей шыңылтыр үнмен шапшаң сөйлейді екен, тірліктің туын қайда, қашан, қалай тігуді тірі жаннан сұрамайтын болса керек. Елікше елендеп, бойжеткенше жайрандап отыратын Ғазекеңнің жасы елудің алтауында дегенге дені дұрыс кісі сенбестей, ал сенгеннің өзі бәрібір қырық бесті әрең бергендей.

Төртінші күні таңертең электр ғайып болды. Қабең мен Ғафекең құс атуға шыққалы тұрған-ды. Күтуші жігіт: «Аландамаңыздар, қазір телефон соғып, совхоздың электригін шақырып аламын», – деді. Әрине, сөйтеді, сол да сөз бе екен?!.

Қаби мен Ғафар самырсынды, қайыңды, көк теректі орманға біраз үңгі енген.

– Түрлі-түрлі ағаштың бұлайша аралас өскенін бұрын көрмеп едім, қызық екен! – деп Ғафар таңданып қойды.

– Кекілігі бар деп еді, сәлем бермейді ғой, – деді Қаби, мүштігіне сигаретін сұғып тұрып жымыып.

– Кекілігін білмеймін, ал көлдің атына заты сай деп, кешелер қайығымыздың соңынан қалмай кернейлеткен шыбын-шіркейлерін бүгін адастырып кеттік-ақ! – деген Ғафар қырылдақ күлкісіне басып алды.

– Мен осында беттегенде балық етіне жерік әйелдей күй кешіп

едім, енді балық жарықтықтың сиқына да қарай алар емеспін, – деп мырс-мырс күлген Қабең кенет сигарет түтініне түтігіп, қатты-қатты жөтелді де, дауысы тарғылдана шығып: – Ғафар, менің кенірдегіме бірдеңе тағы кептеліп қалды, мұндайда іше қоятын дәрім қоста қала беріпті, қайталық, болмайды енді, – деді, қиықша көзі өткірленіп, басындағы шиқалпағын сыпырып алып желпініп.

– Қайталық, Қабе, қайталық, жүріңіз, құсы бар болсын, жаныңызға тыныштық керек, қалайда мен де шөлдей бастадым ба, немене, мына орманның аллергия тарататын пәлесі болып жүрмесін, кәне, Қабе, мылтығыңызды маған беріңіз, мен алып барайын!

Екеуінің беті тусырттарына бұрылды.

Қаби анда-санда жөтеліп қойып, шиқалпағымен желпініп алда келеді. Ғафар екі мылтықты екі иығына асып, қырылдай сөйлеп, ізін басып келеді.

– Қабе, мына жердің, қалай дегенмен, ауасы құрғақ, таза екен. Өзіңіз жылаңа барып жүрген сексен көлді Көкшенің Бурабайын еске салады, ә?

– И-иә.

– Ал Жасыбай көлінің жағасы мұндай шілдеде аңызактау, ә?

– И-иә.

– Қорғалжын бұдан гөрі ылғалдылау, ә?

– И-иә...

Екеуі мекендеріне жетті. Ғафар екі мылтықты босағаға сүйеді де, көлеңкелі іргеде төселген құрақкөрпеге көсіліп отыра кетіп, оң аяғының бәтіңкесін шешіп алып, төңкеріп қақты.

Қаби кідірместен ішке еніп кеткен.

Кенет ащы шаң-шұң дауыс естілді де, үйден біреу атқып шықты. Елең етіп жалт қараған Ғафардың көргені – киім-кешегін құшақтап зытып жөнелген дудар бас, жалаңаш кісі.

– Әй, тоқта! – деп Ғафар ұшып тұрды. Бір бәтіңкесі қолында, бір бәтіңкесі аяғында. «Анау ұры болды, ә?! Ұрлығының үстінен түстік, ә?!» деп ойлап үлгірді. Іле-шала: «Ұры жалаңаш жүруші ме еді?!» деп таңданып та үлгірді. Сол әредікте үйден Қаби шыға келіп, босағадағы мылтықтың біреуін ала сала қашқынның

соңын сілтей атып-атып жіберді. Шошыған Ғафар Қабидың мылтығына жармаса кетіп:

– Қабе! Ағатай! Ойбай, қойыңыз! – деп зар-зар етті.

– Ары тұр! Сұмды сілейтемін! Қоя бер! Жібер!

– Жібермеймін, қойыңыз, ағатай, сабыр етіңіз!

– Жібер! Құртамын!

– Ағатай-ау, жазатайым өлтіріп алсақ, масқара боламыз ғой?!

– Жібер деймін! Өлтіремін оны! – деп қаһарлана жұлқынған Қаби тағы бір атып қалды. Ғафар енді оның қолына асыла кетіп, мылтығын тұқыртып:

– Айналайын ағатай, Қабе, қойыңызшы, тоқтаңызшы! – деді, өзін сабап жүрген кісіге жалбарынғандай қиылып. Сол сәтте екі салтатты пайда болды. Бірденеден құр қалғандай екпіндетіп келіп, аттарынан дік-дік түсіп:

– Не болды?!

– Что за стрельба?!

– Кім атты?!

– Что случилось?! – десті. Милиция киімдісі орыс та, шолак жең ақ көйлекшеңі қазақ. Милиционер оң қолын шекесіне апарып қайтарып:

– Капитан Морозов. Ваши документы? – деді, күдік толы үнмен.

Қаби мылтықты лақтыра салып, үйге еніп кетті.

– Извините, я сейчас принесу, минуточку, – деп Қабидың соңынан кірген Ғафар тағы шошыды. Қаби Ғазелін үн-түнсіз төкпештеп жүр. Ғазелінде үн жоқ, екі қолын ербеңдете қорғанып, қашқалақтап әлек. Іргедегі төсектері туталақай. Тұтулы көгілдір шымылдық аяқастында жатыр. Ғафар жүгіре жетіп:

– Қабе, ағатай, не болды, қойыңыз! – деп күбірледі. Сырттағылар естіп қоймасыны. «Не болғанын шынымен ұқпай тұрсың ба?!» дегендей-ақ, Қаби оны көзімен бір атып, уысынан босай алмаған әйеліне қолына қоса аяғын жұмсап, теуіп-теуіп жіберді. Ғафар ұқты. Ұққан соң Қабиды тусырттынан қапсыра құшақтай алып, тырп еткізбей: – Аға-еке, айналайын, сабыр етіңізші, бір ашуыңызды маған беріңізші! – деді тағы күбірлеп.

– Ашуымнан бұрын анау сутақымды бердім, ал! Бердім! Сен де құр қалма! – Кіжіне бұлқынған Қаби лезде болбырап босап, опырылғандай салбырап шөге берді. Ғафар төсегінде іргеге қарап бүк түскен Ғазелге тыжырына қарады да, Қабиды жайлап отырғызып, бетіне үңілді:

– Қабе, дәрі-мәрі керек пе, қайда еді?

– Маған ештеңе керек емес, мыналардың телефоны қайда, Әбілмен тез хабарлас, машинасын дереу жіберсін! Тез! Кетемін! Осы қазір кетемін!

– Ашуыңызды басыңызшы...

– Айтқанды істе! Тез! Мен мұнда бір минут та қалмаймын!

– Ағатай...

– Айтқанды ұғасың ба, жоқ па?!

– Кәзір, кәзір!

Ғафар өз тұсындағы телефонға ұмтылды. Жолы болғанда ол сап-сау ыңылдап тұр екен, Өскеменмен дереу жалғасты. Сымның ол жақ ұшындағы кісі сауал берсе керек, Ғафар:

– Әбіл-жан, айналайын, сұрақты көбейтпе, Қабең «срочно» деген соң срочно болғаны керек қой, тездет!.. А?.. Сөйте ғой, айналайын! – деп бітірді де, сыртқа беттеді. Сыртта: әлгі пайда болған екеу, күтуші жігіт Дәулет пен келіншегі Шағи – төртеуі жалаңаяқ бесіншіні, манағы дудар бас қашқынды ортаға алып тұр екен. Киініп оралған жалаңаяқ жігіт аяғын жаңа көргендей тұқырып қарап қалыпты.

– Ну что, принесли? – деді милиционер Ғафарға.

– Принес, принес, сейчас, можно вас на минуточку? – деген Ғафар оны қолтығынан ала демеп, екеуі үйдің сыртына қарай аяңдады да, сәлден соң қайта оралды.

– Таке, поехали, нам здесь делать нечего. – Милиционер қуақылана сөйлеп, серігіне иек қақты. Екеуі аттанып кетті.

– Анау қасындағы қазақ кім? – деді Ғафар.

– Осы участоктің орманшысы. Аға... – деді Дәулет, жалаңаяққа көз тастап қойып, – мына жігіт ыңғайсызданып тұрғаны...

– Бұл жігіт кім?

– Электрик қой...

– Электрик болса, электрін ғана жөндеп, тыныш кетпей ме? Не деп тұр енді? – Ғафардың үнінде ашу-ыза нышаны жоқ-ты, соны сезген электрик көзін көтерместен:

– Мен емес... өзі... өзі болмай... мен... сонсоң... кешіріңіз... ол өзі... – деп міңгірледі. Дәулет Ғафарға жапақтап қарады:

– Аға, кешіріңіз, ренжімесеңіз... мынаның несі... бәтіңкесі қалыпты... мен кіруге бата алмай тұрмын.

– Мен тамақ қамдайын, – деп Шағи күңк етіп, бұрылып кете барды.

Ғафар мырс-мырс күлді де, үйге кіріп, екі бәтіңкені алып шығып, жалаңаяққа қарай лақтыра салды:

– Кигін де, қараңды тез батырғын, жолдас электрик-трик-трик-тырқ-тырқ!

– Рахмет! – Жалаңаяқ бәтіңкесін іліп ала сала безіп, сонауадағы қалың үшқаттың арасына кіріп кетті. Мотордың дүрр етіп от алған дауысы естіліп, содан соң мотоциклдің қарасы көрініп, дырылдып ұзай берді.

– Аға, енді не істейміз? – деді Дәулет.

– Не істеуші едік, үшеуіміз сендердің үйлерінде тамақтанамыз, ал ана кісілер тамақ ішпес, электриктерің «қонақасы» беріп кеткен жоқ па? Біз кәзір қайтамыз, машина келе жатыр.

– Директорға, Шақана...

– Айналайын, сен шұрқ етпе, Шақаңа ертең бір-ақ айт, азаматсың ғой, сөзді көбейтпе, мақұл ма? «Алматыдан телефон соғып, шұғыл шақыртты» дей сал. «Көп-көп рахмет айтты» де.

...Шыбындыкөл жағасындағы ақшаңқан үш үйде талай мейманды күтіскен, талай қызық-шыжықты өткерген, бірақ, бүгінгідей «майданды» көрмеген Дәулет пен Шағи қалды. Айтпақшы, бір фляг бал қала берді.

2. ТІРІ ЖҮРЕКТЕГІ ӨЛІ ҚЫЛ

Пойыз Қызылжардың шегіне жылжып кіре берген. Қала стансасына тұмсық тіреуіне сүт пісірімдей уақыт бар. Наурыз бен Сақан вагон дәлізіне шығып, терезе шымылдығын ысырып, далаға көз тастап тұр.

- Сәке, еліңді сағындың ба? Биыл келіп пе едің?
- Жылына екі-үш рет келіп қайтатынымын, ал биыл бірінші келуім... мұндай ауыр жол болады деп кім ойлаған, Науке.
- Қабеңе қиын болды ғой, жалғыз ініден айырылу дегенің... құдай басқа бермесін дейік.
- Иә, Қабеңе өте қиын болды. Жасы жетпістен асқанында. Қабырғасы қайысып-ақ келеді.
- Тамаққа зауқы жоқ... Інісі неше жаста еді?
- Қазима?.. ол екеуімізбен шамалас еді... жарықтық қалайда кеш үйленді, бір баласы бар, алты-жеті жаста ғой деймін, ұл бала.
- Бәрінен бұрын сол пақыр сорлады-ау...
- Науке, бұл жақта бұрын болып па едің?
- Сонау біржылы осы жолғыша шілдеде келіп, командиравкаммен, ой-қырларыңның біразын аралағанмын. Жерлерің әсем-ақ. Жап-жазық. Жазда жасыл кілем төсеп тастағандай болады екен. Үйір-үйір болып өсетін аппақ қайыңдарың қандай! Топ-топ болып, сылқ-сылқ күле әңгімелесіп тұрған қыз-келіншектердей!
- Пәлі деген! Бірақ, Науке, менің көңіліме қарай қаншама желпінткеніңмен, бұл өңірдің сұлулығы сенің Алтайыңның сұлулығымен шендесе алмайды, оны мойындауым керек.
- Сәке, анау Таупих пен Жолдығалидың жерімен салыстырғанда бұл аймақ жер жәннәті емес пе? Таупихтар тап-тақыр шандақ жерін мақтап шіренгенде Қазақстанға симай отырады ғой!
- Енді қайтсін, әркімге өзі туған жер қымбат.
- Станса көрінді, Қабеңе барайық.
- ...Қаланың өзен жақ шетіндегі қысқалау көшенің орта тұсына салынған қаңылтыр шатырлы қоңырқай үйдің шағын ауласы бүгін саябыр. Отағасы Қазидың жамбасы жерге тигелі тоғызыншы күн. Қаби інісіне топырақ салуға үлгірді. Алдыңғы күні ағайын-туған, көрші-қолаң, таныс-біліс тағы түгел жиналып, тағы жыласып-сықтасып, мұңайысып, марқұмның жетісін де өткеріскен. Жұрт аузындағы сөз:
- Қазима марқұм аса қайырымды адам еді!
- Топырағы торқа болсын, жарықтық үлкенге де, кішіге де өте мейірімді еді!

– Жарықтық ешқашан ешкімді алалап көрген жоқ, қазаққа да, орысқа да, басқаға да қолынан келген көмегін беріп жүрді».

– Қайтейік, артында қалған қосағына, анау жалғызына құдай қуат берсін!..

Үлкен-кішінің Қабиға айтқан жұбату сөздерінен де шынайы ықылас танылған:

– Құрметті інім Қаби, Қазидан айырылу саған өте үлкен қайғы болды, оны көріп, түсініп отырмыз. «Жазмыштан озмыш жоқ» дейді, көнбеске не шара?! Берік бол!

– Қабе, Қазиді сені мақтан етіп, еліңе сіңіріп жүрген еңбектеріңді бізге айтып отыратын. Сенің туған күңіңе Алматыға барып қайтпаса, ең басты шаруасы реттелмей қалатындай болып жүруші еді, оны өзің де білесің ғой, қайтейік, жаны жәннәттә болсын!

– Қаби, қанаты қайырылған қырандай болып отырғаныңды көріп, біз де пұшайман хал кешудеміз. Бекем бол, қатты қайғыра берме, өзіңнің денсаулығыңды да ойла, сен халқымызға керексің!

– Қаба-аға, қайғыңызға ортақпыз, сіз – Қазиді ағаның ғана мақтанышы емессіз, бүкіл Қызылжардың, бүкіл қазақтың мақтанышысыз! Біз сізге зор денсаулық тілейміз!..

Інісінің жетісі берілген күннің ертеңінде Қаби екі серігінің ойларында жоқ бір іс тапты. Қаза қайғысын естияр бала жаны да сезгіш қой, әкесінен айырылып, уақ-уақ егіліп, еңіреп-еңіреп алатын болған Бақытжанның көңілін көтерейінші дегені ме, Қаби Бақытжанға күндегіше айналсоқтап келген бір топ жолдастарын, 6-7 жастағы ұлдарды, Сақан мен Науанды да таңертең «бері жүріңдер» деп бастап, үйдің сыртына алып барды да, өзі қойтасқа құйрық басып, балаларға қарап:

– Ал, балалар, сендер – жігітсіңдер. Жігіттер күресіп өседі. Мен де, мына екі ағаларың да сөйткенбіз. Енді сендер де, кәне, күреске дайындалыңдар, – деп, Бақытжаннан басқаларын шама-тұрықтарына қарай екі-екіден жұптады. Содан кейін сәл жымып қойып: – Кәзір осылай жұп-жұп болып күресесіңдер, жыққан палуанға елу тиын, жығылып қалған палуанға жиырма

бес тиын беремін. Жыққандарың тағы жұп болып күресесіңдер, онда күш асырған палуанға бір сом, ал күші жетіңкіремей қалған палуанға елу тиын беремін. Бәйге осылайша өсе береді, бұл – күресіміздің тәртібі. Сендер төрт жұпсындар, яғни, балалар, ең күшті палуан екі сом бәйге алады, егер ол палуанның күштілігі, әдіс-айласы бізге ұнаса, мен оған мына Бақытжан достарыңның атынан силық деп елу тиын қосып беремін. Қалай, палуандар, күресесіңдер ме? – деді. Ұлдар:

– Күресеміз!

– Күресеміз! – деп құлшынып кетті.

– Қабе, сіз бас төрешісіз ғой, ал біз – Бақытжан, Сақан үшеуіміз – сізге көмекші болайық, – деген Наурыз томсырайып шеттеу тұрған Бақытжанды шақырып алып, оң дізесіне отырғызып, басынан сипады. Наурызға қарақат көзі жәудірей бір қарап қойған Бақытжан іштей: Әкем де ылғи оң дізесіне отырғызатын, дегендей еді. Ол ишараны Наурыз да, Сақан да аңғарған.

Бала күресі қызық қой. Жыққаны балапан әтешше секектей қалады, жығылғаны шамасы жоқ күшікше қыж-қыж ыза болып, жыққанды жібермей жұлқылайды. Қайсыбірі қыстыға жылап жіберіп, төбелесе кетеді. Өйткендерді Наурыз бен Сақан айырып, жұбатып, іштерінен маз бола күліп жүрді.

Қаби айтқанын орындады. Әдейі майдалап әкелгендей-ақ, қалтасында тиын да, сом да бар екен. Алмас деген бала чемпион атанып, екі сом елу тиынды иемденіп, басқаларға миығынан қарап шоқтықтанды.

– Ата, ертең де күресеміз бе? – деді ол, тағы жеңіп бәйге алары даусыз екенін тезірек білдіргісі келген үстем үнмен.

– Ертең күрес болмайды, ертең біз Алматыға қайтамыз, кейін тағы келемін, сонда осылай күресесіңдер, оған дейін күш жинай беріңдер, – деді Қаби жымыып.

– Енді қашан келесіз?

– Бір айдан кейін.

– Мен мына Алмасты ылғи жығып жүргем, өтірік десе, өзі айтсын, кәне! Бұл жолы қапы қалдым, – деді Тоқтар деген бала, Алмасқа ежірейе қарап.

– Ондай-ондай болады, ештеңе етпейді. Қабең тағы келеді ғой, сол жолы жығылмауды ойлап, жақсылап дайындала бер, – деді Сақан оны иығынан қағып.

– Ата, сіз Бақытжанды алып кетесіз бе? – деді бір бала. Қаби әжімсіз кең маңдайын көмкергендей қияқша қасын әнтек кере қарады оған, бірақ, тіс жарған жоқ.

– Апам айтқан, «Алматыдан келетін атасы Бақытжанды алып кетеді» деген, – деді әлгі бала, «менің апам бәрін біледі!» деп мақтанған кейіппен.

Бақытжанның өні қуқылдана түсіп, сұрақшыл балаға бір, атасына бір қарады да, әлдебір шаруасына баруы керектігін есіне алған егде кісіше орнынан ақырын тұрып, асықпай аяңдап кете барды.

...Кешкі қонақасыдан кейін көпшілік тарап, үйде жасы сексеннен асқан Айташ ақсақал, қалалық партия комитетінің екінші секретары Тәкен ғана кідірген.

– Аға, ініңіздің қазасы бәрімізді де есеңгіретіп кетті. Қазыкең ақылшымыз еді, қайтейік... Енді артында қалған жалғызы Бақытжанға бақытты ұзақ ғұмыр тілейміз, Шағи жеңгемізге қуат тілейміз. Сіздің алдыңызда, осындағы халайықтың алдында айтарым: Ағамыздың шаңырағын аласартпаймыз, жеңгеміздің қас-қабағына қарап жүретін боламыз, – деді Тәкен, босағаға жақын орындықта қара орамалының ұшын уқалай тұқырып отырған Шағиға қарағыштап. Сонсоң Айташ қартқа қарады. Айкең апақ кеудесін ырғалта еңсесін тіктеп, қою бурыл мұртынан бастап, аппақ қалың сақалын оң қолымен жайлап сипай сауып, Қабиға қарады да, тамағын кенеп алып, сөйлеп кетті:

– Қарағым, інім Қаби! Атамыз қазақ: «Аға – бор, іні – тас» деген екен, ол жайшылықтағы, бас амандағы аға мен інінің кейде күтірліктің әлденесіне қабақ шытысқанына қарата айтылған сөз сияғы шығар... Ініңнен енді қайта табыса алмасқа айырылған сен бор болмадың, көзімізше көрінеу егілмедің, берік екендігіңді көрсеттің. Бұл беріктігіңді құдай қосқан қосағынан айырылып, қайғы-қасіреттен қара жамылып қала

берген келініңді, шырылдап қалған балапаның Бақытжаныңды, қадірлі мынау отбасының ауыртпалығына адал көңілмен ортақ болып қайысып жүрген басқамызды да одан әрмен қажытпайын, жасытпайын, шерменде ете түспейін деп әдейі бекіген азаматтығың деп білдім. Бір шешенің жатынынан шығып, бір әкенің алақанында бірге өскен ініңнен көз жазу саған неге жеңіл болсын, шашыңның қалғаны да осы күндері ағарған шығар. Амал не, маңдайға бір жазылған өзгермек емес, өшпек емес, оған кім көнбеген... Қарағым Қаби, мұнда біз – елміз, ағайын-туыстармыз, ең алысымыз да жатсынуды, жатырқауды ұмытқан жарасымды жандармыз, көзіміз түйіскен, көңіліміз өбіскен берекелі жұртпыз, тәубә, тәубә!.. Ендеше, көп қатарындағы қарапайым мұғалім еді десек те, жаңа Тәкен айтты ғой, үлкенкіші бәрімізге парасаттылығымен ерекше силы, ерекше құрметті болған Қазийның аруағын өзіміз тіріде өзіміз силармыз, өзіміз кетерде балаларымызға өсиет етерміз...

– Ай-еке, рахмет, рахмет! – деп қалды Қаби, оң жақ қабырғада ілулі кара домбыраға қадап отырған қиықша көзін қартқа бір аударып, сонсоң төмен түсіріп.

– Қаби-жан, бұл бір сөзім болса, өзіңе айтар екінші сөзім де бар, – деп Айекең тамағын тағы кенеп қойып, сөзін жалғады: – бұл сөзді Қазидың өзі бастап кеткен еді, арыздасып жатып айтып еді, Бақытжанын тапсырып айтқаны еді. «Мүрсәлімнен Қаби мен Қазиде екеу едік, енді екеуімізден Бақытжан жалғыз болып, оң мен солын тани алмай қалып барады. Шағиде екеуіміз ақылдастық, ойландық, келістік, ағама менен сәлем айтыңдар, Бақытжанды бауырына салып, өзінің атына жаздырып алсын, оқытсын, тәрбиелесін, өсірсін, өзіне тұяқ етсін, біз қызғанбаймыз, риза боламыз» деп еді...

Айекең сөзін іркіп, жағалай қарады. Қаби көзін көтерген жоқ. Тұқыра түскен Шағидың екі иығы дір-дір. Наурыз әлдебір беймәлім жағдайға ұшырағандай босаға жаққа аңтарыла қарап отыр. Сақан тұқырыңқырап, Қабиға көз астымен қарап-қарап қояды. Айекең бірер минутке созылған тымырсық үнсіздікті тағы серпіді:

– Мен Қазидың аруағы алдындағы, Шағи мен Бақытжанның тірлігі алдындағы парызымды өтедім. Балдырған Бақытжан бәрін де түсінді, әкесінің беті бері қарамасын ішіміз сезген соң баланы оңашалап алып, әкесінің тілегін ұғынықты етіп жеткізгенбіз. Құрдастарынан бойы да, ойы да биік болып өсіп келеді, зерделі бала ғой, тәңір ғұмыр берсін, ойланып отырып-отырып: «Жарайды, әкемнің айтқанын орындайын» деді... Қарағым Қаби, екінші сөзім – осы. Қазының, келінің тілегін қабыл ет, Бақытжаныңды алып қайт, ондағы екі апайына апарып қос, үш балапаның бір ұяда болсын. Шағи қалқам Бақытжаныңның киім-кешегін, басқа керегін де құнттап әзірлеп қойыпты... Бәрің – бір Мүрсәлімнің ұрпағысыңдар, әрқашан аман болыңдар! – Қабидан көзін аудармай сөйлеген қарт тағы жағалай қарады. Тәкен мен Шағи бас изеді. Басқалар үнсіз, қыбырсыз. Қабиға қайта қарап біраз кідірген Айекең «я, алла!» деп нығызданып түрегеле бере: – Айналайын Шағи қалқам, мен үйге қайтайын, кемпірім жоғалтып отырған шығар, – деді де, еңсесін тіктеп, есікке беттеді.

...Күн көкжиектен қосқұлаш шамасы көтерілгенде Қазидың үйінен алты кісі шығып, көлденеңдеп тұрған екі «Волгаға» беттеді. Алдыңғысына: Қаби, Тәкен және қалалық атқару комитетінің төрағасы Жексенбек, екіншісіне: Наурыз, Сақан және орталық совхоздың директоры Елікбай отырды. Зымырап жөнелген мәшіндердің соңғысындағы Наурыз бен Сақан, құдды келісіп алғандай-ақ, артқы әйнектің шымылдығын ысыра бұрылып қарасып еді: Бақытжан үйдің өзен жақ бұрышында қалқиып жалғыз қарап тұр екен...

«Сібе көлдері» демалыс үйі.

1990 ж.

«САЙЫҢНАН САЯҚ ҚҰРЛЫ САЯ ТАППАЙ...»

Деректі хикаят

**Атыңнан айналайын Қарқаралы,
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.
Сайыңнан саяқ құрлы сая таппай
Мен – бір жан, қуғын көрген Арқадағы...
МӘДИ.**

Аясы ауыл үйдің тауық корасындай ғана қораш бөлменің екі жақ іргесінде тіркестірілген тайпақ арбаша екі-екіден төрт темір төсек тәйпиіп тұр да, төргі қабырғаның тура орта тұсындағы тігінен көлденеңі көлемді пердесіз төрткөз терезенің төменгі жақтауына иек артқандай етіліп шағын үстел қойылған. Газетпен жабуланған сол үстел басында қолдың уытын көп көргендей көнетоз паракты кітапқа үңіліп Әнуар отыр. Қобырап көзіне түсе беретін мойыл қара қалың шәшін анда-санда оң қолымен уыстай көтере қайырып, қарағұсына жапсыра ырғай нығырлап-нығырлап қояды. Басын көтермейді, кітап бетінен көз алмайды. Жұқа қабағы сәл түйіліп, орақ мұрынының етегі аракідік бүлк-бүлк етсе, қиықша қоңыр көзі паракқа сиқырлап сызық салардай өткірлене түседі.

Бөлмелес үш жолдасы бүгін таңертең Талғар селосына кетіп, Әнуар әдейі оңаша қалған-ды. Студент серіктері қаншама қолқаласа да, ол ілеспеді, ағасының бір шаруасына қолғабыс жасауы қажеттігін сылтауратып қалып қойды. Кешеден бері көңіл күйі тым алабұртулы. Бір беймазалықтың құрсауына тап болған. Өз-өзінен елегізіп, қоңылтақсып, бірақ бөлмеден шығуға, көппен бірге қыдырысқа зауқы соқпай, қалайда оңашаланғысы, бір оқшау күй кешкісі, көңілінің тылсымданып өрекупіні тұмшалап тұншықтырар шытырман оқиғалы әлдебір бейтаныс кітап оқығысы, сөйтіп алданғысы келген. Ондай кітапты кеше кешкісін іздеп тапқан да. Өзімен курстас жолдасы Наумға сезімді қатты ширықтырар шығарма тауып берші деп тілек еткен.

– Достоевский ше? – деген Наум. Екеуі өткен аптада

Орталық кітапханаға барғандарында Әнуардың «Ағайынды Карамазовтарды» алғаны есінде.

– Мен Федор Михайловичті оқи алмайды екенмін. Қаншалық құлшынсам да, тіпті бой бермейді. Шұбыртпалы сөз-сөйлемдері шырғаландатып, шыдамымды тауысады, күні бұрын шаршатады. Маған оның шығармасының оқиғаларынан гөрі жазылу тілі ауыр тиеді. Құдай да, Федор Михайловичтің аруағы да кешірсін, ежіктеп оқып отыруға төзімім жетпейді, – деген Әнуар.

– Ол мүмкін, әбден мүмкін, менде де сондай «күнәһарлық» бар, – деген жолдасы.

– Драйзердің «Америка қасіреті» романын естігенім болмаса, қолыма ұстап көрген жоқпын, соны оқысам деймін, сен оны тауып бере аласың ба?

Наумның үйіне барып жүргенінде олардың бір бөлмесі кітапхана екенін Әнуар байқаған, тек әкесінің құзырындағы ол мол дүниеге жолдасының батып билік жүргізуге дәті жоғын аңғарған.

– Папамның кітапханасында бар, сұрап көрейін.

– Сөйтші, ертең жексенбі ғой, күні бойы оқыр едім!..

Орыс тіліне ертеректе аударылған кітаптың ауқым-түрі үлкен, мұқабасы қалың, салмағы әжептеуір болғанмен, ішкі беттері судыраған сарғыш та жұқа екен және әріптері ірі, қанық қара бояулы, оқуға оңай. Мерзім талтүске тақағанда Әнуар кітапты орталап та қалған. Романның бас кейіпкері Клайд Гриффитистің жастық шағы Әнуардың жадында бейнеленіп, құдды ашылып жатқан таныс суреттей елестеді; ішек-пернесіне саусақ тисе күмбірлеп кетуге құлақбұрауы келіскен домбырадай екен. Ол балғын кейіпкер – кедейлік басынған шарасыз шаңырақтың байғұсы; жоқшылықтың батпандаған жүгін қабырғасы қақырап кетердей халде зорға көтеріп келеді. Тез жүр, олай қарай жүрме, былай қарай жүр деп әмір үйірген әділетсіздік бишігі жіп-жіңішке жіліншігін біржола жұлып түсердей оскылайды. Клайд та қазақтың Қарлығаш ауылындағы сонау бір жетімекше асқа да, киімге де, мейірімге де жарымай, жапақтап күн кешіп жүр. «...Что за несчастье родиться бедным, ниоткуда не ждаты помощи и быть не в силах помочь самому себе!..»

Бөлменің есігі дағдысынша шиқ етіп ашылған. Темекі тартқысы келіп те отырған Әнуар шегіне жеткендей шыдамын енді тежемеді, кітаптан басын көтеріп, еңсесін жазып, бұрылып қарады. Мақан екен.

– Ә, сенбісің? Төрлет! – деп түрегеле қолын ұсынды.

– Жалғызсың ба? – деген досының үнінен әлде танданғанын, әлде құптағанын аңғара алмаған Әнуар:

– Өнің қуқылданып тұр ғой, не болды, не хабар? – деді тік қарап.

– Сен не істеп отырсың? – деді Мақан. Өзі: «Жер орбитасынан тайып кетсе де табанын тапжылтпайтын палуаным» деп атап, жараса әзілдесіп жүретін бұл досының салқын да тосын сұрағынан секемденген Әнуар:

– Өзімізде қасірет аз болған соң Драйзердің «Америка қасіретін» оқып отырмын, – деп ширығысты жауап қатты.

– Жалғызсың ба?

– Көріп тұрған жоқсың ба? Не болды, не білдің? Отыр, кел! – деген Әнуар төсегіне отыра кетті де, пенжақ-шалбарының қалталарын сипалай бастады. Темекі іздеген.

– Басқалар қайда? – деп Мақан жанқалтасынан «Прибой» папиросын ала досының қасына құйрық басты.

– Олар Талғарға кетті, кешке бір-ақ келеді. Ну что случилось?

– Оны ертеңдер тұтқындайды...

Бөлме иен қалғандай...

Әнуар екі қолымен екі дізесін шеңгелдеп ұстай қалып, уатып-уатып тастағысы келгендей мытып-мытып жіберіп:

– Анық па?! – деп Мақанға жалт қарады. Мақан бір сәтке еріксіз орнаған, ой-санасын үнгіп-мүжіген үнсіздікке бой алдырып, папиростың екі талын шошайтып ұстаған күйі Әнуарға қырынан көз тастап, енді ләм-мим деуге мұршасы болмай отырған-ды. Қадала қалған өткір қос жанар есін тез жидырды:

– Кеше, жоқ, өткен түнде олар коллегия мәжілісін жасапты. Ертеңдер тұтқындамақ. Оның үйінде Москвадан және Ташкенттен келіп жатқан екі жазушы қонағы бар екен, оларды ертең бе, бүрсүгін бе, түсте аэропортқа алып барып, Ленинградка шығарып салады.

Бұлар бәрін біліп отыр. Айғай-шу шығып кетуінен сақтанып, оны кеш бетінде, бір оңашаланған әредікте ұстап әкетпекші.

– Неге ертерек келмедің? – деді Әнуар Мақанды көзімен атып, оның қолындағы папиростың біреуін жұлып алды да, аузына апара бере оқыс айнып, үстелге ытқытып тастай салды.

– Абекең таңертең «айта қояйын!» деп саған келген екен, вахтер кемпір: «Олар жоқ, Талғарға тойға кетті, түнде келеді, – депті. Мен базарда болып, үйге жаңа келсем, Абекең тосып отыр екен. «Тез тауып ал да айт! Мен шұғыл тапсырмамен Ұзынағашқа кеттім, кешіксем де хабарласамын» деді. Мен сендерді қайдан табамын, кімнен жөн сұраймын деп шошынып жеттім ғой...

– Анау алжыған кемпір саған не деді?

– Ол вахтада жоқ, бір жерге кете қалған шығар, сонсоң, тым болмаса көрші бөлмелердің біреуіндегілерден сұрармын деп келсем, мінеки, дұрыс болғанын қарашы.

Бөлме тағы иен қалғандай...

Әнуар шалқалап жата кеткен. Сол қолымен төсектің име темір басын сығымдай ұстап, оң қолының сыртымен мандайын баяу нығырлап ысқылайды. Опыр-топыр қаумалай қалған қалың ойдың салмағынан жаншылып бара жатқандай. Көптен бері көкейін жайлап алған сансыз сұраққа және бір шоғыр жаңа сұрақ шұғыл қосылып: – Енді қайтесің, не істеуің керек?! Тез шеш! Бол! Қамдан! – деп қатаң бұйрықты да қоса қабат жеткізгендей.

– Қай вариантқа тоқтаймыз? – деді Мақан. Ол папиросын тұтатпай, қорабына сұғып, үстелге қойған. Әнуарға қарап отыр. Бірер минутті алған үнсіздік тылсым үрейге айналмаса не қылсын?!

– Жоқ! – Әнуар шапшаң ұшып тұрды да:

– Сен тез барып Көзәйнектіні тауып ал да, айт. Менің вариантыммен қимылдаймыз дедік қой! Мен боксерді іздеймін. Сонсоң сен ертең жұмыс орныңда бол, қандай сылтау тапсаң еркің, тек тырп етпей отыр, мен звондаймын. Ах, подонки! Добивались и добились своего?! Көрерміз! – деді, жайшылықтағы жұмсақ үні жалпақ төске жалаң балға тиіп кеткендей шыңылдап шығып. Тоқыма қоңыр көйлегінің алқым түймелерін тез-тез сала бастаған...

Аудитория лық толы. Жасы бар, жасамысы бар қауым иін тіресіп-

ақ отыр. Жасамысы – орта тұста қатар жайғасқан бурыл шәшті бес-алтау бірден байқалады. Орыннан құр қалып, ірге-іргеде тұрған жастар да бірталай. Бұл мол қауым университеттің филология факультетіндегі студенттер ғана емес, басқа факультеттерден, тіпті, өрісі өзге институттардың қайсыбірінен келген студенттер, оқытушылар, әдебиетке құмар жандар. О тұс, бұ тұста бәсең күбір-сыбыр болмаса, әншейінде мұндай басқосуда бой бермейтін дабыр-дұбыр сөз, желпіністі қиқу күлкі жоқ. Өз-өзінен тәртіпті жұрт есік жаққа қарағыштай береді. Есік те ашылды. Маңдайы жарқырап Мұхаң – Мұхтар Омарханұлы Әуезов кірді. Тағатсыз тосқандар ұшып тұрысты. Мұхаң күлімсірей қарап, бас изегендей ишарат жасады да, оң қапталда қиыстау тұрған үстелге барып, онда жатқан курс журналын шеткерірек ысырып, қолындағы кітапты соның үстіне қойып, залға екінші мәрте көз тастап:

– Сәлеметсіздер ме? Отырыңыздар, – деп, және бір сәт бас изегендей болды. Сәлем қатысқан жұрт бәрі де бір демде «уһ» дескендей, орындарына лып-лып отыра қалды. Мұхаң ақырын ғана жөткірініп, орындықтың арқалығына қол созған. Сол әредікте алдыңғы тұстан көтеріліп барған Әнуар:

– Аға, кешірініз, мына газетті сізге табыс ет деп бір ақсақал беріп еді, аты-жөні мынау хатында болар, – деді де, төрт бүктелген газетті ұсынды. Денесіне ерекше қонымды қоңыр пенжағының түймесін ағытып, орындыққа жайғасуға ыңғайланған Мұхаң, қасын әнтек кере, Әнуарға қараған. Таныды. «Орыс бөлімшесіндегі Әлімжанов қой...». Газетті, оның үстіне қойылған сыңар бүктеулі жарты парақ қағазды алып, ырғала жайғасты да, қағаздың бүктеуін ақырын жазып, маңқия қарап, асықпай оқыды. Оқып болып, қағазды аударып, сыртына көз жүгіртті де, қайтадан бүктеп, жанқалтасына салды. Газетті ілгері ысырыңқырап, залға әдеттегісінше байсалды қарап алып, орнынан көтерілді, әдеттегісінше көпшіліктің алдында ары-бері аяндауға кірісіп, дәрісін бастады:

«Бүгінгі сөздің түйіні – Абайдың лирикасы. Абай «Сап, сап, көңілім» деген өлеңін жиырма-жиырма бес жас шамасында жазған деп ұйғардық. Енді осыдан соңғы ақындық үлкен шығарма туатыны – 1882-жыл. Бұнда Абайдың бір жылда туған екі өлеңін білеміз:

біреуі өз өлеңі – «Қансонарда», екіншісі – аударма. Лермонтовтың «Бородино» деген өлеңінен жасалған аударманың үзіндісі...»

Мұхаң әлсін-әлсін жеңіл жөткірініп қояды. Көкейіндегі көрікті ойлары: «мен шығам!.. мен шығам!..» деп тайталасатын, сөйтіп қинайтын тәрізді.

«Сенді ме, сенбеді ме... сенбесе... жоқ, сенеді. Ақылды, аңғарымпаз адам емес пе, бізге сенуге тиіс. Ал егер қалайда сенбей жүрсе, арандату деп ойласа... жо-жоқ, өйтпейді, бізге сенеді!.. Маңғаз адамның жұмбақ жаратылыстысы-ау өзі! Мен білгенде былтырдан бері қаншама сыңаржақ сынға ұшырап келеді, қазақ эпосы жөніндегі конференцияда баяндамашы да, басқалар да буржуазияшыл-ұлтшыл деп те айдар тағып, тым ауыр сөздер айтты. Сталиндік силықтың лауреаты, академик Әуезов бұлайша қудаланған соң...». Тулаған толқындай қалыпсыз ойдың жалына жармасып, ұйқы-тұйқы хал кеше бастаған Әнуар алдарында ары-бері салмақты, сабырлы аяндаған ұстаздан көз аудармай отыр. Басқаларға қарауға дәті жоқтай, егер жан-жағына қарар болса, бәрі де оның көзінен, жүзінен ішкі сырын оқып-біліп қоятын секілденеді. Ал ұстаздың бет-әлпетінен, дене қимылынан ешбір өзгеріс, тосын белгі байқалар емес. Өзін университеттегі жұмысынан босату туралы бұйрық шыққанынан да бейхабар жандай. Еңсесін тік ұстайтын әдеткі қалпы, құлаққа жағымды қоңыр үнін ақ жаңбырша ашық төгілте сөйлеп кеткен:

«... Екінші айқын бір жаңалық белгісі – тауды және барлық пейзажды тек сол тау үшін, пейзаж үшін ғана алмайды. Адамның іс-әрекеттерін тартыс-талабымен, неше алуан мінездерімен араластырып, арнаулы қарым-қатынаста, шарпысу қалпында алады. Адамның да іс-әрекетін, сезімін тегіс табиғат ортасында береді. Шығарманың өзі сюжетті, оқиғалы поэма, баллада үлгісінде жазылмаса да, бар өлең бастан-аяқ динамикалық суреттерден тұрады...»

Кідірет, мүдірет емес, ширығысы жазылып, еркін шешіліп, керілген кең даланың жазғы кештегі керімсал самалындай есіле сөйлейді...

Үзілістің қоңырауы да соғылды-ау!

Мұхаң лекция әредігіндестудентгердің сұрақ-сауалдарына жауап бере шүйіркелесетін әдетін бұл жолы бұзды. Үстел басына барып отырып, манағы газеттің бір тұсын үңіле оқи бастағандай қалып танытқан. Ұстаз назарын силап үйренген жұрт сыпайылық сақтап, құрметтен жаңылмай, бөлмеден үн-түнсіз шығысты. Ұстаздың қазіргі хал-ахуалын: әсірепысықтардың, әсіребілгіштердің, әпербақандардың қарауылына ілініп, нысанасына айналып, нахақ пәле-жала азабын іштей тартып, «бөрі арығын білдірмес...» күй кешіп жүргенін бәрі де сезеді, түсінеді, бәрі де ұстазға іштей тілектес, жақтас...

Жоқтан күйбең тауып, топтың ең соңында әдейі қалған Әнуар қасынан өте бере кідіріңкірегенде Мұхаң оған көз қиығын тастап: «Мақұл!» деді де, газетке қайтадан үңілді.

Көңіліндегі аз-маз күдігі әбден сейілген Әнуарға қанат біткендей. Тәуекел қайығына қарғып мініп, ескегін қолға алды!

Университеттің жаңа корпусынан жүгіре шығып, Комсомол көшесімен орталыққа қарай ұмтылған Әнуар түнгі нөсер жаңбырдан кейін әлі сорғымаған, дегдімеген, миы шығып жатқан жиекжол жүрісін өндітпес болған соң күре жолға түсіп еді, омпы-томпы асфальттің беті де лайсаң екен, бәтіңкесінің резеңке табаны тайғанақтап, адымы бәрібір тұсала берді. Әйтсе де, озып өтіп жатқан автомәшинелердің доңғалағы шашыратқан шалшықтан қашқалақтаса да, жолдан шығып кетпей, бунақ-бунақ қалып жатқан көк түгінді де еріксіз жұтып, тыжырынып қойып, асығып келеді. Арық денесіне қонымсыздау көнетоз пенжағының түймелерін ағытты. Шалбарының балақтарын көтеріңкіреп ұстады. Солайша сөлекеттеу жүрген бойы Сталин көшесімен қиылыстағы телефон күркешігіне кіріп бір-ақ тоқтаған. Телефон тұтқасын алып тыңдап еді, ыңылдап тұр екен. Екі тиынды сыңғытып, керек нөмірлерін терді. Арғы ұштан: «Да, да! Слушаю я, слушаю вас!» – деген уәделі сөзді таныс дауыс саңқылдады.

– Мен ғой. Қыздар келісті, қай сеансқа барайық? Тиын-сиының жете ме? – деді Әнуар, ендігін еркін баса алмаған күйі күбірлеп.

– Жетіп қалар, бірақ сенен де алайын, қай жердесің?

– Кинотеатрда кездесейік, тез кел!

– Қазір!

«Кинотатры» Мир және Киров көшелерінің қиылысындағы «Алатау» мейманханасы еді. Әнуардың аталас апайы сонда қойма кілтшісі. Жалғызбасты әйелдің «кеңсесі» де, баспанасы да – мейманхананың астыңғы қабатындағы бір қалтарыс бөлме. Әнуар кейде бір-екі жолдасын ертіп барып, шәй-пәй ішіп жүреді. «Қарның ашып қалмасын» деп апай шіркін анда-санда бес-он сом ақша да береді. Вахтер кемпір-шалдар Әнуарды жыға таниды. «Біздің көңілді жігіт келді!» – деп жайдарылана қарсы алады. Бөлмеге кірген бетте-ақ Әнуар Мақанға:

– Боксер сені сонда күтеді, бағана кеткен. Жеңгесі смена бастығы, билет алуға, оңашалап отырғызып жіберуге көмектеседі, тек мынаны тез жеткіз! – деп қойын қалтасынан «Депутат Верховного Совета СССР» деген алтынды жазуы бар қызылқоңыр мұқабалы куәлік алып ұсынды.

– О! Кеттім!

– Давай! Мен университетте боламын, боксердің хабарын күтемін...

Университетке тақалғанда Әнуардың кенет темекі тартқысы келді. Ертелетіп жатақханадан шыққанда шеккеннен беріде шылымды есіне алмағанына танданды да.

Бірінші қабаттағы «Комсомол комитеті» кабинетінің қасында тұрған Сейсенбек дәлізде келе жатқан Әнуарды көрді де, төбеде ілулі дөңгелек дәу сағатқа қарағыштап:

– Мынау төрт болды дейді, дұрыс па, ақ сөйлеп тұр ма? – деп күңкілдеп алды да, жанына жеткен Әнуарға: – Сағатың неше болды? – деді.

– Төрттен екі минөт кетті, – деді қолсағатына қараған Әнуар. – Мұнда кім бар?

– Суретші бар.

– Телефонға ие болсын. Өзің анда барып келдің ғой, доңғалағың дайын ба?

– Дайын тұр. Бұрышта!

– Ұзын орнында ма?

– Орнында. Темекісін сорып тұр.

– Мен де сорып келейін, – деп Әнуар ілгері озып, Сейсенбек кабинетке кірді.

Корпустың Киров көшесі жақтағы артқы есігіне барған Әнуар онда Ұзынның босағаға сүйеніп, Алатауға қарап тұрғанын көрді.

– Бұл Алатауға көз салып, басқа Алатаудың халін ойлап қалғансың ба? – деді Әнуар, өзі екінші босағаға сүйеніп, жан-жағына қарап қойып.

– Шынында сондай күйдемін, – деп Ұзын екі қасының арасын сұқ саусағымен үйкеледі. Содан соң: – Бәрі де дұрыс па? – деді бәсең үнмен.

– Ойдағыдай. Өзінде ше?

– Дұрыс!

– Тфэ, тфэ! – деп Әнуар да Алатауға көз жіберіп, жанқалтасынан сигарет пен сіріңкесін алды. Іркес-тіркес шөккен ақшулан өркешті ғаламат қоңыр нарларға ұқсас Алатау мына бауырындағы қалада түтін түтетіп жүрген қайсыбір қаратаяқтардың «әттең-ай» әрекет-қаракеттеріне еріксіз, тілсіз куә болып, соған шаршап, налып жатқандай ма, қалай?.. Әлде соларға жиіркене қарап: «Ей, берекесіз, бәтуәсіз бейбақтар, бетпақтар! Қашанғы қажасып, қақтығысып, жұлысып, өлерменденіп өтесіңдер?!» – деп шамырқанып, шыдамы таусылып, сыздап, шатынап, қақырап жарылып-жарылып кетуге шақ қалғандай ма?! Құдай-ау, табиғаттумысы тағылық дәуірінен басталған бұл адам, тегі, сол соқпағынан шықпай, бірін-бірі андып, күндеп, біріне-бірі бақастық жасай бермек пе?! Саған не болды, ей, қазақ?! «Алашордашыл» деп, сандалмасқа сандалып, шошынбасқа шошынып, адасып, алас ұрып, анау айып-жазығы жоқ Ахмет Байтұрсынов бастаған ағаларымызды – алаштың, ұлтымыздың көсемдерін тізімдеп бір құрттық. «Халық жауы» деп жабулап, қаншама боздақтарымызды көктей ордық. Әлихан Бөкейхановтың, Мұстафа Шоқаевтың, Мағжан Жұмабаевтың және басқа арыстарымыздың аруағынан имену жоқ. Голощекин құжақ пен монтаны Мирзоянның, қанқұмар Гитлердің жауыздығы аз болғандай, енді тынар, тынышталар уақыт болды ғой деп еңсемізді көтере бергенімізде дүлей-сойқан қара түн тағы төніп, қабына қайырылып, қағынып тағы жеткені ме?! Сойқанның сойылын,

қарапигылдының қанжарын елден бұрын тағы сен қолыңа алғаның ба, ей, қазақ?! Сүргінді тағы бастағаның ба?! Ермұқан Бекмахановтың кінәсі не?! Қаныш Сәтбаевтың шаужайына неге жармасасың?! Мұхтар Әуезовтің жазығы кемеңгер ақын Абайды тірілткені ме, өзге жұртқа танытқаны ма? Өзге жұртқа Абай арқылы бүкіл қазақты танытты емес пе? Ұлтының абыройы, арнамысы болған ұлы ақынын дәл Әуезовше әспеттей алған, ғажап кітап жазған қаламгер бұрынды-сонды қай елде, қай ұлтта бар?! «Абай» романы үшін Сталиндік силық алған, әлемге тарап жатқан болашақ эпопеясының соңғы кітаптарын жазып жүрген аяулы Әуезовті «халық жауына» айналдыру, тұтқындату, құртқызу қай айуанға, не үшін керек болып жүр?! Ойлануды, өкінуді білмейтін арандатқыш опасыздардың айтқандары болып, айтақтары өрши бере ме?! Ах, подонки!» – деп жұлқына ілгері аттап қалғанын өзі де аңғармаған Әнуарға жалт қараған Ұзын:

– О не, Әнеке? – деді.

– А? Немене?

– Маған бірдеңе дедің бе?

– Кім? Мен бе?... Жо-жоқ, жәй, просто...

– Әнеш, боксер хабарласты, бәрі реттеулі, – деп келе қалған Сейсенбекке бір, Ұзынға бір қарап алған Әнуар:

– Кірісейік! – деп пенжағының жеңін ысыра қолсағатына үңілді де: – Он бес минуттен кейін жүреміз, сен киімін алып кел! – деді Ұзынға. – Ал сен доңғалақты келтірт және біз кетісімен ананы дереу іліп, осы жаққа ие болындар! – деді Сейсенбекке. Өзі ішке қарай жебей басып жөнелді. «Комсомол комитеті» кабинетіне бас сұғып, ондағы Суретшіге: «Оны сұрағандарға «Академияда» де, мені тос, гәзетінді безендіре бер!» – деп қуақылана көз қысты да, одан соң аудиторияға барып, есігін қағып еніп: «Кешіріңіз, Мұха, сізді академиядан бір кісі телефонға шақырады, ренжімесе келсінші, асығыс шаруаңыз бар еді дейді», – деді де, бұрылып шығып кетті. Іле Мұхаң да шықты. Әнуар аулақтап жол бастап барады, жүрегі кеудесінен атқып шығардай алқынып, талдырмаш бойы зілденіп, күйіп-жанып, құлағы қайта-қайта шыңылдайды. Есік көзінде макинтош пен қалпақты ұстап Ұзын тұрған, ол екеуі Мұхаңның

киінуіне көмектесті. Кенеп жаппалы «эмка» автомәшинесі көлденендей қалды. Әнуар оның артқы есігін ашып, Мұханды қолтығынан демеп кіргізіп, өзі де отырды. Мәшине сырғи жөнелді. Рульді ұстаған қара мұртты жігіт ағасы «Абыржыма!» – дегенді айтқандай раймен Әнуарға ақ жарқын жымия қарап қойды.

Аэропортқа жеткенше үшеуі ләм-мим деспеді. Мәшине тоқтаған сәтте ғана Әнуар:

– Аға, Мәскеуде сізді Қалжан Нұрмаханов деген жігіт қарсы алады, мен рейсті хабарлаймын. Ұшаққа отыру қазір басталуға тиіс, билетіңізді тіркеуші әйел береді, сізді өзі шығарып салады, мен барып біліп келейін, – деді де, мәшинеден түсіп кетті.

Таңертеңнен бері Алматы аспанын аласартардай тұқыртып тұрған қою қара бұлт енді қоналқасына жетуге асыққандай ыдырай биіктеп, сұйыла серпіліп, оңтүстікке қарай үдере ауып барады. Аспан айығысына іштей қуанған Әнуар: «Рейс бөгелмесе екен, тез ұшса екен!» – деп тіледі. Жүрек байғұс тулаулы, беймаза.

Аэровокзалға кіреберістен бірер қадам қиыста ештеңеге қатысы жоқ кісіше жайбарақат шылым шегіп тұрған Мақанның сабырлы қалпы Әнуарға күдік-күмәнді ештеңе жоқтығын аңғартып еді. Ал боксер іште, мандайшасында Мәскеу рейсінің нөмірі қызғылт сәулемен айшықталған есік көзінде басына көгілдір орамал тартқан әйелмен сөйлесіп тұр екен. Боксер қолындағы гәзетті әйелге берді де, Әнуарға қарсы жүрді. «Расписание» делінген тақырып жазуы бар үлкен тақта-жарнаманың алдында аялдаған Әнуардың жанынан өте бере боксер: «Жеңгем, әне, тосып тұр, келсін», – деп күбірледі. Әнуар кестенің бір тұсына үңілген сыңайланды да, бұрылып сыртқа беттеді. Көңілі алып-ұшып, жүгіре жөнелгісі келгендей. Жан-жағына көз тастап еді, о тұс пен бұ тұста отырған, тұрған әлдекімдер алыстан елестегендей ғана көрінді. Екі шекесі солқылдап, лықылдап, өне бойы қызып бара жатқандай. Жаңағы орынындағы Мақанды да аңғарған жоқ. Мәшинеге жетті, әйтеуір. Мәшиненің есігін ашқан кезде әлдебір ғажайып күш Әнуарды тік көтеріп алып, қайтадан дік еткізіп қоя қойғандай, жәй қоя салмай, өнебойын бір қоңыр салқын леппен шаймалап, жеңілейтіп, сергітіп, әлгі беймәлім қызудан арылтып

жібергендей болды. Мұхаң қалпағын дізесіне қойып, маңқиып қарап отыр екен.

– Отыру басталыпты, жүріңіз, залдан арыға шығар есік көзінде көгілдір орамалды әйел күтіп тұр, сол ертіп барады, келіңіз, аға! – деп тез-тез сөйлеп ұсынған Әнуардың оң қолынан ұстаған Мұхаң қатты қысып:

– Аманшылықпен қауышуға жазсын, қалқам, ризамын саған! – деді.

– Аға, қалпағыңызды басыңқырап киіңізіші!

Қалпағын қабағына түсіре киіп, сусылдаған сұр макинтошының түймелерін жүре салып, мол денесі ырғала аяндаған Мұхаңа іркіле ілескен Әнуар ұстаздың нық бейнесіне көзі тоя, көңілі қуана қарап: «Рухы ерекше күшті, қайратты адам!» – деп үнсіз сүйініп те сүйсініп келеді.

Мұхаң вокзалға тақалғанда Мақан ішке кіріп кетті. Әнуар аяғын енді жебей басқан. Мұхаңа ілесе кіріп, ішті шолды. Оқыс ештеңе, ешкім байқалмайды. Боксер жеңгесінен арыраққа қабырғаға сүйеніп, бері қарап тұр. Одан қиыс бұрыш жақта Мақан көрінеді.

Көгілдір орамалды көрікті әйел Мұхаңа басын сәл ие ізетпен сәлемдесті де, сырт бұрылып, жол бастады. Екеуі кіріп кеткен есік жайлап жабылды.

Әнуарлар сыртқа шығып, вокзалдың сол жақ бүйіріндегі аласа қашаға барды. Жолаушыларын көзбен ұзатып, қол бұлғасқан көпшілікке қосылды. Ұшақ жақын тұр екен. Жолаушылардың алды траппен көтеріле бастаған-ды. Мұхандар, эне, ең соңында кетіп барады. Әйел газетін Мұхаңа берген.

Бағанағы бір тылсым мазасыз күй Әнуарды қайтадан тауып еді. Денесін діріл билеп, біресе суық леп, біресе ыстық леп кезек-кезек оскылайтындай. «Аман-есен құтылды ма?.. Рас па?.. Өңім бе, түсім бе!.. Онда достары көп, олар қорғап сақтай алады, тек есен-сау жетсе екен!» – деп іштей мінәжат етіп тұр.

Әне, Ұстаз көтерілді. Ұшаққа кірерде бері бұрыла тоқтап, қалпағын оң қолымен ала бұлғап-бұлғап қалды. Ай мандайы батыс көкжиекке еңкейген күн көзіне шағылғандай жарқырады. Әнуардың кеңсірігі ашып, көзіне жас іркілді...

Моторының дауысы жер-жаһанды жаңғыртқандай «Ил-14» әрең қозғалып, ауыр бұрылған сияқтанса да, тездете зымырап, аспанға жеңіл көтеріліп кете барды. Алып ұшақ біраздан соң ноқатқа айналып, аспан аясына біржола сіңіп кетті.

Университетке оралған Әнуар аудитория алдында шоғырланып тұрған бір топ студентті көрген. Сейсенбек пен Ұзын да, Суретші де бар. Аудитория есігінің сыртына: «М. О. Әуезов лекциясының екінші жұбы 19 сағат 30 минутта басталады. 16. 04. 1953» деп жазылған хабарландыру ілініпті. Көрші аудиторияның есігінен әріректегі қабырға газетке қарап бейтаныс екі кісі тұр. «Дұрыс болды! Жігіттер, жарадыңдар! Жүз жасандар!» – Әнуардың сақылдап тұрып, жалпақ жарық дүние түгел еститіндей етіп күлгісі келді... Әлде... жылағысы келді ме?.. «Қазақ әдебиетінің қарашаңырағына балта сілтеген, қасиетті шаңырақтағы Әуезовтей киелі жұлдызды шауып түсіруді көксеген көрсоқырлар, қайдасындар?! Қайдасындар?! Енді мына мені, мына бізді шабыңдар! Шауып алыңдар, кәні!» – деп кектене, келемеждей жар салып, сол көрсоқырларға жер соқтырған, құм қаптырған өздерінің жеңіс қуанышының шексіздігіне масаттанып, мерей жалынын көзден ақтара қаһарланғысы келді.

Бұл күні – Мұхтар Омарханұлы Әуезов жарық дүние есігін үшінші рет ашып еді!

Бұл күні – Мұхаң Алматының бұдан 15 жыл бұрын Сәкенді, Ілиясты, Бейімбетті... жұтқан құрдымының қанды қақпанынан құтқарылып, жазықсыз жансауғалап Мәскеуге кетіп еді.

Бұл күні – «Абай жолы» эпопеямыз, соңғы екі кітабы әлі жазылып бітпесе де, әлем әдебиеті сөресінің ең жоғарғы сатысына қойылып еді.

Бұл күні – балаң жігіт, балауса студент-журналист, ұлы Мұхаңның ұлағатты шәкірті, кейінде Азия, Африка, Латын Америкасы әдебиетшілеріне адал, әділ дос-дәнекер болған Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжанов жас жанын шүберекке түйіп еді.

...Мұхтар Әуезовті ұлтшыл, буржуазияшыл, кертартпа, жасырын жау деп шуылдап күстәналау асқына бастағанын естіп, көріп жүрген Әнуар сенімді достарымен ақылдасып, Мұхаңды

құтқарып қалу үшін астыртын әрекетке кірісіп, құпия қимылдың үш жолын ойластырысқан. Бір жол – Алматының өзінде, бірінің Тастақ селосындағы үйіне жасыру. Екіншісі – Фрунзе қаласына жеткізіп, қырғыз достарына табыстау, немесе Ташкентке, өзбек достарына апарып салу. Үшінші жол – Мәскеуге аттандырып жіберу. Ақырында соңғысы – Әнуардың пікірі құпталған. «Мұханды атақты, аса беделді досы Фадеев қана қорғап қала алады! Мәскеуге аттандырып жібермесек, Мұхаңнан айырыламыз, жауыздар жоқ қылады, құртады!» – деген Әнуар...

Жасамыстардан түңілген Мұхаң жас жеткіншектерінің имандылығын тани білді! Шынайы шәкірттеріне шын сенді!

Ұшақ әуеге екпіндей көтеріліп, белгілі биіктігіне шығып, шапшандығын үдетуге кіріскен кезде жолаушылардың қайсыбірі орындарынан тұрып, сыртқы киімдерін шешіп, жоғарыдағы ойық сәкіге қоя бастаған. Бағанағыдан бергі үнсіздік бұзылып, дабыр-дұбыр сөз, күлкі естілген. Мұхаң да түрегеліп, макинтошын мұқияттап бүктеп орналастырды да, үстіне қалпағын қондырды. Пенжағының омырау қалтасынан тарақ алып, қасқа бастың екі самайы мен орайы аралығын жалғастыра қарағұсқа ойысқан бұйра шашын үкілегендей артқа ақырын ғана серпе тарады. «Салонда көзтаныс, жүзтаныс ешкім жоқ па?» деп ойлап, бұрылып қарағысы келген. Бірақ қазір таныс іздеудің реті жоғын есіне алып, сабырлы қалпында орнына жайғасты. Ұшқыштар кабинасынан кейінгі бірінші қатарда еді. Терезе жақтағы көршісі – көкшіл костюм, көкшіл кепка киген орыс, сірә, Семен Михайлович Буденныйға еліктейтін болса керек, көкбурыл ұзын мұртты. Көкбурыл сақалы бар, онысын еркіне жібермей, ауық-ауық ықшамдап жүретінге ұқсайды. «Мұнысы калининсақал болды ғой» деді Мұхаң іштей мысқылмен. Көршісі әлі де әу бастағы кейпінде: аяғын соза шалқиып, терезеге қарап отыр. Мұхаң келіп: «Добрый вечер!» – дегенде бетін тез бұрып: «Вечер добрый!» – деп, басын изегендей ишарат жасап, терезеге қайтадан қарап кеткен. «Сен де өзегін өксік шалған жан ба екенсің?! Терезенің арғы жағында кімің қалды, нең қалды?» – деп ой тұтатқан Мұхаң қолындағы «Правда» газетін жазып, шолуға кірісті. Жарияланымның дені

соңғы апталарындағы сөз саптауларының сипатында екен: «Ұлы көсеміміз Иосиф Виссарионович Сталиннің қазасына қажырлы еңбегімізді еселеумен жауап береміз!», «Кемеңгер көсем мәңгі тірі!», «Адамзаттың данышпан әкесі – Иосиф Сталиннің өзі өлсе де, ісі мәңгі өлмейді!», «Ұлы Сталиннің жарқын бейнесі – жүрегімізде!» деп, қайраттанып жатқан халық. Төрт беті түгел дерлік осы сыңайдағы мақалаға, хабар-ошарға толы. Кеңес елі, социалистік лагерь жұртшылығы ғана емес, бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері қамығып, қара жамылып жүргені мәлімделіпті. Мұхқа гәзетті төрт бүктеп, сол жамбасына басып, тынып қалды.

Ол бұрында ұшақтың мынадай орнына отырмаған-ды. «Аяқты еркінше соза алатынынды қайтесің, көзің сұп-сұр қабырғаға соғылып, тылсым бір тұйыққа тірелгендей тауқымет емес пе», – деп, билетті қашанда төртінші, бесінші қатардың біріне алдыртатын. «Е, Қаллекиге арнаған орындары осы болған ғой», – деп, өзінің «КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Қалибек Қуанышбаев» болып келе жатқанын есіне тағы түсірді. Бағана өзіне жол бастаған көгілдір орамалды келіншек вокзал дәлізіне шыққандарында: «Билетіңіз, міне. Жолыңыз болсын!» – деп, сыпайы ұсынған билетке көз жүгірткенінде өзінің кімге айналғанын алғаш аңғарған...

«Е, Қаллеки, Қаллеки!.. Сенің сонау жігіт шағында шет-қиыр Беларусь жерінде окоп жұмысында болғаның, менің «алашордашыл» атымен түрмеге түскенім бір қиямет еді, сен енді менің сұр қабырғаға телміріп отырған күйіме сырттай куә болғандайсың-ау, тарланым!.. «Қайта айналып соғады қара дауыл, қалтырайды қауқарсыз қаралы ауыл» – қай ақын айтып еді мұны?! Бұл – Әлекең мен Аханды жұлып кеткен жалмауыз жылдарда аһ ұрған амалсыздықтың, шарасыздықтың бір зар-нала күрсінісі де!.. «Қайта айналып соғады қара дауыл...». Көгіміз әлі ашылмас, көңіліміз әлі айықпас болғаны ма?! Қаралы ауыл еңсесін жазар, мұңынан серпілер, қарайғаннан күдіктенбей күнелтер кез қашан келеді? Адал еңбегің аяқасты етіліп, алды-артына күл шашылып, таза пейілің санасыз да саңылаусыздардың әрекетімен арамға телініп, тағдырың талауға түсіп, не көрмеген бас... тағы неге төзбекпіз?! Туған топырағыңнан табантірек таба алмаған қай

қорлық?! «Сайыңнан саяқ құрлы сая таппай...». Қайран Мәди!.. Қара дауылды жетектеп шығатын қара құйынның шатқалынан бұлайша пана іздер күн боларын кім ойлаған?.. «Шәкіртіңіз» деп қана қол қойған манағы запискада: «...Сізді досыңыз Фадеевтен басқа қорғап қалар ешкім жоқ» депті... Әнуар тап басқан, білген... Әнуардың көзінде от бар, келешегі кім-кімді де анық қызықтыратын мол білімді әдебиетші, таным-талғамды қаламгер болар, тек тағдыр оған тарынбағай, мейірімін аямағай, ұзақ ғұмыр бергей, біздің соңымызға шәуілдеп түсіп жүрген анау сүмелектердей малғұндарға тап қылмағай!..». Мұхаң екі қолымен екі қасын екі мәрте сылап қойып, шалқайыңқырап отырды...

Жолай екі қалаға қонып, жиыны біржарым сағат шамасы аялдап, баптанып алған ұшақ түн ортасы бола Мәскеуге жеткен.

Аспанда жиыны алты сағат мөлшері оңаша ой өрген Мұхаң ат жалын тартып мінгеннен бергі бүкіл тірлігін ми мен жүрек таразысына салған. Халқының мерей-мақсаты үшін деп істеген еңбегінің жемісі бірде тәтті, бірде ащы болып, міне, отыз сегіз жыл үрдісінде үнемі аумалы-төкпелі халде жүр екен. Сахара әлемін сапырылыстырып, сарсаң күйге душар еткен кеңес өкіметінің өктемдігіне ашық қарсылық жасап еді, одан не шықты? Сезімі сергек, қаламы жүрдек балғын жастың толмай жатып солып бітпеуін ойлаған қамқор ағалары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов пен Жүсіпбек Аймауытовтың ақылдарына тоқтап, тосын билік иелеріне ішін бермей, сырттай райынан қайтқан болып қана аман қалды ғой. Халқының өксулі өмірін шығарма тілімен айтпақты ниет етіп, «мен қателесіппін» деп бәтуа сұраған ашық хатын жазған. Өрісін кеңейтуді ойлап, сол ойына шын иланып, партия қатарына өткен... Бірақ мида қорытылған, жүрекке нық ұялаған ақиқат тұжырым-пікір қағаз бетіне айнымай түсе берді де, сөз бағып, із андып ғадеттенгендердің күншілдігін қоздырып алып, ондайларға бүгінгі жүйеде тиым болмасына, қайта бірді бірге салып, ағасын інісіне, әкесін баласына андытып, тіршілікті ұшығы табылмас шырмауыққа айналдырудың айла-шарғысы үдеп, асқына беретініне көзі жетті де, өзінен басқаның мақсатын мансұқ ететін, ал өзі «оңым да – оң, терісім де – оң!» деп отыратын

шексіз билікқұмарлар түптің түбінде халыққа опа бермесін анық аңғарып, олардан іргесін аулақ салуды жөн санады, батыл шешім жасап, партбилетті иелеріне поштамен қайтарып жіберді... «Қилы заман», «Хан Кене» саясат сауғандардың сұханына жақпады, сүйексіз тілді жалдамалы жақтар сан түрлі жымысқы пікір, кара бояулы қаңқу сөз таратып әлек. Мейілдері білсін, шындық арқаулы ол шығармаларына әлдекімдердің қолайына жақсын деп қайырылып қаламын батырмақшы емес. «Әлдекімдерді» қойшы, Ғабиттің түсінбегені, әлде түсінгісі келмейтіні аландатады. Ол Кенесары атынан неге жиырылады, неге қыңыраяды? Халық «батырым» десе, ол неге «бүлікшіл» дейді? Менің көзқарасымды, бағамды қабылдамай қасарыссын-ақ, бірақ сан ықылымның сынынан өткен «Халық айтса, қалт айтпайдыны» неге мойындамайды?! Ақиқаттың астары болмайтынын айтудан, дәлелдеуден танбас Бекмаханов Ермұқанда бар өр мінезділік, ерлік жетіспейді-ау бізге!.. «Қилы заман» да, «Хан Кене» де – ертеңін тосқан туындылар, олар халықтың қолында қалар, қолындағысын халық іске бір жаратар!..»

Мұханның жігері құм болып келеді. Ар-ұяты арзан, санасы саңылаусыз, «пысық десін, қу десін» (Абай) тобырлар Мұханды мұқату үшін ұлы Абайдың аруағынан да аттап кетті. Ей, Абайдың бір ауыз сөзіне татымайтын тексіздер! Бүгін сендерге Абай, Мұхтар керек болмаса, ертеңге сендер керек емессіндер! Ертеңге Абай керек, Мұхтар керек!..

Мәскеудің түн құшағындағы Внуково аэропортында Мұханды КСРО Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Александр Александрович Фадеевтің шопыры, әрқашан аңқылдап жүретін Евгений қарсы алып: «С мягкой посадкой, Мухтар ага!» – деп құрақ ұшты. Мұхаң оны қазақшалап: «Жолдас Женья» деп атайтын. Сүліктей қара «Волгаға» баптанып отырғаннан кейін: «Жолдас Женья, хал-ахуалың қалай? Келіншегің мен құйтақандай қызың есен-сау ма? Сашаның үй іші аман-есен бе? Жазушылар одағында, Мәскеуде нендей өзгеріс, жаңалық бар?» – деді Мұхаң, сөзін санағандай баяулата сауалдап. Шопыр жігіт артқы орындықтағы мейман ағаға бір қарап алды да, жауабын бастады.

Фадеев кеше ауруханаға жатқызылыпты, жүрегі тағы мазалаған көрінеді. Леонид Соболев – Белоруссияда, Николай Тихонов – Молдавияда, Константин Симонов – Грузияда жолсапарда екен. Одақта хатшылардан Алексей Сурков қана бар көрінеді. «Сіздердің осындағы өкілдеріңіз де ауырып қалыпты, өкпесіне суық тиіпті. Ол өзі қарсы ала алмайтын болған соң Сан Санычтың көмекшісіне өтініш жасаған екен. Сан Саныч сізді қарсы алуды маған өзі тапсырды, мен, Мұхтар аға, осы сағаттан бастап сіздің қоластыңыздамын, қазір өзіңіздің үйреншікті «Москва» мейманханаңызға, жақсы көретін люкс-нөміріңізге алып барамын!» – деді Женя жайрандап. Мұхаң әдетінше мұрынын бірер «сауып»: «Рахмет, жолдас Женя, рахмет!» – деді. Одан соң Женя Мәскеу жаңалықтарын айта отырды. Иосиф Виссарионовичтің қазасы Сан Санычка қатты батқан. Меселін қайтармай, әрқашан көмек көрсетіп отыратын қамқоршыдан айырылу оңай тисін бе? Алайда Сан Санычты Георгий Максимилианович Маленков та жоғары бағалайды, ол көп жылғы таныстықтың, жолдастықтың, түсінісе білгендіктің нәтижесі ғой. Көпшілік Маленковты Сталиннің ең лайықты мұрагері деп біледі, оған әбден сенеді. Бірақ ол үлкен теоретик те, ысылған практик те емес, басшылықты нығайтып ұстай алар ма екен деп әжептәуір дүдәмалданушылар да бар сияқты...

Мұхаң телефон шылдырынан оянды. Қол созымдағы тұтқаны алып еді, арғы жағынан:

– Мұхтар Омарханович! – деген дауыс дабылдай қалды. Тани қойды. Сурковтың дауысы.

– Қайырлы таң, Алексей Александрович! – деді Мұхаң көтеріліп отыра бере.

– Қайдағы таң, Мұхтар Омарханович? Сағат он бір болып қалды емес пе?! Ал келуіңмен! Хал-ахуалың қалай, жақсы ұйықтадың ба?

– Рахмет, рахмет! Сендерді сағынған соң келіп қалдым!

– Мұхтар Омарханович, былай болсын: мен сағат он екіден кете саған барамын, әңгімелесіп отырып шәй ішеміз, мен қазір заказ беріп қояйын.

– Заказды мен берермін...

– Жо-жоқ, сен меймандық жолыңды сақтай тұр, бүгін ерікті маған бер, келістік пе?

– Келістік. Күтемін.

...Мейманхана даяшылары бөлмеге дастарқан жасап болып: «Сурков жолдас ішімдіктен қайсысын ұнататыныңызды өзінен сұрап білерсіндер деп еді», – десіп меңзегенде Мұхаң күлімсіреп: «Сіздерде француз шарабы болатын еді, сол дұрыс-ау, ә?» – деген. «Алеша қулық жасаған екен, қарашы өзін! Менің қазы-қартасыз, қазақ коньягінсіз келмейтінімді біле тұра бұраландатқанын қайтерсің! Қашқында қайбір хал болған!» – деп өзін-өзі іштей қағытып, алдыңғы бөлмедегі диванның жанына қойылған дөңгелек үстелшедегі журналдардың арасынан «Знамяны» алды.

Диван мен қабырға аралығында ыңылдап биік ақ тоңазытқыш тұр. Оны Мұхаң түнде ашып көрген. Ішіне: колбаса, балық консервілері, сыр, торт, тоқаш, екі бөтелке «Боржоми» минералсуы, бір бөтелке «Москваның айырықша арағы» қойылыпты. Мұханның тамақтануға тәбеті болмай, бір бокал минерал су ішіп қана жатқанды.

Сурков сағат он екі бола келді. Екеуі құшақтасып, мәре-сәре есендесті.

– Көріспегенімізге қанша уақыт өтті осы? Меніңше, үш айдан асыңқырады-ау! Кінә менде, Мұхтар Омарханович, мен Дубултыда дем алып жаттым. Украинада жолсапарда жүрдім. Шалдық жақындаған сайын шапқылай бергім келеді. Ал сен... Мұхтар Омарханович, қалайсың? Өңің онша емес қой, ұйқың қанбай қалды-ау, ә? Бекер ояттым ба? Әлде бір жерің ауыра ма? – деп Сурков әдетінше самбырлап алды да, Мұхаңа сұраулы кескінмен қарап қалды.

– Шалдықтың ауылы бізге әлі алыс, Алеша, сен асықпай қоя тұр, ал денсаулыққа менің де өкпем жоқ, әзірге мықтымын. Кәні, төрлет, отыр, өзің әзірлеткен түстікті ішелік, – деп Мұхаң мұрнын бір «сауып», Сурковқа ишарамен орын ұсынды. – Алеша, саған алдын ала ескертіп қойып, мен бұл жолы ешқандай сәлем-сауқат әкелген жоқпын, дәметіп қалма, – деді жымыып.

– О не дегенің?! Сәбит Мұқанович екеуіңнен жеген қазы-

қартаны есептесек, сірә, бір ауданның бір жылда дайындайтын етін асқазанымыздан өткізіп жіберген шығармыз! – деп Сурков қарқылдап күлді. Мұхаң оң қолының сұқ саусағымен үстелдің шетін тық еткізе лекіте күліп:

– Біз де ұтылмаған болармыз, бір Сәбиттің өзі сендердің бірер цистерна борщтарыңды ішкен шығар! – дегенде Сурков екі қолын шапалақтап кеп күлсін.

Түстік асықпай ішілді. Мұхаң әуелі Фадеевтің денсаулығын сұраған. Оның ақпан айында ауруханада жатып шыққанын білетін. Жүрегі шәлкестеніп қоятынды тапқан. Одан соң Сталиннің қазасы қажытқаны анық. Клемент Готвальдті жерлеуге барған кеңестік делегацияның құрамында Прагада болып, жүйкесіне және көп салмақ түскен-ді. Бұдан бір ай шамасы бұрын телефонмен мән-жай біліскенде ол: «Өмірдің ықпыл-жықпылы, қалтарыс-қайырмасы көбейіп барады, бірақ мен бой бермеспін!» – деп нық сөйлеп еді. «Аласапыранда Сан Саныч не дейді, жүрегі не дейді?!». Мұхаңның назарынан мұндағы Жазушылар одағының жағдайы, шет елдердегі дос-жолдастарының тірлігі де қалыс қалмады. Басқа республикалардағы әріптестерінен қазір Мәскеуде кімдердің барын, нендей шаруамен келгендерін білді. Сурков жауап қайтара отырып, өзі де сауал беріп, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Иван Шухов, Ғабит Мүсіреповтің есен-саушылықтарын сұрады. Бұл әредікте Мұхаң:

– Алеша, менің бұл жолғы жүрісім тіптен ерекше, – деп жайлап бастады да, Алматыдағы кейбір дүмше саясатшылардың, әдебиетші-тарихшысымақтардың бірін-бірі айтақтап топ құрып, жоқтан өзгеден шикі долбармен ши шығарып, тартысып жүргендерін, өзіне «ұлтшыл, феодал-буржуазияшыл» деп айдар тағып, сонау жылдардағыша қуғын-сүргін ұйымдастырғандарын, сол пәтуасыз шуылдақтардың аттанының ақырында мемлекеттік қауіпсіздік комитеті алқасының тұтқындау туралы қаулысы болғанын, ол сұмдықтан шәкірттерінің қырағылық, өжеттік, тапқырлық көмегі арқасында құтылып, басқаның атына алынған билетпен келгенін айтып: «Сонымен, құрметтім Алеша, алдыңда отырған бұл пақырың – кәдімгі қашқын!» – деді уытты мырс етіп.

– «Қашқын» дейсің бе?! – деді Сурков, шын өрепкі ышқына қалып. – Мұхтар Омарханович!.. Бұл ешқашан ешкім ойламайтын, күтпейтін жәйт қой?! Басқа біреуден естісем, тіпті, ешқашан сенбес те едім!

– Бұл – сенбеске сендіретін шындық, Алеша. Біз мұндай шындықтың талайына куә болдық емес пе? Қара дауыл қайталап соқпаушы ма еді?

– Дауыл да, тасқын да, жер сілкінісі де қайталаанады, қайталаанады, әрине. Бірақ сені – әйгілі «Абай» романының авторын, Сталиндік сыйлықтың лауреатын... өзгелер емес, Мұхтар Омарханович, сен ғафу ет, иә, өзгелер емес, өзіңнің төңірегіндегілер қуғындағаны, ол енді – сұмдық... нағыз сұмдық екен!

– Олар менің Абайды жазғанымды сұмдық десе ше?!

– Олары – сандырақ!

– Сандырағын саналылық деп дәлелдейтін, шындықты әдейі шіркеулейтін пәлекорларға тойтарыс беру көп күшті, көп уақытты керек етеді.

– Оның рас. Алайда ақылға қонбайды, Мұхтар Омарханович, менің ақылыма қонбайды мынау!

Екеуі жарты минөт әлетінде үнсіз отырысты. Сурков басын шайқап, Мұханды білегінен ұстай түрегелді:

– Мұхтар Омарханович, маған рұқсат ет, жұмысқа барайын. Жолсапардағылар оралған соң бәріміз бас қосып ақылдасармыз. Сан Санычқа ертең барғанда айтармын.

– Алеша, ешкімге тіс жарма, Сашаға да әзірше айтпа, әбден сауығып шыққан соң әңгімелесерміз, ол мазаланбасын, ал мен асықпайтын болдым емес пе, егер ұзын құрықтың ұшы көріне бастамаса...

– Мұхтар! Мұхтар Омарханович, ондайды айта көрме!..

Сол әредікте есік қағылып та ашылып, қолтығы газет-журналға толы Женя енді.

– Сәлеметсіздер ме? Мұхтар аға, жайлы жатып, жақсы тұрдыңыз ба? Бүгін сізді ерте мазаламайын деп әдейі кештеу келдім. Бүгіннен кейін тоғыз нөл-нөлде тура осы жерде боламын! – деп көңілді жігіт сұқсаусағын өзінің табан астына тастай берердей кілт ишарат жасады. Мұхаң да, Сурков та күліп жіберді.

– Рахмет, жолдас Женя, жақсы келдің, жоғары шық! – деп Мұхаң мейірлене қолын ұсынды.

– Мен бастықтар бар жерде көп кідірмеймін, – деді жігіт, қулана түсіп, ұмтыла келе Мұхаңның қолын алып.

– Дұрыс! – деді Сурков, жорта маңызданып.

– Жолдас Женя, кофеге қалайсың? – деді Мұхаң.

– Рахмет, Мұхтар аға! – деген жігіт газет-журналдарды диванның алдындағы дөңгелек үстелшеге апарып қойып: – Мұхтар аға, мен кете берейін, ауруханаға бару керек, – деді.

– Сан Саныч қалай екен? – деген Мұхаңның үнінен алаңдаулы адал көңілдің нышаны аңғарылып еді.

– Жалпы оңды дейді, қазір хозжайканы алып барамын.

– Жолдас Женя, сен Сан Санычтың құрметті жұбайына менің ыстық сәлемімді, отбасының амандығына тілектестігімді жеткізгейсің!

– Әрине, міндетті түрде!

– Мұхтар Омарханович, мен де кеттім, хабарласамын сонсон, – деп Сурков басын бір изеп есікке беттеді.

– Рахмет, Алексей Александрович!..

Шыққан ол екеуінің соңынан ойлана қарап сәл-пәл тұрған Мұхаң енді үстелшеге бұрылып, ондағы гәзет-журналдарды алды да, мамырлай аяндап барып креслоға жайғасты. «Сан Саныч орыстың қамқорлыққа жомарт бірегей азаматы-ау! Отбасымыз боп араласып-құраласып кетпесек те, екеуміздің өзара қарым-қатынасымыз достыққа анық татырлық. Адамгершілігі мен іскерлігі, танымдылығы мен талапшылдығы, батылдығы мен әділдігі, сеніскенге адалдығы ерекше жарасымды астасып, жіксіз кірігіп, бабымен балқытылып құйылған біртұтас асыл текті мүсіндей сипаты бөлек жан. Біздің Жазушылар одағымызға сондай бір қапысыз басшы керек-ақ!» – деп Мұхаң бір ауық іштей күбірледі де, «Литературная газетаны» қолына алды.

Келесі күні таңертең келіп шыққан Женя Фадеевтің ауруханада біраз жатуға тиістігін, әзірше төсектен тұруға болмайтынын және палатасына әйелінен басқаның кіруіне рұхсат жоғын айтты. Бұл хабар Мұхаңа ауыр әсер еткен: ол белгісіз бір күш, дерексіз бір

салмақ еңсесін езгілей басып, жаншып жіберердей еселеніп, тынысын тежегендей, тымырсық, қапырық ауа тұмшалап булықтыра бастағандай жайсызданды. Женя аңғарып қалып, тез қимылдап, тоңазытқыштан минерал су алып бокалға құйды да, Мұхаңа ұсына қойды.

– Рахмет, жолдас Женя! – деп жылы жымыған Мұхаң судан бірекі жұтты.

– Мұхтар аға, хозяйка сізге сәлем айтты. Сан Саныч сіздің алаңдамай жұмыс істеп, көздеп келген шаруаларыңызды тиянақтай беруіңізді қалапты, ал жамбасақыңыз бен телефон төлемі Әдеби қор есебінен өтеледі, ол жағын реттеп отыруды көмекшісіне тапсырған, – деп Женя көңілдене, жөпелдете және бір мәлімдеме жасап тастады. Мұхаң отырған креслоның екі жақтауын ұстай шалқиыңқырап, басын ақырын изеді, бірақ үндемеді. Фадеевтің ақын-жазушыларға үнемі өстіп жебеуші болатыны есіне түскен. Мұхаңды жамбасақы да, басқасы да аландатқан жоқ-ты. Көңілін күптілеу еткен жәйт – соңғы екі кеште үйіне телефон шалып, екеуінде де жауап ала алмағандығы. Қалааралық телефон құлағын ұстағандар: «Сіз сұраған нөмір жауап қатпайды», – дескен. Не болды екен?!.

Алғашқы үш күнде Мұхаң мейманханадан шыққан жоқ. Мәскеудегі ескікөз қаламдастарымен де хабарласпаған. Қалайда бір онаша, тыныш күй іздеген. Ең жақын, сырлас дос-жолдастарының сапарда жүргендері де оқшаулана тұруына себеп болған. Таңертең шәйін іше отырып, күнделікті жаңа гәзеттерді шолады. Содан кейін фойеге шығып, мейманхананың өзіне таныс байырғы қызметшілерімен сәлемдесіп, хал-ахуал сұрасады. Екінші күні ғой, жақындай бергенінде қабаттағы кезекші келіншек:

– Мұхтар Омарханович, сіз келген сағаттан бастап бөлмеңіз араның ұясынша гуілдеп кетуші еді, бұл жолы әзірше жым-жырт кой? – деді қуақылана.

– Жарқын жүзді Вера Сергеевна, ол өзіңіз айтып отырғандай, «әзірше». Ертең-ақ мезі болып, қабағыңызды шытып шыға келерсіз, – деп Мұхаң майда қоңыр үнмен қарымта қайырған.

– О, не дегеніңіз, Мұхтар Омарханович?! Сізге қабақ шытқан күніміз болды ма, құдай сақтасын! – деп келіншек жорта бұртиды.

– Киліге кетті деп ренжімеңізші, егер мен қателеспесем, сіз Әуезов жолдас боларсыз, ә? – деді, сол сәтте жанына домаланып келе қалған тақырбас кісі. «Мынау біздің Ысқақ Дүйсенбаевқа ұқсайды екен» деп ойлап үлгірді Мұхаң. «Ысқақтың» фойе төріндегі диванда отырғанын байқаған.

– Иә, Әуезовпін.

– Кешіріңіз, Мұхтар Омарханович, біз сырттай... анығырақ айтқанда, сіз мені көрген жоқсыз, ал мен сізді сыртыңыздан білем, танымын. Сәлеметсіз бе? – деп тық-тық сөйлеген тақырбас күлімсіреп, тып еткізіп қолын да ұсынсын. Оның сөзін езу тарта тыңдаған Мұхаң жұмыртқадай жып-жылмағай бас пен дөп-дөңгелек толық бетке қою қара қас, ұзын кірпікті сығыр көз бен қоңқақ мұрын қалайда жараспайды екен-ау деп түйген.

– Қайырлы күн! – деген Мұхаң оның қолын алып. Бейтаныстың қолы уысқа толымды, тек қақтаған балықтай қап-қатты екен. «Семіздердің қолы былпылдап тұрмайтын ба еді?!»

– Иә, иә, Мұхтар Омарханович, мен сізді танымын, танысып қоюға рұхсат етіңіз, менің аты-жөнім – Семен Семенович Мироненко, мен Украинаданмын, инженер-металлургпын.

– Өте жақсы!

– Мен сізді былтыр Фрунзе қаласында бірінші рет көрдім. Сонда бір тапсырмамен сапарда жүргенмін, тарихшы жегжатым бір күні мені қоярда қоймай конференцияға алып барды, «Манас» эпосы жайындағыға. Сіз, Мұхтар Омарханович, ғажап дәлелді, батыл сөйледіңіз, мен тарихшы, немесе әдебиетші болмасам да, сіздің тұжырымдарыңызға ерекше ризашылықпен иландым. Шын айтам, ғажап сөйледіңіз. Мен бір-ақ күн бардым ғой, жег-жатым: «Бүгін қазақтың Әуезов деген аса білімдар жазушысы сөйлейді» деп сүйрегендей алып барған. Әрине, мен барғаныма өкінген жоқпын, сізді тыңдау бір ғанибет екен. Менің жегжатым соның алдында әлгі баяндама жасаған деп атаған Коровин бе, Боровин бе, онысы есімде қалмапты, әйтеуір, соған қатты ренжіп, оны «делікүл агрессор» деп еді, ал сол «агрессорға» сіздің мықтап тойтарыс бергеніңізге оның балаша шаттанғанын көрсеңіз! Сіз әділдікті ғылыми негізде әдемі айттыңыз.

– Жылы лебізіңізге көп рахмет, Семен Семенович!

– «Ештен кеш жақсы» деген емес пе, Мұхтар Омарханович, сәті түсіп кездескеніме шын қуаныштымын, бірақ, өкінішке қарай, сізбен жайланып отырып әңгімелесе алмаймын, қазір үйге қайтамын, министрліктен кісі келмек.

– Бұныңыз мен үшін де өкінішті. Басқа мамандықтың, басқа ұлттың адамы өзіңнің бір әрекетіңді түсініп, елеп, ұмытпай жүруі анық жақсы қасиет деп білемін, құрметті Семен Семенович!

– О, Мұхтар Омарханович! Ондай қасиетке шын мәнінде ие адам Қаныш Имантаевич Сәтбаев қой!

– Сіз Қаныш Имантаевичті біледі екенсіз ғой?! – деген Мұхаңның өңі нұрлана қалған.

– Бүкіл әлемге әйгілі ғалымды кім білмейді, құрметті Мұхтар Омарханович, кім білмейді?! Қай жылы еді, Сәтбаев жолдас осында, Мәскеуде өткен үлкен форумда жер асты кен байлықтарының картасын жасаудың үлгісін көрсетіп берген еңбегімен көпшілікті тандандырып, кейбір «аса жоғары мәртебелі» академик қарсыластарына Фрунзедегі сізше мықтап соққы берген. Иә, иә, тойтарыс қана емес, кәдімгі соққы! Біздің саламызда да кертартпа байғұстар аз емес. Мен Қаныш Имантаевичпен сол жолы танысып, бір апта бірге жүргенбіз. Кейінде дос болып кеттік. Ол әдебиетті өте сүйеді екен. Пушкиннің, Лермонтовтың өлендерін жатқа айтады. «Пушкиннің Татьянасына біздің ұлы ақынымыз Абай Құнанбаев мынадай ән салдырған» деп бір әсем әуенді қалықтатқаны әлі есімде. Жалпы, ол әнді жақсы айтады...

Осы кезде қабаттың лифт есігі сырылдап ашылып, жіп-жирен жігіт:

– Семен Семенович, біз дайынбыз! – деп даурыға сөйлей шықты.

– Міне, көрдіңіз бе, Мұхтар Омарханович, сізбен қоштасуға тура келеді. Танысқаныма қуаныштымын, сіздің әрқашан аман-сау болуыңызға тілектеспін!

– Мен де тілектеспін, Семен Семенович! Дидарласқанымыздың мұнша қысқа болғаны шынында өкінішті-ақ!

Мироненко домаланып барып, диван жанындағы торсиған қара портфелін алды да, кезекші әйелге басын иіңкіреп:

– Вера Сергеевна, сізге меймандостығыңыз үшін көп-көп рахмет! – деді.

– Жолыңыз болсын!

– Құрметті Мұхтар Омарханович, – деді Мироненко Мұханның жанына домалана жете тоқтап, қолын ұсынып, – мен сіздің «Абай» романыңыздың аса құнды шығарма екенін естігенмін, гәзет-журналдардың бірінен жақсы бағалаған үлкен мақаланы оқығанмын. Сталиндік силық ең тандаулы кітапқа берілетінін жақсы білем, бірақ шынымды айтайын, әлі оқыған емеспін, өйткені қолыма түспеді, алайда қайтсем де тауып алып оқимын! Ал сау болыңыз! Қаныш Имантаевичқа менен көп сәлем айтыңыз! Ол – нағыз оқымыстының өзі! Еліміздің кен барлау, геология, металлургия салаларындағы еңбегі баға жеткісіз! Өте ақылды адам, ғажап адам! Ондай ғалым бұл әлемде өте аз деп ойлаймын.

– Дұрыс айтасыз, Семен Семенович, біз де солай ойлаймыз. Ал енді өзіңіз, егер Алматыға жол түсе қалса, менімен хабарласыңыз, телефонымның нөмірі – 82-50.

– Рахмет, Мұхтар Омарханович, Алматыға бара қалсам, сізбен міндетті түрде хабарласамын. «82-50» дедіңіз ғой, «82-50», ұмытпаймын. Сау болыңыз! Кездескенше!

– Сау болыңыз!..

– Ақжарқын адам екен, – деді Мұхаң, ойда жоқта кездесіп танысқан, аңқылдап әңгімесін ағылтқан адамды риза пейілмен бағалап.

– Бір комбинаттың басшысы, ғылым докторы. Жиі келіп тұрады. Көңілді кісі, тек кейде көбірек сөйлеп кететіні бар, – деп Вера Сергеевна ақырын күліп қойды.

– Көңілі таза кісі көңілденіп жүреді, – деп бөлмесіне беттеген Мұханның есіне өзінің бірде Әлкей Марғұланға: «Сенің бір ғана мінің бар, ол – көп сөйлейтінің», – деп әзілдегенде Әлкейдің: «Е, көп білген соң көп сөйлеймін ғой!» – дегені түсті. «Әлекең – еңбеккерлігіне, білімділігіне екінің бірі тендесе алмайтын анық оқымысты адам, «бір сырлы, сегіз қырлының» нақ өзі. Басқасын айтпағанда, Шоқанның бүкіл жазбаларын жинақтап шығармақ жолда тұтас бір институттың қолынан келе бермес іс тындырып

жүргені шын сүйсінтеді. Шоқанның еңбектері қай-қай архивтерде жатқанын іздеп табу, олардан алу, реттеу, сұрыптау, ғылыми дәл талдап, анық түсінік беріп шығу – аса ауыр жұмыс, оған Әлкейдің ғана құштарлығы, төзімділігі жетер, тек сол күш-жігерін, ғұламалық құлшыныс-білімін бағалай білетін жан табылса игі. Оның да еңбегін еш қылып, «байшылсың, ұлтшылсың» деп күстәналаушылар шыға келмесіне көзім жетпейді. Білімсіз, түйсіксіз, іші тар шерменде шелді көзділердің туы тігіліп, шуы күшейіп, аттары жүріп тұрғаны, эне! Әлкейді, Қанышты солардан сақтағай!» – деп іштей толқыған Мұхаң бөлмесінің есігін ашқан әлетте, құдды тосып алғандай-ақ, телефоны шылдырлады.

– Алло, – деді, тұтқасын тез көтеріп. Алматыдан, үйден екен. «Менмін ғой!» – дегенінен-ақ таныды – Валентина Николаевна! Мұхаң әдеттегісінше «Валюша!» – деп қалмады. Сана ұшығындағы сақтық сезімі тіліне тосқауыл жасай қойған. Зайыбы да тәуекел мен сақтықты серік етсе керек, ол да бірден «Мұхтар!» – демеген.

– Иә, сау-сәлеметсіңдер ме? Жағдайларың қалай? – деді Мұхаң, сабыр сақтай.

– Біз есен-саумыз. Өзің қалайсың?

– Бәрі дұрыс, аландама, үйдесің бе, мен кеше де, одан бұрын да ала алмадым ғой?

– Депутаттың үйінде отырмын, біздікі үндемей қалған.

– Оларға сәлем айт!

– Олар кеше Қарағандыға кетті, балалар ғана үйде. Ол саған мың бір сәлем айт деген, күтінсін, ауырып қалмасын деген.

– Ол күні солай боларын өзім де білмедім, хабарласып үлгірмедім, ренжімендер.

– «Ренжігені» несі? Бәрін білем. Сол күні іңірде екі жігіт келді. «Біз шәкіртіміз. Ұстаз үлкен жерге ұшып кетті, абыржымаңыз, бәрі жақсы болады, бізге сеніңіз!» – деді. Бірақ аты-жөндерін айтпады, көп бөгелмеді.

– Түсінікті. Сен, иә, иә, аландама, бәрі де жақсы болады, мұндағы достармен сөйлестім, сірә, әзірше осында бола тұрармын.

– Өзің біл. Сен де аландама бізге. Мен хабарласып, мұндағы

өзгерістерді айтып тұрармын. Телефоныңды біріншілеріңнің көмекшісінен алдым, біріншінің өзі ауруханада екен ғой.

– Соны тосамын, бірер аптада шығатын тәрізді. Ал жарайды, сау бол, алаңдамандар!

– Аман бол! Күтініп жүргейсің! Киімдеріңді беріп жіберермін...

Көңілі көншігендей болған Мұхаң шәркейін шешіп, қолына «Крокодил» журналын алып, төсегіне жантайды. «Қаллеки мен Әнуардың таныстық-білістіктері жоқ, ендеше Қаллекидің документімен билетті қалай алды екен? Мен халімді ешкімге баяндаған, көмек сұраған жоқпын. Бірақ Алматыны кеулеген, жоғары-төменге түгел жетіп жатқан желпінді сөз Қаллекиді де түршіктірген болар, менің жағдайымды сезінген болар!..»

Журналды парақтап, о тұсы мен бұ тұсына үңіліп, карикатураларын көріп жатыр. Бізге де осы сипатты журнал керек-ақ. Соны Ғабитке айтып, өзің қолыңа ал, цэкаңмен сөйлес деп едім, не тындырар екен? Біздің цэка жаңалықтан үркіп, жиырылып тұрады, ол мәселені жуық манда реттей қоймас, егер ынталы, оралымды болса, анау «Садақ», «Шаншар», «Балға» журналдарымыз салған сүрлеу бар, солардың жалғасы, мұрагері деп шығару қисынға оңай саяр еді. Атын «Садақ» деп қойыңдар дегенімді Ғабит жөн көргендей еді, әрекеті қалай боп жатыр екен?.. Бірінші кезекте, әлбетте, әдебиет газетімізді шығару тұр ғой, оның да салмағы Ғабиттің мойнында, бірақ ол шаруаның оны-мұнысы анық жобаға келген, тек ресми орындардың бәрекелдіні айтып, бекітіп беруі ғана қалмады ма? Жас таланттары қаулап келе жатқан Қазақстанның әдебиетіне сондай бір үн, қамқоршы, жоқшы әбден қажет. Орыс әдебиеті сыртқа, әлемдік аренаға қол созып, өзімізде көш басы боп келеді, мұнда «Литературная газетаның» еңбегі мол, алайда бұл гәзет одақтас ұлт республикалары әдебиеттерінің тыныстіршілігін жіті аңдауға, бар-жоғын салмақтап отыруға әлі жете берілмей, шын қамқоршы пейілін ашпай келеді, бұны айтуымыз, ақылдасуымыз керек, совет әдебиеті одақ аясындағы барша ұлт әдебиеттерінің қанаттасып өсуімен, тамырласып көркеюімен ғана өркенді, толымды, мерейлі болмақ...», – деп өзімен-өзі пікірлескендей болған Мұхаң журналды үстелге серпе тастады

да, орнынан тұрып, шәркейін киіп, бөлмеде ары-бері ақырын жүре бастады. Кең мандайы жарқырап, кесек мұрынын андасанда «сауып» қояды. Мөлшері он минуттен кейін жазу үстелінің жанына барып сәл тұрды да, гәзет-журналдарды шетке ысырып, ақ қағаздарын, автокаламын алдына ыңғайлап, «Боржоми» минерал суынан жарты стакан құйып ішіп, үстел басына жайғасты. Толқын-толқын ойын жинақтап тұжырған, көп ұлтты кеңес елі әдебиетінің кең арнада тоғысып дамуына қозғау сала түсетін ой-пікірлерін «Литературная газета» арқылы ортаға ұсынуды, көптің, әсіресе ұлттар әдебиеті өкілдерінің көкейінде екені шүбәсіз әңгімені бастап беруді ниет еткен. Бұл әңгіменің бір қыры, бір өрісі өздерінің – Фадеев бастаған қаламгерлер мен әдебиетші-тарихшылар тобының ұсынысымен Мәскеудің мемлекеттік университетінде ашылған «КСРО халықтары әдебиетінің тарихы» кафедрасының оқу жүйесін жетілдіру жөнінде әрбір республика халықтары әдебиетінің өткенін ғана емес, бүгінгісі мен болашағын ғылыми талдаған, негіздеп дұрыс бағдарлаған мақала жазу еді. Ондай мақаланың дәл қазір ұлттық әдебиеттердің мүддесіне, мұратына аса қажет екені анық. Өзара байланыс, тығыз ынтымақ орнап, ортақ өріс кеңейеді, ұлт әдебиеттерінің таңдаулы туындыларын орыс тіліне, ол тілдің көмегімен: ағылшын, француз, неміс, испан, қытай тілдеріне аударуға, сөйтіп, ұлт әдебиеттерінің, олардың талантты жастарының дүниежүзілік әдебиет әлеміне енуіне, танылуына жол ашылады.

Мұхаң өз басының осы бүгінгі ахуалын ойлаудан әдейі, өзін-өзі іштей күштеп көндіріп, қалайда аулақтай тұруды ұйғарған. Соңғы айларда өзі туралы естіген, оқыған ғайбат сөздер кімді болсын балталап өлтірумен пара-пар еді. «Мейілдері!» Үйде соның бәріне шыдап бақты, сыр бермеуді жөн көрді және қорғалақтамады, қорынбады, бұқпады. Жазушылар одағындағы ма, Ғылым академиясындағы ма, университеттегі ме – қай жердегі жиналыс-жиын атаулыдан қашқақтамады, қайта топ ортасында Хантәңірі шыңындай тәкәппарланып, қасқайып отырды, өзіне қарсы ұшқан үлкен-кіші бейпіл ауыздардың орынсыз, жосықсыз далбасаларына сөзін көп шығын еткен жоқ, талма тұстарын тауып тұрып дертелерін

қайырды да, бірақ «Аттысы шапты, жаяуы қапты, қайырылып сөзді кім ұқсын?!». Енді Мәскеуге, сенімді беделді дос-жолдастарының ортасына келгенде соның – ілескен қоқыр-соқыр пиғыл қылықтың ешбірін санасына салмақ еткісі келмейді. Мейлі, анау шуылдақтар жанталаса берсін, «құрыққа сырық жалғасын». Ал сен оларды ұмытып бақ. Сан Саныч шыққан соң төрт көзі түгел бас қосар, тығырықтан шығудың жолы табылар. Замана желі де сол бір ескі жүлгеден аумас деймісің, келер күнге, атар таңға үміт артпақ керек, сенбек керек. Үміт пен сенім оңға бастасын, жаңа арна тапсын. Өткеннің өкінішіне өзегінді өртете бермей, ертеңнің, алдағының адалдығын күтіп, қалам қуатынды соның қызметіне жарату жөн. Сол жаратудың алғашқы нышаны, нақты көрінісі – осы мақаланы тездетіп жазып шығу, әдебиет ошағының отына тамызық ету... Мұхаңның автоқаламы ақ қағаз бетіне із салып жөнелді...

«Туған ай – тураған ет» демей ме қазекен. Сағат күнді, күн аптаны асықтырып, бірін-бірі жетектеп қыр асып жатыр. «Москва» мейманханасының 846-нөмірі, әкімшілік кезекшісі Вера Сергеевна айтқандай, араның ұясына айналған. Мұхаңның мейманы көп. Жазушылар, аудармашылар, әдебиетші-тарихшылар, журналистер. Мәскеуге келіп-кетіп жатқан тілеулес таныстар. Мәскеуде тұратын қазақтар арасындағы адал қошеметшілер. Жағдайдан хабардарларға Мұхаң – «құрметті қашқын», хабардар еместерге – әдеттегі жолсапармен келген Мұхтар. Ал әңгіме беті қашанда бірыңғай: әдебиет, шығармашылық, жаңа туындылар, жас таланттардың аяқ алысы. Мәскеу сахналарындағы пьесалар да ауызға алынады. Сондайда бір күні драматург Николай Погодин:

– Мұхтар Омарханович, сіздің «Абайыңыз» – қуатты да күрделі дүние. Мәскеу сахнасына шығарса ғажап болар еді! – деді. Мұхаң оған сұраулы кескінмен қараған. – Иә, Мұхтар Омарханович, «Абай» бүкіләлемдік сахнаға сұранып тұр. Көне де ұлы дала тіршілігінің шындығы барша бояуымен тұнған туынды, егер драмаға айналдырсаңыз, Шекспирдің шығармаларына шекесінен қарар еді дей аламын!

– Өмір болса, оны да ойластырармыз, Шекспир бола алмасам да,

байқап көрермін. Өкінішке қарай, менде бүгін-ертең оған бұрылар уақыт жоқ...

Ираклий Андрониковтың келіп-шыққаны да ерекше бір көрініс болған. Көптен таныс-біліс, сырлас екеуі өткен-кеткенді еске алысып, әзілқұмар грузин небір күлкілі жәйттерді айтып, өзінен он шақты жас үлкен Мұхаңмен әдеттегісінше емінеркін қалжыңдасып, қыстығыңқы көмей күлкісімен бөлмені де желпіндіріп жібергендей еді.

– Мұхтар Омарханович, – деген ол, көзі сығырая жымындап, қоштасып тұрып, – менің қолымнан келмей жүрген бір нәрсе бар, тіпті қайтерімді білмеймін.

– Өзің білмегенді өзгеден үйренуге болар, бірақ менде дәл сен үйренер не бар дейсің? – деп әзілдеген Мұхаң. Ол Ираклийдің бір қулық суыртпақтағанын аңғарған.

– Мені қинап жүрген нәрсе – осы сіздің сөйлеу мәнеріңізді игере алмай-ақ қойғаным, – деді Ираклий, жорта тымпия қалып.

– Ә, мұның түзетілмес кінә, кешірілмес күнә екен! – деп Мұхаң да жорта өкінсін. Екеуі сүйсіне күлісіп, құшақ айқастырды.

Ираклий Луарсабович Андрониковта өзі білетін белгілі адамдардың дауысын, сөйлеу мәнерін бір естігенде-ақ қағып алып, айнытпай қайталап беретін өнер бар-ды. Ол ерекшелігін Мұхаң да талай тамашалаған. Оның Самуил Маршак болып сөйлегенін алғаш естіп-көргенде еріксіз таңданғанын ұмытпас.

Жалпы, екеуінің таныстық тамыры сонау 1925-жылда жатыр. Бірінші рет Ленинград университетінің кітапханасында жүздескенді. Бір-екі кітапқа тапсырыс бермекке Мұхаң роман-герман әдебиеті кабинетіне барған. Алдында кезекте тұрған кесек мұрын, қысық көз балаң жігіт қолындағы қағаздан кітап аты мен авторын кібіртіктей оқып, солардың қайсысы барын, қайсысы жоғын сұрағыштады.

– Бәрі де бар, өзіңізге алдымен қайсысы керегін айтсаңызшы, – деді кітапханашы әйел қабағын шытыңқырап.

– Орыс әдебиеті факультетінде шетелдік мұншама кітапты оқу керек болады деп кім ойлаған, – деді жігіт, өзімен-өзі сөйлескендей күңкілдеп. Кітапханашының шытыныңқырағанынан сескенген

бейтаныстың «мүшкіл халін» жеңілдеткісі келіп кеткен Мұхаң тамағын жорта кенеп:

– Әдебиетші болсам дегенге әлем әдебиетін білмей өріс ашылмайды ғой, ал классикаға бойламайынша өрең де биіктемейді, бәрін оқу керек, өмір бойы оқуға тура келеді, – деді. Балаң жігіт бұрылып қараған. Мұхаң оның жүзінен «ақыл айтқышың-ай!» деген шамданыс ізін емес, «жақсы айттыңыз-ау!» деген құп алу нышанын байқаған.

Кейін бірде Ираклий: «Кітапханадан шыққан соң қасымдағы досым Дима Обломиевскийден: «Жаңағы көк жиек картузды кім, білесің бе, танысың ба?» – деп сұрап едім, ол: «Білемін, бірақ таныс емеспін. Аты-жөні Мұхтар Омарханович Әуезов, Алматыдан келіпті, өте білімдар көрінеді, өзі жазушы екен» деді, – деп сонау бір шақты есіне түсірген. Рас, онда екеуі де студент болатын. Ираклий он жеті жаста, ол мектеп партасынан келген. Қиырдан кешірек жеткен Мұхаң жиырма сегізде. Әрине, білім мен мақсат жасынды сұрамайды. Ираклий Мұхаңның мол білімді әдебиетші қасиетіне, мінезінің байыптылығына қызықса, Мұхаң оның ашық-жарқын мінезін, әзілкештік шеберлігін, білмекке құмар жаратылысын ұнатқан. Содан беріде ұшырасқан сайын Ираклий: «Ассалаумалейкум!» – деп құшағын аша ұмтылады.

...Кісі аяғы басылып, іңір тыныштығы орнаса да, Мұхаңның кейде қаламды қолға алмай, еріксіз елегізіп, ой кешіп отыратыны бар. Сұрғылт тірлікті қаншама алыстатып бақса да, ол да бой бермей қоршалап, «мынау ше? анау ше?» деп, қажетсіз әрнені есіне салып, қаскөй әркімді көзіне елестетіп, жүйкесін қажайды. Оңашаланып қалғанында ойына оралтқысы келмейтіні, жолатқысы жоғы – сондай сұрқай елестер. Бүгін де бесін әлетінде, ленинградтық ескікөз Всеволод Рождественскийді шығарып салғаннан кейін, диванға жантайып еді, басынан өткен арғы-бергі оқиғалар ошарыла орталарына алып, құйынша үйіріліп, тынышын кетіре бастағаны... Мәскеудің төрінде де мазасыз күйден арыла алмас болғаны ма? Неге?.. Құбылмалы уақыттың уысында кетпес үшін күнгей-көлеңкеде де «ақырын жүріп, анық басты» емес пе аяқты? Сөйтті. Әйтседе, амал не, еркінен тыс әсер-ықпал іліктірген,

иліктірген. Ет-сүйекті жаратылыс қой, қатып қалған қара тас та күнге күйеді, жаңбырға мүжіледі. Соны ескерген, сақтанып баққан. Ақыл-санасына жүгініп, «сақтансаң – сақтаймынға» ден қойған. Өзі орнатысқан өкімет өзін жалмаған Сәкендер тағдыры жадында. Ол қияметке өзінің тап болуы мүмкін екенін де ойлап, ондайдың боларына кейде күйіне сеніп, тәуекелге дізгін беріп, киім-кешегін буып-түйіп, дайындалып отырған күндері де, түндері де бар. Адалдық, әділдік әлсіреген, арсыздық есірген заманда жар астында, бөрік астында кім жатқанын, не жатқанын білу қиын. Тағдыр тағы құрық тастар болса, онда сонау жол айрығында жазықсыз тұтылып, екі жыл қыспаққа ұшырағаны қайырлы өкініш боп қана қалар, ал енді тұтылса, екі ай да аман отыра алмасын, бұл жолы тұзақтың тез тартыларын Мұхаң бүкіл болмысымен сезінген. Халқының өткендегі өркенді игілігін айтқан, бүгінгі жоғын жоқтаған жанға «қасқырдай, өз күшігін өзі жеген» (Илияс Жансүгіров) әсіре билікшіл топтың берер «сый-сыбағасы» әлімсақтан тек осы: қорлық, қудалау, қаза.

Тағдырдың тағы тарынарына Мұхаң бірауық сенбеген де. Арысы – алыс шет жұртқа, берісі – Кеңес Одағына мәшһүр ат-атағы, сый-құрметі, әне. Шығармасына қатысты ауыр-жеңіл пікір-тұжырымдар әдебиеттің мүддесіне бейім әдеттегі ой таласы, ал бейпіл-былапыт сөз-тенеулер білімі жұтаң, мәдениеті пәс пенделердің бар білгені шығар деп, тіпті, сол түйсіксіз айқайшылдарға кейде іштей жаны ашитын. Одан соң кешегі күңіреністі күре жол жабылады, күйзеліп азып-тозса да тірі қалғандар алыс жақтан қайтып оралады, бұ жақта құрықталып күн кешушілер ізімізді андыған, арандатуға құныққан айтақшылдардан құтыламыз деп түйген. Алматыдан табан аударуды ойына алмау себебі де осы еді. Бірақ шәкіртінің запискасын оқыған сәтте қаншалықты екідай күй кешкенімен, бір жүректе бірімен-бірі сиыспас екі сезім қаншалықты шарпысқанымен, «илан, Мұхтар, илан!» деген сақтық ақырында үстемдік алды, түйін-райынан қайтпаса, сол түнде анау Ахаңдарды жұтқан зұлымдық апанының түбіне топ етерін ұқты. «Сайыңнан саяқ құрлы сая таппай...» – қайран Мәди, мен сені енді есіркеп отырмын, ақ алмастың жүзіндей азаматтың есіркеулік халге душар

болғаны неткен әділетсіздік! Мен де, міне, кең даламнан паналар бұта таба алмай келдім мұнда. Бір табуға табылар еді, тек ақ тілеулі ол үйдің сыртында қара пиғылды біреу тұрып: «Әй, Әуезов! Шық бері!» – демесіне...»

– Ай, ай, Ауэзов, сен қайдасың?! – деген дауыс Мұханды селк еткізді. Жалт қараса – Соболев! Алпамсадай денесімен құлап түсердей болып, ақсия күліп, құшағын жая келіп қалған. Мұхаң тұрып үлгіргенше ол бассалып, көтеріп-ақ алды.

– Ай, Ауэзов! Ай, Мұхтар! Айналайын! Дорогой ты мой! – деп қазақша мен орышаны араластыра сөйлеп, айналайын-дорогойының ай маңдайынан шөпілдете сүйді. Мұхаң да оны мейірлене қатты қысып құшақтады.

– Леня, қайдасың?! Келдің бе?! – дейді Мұхаң қазақшасымен, көңілінің босап кеткені үнінен айқын аңғарылып.

– Келдім, Мұхтар, келдім, мой дорогой друг! – дейді Соболев, құшағын әлі жазбай.

Екі дос ересектіктен сәтте кетіп, жастықтың, тіпті, балалықтың ауылында табысқандай даурыға арқа-жарқа болып, бірін-бірі құшағынан әрең босатып, қуаныштың нұры ойнаған жүздеріне емірене, елжірей қарасады.

– Мұхтар, мен жолсапардан жаңа келдім, сенің осында екенінді ести сала жүгірдім, асыққаным сонша, есіңді қағуға да уақытым болмады, ал сен қалайсың, Валя ше, балалар ше? – Соболев әрең саябырлағандай болды.

– Алматы орынында, бәрі жақсы, бәрі аман-есен. Өзің неге кешіктің? – деді Мұхаң, ұйқы-тұйқысы шыққан шашын саусағымен тарай түзеп.

– Теңізші белорустардың қолына түсіп қалдым да, көлге құлап кеткендей малтығып жүрдім, оларды өзің білесің ғой, шетінен партизан халық, қолдарына түскенді ондыра ма? – деп Соболев сылқ-сылқ күлді.

– Тууһ, саған қиын болған екен! – деп Мұхаң қалжыңмен қағытып қалғанда Соболев одан әрмен сылқылдап, диванға отыра кетті.

Екі дос шүйіркелесіп отырып шәй ішті. Қаламдастардың қайсысы

не жазып жүр, қай баспадан кімнің кітабы шықты, немесе шыққалы жатыр, аударма жағында нендей жаңалық бар дегендей көзалды әңгімелер айтылды. Соболев «Абай жолының» үшінші кітабын орысшалауға кіріскен-ді. Мұхаң соны тілге тиек етіп: «Қарқының қалай?» – дегенде Соболев мол денесін ырғай күлімдеп: «Ай, Мұхтар, Мұхтар! Сен менің большевик екенімді білесің, большевик жоспарды мерзімінен бұрын және артығымен орындау үшін жаралған жоқ па?! Бірақ төртінші кітабын аударуға мұршам болмас, сен оны басқаға тапсыр, достым, маған ренжіме, жарай ма?» – деп, Мұхаңа «маған сенгейсің» деген өтінішті жүзбен қарады. Мұхаң досына ойланған раймен көз тастап: «Солай ма?.. Оны ақылдасармыз», – деді.

«Абай» романының екі кітабын орыс тіліне тәржімелескен Соболев соншама мол, күрделі іске құлшына жұмылысқан Анна Никольская, Темірғали Нұртазин үшеуінің жұмыс барысында кейде бір сөз баламасы үшін, кейде бір сөз тіркестерінің, мақал-мәтелдің аудармасы үшін тәжікелесіп қалып жүргендерін енді қызықтап еске түсіре отырып: «Темірғалидың хал-жағдайы қалай?!» – деген әредікте Мұхаң:

– Жақсы, – деді де, әңгімені аударма арнасынан ауытқытқысы келмей: – Ленья, сенен бұрын да өтінгенмін, өзің білесің, әлі де өтінерім: менің құрмалас сөйлемдеріме бұл жолы да өте мұқият болғайсың, оларды ешқашан қиынсынба, бөлшектеме, яғни жай сөйлемге таратпа, жай сөйлем ойды жадағайлап, жеңілдетіп, берекесін кетіріп, нәрін солғындатады, ал төрт-бес сөзбен тақ-тұқ таяз сөйлеу, жұтаң жазу менің мәнерімде жоқ қой, – деді.

– Білем, білем. Жолма-жол аударушыларға сеніп, ондай күнә арқалағанымыз болды, болды, ал енді болмайды, Мұхтар, болмайды. Сенің нұсқауыңды да бұлжытпай орындау большевиктік міндетім емес пе? – деп Соболев жарасымды әзіліне жақсы күлкісін жалғап еді, Мұхаң да сүйсіне күлді.

Өзі душар болған қара дауылдың мән-жайын Мұхаң көптен бергі қаламдас сырлас досынан, әлбетге, жасырмақ емес, тек әзірше тартына тұрмақшы, өйткені бұл досы – нәзік жанды, тым әсерленгіш, балаша жадағай сенімді, күйрей қалуы тез. Күрделі жәйттің күрмеуі шешілгенше уайымдап бітері анық. Мұхаң досын

сол халге қимайды. Бәрі боп кеңескенге дейін сыр аспағаны жөн. «Леня түсінеді, ренжімейді. «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да. Жалғыз-жарым болмаса анда-санда». Сол «жалғыз-жарымның» бірі – Леня. Әсіресе «Абай» трагедиясын бірлесіп жазғанда жанының жайсандығына, жүрегінің тазалығына, пейілінің пәктігіне көзім жеткен. Күні үшін алды-артымды орап: «Мұхалаған», басыма іс түскенде бұқпантайлаған анау «ала жылан, аш бақа күпілдіктерден» бұл Алпамысым мың есе қымбат!».

Есік қағылды.

– Кіріңіз, кіріңіз! – деп дауыстай қойған Соболев Мұхаңа күле жалт қарап: – Текке отырғанша саған қызмет істей отырайын да, – деді.

– Қарсы емеспін, – деді Мұхаң.

Кең маңдайлы, қайырылған қоңыр-сарғыш шашты, аққұба өңді, бойшаң, иықты жігіт кірді. Қарағайдай қапталы денесіне қара қоңыр костюмі, қызғылт галстукті ақ көйлегі бек жарасып, небір қайраттылықтың бәсекесінде бәйгені ауыз ашқызбай алатын тумысынан нық тұлға тәрізденіп көрінді Мұхаңа.

– Келіңіз, төрлетіңіз! – деді Мұхаң, орнынан көтеріле бере.

– Ассалаумағалейкум! – деп жігіт оң қолын жүрек тұсына баса, сәл иіле ілгері аттады.

– Уағалайкүмссалам! – деп Мұхаң қолын ұсынды.

Соболевпен де сәлемдесіп, Мұхаң меңзеген орындыққа отырған жігіт бірден аты-жөнін айтқан: Қалжан Нұрмаханов. Қазақстан Жазушылар одағының СССР Жазушылар одағындағы өкілі.

– Мұха, мен өкпеке суық тигізіп алып, ұстара қиған мұрттай ұшып түскенім... Әйтеуір, Фадеев жолдастың қабылдау бөлмесіне телефон шалып үлгірдім. «Постельный режим» дейтіндеріне еріксіз бас шұлғып, содан бүгін әрең құтылдым. Алдыңыздан шыға алмағаным кінәлімін, ғафу етіңіз! – деп, қой көзі кіреукелене қарады. Сәл-пәл тұтыға тез-тез сөйлейді екен.

– Пәлі, оқасы жоқ. Бұл Мәскеудің көктемдегі ауа райы тым құбылмалы, үнемі сақтанып, жылы жүрген дұрыс. Ал менің келетінімді кім хабарлап еді? – деді Мұхаң, іште сақтаулы құмарлығын қоңыр майда үнімен көмкеріп.

– Өзім сөйлесе алмадым, ыстығым қатты көтеріліп, беймаза күйде жатқанмын. Бірге тұратын қырғыз жігіт сөйлескен. Хабарлаған кісі: «Пәленбайыншы рейспен ұшты, қарсы алыңдар», – деп сіздің фамилияңызды атапты. «Атым – Әнуар, жазушымын», депті.

– Ә, иә, ол оралымды, тиянақты жігіт. Ал өзің қай жанрда жазасың, шыққан кітабың бар ма?

– Әзірше еленерліктей ештеңе жазғаным жоқ, тіл мәселесімен, аудармамен айналыссам деймін.

– Қайда оқып едің? Негізгі мамандығың қайсысы?

– Осында. Мемлекеттік университеттің филология факультетін жақында ғана тәмәмдап едім, әдеби аудармамен әуестенетінім бар.

– Пәлі, Қалжан қалқам, сенің талап-мақсатың қуана құптарлық екен! – деп көңілдене қалған Мұхаң диванға барып жайғаса бір журналға шұқшиып қалған Соболевке бұрылып:

– Лентя, мына Қалжанның ниеті әдеби аудармада көрінеді, сірә, саған жәрдемші болса, сен романымның төртінші кітабын да өзің аударарсың, ә? – деді қуақы үнмен, қоңырқай өңін қызғылт рең шалып, ерінін жымқыра, мұрынын бір «сауып». Қалжан Мұхана тіке қарамағанмен көз қырын салғыштаған: «мұрынын сауып қоятын бір қызық әдеті бар десетін еді, рас екен ғой», деді іштей.

– Мұхтар, сен мені қыстама, келістік емес пе? – деп Соболев кесек ерінін балаша бұртитты.

– Аға, рұқсат етсеңіз, мен қайтайын, керегімде келіп тұрамын, оны-мұны тапсырмаңыз болса, айтарсыз, – деді Қалжан орнынан тұрып.

– Ә, маған алаңдама, қалқам, өз жұмыстарыңды тындыра бер. Пәлі, «қуыс үйден құр шықпа» деген, алма ал, ала ғой!..

– Мұхтар, мен жаңағы жігітті одаққа барғанда көріп жүремін, сымбатына сабырлылығы сай, өзі аристократтың, сендерше ақсүйектің ұрпағы емес пе екен? – деді Соболев.

– Қазақ: «түсі игіден түңілме» дейді, шынында келісті жігіт көрінеді. Бірақ мен танымаймын. Осында оқыпты, өкілдікке жаңада ғана тағайындалса керек. Бұрыннан білмесем де, өзін ұнатып қалдым, жігерлі жас екен.

– Волейбол ойнайтын шығар, қолы қуатты.

– Сенің теңізшілерінді қойша иіріп, бір шыбықпен айдайтын-ақ жігіт!

– Ай, ай, Мұхтар! Ай, Ұлы Дала! Айтасың-ау, шіркін, айтасың, ә?!

Екі дос айыздары қана күлді.

Қалжанды алғаш көргенде-ақ Мұхаңоның келешегін аңғарғандай еді. Қателескен жоқ. Қалжан Абай хақындағы романның үшінші кітабының тәржімесін Мұхаң мен Соболевтің құптауымен оқып, біраз қырнап берді, төртінші кітабының қолжазбасын орыс тіліне тәржімеледі. Мұхаңның «жәрдемші болса» дегенін растады. Ұлағатты аға ұқыпты інінің тәржімені жолма-жол аударма деңгейінен әлдеқайда сапалы етіп, әдеби аудармашыларға даңғыл жол жасап бергеніне аса ризашылық білдірген. Қалжанның Шыңғыс Айтматовпен достығы сол жылдары басталғаны да Мұхаңның себепші, дәнекер болғанынан. Талантты екі жастың тамаша достығы қазақ оқырмандарына Шықаңның «Жәмила» хикаятын силады ғой. Мен Қалекең жайында көбірек білуді қалап, қарындасы Қазынамен, Қазыкеңнің ері ақын Бекен Әбдіразақовпен әңгімелестім. Екеуі де ақкөңіл, нәзік жанды адамдар. Көптен біліспіз. Ағасының келбетін, тұрпатын, мінез-құлқын суреттеген Қазыкеңнің сөзі көкейінде тұнып жатқан қалың сағыныш сезімін қозғап, көзінен мөлдір моншақ болып тамды.

– Шіркін-ай, тым болмаса қырық жасқа да жетпей кетті ғой! – деді өзегін өшпес өкініш өртеген Қазына.

– Иә, мүшел жасында, небары отыз жетісінде көз жұмды, – деп Бекен де қиналып, мүдіріп аз-кем отырды да, сөзін жайлап сабақтады: – Қалекең оқуға, білуге құштар еді. Танымы күшті болатын. Ол Шыңғыстың досы да, сыншысы да еді. Шығармаларын аударумен қатар, өзінің ой-пікірін ашып айтып, ақыл қосып та отыратын. Ал Мұхтар Әуезовтің әңгіме-хикаяттарын да, романын да жоғары бағалайтын. Университетті тәмәмдағандағы диплом жұмысына «Абай» романын арқау етті. Бірақ оны Мұхаңа айтпапты, ыңғайсызданыпты. Бертін бір шүйіркелесіп отырғанымызда Қалжанның былай дегені есімде: «Мұхаң бұл жақтан қуғын көріп,

Мәскеуге барып, сонда «Москва» мейманханасында жатқанында бірінші рет көрдім. Ауырып қалып, алдынан шыға алмағаным айыпты болып барғанмын. Леонид Соболев екеуі отыр екен. Мұхаң маған ренжімеді, ыстық ілтипат көрсетті. Ал шамасы он шақты күннен кейін екінші рет барып сәлем берген жолымда әңгімелестік. Мұхаң: «Пәлі, Қалжан, алғаш келіп шыққаныңнан кейін сенің аты-жөніңді қашан, қайда естідім деп ойланып қалсам, сен «Знамя» журналына менің романым жөнінде тұңғыш тұшымды пікір жазған екенсің ғой?! Есіме түсіріп, шын риза болдым. Пәлі, көп рахмет, қалқам, қалам қарымың, ой шалымың анық сүйсінтті. Мұны кеш айтып отырғаным ренжіме», – деп балаша кішілік мінез көрсеткені бар. Романының төртінші кітабының қолжазбасын орысшаға жолма-жол аударуымды қалады. Мен тәуекел еттім. Енді романының үшінші кітабы шығып, төртінші томы баспаға тапсырылған тұстағы қызығын тыңда. Арада бес, бесжарым ай өтті-ау деймін, бір күні шақыртқан соң «Москва» мейманханасындағы нөміріне бардым. Мұхаң тек сол мейманханаға тоқтайды екен де, өзіне ұнаған сол нөмірінде ғана жатады екен. Мен сәл ағаттық жасап, ол кісі тынығып жатқан мезгілде барып қалғаным. Есігін қағып еніп едім, «да, да» деген Мұхаң төсегінде пижамашаң жатыр екен. Сәлем бердім. Қысылып-ақ тұрдым. Ал Мұхаң басын көтеріп, жайдарылана: «Пәлі, Қалжан, келгенің дұрыс болды. Шәй ішеміз бе, қалай?» дейді. Тынышын алдым-ау деп өкініп тұрған басым, тым-тым ыңғайсызданып: «Мұха, мен асығыс едім», – дегенім. Кіді біреу болса, «Асығыс жүрсең, несіне келдің?» – дер еді, Мұхаң: «Онда үстелдің суырмасын ашшы!» – деді, жазу үстелін иегімен меззеп. Барып ашсам – қат-қат болып жатқан ақша! Қатты абыржыдым. Әрі өмірімде соншама мол ақшаны көрген жоқпын, әрі басқа суырманы ашып алдым ба деп абдырап қалдым емес пе?! Суырманы жаба бергенімде Мұхаң:

– Пәлі, Қалжан, оның қалай? Жаппа, аш, иә, аш. Ол сенің қаламақың, ал! – деді. Мен Мұхаңа еріксіз қарадым. Не істерімді, не дерімді білмей қалдым ғой. Мұхаң жымысып, басын ақырын изеп: «Қысылма, қалқам. Еңбегіңнің өтеуі емес пе, ал, бәрі өзіңе тиесі», – дейді. Мен банктің бумасымен қатталып жатқан ақшаға қарадым.

Екі бумасын алдым. Мұхаң қарап отыр екен: «Тағы ал, ал, үлкен еңбегіңнің үлесі, ал!» – дейді. Не керек, қайта-қайта «ал, ал» деуімен түгел алып, торсия толтырған портфелімді жатақханаға аман-есен жеткізіп, есігімді бекітіп алып санасам – төрт мың сом! Ойда жоқта байып шыға келдім емес пе?!» – деп Қалекен рахаттана күлді-ау! Есен-сау болып арамызда жүргенінде мықтап еңбек ететін еді, аудармашы да, әдебиетші де, сыншы да, жазушы да еді... амал не!..

Бекенді де, Қазынаны да түсіндім. «Жастай орғаның неткенінді» ажал шіркін естіген бе?!.

...Таңертең сағат алты жарымда оянған Мұхаң жуынып-шайынып, бір кесе шаймен оразасын ашты да, үйден жеткізілген жазғы ақшыл костюмін киіп шығып, Қызыл алаңды маң-маң аяңмен қиып өтіп, Мәскеу өзенінің жағасына барды. Он шақты ер-әйел шомылып жүр екен, соларға қызықтай қарап тұрып: «Бұ морждарға дауа жоқ екен-ау, тұнып көрмеген лай суға да құмартады», – деп жымыды. Көзіне Ертісі елестеді. Жазда арғы жағасын бойшаң көк тал көмкеріп, айдын шалқар ақ нұр өбіп, тымықта толқыны майдалана еркеленіп ағатын өрнекті өзенін сағынған екен! Жағажайының қиыршық ақшыл құмында, бергі бойдағы қарағай-қайың тоғайының тобырсыңқы топырағында жалаң табанының тарбиған бедері қалған, маусым-тамыздың ақшам әлетіндегі сыбырқұмар самалына жас жүрегінің лүпілдеген үні-сыры сіңген сұлу Ертіс! Мұхаң соңғы рет былтыр, өзінің інгәләп өмірге келгеніне елу бес жыл толғанда барып, қоңыр күздің құшағында аунап-кунап қайтқан. Бүгінгі қара дауылдың бастапқы құйыны қағынып, шаң-тозанды үйіре шашып, мезі етуге кіріскен кезі болатын. Дәлелінен дабыра-дақпырты көп, байсалды байламынан бәтуәсіз байбаламы басым қаңғыған қаңқу сөз Семейге де сімтіне, сумандай жетіп, біреуді ашындырып, біреуді шошындырып, енді біреуді қуантып жатқан-ды. Сенімі селкеусіз достары кіршіксіз көңілмен құшағын кең аша қарсы алып, аңқылдап құрмет-қошемет көрсетті. «Не ол емес, не бұл еместер» әлдеқалай боладының көлеңкесін сағалап, қашқақтап бақса, «сол керек, шоқ, шоқ» дегіштер Мұхаңның әрбір қадамын андып, алдын кес-кестеп, азуын ырситып, «орысшыл болған әлгі Абай баласының» абыржығанын, жабыққанын,

жаншылғанын көруге жанталасқан. Әйтседе, «моласындай бақсының, жалғыз қалдым, тап шыным» деп кеткен Абай аруағын ардақтаушы кәрі-жас көп еді де, олар Мұхтарына төрін де, дәмін де емірене ұсынып, ақ киізбен хан көтергендей мейіріммен қастерлеп күтіп, әңгімеге де, ән-күйге де қандырған. Ауылынан Алматыға аттанар күні таңертең Мұхаң Ертіс жағасына бүгінгіше әдейілеп жалғыз барып, таза ауада қыдырыс жасап, ұлы өзеннің бейқам толқынына өзінің ішкі беймаза ой толқынын қосқан. Қаншалықты «жаман айтпай жақсы жоқтың» алдарқатуынан аулақтап бақса да, бір күдіктің күбірі құлағын төңіректей берген, бірақ соның өзінде де, ақылға қонбайтын арсыздық жала-пәленің ақырында алдынан абақтының есігі боп көрінетіні ойына әсте келмеген-ді...

– Дяденька, скажите, который час? – деген дауыс Мұхаңды Ертістен Мәскеу өзені жағасына қайта оралтты. Қол сағатына қарап еді – сегіз болып қалыпты. Әріден жағаға жүзіп келіп, үйретінді дельфинше қылқиып тұрған балаға уақытты айтты да, өзі кейін бұрылды. Баланың: «Спасибо, дяденька!» – деп, іле жүзе жөнелгенін аңғарып: «кір жуған әйелдерше суды сабалап малтайды екен», – деп, басын шайқай мырс етті. Өзенді әлде өрлеп, әлде құлдап өте берген моторлы қайықтың дырылы естілген. Мәскеу тірлігінің қарбаласы минөт санап қайнай түскен-ді. Мұхаң мейманхана жаймасынан қарындаш сатып алды да, бөлмесіне кіріп киім ауыстырды. Кезекшілер жасап қойған дастарқанға беттеп, жолай үстелшеден «Комсомольская правда» гәзетін алды да, кесеге шәй құйып, оған үш шақпақ қантты ойыны келген балаша бірінің үстіне бірін көздеп түсіріп, кесені ортаға қарай жылжытты, содан кейін гәзеттің бүктеуін жаза орындықтың биік арқалығына шалқия сүйеніп отырды. Қашанда «Жастықтың оты, қайдасың, жүректі түртіп қозғамай?!» – жалыны бірде шалқып, бірде ұйытқып, шындықтың шымылдығын кейде желпіп, кейде шарпып, қалай дегенмен, батыл пікір айтып қалатын мінезі бар гәзет осы және «бұлақ көрсең – көзін аш» ниетпен жас таланттарды танып та, танытып та келеді. Ара-тұра Жазушылар одағының шаужайынан алып қоятын әдеті бары да қызықтырады... Мұхаңның ойы бөлініп кетті. Бөлген – телефон шылдыры. Телефон соққан – Сурков.

– Мұхтар Омарханович, мен кеше Сан Санычта болып едім, ол сенен секретариатқа хат жазып, жағдайынды қысқаша баяндауынды өтінді, ресми документсіз болмайды ғой, біздің орыстар: «Сөзді тігіп қоя алмайсың» демей ме. Сан Саныч шыққан соң өзі мәжіліс өткізіп, мәселені біржолға реттемек. Қалай, Мұхтар Омарханович, құп аласың ба? – деп самбырлап тұр.

– Сан Санычқа ештеңе демей тоса тұралық деп келісіп едік қой?!

– Мұхтар Омарханович, ол сенің жағдайынды біледі, өзіңнен естігенді мен айтып бергенмін.

– Қашан?! Неге айтасың?!

– Мен аптасына бір барып, жұмыс ретін ақылдасып жүрмін ғой, сондайда барғанымда баяндауға тура келді.

– Мәссаған!

– Мұхтар Омарханович, сен маған ренжіме. Сан Санычты білесің, ол құйтырқыны кешірмейді, ойындағынды оқып қояды. Сол жолы маған сынағандай қарап: «Мұхтар келерінде менімен хабарласушы еді, бұл келісі қалайда түсініксіз сияқты, саған себебін айтпады ма?» – дегенінде мен жалтара алмадым.

– Солай де?!

– Солай, Мұхтар Омарханович, сен ренжи көрме. Ол және сол жолы: «Кәне, жазып алшы!» – деді де, Шаяхметов жолдасқа телеграмма жаздырды.

– Телеграмма?! Не деп?! – Мұхаңның еріні сәл дірілдеп, қабағы түйіле түскен.

– Көшірмесі қолымда жоқ, мазмұны былай: әлемге әйгілі үлкен жазушымыз Мұхтар Омарханұлы Әуезовті қудалауға қарсылық білдіремін, осыны ескеруіңізді өтінем. Совет одағы Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі Фадеев, – деп өз атынан жіберткізді. Мұнда КГБ-мен де сөйлесті. Мұхтар Омарханович, мен қазір Сан Санычқа барып шықпақпын, не сәлем айтасың?

– Бәрінен де маған оның денсаулығы қымбат, жақсылап емделіп, әбден сауығып шықсын!..

«Әй, Алеша, Алеша!.. Даңғырлап-самбырлап жүргенің, іркіп қалуың, бүгіп қалуың жоқ, о бастан аңғалсың, аңқаусың, құдай сені солай жаратқан. Сашаның сені жақсы көріп, оң қолы етіп

жүргені де адалдығынды, әділ іскерлігінді бағалағаны ғой. Жалған мінезің жоқ, отқа-суға түссең де тура жүре бересің. Менің өзіңе ғана айтқанымды Сашаға жайып салғаның неткенің? Ол толқып, жайсызданып, бір мысқал болса да сырқат жамап алды емес пе?!»

– Мұхтар Омарханович, бағана сені ренжітіп алып едім, енді қуантайын, Сан Саныч сенің кіріп шығуыңды өтініп қалды, ертең сағат он екіге пропуск жазылып қойылады, қалай, дұрыс па? – деп Сурков кешкісін тағы самбырласын.

«Әй, Алеша, мұншама Қожанасыр болармысың?!»

Кремль ауруханасына алып барған Женя:

– Мұхтар аға, Сан Санычка менен сәлем айтыңыз! – деді, үні еркелене шығып.

– Әлбетте, айтамын, жолдас Женя, айтамын!

Фадеев төсегінде отыр екен. Құлағы бұрынғысынан да қалқайып, мойыны сорая түсіп, қайратғы шашы қысқарып, селдіреп қалғандай. Мұхаңның енгенін көрген бетте құшағын әлсіздеу ашып:

– Мұхтар-а-ар! – деді, бәсең дауысы дірілдеп.

– Саша! – Мұхаң шапшаң ұмтылғанмен, жете бере өзін тежеп, сабыр сақтай еңкейіп ақырын ғана құшақтады. Екеуі кеудесіне көтеріп тұрған анасына еркелеген балаша бірінің мойынына бірі мұрын тыға еміренісіп, ілкі тынып қалып еді. Мұхаң енді:

– Саша, мен біздің Сан Саныч мықты деп жүретін едім, мұның не, сен нашар ма едің? – деп жорта қуақыланып, құшағын еппен жазып, досының екі қолынан ұстады да, төсекке тақау тұрған орындыққа отырып, Фадеевтің жүзіне өзін-өзі күштей күлімсіреп қарады.

– Мұным еркелік емес пе, Мұхтар? Сендерге еркелегім келіп кетті, – деді Фадеев езу тартып. Пісте мұрны ұзарып, кішкене көкшіл көзі шүңірейіп, жүдеп-ақ қалыпты.

– Еркеле, Саша, тек еркеле, нашар болма, – деді Мұхаң, әзілін суытпай.

– Әрине, Мұхтар... қазір біз нашар болатын уақыт емес.

Екеуі үй-ішінің, жора-жолдастарының есен-саулықтарын сұрасты. Фадеев «Абай жолының» қалай жазылғанына ынта қойды. Өзінің портфель құшақтағанға мәз болып, соңғы кезде қаламын өкпелетіп жүргенін деміге сөйлей әжуәлай айтып басын шайқады.

Мұхаң досының ол ойымен келіспей, сөзін қазақта басшы бола білу – өнер деген сөз бар, ол екінің бірінің маңдайына жазыла бермейтiт қасиет дегенге сайдыра:

– Саша, сен дем ал, сауығып шық, басқа әңгімені содан соң айтармыз, ал мен қайтайын, – деп түрегеліп, досының қолын ақырын ғана қысып-қысып қойды.

– Отырмайсың ба?.. Жарайды... сен аландама. Бәрі дұрыс болады, дұрысталады! – деп Фадеев басын екі рет изеді.

– Әрине, Саша, мен оған шүбәланбаймын, тек сен сауығып шық, менің тілегім сол ғана!..

...Сағат он жарым болып қалған. Мұхаң жеңіл киініп, ауызғы бөлмеге шығып, «Боржомидің» бөтелкесін ашып, стаканға құя бергенде есік қағылды да, іле ашылып:

– Кіруге бола ма? Мұха! Ассалаумағалейкүм! – деген дауыс саңқ етті. «Мынау таныс дауыс қой?!». Жалт қараған Мұхаң бөтелкені қоя салып, мол денесін тез бұрып:

– Пәлі, Әлжаппарсың ба? – деді құшағын аша.

– Мұха! – деп ұмтылған төртпақ жігіт бассалып бауырына еніп кетті. Тықыр шәшті, дөңгелек жүзді ол жігіт жазушы-драматург Әлжаппар Әбішев еді. Екеуі сағына сарылып күтіскен аға-інілерше құшақтасып есендесті.

– Пәлі, қайдан жүрсің? Менің мұнда екенімді саған кім айтты? Келгенің жүдә жақсы болды, төрлет, отыр!

– Сіздің келгеніңізді біздің осындағы өкіліміз Қалжан деген жігіттен естідім, мен «Галицынода» жатыр едім, телефон соқты.

– Иә, сен творчество үйлерінің біріне барамын деп кетіп едің-ау, тыныштауына жайғасқан екенсің ғой?

– Онда дабыр-дұбыр аз. «Перedelкино» сияқты емес. Өзіңіз қалайсың, Мұха, қуаттысыз ба? – деген Әлжаппар Мұхаңның өңіне елеусіздеу етіп барлай қараған. Ол жазушы ағаның жағдайынан хабардар-ды. Қалжаннан: «Мұхаңның ажары қалай? Үй іші, ел-жұрт аман ба екен?» – деп сұрағанында, ол: «Мұхаңмен бұрыннан таныс емеспін ғой, оның үстіне ауырып қалып алдынан шыға алмай ұятты болған жағдайым бар, әйтеуір, нөміріне барып сәлем беріп шықтым, қажетім болса қызметіңізге әзірмін дедім, енді өзі шақыртпаса,

мазалап қайтем? Менің кеше ел жақтан естіген сыбысыма сенсем, ол кісі осылай қарай тез жылыстап кетуге мәжбүр болыпты, бұ казекемдер жүрген жерде тыныштық болғаны неткені!» – деген, көңіліндегі қыжылын жасыра алмай қыстыға тәмәмдап.

– Отырсаңшы! – Мұхаң Әлжаппарға орын нұсқап, өзі үстелді шынтақтай шалқайыңқырап отырды да, қабақ шыта сөйледі. – Менің алды-артымды шаң-тозаң, коқыс-қыбыр қашаннан бері орай бастағанын сен білесің, сыңарезулердің маған не деп бықсып жүргендерінен де хабардарсың, бірақ сенің әлі естімегенің де көп, сен енді соның бәрін біліп ал, жалғыз маған жүк бола бермесін! – Қоңыр үні қатқылданып, қой көзі өткірленіп кеткен. Алматыдағы біраз жазушы, сыншы, әдебиетші «ағайындарының» қылықтарын Абай тілімен оскылай тізіп, олардың «тасыса өсек, ысқырса кесек, құмардан әбден шығатынын», «басында ми жоқ, өзінде ой жоқ күлкішіл керден надандардың» өзін «ауырмай тәнім, ауырды жаным» күйге ұшыратқандарын, «бір кісі – мыңға, жүз кісі – сұмға әлі жетер заман жоғын» ұғынғанын, саяққа да табылған саяны Сарыарқа мен Жетісудан көре алмай, оны Мәскеуден іздеп келгенін аса бір зілді, ызғарлы кейіспен ақтарып-ақтарып тастады да, өзімен тұрғылас қаратаяқ, ақтаяқ атаулыдан тірек, сүйеу болмай, қолтығынан демеуді, жебеуді өзі күтпеген жас жеткіншек шәкірттерінен тапқанын, мұнда солардың астыртын жөнелтуімен жеткенін жайып салған. Минерал судан бір жұтып, жүзі жібіңкіреп, үні жұмсағырақ шығып:

– Мен үшін басын балтаның астына тосқан Әнуардың азаматтығына тіріде өзім, өлгенде топырағым риза! – деді.

– Ол қай Әнуар? Ол не істеді? – деп қалды Әлжаппар Мұхаңның сөзін екі құлағымен емес, бүкіл денесімен құлай тындап отырғандай қалпымен ұмсына түсіп.

– Ол Әнуар – менің шәкіртім Әнуар Әлімжанов. Егер ол қашып кетуіме жол таппаса, мен бүйтіп Мәскеудің төрінде емес, Алматының бір түрмесінің түкпірінде отыратын едім... – Мұхаң қол сағатына үңілді де: – Ал тұрайық, сағат он екіде Жазушылар одағында менің Фадеевке жазған хатым оқылады, сен де қатыс, тында, жүр! – деп түрегелді. Әлжаппар оң мен түстің ортасында хал кешкен жандай.

...СССР Жазушылар одағы басқармасының төрағасы А.А.Фадеевтің кабинетіне жиналып, ұзынша үстелдің екі жағына жарыла отырғандар Мұхаң кірген кезде дуылдаса түрегеліп:

– О, Мұхтар Омарханович!..

– Мұхтар!..

– Хош келдің, жоғарышық!.. – деп бөлмені бастарына көшірердей қауқылдасты. Мұхаң он шақты кісінің бірімен құшақтасып, бірімен құшырлана қол алысып амандасып болғанша Әлжаппар мұндағы өзі танитын Әбдірахым Жаймурзинмен (Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы) сәлемдесіп, екеуі шұркырасқан шырайлы топқа шын қызыға қарасып тұрды.

«Па, шіркін! Біздің ай мандай Мұхтар аға күндей жарқырап кетті-ау! Бұндағы ең зиялы қауымның өзінде ерекше абыройлы екен ғой!» – деп іштей масайрап сүйсінген Әлжаппардың ойына «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген қажекемнің қанатты сөзі оралып, ардақты ағаның мана мейманханада ашынып айтқан жаралы жан сырында аталған қасиетсіздерге сырттай зығырданы қайнады. Ол ұсқынсыздар, әрине, азшылық, бірақ көптің құтын әрқашан сондай арсыздар кетіреді. Қырсыз, тұрлаусыз заманның кері – сол. Асылды жасытуды көздеп аласұрған ол тобырдың үндемей, білінбей, көрінбей, көрінсе – өтірік күліп, арам арсаландап шашбаулайтындары жоқ емес те шығар. Сонда оларды беттен қағар, ықтырар, жөн сөзін ұқтырар ешкім болмағаны ма? Болмауы мүмкін емес! Партиямыздың жетекшісі Жұмабай Шаяхметов жолдас қайда? Партия басшылығын мансұқ ететін күш жоғын сезіне отырып, неге үндемейді? Әуезовтің кім екенін, неге душар болғанын білмей отыр ма ол?!» Осылайша жедел ой бұрқанысын іштей өткерген Әлжаппар кенет бір тосын шешім жасаған. Ол шешімі – Шаяхметовке бүгін хат жазу, жасқанбай, тартынбай қатты, ащы жазады. Коммунист болмаса да, Мұхтар Әуезов халқына керек!

– Ал, жолдастар! – Дабыр-дұбыр басылып, жұрт орындарына жайғасқан кезде Сурков жағалата қарап, тамағын кенеп, сөз бастаған. – Александр Александрович Фадеев жолдастың бұл бүгінгі мәжілісімізге қатыса алмағаны, әрине, өкінішті, алайда ол мәселеден толық хабардар, егер анығын айтсам, секретариаттың бұл

мәжілісті өткізуі қажет, міндет екенін ескерткен, өтінген – Фадеев жолдастың өзі. Александр Александровичтің денсаулығы оңалып келеді, бірер аптадан соң ортамызға оралар. Сонымен, жолдастар, іске кірісейік, ә? – деп кенет Мұхаңа қараған Сурков: – Құрметті Мұхтар Омарханович, мұнда сізге таныс емес бір ғана кісі отыр, ол – Әдебиет институтымыздың партком секретары, әдебиетші ғалым Арфо Аветисовна Петросян жолдас, – деді үстелдің оң жақ капталында қасы-көзі қиылып отырған қараторы әйелге көз тастап.

– Біз танысып үлгірдік, – деді Мұхаң.

– Онда, Мұхтар Омарханович, менің міндетім бір мысқал болса да жеңілдеді, – Сурков жымыып, енді үстелінде жатқан бірнеше парақты алды. – Жолдастар, мынау – құрметті Мұхтар Омарханович Әуезов жолдастың бізге жазған хаты, сіздердің қайсы-біріңізге мазмұнын қысқаша айтып үлгірдім, ал қайсыбіріңізге беймәлім. Фадеев жолдастың тапсыруымен қазір мен мұны оқып берейін, содан кейін әрқайсыңыз пікірлеріңізді айтарсыздар, қалай, осы дұрыс па? – деп іркіліп, жағалата қарады.

– Дұрыс!

– Әрине, оқу керек!

– Онда, кәне, тыңдаңыздар, мен оқиын. – Сурков орнына отырып, тамағын қырнап алып, оқи жөнелді:

**Товарищам: Фадееву Александру Александровичу,
Суркову Алексею Александровичу
Симонову Константину Михайловичу
от члена правления СП СССР писателя Ауэзова М.О.
ЗАЯВЛЕНИЕ**

Как человек к человеку, как писатель к писателю, однажды в жизни, я обращаюсь Вам троим, в очень трудный момент моей жизни в состоянии большой моральной подавленности. Прошу Вас о немногом, а именно познакомиться с данным моим заявлением и познакомиться лично с теми двумя материалами, которые я приложил к настоящему своему заявлению и сказать где следует (где и как Вы найдете нужным) свое слово за писателя, известного Вам хотя бы своей творческой деятельностью.

Один из приложенных документов, это копия моего заявления на имя Министра культуры СССР тов. Пономаренко, а другой – мое выступление на недавно проведенной в Алма-Ате дискуссии по казахскому эпосу.

По этим двум материалам можно получить ясное представление о тех условиях и обстоятельствах, в которые я поставлен сейчас и еще в ту пору, когда я работаю над очень значительной темой о создании образа казахской советской женщины (бывшей батрачки бая, ставшей секретарем райкома, кандидатом наук и Героем Социалистического Труда) в виде пьесы и в плане нового советского романа.

Дело в том, что освобождая меня от работы в Университете и.о. ректора безоговорочно приклеивает мне ярлык националиста (копия приказа прилагается). А в своем докладе на дискуссии по эпосу доцент М. Габдуллин меня именует буржуазным националистом, до сих пор неизменно стоящим на давних политических ошибочных позициях, и якобы, проводящим в своих статьях по эпосу враждебные советской стране буржуазно-националистические идеи.

Развернувшаяся в республике за последние три года правильная, нужная и важная критика буржуазно-националистических ошибок в области литературоведения, сказала много справедливого и о моих ошибках. О них я говорил, признавался на многих собраниях. О них же я пишу и товарищу Пономаренко, говорил о них и в своем прилагаемом выступлении на дискуссии.

Но вместе с этим я не могу не указать, в результате вот уже трехлетнего обсуждения всех этих вопросов теперь на то, что в критике моей деятельности, в обсуждениях ее (как это сделано по Казгосуниверситету) допускается двоякая тенденциозная несправедливость.

Во-первых, нигде и никем из критиков не учитывается моя деятельность писателя, написавшего наряду с ошибочными, в большинстве своем давними статьями, и много художественных произведений, как пьесы, повести и романы на те же темы исторического прошлого, а иногда даже на темы тех же ошибочно

написанных статей, но в гораздо более правильном освещении их в пьесах и прозе.

Настолько не учитывается эта самая основная сторона моей деятельности, что вынося суровый приговор, как политическое обвинение всей моей деятельности, только на днях докладчик по эпосу М. Габдуллин заявил в своем заключительном слове, что он говорит лишь обо мне – научном работнике, а не говорит обо мне – писателе. Подобное заявление М. Габдуллина может подтвердить и т. Климович Л.И., присутствовавший на упомянутой дискуссии в Алма-Ате.

С одной стороны человек ведет критику на истребление и с другой говорит, что не учитывает основную вашу деятельность. Какая же логика и справедливость подобной оценке человека?

Во-вторых, есть явная тенденция значительной группы лиц, допуская в своих работах на темы фольклора и всего прошлого очень много грубых идейно-политических ошибок буржуазно-националистического характера и стремящихся переложить тяжесть своей вины на меня, как на человека с известным грузом прошлого. При этом данные лица дружно ссылаются на меня, как на высказывавшегося по тем или иным поводам впервые и будто бы тем способствовавшего их же ошибкам. Между тем, эти лица – члены партии, очень ответственные работники, выступающие на фронте литературы и науки уже ряд десятилетий или более десятка лет по меньшей мере, полагают, что будто указание их на первого ошибавшегося якобы освобождает их от ответственности, или облегчает их вину.

Однако, эти лица-то ошибались крупнее и вреднее меня потому, что они писали не только статьи как я, а писали школьные учебники, составляли хрестоматии, писали совместно школьные и вузовские программы (заменявшие годами учебники), и писали эти свои коллективные труды в одних и тех же, приблизительно, авторских сочетаниях в течение многих лет и до самого последнего времени.

Но в выступлениях на дискуссиях, на собраниях указанные лица дают льготные оценки одним и уничтожающие – другим, в

частности, мне, вынося приговоры, наподобие приказа ректора КазГУ.

Требую к себе справедливости я лишь напомню о том, что мною написаны 21 оригинальных пьес, несколько романов, ряд повестей и много рассказов. Более половины указанных пьес посвящены советской тематике и огромное большинство таких пьес шло в казахских театрах. Я не стану распространяться о цикле своих романов, об Абае. Одно только скажу о том, что, являясь самыми крупными произведениями моей интеллектуально-творческой деятельности, они и при наличии отдельных недостатков никак не являются книгами, пропагандирующими национализм. Наоборот, самым главным их достоинством, самой сокровенной их сутью являлась глубокая, искренняя любовь и уважение к русской культуре, к русскому народу, к его истории, т.е. все, что активно противостоит казахскому национализму. Умалчивая самые значительные стороны моей многолетней положительной деятельности и вынося самые беспощадные и безудержно-грубые политические обвинения, люди совершают чрезмерное насилие над моей личностью и тем самым наносят глубокий ущерб моей сегодняшней напряженной творческой деятельности честного, ищущего советского писателя. Вот почему я настойчиво прошу Вашего вмешательства и справедливого заступничества хотя бы в тех моментах, где я прав и где люди переходят грани дозволенного, нарушают требования товарищеской критики и становятся на путь обидного невыносимого охаивания.

Мухтар АУЭЗОВ.

23. 04. 1953 г.

Хатта жазылған жәйт тыңдаушыларға ауыр әсер еткен-ді. Қолдан жасалған аласапыран оқиғалар бөлмеде отырғандардың біразының да не өз тағдырына, не туған-туысқандарының тағдырына аяусыз, жазықсыз айғыздап жара салған. «Сталиннің сүйкімдісі» атанған Симоновтың да «қағанағы қарық, сағанағы сарық» емес-ті. Сондықтан, «бір қайғы мың қайғыны қозғағандықтан» ғой, хатты оқу тәмәмдалғаннан кейінгі бір сәт тым-тырыс тылсым боп өтті.

– Иә-ә... – деді Тихонов, тыныштықты бұза күрсініп, шашы қобыраған дәу басын изеп, – өмір деген осы, ештеңесін болжап болмайды.

– Мұхтар Омархановичтің өзі жазған соң сенесің, ал егер басқа біреулерден естісем, ешқашан сенбес едім, – деді Кожевников.

– «Сенесің бе, сенбейсің бе?» деп кім сұрасын! – деді Леонов.

– Жолдастар, Мұхтар Омархановичтің хатына тіркеулі дүниелерді оқымай-ақ қоялық, бәрі түсінікті болды емес пе, яғни менде мынандай ұсыныс бар: егер рұқсат етсеңіздер, біз ең алдымен Қазақстан Жазушылар одағы басшылығының пікірін тыңдалық, одақтың төрағасы Жаймурзин жолдас осында отыр, – деп Сурков Әбдірахым Жаймурзинді меңзеді.

– Дұрыс, тыңдалық, – деді Симонов.

– Ендеше, жолдас Жаймурзин, құлағымыз сізде, не айтасыз? – деді Сурков, сүйірлеу иегін алақанымен үйкеп-үйкеп қойып. Жаймурзин түрегеліп, Қазақстан Жазушылар одағының басшылығында Мұхтар Омарханович Әуезов жолдас жайында ешқандай орынсыз, теріс пікір жоқ, бірақ кейбіреулер сыңаржақ сынға салынып жүр. Мұхтар Омархановичті беталды ғайбаттаған, шығармаларын солақай бағалаған мақалалар жариялайды, ондайлардың бары рас деген тұрғыда сөйлеп, біраз түсінік берді.

– Отырып-ақ айтуыңызға болатын еді, рахмет сізге, отыруыңызды өтінем, – деген Сурков енді Мұхаңа қарады: – Мұхтар Омарханович, сіздің мына өз хатыңызға алып-қосарыңыз бар ма?

Keң мандайы аздап қызғылт ренденген Мұхаң екі алақанымен үстелді ақырын баса шалқайыңқырап, Сурковқа көз тастап алды да, қоңыраулы үнмен:

– Құрметті достар, сіздердің ілтипаттарыңызға, пейіл-мейірімдеріңізге тәнтімін, – деп бастап, кешегі Ресей империясының отарлауына тұтас ұшырай жаздаған қазақ халқын ол сұмдықтан Ұлы Октябрь революциясының қорғап қалғаны талассыз ақиқат екенін, соны жас қазақ интеллигенциясы өкілдерінің бірі түсініп, бірі түсіне алмағанын, бірден түсініп, ұғып кете алмағандардың, өйтуге саяси өресі жетпегендердің қатарында өзі де болғанын мәлімдей келіп: – Дүниені дүр

сілкіндірген дәуірлік өзгерістің бағдарын бажайлай білмедік те, әр есікті бір қақтық, ал ол есіктердің бірі тарс жабық болды, бірі ашылғанмен бізді кеудемізден кері итерді, енді біріндегілер бізге дұдамал бірденелерді айтып, шатақты шарт қойып, есімізді шығарды. Сондай аласапыранда, елең-аланда қиыр шеттегі, түкпірдегі біз қалай шатаспайық? Егер шындыққа жүгінсек, құрметті достарым, Владимир Ильич Лениндей көсемдеріңіз, Алексей Максимович Горькийдей ұстаздарыңыз жандарыңызда бола тұра сіздерде де біраз шатасқандар болды емес пе? – дегенде жұрт мырс-мырс күлді. Мұханның қасында отырған Леонид Леонов шөкім мұртын екі саусағымен қыса сылап, Мұханды шынтағымен түртіп:

– Мұхтар Омарханович, сол шатасқандардың біреуі, міне, алдыңызда отыр! – деп қарсысындағы Николай Тихоновты иегімен меңзеді. Жұрт ду күлді. Добалдай Тихонов балаша мүләйім жымыып, басын шайқады.

– Менің жазушылық жолым да даңғыл болған жоқ, – деп Мұхан сөзіне оралды. – Менде де романтизмге, тіпті натурализмге бой ұру болды. Социалистік реализмді қабылдауда да ағаттықтан ада емеспін, ал егер шындыққа барсақ, бұл социалистік реализм дегеніміз – әлі де біраз ойланып-толғануды тілейтін тым күрделі мәселе. Міне, осындай тұста терісінді де – теріс, оңынды да – теріс деп беталды байбалам салып, соңыңа шам алып шуылдап түскен шала-пұлаларға қарсы тұру дәй далаға оқ атқандай арамгерлік әрекет болады екен. Ашық майданда жау атаулыдан жасқанбауға, сескенбеуге, тайсалмауға болар, ал баспалап жүретін, бір күні о жағыңнан, бір күні бұ жағыңнан топырақ шашатын тасырлармен немесе үйінен шыға саған қарай, тіпті, сені көрсін, не көрмесін – бәрібір, әйтеуір, мұқаттым деп ойлап, қолына түскенді лақтыра беретін делқұлдармен ұстасуға болмайды. Мені сіздерге хат жазуға, осында еріксіз келуге мәжбүр еткен бей-берекетсіз жағдайды енді түсінген шығарсыздар. Кетіп үлгірмегенде мені сол күні кеште тұтқындайтын еді, мені ондағы жас достарым құтқарды, жасырын аттандырып жібергендер – сол жас достарым! Менің айтарым осы ғана.

– Сұмдықта шек жоқ-ау! – деп қалды Симонов, тықыр шәшті басын бір сипап.

– Шектейін дегендер болмаған соң, қалай шектелсін! – деді Леонов.

– Құрметті Мұхтар Омарханович, – деді Сурков, әуелі Мұхаңа, сонсоң басқаларға қарап өтіп, – сіздің айтса адам нанғысыз қиянатқа тап болғаныңыз сізді қалтқысыз сыйлайтын біздің бәрімізге ауыр тигені сөзсіз. Рас, мұндай халге ұшыраған әріптестеріңіздің бұнда да болғанын, бар екенін сіз білесіз. Мұны сізді жұбату рәсімімен айтып отырған жоқпын, біз сізді жұбату, алдарқату үшін жиналып отырған да жоқпыз, біз сізді қиянаттан, әділетсіздіктен қорғау үшін жиналып отырмыз. Меніңше, жолдастар, Мұхтар Омархановичтің бұл хаты бойынша шешім жасауымыз қажет, ол шешім Александр Александрович Фадеев жолдастың пікіріне негізделуі қажет, ол пікір былай: қазақ әдебиеті – кеңес әдебиетінің жедел өсіп, жетіліп, кемелденіп келе жатқан, келешегі жарқын үлкен бөлігі. Бұл әдебиет атағы әлемге тараған тұлғаларды: жыр алыбы Жамбылды, біздің арамызда отырған аса талантты досымыз Мұхтар Омарханович Әуезовті, сондай-ақ Сәбит Мұқановты, Ғабит Мүсіреповті, Ғабиден Мұстафинді берді, ал сондарындағы жас таланттар қаншама?! Біздің құрметті Мұхтар Омарханович, егер Фадеев жолдастың сөзімен айтар болсақ, – «кеңес әдебиетінің алтын діңгектерінің бірі!», яғни, жолдастар, біз қазақ әдебиетін де, Мұхтар Омархановичті де әлдекімдердің кемсітуіне, ар-ожданына күйе жағуына бере алмаймыз! – дегенінде басқалар:

– Әрине!

– Дұрыс-ақ!

– Бейбастақтарға басындырмау керек! – десіп қалды. Жүзі нұрланып, сәл қиыс терезеден арыға көз тастап, жинақы отырған Мұхаң бұрылып қарай басын иіңкіреп, көп қошеметіне кәміл ризашылығын білдіргендей ашық рай аңғартты. Сурков екпінінен танбай тағы сөйлеп кетті:

– Мен ауруханаға бір жолы барғанымда Фадеев жолдасқа Мұхтар Омархановичтің жағдайын өзінен естіген қалпында қысқаша баяндап бергенмін. Александр Александрович маған

одақтық КГБ-ға, Қазақстанның партия басшылығына, бірінші хатшысы Шаяхметов жолдасқа өз атынан наразылық телеграмма жолдауды тапсырып, мәтінін айтып жаздырды, мен Алматыға телеграмманы сол күні жөнелттім.

– Дұрыс болған!

– Сан Саныч мұндайда іркілмейді! – дескен құптаулардан соң Сурков сөзін қайтадан жалғады:

– Фадеев жолдастың Мұхтар Омархановичтің хатымен танысқаннан кейін бізден өтінгені: бүгінгі секретариат мәжілісінің қаулысы негізінде Совет Одағы Компартиясының Орталық Комитетіне, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне тұжырымды хат жазылсын және ол үшін Николай Семенович Тихонов бастаған комиссия құрылсын, ал ол комиссияның мүшелері Леонов, Симонов, Әуезов, Петросян, Кожевников, Жаймурзин жолдастар болсын деді.

– Дұрыс!

– Мәжілісіміздің қаулысы былайша болсын: бірінші – жаңағы айтқан хаттарды жазу. Ал ол хатты әдірістеріне жеткізу – маған міндет. Екінші – одақтық газеттерде Әуезов жолдасты қаралау пиғылындағы мақалалардың жарияланбауын қадағалауды Симонов, Кожевников жолдастарға жүктеу. Үшінші – мәселе оң шешімін тапқанша, ал ол, өкінішке қарай, бүгінгідей өзгерісті кезеңде қанша уақытқа, неше күнге, тіпті, неше айға созыларын кім білсін, яғни жағдай реттелгенше Мұхтар Омархановичтің осында болуы. Мұхтар Омархановичті Мәскеу университетінің КСРО халықтары әдебиетінің кафедрасына жұмысқа орналастыру жөн болмақ, бұл ниетке Әуезов жолдас қарсы болмас деп ойлаймын, ал бұл шарамызды іске асыру Леонов, Петросян жолдастарға тапсырылсын. Қалай, жолдастар, келісеміз бе? – деді Сурков еңсесін көтере түсіп.

– Әрине, келісеміз!

– Ашылуына өзі үлес қосқан жаңа кафедраға Мұхтар Омархановичтің көмегі өте қажет!

– Дұрыс! Қаулы осылайша қабылдансын, ал сен, Алексей Александрович, маған бір ауыз сөзге рұқсат берші! – деп Сурковқа иек қаққан Вадим Кожевников бір жөткірініп алып:

– Жолдастар, егер Мұхтар Омарханович ұлтшыл болса, онда мен де ұлтшылмын... – дегенінде жұрт ду күлді. – Иә, онда мен де ұлтшылмын. Өйткені «Абай» романының орысша нұсқасы ең әуелі біздің «Знамяда» жарияланғанын білесіздер. Басылымды әзірлеу барысында Мұхтар Омарханович Алматыдан екі рет келіп, редактормен аса ынтымақты жұмыс істеді, кішіпейілділіктің ғажап үлгісін көрсетті. Біздің қызметкерлер Мұхтар Омархановичке әлі күнге риза болып, сағынып, құрметті авторымыздың жаңа шығармасын қашан әкелерін тағатсыз күтіп жүр. Сонда деймін-ау, мен ғана емес, журналдың бүкіл ұжымы әуезовшіл-ұлтшыл болып шықпас па екенбіз? – дегенінде жұрт және ду күлді.

– О, олай болса, «Литературная газетаның» бас редакторлары, мысалы, мына отырған Константин Михайлович та «ұлтшыл-әуезовшіл» болғаны, – деп Леонов мұртын шөкімдеп, Симоновқа шекесінен қарады. Симонов екі қолын көтере, жорта қуанған кейіппен:

– Мен Колымаға Мұхтар Омархановичпен бірге баруға әрқашан әзірмін! – деп, күлкіге күлкі қосты.

– Жолдастар, біз хаттың мәтінін дайындауға кіріссек дейміз, – деді Тихонов.

– Дұрыс. Осымен мәжілісті аяқталық. Басқадай ұсыныс-пікір жоқ па? – деп түрегелген Сурков Мұхана қараған. Мұхана орнынан көтеріліп:

– Қадірлі жолдастар, достар! Біздің қазақта «Жомарт барын береді, дос жанын береді» деген нақыл бар. Мен – сіздердің араларыңыздан жомартты да, досты да тапқан жанмын. Мені сіздердің орталарыңызға әкелген жолым Ленинград университетінен басталған еді, содан бері мына қасиетті шаңырақтан, сіздердің баршаларыңыздан шынайы қамқор ниеттің нәрін татып келемін. Міне, бүгін де, – оң қабаққа, жылы шырайға өте-мөте мұқтаж болып, ауыр-ауыр ой арқалап, шаршап-шалдығып жеткенімде жүрегіме нұр құйып, жанымды жадыратып жібердіңіздер. Бұл үшін осындағы сіздерге, өкінішке қарай, бұл мәжілісте бола алмаған Александр Александрович Фадеев, Константин Александрович Федин және басқа дос-

жолдастарға мың бір алғыс айтамын! – деді, оң қолын жүрек тұсына басып.

Басқалар да орындарынан тұрып, Мұханның маңына шоқтанып қалған еді.

– Мұхтар Омарханович, – деді Леонов, Мұханды қолтығынан алып, жүзіне мейірлене қарап, – «Дос таба білу үшін дос бола біл» деген нақылдарыңыздың да барын естігенмін. Бізді сізге дос еткен – сіздің ой өрнегі ерекше сұлу әңгімелеріңіз, мәні терең мақалаларыңыз, кең тынысты «Абайыңыз», сіздің мол білімдар философтығыңыз, мүдіріс білмес көнешығыстық шешендігіңіз. Бізге дос болған сізге, сіздей досты берген қазақ халқына біз де шексіз ризамыз!

Кабинетті көңілді гуіл кернеп жөнелді:

– Бәрекелді!

– Леонид Максимович, жақсы айттыңыз!

– Иә, иә, біздің айтпағымызды дәл тапты!..

Мейманханаға оралғалы Әлжаппардың екі көзі Мұханда. Таңертең осында көрген Мұхтары тордағы жолбарысша ширғыып, арна іздеген толқындай лықсып, шатқалға тап болған дауылдай булығып, бір беймаза күй кешулі еді, енді Хантәңірінің қияқ қауырсынды қыранынша кербезденіп, Сарыарқаның самалынша есіліп, Алатаудың ақ жаңбырынша төгіліп отыр:

– Пәлі, Әлжаппар, сен сөзден қалдың ғой, неге үндемейсің? Біз бүгін бір қиын асудан астық емес пе?! Сашаның, Фадеевті айтам, өр тұлға екенін бұрыннан білетінмін, ал біздің жалтырбасқа өз атынан қатқыл телеграмма берген қайсарлығына және бір сүйсіндім ғой! Жаңағы мәжілісті де ауруханада жатып-ақ өзі басқарғандай ма, қалай? Қысқа да нұсқа етіп, нақпа-нақ тұжырымдап тапсырғанын аңғардым десем ше? Басқа барша достарымның да пейілдері таза, кіршіксіз қалыптарында екенін жаңа өзің де байқаған, бағамдаған боларсың?

– Көрдім, Мұха, іштей қуанып отырдым.

– Пәлі! – деп Мұха мұрнын бір сауып алды. – Фадеевтің сонау бір қызық қылығы есіме түскенін қарашы! Кабинетінде әңгімелесіп отырғанымызда, анау жылдары, «Абай» романының екінші

кітабының орысшасы терімге жіберілгенін айтып қалып едім, Сан Саныч: «Сонымен соңғы нүктесін қойдың ба?» – деді. Достан сыр жасырасың ба, мен: «Жоқ, ғұмырым жетсе, жалғасы болады, орта жолға жаңа келдім», – дедім. «Орта жолда ат шалдырып алғаның жөн болар, екінші кітабыңның қолжазбасын маған берші, оқып шыққым келеді», – дегені. Сол күні үйге телефон соғып, бері жолы түскен бір туыс арқылы алдырып бердім. Сан Саныч оны алты күнде оқып шығып: «Мұхтар, романың осы күйінде де тұжырымдалып тұрған дүние екен, сен бұған эпилог жаз», – деді. «Е, неге? Жалғасы болатынын айттым емес пе?» – деймін. «Эпилогін жазып әкелші! Неге саудаласасың, қазақ саудагер халық емес еді ғой?!» дейді, – деп, мұрнын және сауып, Мұхаң сылқ-сылқ күлді. – Мен Сан Санычтың о не қылығы екенін «Абай» сталиндік сыйлыққа ұсынылғанда бір-ақ білдім.

– Азаматым-ақ екен! Жаңағы атақты достарыңыздың қай-қайсысы да болсын, Мұха, сіз үшін, тіпті, әлгі аңыздағы жеті басты жалмауызға да жалғыз өзі қарсы баратын жалаңтөстер екен, мен соған қатты қуандым, – деді Әлжаппар, ағынан жарылып.

– Пәлі, сен жақсы айттың, тауып айттың. Олар ірі тұлғалар ғой, кеңес әдебиетінің саялы бәйтеректері ғой! Леонов аз жазса да мәз жазып, құнарлы дүниелер беріп келеді. Симоновтың лирикалары сүйсіндіреді мені. Сурков пен Тихонов – жауынгер лепті, екпінді ақындар. Кожевниковтың қаламгерлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті қатар. Орыс әдебиетінде дара-дара таланттар баршылық. Кешегі алтын ғасыры бүгін жалғасып жатқандай. Фадеев, Федин, Маршак, Шолохов, Михалков, Рождественский, Соболев, Погодин... Пәлі, саған нені айтып отырғанымды қара! Сен Фадеевтің соншама тұлғаны табыстырып, ынтымақтастырып, ұлттар әдебиетіндегі біздің бәрімізді бұлармен қанаттастырып, біріктіріп, достастырып отырған қайраткерлігін де жақсы білесің. Ол Жазушылар одағының дізгін-шылбырын ұстағалы, міне, он төрт жыл... Біз болсақ, екі жылда бір бастық сайлайтын сырқаттан сауыға алмай-ақ қойдық. Өзімізге өзіміз бас-көз бола алмасқа айналғанымыз шығар, енді билігіміз Орталық Комитеттің қолына көшіп, біздің басшымыз соның оқшантайынан шығатын болды. «Бас-басына би болған»

біздің қаламымызды қуаттандыратын, шығармашылық күшімізді бір арнада тоғыстыра білетін Фадеевіміз туғанша жақ-жақ тірліктің тұтқынында жүрерміз... Қой, екеуміздің бұл отырысымыз қай отырыс, кезекшіге шай әкелдірейін, содан кейін, ә, бүгінгі көңіл күйдің куәсі болсын, армянның ақ телпектісінен жүз грамм алайық, анда тұр-ау сол, оны алдыңғы күні Бакуге командировкаға жүрерінде Леня әкеліп еді, – деп тоңазытқышты иегімен нұсқады.

– Бір «шұңқырға» мен де қарсы емеспін, Мұха, қазір, әуелі шайға заказ беріп келейін, сіз отыра беріңіз, – деп Әлжаппар шапшаң тұрып, есікке қарай домалана жөнелді...

...Мұхаң Алматыға біржола бейқам болып оралғанша арада бір жарым жыл өтті. Шарасыздықтан шалғайда жүрген бұл мерзімде КСРО Жазушылар одағында кенес әдебиетінің ағымдағы мәселелері әңгіме болған мәжілістерге қатысып, ой-пікір бөлісіп, ортақ істердің ондала түсуіне көп көмек жасады, бірнеше мақала жазды. Аударма жұмысының ауқымы кеңеюіне, ұлттар әдебиетінің ынтымақгы игілікті іс тындыруына үлесін еселеді. Сонымен қатар, бес айдан соң, М. В. Ломоносов атындағы Ленин орденді Мәскеу университетінде КСРО халықтары әдебиеті тарихы кафедрасында профессор болып, өзі де көздеген мақсаттың орындалғанына риясыз көңілмен тоғайып, «желкілдеп өскен құрақтай» жас жеткіншек әдебиетшілерге даңғайыр білімін ұсына құлшынып дәріс оқыды.

1954-жылдың жазы Қазақстанға жаңаша тіршілік лебін силады. Ел басшылығы жаңарды – Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған Пантелеймон Кондратьевич Пономаренко анау қара дауылдың қайта айналып соқпасына кепілдік ала келді, «Мұхтар Омарханұлы Әуезов пен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтай халық перзенттерін, ұлт мақтанышын қадірлей білмеу естір құлақтан ұят екен», деген адал сөзін айтты. Арлымыз ұяла тұрып, ашық құптадық. Арсызымыз ырсиған азуымызды амалсыз бүркеп іштен тындық... Сол 1954-жылдың қыркүйегінде, 3-і күні, Қазақстан Жазушыларының кезекті үшінші құрылтайы жұмысын бастады. Мәртебелі жиын мінберіне маңқиып шыққан Мұхаң әдебиет мүддесін ардақ тұту хақынада ақ бата іспетті сөз сөйледі.

...Қилы кезеңдегі қиын күндерін Мұхаң есіне оралта бермеген. Алдына ор қазып, артынан тас атқандардың қылықтарын ұмытуды жөн көрген.

Мұханды қуғындаудың ең сорақысы да соңғысы республика Ғылым академиясы мен Жазушылар одағының қазақ эпостары жайында бірлесіп өткізген конференциясы болды (1953-жылы, көкек айының 11-15-күндері). Конференцияны Академияның президенті Дінмұхаммед Қонаев ашып, жазушы Мәлік Ғабдуллин, ғалым Мұсатай Ақынжанов баяндама жасады. Мұхаң бес күн бойы нысанаға алынып, оған «буржуазияшыл, феодалшыл, ұлтшыл» деген қара таңба басылды. Мәселен, М. Ғабдуллин былай деді (конференция жұмысы орыс тілінде жүргізілгендіктен оның түйіндерін түпнұсқасынан келтіріп отырмын):

«Кто первым из казахских литературоведов выдумал и пропагандировал теорию о литературе «эпохи «Зар Заман», осужденную в 1947 году нашей общественностью? Профессор Ауэзов.

Кто первым из казахских литературоведов поднял на щит душителей народов Кенесары и Наурызбая, написав пьесу «Хан Кене» и другие произведения? Профессор Ауэзов.

Кто первым из казахских литературоведов выдумал и долгое время пропагандировал и превозносил теорию о «поэтической школе» Абая, осужденную нашей общественностью в 1951 году? Профессор Ауэзов.

Кто первым из казахских литературоведов исследовал и пропагандировал реакционные, антинародные поэмы и сказания об Едыге, Шоре и Кенесары, Коркуте и других, выдавая их за народные? Профессор Ауэзов.

О чем говорят эти факты? Они говорят о наличии у профессора Ауэзова системы буржуазно-националистических взглядов. Как говорится, факт – вещь упрямая. Его нельзя замаскировать никакими увертками и маневрами».

Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің бақылаудағы, аңдудағы Мұхтар Әуезовті тұтқындау туралы құпия шешім жасауы осы конференциядан кейін.

– Ұпайы түгенделген Мұхтар аға өзін Мәскеуге кете тұруға мәжбүр еткендердің ешқайсысынан кейінде есе қайтаруды ойламады дей аламын. «Қапқан итті қадам деп, аузымды бұлғар жайым жоқ» деген қанатты сөзін сол тұста айтқан болар. Академия мен Жазушылар одағының атышулы конференциясы туралы да жақ ашқан емес. Ғажап ұстамды, ерекше кешірімді тұлға еді, – деді Әнуар, бір әңгімемізде. – Ғылым академиясындағы көп жылғы ғалымдық жұмысынан, Университеттегі аға оқытушы қызметінен қуғандармен қабақ шытысқанын, сөз қайтарғанын, әйтеуір, естіген де, көрген де жоқпын. «Мәлікке хаты» болмаса... Университеттен кетерінің соңғы күнінде лекциясын жайшылықтағы кезінше, ешқандай сыр берместен оқыды.

– Әнеке, анау жылғы бір сұрағымды тағы қайталайын: Мұханды Мәскеуге жасырын аттандырғаныңызды қашан жазасыз? – дедім.

– Әкәу, мен жалғыз аттандырған жоқпын ғой?!

(«Әкәу» Әнекеңнің сөз сыралғысы еді.)

– Сіз ұйымдастырдыңыз ғой? Тәптіштеп жазсаңызшы!

– Пенсияға шыққан соң жазамын. Жалпы, Мұхаң жайында кітап жазбақ ойым бар. Мұхаң – асыл адам! Шыңғыс Айтматовты, Расул Ғамзатовты, Қайсын Құлиевті, Мырза Тұрсын-Задені, Мұстай Кәрімді, солардай талантты талайды қанаттандырды. Жарықтықтың топырағы торқа болсын! – деген Әнекеңнің үнінен жүрек түкпірінде жатқан сағынышының сазын сездім.

– Бір естелігіңізден Мұхаңның сізге де қамқоршы болғаны байқалады, түрмеге түсуден құтқарып қалғаныңызды ескергені шығар? – дедім, орынсыз сұрағым үшін тілімді кеш тістеп. Әнекең маған бұрылып, әдетінше оң қолын бүге сермелеп сөйледі:

– Ғаббас, мен де, тем более Мұхаң да ол оқиға туралы бір-бірімізге ешқашан ештеңе деген емеспіз. Мен не айтам, ұят қой, қолымнан келген бір кішкене қызметімді пұлдағандай болмаймын ба? Ал Мұхаң маған сырттай қамқорлық жасап жүрді, оны мен кейін аңғардым.

– Әнеке, Мұхаңның тұтқындалатынын кім айтты сіздерге?

– Менің Абдолла деген ағам бар. КГБ-да қызмет істеді. Соның арнаулы мектебін бітірді. Кейін, 1954-жылы жоғарыдан жергілікті

ұлт кадрларын КГБ-дан тайдырыңдар деген жасырын нұсқау келіпті де, Абдолла «онша сенімді еместер» тізіміне іліктіріліп, отставкаға жіберілді. Мұханның жағдайын біліп отыруды біз Абдоллаға тапсырғанбыз, сол арқылы ғой. Ал Абдолла театр-кино жағын бақылап отыратын басқармасында еді, атақты ағаларымыздың арасынан Қалибек Қуанышбаевпен ерекше жақын болатын. Қаллеки, айтпақшы, Қалекенді Мұхаң бар, басқа да дос-жолдастары «Қаллеки» деп атаған ғой, естіген шығарсың, иә, Қаллеки Абдолланы інісіндей жақсы көретін. Мұхаң билет алуға Қалекеннің депутаттық куәлігін Абдолланың қалай алып бергені, – ол енді бір қызық әңгіме: жағдай қандай болып кетеді деп ойлап, күні бұрын сөйлесіп, келісіп қойған екен, әуелде Қалекен қатты шошыныпты. Мұхаң сондай қиын күйге тап болады дегенің үш ұйықтаса түсіне кірсін бе, 1937-жыл қайталанбақ па деп ширьққан, ал содан соң: «Бастықтарың, ең дәйлерің кім өзі?! Өзіне барайын да әуселесін көріп алайын оның! Ол қиқандаса, Шаяхметовтің тура өзіне барам!» – деп қатты ширьғыпты.

– Соның бәрін жазбайсыз ба, Әнеке-ау?

– Қазір өмірбаяндық роман жазуға кірістім, әзірше «Познание» деп атадым, соны бітіргеннен кейін Мұхаң жайында жазсам деймін, жазатын шығармын. «Мұхтар Әуезов менің ұстазым болды», деу немесе «Мен – Мұхтар Әуезовтің шәкіртімін», дей беру оңай, өйтіп жаза салуға болмайды. Мұхаң – шын мәнінде ғажап адам, орыстар «с большой буквы» дейді ғой, сондай. Әуезов дегеніміз – тағдыры аса күрделі, бүкіл жаратылысы ерекше ұлы адам, ол туралы жазу қиын, өте қиын, бірақ нақты өмір дерегін өзек ете отырып жазып байқауға болады, жазуымыз керек!..

Жазушылар одағының Әдеби қорында директор кезім. Шығармашылық үйіміздің құрылысы бір жүріп, бір тоқтап, жоғары жаққа шапқылап, көмек тілеп әуремін. Бірде құрылыс тресіне бармаққа шығып едім, есік алдында Одағымыздың басшысы Әнекең – Әнуар Әлімжанов тұр екен. Жанында жүдеулеу бір кісі бар. Сәлемдестік.

– Ғаббас, танысып қой, бұл жолдас – менің ағам Абдолла Қылышбаев деген қазақ, – деп Әнуар жымылып екеуімізге кезек

қарады. Ағасына менің аты-жөнімді айтып: «Жазушылар одағын жарылқаушы осы кісі», – деді, енді әзіл әуенмен күліп. Содан соң маған: «Ағайды ауруханаға апармақшы едім, машинама жаңа сынып қалғаны, басқа машина болмай тұр, сенің дөңгелегің бос па?» – деді. Үшеуміз біздің «Москвичке» отырдық. Бағытымыз бір екен.

– Бұл Абекең бір кезде КГБ-да мықты болған, қазір ғой аздап нашарлап жүргені, – деп әзілдеді Әнуар.

– Мұхтар Әуезовті құтқаруыңызға себепші болғанын айтып едіңіз. КГБ-ның өзінде жүріп олай істегені ерлік-ақ! – дедім, алдыңғы орындықта отырған Абдоллаға тусыртынан сүйіне карап.

Ағасының фамилиясы неге Қылышбаев екенін кейін білдім. Мен немерелес ағасы болар деген едім, олай емес, екеуі бір әке, бір шешеден туыпты. Тек Абдолланы нағашысы Дихаш Қылышбаев құйттайында бауырына салып алыпты. Мұны Әнуардың бөле қарындасының ері, медицина ғылымдарының докторы Наурыз Сұлтанов айтты. Мұхтар Әуезовті 1953-жылы тұтқындалудан қалай құтқарғандығын Әнуар сырлас туысы Нәукенә әңгімелеген көрінеді, бірақ Әнуарға жәрдемдескен жігіттердің аты-жөні жадында қалмапты. Мен де біле алмай, есімдерін шартты түрде жаздым.

Кезінде Мұхаң: «Егер 1-Петр Еуропаға терезе тескен болса, Әнуар Әлімжанов – Азияға шалқасынан ашты!» деген екен. Шәкіртінің бүкіл Африканы аралап, олардың ұлт-азаттық үшін күрес жүргізген, жеңіске жеткен жауынгерлері сапындағы жас ақын-жазушылармен танысып, тіл табысып, достасып, ұлттық әдеби ұйымдарының құрылуына, қалыптасуына жәрдем жасағанын көрсе, өзінің арман-өсиетін орындай білген шәкіртінің ұйымдастыруымен, басшылығымен Азия және Африка жазушыларының 1973-жылғы қыркүйекте Алматыда өткен бесінші конференциясы ғасырларға созылған отаршылдықтан азат Африка әдебиетіндегі ең ірі тарихи оқиға болғанын, шәкіртінің Африканың оянуынан өз елінің кеңестік империяның шідерінен құтылуына куә болғысы келгенін көрсе, онда Мұхаңның: «...Әнуар Әлімжанов – Азия мен Африкаға шалқасынан ашты!» дер еді-ау!..

Ал Әнуар Ұлы Ұстазы Мұхаң хақында не деп еді? «Дана дарын» деп тақырып қойған естелігіне (1977-жыл) көз жүгірте отыру жөн болар:

«...1960 жылдың қоңыр күзі болатын. Азия, Африка халықтарымен ынтымақтасу жөніндегі 1-кеңестік конференцияға қатысатын Қазақстан делегациясы Сталинабадқа аттанды.

Топты Мұхтар Омарханұлы басқарды.

Аспанға көтерілген кезде Мұхтар аға мені жанына шақырып алды. Бастапқыда маған әншейін бірер сұрақ қойып, біртіндеп ашылып, «Литературная газетаның» жоспары, жас жазушылардың жаңа шығармалары туралы сұрай бастады, содан кейін өзіне ұнаған жас композиторлардың әндері, суретшілердің суреттері, Тұманбай Молдағалиевтің өлеңдеріне тоқталды, Олжас Сүлейменовті аузына алды.

(Әнуар ол жылдары «Литературная газетаның» Қазақстан мен Орта Азиядағы меншікті тілшісі екен. – Ғаббас.)

Әңгімеміз самолет Ташкентке қонуға ыңғайланғанда ғана тоқталды.

Біз Сталинабадқа ұшатын самолеттің рейсіне кешігіп қалыппыз.

Мен бүкіл анықтамаларды аралап шықтым. Сталинабадқа ұшатын басқадай ешбір самолет болмады. Камил Нұғманұлы Яшеннің пәтеріне телефон соғып, барлық жағдайды айттым. Мұхаң бақтың түкпір жағында оңашаланып, ренжіген сыңайда көңілсіз отырды. Өзінің сырқатын еске алды, бір кесе ыстық шай сұратты. Арада жарты сағат та өткен жоқ, аэропортқа Ғафур Ғұлям мен Камил Яшен бастаған өзбек жазушылары бірінен соң бірі келе бастады. Құрметті қонақтарға арналған залда дастархан жайылды. Шараф Рашидов келді. Біздің делегацияға арнаулы самолет біріліп, Сталинабадқа жүріп кеттік. Ол қалаға түнде барып түстік. Ал ертеңгісін таңертең Мұхаң құрметті төраға ретінде Азия, Африка халықтарымен ынтымақтасу жөніндегі конференцияның алғашқы мәжілісін жүргізді.

Конференция өтіп жатқан театрда ол кезде енді ғана ояна бастаған Африканың жас жазушылары, жас мемлекет қайраткерлері Мұхаңа зор құрметпен, кейде тіпті балаша ұяла жақындап, ұсынған

қолын имене алып, Мұхаңның еңбектерін білетіндерін, өздерінің әдебиет мәселелерін айтып, 1956 жылы Делиде негізі қаланып, 1958 жылдың күзінде Ташкентте бірінші конференциясы болған Африка-Азия жазушыларының ассоциациясын одан әрі дамытуна қатысты пікір алысып жүрді.

Әрбір таныстық, әрбір әңгіме Мұхана күш-қуат беретін. Ол біраздан бергі сырқатын ұмытқан тәрізденіп, әзіл айтып, көңілді жүрді. Әңгімесінің, әрине, тәлімі көп. Әрбір ойы тыңдаушысын толғандыратын. Әңгімелескен адамынан сол елдердің өмірі, әдебиеттерінің қайнар бұлағы туралы ынталана сұрап, еркін әңгімелесетін. Мұндайда мені өзіне шақырып:

– Саған осының бәрін тыңдап, түсініп алып, жазу керек, – деп ескертіп қоятын.

Ал мен әр кеш сайын коридордың телефон тұрған бұрышында оңаша қалып, конференцияға қатысушылардың авторлық мақалаларын және конференция материалдарын редакцияға уақтылы беруге асығамын. Мұхаң ол кезде әдебиетке енді ғана араласа бастаған мен секілді жас жазушыға ерекше ілтипатпен, білдірмей көмектесуге тырысатынын ішім сезіп, разы боп жүрдім. Телефонмен материал беріп отырған менің қысылыңқырап қалғанымды аңғарып, оңаша қалсын дегендей, қасындағы серіктерін баққа қарай әкететін. Ал ертеңгісін «Литературная газетаның» кезекті санын қолына алғанда мақаланың әрбір жолын қадағалап оқып, менің жұмысымды тексеретін. Бұл сәтте мен қобалжып, студенттік жылдарымда емтихан және зачет тапсырғандағым секілді, Мұхаңның бет құбылысын аңдаймын: байыппен күлімдеп, сәл ғана бас изеуі мен үшін жоғары баға болатын...

Мұхаңның конференция жабылатын күні әдебиет кешінде сөйлеген сөзі: орыс әдебиеті дәстүрлеріне, Азияның, Африканың жас әдебиеттерін өркендету мәселелеріне, Орта Азия, Жапония, Қытай, Корея, Түркия, Үндістан, Араб елдерінің көрнекті жазушыларының шығармаларына, Батыс пен Шығыстың өзара мәдени байланыстарының ежелгі дәстүрлеріне арналды. Ол Мұхтар ағаның аса жарқын, шабытты, терең ойлы сөздерінің бірі болса керек. Әдебиет пен өнердің өмірдегі орны, суреткердің азаматтығы, адамзаттың асыл

мұраттары жолындағы күрескерлігі және жазушының қоғамдағы орны мен қоғам алдындағы жауапкершілігі жайында шабыттанып сөйледі. Оның сөзі аяқталғанда кездесуге қатысушылар ду қолшапалақтады. Азия мен Африканың жас әдебиетшілері Мұханды орталарына алып әңгімелесіп, көпке дейін босатпады...

Алматыға келгеннен кейін біраз уақыттан соң Мұхаң Қазақ мемлекеттік университеті залында жастарға сөз арнап, халықаралық конференцияда айтылған суреткердің парызы мен азаматтығы туралы ойын керемет дамыта айтты. Жас таланттардың өсуіне қуаныш білдіріп, жастар поэзиясы, жас композитор, жас суретшілер туралы тебірене сөйлеп, әдебиет пен өнердің биік мақсаттарына тоқталды. Залда отырған жастарға мынадай өсиет айтты:

«Біздің жастар – оқымысты жастар, ізденуші жастар, білімді жастар. Бұл жастар – әдебиетке қойылатын талапты ескеретін жастар. Міне, мұндай жастар терең сырлы, сөзге сараң болғысы келеді...»

Бұған қоса ол: «Жақсы жаздым екен деп асқақтамау керек, тумай тұрып толдым, жазбай жатып болдым деуден аулақ жүру керек... Өзіне өзі ғашық болушылық – бұл адамның үлкен соры... Өзін-өзі рекламалаудың ешбір қажеті жоқ... Жеке адамды рекламалау – талантсыздықтың белгісі, ол – пендешілік» деген еді.

Сөзінің соңында Мұхаң былай деген:

«Сендерде адал әдебиетшілік үлкен әділ таразы бар, салмақты сабыр бар, әдебиеттің жақсылығын шын сүйетін, шын берілген кішіпейіл әдебиетші болындар. Жақсы жазғандарың далаға кетпейді, ешбір қасиет бағаланбай қалмайды, алтының танылмай қалмайды. Жақсылық арта түседі. Әдебиетке сұлу мінез әкелуші, үлкен мәдениетті әкелуші нұрлы, жақсы, жарқыраған өрісі бар жастар, еңбектеріңнің жемісті болуына, талап үстіне талап, нұр үстіне нұр құйып, оқу-білімдеріңнің өсіп-өрлеуіне ағалық достықпен тілектеспін!»

Оның сөздері жас таланттарға айтылған тілек қана емес, дана тәрбиеші, ұлағатты ұстаздың өсиеті болып естілді...

Мұхтар аға өмірге құштар және ашық-жарқын болатын, жастармен жиі кездесіп тұруды қалайтын. Әдебиетке алғашқы

қадам жасаған жастармен әңгімелескісі келіп жүретін. Мұхаң бір жолы маған: «Сен алғашқы повесіңді жазып бітірді дегенді естідім. Маған қолжазбанды әкеліп бер, – деді.

Екі күн өткен соң ол телефон арқылы мені өзіне шақырды. Қақпада қарсы алып, жұмыс кабинетіне апарды. Күлімсіреп, машинкаға басылған бірнеше бет қағазды маған ұсынды.

– Бұл сенің повесіңе жазылған алғы сөздің екінші данасы. Бірінші данасын баспаға бердім. Жақсы бастапсың. Повесть жұртқа қажет дүние боп шығыпты, – деді.

Көңілім алып-ұшып, ешнәрсе дей алмадым. Қағазды алып есікке беттедім.

– Қайда барасың? Неге үндемейсің? – деді ол.

Алғыс айтудың орнына «мұндай қуанышты күтпеген едім» деген тәрізді бірдеңелерді айтсам керек. Ол күліп жіберді де, қолын иығыма артып, қақпаға дейін шығарып салды. Аздап бөгеліңкіреп тұрды. Өзінің жұмсақ, кең алақанымен еркелете арқамнан қақты.

– Бара ғой. Жолың ашық әрі жарқын болсын! Әдебиет – білім мен еңбек қана емес, күрес екенін де біле жүр. Дос көп болады, бірақ дұшпан да табылады, – деді.

...Содан бері талай жыл өтті. Оның жұмсақ алақанын әлі де сезінемін, бізге канат бітірген сөздері жадымда. Сонау Ташкент конференциясы өтіп жатқан кезде мені Әзірлік комитетіне ертіп апарып: «Жұмыстарымен танысып, тәжірибе ала бер, керегі болады. Біз қайткенде осындай конференцияны Алматыда өткізуіміз керек. Бұл ой іске асу үшін қолдан келгеннің бәрін жасау қажет», – дегені есімде.

Біз Мұхаңның ол арманын жүзеге асырдық. Қазақстан жазушылары тарихында алғаш рет «Әдебиет және уақыт» деген тақырыпта жазушылардың халықаралық пікір жарысын өткіздік...

Мұхаңның шығармашылығы, ғылыми еңбектері, ағартушылық және қоғамдық қызметі Абай мен Жамбыл дәстүрлеріндегі бар асыл, жақсы дегендердің басын біріктірді. Батыстың және Шығыстың озық мәдениетінің өркенді жемістерін сәтті орайластырып, сол арқылы бүкіл адамзат алдында туған халқының, оның ұлы перзенттерінің абырой-даңқын арттыра түсті.

Өзінен кейінгі барша жазушы, драматург, тарихшы немесе филологтарға Мұхаң еңбектерінің ықпалы тигені – табиғи құбылыс. Оның ұлы эпопеясына, хикаялары мен әңгімелеріне, мәдениет тарихы жайлы ғылыми еңбектеріне, философиялық-ақындық пьесаларына үніліп, үйренген сайын біз халық алдындағы жауапкершілігімізді тереңірек сезініп, өзімізге қойылар жоғары талапты одан сайын сезіне түсеміз.

Қазақ «жақсы әке – жаман балаға қырық жыл азық» дейді. Бұл мақалды әрқалай түсіндіруге болады. Бірақ мұндағы философиялық мәнді, халықтық даналық ойын ешкім де теріске шығара алмайды. Бұлай деуімнің себебі: бүгіндері Мұхтар аға арамызда болмаса да, бейнебір көзі тірідей, біздің күнделікті жұмысымызда көмегі тиюде. Біз – Мұхаңның рухани балалары – одан суреткерлік шеберлік сабағын алып, өмірді танып-білуді үйренумен бірге, ол сияқты, көргендерімізді ғылыми саралап, архивтен тапқандарымызды талдауды үйрендік. Бұған қоса ол біздің достарымыздың – біздің әдебиетіміздің, халқымыздың мәдениетінің достарының қатарын көбейтіп кетті.

Бір дана айтқан екен: «Егер алысты өзгелерден бұрын көрген болсам, оның себебі: мен алыптардың иығында тұрдым» деп. Бұл сөздерді өзімізше айтсам: «Егер қазақ әдебиеті дүниежүзілік аренаға кең адымдап еркін шыққан болса, оның себебі – Мұхтар Әуезовтің арқасы», дей аламын.

Өмірінің соңғы жылдарында ол мені өзінің достарымен – Берді Кербабаяевпен, Мырза Тұрсын-Задемен, Межелайтиспен, Камил Яшенмен, Американың ұлы перзенті Уильям Дюбуамен, түрік ақыны Назым Хихметпен, араб Фаиз Ахмад Фаизбен, түрік прозаигі Әзиз Несинмен, үнді романисі Гопал Халдармен, будда монахы Удакендавала Сарананкара Тхеромен, корей прозаигі Ли Ги Енмен... таныстырды. «Бұлардың әрқайсысы – бір шоқжұлдыз», – деп, сол достарын ерекше құрметтейтін. Олар болса, Мұхаңды жоғары бағалайтын, әдеби мәселелерде Мұхаңның пікірін біліп алуды жөн көретін. Олардың біразы бүгіндері дүние салды. Ал көзі тірілері Мұхтар ағаны ұмытпайды және де әрдайым бізге М. Әуезовтің шәкірттері деп қарап, қолдан келген көмектерін көрсеткілері келіп тұрады. Халықаралық қызу айтыстар кезінде

болсын немесе афро-азия жазушыларының мәжілістерін әзірлеуге байланысты белгілі бір мәселенің шешілуі кезінде болсын олар бізге Мұхтар ағаша жәрдемдесіп бағады.

Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы ғана емес, оның жеке басының қасиеттері, терең білімділігі, жоғары мәдениеттілігі, қарапайымдылығы мен адалдығы, көзқарас кеңдігі мен ойының тереңдігі біздің достарымыздың қатарын көбейтті.

Оның достары мен серіктерінің – дүние жүзінің атақты жазушыларының және көптеген елдегі оқырмандардың Мұхтар Әуезов туралы айтқан сөздері ешқашан ескірмейді деп ойлаймын...

Мұхтар аға – педагог, тәрбиеші әрі ұстазымыз. Ол біз үшін көзі тірісінде қандай болса, әлі де сондай.

Ол – күрескер жазушы, ойшыл суреткер. Творчестволық жолы ә деп басталғаннан-ақ адал әрі әділ болды. Содан кейін де ол бұл бағыттан ешбір айныған емес.

Біз лық толы аудиторияларда отырып, халықтың ақындық бай мұралары, туған әдебиетіміздің тарихы, Шығыс елдері әдебиеті туралы Мұхаң лекцияларын құмарта тыңдайтын едік. Біз үшін Мұхаң дана әңгімеші болатын. Оның әрлі, шабытты сөзі, Шығыс халықтарының мәдениеті мен тарихын аса жетік білетіні, ең бастысы, кісілік асқан парасаты бізді баурап алатын.

Шәкірт өнегелі ұстазын, баласы әкесін қалай сүйсе, біз де оны аса құштар көңілмен сүйдік. Өз басым бұрын да, қазір де Мұханды халқының дана да ұлы перзенті, қарапайым да қайырымды азаматы деп білем...

Әлі талай жылдар өтер. Жаңа ұрпақ келер. Сонда олар халқымыздың рухани қазынасына кімнің қандай үлес қосқанын таразыға салып, бағалайтын болады. Сонда олар біздің заманымыз туралы ғана емес, ғылым мен мәдениеттің қарыштап алға басуына ақыл-ой жұмсаған дана адамдар жайлы тебірене айтатын болады. Өмірлері ерлік болған қасиетті есімдердің арасында Мұхтар ағаның да есімі жарқырап көрінетіні анық...

Аравия теңізінде Элефант аралы бар. Бомбейден оншама алыс емес. Бір кезде Европа жаугершілері Үндістанға жорықты осы арадан бастаған. Олар келместен көп бұрын халық таудың

тасын қашап, жер астына ғибадатхана салған. Мәзін-қазилердің басшылығымен үндінің айтулы суретшілері мен мүсіншілері қараңғы жер астында отырып, тастан құдайлардың кескінін қашаған. Кейін жер асты ғибадатханаларына барған жұрт сол құдайлардың айбатынан ығып, бас иген.

Мен 1965 жылғы мамыр айында, ертеңгісін, тәуәп етушілер жоқ кезде әлгі ғибадатханаға бардым.

Үлкен есіктен түскен жарық тас мүсіндердің жансыз жанарларынан қаймыққандай бұйығы тартып, зал ішін бұлыңғырлап тұр.

Гидтің әңгімесін тыңдап болып, кетуге ыңғайланғанымызда қатпар-қатпар таудың әлдебір жарығы арқылы түскен жіңішке сәуле шағын хауыздағы су бетіне айнадай шағылды да, қабырғаларды аралап жөнелді. Міне, ғажап! Тастарға жан бітіп сала берді. Құдайлар күлімсіреп, қимылдай бастады. Күлкілері мейірімді, әдемі. Беттеріндегі әрбір әжім тіріліп шыға келді.

Ол ғажап көріністің қаншаға созылғанын білмеймін: бір минут пе, екі минут пе, әлде бес минут пе? Әулиелер мен әміршілер құдайлардың құпия жай-жатағына жарық түспеуін өте қатаң қадағалағанына қарамастан, көне дәуір мүсіншілері өз қолтумаларын мәңгі қараңғылықта қалдыруға қимағандарын түсінуге соның өзі жеткілікті еді. Олар амал асырып, жақпар-жақпар тас арасынан күн көзіне жіп ізіндей жол тапқан. Күн нұры мұнда жылына бір рет, онда да сәті түскенде қасқағым мезетте «үңіліп» өтеді. Мәселе онда емес, мәселе – осы сәтке кез болған адамның көне шеберлер қолынан шыққан өнердің әсемдігін өзімен мәңгі әкеткенінде, біздің солардың құдіретті таланты мен ақыл-парасатына шүбісіз сеніп шығатынымызда.

Мен бұл оқиғаны тектен-тек айтып отырған жоқпын. Меніңше, Мұхтар Әуезовтің ұлылығы – мейлі, ол халқының сонау өткенін жазсын, мынау бүгінгісін жазсын – әдеби кейіпкер-перзенттерін жанымызда жүре беретіндей, өшпестей бейнеге айналдырған дана дарынының шексіздігінде. Ол халқымыздың бір ғасырлық өмірін – аса күрделі, қаһарман өмірін жаңаша сәулелендірді...

Мұхтар ағаның кітаптарын көптеген елде ұшырастырдым.

Піл Сүйегі Жағалауындағы Абиджан қаласында, Жасыл Мүйіс аралдарында, Гвинеяның кітап дүкендерінде көрдім. Жолым түсіп Цейлонға бара қалғанымда, бейбітшілік жолының атақты күрескері, Халықаралық Лениндік сыйлықтың лауреаты, будда монахы Удакендавала Сарананкара Тхеро өмір сүріп, қызмет істеген шіркеуге барып, қабірі басына гүл қойдым. Оның жай-жатағында болдым. Монах спартандық ғұмыр кешіпті. Темір кереует. Сабан төсек, орындық, шелек, ожау. Басқа ештеңе жоқ. Бар байлығы қатқат кітаптар ғана екен. Будданың өмірі туралы, дін тарихы туралы кітаптар. Барлық сөреде киелі кітаптар сығылысып тұр.

Бөлмеден шығып бере жоғарғы сөрелердің бірінен ағылшын баспасынан шыққан «Абай жолының» таныс мұқабасын көзім шалып қалды. Осынау киелі діни дүниеліктер арасындағы жалғыз көркем әдебиет Абай жайлы екі томдық екен.

Монахтардың ақсақалы Мұхтар ағаның кітабын алып көруіме рұқсат етті. Кітаптың кейбір беттерінде Удакендавала Сарананкара Тхероның белгі қойған жерлері бар екен. Ал екі томдықтың соңғы бетінде монахтың көне сингаль тілінде жазған сөздері, шамамен: «Бұл кітап өмірді кеңірек түсінуіме көмектесті», деген пікірі жазулы.

Біздің ұстазымыз Мұхтардың көсем таланты Элефант аралындағы құдайлардың тас қараңғы мекен-жайына түскен күн сәулесі сияқты, басқа жұртқа өз халқының нәзік те асқақ өмірінің әдемілігін ашып берді. Туған топырағы әу бастағы табиғи бояуына ие болды, байтақ даласы шаңнан тазарып, жұпар иісін қайта тапты...».

Бұл – табиғи, мерейлі мақтанышқа толы жүректің сөзі!

Ұлы жазушы Мұхтардың шәкірті бола білген Әнуар Әлімжанов 1990-жылғы қараша айында Ұлы Британияның Қауымдар палатасында сөйлеген сөзінде (КСРО тарихында халықаралық мәртебелі ол мінберге шыққан жалғыз өкіл – Әнекең!) былай депті:

«...Кеңес Одағында жасалған 715 жарылыстың 454-і Қазақстанның Дегелең деген жерінде болды...

Мен – қазақ, қазақтың ұлы ретінде сіздерге мынаны айтуға тиіспін: бұл жарылыстардың бәрі біздің жеріміздің қасиетті өңірінде, біздің бүкіл көркем өнеріміз бен әдебиетіміз әспеттеп келе жатқан Қозы мен Баян махаббаты жайындағы көне дастан

туған жерде жасалды. Ол өңір – біздің халқымыз, мәдениетіміз үшін ең қасиетті де киелі жер!..

Осыншама зұлмат-сұмдық Ресейде, Лев Толстойдың отанында, оның Ясная Полянасында болуы мүмкін бе? Шекспир, немесе Диккенс, Бернс, немесе Байрон туып-өскен жерлерде ше? Бұл сұраққа өзім жауап берейін: Жоқ! Мүмкін емес! Ал қазақ мәдениетінің бесігі болған жерде жарылыс жасау – жиырмасыншы ғасырда үш рет: 1904 – 1905-жылдарғы, 20-жылдарғы тауқыметке және отызыншы жылдарғы қасақана жасалған аштыққа ұшыратылған халықты ақыл-есінен тағы бір тандыру...

Мырзалар, мені дұрыс түсінгейсіздер! Мен ядролық қаруларды пәлен жерде сынауға болады, түглен жерде сынауға болмайды деп тұрған жоқпын. Ол қаруларды қай жерде болсын сынау – адамгершілікке жат, адамзатқа қарсы іс. Сөз ыңғайына қарай айта тұрайын: әлгібір әзірде мен атаған жазушы Әуезов пен ғалым Сәтбаев радиация улаған сол жерлерде 50- жылдары бірнеше рет болды, жерлестерінің хал-ахуалын біліп, әңгіме-сөздерімен жұбатып бақты және, әрине, онымен тынбай, тоталитарлық жүйеге қарсылық білдіріп жүрді. Олар сол үшін «ұлтшыл» деген жалған айыпқа ұшырап, қуғын көрді, ақырында қатерлі ісік сырқатынан қайтыс болды...».

* * *

«...1961-жылдың маусым айында Қазақ КСР-ның қырық жылдығы тойланды. Мерекелік салтанатқа қатысу үшін Алматыға Леонид Соболев келген еді, республиканың Жазушылар одағы 27-маусымда оның құрметіне қонақасы берді. Бәріміз дерлік сондамыз. Мұхтар Омарханұлы ғана жоқ, ол Мәскеуде. Күрделі операция жасатуға барған.

Қонақасының үрдісінше, ақын-жазушылар кезектесе көңілді сөз сөйлеп, тост айтылып жатты. Менің жанымда жас жазушы Әнуар Әлімжанов отырған. Өңі әншейіндегідей емес, қуқылданып, өзі қалайда жайсызданып, тамаққа мүлде зауықсыз болды. Ол бір кезде маған иығын тигізе еңкейіп: – Мен енді шыдай алар емеспін. Біз мұнда жайбарақат сөйлеп, арақ ішіп, мээ болып отырмыз, Мұхтар Әуезовтің жоқтығынан хабарсызбыз, – деп сынық үнмен сыбырлады.

– «Жоқтығынаның» қалай?

– Операция сәтті болмапты.

Әнуардің «өлді» деген үрейлі сөзді айтып естіруге дәті бармай, манадан қиналып отырған халін сонда ұқтым. Көзі жасқа толы.

– Онда мына жұртқа айту керек.

– Иә, айтқан жөн болар. «Литературная газетаның» редакциясына телефон шалып едім, олар азахабар, көңіл айту бергелі жатыр екен.

Тост айтылып, арақ ішіліп, жұрт мээ-мәйрәм.

Әнуар орнынан тұрып, шолып алып, қайғылы хабарды нали айтты. Жұрт тым-тырыс бола қалды. Мұханның қазасы бәрінің де еңсесін езіп, есеңгіретіп жіберген еді. Сәлден соң әлдекім Мұхтар Омарханұлы туралы сөз бастап еді, көпшіліктің оны тыңдағысы келмеді. Мұхтарды кіршіксіз құрметтейтін, шексіз жақсы көретін қаламдастары көздеріне жас алып, үн-түнсіз тарай бастады...

Мен үйіме төте жолмен емес, айналма жолмен қайттым. Өзім мен өзім ұзағырақ болғым, Мұхтармен бірге өткізген сәттерімді есіме түсіргім келді.

Кейбіреулерше: «Мұхтар менің қимас досым еді» дей салғым келмейді. Екеуімізді әдебиет табыстырды, әдебиеттің шаруасы жайында пікірлесіп жүргенімізге он-онбес жыл ғана болды. Алайда отыз жеті жыл бойы, баяғыда Семейде алғаш көргенімнен бастап білемін. Алматыда, Мәскеуде кездесіп жүрдік. Мұхтардың жарқын жүрген де, жабырқау жүрген де жылдары есімде...

Үйге кірген бойда енді өзіме ерекше ыстық болар папканы қолыма алдым. Ол – Мұхтар Омарханұлының маған жазған хат-хабарлары сақтаулы папка. Ашып, ішіндегілерін бір-бірлеп алып қарап, қимасымыздың қымбат бейнесін көзіме елестеттім... Николай АНОВ («Жарқын бейне жадымда» естелігінен).

Көркем ойдың кемеңгері, сырлы сөздің зергері Мұхаң хақында дос-жолдас, аға-іні замандастарынан қалған жылы лебізді ұрпақтарының әрбір буыны алға ұластырып, әдеби мол мұра-қазынасы, ғұламалық, азаматтық қасиеттері туралы толғана, тебірене, сүйіне әңгіме шерте берері шүбәсіз!

2010-жыл.

ГҮЛ АҢСАҒАН БІР ҒҰМЫР

Талықсып барып батыпты айым,

Жұлдыздар сөніп көктегі.

Жаутандап қалды аққайың,

Таусылып базар көктемгі.

Тоқтарбек ҚЫЗЫҚБАЙ.

(«Махаббат, сені пір тұтып...» өлеңінен)

Күміс қоңырау үніндей керімсал күлкі жаздың жасыл желегін жамылып тұрған қайың тоғайды еркелене аралап жүрген тәрізді: бірде ақжаймадай ақтарыла сынғырлап, бірде құмығыңқы күмбірлеп, біресе о тұстан, біресе бұ тұстан естіледі. Бірін-бірі көбелекше қуалап, жеткен сәтте қолдарындағы бес-алты тал қазотымен желкелерінен қытықтасып, таза табиғаттың тыныш құшағында көңілдері тасып жүрген қыз бен жігіттің қылаусыз балаң қылықтарына аппақ аңсар қайыңдардың ләззәт леп тербеген елгезек жапырақтары түп-түгел емірене қызығып, түп-түгел қосыла сықылықтап қоштағандай.

Аясына әдейілеп шаншып өсіргендей қаз-қатар қайыңның арасындағы екі жастың күлкісін естіген, екі жастың келбетін көрген қарт Алтайдың мәңгі-бақи мызғымасқа жаралған ақ шұғылалы шындары бүгін биіктей түскен тәрізді, шырқау төбелеріндегі талтүскі күнге шекелерінен қарап шаттанған сияқты. Ұрпағының қызығына тоймайтын, қайта, ол қызықтан өзі де қызу алып мерейленетін, шүкіршілік сезіммен шоқтықтанатын мархабатты қарттың марқайған таныс әлпеті. Кең құшағын кермиықтана ашып, қабағын кербез керіп: «Айнала-а-йын!.. Айнала-а-айын!..» – деп тұрғандай.

Туа киген ақ күпісін шешу пешенесіне жазылмаған Алтай қараша кіре аймағына айғақтап тез тарататын ызғарын мамыр келе және тездетіп жиып алып, қыс қамбасының қақпасын енді алты ай ашпасқа қымтап жабады да, жаз қамбасының қақпасын айқара ашып, ой мен қырға жылуын шалқыта жаяды: суықсінді бұйығы дала бусанып, керіліп, жадырап, жайнап сала береді – қырда қызғалдақ гүлдейді; ойда қызыл тал бүрлейді; мойыл тоғай ақ күлгін үкі-

шоқ тағынып, хош иісі аңқиды; бел-беткейдегі көк терек үстінде қаркылдасып көк қарғалар қалбалақтайды; жыланқабық марал қарағандар жез түйреуіштерін қаданып, көзінді суарады; жота-жотаға жойқын кескін бере емен тоғай бұйрасынданады; еңселі балқарағайлардың ішін еңбеккер ара шіркіндер сыбызғыларын сызылтып жүріп кезеді...

Сұлу желегінің сусылы сүйкімді әуен таратқан сымбатты қайың тоғайдағы ерке күлкі, жас күлкі әлі де сыңғырлап, әлі де күмбірлеп тұр. Тыңдашы!.. Кірбең-кіршіксіз бейқам көңілдің күлкісін, көктем-өмірдің күлкісін тыңдаңдаршы!..

Тоғайды тура ортасынан тең қиып жатқан жалғыз аяқ жолмен ары-бері өтулі бірен-саран кәрі-жасты елеңдеткен, елегізйткен бұл ерке күлкі кенет тыйыла қалды. Тоғайдың Тұнықкөл жақ іргесіндегі алаңға жүгіре шыққан шат-шадыман қыз бен жігіт қос дөңгелекті қол арбаға қарсы келіп қалғандарын кеш аңғарып, күлкілері кілт үзіліп, екеуі де қалт тоқтап, әлдебір әбестік жасап алған шәкірттерше біріне-бірі қарап ыңғайсызданып, енді ебедейсіздеу ығыса берген. Қол арбада толқындай бұйра бурыл шашты, қара көзәйнекті ақ құба әйел отырған да, басына көгілдір орамал тартқан қысық көз сары келіншек қол арбаны итеріп келе жатқан-ды. Қол арба да аялдады. Отырған әйел көзәйнегін алып, қиыс қатар тұрған қыз бен жігітке атжақты жүзін бұрып: «Сәлеметсіңдер ме, шырақтарым? Ақбастауда болдыңдар ма, көгалы кеуіп пе екен?» – деді, ұзын кірпікті қой көзінен жылу төгіліп.

– Жоқ, апай, біз онда болған жоқпыз, – деді қыз, Ақбастауда болмағандарына кешірім өтінгендей кейіппен қысыла күлімсіреп. Жігіт растағандай бас шайқады.

– Ә, оқасы жоқ, жарайды, шырақтарым, ғұмырлы, бақытты болыңдар! – деді сауал иесі, иығына жамылған жұқа жасыл шәлісінің ұшымен көзәйнегін сүрте бастап.

– Сау болыңдар! – деді көгілдір орамалды келіншек. Қол арба ілгерілей берді.

– Сау болыңыздар! – деді қыз бен жігіт, алдын ала келісіп алғандай-ақ бір демде. Қол арбаны көздерімен ұзатып салған қыз бен жігіт көлге қарай аяндады.

– Айке, жаңағы кісілер кімдер? Сендердің ауылдарыңдікі ме? – деді жігіт сәлден соң, бейжай салмақты үнмен.

– Ораш, ол апай бізге: «Ғұмырлы, бақытты болыңдар!» – деді ғой, біз бақытты боламыз, иә? – деп қыз жігітке бұрала сүйеніп, шырайланған жүзін оның тершіген, ақ көйлектен қызу теуіп тұрған иығына жасырды.

– Кәріп адамның тілегі қабыл болады деуші еді, айтқаны келгей, тағдыр бізге тарынбағай! – деді жігіт, Айкенінің қос бұрымның салмағынан тықырланған төбесіндегі айшықты орайынан иіле сүйіп.

– Жағада кісі аз екен, ә?

– Айке, жаңағы апайлар сендердің ауылдарыңдікі ме?.. Сен оларды танысың ба? – деді Орашы, жауапсыз қалған сұрағын ойланыңқырай қайталап.

– Арбада отырған апайдың аты – Еңлік... Кебек кездеспей... байғұс мүгедек болып қалыпты, – деген қыз үнінен бір діріл аңғарылды.

Қыз жігіттің қолтығынан қолын алып, үн-түнсіз тоқтады. Көлімшісінен жеткен желемік оның тал бойына шақ ашық сары түсті, ұсақ ақ гүлді, қысқа жең жібек көйлегінің қайырма жағасын балықтың су сүзіп тұрған желбезегінше ақырын ғана желп-желп еткізеді, ол жаз күнінің күрең бояуы жұқа жағылған мойынға жарасымды екен. Дөңгелек жүздегі сәл сүйірлеу нәзік иек пен түп-түзу қыр мұрын, сұйықтау қасты ай қабақ бота көздің аясын кеңіте түскендей. Ал ұзынша бойлы жігіт атжақты, пістелеу мұрынды, қиық көз. Мойылдай қап-қара қалың бұйра шашы тік иықты кең жауырынға түйдектеліп төгіліп тұр.

– Ораш, үйге қайтайық, бірақ сен біздің ауылға көрінбе, өз ауылыңа қарай аянда, – деп қыз жымия бұрылып қарады. Көзінен «ренжімеші!» – деген назды өтініш оқылғандай. Жаңағы сауалдарына жауап тоса қызға қарап қалған жігіт ол өтінішті «оқыды» білем, қызды қолынан ұстай тартыңқырап:

– Диплом жұмысымды жазарда болмаса, одан беріде ауылыңа жолатпайтыныңды білем, маған сенбейтін шығарсың? – деді әзіл раймен.

– Сенбегені несі? Әлден келе беру ұят емес пе? – деп қыз көзін төңкерді.

– Маған осы бір сәтің керемет ұнайды, – деп шалт қимыл жасаған Орашы оны көзінен сүйіп-сүйіп алды.

– Ораш, әлдекімдер қарап тұр ғой, эне, – деп Айкені ақырын ғана ығысты.

– Жарайды, жүр, кеттік, ертең де осында жолығайық, иә?

– Ертең біз үй әктейміз, қазір барысымен бәрін дайындаймын.

– Онда бүрсүгіні ме?

– Түстен кейін, сағат бестен кете тос.

– «Сағат он жетіден кете» де.

– Ойпырым-ай, бұл журналист дегенің ұсақ-түйекке де ұқыпты болады екен! – деп қыз күліп жіберді. Жігіт қосыла күлді. Екеуі көлдің құбыласына қарай аяңдады. Жусанға бергісіз жап-жасыл теңгежапырақ бәтеңкелерінің жұлығын жалап қалып жатыр. Екі-үш минут шамасы үнсіздіктен кейін қыз жігітке көз тастап алып:

– Әлгі қол арбадағы апай... Алматыда ҚазПИ-де оқыпты... үшінші курста жүргенінде... жатақхананың үшінші қабатынан... терезесінен секіріп кетіп, бір аяғы, жамбасы, омыртқасы сынып, содан... қазір ауылда... өте жақсы кісі, поштада істейді. Ауыл қатты сыйлайды. Жаңа көрдің ғой, қандай сұлу!

– Терезеден секіріп кеткені қалай, неге секірген? – деп қалған жігіт үнінде тіксініс-таңданыс бар еді.

– Жанындағы қыздар киноға кетіп, Еңлік апай бөлмеде жалғыз отырғанында өздерімен бірге оқитын жігіт келіп, сол тиісіп... дөрекі екен... содан құтылам деп, есіктен шыға алмайтын болған соң...

Екеуі де үнсіз. Қыз солған қазотын сусытып жіберді де, оң бұрымын омырауына іркіп алып, өрімін ширықтыра бастады. Әлден уақытта жігіт:

– Жексұрын! – деді нығыздап. Ақырын айтса да, айқайлағаннан асырып, уытты айтты. Қолындағы қазотын лақтырып жіберді. – Ол жексұрын бұ күнде балалы-шағалы боп тайрандап жүрген шығар! Бір адамның өмірін өксіткені ойында жоқ та ғой, ол жауыздың! – деді және.

Екеуі соқпақ жолдың екі ауылға бөлінер айрығына жетіп еді...

Дақсыз сезімдей тап-таза мөлдіреген Тұнықкөл тымық жатыр. Әуелі баптап орнын сайлап, содан соң ғана суын шүпілдетіп құйып қойғандай әдемі-ақ. Жайдақ жағасының кейбір тұсы құмдауыт та, кейбір тұсы – ұйыса өскен таңдай-таңдай қазоты. Қайың тоғайға қарсы бетінің біраз жерінде шуылдақ ши-қамыс бар. Жаз әлетінде Тұнықкөл жуас болады, жадырап жайдары жатады. Тұнық десе – тұнық. Қайықпен қай тұсына барып үңілсең де, ірілі-уақты аппақ тас әдейілеп төселгендей түбі әжептеуір анық көрінеді. Тең ортасының тереңдігі жиырма-отыз метр екен деседі жұрт. Кім, қашан өлшегені беймәлім. Суы тым суық, күннің қызуы ересен көтерілетін шілденің өзінде де бұған екінің бірі шомыла алмайды. Жағасында у-шу қарбаластың бүгін, сенбі күні де аздығына себеп – суының сол суықтығы. Құбыласындағы көрші екі ауылдың бірі үш шақырым, бірі алты шақырым жерде, олардан мұнда тіпті жексенбіде де келетіндер сирек, уақыт жоқ, шәкірттерге дейін оны-мұны шаруаның айналасында. Тұнықкөлдің балық байлығы шамалы. Оның үстіне, аудан басшылары көл мен орманнан балық, құс, аң аулауға бес жылға дейін тыйым салып тастағалы екі жыл – келер-кетер жолдарда күркелі күзет бар. Аупартком ба екен, ауатком ба екен, қайсысы болса да, әйтеуір, дұп-дұрыс шешім шығарыпты, әйтпесе анау қаланың – өті қабынып тұратын Өскеменнің қулары жұманың кешінен бастап мәшін-мотоциклдерін дарылдатып жететін де, сенбі мен жексенбі бойы көлді де, төңірегін де ұйқы-тұйқы қылып, кішігірім соғыс болып өткендей етіп кететін. Туып өскен жері бұл болмағасын, ол бітеу кеуде кірмелерге орман-көл ғұмырының азы-көбі не керек?!

Ертеңін ойлай білген тәңір жарылқағырлардың арқасында тыныштыққа жарыған Тұнықкөл өзіне бүгін бұрылмай кеткен жаңағы екі жастың біраз сырына қанық. Екеуінің түске таман келіп, Дәу шалдан қайық алып, серуендеп, шүйіркелесіп қайтып жүргендеріне бесінші күн. Жігіттің есімі елден ерекше, ол кәдімгі қалқиған құлақ атаулыға тіпті тосын-ақ – Өртұлға. Сартымбет ауылындағы Көкейдің еркеккіндіктен жалғызы. Алматыда оқиды, журналист болмақшы.

Отбасының екі қыздан кейінгі ұлы екен, үлкен апайы қойыпты атын. Бауырым дегенде бауыр еті езіліп тұратын қыз емес пе, «маңдайына жалғыз болу жазылды ма, кім біледі, жасық атанбасыншы, өр болсыншы!», – деген көрінеді. Ал қыздың аты – Айкүміс. Ол – Қызыләскер ауылындағы Тоқбол шалдың кенжесі. Семейде оқиды, есеп-қисап жағының маманы болмақшы. Қоңырлатып ән салатын тәп-тәуір өнері бар. «Қайықта» деп аталатын ән шығыпты жаңадан. Шәмші Қалдаяқовтың әні, соны айтудан жалығар емес. Өртұлға бес сомды Дәу шалға ұсынып тұрып:

– Ата, бүгін қайықтарыңыздың ішіндегі ең желмаясын беріңіз! – деп әзілдейді. Ауызы уәлі бір құрдасының «Дәу шал» дегенімен солай атанып кеткен қол тоқпақтай ғана Шәбден қайық серуенінің ақы-төлем талонын ұстата бере қутындап:

– Әй, жазғыш бала, құлағыңды берірек әкелші! – деп Өртұлғаның өзіне ғана естіртіп: – Саған қайықтың желмаясы не, жауыршабаны не, Тоқболдың тотыдай қызын өліп-өшіп тұншықтыра сүйгеніңді әлі көрген жоқпын. Айыртауға қарап отырасыңдар, тау көрмегендей! – дейді.

– Біздей кезіңізде сіз қайтегін едіңіз? – дейді Өртұлға, қалжыңды қамшылай түсіп.

– Сендердей кезімізде қыз-келіншектерді қойша иіретін едім, не керек! – деп Дәу шал біраз көтеріліп қояды.

Соңғы күндері екеуінің «ассалаумағалейкүм» мен «уағалейкүм-әссаламнан» кейінгі сұхбаттары осының о жақ, бұ жағынан шығып жүр. Оған Дәу шал дән риза.

Өртұлға мен Айкүміс аршылған бөренені қақ жарып, есінен танып аударылған балықтай етіп, қатарлап жасалған сатымен түсіп қайыққа жайғаса бере тек өздері еститін күбірмен: «Ескегіңді берші маған, мен есейін, сен еспе», – деп жымыисады да, екі ескекті екеуі ұстап, қайық жайлап жылжып ұзай бастайды. Қайық көлдің орта шеніне жете ескектер судан алынып, екі жас шеке түйістіріп, қол ұстасып, баяулатып ән созады: «Болсақтағы жаңа таныс...»

Қайырылмасқа кеткен «Ай-хай, жиырма бесін» есіне түсіретін болар, шығар ұшпағына шығып, бес ұлынан он бір немере сүйіп

отырған Дәу шалекең жағадағы құрал-сайман қоймасының көл жақ іргесіндегі қырық жылғы шикылдақ темір кереуетке тастай салған, тозығы жеткен жарты текеметіне тырая жатып, анда-санда басын көтеріп, көл бетіне қарап қояды да: «Өй, әлгі құйрығы суатқа қатып ұалған қасқырша шоқияды да отырады екен!» – деп наразы күңкілдеп алады.

Тұнықкөл, әдетте қазан айы түгесіле пайда болатын Айыр желі еріксіз желіктірер жеңілтек толқынын әзірше түбінде тұқыртып ұстап, тымпиып жатса, Орашы мен Айкенінің жүректерінен жібекше сусыған әсем ән айдынға бауырын төсеген аққудай қалқып барады:

... Самал болар толғандырған,
Айдын шалқар көл бетін.
Сәулем, мені ойландырған,
Сенің жарқын келбетің...

Көлдің күншығысында маңқиып Айыртау тұр. Табиғаттың ежелгі тылсымдылығын куәландыра қазанның 22-24-і аралығында соның Үлкен айырынан кенет екпіндеп құлап, Тұнықкөлді бір күн бойы тербеп-шайқап барып тынатын тау құйыны «Айыр желі» деп аталған. Айыртаудың батыс бауырындағы үш көлдің үлкені – Тұнықкөлмен «есебі түгенделген» соң Айыр желі енді Қаракөлде табылып, оны да әжептеуір әлекке түсіреді де, одан арыда Сарыбелдің жазығына жуаси беттеп, жерге сіңгендей ғайып болып кетеді, біреу Кішікөл, біреу Құрттыкөл атайтын үшінші көлге әсте жуымайды.

Асқаралы Алтайдың күретамыры тақылеттес Ертіс өзенінің сол қапталындағы Ұлан өңіріне тәңір сыйға тартқандай ғажайыптанып, шығар күнге бүйірін тосып тұрған түйе тұрпатты зор таудың жұмбақ құйын тудыратын Үлкен айырының ашасында анау жоңғарлармен айқас жылдарғы бір қиямет кездерде әйгілі батыр Қошқарбайдың қарауыл қосы тұрыпты. Жаудың қарасын Батыр сол биіктен аңдаса керек, өз қолының қимылын содан жеткен белгілерімен бағдарлап жүргізген болса керек. «Таудың анау Шымқора жақ беткейінде Қошқарбай батыр түнеген үңгір бар, оған елу ат еркін сияды, бірақ ол үңгірді табу қиын, жолы құпия», – деседі сол ауылдың

қариялары. Ол әңгімеге Өртұлға бесінші сыныпты бітіретін жылы ұйыған. Мамыр айының аяғында жағрафия пәнінің мұғалімі, талпақ үйрекше теңселіп жүретін Самархан ағалары бастап, соңынан балапанша тізіліп ерген жеті бала бір рет әдейілеп іздеп барған, тау беткейін біраз шарлаған, алайда қалың-қалың қорымдарға жолай алмай, жиек тастардың үстінен таутекеше секиіп қарап-қарап қайтқан. Қақпадай сұр тастың үстінде табақтай боп дөңгелене иіріліп жатқан қарашұбар жыланды көрген сәттерінде Өмірбек деген баланың: «Менің атам Айыртауда ордалы жылан бар, байқандар, біреуіне тиіссендер, бәрі жабылып шағып өлтіреді деген», – деуі мұң екен, сірә, әркімнің әрнеден қорқатыны болады дегендей, Самархан ағайлары жыланнан «жыланша жиырылатын» кісі болса керек, балаларға: «Әй, олай жүрме! Әй, о жаққа барма! Қой, қайтайық, біреуінді жылан шағып алса, пәлеге қалармын!» – деп безектей бастағаны. «Жыланнан қорқатыны бар, неге ертіп шықты?» – деп Дәлел күңк еткен...

Құданың құдіреті дерсің: көз көрімнен ғаламат нән екі өркеш тәрізденетін Үлкен айырға жақындағанында оның «өркештерінің» біреуі тағы да екі өркешке айналғанын аңғарасың. Құдды бар-ау, шудасын шаң шалмаған тайлақтың өркештері! Райланған сұр мәрмәрдан жасалғандай, үстіне тамған тамшы тоқтай алмас ол өркештердің биіктігі 35-36 метр шамасы. «Кіші айыр» деп аталатын олардың ұшына сонау заманда Тәуке батырдың немерелес інісі Құсқанат Ұлан батырдың ғана табаны тиген, беріде ешбіреу шыға алмаған дейді көне аңыз. Кіші айырдың екі өркешінің сынық сүйем биігірегіне тік тұрған Құсқанат Ұланға Алтайдың бас-аяғы түгел анық көрініпті де деседі. Көне қазақы өңірдің – берідегі кеңестік ауданның бастапқыда-ақ Ұлан аталуын Айыр іргесіндегі Шымқора ауылын жанай ағатын өзеннің Ұлан делінуін сол Құсқанат Ұлан батырдың есімімен байланыстырып беріседі.

Дәу шалдың Өртұлғаны «жазғыш бала» деп атағаны негізсіз емес-ті. Аудандық «Нұрлы өңір» және облыстық «Коммунизм шапағы» газеттерінде Өртұлға Көкеевтің әңгіме-хикаялары, тарихи оқиғалар жөніндегі мақалалары жарияланып тұратын. Әсіресе «Алтай – аңыз» деген көлемді мақаласы

көпшілікке бірден ұнаған. Айыртау, Көктау, Тарғын, Ертіс, Ұлан, Шақпақтау, Қалба, Сынтас, Күмістібел, Қоңыраукөл, Ешкіөлмес, Үлбішат, Ақтау, Балқарағай, тағы басқа жер-су атаулары, батырлар мен билер, жыраулар жайындағы деректері қызықтыра иландырған. «Алтай» сөзінің мағынасы туралы бұрындары неше түрлі тұспал айтылып, алыпқаштыланып келсе, оның көне түркі тілінде «Алтынтау» деген сөз екенін Өртұлға дәлелдеп жазған. Бірақ оған Өскемен педагогика институтының оқытушысы, тарихшы Долбек Сүтішев қарсылық айтып, «Айды аспанға бір шығарды». Долекен «Ағайындар, адаспайық!» деп дағарадай тақырып қойған мақаласында: «...Шығыс Қазақстан облысы мен Алтай өлкесінің жерлерін оңтүстіктен орап, мыңдаған километрге созылып жатқан Алтай тауының аты «Алты ай» сөзінен шыққан. Бұл – шындық. Шындық болатын себебі: бұл жердің, яғни Қазақстанның ең шығыс облысының табиғаты өте қатал, мұнда алты ай толығымен қыс болады, сондықтан ертеде бұл маңай «Алты ай қыс елі» деп аталған да, кейін бұл атау біртіндеп өзгеріске ұшырап, ақырында «Алтай» болып қалыптасып кеткен», – деп тұжырып тастапты. Келесі мақаласында соның ерсілігін ескерткен Өртұлға: «...Д.Сүтішев жолдас енді «Өскемен» сөзін талдаса, бұл – өзеннің тура жағасына салынған қаланың аты, ал өзеннің суы мол, ені жалпақ, мұнда жиырма шақты кеме қатар жүзе алады, яғни кемесі көп қала болсын делініп, қала әуелде «Өс, кеме» аталған да, кейінде бұл атау біртіндеп өзгеріске ұшырап, ақырында «Өскемен» болып қалыптасып кеткен деген «жаңалық» ашар деп сескенемін», – демесін бе?! Дәу шалдың бұдан да хабардарлығы анық, өйткені аудандық, облыстық газеттерді жылда жаздырып алдырады. «Газет – партияның көз-құлағы, оған жазылмауың саяси қателік болады!» – деп өкілдер қатты қысады. Бұрнағы жылы пенсиям аз дегенді сылтауратып аудандық газетке ғана иілмек болып еді, ауылдық кеңестің төрағасы да оның «екі аяғын бір етікке тықты». Балаларым бәрін алдырады, қабаттастыра беріп қайтем дегенін де тыңдамады, сырттай жазатын жылдағы тізімдеріне тағы да тіркей салып, пәленбай сомды – пенсияның қақ жартысын

ұстаттырып қалды. Содан соң Дәу шалың оқитын газетке де, қол сұртетін қағазға да қарық болған...

Диплом жұмысын тұжырып жазуды ауылында жатып аяқтағысы келген Өртұлға жолай Семей қаласына соғып, Айкүміспен ақылдасып, оның оқу орнына барды, ректоры Асылхан Әбішевтің қабылдауында болды. Жаңа жылды жас отау болып қарсы алуды ұйғарғандарын айтып, Айкүмісті биылғы ауылшаруашылық жұмыстарынан босатуды өтінді. Той тұрғысынан екі жақ түгел отырып кеңеспесе бола ма?!

– Бәрекелді. Алдын ала құттықтаймын: бақыттарың мол, жастарың ұзақ болсын, бастарың көп болсын! – деп ректор бір туысқан ағасынша-ақ қуанып, қолын қатты қысты. Одан кейін: – Қызметің қайда болмақ? Айкүміс осында оқи ма? – деді.

– Мен Алматыда қалатын шығармын, екі редакция жұмысқа шақырып отыр, ал Айкүміс... Айкүмісті, егер реті келсе, қасыма алсам деймін, жаңағы редакциялардың бірі пәтер алып берудің жолын қарастырмақшы, бірер жылда боп қалар дейді, оған дейін бір жұмысшы жастар жатақханасынан бөлме әпермек.

– Дұрыс, жақсы! Айкүміс мақтаныш етіп жүрген студенткамыз еді, айналайын, бақытты болыңдар! Мен министрліктегі жолдастармен сөйлесіп, Айкүмісті Алматыға ауыстырып алуыңа көмектесейін, екеуіңе ұсынар сыйлығымыздың басы сол болсын, жарай ма?

– Рахмет, аға, рахмет! Құдай қосса, Алматыдағы бір үйіңіз болармыз. Рахмет, аға, көп рахмет!

– Бақытты болыңдар!..

Өртұлға ауылына бет алып келеді. Үш айдан астам уақытын осында өткізбек, керек болар мағлұматты жинап алған, тек ара-арасында Алматыға барып, диплом жұмысының жетекшісімен пікірлесіп қайтады, келісім солай. Бір айдан кейін жазғы каникулға шығып, Айкүміс те ауылға оралады. Институтының ректоры иманжүзді, ақ тілеулі адам екен – Өртұлға мен Айкүмістің оған сырттай айтқан алғыстары тіпті шексіз. Өртұлғаның өз-өзінен іштей таңданып қойып жүрген бір жәйті – ректордың алдында «құдай қосса» деген сөзді аузына қалай алғанын аңғармай да

қалғаны. Әлі есінде, бірде әкесі «мен атеиспін!» – деп әлденені көңірсіте берген немере інісі Мұсатайға:

– Шындап бір қорыққан күні құдайға қой айтып сиынарсың, тоқтай тұр! – деп ренжіген-ді.

– Жоқ, «құдайға» сиынатын кісіні тапқан екенсің! – деп інісі қисайғанынан түзелмеген.

– Әй, ақымақ! «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деген! – деп әкесі қолын бір-ақ сілтеді.

«Қорыққан да – бір, қуанған да – бір» дейтін мәтелдің жаны бар-ау, алғаш жүздескен бейтаныс ректордың «айналайындап» ағынан жарылып сөйлескені, «Айкүмісті Алматыға ауыстырып алуыңа көмектесейін, екеуіңе ұсынар сыйлығымыздың басы сол болсын, жарай ма?» – деп ыстық сезімін шынайы ықыласымен ашқан алақандай жайып салғаны дәл соны күте қоймаған Өртұлғаның төбесін көкке бір-ақ жеткізген, қуаныш керней қалған жүрегі кеудесіне сыймай бара жатқандай болған. «Құдай қоссаны» дәл сол сәтте айтқан-ды. Аузына қалай түскенін аңғармағаны рас-ты. Айкүмісті таксимен институтына апарып, одан соң өзі автовокзалға келе жатқанында ол жәйтті есіне және бір түсіріп, «аузыма құдайдың өзі салған болар», – деп ойлады да, іле: «Комсомол мүшесі Көкеев жолдас, оның қалай?» – деп өзіне-өзі іштей сұрақ қойып, ақырын ғана мырс еткен. Автобуска отырған соң да ой жайған. Мұсатай ағасының «атеиспін» деп өркештеніп, облыстық газетке діншілдіктің зияны, молдалардың теріс пиғылдығы туралы жазғыштай беретінін мақұлдамайтын. Ауыл тұрғай, ауданда мешіт те, молда да қалмаған заманда ол қай пысықтығы екенін түсінбейтін. Сөйтсе, компартияның аудандық комитеті аппаратының штатында атеистік насихат жөнінде нұсқаушы бар екен, оның міндеті «Дін – апиын» екенін дәлелдеп отыру көрінеді. Дәлелдеу тәсілі – ауыл, селоларда жиі болып, атеистік лекция оқу, газеттерге дінді сынаған мақала жазуды ұйымдастыру және газеттердің ол мақаланы уақытында жариялауын қадағалау. Ал керек болса!

– Бұл өрескелдік қой?! – деген бірде әкесіне, оңаша әңгімелесіп отырғандарында.

– Әй, Ораш-ай, қайтесің соны?! «Алланың өзі де – рас, сөзі де

– рас», деген Абай жарықтықтан асып кеткендерін көрерміз, қайда барар дейсің, бірақ иманды ит талауға салғандары шаршатады кісіні, амал не, көніп жүре тұрамыз да, – деген-ді әкесі. Абай өлеңдерін жатқа білетін Өртұлға ұлы ақынның әрбір сөзіне риясыз иланған, діни наным, сенім, тілек, жорамал, уағыз... бәріне іштей қол қойған. «Әке көрген оқ жонар» ма, әлде жаратылысынан ба, әйтеуір, өзіне беймәлім, бейхабар, тіпті неғайбыл бір сыртқы күшке илетіні, құлақ түретіні бар. Көрмегенін көңіліне ұялатқанына, білмейтініне берілгеніне өзі таңданатын. Соны ой таразысына салып, өресінің жеткенінше төрелік тауып, бірде құрбыларымен пікірлеспек ниетте болып, тіл ұшына келгенін ақ қағазға айшықтап-ақ түсіріп, «Дарын» газетіне алып барған. Екінші курстағы студент кезітін. Редактордың орынбасары Нығмет деген жігіт оқып шығып: «Бұл мәселеге басыңды ауыртпа, бауырым, Құдайға сенесің бе, сенбейсің бе – ішінде жатсын оның. Сен әңгімені жақсы жазады екенсің, бізде Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданынан Қайырғазы Райымханов деген жігіт қызмет істейді, жерлес ағаң, сол жігіт сенің «Коммунизм шапағында» шыққан «Көк бөрі» атты әңгіменді көрсетті, жап-жақсы дүние. Сен бізге әңгімелеріңді әкеп тұр, жарай ма? Сөйт, бауырым. Басқаларды қой, ондайлардың бәрі өйтсе чепуха!» – деп жымың-жымың күлген. Содан кейінгі жерде Өртұлға дін, құдай «мәселесіне» араласқан емес. Университетте ара-тұра болып жататын атеизм додасына қатыспады, комсомол мүшесімін деп қызынып көрмеді. Айкүміспен танысып, білісіп, екеуара емін-еркін ой бөлісу, сырласу сәттерінде «құдай біледі», «тағдырдың ісі ғой», «жазмыш шығар» дегендей сөздерді айтатын, тілек бата алуға жүгініп жүретінін жасырмайтын. Айкүміс түсінген. Былтыр қайың тоғайда Өртұлға: «Кәріп адамның тілегі болады деуші еді, айтқаны келгей, тағдыр бізге тарынбағай», – дегенде Айкүміс іштей «әумин», – деп құптаған. Ал бұрнағы күні Өртұлға: «Ректорларыңа «құдай қоссаны» қалай айтып қалғанымды аңғармадым, ол кісі коммунист қой, бірақ ренжімеген сияқты, қабақ шытпады», – дегенде Айкүміс жымып: «Онда тұрған не бар?.. Мүмкін ол ағай да құдайға іштей сенетін шығар. Әркімнің еркі демей ме?» – дей салды...

«Семей – Өскемен» бағытындағы жолаушылар автобусының оң қапталындағы ең алдыңғы орындығына жайғасқан Өртұлға өзінің осы бір жәйттерге айғақ көңіл айнасына үңіліп біраз отырды. Кешегі мен бүгінгі тірлік-түйіндерін іштей іріктеп, екшеп, салмақтап, өмір-ғұмырдың ертеңгі өрнек-бояуын көргісі, білгісі келгендей, жанарын автобустың мөп-мөлдір маңдай шынысынан өткізе алға, алысқа қарады. Қатарындағы көзәйнекті семіз кемпір: «Атың кім?.. Кімнің баласысың?.. Қайдан келесің?» – деген сұрақтарына Өртұлғадан тез жауап алғанына риза болып, шалқия жайланып, мөлшері жарты сағаттан соң пысылға басты. Кедір-бұдыр жолда жортақтаған автобустың жүрісі жайсыздау болса да, биік арқалықты орындықтары жұп-жұмсақ екен, сірә, автобустың өзі «кәрі» болғанымен, орындықтары жақында ғана «жасартылса» керек, ұшақта отырғандай сезінген Өртұлға да оншама мазасызданбай-ақ ұйқыға бағынды. Соңғы екі түнді жолға әзірлік бар, оған Семейдегі қарбалас жүріс қосылып дегендей, шала ұйқы өткізген-ді...

Жұлым-жұлым қоңыр ала бұлт. Орашалақ кемпір түткен жүнге ұқсайды. Терезеден көрініп тұр екен ғой, әлде әйнек таза емес пе?.. Өртұлғаның көзіне білектей жұмыр ақ темір шалынды, оның бір тұсына бір сұрғылт темірлерді уықша шаншып қойған ба... бұл немене?.. Арасында аппақ дәкемен ораған бірдене добалданады, ол келсаптай боп бері жатқанның қайқы басы сияқты ғой. Беймәлім бір күлімсі иіс сезіледі... Бозғылт шаршы тақталы төбеден дөңгелек шамдал салбырап тұр. Майшам жаққан ба, соның иісі ме?.. Өртұлға көзін темен түсірді. Төсекте жатыр ғой?! Неге? Қайда?!

– Ораш, ояндың ба? – деген сыбырлы дауыс естілді де, сол жақ қолын әлдекім ып-ыстық алақанымен сипай ұстады. Өртұлға бетін бұрды. Қобыраған ақ шүберек ысырылып, Айкүмістің қызарыңқы жүзі көрінді. – Ораш, жаным, абыржыма, қозғала көрме! – дейді сыбырлап. Дауысы дір-дір. Тіксіне қалған Өртұлға бөлменің бір қабырғасы құлап жаншып жатқандай жансыз тартқан оң жағына мойын бұрса: анау аппақ дәкемен ораған добалдай нәрсе өзінің оң аяғы екен – екі тұсынан асып байлап қойыпты. Оң қолы да шынтағына дейін оралып, қабысыңқыраған ошаққа ұқсас ак

темірге қойылыпты, кеудесінен көтеріңкі, көлденең жатыр. Оң жақ самайына бірдеңе жабысып қалғандай. Өртұлға Айкүміске қайтадан қарап: «Маған не болды? Қайда жатырмын?» – деді. Өз дауысы өзіне естілмеген секілденді де, мұның сау қолын көкірегіне басып отырған Айкүміске иек қағып: – Дауысым шықпай қалған ба, немене? – деді.

– Жо-жоқ, Ораш, жақсы естіледі, дұп-дұрыс естіледі. Абыржыма, сабыр сақтайық, – деген Айкүміс оған елжірей қарап еңкейе түсті...

Әйгілі «Шығыс тас жолымен» төрт сағаттай зымыраған автобус Георгиевка поселкесіне еніп, бензоколонкаға апарар айналмаға бұрыла бергенде, қиыстау көлденең көшеден күжілдеп шыға келген көк қасқа самосвал бейқам автобусты күйектегі қошқарша құтырына түйіп кеп қалған. Тосып тұрып тура көздегендей-ақ Өртұлға отырған тұсты опырып жіберді. Автобус аударылып кете жаздап, қырындап барып-барып тоқтапты. Аударылып кететіндей екен, егер самосвалдың алдыңғы көлденең шой темірінің бір ұрты автобустың қаңқа темірімен тістесе қалмағанда.

Опыр-топыр, астан-кестен жұрт ұлардай шулады. Өртұлға оянып та үлгірмеді. Содан кейін Георгиевка поселкесінің ауруханасында ес жиғаны жаңа. Оның оң аяғы екі жерінен сынып, оң қолының жілікшегі шатынап, басы оң құлақтан сәл жоғары аздап жарақаттанған-ды. Бет жағы, әйтеуір, быт-шыт болып сынған терезе шынысы тигеннен аман. Жол апатының болғанын сол күні кеште радиодан естіп, жан ұшырып автовокзалға жеткен Айкүміс кесапатқа ұшырағандардың туған-туысқандарына берілген арнаулы автобусқа ілігіп, «құдай-ау, сақтай гөр, сақтай гөр!» – деп іштей жалбарынып, жасырына жас төге аттанған. Олар ауруханаға жетіп бір-ақ тоқтады. Ауруханаға сегіз жолаушы түсіпті, қалған жиырма екісі басқа автобуспен Өскеменге аман-есен жол жалғаған. Ауруханаға жеткізілген-дердің арасында ең ауыр жарақаттанған – Өртұлға. Басқаларына бір аптадай мөлшерде ем-дом ғана қажет көрінеді. Самосвалдың шопыры мас екен – автобустағы жолаушы жігіттердің шапшаңдау біреуі шыға ұмтылып, оны кабинасынан ербиіп түсіп келе жатқанында бас салып, итше тепкілепті де,

аяқ-қолын өзінің белбеуімен матап байлап, милиция келгенше самосвалының астына тастапты.

Өмірдің де күнгейі мен теріскейі, жаңбыры мен қары, самалы мен үскірігі жетерлік. Жылдың төрт мезгілін де андап отыруына дағдылы меже-белгі бар болса, өмірдің мінезіне байлау жоқ: күні мен түні, ыстығы мен суығы сүт пісірім уақытта-ақ сан-сапалақ араласып, адастырып кете береді. 1963 жылдың тұңғыш таңын жас отау болып қарсы алуға асыққан, қол ұстасып бірге өтер ұзақ жолдарының басталу берекетіне көңілдері көктем ата-аналарын, ағайын-туғандарын, дос-жолдастарын, тілектес-сыйластарын түгелдей куә етуге құмартқан Өртұлға мен Айкүмістің ақ құстары қапияда қолдарынан шығып кетіп, жүректерін жарадар етіп, көздерін талдырып, бірақ қарасын үзбей қайтып оралғанша өрге жаяу сүйретілген жүк толы арбаша әрең жылжып он бір ай өтті. Георгиевка ауруханасында Өртұлғаның аяғына екі жарым айда екі мәрте операция жасалынып, соңғысы сәтті болды-ақ десіп еді, жазмышқане дауа–тәубадан «әттеген-ай» басым түсті. Шорт сынған жіліншік алғашқыда-ақ қиюласып кеткенімен, ортан жіліктің ойық сүйегі соңғыда да орнын таппай беймаза етті. Өртұлғаның дос-жолдастары Алматыдан, Семейден шақырып әкелген профессор хирургтар қосыла қарап, ақырында, үшінші операциясыз оңалу болмасын анықтасты. Астаналықтар Өртұлғаны Алматыға алып кетуді ұйғарып еді, бауырының атын азан шақыртып өзі қойған апайы Меруерт: «Өскеменнің дәрігерлері ешқайсысыңыздан кем емес, қарғам көз алдымызда болады, ешқайда жібермеймін!» – деп бір-ақ кесті. Басқалар өзінен шешім күткен Өртұлға: «Меккем айтты – бітті!» – деп жымыған. Апайын әншейінде «Мекке-Мәдинем» деп еркелеп жүретін бауыры бұл жолы да құрметінен жаңылмады.

...Өскемен қаласының «Б» кварталы деп аталатын бөлігі. Үш қабатты аурухананың хирургия бөлімшесі. Он төртінші палатада екі жігіт жатыр. Бірі – Өртұлға. Аяғына бір ай дайындықтан кейін үшінші операция жасалғалы екі апта. Қарт хирург Хакім Райысовқа кеңесші-жәрдемші болған аңқылдақ Еңісбек Бәкіровтың айтқанын ақиқат деп қабылдаса, ол жас хирург (Өртұлғадан төрт жас қана

үлкен болып шықты) операция жасалған күннің ертеңінде палатаға келіп отырып:

– Жә, жолдас журналист, операция «о, кей» болды. Футбол ойнасаң да еркің, ал енді тойларың қашан болады? Қалыңдығың сұлу екен, осы қазақтар жақсы, сұлу қызды қайтіп тауып алады, ей?! – деп әдетінше қалжың ағылтты. Өртұлға өзіне күн ара келіп жүрген Айкүмісті оған таныстырған-ды. Ақ жарқын Еңісбек Айкүміске де байырғы біліс кісіше еркін сөйлеп: «Дудар шаш жігіт пен білектей бұрымы беліне түскен қыз қосылғанда қандай болар екен, а?» – деп қызық әзіл айтқан. Енді бірде: «Екеуіңнің тойларыңа, Айеке, сен арнап шақырып: «Аға-еке, жеңгемізді жетектеп келе қалыңызшы!» – деп жік-жапар болсаң ғана баруым мүмкін. Ал Өрекең: шақырсам ба екен, шақырмасам ба екен деп, ойланып-толғанып жүргенде тойларың өтіп те кетер!» – деп күлдірген. Сол Еңісбек бүгін де, міне, қалжыңдай кірді:

– Жолдас журналист, екі аптада он төрт күн бар, оңаша жатқаның жетеді, ертең жалпы палатаға ауысасың, Хакең таңертең обходта айтқан шығар, мен кешігіп қалдым, иә, хал-жағдайың қалай?

– Жағдай жақсы. Жалпы палатаға ауысатыным одан да жақсы болар деймін. Мұнда шаршап кеттім, көршім күңіреніп қалған пәле, өзің де білетін шығарсың...

– Білем, білем, мінезі солай.

– Мінезі құрысын, бір жұлқа-жұлқа кітаптан бас алмайды, тегі, сонысын тауысып, тағы біреуін әкелуге кітапханаға кетті ме екен, жаңа шыққан. Өзі адамша шүйіркелескенді білмейді. Әңгімелесейінші деп сөзге тартсам, шынында пәлеге қалғаным: жер-көктің бәрін жамандайды. Бастығы да ақымақ, басқасы да – ақымақ, бұ дүниеде мұны түсінетін дені дұрыс бір кісі жоқ сияқты. Сонсоң тіпті бетіне қарауды қойдым. Қиын, өте қиын, жүйкемді жеп тауысатын, – деп Өртұлға қолын сілтеді.

– Мұны да жалпы палатаға ауыстырамыз, бүгін дүйсенбі ме, бұл келесі дүйсенбіде үйіне қайтады. Асқазанының қалған жартысымен әлі талай қойды жей алады. Қазір елу жетіде. Сексенге жетсе, бізге өкпелей қоймас, ә? – деді Еңісбек күліп. Бадырақтау қоңыр көзі ғана емес, бүйрекше бетті дөңгелек жүзі түгел күлетін.

– Ол екеуімізді тағы да бір палатада табыстырып жүрмесендер жарар еді!

– Өйтпеспіз, Хакеңе айтамын ғой. Ал мен келгенше сенің шығып кетуің мүмкін, жолдас журналист.

– Демалысқа барасыңдар ма?

– Мен өзім Көкшетауданмын, а қаткем, жеңгенді айтам, ол – Алматының қызы, қайын атам сонда, елу жасқа келгенін тойлағалы жатыр, соған жүреміз, демалысқа рұқсат алдық, – деді Еңісбек, екі қолын құдды жуып отырғандай уқалап, Өртұлғаға күлімдей қарап.

– Алматыға барамыз деші? – деген Өртұлғаның үнінде мұң елесі сезілгенін аңғармаған хирург жігіт:

– Ата-енем мұндағы жиен немерелерін көрмегелі бір жыл болды. Менің екі жаста бір жаман ұлым бар, Біржан деген, соны тез әкеліндер деп күнде телефон соғады, – деп Еңісбек кеңк-кеңк күлді.

– Біржан сал атасының атын қойған екенсің ғой?

– Әкем қойды. Ал енді, жолдас журналист, ол жаманның тәттілігі... айтары жоқ қой, айтары жоқ! Өзің балалы болғанда білесің, иә, Айкүміс екеуің сонда ғана білесіңдер. Жұмыстан шаршап, бірдеңеге ренжіп қайтқаныңда кеудеңе қысып, иіскеп-иіскеп жіберсең, шалбар-дамбалчигін шешіп жіберіп, түштірейген шүметейінен сүйіп-сүйіп алсаң, уай, уай, шіркін! Бұ дүниенің рақаты сол ғой, шаршағаныңның қайда кеткенін білмей қаласың, туһ, туһ! – деді Еңісбек, төсекке тақап қойып отырған орындығынан құшағын аша, көзін жұма көтеріле беріп.

Оған қызықтай да қызыға қараған Өртұлға: «Ұлын құшақтағанда, осылай күлетін шығар, бақытты әкенің күлкісі ғой!» – деп түйді іштей.

Ақ телпекті, ақ халатты талдырмаш жігіт оның көзіне ғажайып ертегілердегі періште болып елестеді. «Біздің де, құдай қосса, бір «жаман» ұл-қыздарымыз болар-ау!» – деген оқыс ой қапталдаса қалып, Өртұлға да күліп жіберіп еді, кеудесінің жүрек тұсына әлдебір ине сап етіп кіріп, жауырынының етегін тесе сып етіп шығып кеткендей болды.

Өртұлғаның өне бойы, тіпті арнаулы станоктағы сынық аяғы

үйи қалғандай. Кеудесін сол қолымен баса қойып, төсек басына арқасын сүйей шалқайып, көзін жұмыңқырап, ақырын ғана, «у-у-и-й!» – деді. Еңісбек жалт қарап, бір қолымен Өртұлғаның сол қолын ұстай алып, екінші қолымен желкесінен демеп:

– О не? Не болды? – деді абыржып.

– Кеудем шаншып кеткені...

– Қазір, қазір!.. – Дәрігер тамырын ұстады. Дене қызуын байқады. Оншама өзгеріс аңғарылмады. – Бағанадан, обходтан бері жатпай көбірек отырып қалдың-ау, ә? Өйтуді қой, жолдас журналист. Әйтпесе Айкүміске шағынамын, – деп әзілге сайдыра сөйлеп, ауыр операция жасалғандар жататын арнаулы төсектің бас жағын көтеріп-түсіретін арнаулы тегершікті еппен бұрауға кірісті.

– Жатудан жалықтым ғой, арқам ағаш болуға айналды, төрт айда көрмегені жоқ, құрттап кетпесе жарады, – деді Өртұлға, сусыған көрпесін кеудесіне тартыңқырай бастап. Төсектің басы төмендей берген.

– Ауыртпалықтың бәрі артта қалды, так что, Ореке, арқан ертең-ақ дұрысталады. Тағы массаж жасалады, оңқа төңкеріледі, Георгиевкада да қадағалаған шығар, біз де жақсылап жасаймыз, жолдас журналист, сәл шыда, – деп Еңісбек тегершікті босатып, Өртұлғаның жастығын ыңғайлап төсеп, көрпесінің олпы-солпы сусығанын жиыстыра қымтады.

– Рахмет, Еңке, көп жаса!

– Ал, бауырым, біз қайтып келгенше сен бүйтіп шіреніп жатпай-ақ қой, жазылып, сауығып, әке-шешенің, күнде кезек-кезек шауып келіп жүрген тынымсыз апайларыңның ортасына бар, ұқтың ба? Әй, анау апайыңның мінезі шатақ екен, кейде Хакенді де тура прокурорша бүре бастайды, ал Хакеннің мінезі кең ғой, соңғы жолы апайыңның бетіне қарап отырып-отырып: «Шырағым, сенің тергеуші болмағаныңа шүкіршілік, егер мұғалім емес, тергеуші болсаң, бүкіл ауданды қалтыратып жүрер едің!» – деп қалжындады. Апайыңның өзі де күліп жіберді. Жарайды, Ореке, сені шаршатпайын. Біз кешкі пойызбен аттанамыз, келген соң үйіңе іздеп барамын.

– Жақсы. Жолдарың болсын. Біржан мырзаға сәлем айт!

– Әй, Ореке, егер екінші ұлым болса, оған сенің атыңды қоямын. Сен сияқты мықты жазғыш болсын, жарай ма, келісесің бе?

– Жарайды, келістім. Байқатпай мақтап та жібердің-ау? – Екеуі қосыла күлді. Еңісбек «жолдас журналисінің» шашын саусағымен салалай тарап, еңкейіп екі қасының арасынан сүйді де, дауысын ойнақыландыра түсіп:

– Болашақ келіннің рұқсатынсыз сүйгенімді қарашы, сен оған, Айекеңе айтпай-ақ қой, ал давай сауығып шық! – деп қолын ұсынды.

– Рахмет, Еңке, рахмет! Сапарларың оң болсын! – деп Өртұлға оның сүйрік саусақты ыстық қолын қысты...

Дүйсенбіні бейжай өткізген, сейсенбіде түстен кейін тынысы тарылыққырап, жөтел пайда болған күй кешіп, қатты мазасызданған Өртұлғаның дене қызуы сәрсенбінің ертесінде отыз тоғыз градусқа жетіп тынды. Хирург Хакім Райысов пен терапевт Дина Сабырова келіп қарап, жылжымалы рентген қондырғысын әкелдіріп көріп, Өртұлғаның өкпесі қабынғанын анықтады...

Бесінші сыныпта көктемгі каникулға шыққандарында бір күні он шақты бала Қаракөлге мұз астынан қармақпен балық ұстауға барып, кешке дейін көл бетін тескілеп, о тұсқа да, бұ тұсқа да қармақтарын малып, балық тұрғай бақа жоқ дегендей, өздері суға салып алғандай болып, үйлеріне сүмірейіп-сүйретіліп оралған. Содан үш бала ауруханаға түскен-ді. Өртұлға бір айдан аса бейнет тартқан. Әкесі содан соң екі жыл бойы жазда күшалаға ашытқан қымыз ішкізіп, қыста сары майға өлтірілген күшала жегізіп емдеген. Одан беріде өкпесі мазаламаған-ды. Хакім Райысов өкпесінің бұрын ауырған-ауырмағанын сұраған соң, Өртұлға соны есіне түсіріп, айтып берді.

– Георгиевқада, мұнда да оны айтпағаның бекер болған, лечкарточкада «бұрын ештеңемен ауырған жоқпын», – дегенің жазылыпты. Хайыр, хайыр, оқа емес, бұндай жәйттер болады, – деді хирург. Өртұлға палатада жалғыз жататын болды. Көршісі көшірілді...

Болжап білуге болмас бейнетке ұшыраған, «Жығылғанның үстіне жұдырықты» және көрген Өртұлғаның диплом жұмысын

университет кейінге қалдырып, бір жылға демалыс берді. Айкүміс екеуінің тойы да енді күте тұрады, амал жоқ.

«Дарын» газеті редакциясының бөлім меңгерушісі Кеңескен Зәкенов Шығыс Қазақстан облысы бойынша газет тілшісі пунктін ашу мәселесін шешу үшін іссапарға келген екен, сол Өртұлғаның үйінде мейман болды. Өртұлғаның ауруханадан шыққанына жиырма екінші күн еді. Газет редакторы Өртұлғаға жылы лебіз толы хат жазып, оны әдебиет және өнер бөліміне қызметке қай күні келсе, сол күні алуға ұйғарым жасағандарын айтыпты. Хатты оқыған сәтте Өртұлғаның кеңсірігі ашып, буын-буыны босаңсығандай болды. Ол жаңалықты естігенде әкесі: «О, құдая тәуба, шүкір, шүкір...» – деп күбірледі. Шешесі бас орамалының ұшымен көзін сүрткілей берді. Апайлары: «Барлық тойды бір-ақ жасаймыз демей, мұны бөлек тойлауымыз керек!» – деп мээмейрам дуылдасты.

Қос балдақты тастап, қол таяқты тірек еткен Өртұлға тағдыр қасарысып төсекке қарыстырып қанша таңса да, кәсібінен танған жоқ – Өскеменнің ауруханасына жеткізілген әредікте оң қолы икемге көніп, қаламын ұстаған. «Ақсұңқарымды сағындым» деп атаған тырнақалды пьесасын жазуды бастап, оны Жаңа жылға дейін аяқтамақты ойлаған. Пьеса өзегі – ұлы бабасынан бері тартылып келе жатқан құсбегілік өнер желісін үзбеуді мақсат еткен бүркітші жігіт Бекемтас пен колхоз партия ұйымының хатшысы Мұқаш арасындағы қақтығыс. Өмірде нақ болған оқиға. Кейіпкерлерінің аттары, әрине, өзгертілген. Неге екенін өзі де бажайлап жатпастан, ол оқиғаны әңгімеге бөктертпеуді, пьесаға еншілетуді жөн көрді. Екі бөлімді, төрт көріністі етпек. Соның бірінші бөлімінің екінші көрінісін бастаған-ды. Бірақ уақытқа зәру. Ауылдың ауруханасы жоқ, дәрігерлік пункті ғана бар, содан күніне екі рет келіп укол салады. Аяқ жарасының дәкесін жаңалау үшін апта сайын аудан орталығындағы ауруханаға бару қажет. Ағайын-туғандардан жеңіл машина табылып жүр-ау, бірақ отыз шақырымға ойдым-ойдым жолмен барып келудің өзі – бір азап. Машина иелері шұңқыр-шұқанақты сипалап санағандай-ақ ақырын жүргізеді, Өртұлғаның хал-

ахуалын біледі. Сөйтіп, арғы-бергі жолы бар, емхана күйбені бар, әйтеуір, кемінде үш сағатты жол жейді. Оның ертеңінде Өртұлға әжептәуір ауырсынып, күні бойы жатады. Жазуға қол соқпайды. Көңілін ауламақ болып келіл-кетіп жататын алыс-жақын ағайын-жегжаттың, жолдастардың жөні және бөлек. Екеуі де мұғалім апайларының әңгіме-дүкені өз алдына. Өзінің қас-қабағына қараған жанға кім «құл» болмасын!

Айкүміс кеше де келіп шықты. Каникулының бірер күні ғана қалған-ды. Жексенбіде түс әлетінде келетін болашақ келініне болашақ енесі Шәйгүл ерекше құрақ ұшып жүрді. Айкүмісі жақсы көретін жұдырықтай түйе бауырсақ пісірді. Жұп-жұмсақ, тәп-тәтті және әдейілеп бояғандай сары күреңнің әдемісі. Ертеңгі қайын ененің жүзінде – мерей-мейірім, аузында – «айналайын!»

Кеше Айкүміс жалғыз болмады, төрт-бес жастағы томпиған сары ұл баланы ала келіпті. Оны көрген бетте-ақ Шәкең үйіріліп-толғанып, бір жасап қалды дерсің. Екі қолына екі бауырсақ ұстатып, өзін алдына алып отырып:

– Айналайын, атың кім? – деді, балақайдың кісікиік емесіне қуанып.

– Бауыржан, – деді бала, бауырсақты асап отырып.

– Қасиетті кісінің атын қойған екен, сол Баукеңдей даңқты бол, тек құдай соғыс-моғыстан сақтасын, Батыр атаңша жақсы кітап жазумен атың шықсын, ей, айналайын! – деп баланы бауырына қысып, кекілінен сипады.

– Кіші ағайымның баласы, – деді Айкүміс.

– Ә, жақсы, жақсы. Немере ыстық болады дейді, рас шығар, – деген Шәкеңнің көкей түкпірінде «біз қашан немере сүйер екенбіз?!» – деп арманға айналып жатқан бір үміт бары еміренісінен анық сезілгендей еді. Соны аңғарған Өртұлға шешесінің қасында отырған Айкүміске елеусіздеу етіп көз тастады да, еріксіз таңданды: Айкүміс бауырын жаңа ғана көргендей-ақ оған қызыға, күлімдеп қарап қалған! «Балажан екен ғой?» – Өртұлғаның жүрегі елжіреп кетті.

– Екі ауылдың арасы әжептәуір жер. Баукең шаршаған жоқ па, томпандап ере алды ма? – деп Шәкең Айкүміске қарады. Қой

көзінде: «Балам-ау, өзің шаршадың ғой?» – деген үнсіз сұрақ бар еді.

– Кейде ептеп ереді, ергісі келмегенде көтеріп аламын, шаршаған жоқпыз, – деді Айкүміс, үнсіз сұраққа Бауыржан екеуінің атынан жауап беріп.

Шай ішіліп, бет сипалған соң, Шәкен:

– Бауке, жүр, далаға шығайық, мен саған Ораш ағаңның қасқа құлынын көрсетейін, жүре ғой, айналайын, – деп еді, Бауыржан тез ілесті. Екеуі құлыншақты көрді. Күрке-тауықтарды көрді. Күркетауықты бұрын көрмеген бала бажырайып қарап тұрып:

– Нау емене, нау? – деді,

– Бұл – күркетауық, Тауықтың бір түрі. Кәне, «күркетауық» деші!

– Күркетауық, – дегенді бала ап-анық айтты.

– Өй, айналайын, бір айтқанды қағып алатын зерделі екенсің. Баукеңнің атын текке қоймапты, – деп Шәкең шын риза болды. Сол әлетте үйден Айкүміс шығып, бұлардың қасына келген.

– Айкен, қайтасыңдар ма? Тез ғой, отырмадыңдар ма? – деді Шәкең.

– Қайтайық, ертең жол жүреміз ғой, – деген Айкүмістің екі бетінің ұшына қызғылт рең үйіріле қалған.

– Ылғи асығып жүретінің-ай, айналайын... Ораштың әкесі көршілердің біріне кетіп еді, оны-мұны шаруамен, қап, мына Баукеңе тай мінгізіп жіберу керек еді!

– Бауке, апаға рахмет айт, «Ала, рахмет!» де, – деп Айкүміс күлімдеп тұр. Бетінің қызғылт реңі молая түскен.

– Апа, рахмет! – деп Бауыржан Шәкеңе қарап басын изеп, Айкүміске барып қолынан ұстады.

– Құдай қосса, тайды келесі жылы мінгіземіз. Сендерде күркетауық жоқ екен, жаңа Баукең айтты, оның оншақты балапанын қоса берем, – деді Шәйгүл.

– Біз қайтайық, – деп Айкүміс бауырына қарады.

– Онда... Баукетай, атаң мен апаң сәлем айт, – деп Шәйгүл барып баланың қолынан сүйді де, ыңғайсызданып, именіп тұрған Айкүмісті құшақтап, маңдайынан өбіп: – Айналайын, жолың

болсын! Әрқашан, қайда жүрсеңдер де жолдарың болсын, аман-есен жүріндер, құлындарым! – деді тебіреніп.

– Сау болыңыздар! – деді Айкүміс ақырын ғана. Айкүміс пен Бауыржан анда-санда қарап қойып кетіп барады. Томпаңдаған балақай кішкентай ғана қолын бұлғайды.

Көзіне ертеңгі шексіз қуаныштың ыстық тамшылары іркілген Шәйгүл де қолын бұлғап: «О, тәңірім! Орашым мен Айкенімнің ғұмырын ұзақ ете гөр, бақытты ете гөр!» – деп күбірлеп тұр. Үйге беттей бере: «Айкен балажан көрінеді, құдайдың көзі түзу болып, Ораш екеуінен бес-алты немере сүйсек екен, айналайын!» – деп және күбірледі..

– Тәте, келін қалай? Ұнады ма? Әлде басқасын іздейін бе? – деді Өртұлға, үйге енген шешесіне әзіл үнмен. Айкүмістерге терезеден қарап отырған-ды. Көңілінде шың басына іліне қалған бұлтша іркілген беймаза сезім үзігі бар еді, соны жасырмаққа әдейі әзілдеген.

– Айкеннен артық келіннің барына мен сенбеймін, тіпті болса да, керегі жоқ. Екеуіңнен бес-алты боқмұрын көрсек екен, – деді шешесі.

– Қашан құда түсетін болдыңдар?

– Сен курорттан келген соң барамыз, оған дейін мал да семіреді.

– Е-е-е... Жөн, жөн. Бес-алты жыл қызмет істеп, ақша жинап, жеке үй сатып аламыз, әкем екеуің қолымызға көшіп келесіңдер, сол бес-алты боқмұрынды алдарыңа салып береміз, бағы-ы-п отырасыңдар, иә? – деді күліп.

– Тәңірім соған жеткізсін! – деді шешесі көңілденіп...

Жас сүйек жақсы кірігіп, жас ет тез сіңісіп, Өртұлғаның аяғы оңала бастады, дәрігерлер болжаған мерзімнен гөрі аз уақытта қол таяқтың көмегіңсіз жүруіне жарады. Үй іші таяғынды ұстай тұршы, көп салмақ түсірмесеңші десе де, жігіттің тәуекелі жеңді. Ара-арасында Сартымбеттің құбақан жондарына шығып, шетсіз-шексіз аспан әлеміндегі доптай жер жарықтықтың тепе-тендігін сақтап тұрғандай, сақтағанда ғасырлар бойы бұлшық етінің бір талы бүлк етіп талып көрмеген алыптай Айыртауға қарайды. Бас асауы бар тайдай балалық шағында Айыртауды ағаларынсыз-ақ

талай шарлаған, Кіші айырынан басқа тас атаулысының бәрінде жалаң аяғының мөрі әлі өшпей жатқан шығар-ау! «Біз, пәленбай да түгенбай, пәлен жылдың пәлен күнінде осы жерде болдық, таусарымсақ қазып алдық», – деген, келген жолдас-достары бар – бәрі құлшынып қол қойған ескерткіш хаттары да талай тастың қуысында сақтаулы күйде деп біледі: тие қалса су өтіп кетпесін десіп, үйден ала шыққан тері-терсектің, тулақтың қиықтарымен орап, матап-шандып тығып тастаған.

Айыртау әрбір тұсынан әрқалай бейнеленіп көрінеді: бір жағынан қарағанында, шөгіп жатқан ғаламат түйеге ұқсаса, екіншіде – бір емес, бірнеше түйе, нар араласып жатқандай, ал батысындағы Қанай поселкесі жағынан көз жібергендер – сонау ерте-ертеде болыпты дейтін, жорамал суреттері ғана қалған динозавр тектес мақұлықтар тобын шамалар еді. Ең сұлуы – Шығыс тас жолымен өткендер куә болатын сурет. Оқшау тігілген он екі қанат үйдей көкшіл сұр тас төбе дулыға, тымақ, кебеже тақылеттес, тіпті шаншыған ұршық бітісті тастар бар. Табиғаттай шебер мүсінші табылмас!

Сынып жалғанған жіліншік пен ортан жіліктің тауқыметін тізе мен жамбас тарта ма кім білсін, біраз жүрген соң тізесі күйе бастайды, дәл қазір жанып, түтіні шығардай болады. Ал жамбас қияғына тұқыл шегені шала қағып, оған қара санның шитамырын бір ұшынан тартып байлап қойғандай, ол енді бірер артық қимыл жасасаң үзіліп кетердей. Дәрігерлер оның бәрін дәлелдеп түсіндіріп береді, көп ұзамай басылады, тынышталасың дейді.

Аяқ шіркін тұрыпты-ау, өкпенің қинайтыны өтіп барады. Күндізгі қимыл кездеріндегі демігу, шарасыз шаршату өз алдына, түн баласында құрғақ жөтел жиілеп, бір сәт тынысын буа өшіп, қара терге малшынтады, табанынан төбесіне дейін күйдіріп-жандырады. Аптасына екі-үш рет сөйтіп қайталанады. Дәрі мен укол оны меңдей алмай жүр.

Аурухана емінің негізі сол болған соң, онда сарылып жата бергісі келмей, үйде емделуге рұқсат алған. Дәрігерлер сауығуының шарттарын айтып, салқын тигізіп алмауын, күтінуін тапсырған.

Сартымбеттің өзінде де, маңайдағы ауылдарда да қымыздың, күшаланың аты өшіпті. Қайран қазақ жылқы ұстауды сиреткен,

бие байлауды ұмытқан. Мотоциклге, жеңіл машинаға бұт артқан, арақ пен минерал суға көшкен! Көкей Өскеменнің базарына сан барды – күшала деген сөз естілмейді. Қымыз сататын бірер кемпір бар екен, бәтшағарлар қымыз орнына іркіт-шалаптай бірдене сатып тұр бедірейіп.

Облыстық газет редакциясы тілші хаттары бөлімінің меңгерушісі Төлеген Мұстафин келген әредікте Өртұлға аудан емханасынан оралып, тыныстап жатқан. Бұрын сырттай таныс екеуінің шүйіркелесу реті болмады. Сырқат жігітті мазаламайын деп ойлаған Төлеген редакция кәсіподағының төрағасы Тоқан Берғалиевтің дұғай сәлемін айтты. Орекең курортқа жолдама керек деген еді, қазан айының ортасынан «Березка» санаторийіне барсын, емі жақсы, Орекеңе шипа болады. Жолдаманың құнын біз көтереміз, тек барып-келу жолақысы өзінен депті ол. Одан артық қамқорлықты кім жасай алар?! Курортқа бару үлкен-кішілі билік басындағылардың бәсекесіне айналып тұрған бұл заманда қарапайым жанға жолдаманың бұйыруы тым қиын-ды. Тоқан Берғалиев азаматым-ақ екен! Өртұлға ауруханадан шығардан үш күн бұрын көңілін сұрай келген. Сөзі пысық көрінген.

Дәрігерлермен де сөйлесіп, Өртұлғаның биыл күзде курортқа барып келгені теріс болмасын біліп те алып, тіпті санаторийге ауруханадан соң неше айдан кейін бару дұрыс болатынын да айтып, «байқап көрермін, хабарласармын», – деген-ді. Сөзге ғана емес, іске де пысық болып шықты. Екі туып, бір қалғаның жасауы неғайбыл жақсылығын ұсыныпты. Қалайша риза болмассың?!

– Төке, баршаңызға әбден ризамын! Тоқаңа сәлем дегейсіз, курортқа барамын, «Березка» Семеймен екі арада ғой, сырттай білем, емі жақсы деседі, сонау Мәскеуден, Ленинградтан келіп емделеді дейді сонда. Ал жолдамасының құнын өзіміз төлейік, мен үшін сіздерге сөз келіп жүрмесін, ыңғайсыз болар, – деді Өртұлға.

– Жо-жоқ, Ореке, ешқандай сөз келмейді, ыңғайсыз болмайды. Біздің Тоқан заңға жүйрік, не істесе де, қыбын табады, жылда газеттің ең танымал бір авторына жолдама беруге, тегін беруге құқымыз бар екен. Тоқаң оны қалт жібермейді, былтыр айтыскер

ақын Нарынбайға бергенбіз, биыл сізге деп ұйғардық, өте дұрыс болды! – деді Төлеген көңілдене сөйлеп.

– Рахмет, ризамын, шексіз ризамын. Бұл жақсылықтарыңызды қайтарамын! – деген Өртұлғаның үнінен нәзік діріл аңғарылды.

– Жаңа әңгімелеріңізді алдымен біздің газетке беріп тұрсаңыз, қайтарғаныңыз сол болмақ. Жақсы мақалалардан пайда көп қой, бірақ, меніңше, Ореке, газеттің таралымын көтеретін нәрсе – ең алдымен жақсы әңгіме, жақсы өлең-жыр! Ол солай, көріп жүрміз ғой, оқырмандарымыздың басым көпшілігінің айтатыны да – сол. Әлгі әзіл-сықақ дүниелерді қалай күтіп отырады десеңізші! Біздің газетте «Алтай арасы» деген сатира шошаламыз барын білесіз ғой, аптасына бір рет беріледі, сол уақытында шықпай қалса – болды, не боп қалды деп хат та жазады, телефон да соғады. Соңғы кезде... өзіңіз де білесіз, газет ресми материалдан бас көтере алмай жүр емес пе. Республикалық, аймақтық кеңес дегендер көбейіп кетті, күн ара алты бет, сегіз бет шығарып, сілеміз қатып, өзіміздің мақалаларымызды сыйғыза алмай әуре боламыз. Ойбу, Ореке, мен кетейін, көп отырып қалыппын, кешіріңіз! Сау болыңыз! – деп құдды ойыннан қалып бара жатқан балаша апыл-ғұпыл жөнеле берген Төлегеннің соңынан:

– Көп-көп рахмет! Сау болыңыздар! – деп қалған Өртұлғаның есіне андағы-мұндағы газет редакциясында қызмет істеп жүрген жолдастарының: «Көке мылжыңның күндегі ағыл-тегіл уағызынан суми болуға айналдық, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылдык», – деп жазғандары оралды. Көке мылжыңдары – Никита Хрущев. Соның сан-сапалақ кеңес-мәжілістердегі бей-берекет баяндамаларын, қыдырғандағы мылжың сөздерін басумен-ақ газет қызметкерлерінің ер-тоқымнан шошитын жауыр аттай зәрезап болғандары анық-ты.

Алдыңғы жылы «Коммунизм шапағатының» редакциясында бір жарым ай практикада болғанында Өртұлғаның өзі де оны басынан өткізген. Кезекшілер газетті баспаханада қона жатып әрең шығарады екен. Көмекшілікке бекітілген Өртұлға баспаханың қорғасын сасыған ыстық ауасы мен гранка-беттің қара бояуына «қарық» болған. Сол тіршіліктері қажыта бастаған Төлеген

көкейіндегі қыжылының көбігін көтеріп кетті-ау. Қайтсін-ай! Бірақ ақтара алмады, еріксіз тежелді. Бүкіл халық көзге көрінбейтін бір тосқауылға тіреліп, еріксіз тежеліп жүргенде, Төлеген не істей алсын?! Азық-түлік, киім-кешек қымбаттап барады. Редакцияның бөлім меңгерушілері былтыр жүз жиырма сом айлық ақы алушы еді, биыл оны жүз бес сомға түсірді, әдеби қызметкер деп аталатын қатардағы портфельсіз журналистер сексен сегіз сомның орнына сексен екі сом алатын болды. «Еңбек өнімділігі артып, халықтың әл-ауқаты жақсара түсуде!» – ел басындағылардың ауыздарындағы сөз осы. Сірә, олардың қайсысы болсын, қашан болсын халықтың жағдайын алдарына апарылатын алдамшы мағлұмат арқылы ғана біліп отыратын шығар. Елді аралай қалғандарыңда да көретіндері – «молшылық», нөкерлері құмырсқаша құжынап, жолына кілем төсеп, ішкенін алдына, ішпегенін артына тосып әлек. Көсеммін деп сезінетіндер қолпаштауды ұнатады, «әке-көке» деп жалбақтаушылар көбейген сайын ол ақ моншаға түскендей рақаттанады. Қолына билік тигенде әуелі өзін, өзінен артылып қалып жатса өздерінікін жарылқаушылар көп, халықтың халін күйттеушілер аз. Мансап-лауазым дегенің де – бір сырқат; одан ада болуды, сауығуды ниет еткендер тарихта бар ма екен?! Өртұлға бұл жәйттің ашық айтылмасын, ашып жазылмасын біледі. Айтқанның да, жазғанның да не күйге душар болғанын естіп те жүр. Алматыдан аттанарында «Дарынның» редакциясына кіріп шыққан. Жұмысшы жастар өмірі бөліміндегі жолдасы Халел Қостанай облысынан келген бір хатты оқып: «Отанға жүз мыңдаған пұт астық беріп келе жатқан Қостанайда мынадай сұмдық болса, онда мен коммунизмнің қай жақта орнап жатқанын білмеймін!» – деп күйіп-пісіп отыр. «О не?» – деген Өртұлғаға хатты ұстата салды. «Тапқаным тамағымыздан артылмайтыны былай тұрсын дейін, ауру кәрі шешеме ақшама ақ нан ала алмаймын, ақ нан қолында «асқазаны ауырады» деген дәрігердің анықтамасы барларға ғана сатылады, сонда колхозда отыз бес жыл жұмыс істеген әкем мен шешемнің жазығы не? Байғұстардың күніне бір бөлке ақ нан сатып алып тұруларына құқылары жоқ па?!» – деп жазыпты комбайнер жігіт. Сұмдық-ай, сұмдық-ай!.. Өртұлға кол-хоз өміріндегі бұл

көріністі, жалпылама сипат алған бұл сұрықсыздықты газеттердің жазудан жасқанатынын көріп-білген. Оны іштен сыртқа буырқантып шығарудың бір ғана жол-тәсілі қалды, ол – пьеса сөзі, сахна сөзі! Беделі күшті батыл режиссердің ғана қолынан келер онда да. Талай талқылау, тілгілеу, кескілеу көріп жүрген жүрек жұтқан режиссер, құдайға шүкір, жоқ емес. Қазірде нобайы бар «Ақсұңқарымды сағындымды» сондай иесіне тапсырсам деп ой шиырған Өртұлға жаңағы Төлегеннің ақтарыла жаздаған қылығын есіне тағы да алып, орнынан тұрып, жазу үстеліне беттеді. Ал үстелде пьеса парақтары жатқан-ды. Әдебиет сыншыларының тілімен айтқанда, «өмірдің өзінен туған оқиғалар», оны-мұныны ойдан шығарып үстеуді, қосымшалауды керек ететін емес, тек дәл жүйелеп, шындық шырайын қанықтырып, дәмді тілмен әңгімелеп бер. Көрген жұрт ештеңесіне күмәнданбасын, «рас қой!» – деп мақұлдасын, неше рет көрсе – сонша құптасын. Өртұлғаның бір ғана күдігі бар, ол – көдедей көп сарапшы-сыншы, кеңесші-ақылшы деп аталатын ағайындардың әділ төрелік айтар-айтпасы. Драматургтардың бір-екеуімен пікірлесіп, драманың қыр-сырына барлау жасап байқаған. «Партия ұйымының хатшысын жағымсыз кейіпкер етемін дейсің, бала, әй, соның қалай болар екен?» – деді бірі, көңілшектеуі. «Парторгты мақтасаң – пьесаң шауып өтіп тұр, тіпті сыйлық та аласың. Парторгты даттасаң, – драматургиямен қоштастырады, қайтып жолатпайды, ұқтың ба?» – деді екіншісі, көкейіндегісін көмескілемей айтып салатыны. Өртұлға түсінді. Қазақ тұрыпты, бүкіл кеңес драматургиясында партия өкілі ұнамсыз кейіпкер болғанын оқыған да, көрген де емес. Апырым-ау, өмірде, тіршілікте олай емес қой?! Панфилов атындағы колхоздың қожасы – парторг. Колхоз бастығын қолбала етіп алды да, не істеткісі келсе – соны істетеді. Мұның алдында бір жыл ішінде екі бастықты орнынан ұшыртып жіберді. Екеуіне де: «Партияның линиясын түсінбейді» деген кінә таққызды. Қазір колхозда бірде-бір жиын парторгтың басшылығынсыз, бақылауынсыз өтпейді. Сөйтіп, Мұқаш Мәсібеков соның барлығын «партия линиясымен үйлестіріп» отыр. Комсомол ұйымын жайдақ міне шабатын көкшолағына айналдырып алған. О, құданың құдіреті, оның екі

сөзінің бірі – «менің коммунистерім, менің комсомолдарым!» Хатшы жолдас қазақы әдет-ғұрып, салт-сана дегеніңізге «ескіліктің қалдығы, сарқыншағы» деген бір-ақ ат тақты да тастады, одан арғысына қолын сілтей салды. Тірі жанның түсінігін тындамайды. Қарттардың қайсыбірі: «Әй, мынаны өстіп шықылықтатып қоясындар ма?! Бұдан гөрі жібі түзу хатшы табылмай ма?!» – деп астан-кестең болып еді, дәнене өнбеді. Коммунистер оны үшінші жылға хатшы етіп тағы сайлап алды. Есептегі он бір коммунист «бірауыздан ұйғарыпты». Ауданның тегеуріні де!

Партия өкілінің пәрменіне мойынұсынбай жүрген төрт-бес жігіт қана бар. Олар – Бекемтас бастаған аңшылар. Облыстық аңшылар қоғамының заңды мүшелері, билеттері – қалталарында. Олардың кезінде комсомолға мүше болмағандарына ешкім мән бермеген.

Бекемтастар күсбегілікке ден қойған. Бүркіт, қаршыға ұстайды, қасқыр, түлкі, қоян аулайды. Бекемтастың атасы да, әкесі де күсбегі болыпты. Парторг болса, ол «күсбегілік – әуейілік, еріккеннің аморальдық ісі!» – дейді. Хатшылыққа сайланысымен оған тыйым салуға тырысқан. Бекемтастарға: «Сендер – колхоздың механизаторларысындар, демек, өз міндеттеріңді атқаруды біліңдер, басқа ештеңемен шұғылданушы болмандар!» деп бекіткен. Бекемтас ә дегенде-ақ қарсы шығып: «Қарбалас жұмыстардан мойнымыз сәл-пәл босайтын қыс айларында аңшылық міндетімізді атқаруға тиіспіз. Оны орындатпауға сіздің хақыңыз жоқ, өйтсеңіз – облохотсоюз арқылы обкомпартияның алдында жауап бересіз!» – деген. Хатшы сазарып үнсіз қалған, сірә, «облохотсоюзға», «обкомпартияға» құрығы жетпейтініне іштей өкінген шығар. Ал енді бірде Бекемтасқа: «Белгілі, атақты механизаторларсындар, партияға мүше болыңдар, өтініштеріңді кезексіз қарап, қабылдап жіберейін, партия қатарын сендердей озаттармен толықтырып отыруым керек», – деп бипазадады. «Комсомолдың мектебінен өтпегендерді партия қатарына ала алмаймын!» – деп талай ескерткеніңіз қайда?! – деген Бекемтас, ол да жалаң қармақты қаба қоймай. Партия «линиясының» дәл сол тұсында оппалап қаларын ойлап көрмеген Мұқаш еріксіз тынған, бірақ терекке тимеген оғын

бұтаққа дарытуға тырысып, Бекемтастардың жақын-жуықтарын аяқтан шалып келеді.

Осының бәрін естіп-білген Өртұлға күндердің бір күнінде «Ақсұңқарымды сағындымды» бастаған. Ақсұңқары – Бекемтастың бүркіті. Алтайдың нақ ақиығы. Ұясынан Бекемтас өзі алып, жетілдіріп, баулып, түлетіп, былтыр қыста тоғыз түлкі ілдірген. Биыл қыста қасқырға салмақ ниетте.

Көктемгі егіс қарбаласында Бекемтас бригадада орныққан ғадетке орай жексенбі таңы қылаң бере салт атпен үйіне келіп түседі. Монша жағады, кір-қоңын жуғызады, тынығып, өзіне, жолдастарына азық-түлік алып қайтады. Аптаның алты күнінде азанғы сағат алтыдан түнгі сағат он екіге дейін тыным көрмейтін бұларға жексенбі – бір мереке.

Әрқашанғысынша атын байлай сала құсмекенге кіріп барған Бекемтас шалқасынан түсе жаздады: Ақсұңқары түн-тұғырының тұсында салбырап асулы тұр! Мойны бұралып, қанаты сұлқиіп қалған! Бар қаны басына шапшыған Бекемтас тұра ұмтылып, құсын бас салды. Қыл тұзақтап асып кетіпті. Бекемтас Құлагерінің басын құшақтаған Ақанның халіне душар болды.

«Құсмекен» – әкесі марқұмнан қалған мұра. Мөлшері алты қанат киіз үйдің үлгісімен қызыл талдан биіктігін бес метр етіп тоқып, түндігін шокбайлаумен тұйықтап жасаған. Баулынған бүркітті күндіз ішіне бос жібереді де, түнде тұғырға қондырып қояды. Әкесі үш тұғыр орнатқан-ды. Олар: түнтұғыр, сылаутұғыр, жемтұғыр. Әр тұста, әр түрлі деңгейде.

Ең төргі, кісі бойы биіктегі түнтұғырдың тұсы орып-орып тесіліпті. Содан қалайда құсты тұзақтап ұстап алған.

Бейтанысты маңайлатпайтын Ақтөс дуал мен құсмекен аралығындағы мойыл ағашы түбінде тырайып ұйықтап жатыр. Оған не болды?..

Алай-дүлей ойын әрең жинақтап, әлдебір уақытта үйге енген Бекемтасқа шешесі: «Құсына тамағын уақтылы беріп жүрмін, өзіңнің тамағың да дайын, қазір, сен жуынып-шайынып алғанша, ысытып жіберемін. Ішіп ал да, жатып ұйқыңды қандыр», – деп әдеткі сөздерін айтып, өзі қазандық бөлмеге кетті.

Бекемтас не десін. Жүрегі жаншылып тұрған ұлының әлем-тапырық өңін «тірәктірінің күндіз-түні тарылдаған құрып қалғыр дауысынан қажығанға» жорыған қайран шешесі Ақсұңқардың оқыс ажалын естімей-ақ қойсыншы. Жалғызына сілтенген қамшы – оған жұмсалған қанжар емес пе?!

Ақсұңқарына кімнің және не үшін қастандық жасағанын білмеген, пәленбайдың, түгенбайдың осылай істеуі немесе істетуі мүмкін деп ойлауға да, іздеуге де зауқы соқпаған Бекемтас: «Қастығы қайырылып өзін тапсын, қайтейін», – деп тынып, болған сұмдықты ешкімге айтпауды іштей ұйғарып, құсын оның сылаутұғырына төсеп жүрген құрақ көрпешемен құндақтап орап, қоржынының бір басына салып қойды да, түнде қосқа қайтқанда жолдағы қорымның бір қалтарысына көміп кетпек болды. Дабыра қылып қайтеді. Өйтсе, арам пиғылы іске асқан айуанның жұрттың алып-қашты дүрлігіс сөзіне айызы қанып, масайрап жүрері анық.

...Ел жата атын жетектеп ауладан шыға берген Бекемтас қақпаны жауып алуға ілескен шешесіне:

– Тәте, мен Ақсұңқарды ұшырып қоя бердім. Барсын, байғұс іш құса бола бастапты, обал ғой, – деді.

– Бәсе, кеше ме, иә, өткен түн ортасында құсмекеннен шығып кетердей шаңқылдап еді, оны енді өзің біл, әкең жарықтық та «қыранның ішқұса болғаны қиын», – деуші еді, өзің біл. Егер қайта айналып келсе...

– Онда көрерсің, бірақ қайтып келе қоймас! – деп тебіне жөнелген жігіттің көз жасы көмейіне құйылып-құйылып кетті...

Өртұлға пьесасын санаторийде жалғап жазбақ ниетте болды. Барған күні бас дәрігерге ол ниетін «диплом жұмысын жазу» деп түсіндіріп, реті келсе, жеке бөлме беруін өтінген. «Бізде бір кісілік бөлмеде министр жатыр», – деді бас дәрігер, министрдің жатқанын мақтаныш көргендей көтеріңкі үнмен. Министр емес кісінде не қайран болсын, Өртұлға үш кісілік бөлмеге орналасты. Ондағы төсек көршілері – жастары отыздың о жағы мен бұ жағындағы апайтөс жігіттер екен. Семей облысының Ленин атындағы колхозынан келіпті. Нағашылы-жиенді көрінеді. Нағашысы жиеніне тартқан ба, әлде жиені нағашысына тартқан ба, кім білсін,

әйтеуір, арағыңды айранша сыңғытатын сайтандар. Асхананың кешкі тамағын бөлмеде екеуі бір жартыны қақ бөліп жалғастырады да, түннің бір жеріне дейін гүрілдесіп отырады. Гүрілді міндетті түрде сөз таластан бастайды. Біреуі әлдекімді мақтай жөнеледі де, екіншісі оған қарсы ұшады. Немесе екеуінің арасында қай жылы басталғаны беймағлұм дау-дамайдың қоламтасын көсеп, қызыл шеке керісті қаулатады. Талас «мәселелері» соншама көп болар ма: санаторий дүкенінде арақ-шараптың кім көрінгенге сатылуы дұрыс па, дұрыс емес пе; асханасының тамағында витамин бар ма, жоқ па; облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып анау оңбаған шал қашанғы отыра береді; Хрущевтің жеке басына табыну неге асқынды; Американың президенті Кеннедиді кім өлтірді... туһ, тақырыптары таусылсайшы! Өртұлғаның тыныштық тілеген өтінішін құлақтарына ілмей: «Қазір аяқтаймыз, інішек, сәл шыда, әңгімеміз, міне, бітіп те қалды», – десе, кейіп айтқанына: «Әй, студент, қысатын жерінді қыс та тыныш жат, өйте алмасаң – басқа бөлмеге ауыс, ұқтың ба?! Вот понимаешь!» – десті. Әлде жиені, әлде нағашысы, біреуі тіпті темекі тістеп, «әкесінің түтінін шығаруға» кірісті, біріне-бірі ерегеспесе, несі қазақ?!

Кезекші дәрігерлерге, бас дәрігерге де шағынғанымен, еш өзгеріс болған жоқ. «Енді қайтесіз, шыдаңыз», – дейді. «Бос орын жоқ, ешқайсысыңызды ешқайда ауыстыра алмаймыз», – дейді. Іргесі түрілмес, есігі ашылмас немкеттілік. Бой береді дегенің! Өртұлға бір апта тәжікелесті, тіресті, сепкені өнбеді, тұтатқаны жанбады. Көріп-білгенін, теріп түйгенін бас дәрігердің атына жазып, мұнда енді шыдай алмайтынын, санаторийден кетуге мәжбүр екенін мәлімдеді.

– Бұл сияқты арызды қабылдамаймын, басқа бір себептеріңізді жазып әкеліңіз, сонда ғана рұқсат етемін, – деді бас дәрігер жайбарақат жөткірініп.

– Негізгі себепті жаздым.

– Бұл себеп емес.

– Енді не?

– Санаторийді жамандағаныңыз болмайды!

– Шындық қой?!

- Жамандағанша, жағдайды жақсартуға көмектесіңіз!
- Он екі мүшем сау болып келсем, көмектесер едім.
- Олай болса айтыңыз, не істеу керектігін білсеңіз?
- Ең әуелі санаторийдің аумағында арақ сатуды тоқтаттырыңыз!
- Жарайды, жолдас, бәрі түсінікті. Қысқасы, мына өтінішіңді

кайта жаз, басқа бір себеп айт, орысша айтқанда безобидный дегендей, сөйтсең ғана рұқсат етемін, – деп бас дәрігер алдындағы өтінішті Өртұлғаның өзіне ысырды. Бұжыр беті жібімес тондай, шегір көзі шытынамас шыныдай. Сахнадағы әртістерше сарт-сұрт жауаптасқандарының ақыры бетпақтыққа тірелгенін ұққан, жекпе-жекте жеңіске жетпесін сезген Өртұлға шым кірпіштей быттиған пәле алдында амалсыз машайыққа айналып:

– Бір парақ ақ қағаз беріңіз онда! – деді. Анау үстелінің суырмасынан екі парақ қағаз алып ұсынды.

– Рахмет. Мұның біріне әлгі «безобидный» өтінішімді жазамын, екіншісіне «Социалистік Қазақстан» газетіне сіздің санаторийдің сиқы туралы сын мақала жазамын, – деді Өртұлға, ашуға ерік бермей ақырын сөйлеген қалпын сақтап.

– Путевканың қалған күндердегі ақшасын қайтармаймын! – деді бас дәрігер, құйрығы қысылып қалған мысықша баж етіп.

– Саған берген садақам сол болсын! – деді Өртұлға...

Үйде Айкүмістің хаты тосып жатыр екен, санаторийге қай күні жүретінін сұрапты. Өртұлға алдын ала айтпаған-ды. Барып орналасқан соң адресін көрсетіп бір-ақ жазуды ойлаған, өйтуіне жағдай болды ма, міне, сегізінші күн дегенде үйіне қайтып та келді.

Айкүміс Семей облысының Бесқарағай ауданындағы Төртбұлақ совхозына, өзімен бірге оқитын Шынар дейтін қыздың үйіне мейман боп барғанын жазыпты. Шынардың үш жаста бауыры бар екен. Шымырбек десе дегендей, шып-шымыр, тығыршықтай, асыр салып ойнап, тіпті тыным таппайтын көрінеді. «Ойынқұмар, күлегеш, жатырқағанды білмейтін жақсы балақай екен!» – депті. Айкүміс сенбінің кешінде барғаннан жексенбінің кешінде қайтқанға дейін Шымырбектің әрбір қимылынан көз алмаған, әрбір сөзін қағыс қалдырмаған тәрізді. Бәрін тәптіштеп, аса бір жылылықпен, ашық қызығушылықпен әңгімелепті. Не Шымырбек оның жанынан

қалмаған, не ол Шымырбекті жанынан бір елі шығармаған. «Екеуіміз түстен кейін орман кездік, ауыл қалың қарағайдың ортасында екен», – дейді. Бейтаныс орманда Шымырбектен өзге ештеңе көзіне шалынбағандай-ақ бар айтқаны: балақайдың киім киісі, жүріс-тұрысы, «лақша ойқастай секіріп-секіріп» жүгіретіні, оны-мұныны білгісі келетін сұрақ қойғыштығы, «өзіне сұрақ қойсаң, үлкен кісіше ойланып жауап беретіні». Атасының темекі тартатынын ұнатпайтынын, сондықтан көбінесе апасының қойнына жататынын, атасының «бүгін менің қойныма жат», деп кәмпит беретінін баяндапты. «Кәмпитке сатылады екенсің ғой, ә?» – деп әзілдеген Айкүміске Шымырбек: «Өзімнің атама сатылып мен, немене, баламын ба, кісі өзінің жақынына сатыла ма екен, бөтенге сатылмай ма?» – депті. «Апаңды тым жақсы көретін секілдісің, осы сен апаңның баласысың-ау?» – дегеніне Шымырбек: «Мен – әке-шешемнің баласымын, ал атам мен апамның немересімін», – деп жауап беріпті.

Айкүмістің Шымырбекті сипаттаған хатын кинолентаға мұқият көшірсең, кәдімгі көркем киноновелла болып шыққандай-ау деп түйді Өртұлға. Баланың қылығын мұншалықты мейіріммен баяндау нәзік те ыстық, құштар да қалтқысыз, қалтарыссыз таза сезімді аңғартса керек. Ондай қымбат қасиет ұялаған жүрек те жаратылысы адал, пәк тұлғада ғана болар. Айкүмістің бойындағы табиғи тазалықтың шексіз екенін Өртұлға анық біледі, алғашқы танысып, шүйіркелесе бастаған шақтарында-ақ аңғарған. Ақ жарқын, ашық сөйлескен. Жасанды қызару-сұрланудан аулақты. Кейбір ұл-қыздар жасына жараспайтын қулық ойлап, жөнсіз бұра сөйлеп керімси бастаса: «Байқа, абайла, ерте есейемін деп ерте қартайып жүрме», – дейтін де, қалай екенін кім білсін, сол сөзімен әлгілердің ауыздарына қақпақ, алдарына тосқауыл қоя салатын. Ондайда ешқайсысы оған ренжімейтін, соңынан күңкілдемейтін, жырқылдамайтын. Сондай сәтке еріксіз куә болған Өртұлға іштей қуанып, «жақсының мысы басады деуші еді, Айкүміс рухы күшті, жаратылысы жақсы қыз-ау!» деп тұжырған. Ал балажандылығын да байқағалы көп болды, бірақ сол сезімнің қуаты, сұлулығы мына Шымырбектің қылығын тамашалауынан анық көрінгені қалайда

еріксіз таңдантты. Екі туып бір қалғаны емес дегендей, бейтірлік басқа біреудің, бүгін бірге, ертең өз жолымен оқшау кететін курстас қыздың сонау ауылдағы ағасының баласына мұншалықты елжіреуі, шынында да, ғажап. Мына хатты Айкүмістен басқа біреу жазса, Өртұлғаның сенуі, илануы екіталай-ды, ал «Айкүмістің әрбір әрекеті бүркенішсіз, астарсыз, құдды биялайсыз жалаңаш қолдай, әрине, қол болғанда пианиношының қолындай сүйкімді» – Өртұлғаның осылай деп ой түйгені бар бірде. Үшінші курсты тәмәмдаған жылы Қостанай облысына ауыл шаруашылық жұмысына жіберілгенге дейін он күндей әредік болды да, үйіне барып келуді жөн көрген Өртұлға жолай Айкүміске барып шығуды ұйғарды.

Ол жылдары Алматы – Өскемен арасына тура ұшатын бір ғана ұшақ бар-ды. Оның өзі де кешкі сағат тоғызда ұшатын. Басқа төрт рейстің ұшақтары Семей арқылы қатынайды. Өртұлға солардың таңертеңгі сағат сегізде ұшатынына билет алды. Айкүміспен хабарласып, одан әрі Өскеменге кешкі рейстің біріне билет сақтатып қоюды сұрады.

Семейге барып түскен Өртұлғаны Айкүміс қарсы алды. Қасында сидіған шикіл сары қыз бар, оны: «Курстасым Бану, бір бөлмеде тұрамыз», – деп таныстырды. Қолын қымсына ұсынған Бану еріп келгеніне кінәлідей-ақ, құлағына дейін қызарып кетті.

Сол «қателігін» түзеткені болар, жатақханаға жете бергендерінде Айкүміске сыбырлап әлдене айтты да, серігінің қолынан тартыңқырап босап, Өртұлғаға қарап: «Сау болыңыз!» – деді де, көлденең көшеге қарай аяңдады.

Өртұлғалар жатақханада көп бөгелмеді. Бөлмеде қалған екі қыз әзірлеген шайдан бірер кесе ішісіп, көшеге шықты. Парк араламақ, киноға бармақ. Сүйіспеншілік сезімдері сабақтаса бастаған жастардың көздері де, көңілдері де далада болатын кез. Жұрт назарынан тыс болуға оншама ынталанбайтын, қайта көпшілік ортасында екеуі еншілер бір үлкен орын бар екенін басқаларға аңғартуға, екі жүрек жарастығын, екі бейне жарасымдылығын маңайындағыларға, әсіресе өздеріндей жастарға сездіруге іштей құлшынатын, содан іштей ләззат алатын шақтары. Бастапқы үнсіз жүздесу, ұяң танысу, «ғашықтың

тілі – тілсіз тіл» (Абай) екенін түйсіну, ой пердесін ысырыңқырап, жан дүниесіне үңілу, ұғынысу, түсінісу кезең-кезең болып кейінде, көшеде қалған соң, бүгінгі арман-мақсат та, ертеңгі ұзақ, ортақ жол да табиғи бірлестік тауып, анық сызылып-жобаланып қойғандай, өз-өзінен шақыратындай ашық нұсқа-сурет табады. Өртұлға мен Айкүміс өмірдің осы тұсында. Институттың берерін алып шыққанынан кейінгі жерде тағдырларының қосылуына қазірдің өзінде әзір, бірақ бұл қол алысып, серттесумен шешілген жоқ, сансыз хаттың сөзімен де байланған жоқ. Бұл махаббаттың үнсіз қалауымен, тілсіз үкімімен шешілді. Соңыра жүрек лүпілімен қол алысу да, серттесу де болар, ресми куәлікпен қуатталар да. Одан арғы сызу-жобаға тағдыр түзету енгізері және күмәнсіз. Бұған Өртұлғаның да, Айкүмістің де бүгіндері айтары жоқ. Бүгін екеуі қол ұстасып қыдырады. «Міне, біз бармыз!» – деген ұлы сезімнің құшағында болады. Семей қаласы да шілденің қызуымен балқып, бұл екі жастың соңғы бес айдағы бірінші кездесу қуанышына ортақтасады, паркінің жалғыз аяқ жолдарында, көшелерінің асфальтінде, Ертіс жағасының құмдарында табандарының табы қалар қос ғашыққа шат-шадыман ғұмыр тілейді.

Айкүміс пен Өртұлғаның алдарында біз өкшесі тротуарды тесердей тық-тық етіп етжеңді бір келіншек кетіп барады, ыңғайы үш жастағы қызды жетектеп алған.

– Ораш, анау балапанға қарашы, топ-топ басып томпандағаны қандай сүйкімді! Бірақ олпы-солпы киіндірген екен, тұлымы әдемі болғанмен, көйлегі кеңдеу, – деді Айкүміс.

– Көйлегінде нең бар, байқамасты байқадың ғой? – деді Өртұлға, әзіл сыңайымен, Айкүмістің қолын қысыңқырап қойып. Сол әредікте «балапан» балп етіп етпетінен құлап түсті. Айкүміс те ұмтылды, қызының қолынан айырылып қалған келіншек те қалт бұрылып, баж ете қалған баланы қолынан жұлқи көтере сілкіп жіберіп: «Көзіңе қарамайсың ба?!» – деп шаңқылдады.

– Апай, жекімеңізші, өзі де шошып кетті ғой! – деп қалды Айкүміс, көзін жұмып бажылдап тұрған балақайдың қарсы алдына шөкелеп отыра кетіп. Өртұлға да жеткен. Баланың тәмпіш мұрнынан қан сыздықтап тұр.

Айкүміс көйлегінің жеңінен қол орамалын ала берді.

– Менің баламда жұмысың болмасын! – деп тағы да шаңқылдаған келіншек балақайды сүйрей-мүйрей атқи жөнелді. Өкшесі тарс-тұрс. Айкүміс қол орамалын ұсынған күйінде түрегеліп, соңынан «тым болмаса мұрнының қанын сүртсеңіші!» – дегендей күйде телміріп қала берді.

Оқыс жәйт ойын әлем-тапырық еткен Өртұлға аңырып тұр. Сәлден соң селт етіп, ақырын барып Айкүмістің қолынан ұстап еді, баяу бұрылып қараған Айкүмістің көзінен жас домалап-домалап кетті...

Семей көшесінде болған сол оқиғадан кейін арада сегіз жыл өткенде Өртұлға Айкүмістің және бір жағдайына еріксіз куә болды.

Бейнеттің бәрінен сәтімен құтылып, диплом жұмысын «өте жақсыға» қорғап, «Дарын» газетінің редакциясына қызметке орналасып, бір жыл жатақханада тұрған Өртұлғаға редакция бір бөлмелі пәтер алып берді. Алматы институтына ауысуы о жақ, бұ жақтың жәрдемімен оншама қиынға түспеген Айкүміс те келесі жылы дипломын алып, Алматы кооператив техникумына қызметке орналасты да, екі жас аппақ армандарын дос-жолдастарының тілектеріне орап отау тігіп, басқа қуаныштарын да тоғыстырып той жасады, ауылдан аңқылдап жеткен ата-аналарынан ақ бата алды.

Бірге оқыған, бірге жүрген жастардың отау тігулері жиілеп, той тойға ұласа берген. Соның бірі Өртұлғаның жолдасы Мырзаханның перзентті болған тойы, шілдехана еді. Он бес шақты отбасы тоқайласқан думанды кеш бойы Айкүміс ата-аналарына ере келген алты баланың ортасында болды. 3-5 жастағы төрт қыз бен екі ұл Айкүмісті бірі «тәте», бірі «апай» деп қаумаласып мәресәре. Әлбетте, бәрін үйіріп алған – Айкүмістің өзі. Көбін білетін, араласып-құраласып жүрген жора-жолдастарының балақайлары ғой. Олар да бірден бас салып құшақтап, алдына отыруға таласып та қалған. Бала жүрегі жақсы көргенге бейіл.

– Айекеңмен бірге болсақ бізге рақат, баламыздың қыңқылысыңқылынан құтыламыз, – деді келіншектердің бірі, шын риза көңілмен.

– Оның рас, бір уақ демалып қаламыз, – деп екіншісі күле қостады.

– Үйде кемпір-шал жоқ, қалдырып кететін, қайтейік, – деді үшіншісі, «әдейі ертіп келген жокпын» дегендей ақталған үнмен.

– «Демалып қаламыз» дейсің бе? Ой, шіркіндер, өлердей шаршап жүр едіңдер! – деп жігіттердің бірі қалжындай қағытты.

У-ду күлкі саябырлай бергенде Өртұлға иегін көтере, мойнын бұрып тастап сөйлейтін әдетіне басып:

– Уа, шуламаңдар, түге! – деді, қоңыр дауысын күмбірлете сөйлеп, жорта жекіп. – Келіншектер қауымы шындарын айтты. Шаршап, жүдеп-жадап жүргендері рас. Нүриләға жаным ашиды, әсіресе бұл айда киген көйлегі келесі айда сыймай қалады. Тәкеңнің тапқан-таянғаны Нүркесінің көйлегінен артылмайды, анаусын айтпағанда, – дегенде, шоқырақ желістей мырс-мырс күлкі су бетінен үрке көтерілген қаздардың қанат дабысындай қауырт екпінді қарқылға айналып, шаңырақты кернеп кетті. –

Жә, тынышталыңдар! – деді Өртұлға отырысын да, дауысын да өзгертпей. – Күлген жақсы, ал жақсылықты білген одан да жақсы. Менің бәйбішем жұмыс таба алмағандықтан нянька болып отырған жоқ сеңдердің боқмұрындарыңа, күні ертең әкешелеріндей ұсақ-түйек болмасын деп жөні түзу тәрбие беріп жүр, соны түсіне білулерің керек, түсінбейді екенсіңдер, онда бәйбішемнің тәрбиешілік еңбекақысын менің алақаныма салыңдар, сағаты жиырма сомнан! – деп енді дастарқанға шалқия, қабағын кере қарап отырып, оң қолын, алақанын аша, үстелге сарт еткізіп қойды. Қарқ-қарқ, сақ-сақ күлкі үйдің қабырғаларын қақыратып жіберердей.

– Ой, Ореке, жаса!

– Өте дұрыс!

– Әй, қалталарыңды қағыңдар!

– Адамды адам қанайтын капиталистік қоғамда емеспіз, Айкеңнің еңбегін жемелік! – деген әзіл-қалжың жараса жарысып, шілдехана шырайы таси түсті.

– Айтқаным айтқан, айтқанымнан әсте қайтпан! – деп Өртұлға ғана жорта қасарысып отыр. Өзіне қызара күле қарап қалған Айкүміске ақырын бұрылып, көзін қысып қойды.

– Жаным, оу, жаным, қайдасың? – деп дауыстады, үстелдегі

рөмкелерге жағалата арақ-шарап құйып жүрген Мырзахан, күлкі күші шығарған көз жасын сілкіп тастап.

– Орекеңнің алақанын алдымен Мырзахан майлайтын болды, Жәниясы, қайдасың?

– Бәсе!

– Жәния, Мырзашыңның әлгі көйлегіне, басқана деп жиып-тергенін түгелдей ала кел, біз үшін де төлей сал, – десіп, құрбы-құрдастар бірі атып, бірі қууға кірісті. Жаңа ғана екінші бөлмеге кіріп кеткен Жәния:

– Қазір, қазір, мінеки! – деп қайта шықты. Гүлді қызғылт матамен «жабуланған» дөңгелек табақ бар қолында, оны үстелдің Айкүмістің орындығы тұсына апарып қойды да, қиыстау диванда балалармен отырған Айкүміске қолын соза қарап: «Айеке, кел, бері кел, орныңа отыр, әй, балалар, сендер анау бөлмеге барыңдар, бара қойыңдар, онда сендерге торт береді. Айеке, кел енді! – деп бұйрық таратты да, Айкүміс орнына отырған соң Өртұлға мен Айкүмісті ту сырттан иықтарынан еңкейе құшақтап тұрып: – Ал, ағайын, енді мені тыңдаңдар. Біз, Мырзаш екеуіміз мынадай, иә, былайша қаулы қабылдадық, тыңдаңдар: біздің анау құйтақандай қызымыздың, Мырзаш алып келші, иә, қазір алып келсін, оның кіндігін ролдомда қай мәтүшкенің кескенін кім білсін, әйтеуір, біреуі кесті ғой, қайсысы кезекші болса, сонысы кесе береді ғой, өздерің білесіңдер, – деді де, Мырзахан алып келген жөргектеулі нәрестені оның қолынан алып: – Сонымен, біздің қаулымыз бойынша, бұл қызымыздың кіндік шешесі Айкүміс болады, атын кіндік әкесі Өртұлға қояды, кәне,

Айеке, мына кіндік балаңды қолыңа ал, міне! – деді.

Жұрт:

– Бәрекелді!

– Жақсы ырым!

– Жақсы, жақсы!

– Осы қазақта Жәниядай ақылды әйел аз! – десіп, қуана құптасып сатырлатып қол соғып та жіберді. Өртұлға үстелдегі қолын қалт көтеріп:

– Әй, ей, алақандарынды аямасаңдар да, біздің баламызды

аясандаршы, шошытасындар ғой?! – деді, жорта жекуіне әсем жымыиысын қосып.

– Шынында, нәрестені шошытып алмайық, – деді әлдекім. Баланы Айкүміске құшақтатқан Жәния табақтағы матаны алып, кіндік шешенің көйлегі деп Айкүмістің иығына жапты да, «жабуынан айырылған» шампан шишасын Өртұлғаға ұсынды.

– Ореке, мынаны ашып, бәрімізге күй да, кіндік балаларыңның атын айт, сонсоң өзің бастап алып жібереміз! – деді.

– Мен де пионер болғанмын, «всегда готов!» – деген Өртұлға шишаны ала бере Айкүміске қарап еді, құшағындағы нәрестеге елжірей қарап қалған келіншегінің көзіне мөлдір тамшы іркілгенін көрді.

Түннің бір уағы. Ала көлеңке бөлменің терезесі алдындағы үстел басында, арқалығы биік орындықта шалқиып Өртұлға отыр. Бұйра қара шаш толқындана иығын жапқан. Көзі жұмулы. Үстел үстінде сол жақ бұрышын меңзей қойылған тұмша қалпақты электр шамының жарығы жартылай жазылған ақ парактың үстінде жатқан сары шыны автоқаламды сағымдандыра сұлу көрсетіп тұр. Әсем автоқаламға Өртұлғаның жаны құмар, қайда бол сын дүкен-жаймалардан көзіне жаңа түр-түсі шалынса-ақ сатып алады: үстелінің суырмаларында кемінде жетпіс шақты автоқалам жатыр. Екінші ретте жинап жүретіні – қорқор. Өне, оң жағындағы қабырғаға ілінген үш сөренің сол жағындағысы үлкенді-кішілі ағаш, мүйіз, боршыны қорқорларға толы. Автоқаламдары сияқты, бұлардың да біразы Мәскеуден, бөгде елдерден: Югославиядан, Венгриядан, Чехословакиядан алып келгендері. Капиталистік ел дегенде Францияға ғана жолы түскен, одан әкелгені – күміспен күптелген, Эйфель мұнарасымен жобалас қорқор сувенир. Ортадағы сөреде қазақтың ақ киіз қалпағы тұр да, оның қасына тозыңқыраған мүйіз шақша сүйеулі, бұл екеуі – бұдан екі жарым жыл бұрын дәм-тұзы таусылған әкесінен қалған көз. Ал оң жақтағы сөреде Өртұлғаның үш кітабы – «Алтай асуындағы із», «Шоқ жұлдыз», «Көктем көңіл» қойылған, олардың қатарында мүйізі шаңырақтай кербұғы мен орақ тұмсық қара бүркіттің қанық фотосуреттері тұр. Үш сөрені орнаттырған да, мынау мүліктерді осылайша қойған да

– Айкүміс. Күйеуінің келіспегеніне ол да келіспеген. «Ораш-ау, жаным-ау, үй ішінің сәні әйелден емес пе? Оғаштыққа ұрынсам, онда айт, қатты айт, қабылдаймын, ал үйлесімдіге қарсы болма, жарай ма? Достарың сыйлаған домбыра мен қамшыны төсегіміздің тұсындағы кілемнің екі шетіне ілемін», – деген де, бұрын үстел суырмаларында жатқан, енді сол жақ қабырғаны түгел алып тұрған кітап шкафтарына қойылған жиырма жеті қорқорды, анау қалпақпен суреттерді, Өртұлғаның өз кітаптарын жарасымды етіп осылайша орналастырған. Сөрелерден төменіректегі шағын сәкіде шымқай жасыл барқытпен қапталған кітап. Ол – ата-аналарының, туған-туысқандарының, жолдас-достарының фотосуреттері, екеуінің үйлену тойларының көзге ыстық, көңілге қымбат көріністері де суретке айналып сақтаулы альбом. Бұл альбомды үйлену тойларынан кейін кезекті еңбек демалыстарына бірге шығып, Кеңес Одағының ең көрікті қаласы Ленинградқа барып, он бес күн армансыз аралап қайтқан жолы «Нева» универмагында Айкүміс сатып алған-ды. Өртұлғаға: «Анау әдемі кішірегін қарашы», – деп көзімен көрсетіп, өзі ыңғайсыздана шегіншектеп тұрып алдырған екінші альбомы – «Наш ребенок» еді, оны Айкүмістің қайда тығып қойғанын Өртұлға білмейді. Әлі күнге «қайда?» – деп ауыз ашқан емес, тек үлкен альбомды ақтарған сәттерінде ғана есіне алады.

Түн жамылып отырған Өртұлға сол кіші альбомды бүгін көз алдына ойша бірнеше рет келтірген.

«Ақсұңқарымды сағындым» пьесасын жазып бітіріп, әдетінше бір айға жылы жауып қойған-ды. Оны қайта қарап шығуына дейінгі аралықта қаламын суытпайтын дағдысымен жаңа шығармасын бастаған. Жаңа деп айтарға ғана, әйтпесе бұл хикая соңғы айларда пьесасымен сырттай қапталдасып, тіпті шоқтықтасып, қолын кідірте берді. Хикая оқиғасы көкейінде жұмырланып, қаламына сұранса да, Өртұлға оны іркіп қойды. Түрлі себептермен тым ұзаққа созылып кеткен, екі кітабына жинақталған қаншама әңгіме-хикая жолын, кезегін еріксіз берген «Ақсұңқарын» аяқтауға бекінген.

Пьеса қолжазба қалпында тәмәмдалды. Түрен қопсытқан топыраққа түскен дән тәрізді. Өнуі, көктеуі, өсуі, нәрленуі, пісуі алда. Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, әйгілі

режиссерға ретін тауып оқытып еді, ол үкі көзін ұзақ қадап отырып: «Қалқам, пьесаң бұл күйінде бала болмайды. Бастаушымыз – партияның өкіліне көзқарасың қисықтау екен, соны түзетуің талап етілер. Ойлан. Түзету жасамас болсаң, сандығыңның түбіне салып таста, жатсын!» – деді. Қалың қыжылмен айтты.

Қазақстанның халық жазушысы, белгілі драматургке де оқытты. Ол іркілдеп күліңкіреп: «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!?» – дегендей, парторгке неге соқтықтың екен? Мұның – «Өлетін бала молаға қарай жүгіредінің» кері. Байқа!» – деп басын шайқады. Өртұлға режиссерға көлденең тартпаған сауалын бұған берді. «Колхоз парторгы көсем емес қой? Өзара сынсыз өркендемейміз» деген – партияның өзі. Шындықты, өмірде нақты болған жәйтті өзек еттім, ойдан шығарған жоқпын, оның несі айып?» – деді. «Бәріміз де өмірдің өзінен алып жазып жүрміз, бірақ нені алып, нені алмауды білу керек. Маңдайымыздағы жалғыз партияның анау қалың бұқара арасындағы өкілін масқараласақ, онда жетіседі екенбіз! Мынауың ешқайда өтпейді, министрліктің комиссиясы қабылдамайды, оған мен кепіл бола аламын!» – деді жазушы-драматург сызданып. «Түсіндім!» – деді Өртұлға, әдейі кекесінмен мырс етіп. «Нені түсіндің?» – «Сіз кепіл болған жерде біздің опа таппасымызды түсіндім», – «Сола-а-ай ма?!» – «Солай!» – «Көрерміз онда!» – «Көріңіз!» – Өртұлға қолжазбасын алды да, бағанадан кеңсірігін қапқан әлдебір жағымсыз әтір иісі бар бөлмеден шыға жөнелді. Екі қолын орындықтың екі жақтауына салып шалқып үнсіз қалған Өртұлға ой безбенін құрып, оның бір басына сол пікір-үкімдерді, екінші басына енді жазбақ шығармасын салып, жүрегіне жүгініп отырған. Жаңа шығармасы – хикая. «Көгенкөздер» деп атын қойып, алғашқы сөйлемдерін жазды. Арқауы – Өскеменнің ауруханасында кезекті операцияны тосып жатқанда палата медсестрасынан естіген оқиға. Ол медсестраның апа-жездесі қаладағы жетім бөбектер үйінен бір жастағы ұл баланы асырап алған екен. Бала төрт жасқа толғанда әу баста безіп кеткен шешесі тап болып, қайтып алмақ әрекетпен қиғылық салып, ың-шыңнан ада отбасының берекесін кетіруге кірісіпті. «Сіз журналистсіз ғой, жазықсыз апа-жездеме жәрдем

беріңізші! Жетімдер үйінің қызметкерлері жария етуге заңмен тыйым салынған құпияны неге ашады, олары сұмдық емес пе?!» – деген медсестра. Өзінен әзірше қайран жоқ Өртұлға облыстық газет редакциясынан көңіл сұрай келіп жүрген журналистердің азулысы, мораль мәселелерін қозғаушы Әбдікерімге тапсырыш, медсестрамен тілдестірген-ді. Алайда ақыры немен тынғанын қалайда қадағаламады, кәперінен тыс қалдырды. Бірақ оқиғаның өзегі ұмытылмаған. Алматыға табан тірегеннен кейін бірде тастанды жетімдер үйінің біріне әдейілеп барып, директорымен, тәрбиеші-күтушілерімен әңгімелесіп, иманы қасым болып қайтты. Әке-шешесінен өлідей айырылған жетімі болғанымен, тірі әкешесі тастап кеткен жетімі болмаған қазақ, нендей заманға кезіктің, не күн туды басыңа?! Қызыл шақа күйінде бөтен шаңырақ астына жиылыстырып, діні, тілі, ділі бөгделердің құзырына бұйырған көгенкөздер сенің тұяғың мен қияғың емес пе? Еңсесі аласа, едені суық жат үйден шырылдаған жанына, шымырлаған жүрегіне жылу-мейірім таба алар ма олар?! Мыңнан бірі табар, ал қалғаны қайтеді?! Анасының ақ сүтін татып көрмеген, әкесінің ыстық алақанында жатып көрмеген бейбақтарыңның көбейіп бара жатқаны қасіретің емес пе, сорың емес пе, қазақ?! Осы қасіретіңді қасірет деп, осы сорыңды сор деп ашық жазсам, ашынып жазсам, қабылдайсың ба?! Әлде сандығыңның түбіне салып таста!» – дейсің бе?.. «Көрерміз онда!» – дейсің бе?..

Бөлме есігі сықыр етіп ашылды да, сықыр етіп жабылды. Өртұлға ақырын бұрылып қарады. «Айкем, ұйықтасаңшы! Ұйықта, жаным, ұйықта!» – деді, Айкүмісіне айтқанмен өзіне ғана естілер пәс дауыспен. Орнынан ақырын тұрып, ақырын басып есік көзіне барды да сәл-пәл бөгелді. Қайта оралды. Орындығының сыртынан келіп, арқалығына екі білегін сала еңкейіңкіреп тұрды. Шамның жарығын жоғарыға жібермес тұмша қалпаққа қарап еді, іле көз алдына сонау жылы Айкүміс екеуіне Тұнықкөл тоғайында ұшырасқан қол арба көлденеңдей берген сияқтанған секілденді...

Ол тұн тым қапырық болды. Өртұлға мазасызданып шықты.

Ертеңінде Айкүміс жұмыстан келсе, үй ішінен қазы-қартаның иісі аңқып тұр! Залдағы ұзынша үстел үсті алма-жүзімге, кәмпитке

толы. Бүйірдегі тумбочка үстінде бір-бірден коньяк, шампан, «орыс арағы» және он шақты минерал су шишалары тұр. Есігі айқара ашық болған соң кірген Айкүміс кейін бұрыла бергенінде Өртұлға: «Айкем, сүйінші!» – деп құшақтай алды да, көзінен шөпілдетіп сүйе бастады.

– О не, айтшы?! – деп Айкүміс күле берді.

«Қорыққан да – бір, қуанған да – бір» дейді ғой, бірақ қуанғанның аты – қуанған емес пе, оның қорқыныштан ұпайы көп артық.

Айкүміс кенеттен ауылдағы анау-мынау балалық дәуреніне қайтып барғандай бір түрлі жеңілденіп, қызуланып, сақылдап күліп жіберіп, күйеуіне ойнақылана қарап:

– Ораш, Ораш! Келші, бес асық ойнайықшы! – деді.

– Асықтар үйде ме? Дәрібайдың қалқан құлағы әкеліп пе еді?

– Айтпақшы, сонда екен ғой...

– Бәрібір, тағы да сен ұтылатын едің.

– Сүйіншіңе мінеки деп ұтып-ұтып жіберсем ғой! Иә, айтшы, қандай қуаныш әкелдің?

– Айкем, мен, біріншіден, КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылдандым! Екіншіден, алдағы айда Мәскеуге, жас жазушылардың бүкілодақтық кеңесіне барамын!

– Ораш! Орашым менің! Ғажап болды ғой! Құттықтаймын! – деп Айкүміс құшағы ажырамай тұрған Өртұлғаны енді өзі ұмсына құшақтап, ернін тоса берді. Құшырлана сүйген Өртұлға келіншегінің сусыған жасқылтым жібек бас орамалын алып, өзінің мойнына орай салды да:

– Бәйбіше, концерт окончен, қимылдалық, кәзір анау қулар келеді, «барамыз, Айкеңе жуғызамыз!» – деп қалған. Мен ертерек тайдым сонсоң. Ет асып қойдым, эне, – деді.

– Дұрыс болды. Бәрі дұрыс, Ораш, бәрі жақсы! Бүгін таң атқанша бір тойлайықшы! Келсін, бәрі келсін! – деген Айкүміс дөңгелене билей ауыз бөлмеге беттеп, сыртқы киімдерін шеше бастады. – Бұл жетпіс бірінші жылдың күзі қысқа болмаса неғылсын, қазанның басында пальто кигеніміз мынау!..

Жақсылыққа жиналған жастар жалындап бақты. Сыйлы шаңырақты шат-шадыман күйге бөледі. Ән әуеледі, күй күмбірледі.

Домбыраның да, гитараның да есесі кеткен жоқ. Анекдот шіркіннің де не қилысы ақтарылды. Жұмбақ жасыру да ұмыт қалмады. Ал жас журналистер мен жас жазушылар жиналған жерде әрқайсысы оз ортасының бүгесі мен шігесін, гүлі мен шөңгесін әңгімелейтіні айдай анық. Достың дастарқанына жиналуларына дәт болған жәйт – әдебиет, Өртұлғаның Жазушылар одағына мүшелікке өткені екен, ендеше, сөздің бісмілләсі сол болды.

– Ореке, өз басым сенің аяқ алысыңды ерекше деп білем. Сенің негізгі үлкен тақырыбың – бүгінгі жастарымыздың, осы отырған өзіміздің өміріміз десек, сен бұл үлкен тақырыпты тамаша игеріп келесің. Сен кейіпкерлеріңнің психологиясын ашуға шеберсің, мені қызықтыратын қырың сол. Яғни, сенің сол қырың жарқырай берсін! – деді Кәдірбек.

– Қай шығарманың болсын түп қазығы – оқиға, бірақ оқиғаны тірілтетін, өркештендіретін күдірет – тіл. Мен Өртұлғаны кешегі алыбымыз Мұханның, Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шәкірті деп білемін. Тіл шеберлігін, тіл көркемдігін айтқанда. Әңгіме-хикаяларының қайсысы болсын, өздерің білесіндер, төгіліп тұрған тілімен бірден тартады. Қандай ірі, құнды оқиға болсын, егер ол орашолақ, олпы-солпы тілмен жазылса, онда оқи алмайсың, бастайсың да тастайсың. Орекеңнің «Кермиық» хикаясын, «Алау» журналының соңғы санында шықты ғой, соны мен бас алмастан оқыдым. Ореке, сондай дүниелерің, одан да артық дүниелерің көп болсын! – деді Дәрібай.

– Осында отырған бәріміз де журналистіктен жазушылыққа ойысқан жандармыз. Біріміз – прозаик, біріміз – ақын дегендей. Жазушылар одағына мүше болғандарымыз да, болатындарымыз да бар. Орекеңнің қабылданғаны өте дұрыс болды! Жастардың әсіресе ауыл жастарының тыныс-тіршілігін суреттеуде, әй, Ореке, сен біздің қай-қайсысымыздан озып кеттің, бұл – шындық, ал шындықты әрқашан ашып айтуымыз керек. Жаса, Орекем, жаса! – деді Төлеу.

– Айкүміс, Оспанхан Әубәкіров деген ағамыздың «Ақынның әйелі неге арық болады?» деген әзіл әңгімесі бар, ғажап әңгіме! Осекеңнің өзі де ғажап юморист адам ғой, соған еліктеп мен

«Прозаиктің әйелі неге семіз болады?» деп әңгіме жазайын десем, мына сен де, мына Әлия да, анау отырған Ақгүл де ап-арықсындар, сонсоң тосылып жүрмін. Сен, сірә, Орекеңнің жазғандарын түп-түгел оқып, содан шаршап, арықтап жүрсің-ау деймін. Мен бірде Тұмарбайға, – ол қу неғып келе алмады екен бүгін, – ей, сенің жазғандарыңның бәрі көз жасына толы: «қосыла алмай кеттік қой!», «арманымызға жете алмадық қой!», «мен сені сағынып жүрмін!», «сен басқаның төсегін салдың!» – деп егіліп жүргенің, сонда оларыңды анау қара қатының оқымай ма, қызғанып қиғылық салмай ма? – десем, әлгі қу айтады: «Өй, ол ештеңемді оқымайды, оған қаламақым ғана керек!» – дейді. Бір есептен, қаламақының көп болғаны жақсы, ал оны әдемілеп жұмсауға біздің мына Айекеңдей әдемі жарың болса, тіпті жақсы! Орекеңнің Айкені аман болсыншы! – деді Мұрат.

Сезімдері жарасқан, тілектері табысқан жастардың ойлары тұнық, мөлдір болатыны бір ғанибет. Қу мүйізденер кезеңге жеткенге дейін сол кезеңнен асып түскен қайсыбір ағаларынан артықшылықтары ол. «Сен Қазақстанның қай жағынан келіп едің?» – деспейді. Өртұлға – Айкүміс шаңырағының астына жиі жиналып жүрген құрбы-құрдастар: «Бұл Көкеев – Шығыс Қазақстандікі», – деп көрген жоқ әлі. «Өзіміздің Орекең!» – дейді. Алтай мен Атырау, Көкшетау мен Алатау – бұларға ортақ. Өлшеп берілген өмірдің күнгедейінде де, теріскейінде де бірге. Бірінің қуанышы – бәріне қуаныш, бірінің қайғысы – бәріне қайғы. Алайда жеке-жеке отадан Қыз Жібектің көшіндей түзілген осы ортаның оңаша отбасыларында соңғы кезде инеге жіп сабақтар әрекетше қимыл алған бір сөз сезіле бастаған. Күздің тұңғыш тұманынша жұқалтаң, жеңіл жайылып, Өртұлға – Айкүміс шаңырағын да шалған. Айкүміс айтқандай «таң атқанша бір тойланған» қуаныш куәгерлері бірте-бірте тарасып, ең соңында дастарқан басында бұл отаудың нақ тілекшілері – Дәрібай мен Оңайгүл қалды.

– Дұ-ры-ыс, – деді Дәрібай, қарсысындағы Өртұлға мен Айкүміске жымыңдап қарап.

– «Дұ-ры-ыс» болса, сендер асықпандар, мен қайтадан шай

қойып... – деп орнынан көтеріле берген Айкүмісті Оңайгүл білегінен ұмтыла ұстай алып:

– Айеке-ау, отыршы, ештеңе ішетін мұршамыз жоқ қой, – деп күліп, Айкүмісті қайта отырғызды да: – Сен бүгін әбден шаршадың, демал, әңгімелесіп біраз отырайық, сонсоң үстелінді өзім жиыстырып, жуып-шайып беремін, келістік пе? – деді.

– Шай іше отырсақ па деп едім...

– Айналайын Айеке-ай, «Арақ іше отырайық!» – демейсің бе одан да?! – деп Дәрібай әдетінше шалқая күлді.

– Коньяктарың ішілмеген күйінде тұр ғой, «ішкіштерім-ау!» Шынында, төртеуіміз оңаша бір алып жіберейікші! – деп ойнақы сөйлей тұрған Айкүміс жігіттердің рөмкелеріне коньяктан үстеп құйды да, өзі шампан құюлы бокалын алып: – Бір емес, екі шешелерің бары қандай рақат, ә, Ойеке? Талғат пен Шынарды кімге қалдырамын демейсің, қандай жақсы! Сол апаларымыздың аман-есен жүрулері үшін, шөбере сүюлері үшін, кәне! – деді.

– Менің Айкем біледі, ә? – деп Өртұлға риза көңілімен күлімдеп көтерілді.

– Өзі сұлу, өзі ақылды әйелдер де бар-ау дүниеде! – деді Дәрібай, әдейі таңдана тұрып.

– Айеке, сенің жақсы лебізің үшін, екеуіміз кейін сол апаларымыздың орнын басуымыз үшін! – деді Оңайгүл.

– Қал-л-лай! Менің бәйбішем де біледі, ә?! – деді Дәрібай қуақылана. Төртеуі ду күлді. Рөмке-бокалдарын түйістірді.

– Ойекең бағанағы қырғыз әнін қайталап жіберсе, шіркін! – деген Өртұлғаға Оңайгүл бұртия қарап:

– Тамаққа әбден тойдырып аласың да, ән айт дейсің, оның болмайды, «әу» дер шамам жоқ. Одан да Дәрібай екеуің кабинетіңе барып, «трынькаларыңды» ойнап, әлгі анау сұлу келіншектерің туралы әңгіме соқпайсыңдар ма, бізге естіртпей? Мұнда Айекең екеуіміз де біраз өсек айтысар едік, сендерге естіртпей, – деп әзілдеді. Бәрі күлісіп, Оңайгүлдің ұсынысы оп-оңай орындалды.

– Дәрібайдың да екінші кітабы шыққалы жатыр, «Талап» баспасынан, – деді Оңайгүл.

– Ә, бәрекелді! Құттықтаймыз!

– Оншама үлкен емес, шағын. Әңгімелер жинағы ғой.

– Е, бәрібір. Екі кітабы шыққан соң КСРО Жазушылар одағына мүше болуға құқылары бар көрінеді, құдай қосса, кешікпей Дәр-ағаның мүшелігін жуамыз деші! – деді Айкүміс, көңілдене түсіп, өзімен түйдей құрдас Дәрібайды әу бастан әзілдеп «Дәр-аға» деген әдетін сақтап.

Екі келіншек үстел үстін жинастыра жүріп әрнені әңгіме етісті.

Оңайгүл пединститутты бітірсе де, мамандығын қузамай, «Кітап» баспасына әдеби редактор қызметіне орналасқанды. Талай жазушының қолжазбаларын оқыды. Үлкенді-кішілі қаламгерлердің көбімен жүзтаным, солардың мінез-құлықтарынан байқаған қызық жәйттерді айтып, Айкүмістің ішек-сілесін қатырды. Өзімен қызметтес қыз-келіншектер, жігіттер туралы да әзіл, қағытпа әңгімелері аз емес екен. Айкүміс қызыға тыңдап: «Бізде барғаннан қайтқанға дейін таусылмайтын есеп-қисап жұмысы, бітпейтін, саябырламайтын бір машақат, әйтеуір. Ара-арасында бес-он минут демала алсақ, айтатынымыз – киім-кешек, тамақ жайы. Ылғи әйел болған соң, оның үстіне кәсібің мылқау цифрлармен жағаласу болғаннан кейін не қызық сұрайсың, шет-шегі жоқ бір сұрқай тірлік... онда да, мұнда да, күндіз-түні...» – деп күмілжіп тынды. Жүрегі шымыр еткен Оңайгүл тағы да анау-мынау әзіл әңгімелерін жиып-теріп айтқанмен, шатынаған шынының сыны қалпына келер ме, салқындай Берген сұхбаттың ақыры Оңайгүлдің: «Айеке, айналайын, жаңағы дос-жолдастарымыз боп барлығымыз сендерден сұрайтынымыз, екеуің дәрігерге барыңдаршы, кімнен екенін анықтап беретін көрінеді, ұят ештеңесі жоқ, ол – бала сүю ешбір пенденің пысықтығы емес, жаратылыстың ісі. Әліпбектің Жібегін білесің ғой, үш жылдан кейін дәрігерге көрінген екен, «мәселе өзінде», – деп алты-жеті ай емдеген соң анау қазанбастары туды емес пе?! Сөйт, алдымен сен өзің барып көрін, мен ертең келіншектерден сұрастырып, ол дәрігердің қай емханада, қашан қабылдайтынын біліп берейін, жарай ма?» – деген кеңес-сауалына тірелді. Тілеулес-дәмдестердің отбасыларында қимыл алған, сол кезде сырттай «айтайықшы» – десіп жүрген сөздері осы еді, соны

бұлайша жеткізу Оңайгүлге де жеңіл тимеді, Айкүмістің көңілі де алабұртты.

Үйленген жылдың аяғында бір күні Өртұлға жұмыстан ерекше жайрандап келіп: «Айкем, «Алатау» санаторийіне бір жолдама бар екен. Біздің редакциядан бара қоюға кісі шықпай жатыр, бәрінің оны-мұны себептері табылды дегендей. Соны кәсіподақпен келісіп алып алсам, сонан соң екеуіміз барып, он екі күннен демалып қайтсақ қайтеді?» – деп еді. Ойда жоқ шаруа оңай реттелгелі тұрғанына іштей қызыға қалған және Орашының көңіл желпінісін қымбат санаған Айкүмісі мысқалдай қарсылық білдірген жоқ. Өздерінің бөлім бастығы Рәбиға апай да кеше ғана: «Әй, қыздар, жұмыс саябырда бір-екеуің барып демалып, күш жинап келмейсіңдер ме, кезекті айларыңды тоспай-ақ? Тіпті кезектерің Жаңа жылдан кейін келетіндеріңе де рұқсат алып берейін, демалысқа қазір шыққыларың келетін болса», – деді. «Сәті түскей еді!»

Екі ғұмыр бір өмірге айналып, екі тағдыр бір бағытқа бет алып, екі соқпақ бір жол болып табысқаннан кейінгі мерзімде тіршіліктерінің көгінде шарбы бұлт та көрінбей келе жатқанына Айкүміс кейде іштей «осылай болуы керек шығар» – деп сенеді де, кейде, онда да іштей, «осылай бола беруі мүмкін бе?» – деп күмәнданады. Пенде әр таңын жақсылыққа үміт артумен атырып, әр күнін жақсылық тілегімен батырып жүрмей ме. Жақсылыққа үміт артумен ғана, жақсылықты тілеумен ғана және шектелмейді, сол жақсылықтың болуына, келуіне күш жұмсайды. Ол – әрбір қадамының, әрбір әрекетінің оң болуын ойлауы, соны қадағалауы, айналасындағы таныс-бейтанысқа шапағатын ғана тигізе білуі. Мұны топшылаған сәттерінде Айкүміс бұл өмірде өкінбесіне сенеді, себебі өзінің болмысына өзі ие, өзі бағдаршы. Тағдыр қосқан Өртұлғаның мінезі біртоға, айтым-қайтымы шала-шапшаң емес. Алыс-жақын аралас-құраластарының барлығына сыйлы, беделді. Сырттайғыларға паң, кердең көрінетіні рас. Еңсесін тік ұстап, аяғын алшаң басып жүретін, кейде мойнын бұрып тастап еркін сөйлейтін жаратылысын оның ішкі сарайының тазалығын білетін сыралғылар ұнатады, ал сырын білмейтіндердің қайсыбірі

«әдейі сөйтедіге» жорып жатырқайды да, қайсыбірі: «Менің шешем де ұл таптым деп қалжа жеген!» – дегендей жұмырбастылық қызумен қарайды, бірақ Өртұлға олардың ешқайсысына назар аудармайды. Кейде сондай қарым-қатынастар екеу ара сөз бола қалғанда Айкүмісің: «Ораш, ол қалай?» – деп жымия қарайтыны бар, ал Орашы мырс етіп күліп: «Бұл сауалдың жауабын менің әңгімелерімнен іздеген жөн», – дейді.

Орашының сол «жауабымен» астарлас пікірді Айкүміс санаторийде Мәриэм апайдан естіді.

Бұлар барғаннан кейін үш күннен соң түске жақын дәлізде екі әйел қарсы жолықты. Айкүміске егделеуі таныс тәрізденді, бірақ қайда көргенін есіне түсіре алмай, «бұл кісі кім еді?» – деп ой қатпарын ақтарғанынша болмай, Өртұлға: «Мәриэм апай ғой, Хакімжанова!» – деп күбір етті де, жол аша тоқтай қалып:

– О, апай, сәлеметсіз бе? Хош келдіңіз! – деді басын иіңкіреп.

– Амансындар ма, қалқам, дені-қарың сау ма? – деген Мәриэм апай екеуіне мейірлене қарады да: – Бұның отыз бесінші бөлмесі қайда екен, әрі бірінші рет, әрі үш күн кешігіп келдім, дұрысырақ бөлме бұйырса жарады-ау! – деп ақырын күлді.

Мәриэм апай санаторийдегі жұртшылыққа белгілі болып шықты. Рас, көбі Айкүмісше сырттай танып жүргендер екен. Айкүміс ол кісіні бұрын газет-журнал, кітаптағы суреттерінен, теледидардағы бейнесінен ғана білген. Өртұлға болса, редакция жұмысының ретімен бірде Қазан мерекесінің мәні хақында сұхбаттасып, екінші жолы қазақтың, ақын қыз-келіншектерінің шығармашылығы туралы мақала жаздырып алған.

Атақты адаммен қатар жүруге Айкүміс алғашқы күндері қалайда жүрексінген. Өртұлға да «жабыса бергендей болмайық», – деп тартыншақтаған. Бірақ Мәриэм апай: «Келінім мені әкеліп орналастырды, қайтып кетті, ол – қызметтегі кісі, отбасының шаруасы және бар. Енді, қалқам, мен сендермен бірге болам, егер шаршатсам, оны айтасындар, жарай ма?» – деп лекіте күлді. Қайдағы шаршатқан? Ем-дом алады, кітап оқиды, жазуын жазады. Кейде түскі шайдан кейінгі сағаттық қыдырысына шықпай да қалады. «Бүгін шаршаңқырап отырғаным. Өздерің бара қойындар,

қалқам!» – дейді немесе «кеше бір өлең жазып едім, соны қайта қарап шығуым керек болып тұрғаны», – дейді.

Өртұлғалардың екі апта ғана болатындарын білген сәтте Мәкең өз-өзінен кейіп: «Әттеген-ай! Сендерге ілесіп жүріп, өзі... ептеп жасарып қалғандай едім, бұлардың қиын болды-ау!» – деп басын шайқады.

Мәкең кей күндері кешкі шайдан кейін өзі де жылы киініп, Айкүмістің де жылы киінуін өтініп, корпустың іргесіндегі жарық алаңқайда қыдырыстайтын болды. Айкүмісті қолтықтап алады да, баяу ырғала басып жүреді. Өзін әдебиетке Бейімбет Майлин әкелгенін, Сәкен Сейфуллиннен, Ілияс Жансүгіровтен, Мұхтар Әуезовтен мол шарапат алғанын, әсіресе Сәбит Мұқановтың, ол кісінің бәйбішесі Мәриәм жеңгесінің туған аға-апайындай, тіпті әке-шешесіндей мейірімді қамқоршы болғандарын ғажап ризашылықпен тебірене әңгімелейді. Замандас ақын-жазушылардың қызық қылықтарын әдемі әзіл етіп айтқанында, өзі жаңа естігендей рақаттанып күлетін бала мінезі бар екен.

Соңғы кештегі қыдырыста Мәриәм апай әңгімесін:

– Мына санаторийдің жұмысшылары қызық екен, – деп ренішті үнмен бастады, – бағана әп-әдемі боп қар жауып еді ғой, енді қарашы, міне, бір уысын қалдырмай сыпырып-сиырып, мұздалған асфальтті жалаңаштап тастағандарын! Аяғыңның астында сықыр-сықыр етіп қар жатса, шіркін! Байқа, қалқам, тайғанақ көрінеді, екеуіміз мұрттай ұшып жүрмейік, – деді.

– Өйте қоймаспыз, – деді Айкүміс.

– Нағыз қыс деп біздің Қостанайдың қысын айт, қыстың сұлуы сонда ғой! – деген Мәриәм апай Айкүмістің қарын қысып-қысып қалды да, күле сөйлеп: – Ә, қалқам, сенің Өскеменіңнің қысы да ғажап! Білем, айналайын, білем, анау бір жылдары болғанмын. Сен ренжіп қалған жоқсың ба? – деді жарасымды әзілмен.

– Мен Қостанайда болып көргем жоқпын, салыстыра алмаймын ғой, – деп Айкүміс де әзілге сайдырғанда Мәриәм апай сылқылдап күліп:

– Жөн, қалқам, жөн! – деді де, екі-үш минут шамасы үнсіз жүріп келе жатып: – Айнама, мен саған бір нәрсе айтайын, – деп

анаға тән ілтипатпен салмақты сөйледі. – Жас алпыстан асқан соң адамды ұмытшақтық иектей бастайтын сияқты. Бірінші күні кездескендерінде Өртұлғаның аты-жөнін есіме түсіре алмай, біраз ыңғайсызданып қалдым. Бөлмеме орналасып, келініммен қоштасқан соң: «Әкем-ау, жаңағы бауырымның аты кім еді?» – деп ойланайын. Үйде өзі қолтанба жазып сыйлаған кітаптары бар, бәрін оқығанмын, жақсы жазады, оқиға алу талғамы қандай, тіл көркемдігі қандай! Талант, шын талант! Осы жақында журналдардың біреуінен «Кермиық» деп аталған әңгімесін оқыдым, ғажап тартымды әңгіме, айналайын! Өзі де өзі суреттеген бас кейіпкеріндей келісті, мінезді жігіт, тек ғұмырлы болсын! Екеуің бақытты болыңдар, қалқам!

– Айтқаныңыз келсін!

– Қалқам, жазушының, әсіресе Өртұлғадай талантты, жаратылысы, рухы ерекше жазушының жары болу – саған тағдырдың әрі үлкен сыйы, әрі үлкен сыны. Басқалар не десе, о десін, ал менің саған айтарым, айналайын, жарыңның қасқабағына қарай біл, жанын түсіне біл, перзентіндей мәпелей біл. Қаламақысын санама, қызықпа ол пәлекетке. Жарыңның абыройын алтын-күміске айырбастама, әлем-жәлемге әуес болма, қалқам. Өртұлға – текті жігіт, егер мен кісі танысам. Ол сені сақтай алады, сен де оны сақтай біл. Мен сенің инабатты, парасатты жан екеніңе шүбәланбаймын. Құдай екеуіңе ұзақ ғұмыр, мол бақыт берсін! – Мәрия апай тоқтап, Айкүмісті құшақтап, маңдайынан сүйіп: – Менің екеуіңе берген батам осы болсын, айналайын! – деді, майда қоңыр үнмен.

– Рахмет, апай, көп рахмет! – деген Айкүмістің дауысы жайшылықтағы сыңғырынан жаңылыңқыраған.

– Тоңып қалмайық, жүр, уақыт та болды білем, – деді Мәкең. Айкүмістің көз алдына шешесі елестеп, оның айтқан бір сөзі есіне тағы да түсті. «Қызым, сен жат жұрттық болып жаралғаныңмен, жат жұртқа кеткен жоқсың. Өзіміздің Көкей мен Шәйгүлге келін болдың, ендеше, балам, әкең мен шешенді ойлағанда оларды қоса ойла, енді сен – солардың баласысың. Отауыңның түтіні түзу шықсын десең, отбасың ұйытқылы болсын десең, Орашынды

сыйлай біл. Әйелдің аты да, заты да – әйел. Сен мейірімді, кешірімді бол. Хүкімет прауа берді екен деп күйеуімен жағаласып, «мен сенен кем емеспін!» – деп көкбеттеніп жүретіндерге жолама. Орашынды ренжітсең, Көкей мен Шәйгүлден ұят болады. Олардың алдында әкең екеуімізді жерге қаратасың. Сен тіпті біз естіп-білмеген қиырдағы басқа біреулерге келін болсаң да осыны айтар едім, құлыным!» – деген-ді. Өзіне бірі жарық дүниені сыйлаған, бірі жан дүниесінің сәулесін сыйлаған Хауия мен Мәриәм атты екі ана Айкүмістің Орашын сүйген махаббатының мән-мәртебесін мәңгілік жар қиялындағы ең биікке шығарған.

Енді, міне, санасының сахнасында сезім-режиссердің әмірінен қайта қойылым тапқан, жаңарып жаңғырған сол сәнді, сәулелі көріністер көз алдына шағылған шырпыша бір ауық жарқырап алып, біртіндеп әлсіреп бара жатты, ал ол әлсіреген сайын Айкүмістің бүгінге дейінгі бүкіл өмірінің барлық қымбат сәттері қабаттаса көрініп, қабаттаса көмескіленіп, тіршілік шырпысымен бірге сөніп бара жатқан сияқтанды. Тоқтата алмағанмен, баяулатар да дәрмен Айкүмісте жоқ. Екі бөлменің ортақ қабырғасындағы есіктің босағасына сүйеніп тұр. Емханадан үйге жетуі қиямет болғанындай, екі бөлмеде байыздауы да мүмкін еместей. «Төсегіме жетіп құлап, содан тұрмай қалсам екен!» – деп, бір оқыс ойдың жетегімен жан ұшырып жетіп еді, беймәлім бір әрекеттен кешігердей асығып еді. Ештеңе жоқ. Ешкім жоқ. Көзін тас жұмып, екі қолымен басын қыса ұстап, еріксіз бүгіліп отыра кетті, көзінен жас ытқыды. Денесі дірілдеп, от-құйын толғандай кеудесінен ақтарылған жалын кеңірдек-өңешін қоса шарпып, буып барады. «Ораш! Ора-а-аш!» Шарпып, буып бара жатқан жалын жол тауып бұрқ еткендей болды. Кеудесі қаңырап бос қалды, от құйынның орнын еріксіз еңіреген дауыс кернеді.

Өртұлғаны Мәскеуге жас жазушылардың бүкілодақтық кеңесіне аттандырғаннан кейін Айкүміс өзінің де ойында біраздан бері бар, Оңайгүлдің «дәрігерге барындаршысы» да түрткі болған құпия әрекетіне тәуекел еткен. Оңайгүлдің одан арғы жәрдемін тоспай өзі іздеп тауып, дәрігердің талап-тапсырмасын орындап, төртінші күні беймәлім байламды білуге бейжай, түсініксіз күйде

барып еді, жасы елуді еңсерген маман дәрігер әйел есен-саулық сұраудан бастаған сөзін ауа райының бұзылыңқырап тұрғанына бұрып, «биыл қыс ерте түседі», – деді. Одан кейін өзінің Ақмолада туып-өскенін айтып: «Біздің жақтың қысы қыс сияқты, жазы жаз сияқты, мына Алматының қысы мен жазындай ылғалды, әрі-сәрі, жайсыз емес», – деді. Одан кейін Айкүмістің, күйеуінің әке-шешелері, ағайын-туғандары туралы сұрады. «Е, жақсы, жақсы. Өскен, өркендеген ұрпақ екен», – деп, өздерінің отбасынан да оны-мұны жәйттерді айтып отырды да: «Тағдыр дейміз бе, жазмыш дейміз бе, ол шіркін бірімізге алай, бірімізге былай ғой», – деп сәл іркіліп, ақырын күрсінді де: «Қызым, анализді мұқият қарадық, профессор Өмірбекованың қатысуымен талдадық, соның нәтижесінде... амал не, жаратылыстың алдында біз әлі дәрменсізбіз, иә, кеңес медицинасы әлі дәрменсіз, шетел медицинасының практикасында да солай, біздің естуімізше. Амал не, қызым, сен бала көтермейді деген қорытынды жасап отырмыз, жаратылысқа дауа жоқ, қарағым...» – деді. Айкүміс аңтарылып қалды. Емдел дейтін шығар, қалай емделуді айтатын шығар, Жібек те емделді ғой дегендей ой кешіп отырған, дәрігердің үйшілік оны-мұныны сөз еткенін уақыты болған соң бір мезет әңгімелескісі келгеніне жорыған. Енді... не деді?.. Дәрігер бірдеңе деген сияқты... ештеңе демеген де сияқты... Айкүміс қарсысындағы ақ шашты, ақ киімді әйелдің сеніп болмас бір нәрсе айтқанын шамалағысы келгендей оған қабағын кере қарап сәл отырған да, басын ақырын шайқай орнынан тұрып, баяу бұрылып, есікке беттеген...

– Күмісжан, не болды?! Не болды, Күмісжан?! Жыламашы, жыламашы! – деп шыр-пыр болған дауысты танып басын көтерген Айкүміс өзін екі иығынан демей алдында шөке түсіп отырған Әсемді бас салып құшақтап:

– Апай! Апатай! – деп ышқына еңіреді. «Жыламашы, айтшы, не болды?!» – деген Әсемнің омырауына бетін басып, одан әрмен жылады. Апайы құшақтап тұрғызып, сүйемелдеп апарып диванға отырғызды. Өзі де кемсеңдеп жүр.

– Күмісжан, қойшы енді, жыламашы! Біреу бірдеңе деді ме, кім ол, айтшы!

Айкүміс басын шайқады.

– Ауыл жақтан жайсыз бірдеңе естідің бе әлде?! – Айкүміс басын шайқады.

– Мама, қайдасың? Күміс апайым қайда? – деген бала даусы естілді.

– Күмісжан, әне, Жәкөң келді, жылама, қоя ғой! – деп жік-жапар болған Әсем Айкүмістің шашын жиыстырып, қол орамалмен көзін, бетін сүрте бастады. Айкүміс «Жәкөң» деп еркелетіп айтатын Жанар – жақында көшіп келген көршілері Ғабдырасул мен Әсемнің төрт жастағы қыздары – аң-таң пішінмен жақындай берді. Айкүміс оны бауырына тартып алып, үнсіз солқылдап кеп жылады.

– Күмісжан, қой енді, сабырлы едің ғой, не болды соншама?! – деп Әсем қатқылдау сөйледі.

– Күміс апайым неге жылайды? – деп Жанар шешесіне мойнын соза сыбырлады. Аң-таң болып, абыржып тұрған-ды.

– Күміс апайың сатымен жүгіріп шығамын деп, құлап қалып, тізесін қатты ауыртып алыпты, әне, көрдің бе, байқап жүрмегеннен не болатынын? – деді Әсем.

– Мен Күміс апайымның сатымен жүгіріп шыққанын көрдім, бірақ ол мені көрмеді, – деді Жанар апайына өкпелі екенін жасырмай.

– Рас, Күмісжан, Жәкөң далаға шығамын деген соң киіндіріп жіберіп едім, іле-шала қайтып келді. Неге жүрмедің, балалар жоқ па екен десем: «Күміс апайым сатымен жүгіріп кіріп кетті, маған карамай қойды», – деп бұртиып, шешіне бастады. Сені жүгіріп кірді дегенге... крандарыңа бірдеңе боп қалды ма деп келсем, есігің ашық-шашық жатыр, Ореке қашан келетін еді? – деп Әсем өзі де түрегеліп, Айкүмісті де қолтығынан көтеріп: – Жәкөсі, апайыңа тұруға көместес, тізесі ауырады, бетін де жуып келсін, жылағанда беттің кірлеп қалатынын білесің ғой? – деді.

– Ораш ертеңдер келеді, – деді Айкүміс күбірлеп, өзін екінші қолтығынан көтеруге тырысқан Жанардың төбесінен иіскеп сүйіп.

– Бастарың аман болсыншы, басқасы бола жатады, – деп Әсем жұбату айтты. Айкүмістің не күйде екенін аңғарған еді.

– Жәкөңдей біреу болса, армансыз өтер едім ғой! – деп булыға

сөйлеген Айкүміс тоқыма кеудеше-белдемшелі Жанарды көтеріп алып иіскелей берді.

– Күмісжан, Жәкөң жаныңда болсын, мен үйге барайын, аға моншаға кетіп еді, келіп қалған да шығар, кілт менде, – деп аяғын жебей басып кете берген Әсем сыртқы есікті жапқан сәтте өзі де көз моншағын төгіп алды: – Тәңірі-ай! Бір шикі өкпенің несін аяйсың бұлардан?!

Төртінші қабаттан түсе бере тік аралықтан төменге үңілген Әсем күйеуінің сыртқы есіктен кіріп келе жатқанын байқады. Ғабдырасулдың моншаға барғанда басына қыста жалпақ төбе көк малақайын киетін әдеті. Басқа уақытта кимейтін онысының екі құлағын шала түріп, қанаты қалбалақтаған құсқа ұқсатып қояды. «Балаларша осының не, жұрт күлмей ме?» – деп реніш айтқан келіншегіне де, балаларына да: «Бала күнімді сағынып жүрмін», – дей салады. Ғабдырасулды есік көзінде тосып алған Әсем:

– Моншаң шипа болсын! – деді, іштей зорлықпен жымыып.

– Не боп қалды, ей, сиқың кетіп қалыпты ғой?! – деп күйеуі тіксініңкіреген.

– Жәй, үйге кірейік те, – дей салды келіншегі. Ғабдырасулдардың төрт қабатты бұл үйдің екінші қабатындағы бір қазақпен пәтер айырбастап келгендеріне көп болған жоқ-ты. Кенжелері Жанарды сыртта алғаш көргенде-ақ үйіріліп түсіп: «Өзің пончик сияқты томпиған, тәп-тәтті екенсің!» – деп көтеріп алып, кәмпит беріп, ерік алдына қоймай бауыр бастырған Айкүміс Ғабдырасул мен Әсемді туған аға-жеңгесіндей сыйлап, баяғыдан біліс адамдарша араласып кеткені ғой. Жанардың өзінен 6-8 жас үлкен ағасы мен апайы бар, Айкүміс олармен де үнемі шүйіркелесіп, сабақтарын сұрастырып жүреді. Ерулікті ең алдымен берген де – Айкүміс. «Бізді отауымыз деп санаңыздар!» – деді Айкүміс сол жолы, еркелене сөйлеп. «Иә, иә!» – деп Өртұлға да көңілді қостады. «Сендер – біздің отау үйімізсіңдер, ал біз – сендердің осындағы үлкен үйлеріңбіз!» – деді Ғабдырасул, жастардың жақсы тілектеріне қалтқысыз марқайып. Әсем тісі ақсиып күлетін нәзік қылығымен күптады.

Әсем бүгін ойда жоқта куә болған оқиғаны күйеуіне кешкісін оңашада айтып берді. Екеуі қинала отырып ой өрбітісті:

– «Ұятқа қалсын деп қызға береді; асырай алмасын деп күнге береді», – деді Ғабдырасул тұнжырап.

– Маңдайдағы жазу шығар...

– Дәрігерге көрінсеші... профессорлар көп қой...

– Алдыңғы күні ме, «анализ тапсырамын», – деп кетіп бара жатыр еді... солар теріс бірдене деді-ау осы...

– Дұрыстап емделсе, бастары жас әлі...

– Үйленгендеріне биыл бес жыл толады екен...

– Байқадың ба, Айкүміс өте балажан, біздің Жанарды еркелетіп, айналып-үйіріліп отырып, кейде ауыр күрсініп, көзі жасаурап кетеді, тіпті қабырғам қайысады, – деген Әсемнің өзінің де көзі боталай қалды.

– Мұндайда бала асырап алса, өзі де бала көтереді дегенді естіп едім...

– Ондай болатын көрінеді, бірақ... кім білсін...

– Сен соны ептеп айтып көрсеңші!

– Әй, дәтім бара қояр ма екен, көңіліне ауыр алып жүрсе...

– Ауыр алмас, ақ жарқын бала ғой, түсінер...

Өртұлға Мәскеуден келгеннен кейінгі үш кеш бойы босамады. Келген күні іңірде үлкен үйлеріне сәлем бере кіріп шыққан. Ағасына «Мәскеу Кремлі» деген қалың альбом алып келіпті. Әсем жеңгесіне «Сіздің шайыңызда тәтті шайды әлі ішіп көрген жоқпын, тым-тым тәтті бола түссін!» – деп сырты сұлу бедерленген, никелі жылтыраған шәугім сыйлады. Іні-қарындастарына Мәскеудің алуан түрлі әйгілі кәмпиттерін мол әкеліпті.

Отау иелері төртінші күні кеште аға-жеңге дастарқанына дәмге шақырылды. Әңгіме тізгінін, әрине, Өртұлға еріксізден еріксіз ұстады. Мәскеуге алғаш рет барған оның сапар әсері айтып тауысқысыз еді. Мәскеудегі Қызыл алаң, Кремль, В.И.Ленин мавзолейі, Ленин таулары, Үлкен театр, метро... КСРО Жазушылар одағында болды, әлемге белгілі ақын-жазушылар, сыншы, әдебиетші-тарихшылардың біразын көрді.

– Айтматовты, Шолоховты көрдің бе? – деп Ғабдырасул да әңгімеге құмарта түседі.

– Шайды еттің тоғы басылған соң ішесіңдер, біз сендерге бөгет болмайық. – Әсем Айкүміске ым қағып, екеуі ас бөлмеге кетті.

Оңашаланған екі әйелдің сөздері әуелде анау мен мынау да болғанмен, сәлден соң бір жүйеге ойысты.

– Күмісжан, саған айтсам деген бір ойым бар еді, соны айтайын, сен көңіліңе ала көрме. Сенің әнеуің күйің мені әлі қинап жүр. Ол күйінді түсінгендеймін. Бұ тағдыр дегенің кімге тізгін берген!? Бірақ оның ыңғайымен кете бермеу де керек сияқты. Біздің қазақта бір оңды ғұрып бар, бала көтермей жүрген әйел егер бала асырап алса, ағайын-туғандарының немесе дос-жолдастарының бірінің нәрестесін бауырына салса, кешікпей өзі де бала көтереді. Біздің ауылда сөйткендер бар. Сен соны ойланып көрсең қайтеді? – деді Әсем.

– Апай... – деп Айкүміс аз-маз іркілді де, тулай қалған жүрегін, толқи қалған сезімін шектен шығармас сабырмен салмақтана сөйледі: – Мұны маған, бізге жан тартып айтып отырсыз ғой, көңіліме ауыр алмаймын, құдай сақтасын. Менің қызметтестерімнің көбі орыстар, ал олар ненің болсын турасын айта салады ғой, Любовь Инсаровна деген келіншек бірде: «Айя, жетім сәбилер үйінде қаракөздер де пайда бола бастапты, солардың әдемі біреуін асырап алсаңшы!» – деп қарап отыр. Не дейін оған? «Ойланайын, көрейін», – деп құтылдым. Шынында, ойландым, көп ойландым, апай, бірақ өйту менің қолымнан келмес...

– Айналайын, оны өзің... өздерің білесіңдер, менікі жай, ойымдағыны айту да...

– Жарайды дейін, ағайындарымның, жақындарымның, біреуінің сәбиін немесе әлгі қаракөздердің біреуін бауырыма салдым дейін... өсірерміз, шамамыз келгенінше жақсы тәрбиелерміз, бірақ... кім біледі... біздің ойлағанымыздай, қалағанымыздай болмай, әлдебір себеппен қисық кетсе, ол да қиын тиер... «Тағдыр шіркін кімге бой берген?!» – дедіңіз ғой, ол рас. Менің бірге оқыған подругаларымның бірі Лениногорскіде тұрады, күйеуі инженер-металлург. Сол подругам да бала көтермей үш жыл жүріп, сіңлісінің баласын бауырына салып еді, байғұс бала бір жарым жасында қайтыс болды. Сіңлісінің күйеуі араққа тәуір екен, қызып алған

күні: «Өзімізде болса өлмейтін еді!» – деп әңгіртаяқ ойнататын көрінеді.

– Астапыралла!

– Ой, апай, апатай, бұл өмірде не болмайды, кім болмайды?.. Асырап алған баласы аурудан көз ашпай жүрген де танысымыз бар. Құдай өзі кешірсін, кейде ойдан миым айналып кете жаздайды, сондай жағдайларға тап болып жүрсек қайтеміз деп шошимын... Орашқа сездірмеуге тырысып келемін... Ораш та өте балажан адам. Мені жасымасыншы дей ме, қалайда менің көзімше балаларға онша илікпейді, ал оңашада... онысын бірнеше мәрте байқадым, оңашада құшақтап, жалап-жұқтап, кәмпит беріп есі шығады... – деп күмілжіп, басын төмен салған Айкүміс орнынан тез тұрып шығып кетті. Өзінің де кеңсірігі удай ашып отырған Әсем:

– Тәңір-ай, соншама не жазып еді саған! – деп налыды...

Адам атаулының жаны да, тәні де жұмбақ. Екеуінің де сырын, құпиясын ашып білген сұңғыла, ғұлама әлі жоқ, қашан болуы мүмкін екендігін айтудың өзі өбестік шығар. Жер-мекенімізде неше миллиард адам болса, сонша тағдыр, мінез-құлық бар десек, бұны күлкілі, сандалбай сәуегейлік деушілер болуы ғажап емес, өйткені біз толып жатқан «изм»-дердің түбіне жеткен, төбесіне шыққан білімдар ұрпақ болып саналамыз, біз атамыз қазақтың: «Адам аласы – ішінде, мал аласы – сыртында» деген қарапайым да қапысыз нақылын күн ыстықта ғана керек көлеңкелі жаппа ғұрлы көрмейміз. Қазекең «адам» деп бәрін емес, адам бола білгенді ғана айтқан!

Айкүміспен аяқ-табағы араласып келе жатқан, бірі қызметтес болып жүрген, бірі күйеулерінің дос-жолдастықтарымен танысып-біліскен келіншектердің қайсыбірі аласы іштерінде екенін әдейілеп болсын, аңғармай қалсын, қалайда байқата бастады. Әсіресе Айкүміс дәрігерлерге көрінгеннен кейін шөп басы қимылдауға кірісті. Бірінің аузынан шыққанды екіншісі немесе үшіншісі лүп етіп басыла қалатын жетім желше елеусіздеу іліп қалады. Бәрібір шаң шығады. «Дәрігерлер... депті!», «Пәленбай... депті!», «Түгенбай... депті!», «Алай екен... жоқ, былай екен!», «Анадай көрінеді... жоқ, мынадай көрінеді!» Үй үстіне отын үйіп, сіріңке

іздеген сорақылық. Бір кереметі: сол «дегендер» мен «дептілер», «алай екендер» мен «былай екендер» түзде жолыққандарында да, үйіне келгендерінде де бәз-баяғы «Айекелеген» жампоз қалыптарында. Сенсең де, сенбесең де, солайы солай. Дейтіндер дей берсін-ау, кімнің аузына қақпақ боласың, ал сол дегіштердің дегенін «сөйдеді, бүйдеді» деп Айкүміске жеткізіп жүргендерге не көрінді? Естіген бықсық сөздерді сол бықсыған жерінде неге қалдырмайды, неге түтінін шұбалтып Айкүміске алып келеді? Жаны ашығандық па? Достық әрекет пе?.. Қайдағы-ау! Үррит-соқ, қай жеңгенің – менікісің баяғы! Оңайгүл мен Ақнәр екеуінен өзгелері өң-түстерін көрсетіп алды. Мейлі, Айкүміс Оңайгүл мен Ақнәрдің тазалықтарына күмәнданбайды, ал басқалары «дей» берсін, ештеңелерін естімеген боп жүре береді.

Мейлі деуін Айкүміс десе де, Өртұлғаның естігенді қабылдауы, қорытуы өзінше болды. Арада екі айдай мерзім өткенде, бір күні іңірде төсек алдында тарбиып жатқан аю терісі үстінде домбырасын дыңылдатып, әлдебір күй сарынының сүрлеуін бір тауып, бір адасып, сүт пісірім уақыт отырған Өртұлға айналасына ақырын қарап алды да, домбырасын төсекке сүйеп, орнынан тұрды. Қалың шашын қос қолдап қобырата салалап-салалап, артқа қайыра басып, ұштарын жинақтап қойды да, ас бөлмеге беттеді. Ұн елеп тұрған келіншегінің жанына барып, иығынан құшақтап:

– Айкем, саған бір қызық айтайын ба? – деп жымыды.

– Айта ғой.

– Мен бір нәрсе естідім, тек «кімнен естідің?» деме, жарай ма?

– Жарайды.

– Танертең мені редактордың орынбасары шақырып алып: «Оу, Ореке, мен бір жайсыз хабар алып отырмын, Айкең екеуің айырылысқалы жүр дей ме, ол не сөз?» – деді. Өзінің сенбегенін және сенбейтінін де айтты. Мен не дейін оған? Күлдім. «Мен білмеймін, бізде ондай ой жоқ және болмайды да», – дедім, өзімше нықтап. Ол: «Е, бәсе!» – деп жайылып түсті. Бұ өсек иттің үрмейтін кезі, қаппайтын кісісі болсайшы!

– Пенде бар жерде өсек бар емес пе? – Айкүміс селқос сөйлеп, қалбырын үстелге қойды. Қолын ұннан тазартып, терезе түбінде

тұрған орындыққа барып отырды. – Ораш, отыршы, мен де бір нәрсе айтайын, – деді, бас орамалын бекемдеп, сусыған шаштарын қымтаулап.

– Сен де бір пәле естідің бе? – деп күйеуі мырс етті.

– Менің құлағыма жетіп жатқан сөз аз емес, ал оларға жемді мен өзім тастаған шығармын, – деп көңілсіздеу бастаған Айкүміс іштейгі ұзақ арпалысының ақырында тапқан тиянағын күйеуінің көкірек көзіне көлденең тартты. Дәрігерлерге қаралғанын, сонда бір медсестраның: «Ә, сіз жазушы Көкеев Өртұлғаның зайыбы екенсіз ғой?! Менің жолдасым да сол редакцияда жұмыс істейді. Ойламаған жерде таныстық-ау, бірақ оқасы жоқ. Жалпы, жолдас-жоралармен араласып тұруға менде уақыт болмай жатады, екі баланы детсадқа апарамын, әкелемін, бала күту қиын», – деп қылмыңдағанын, онысы, Айкүмістің кімге, неге барып жүргенін біле тұра, көлгірсіп күлгені және «менде екі бала бар, сенде неге жоқ?» – дегені екенін айтты. Өздеріне қатысты қотыр сөздің бәрі соның таратуынан деп түйді. Өзі Оңайгүлге ғана сездірген, ал ол: «Уайымды қоя тұр, ойланайық, профессор Оралбековамен ақылдасып көру керек, Жібек сол кісіге көрінген. Әлде Мәскеуге барып қаралған дұрыс па? Профессормен сөйлесші, не дер екен? Меніңше, біздің елде мұндайдан емдеп жаза алатын дәрігер жоқ емес, тек табуымыз керек, ұқтың ба?» – деп шегелеген. Оңайгүлдің сыр ашпайтыны анық. Бар пәле анау медсестрада. Ол күйеуіне жеткізді, күйеуі де желпілдек болса, ол редакцияға таратты. Өртұлғаның бірі алыс, бірі жақын жолдастары естіп, «Бұл қалай болды? Не істеу керек?» – деп, бірі болмаса бірі әйелімен ақылдасып, көңілі өрекіп, таңдану да, табалау да емес, жаны ауырып, кеңес беру ретін ойласқысы келді. Әйелі құдайға қараған болса – құба-құп: күйеуінің өрекіп де, өздеріндей жас отбасының тірлігіндегі өкінішті де түсінеді, ал әйелі бір бармағын бүккіш болса – «қап, әттеген-ай»дың өзі сүзгімен су таси бастайды. Бір сөзден өсиет шығару да, өсек шығару да оңай, кім айтқаны – бір есеп, кімге жеткені – екі есеп. Ой толқынын осылайша ары ырғап, бері ырғап, жаншыған зілін діті жеткенінше таратып, жеңілдетіп

баққан Айкүміс жүрек жарасына ақылын емші етіп, төзімін тежеп отырып:

– Ораш, мен дәрігерге көріндім, ең мықты мамандарына қаралдым. Менің бала көтермейтінім анықталды, – деп күйеуіне жайлап қана қарады. Сөзін бастағалы Өртұлғаға тура қарамауға тырысқан-ды.

Келіншегінің беймәлім қылық көрсетіп, баяу, салмақты, салқын сөйлегеніне іштей таңданып, неге жоруды білмей тынып тыңдап қалған Өртұлға оның соңғы минуттарда ширығыс иіріміне тап болған қиын жағдайдан қайыспай, иілмей шығуға ер адамның да жігері жете бермейтін ұстамдылық, қайсарлық жасап отырғанын аңғарған. Өзінің көкейінің сонау бір беймәлім алыс, беймәлім терең түкпірінде көмескіленіп жатқан, қашан екені беймәлім бір уақытта берірек, жарыққа шығуды күткен: «Бізде бала бола ма, болмай ма? Болмаса, кінәрат қайсымыздан?» – деген сауал әйтеуір бірде бас көтерерін сезіп, күтіп жүрген-ді және содан сескенетін-ді, тіпті қорқатын-ды. Ол сауалға жауап табылмайтын шығар дейтін. Қандай жауап болуы мүмкін екендігін ойша саралауға дәті жетпейтін. Сол әзірейіл, міне, оқыс шыға келді! Сұмдық-ай! Өртұлға ұшып тұрды. Екі-ақ аттап Айкеміне жетті. Құшақтай көтеріп алды да, шөпілдетіп сүйе берді, сүйе берді.

– Айтпа, айтпа мұндайды! Айкем, жаным! Маған мұндай сөздің керегі жоқ! Айтпа!..

– Ораш!..

– Айкем, айтпа деймін! Мен сені сүйемін! Маған сен керексің! Ешқандай сөзді елеме! Айта берсін! Кім айтса, ол айтсын, ешқайсысына сенбе, ұқтың ба?!

– Ораш, тоқташы!

– Сөйлеме! Маған сен ғана керексің, басқа ешкімнің керегі жоқ, жаным, Айкем!..

Тағдыр жұптастырған екі жүрек кеудеден шығып кетердей тулады. Лүпілдері лапылға айналды. Жер жарықтық жүрісінен жаңылып, жолынан ауытқып кетті ме, әйтеуір бір астан-кестен, ұйқы-тұйқы сәт болды. Бірақ соққан дауыл да, басталған өрт де ақыры тынады, өшеді. Рас, өздігінен тынуын, өшуін күтсең –

өкінішің өлшеусіз көп болады, тәуекеліңе сүйеніп қарсы ұмтылсаң, тәсіліңді сайлай біліп бетін қайтарсаң – көп өкініште қалмайсың. Өртұлға, әлбетте, бұлай топшылаған емес, мұндайға алдын ала дайындалған жоқ, әйтсе де, қапы қалмады, Айкүмісті адал сүйген, шүбәсіз мәңгіге сүйген сезімі оқыс бұлқынса да ағат кетпеді, оңға бақты. Жарынан көз жазып қалуға мәжбүр ететін бір түсініксіз құбыжық күш алқын-жұлқын төніп келе жатты ма, әлде мұның өзін Айкүмістен ажыратып ала жөнелуге айналды ма, әлде аялап жүрген ақ жарқын жары «мен сорладым!» – деп түнерген түнекке сіңіп бара жатқандай болды ма – онша-мұншаны айқындар санасы қалайда Өртұлғаны қас қағымдық тосын қимылға салған. «Айкем!» – деп аймалай бергені сол тосын қимылдың ырқына қарсылықсыз көне кеткен қалтарыссыз жас жүректің кіршіксіз де әлем-тапырық әрекеті еді.

Осындай оқыс көрініс... жоқ, ол оқыс әсте оқыстан емес, дабыра-дауылсыз, жария-жауынсыз шым-шымдап басталған. Құдды қаға берісте қозғаусыз, сипаусыз ұзақ ұмыт қалған нәрсеге біртіндеп қонған шаңша қалыңдай түскен... иә, сөйткен, қаншалықты қатпарланғанымен, қозғау көрмеген соң бөгде көңіл көзіне шалынбаған-ды... енді соған оқыс леп тиді – бұрқ етті...

...Арада тағы да құбақан күйтті үш жыл өткен-ді.

Бұл жолы да тілсіз автор – тағдыр түзген пьесаның екінші көрінісінің шымылдығын Айкүміс өз қолымен ашты.

Жексенбі болатын. Бес-алты отбасы жора-жолдастар ұйымдасып, Қапшағай көліне барып, мәре-сәре болып қайтқан. Келе ваннаға түсіп жуынып-шайынып жата қалысқан еді, екеуі де ұйықтап кетіпті. Айкүміс оянды. Үй іші ала көлеңке екен. Денесі дел-сал. Ала көлеңкеде ала-құла ой жағалайды дегенді естігені бар-ды, рас па, бекер ме, кім білсін, қалайда там-тұмдап ой бұлты құрала бастады, ақ шарбыланып, жабағыланып, қара қошқылданып, қалыңдап барады.

Қапшағай жағасындағы жаздың бір күні қыстың бір айына айырбастағысыз, жақсылап демалды, суға шомылды, малтыды, күнге қыздырынды, күй тыңдады, ән айтысты, қуырдақ пен

қымызға тойды. Жүрген жерлері күнде той дос-жолдастардың ортасына не тең келсін, шіркін!.. Тірліктері аяндап алға басып барады. Өртұлға газет редакторының орынбасарлығына жетті, өзі – техникумда бөлім бастығы. Жаңа пәтерлері үш бөлмелі. Бұйырған дүние-мүлік бар. Өртұлғаның қаламақысы жарылқап жатыр. Тәуба, тәуба, Орашы қатарынан ілгері, жиын-жиналыста «белгілі жазушы-драматург» деп аталып жүр.

Көңіл бұлты алыстайды, жақындайды, ақшылданады, қара құрымданады. Көңіл аспаны биіктейді, аласарады, ашылады, түнереді; «көк дөнен» бірде қырда ойнақ салса, бірде ойпатта қалып қояды.

Үй іші қараңғылана түсті. Жым-жырт. Тып-тыныш...

Үйдің ауасы кеңсенің ауасындай керысты ма, кепкен жөкенің иісіндей ме, немене өзі? Қапшағайдың, даланың иісі қайда кетті, ілесіп келгендей еді ғой, кетпестей еді ғой?.. Әлде иен үйдің ауасы осындай бола ма екен, өзінің иісінен басқаны қабылдамай ма екен, сіңірмей ме екен?.. Неге иен үй?.. Неге?..

Бөлме ауасының иісін ғана емес, дәмін де сезініп жатқандай болған Айкүміс ернін жалап еді – қышқыл-кермек әлдене татыды. Қарлы жаңбырға малшынған, қынасы қанбаған тері биялайдың дәмі осындай болатын. Бала кезінде... Бала кезі... Айкүміс солк етіп құлап кеткендей күй кешіп, өзін-өзі ұстап қалардай қаусырына құшақтаңды. «Бісмілдә, бісмілдә!» – деді.

– О не, Айкем? Түс көрдің бе? – деді қарсы іргедегі диванда жатқан Өртұлға.

– Кім?! Ораш?!

– Қазір, шам жағайын...

– Бұл микрорайонда бүгіннен бастап алдымыздағы сәрсенбіге дейін жарық болмайтынын хабарлады емес пе?

– Солар да, әйтеуір... Майшам қайда еді?

– Жақпашы!

– Неге?..

От жаққа қарай қырындаңқырап жатқан Айкүмістің көз жасы тамшыланып жүре берген-ді. Айкүміс екі көзін екі алақанымен ақырын сүртіп, дауысын бұзбауға тырысып:

– Ораш, жарықтың жоқтығы кішкене балаларға қиын ғой, иә?
– деді.

– Ештеңе етпейді. Біз болсақ керосин шамның, болмаса – майшамның жарығымен-ақ өстік емес пе? О не, Айкем, шаршап қалыпсың ба? Шала ұйқы болып жатырсың ба? – деді Өртұлға, келіншегінің үніндегі өзгерісті аңдап қалып.

– Ораш, саған бір тілек айтсам деп едім...

– Айт, о не тілек?

– Тек сөзімді бөлмей, байыппен тыңдашы!

– Солай ма? – деген Өртұлғаның дауысынан секемді таңданыс сезілген.

– Иә, солай. Сөзімді бөлме, жарай ма?

– Жарайды, бөлмейін.

– Ораш, екеуіміз бас құрағалы – сегіз жыл. Біреуден кейін, біреуден ілгері дегендей, қалың көштің ортасында келеміз, құдайға шүкір. Мен сенің адамгершілігіңе ризамын. Ешқашан, ештенеден көңілімді қалдырған жоқсың. Мен де сенің қас-қабағыңа қарадым, бар ойлайтыным – сенің абырой-беделің, сенің бақытың... Бақыт дегеніміз анау, бақыт дегеніміз мынау деп қағида айтатындар көп, бірін түсінемін, бірін түсінбеймін. Әркім өзінше тұжырады ғой. Мен философ емеспін, қайсысы дұрыс екенін айыратын. Мен бұл дүниеден өкінбей, көңілі көншіп, көптен алғыс алып, адал өткен адамды бақытты деп білем. Бақытты болуға тиіс адамның, азаматтың бірі – сенсің, Ораш. Маған керегі – сенің бұл өмірде ұзақ жасауың, бақытты болуың, сенің... сенің әке, ата болуың... Мына үш бөлме... – Айкүміс көз жасына ие бола алмаса да өзіне, сөзіне ие болып, орнықты сөйлеп бақты: – Мына үш бөлмеде импортный мебельдің, кілемнің иісі, қағаз-кітаптың иісі ғана болмауы керек, мұнда сәбидің, жаялықтың иісі болуы керек, ал құдай ондай иістің болуын маған неге қимағанын білмеймін, жаным, білмеймін, менің саған ондай қасиетті иісті сыйлай алмайтыныма көзім жетті, қайтейін... Ораш, айналайын, сөзімді бөлме, жаным келме, жұбатпа мені. Азаматсың, айтарымды ақырына дейін тыңда, аптықпа, ақылға сал, әбден ойлан, менің жанымды, халімді әлі де түсіне біл, Ораш!.. Екеуіміз ажырасайық... сен басқа отау тік... түсі игі

қыз іздеп тап та, үйлен... Құдай маған қимаған перзентті сендерге берсін!.. Мен ауылға кетемін... сенің бақытты әке болуыңды тілеп өтемін...

Қараңғы бөлмені қалыңынан қымтай тылсым тыныштық жайлады. Етпетінен түсіп, бетін жастыққа көміп Айкүміс жатты. Қиналыс, күйзеліс сезімін екі уысымен сығымдап алғандай үнсіз арпалыста. Өртұлғаны да сезім өрті шалған-ды. Шалқалап, өң мен түстің ортасында жатыр. Естігісі келмеген, бірақ ерте ме, кеш пе, ақыры бір естуге тиіс болған сөзді естіді. Қаншалықты сабыр сақтағанмен, Айкүмісінің сүйіспеншілік махаббатын таза қалпында сыйлап өтем дегенмен, ол әке болуды, әрине, аңсайтын. Жаратылыс сыйлаған парызын – әке болуды армандайтын. Аңсағаныңды, арманыңды еркінше сездіре алу, айта алу да бір ғанибет қой. Бұ дүниедегі тамұқ өзіңнің ең асыл сезіміңді өзіңнің амалсыз, шарасыз жасытуың екен, ең асыл сезіміңді басқадан жасырудан бұрын өзіңнен жасыруың, тұмшалауың екен. Айкүмістен жасыруға тырысқаны өзінен жасыру емей немене? Айкүміске сездірмеуге біржола бекініп, жүрек өртін жүректің өзінде өшіріп келеді. Бала болмай жүргеніне өзін кінәратты деп білген. Сонау бір жылдары газетке жазылу науқаны басталысымен, ғадеттерінше іссапарға аттанғандарында Дәрібай, Кәдірбек, Халел төртеуінің солтүстік облыстарға апаратын пойыздың купесінде арқа-жарқа болғандары бар. Бір шишаның қызуы біраз әңгімені айтқызған. Сонда Кәдірбектің бір оңаша әредікте: «Ореке-ау, бір шикі өкпе қалайда керек қой, не болды? Дәрігерлермен сөйлесіп көрмедің бе?..» – деп қалғаны Өртұлғаның әлі де есінде. Іссапардан оралған соң бірде емханаға баруға оңтайланды да. Бірақ тәуекел ете алмады. Айкүмістің ағалары, апайлары көп, олар – өскен тұқым, ал өз әулетінде әкесі Көкей де, Өртұлғаның өзі де еркеккіндіктіден жалғыз. Көкейдің әкесі бір ұл, бір қыз – екі-ақ ағайынды болыпты. Көкейдің өзі – жал-құйрықсыз пақыр. Атасы мен әкесіне қарағанда, Өртұлға біршама ілгері: екі апайы бар. Бәрібір, бұлар – өспеген тұқым. Осыны ой безбеніне салған Өртұлға дәрігерлерден: «Баланың болмауы өзіңнен!» – деген байламды естігісі келмеген, ол

кінәраттың өзінде екеніне қалайда сенген, өзінің маңдайына бір әулеттің ақырғысы болу жазылғанына иланған. Сөйтіп, бекерден бекер зерттеуге түскенше, дәрігерлердің суық сөздерін естігенше осылайша неғайбыл, беймәлім өмір кешіп жүре беруді, жан жарасына дауаны, шипаны Айкүмістің махаббатынан, әдебиеттің нәр-әлемінен іздеуді іштей нық ұйғарған. Не шықты енді? Не болды? Не деу керек? Айкүміс кінәраттың өзінен екеніне көзін жеткізді. Ажырасайық дейді. Ажырасу менің қолымнан келе ме? Айкүмістің жазығы не? Құдайдың жаратуы солай болса, ол үшін кінәлі деу, тағдырдан жәбір көруін құптай салу жөн болар ма?

Жоқ, ол адамшылыққа жатпайды. Мен оның көз жасына қалуға тиіс емеспін! Тағдырдың салғанын бірге көруім керек!.. Мен де – пендемін. Рас, бала сүйгім келеді, әке болғым келеді. Сәбидің іңгәлағанын естуді, күлгенін, сөйлегенін, тәй-тәйлағанын көрсем деймін. Шалқамнан жатып, төсіме шығарып ойнатсам, құшақтап көтеріп, құшырланып иіскеп-сүйсем деймін... Әлде мен де дәрігерге көрінсем бе екен?.. Менде де кінәрат болса... ол да мүмкін... Онда Айкемнен ажырасу деген сөз мүлде болмайды емес пе?.. Дәрігерге барайын. Жоқ, бармаймын! Ажыраспаймын! Айкемді жылатып жібере алмаймын!..» Өртұлғаның да көз қиығынан тамшы үзілді. Айкүмісіне барғысы, құшағына алып сүйгісі, жұбатқысы, өзінің де жұбанғысы келді. Өйтсе, «Екі жарты – бір бүтін» боп жұбаныш таба ала ма, әлде жан жарасын асқындыра түсе ме?.. Айкүміс ашып айтты, қайырылып ойланамын-ау деген адамның беталысы емес. Сүйіспеншілік махаббаты мөлдір жан ғана адамгершіліктің әліппесін оқи алар, сүйгенінің мұратына өзін құрбандық ете алар! Айкүміс тағдыр жүгін аударып тастап кете алмасына шамасы жоқтығын мойындаса да, шарасыздықтың шарайнасынан жүрегіндегі дауасыз дертті анық көрсе де, Өртұлғаны сүйеніш, медет тұтып жүре беру деген ниеттен аулақ, Құдай қосты деп құшағын жазбай өтуді көздемеді. Өзіндей жаралы пенденің жанына шипа іздеді, оны тапты да, ендеше, тезірек емделуіне, дертінен айығуына жәрдемдесуге тиіс. Ол басқаға үйленсін, перзент сүйсін, бағы ашылсын. Айкүмістің осылай ой түйгенін Өртұлға түсінді. Бұл түйіннің тарқатылуын қалағанымен, ұстап тартар ұшығын

таба ала ма?.. Бағын басқадан іздеуге мәжбүр етсе... кім, қандай адам кез болады? Бала сүйсе...

Миын шабақтаған ой құрсауындағы Өртұлға жас шылаған көзін мойнына орай салған монша орамалдың дымдау ұшымен ақырын сұртті де, енді бұдан былай шаңырақ тірлігінің тізгіні бір жаққа, шылбыры екінші жаққа тартылуы шынымен мүмкін-ау деген ой сұрлеуіне еріксіз түсті. «Айкүмісте кінә жоқ. Ана болғысы келді. Бөбек сүйгісі келді. Бірақ не шара, құдай көпсінбес пендесінен көпсінбесті көпсінді. Айкүміс ана болу бақытынан күдер үзіп, маған әке болудың жолын ашу үшін ажырасуды ғана қаласа, басқаша әрекетті – бауырына бала салып алуды жөн көрмесе, қайтейін...»

Өртұлға отау тіккеннің үшінші жылында әкесі Көкей он шақты күн ғана ауырып көз жұмған-ды. Ұлынан топырақ бұйырғуды сұрап тәңірге жалбарынып жатқан алтыншы күні Өртұлға ұшақпен дереу жеткен. Телефон соғып, облыстық ауруханаға орналастырайын, содан соң өзі де барамын дегеніне шешесі: «Балам, зуре болмайық, әкеңе асатынан келгенге ұқсайды, арыздасып жатыр», – деп мұнайып жауап бергеннен кейін Алматыда бөгелмеген. Басын көтеруден қалған әкесі жалғыз келіп құшақтап: «Әке, ассалаумағалейкум!» – деп бетінен сүйген сәтте тұрмаққа бір ұмтылып, кеудесінен құшақтаған ұлы сүйемелдеп көтермек болғанда: «Ойбу, болмайды екен!... Өржан, ұлым, қоя ғой, айналайын, қоя ғой, шаршамашы!» – деді, өзі екі дүниенің арасында қалжырап жатса да, баласының шаршамауын қалаған қайран әке! Дірілдеген екі қолын әрең иліктіріп, ұлын иығынан әлсіз құшақтады, маңдайынан иіскеді, сүйді, тағы иіскеп, тағы сүйді. Демі ауырлап, көзін жұмып бір минут шамасы жатты да, сонсоң көзін кеңірек ашып, ұлына кенет аса жылы қарап, жымыып:

– Өржаным, ұлым, айналайын, халың қалай? Айкенім қайда? – деді.

– Әке, өзің қалайсың? Мықты қазақ едің ғой, бұл қай жатысың? Басыңды көтерші, мен көмектесейін, көтересің бе? – деп Өртұлға еркелене сөйлеп, аппақ селдір мұртынан сипаған. Әкесі басын сәл шайқап:

– Балам, шаршама, қайтесің, – деді, дауысы тарғылданыңқырап, бәсең шығып: – Айкенім екеуіңнен... немере сүйсем деп едім... болмады... кемпірдің... – деп көзін төсегінің аяқ жағында отырған бәйбішесіне аударды: – Кемпірдің бағы бар екен... болсын... немерені осы сүйсін... мен үшін де кемпірім сүйсін... айналайын... айналайын, – деп құмығып қалды. Содан былайғы күндерде, көзін анда-санда әрең ашып-жұмғаны болмаса, ешкімге тіл қата алмады. Әке мен бала арасын жалғаған қасиетті сезім мәңгіге үзілгендей болған сол сәт Өртұлғаны бүгін де қинап, көз алдына қайталанып әлденеше келді. «Айкенім екеуіңнен немере сүйсем деп едім, болмады...» – деп күбірлейтіндей ме әке аруағы?

Қазақ аруаққа тектен-тек сыйынбаған, аруақты бостан-бос қастерлемеген. Жарық дүниенің бары қаншалықты рас десек, о дүние де бар да болар, рас, тек біз о дүниеге барып келген адамды көрген жоқпыз, екінші өміріміздің қандай сипатқа ие екенін анық білмейміз, әйтеуір, тағдырымызға әмірші бір күш барын сезінеміз, бұ дүниеден көшкен адамзаттың бізге беймәлім бір кеңістікте аруақ деген басқаша бейнемен өзгеше тірлік ететініне бізді миымыздың әлдебір түйірі жұмбақ бүлкілмен иландырады. Түс көретініміз, бұдан пәленбай жыл бұрын қайтыс болған әке-шешелерімізбен, басқаларымызбен де бүгінгі бір жәйттерді ақылдасып, әңгімелесіп жүретініміз бар, аруақтардың бізді ебеп-жебеуінің жолы сол болуы мүмкін ғой. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Алланың өзі де – рас, сөзі де – рас» дегенді Абай неліктен айтты? Аллаға сенген адам оның құзырында болатын аруаққа да сенбек керек. Көз тірелер бедері жоқ қап-қараңғы бөлмеде қапырық күйге душар болған мұндас екеудің бірі – Өртұлға әке аруағынан іштей ақыл-кеңес тілеп, дел-сал болып жатты. «Айкүмістің дертіне дауа беріп, райынан қайтара гөр!» – деп, жеті атасын іштей атап-атап, аруақтарына жеке-жеке жалбарынды.

Ауыр ой жаныштаған Айкүміс те түнді кірпік ілмей өткізді.

Отаудың түндігі түрілмеген, ошағының түтіні шаңырағының астында ұйтқыған, есігі ерте жабылып, ерте ашылған ала бөтен апта өтті. Өртұлға қаралар дәрігерге қаралды, оң тұжырым алды. Көзбен ұғысып, көңілмен табысып, дос-жарансыз ас ішпей жүрген ерлі-

зайыпты екеуін жатақханадағы аға мен қарындастың тұрмысына көшірген тосын ахуал толқыны Өртұлғаны ана жағаға бір атып, мына жағаға бір атып, ақырында, жұмыр басты пенде екенін еріксіз мойындатты. Өртұлға «Алтай асуындағы із» атты алғашқы кітабының авторлық ең бірінші данасын Айкүміске: «Менің тұңғыш оқырманым, тұңғыш сыншым әрі тұңғыш редакторым, иә, иә, менің тұңғыш та тұнық, махаббатым – мәңгілік өзіңсің, Айкем!» – деп қолтаңба жазып сыйлаған-ды. Енді сөреде тұрған сол кітапты алып, сол қолтаңбасының астыңғы жағына: «Айкем! Айтқанына көндім. Өзіңсіз өтер өмірім бұлдыр. Қайтейін!.. Қош бол... Алдыңда кетсем, қабіріме Айыртауымыздың етегінен бір уыс топырақ әкеліп салғайсың!.. Орашың», – деп жазды да, күнін, айы мен жылын әдейі көрсетпей, кітапты Айкүмістің төсегі алдындағы тумбочкасының үстіне апарып қойды. Кешкі астарын ішкен соң Айкүміс «Әсем апай ауруханаға түсіп қалыпты, аға мен балалардың жағдайын біліп келейін», – деп шығып кеткен-ді. Өртұлға жұмыс бөлмесіне барып, жертөсегіне жата кетті. «Күні бойы кеңседе бүктеліп отыратынымыз аздай, үйде де бүктеліп отырып тамақ ішеміз, бүктеліп отырып теледидар көреміз, жазу жазамыз. Оу, қашанғы бүктеліп өмір сүреміз?! Бұл болмайды!» – деп әзілдеп, бөлменің сол жақ іргесіне, паркетке төселген палас үстіне текемет салып, оның үстіне шешесінің қолынан шыққан қалың құрақ көрпені тастаған. Кейде оны «Жиренше шешен бабамнан қалған төсек», – деп қалжыңдайтын. Жазудан жалыққан кездерінде көсіліп жата кетіп, керіліп-созылып рақаттанатын. Сол төсегінде сұлық жатып, тағы да ойға шомды.

...Таң алакеуімде оянған Өртұлға жертөсегінде жатып нендей ой кешкенін есіне түсіргісі келмей, төсегінің бас жағына орнатылған электр шамдалды жақты. Орнынан тұрып барды да, үстеліндегі біркелкі үш кітаптың үстіңгісін алды. Жасыл ала мұқабалы ол үш кітап Джавахарлал Нерудің «Взгляд на всемирную историю» деп аталған хаттар жинағы еді. Жас жазушылардың кеңесіне барған жолы Мәскеуден алып қайтқан қымбат олжасы болатын. Әу баста түгел оқып шыққан. Пайдасы көп деп түйген-ді. Түрікқандылардың көне мекені Алтай делінетіндіктен, ата-жұрты тарихынан хикая

жазуға биыл ден қоя бастап, қазақ тарихын саралап, кезеңдеп суреттеуде жолбасшы болған ғажап ізденімпаз жазушы Илияс Есенберлиннің «Көшпенділерін» мұқият оқып тәмәмдап, енді Джавахарлал Нерудің хаттарын және бір шолуға кіріскен еді. Кітапты алып, аз-кем ойланып тұрды да, бұрылып есікке барды. Ақырын ашып, еңкейіңкіреп қарады. Бар қаны басына шапши қалғандай болды – Айкүміс диванда бүк түсіп жатыр екен... Өртұлға ашқан тақтай есік қайта жабарда қорғасын есікке айналғандай-ақ әрең жылжыды. Алқымы лықылдап, екі шекесі зырқылдап, аяғына тас байланғандай әрең бұрылып, жазу үстеліне беттеген Өртұлға: «Ыстық төсек шынымен суыды ма?!» – деп күбірледі. Керек тағдыр күбір тұрғай, айқайды да естімейді емес пе?!

Бір күн өтті.

Бір апта өтті. Екеуінің арасына көзге шалынбайтын сиқыр шымылдық құрылғандай. Дастарқанда бастары қосылса да, басқа уақытта кіріп-шығулары, сөйлесулері ресми реңк алған. Өртұлға қызметтен кеш оралатын болды. «Жазушылар одағында жиналыс болды» немесе «кітапханада кездесу болды» дегендей сылтау-себеп айтылады. Не болғанын бірер сөзбен хабардар етеді. Айкүміс естігенін растаған іспетте бас изей салады да, үстел жасайды. Екеуі асханадағы бейтаныс адамдарша отырады. Теледидар өгейсіп тұрады. «Қайтер екенсіңдер?!» – дегендей-ақ телефонда да бір апта бойы үн жоқ. Өртұлға жөндеушілерге айтқан, сөйтсе – «пәлен жерде сымы үзіліпті». Әрине, жалғайды. Сым жалғанады.

Екеуі бір-бірінің көзіне тура қарамайды. Кешкі тамақтан кейін Өртұлға жұмыс бөлмесіне барады. Ұйқы белгі бергенше сонда газет-журнал ақтарады, кітап оқиды, тек жазу үстеліне жуымайды. Бір спектакльдегі бірнеше рөлді қатар ойнап жүргенге ұқсас беймәлім, беймаза күй кешеді. Не оқып, не қойғаны бас-аяқсыз бірдеңе болып жатады. Ақырында, жертөсегіне қисаяды да, тартпа батпаққа тап болған ақсақ кісінің халіне ұшырап, он сан ой жылымында арпалысады.

Бірде киім-кешекті жуып-шайып, үтіктеп, бірде үй тірлігінің басқа күйбең-сүйбеңімен жүріп түнді ортасынан аударатын болған

Айкүміс те жаздың қысқа таңын атыра алмай, диванда ұйқылы-ояу жатады.

Жасауы жарасқан, жиюы келіскен жалпақ қызыл ағаш төсек көрмеге қойғандай күндіз-түні қаңқайып тұрғалы қашан!.. Шынымен шырайынан айырылмақ па?.. Шынымен суып тынбақ па?..

Қызмет орындары мен үй аралары әжептәуір қашық болғандықтан және үй жаққа ауыл бригадирлерінің атынша анда бір, мында бір бұрылып, қаланың талай тұсын аралайтын жалғыз ғана автобус баратындықтан Өртұлға да, Айкүміс те түскі тамақты кеңселеріне жақын асханалардан ішеді. Өртұлға республикалық «Шұғыла» газетінің редакциясында редактордың орынбасары болып істеп жүргелі екі апта. «Дарын» газетінің ұжымы қимай, қинала шығарып салды. Өзінде әдеби қызметкерден редактордың орынбасары дәрежесіне дейін өскен, жастардың өмірін жазуда небір игі істерге бастамашы болған, жалпы газеттің беделі көтерілуіне, таралымының көбеюіне күш-қайратын, қабілетін көп жұмсаған ұшқыр журналисті, жұртқа танымал жазушыны жібергілері келмеп те еді, тек, бір жағынан, өзі өтінген Өртұлғаны, екінші жағынан, үлкен газеттің абыройын сыйласты.

«Дарынның» ғана емес, бүкіл халқымыздың мақтанышы болуыңа тілектеспіз!» – деді газет редакторы, Өртұлғаның білегіне алтын сағат тағып тұрып. Дәстүрлі шай-пай үстінде редакцияның әдеби қызметкері, қарымды сыншы Санат: «Өреке, сізді бірде бажа деп, бірде жезде деп, қалайда емін-еркін еркелеп жүруші едім, «Шұғылаға» баратыныңыз жүдә жақсы болды, редакция орналасқан министрлік үйінің асханасы сіздің бөлмеңізден жиырма метрдей ғана жерде, мен бара қалғанда алысқа сүйреп әуреленбейсіз», – деп әзілдеді. Шынында, асхана ықшам, сәнді, тап-таза екен. Кілең қаратаяқтың дастарқаны. Үлкен-кіші бірсыпырасымен кездесіп, жақын танысып та үлгірді. Айкүміс екеуі ажырасуға іштей келіскендей болып, алай-дүлей сезімнің торында үнсіз тыпырлап жүрген жылусыз бір күні қызметтес Ораз екеуі асханаға түскі шайға барып еді, касса кезегінде алты-жеті кісі тұр екен, кезек

соңындағы дәу қара жігіт бұрылып, Өртұлғаға тостағандай қара көзі күлімдей қолын ұсынып:

– Бала, танысып қоялық. Сен жас пері – жазушы Өртұлға Көкеев болсаң, мен кәрі ақын – пері Әнуарбек деген жездең болам, Шығыс Қазақстан – менің қайын жұртым, – деді.

– Өте жақсы, жездеке. Ат-атағыңызға сырттай қанықпын. Бірақ кәрілікке әлден үйір болмаңыз, арамыздағы он жылдың обалынан қорқыңыз, – деп әзілдеді Өртұлға, дәудің күректей қолын алақанына әрең сыйғызып тұрып. Жездесі мейірлене қарқылдап күлді. Сол әредікте қастарына келе қалған қол тоқпақтай қара сұр жігіт Өртұлғаға бітік көзін қадай қарап:

– Әй, Көкеев, сенің қатының бедеу дейді, тастамайсың ба оны?! – деп шіңк етті. Құдды оның соны айтарын күтіп тұрғандай-ақ Өртұлға оны оң қолдың қырымен періп кеп жіберді. Анау қалпақтай түсті. Өртұлға бұрылып жүре берді.

– Дұрыс болды! Бұл қызталаққа осы керек еді! – деп күркіреген дауыс, асхананы теңселткендей қарқ-қарқ күлкі Өртұлғаның көз алдын баса қалған тұманды сейілтіп жібергендей болды.

Көшеге шыққан Өртұлға бір машинаны тоқтатып келісті де, тура үйіне тартты. Есік алдында Ғабдырасул қарсы ұшырасты.

– Аға, ассалаумағалейкум! Халдарыңыз қалай? Апай қалай?

– Уағалейкүмәссалам! Апайларың тәуірленді, ертең шығады. Аурухананың иіс-қоңысынан құтылып, жуынып-шайынып алсын, осы сенбіде соның құрметіне той жасап берем, сендер ешқайда кетіп қалмаңдар! – деп көңілдене сөйлеген Ғабдырасул сұқ саусағын жорта безеп жөнеле берді.

Сатымен көтеріле бастаған Өртұлғаның көзіне бағанағы тәлтиген қара сұр неме елестеп, сатыны басқан сайын ол: «Бедеу! Бедеу! Бедеу!» – деп сарнап ілесіп келе жатқан сияқтанды. Өртұлға төрт-бес сатыны бір-ақ аттап, пәтерін тез ашып кірді де, әлгі тәйтік еніп кетпесін дегендей есігін тез кілттеп жауып, киімлігіштің қарсысындағы орындыққа отыра кетті. Көңілі алаң-бұлаң. Екі иығынан әлдебір жүк баса қалғандай ма... Аяқкиімін шешіп, орнынан тұрды. Ілби басып ас бөлмеге барды. Жылу жоқ, салқын. Тісінің күбірткесі қинаған кісіше тоңазытқыш ыңылдайды. Оңаша

бөлмеге, залға бас сұқты – тым-тырыс. Жататын бөлмелеріне барды – жым-жырт. Төсектің аяқ жағында бір тең, бір шабадан қатар тұр. «Бұл не?» Өртұлғаның жүрегі су етіп, өне бойы ыси қалды. «Айкем! Қайдасың?!» – деп дауыстап, жұмыс бөлмесіне ұмтылды. Үстелінде бөтен, аппақ қорқор жатыр, астында – жазу толы парақ. Қорқорды ысырып жіберіп, параққа төнді. Айкүмістің жазуы! Хат! Жұлып алып оқыды: «Ораш! Бұл ақырғы хатымды сабыр сақтап оқығайсың. Қосқан тағдырға екеуіміз де риза болып, біраз жылды бірге өткіздік, енді сол тағдыр бізді айырды, маңдайымызға жазылғаны осы шығар, ашынбайық, қайғырмайық. Өміріміздің көбі әлі де алда. Сен Азаматсың, сенің ұрпағың, мұрагерлерің болуы керек, соны ойла, мен үшін ойла, өзімнің ондай қуаныш, бақыт сыйлай алмайтынымды білген соң саған осы тілекті тағы айтуға тиіспін, мені дұрыс түсіне біл. Ақылды, парасатты адамсың, талантты жазушысың. Маған сенің шын мәнінде бақытты болғаның керек. Мен саған екі дүниеде де ризамын. Әлі де ренжітпе мені, тілегімді орында. Мен Солтүстік Қазақстан облысына ауысатын болдым, мұндағы орыннан шықтым, есеп айырыстым. Алысырақ кеткенім дұрыс болар... Заң жолымен ажырасу үшін сотқа өтініш апарып бердім, инициативаның өзімнен екенін ашып жаздым. Оның шешімін бір ай тосу керек екен, сыртымнан шеше беріңіздер, алыстан келе алмаймын деп және жазып бердім. Ажырасудың саған залалы болмасын, парткомдарың шара қолданамыз деп шала бүлінбесін, сенде ешқандай кінә жоқтығын, инициативаны менің өзім жасағанымды осы хатым растайды деп ойлаймын, сенбегендерге оқытуыңа болады, құпия емес.

Маған дүние-мүліктің керегі жоқ. Киімдерімді, оны-мұныларымды алдым. Мынау қорқор менен ескерткіш болсын. Сенің ескерткіш кітабың өле-өлгенше ең қымбаттым болар! Рахмет!

Досымыз да, дұшпанымыз да болды. Жақсы лебізді көп естідім. Соңғы кезде шаншу сөздерді де ести бастадым... Өсек пәледен сен де арыл. Жақсы қыздардың біреуіне үйлен. Бақытты бол! Айкүміс. 18 тамыз, 1977 жыл».

Хатты орталай бере креслоға отыра кеткен Өртұлға мең-зең хал

кешті. Отқа кіріп шықты ма... Суға түсіп кетті ме... Бір ыстық, бір суық... біреу желке жағына шығып алып, Айкүмістің хатын біресе жылап оқи ма, біресе күліп оқи ма... Төңірегі – ыбыр-жыбыр... сыбыр-сыбыр... Телефон шылдырлады ма? Есіктің қоңырауы ма?.. Ол аяғын жебей басып дәлізге жетті, есіктің қоңырауына қарады, тыңдады – тырс еткен дыбыс жоқ. Жүрегі кеудесінен ытқып кетердей дүрсілдейді. Құлағы екі-үш мәрте шыңылдады: «Бұл қалай?.. Айкем қайда?! Менің Айкем, менің Айкем қайда?!» Тағы тыңдады – тым-тырыс. Жүрегінің дүрсілі құлағын кернеп барады, дыбыс боп сыртынан естілмей, ішінен, ішкі жағынан естілетіндей, қазір тесіп шығатындай. Өртұлға бұлт ете түсетін бөрененің үстінде тұрған кісіше ептеп бұрылып, аяғын ақырын жылжытып, кейін қайтты. Төсекке қолын тірей жерге отыра кетті. Айкүмістің хаты қолында жүргенін енді ғана байқап, оны көзіне тосып тесіле қарап алды да, жұмарлап-жұмарлап лақтыра салды. «Керегі жоқ, жазба, жазбашы!..» – деп күбірледі. «О не?.. Есік ашылды ма?.. Айкем?!» Иә, Айкүміс келген еді.

– Айкем!..

– Ораш!..

Өртұлға тұрып үлгіргенше Айкүміс көлге қонған аққуша канатын жая жетіп, құшақтап отыра кетті.

– Ора-а-аш!

– Айке-е-ем!

– Жаным!

– Жаным, Айкем! Айке-е-ем!..

Құшақтары айқасып, көздерінен жас парлап, құмыға, тұншыға күбірлеседі:

– Айкем, Айкем, жаным! Сені жібермеймін, ешқайда жібермеймін!

– Ораш...

– Ештеңе айтпа маған, айтпа!.. «Кетпеймін» де! Бәрібір жібермеймін!

– Ораш...

– Сөйлеме! Маған сен ғана керексің! Сен ғана! Ұқтың ба, сен ғана! Кетпе! Кетсең – сүймегенің! Сен мені сүймейсің!

- Ораш! Жаным!
- Кетпейсің! Жібермеймін! Айкем, «кетпеймін» деші!..
- Орашым, мен сені сүйемін ғой, жаным-ау!
- Сүйсең – кетпейсің!..
- Кетпейін, жаным!..
- Айкем!..
- Ораш!..

Соңғы аптаның әр күні бір айға созылып, сазарып жатып алғандай әрең өтіп, екеуін шын зарықтырған-ды. Өртұлға бір жағы – өрт, бір жағы – өзен жарқабақта тұрғандай хал кешсе, Айкүміс Алматыдан тез кетудің әрекетінде болды. «Сағынармын, зарығармын, бірақ шыдармын. Ешкім танымайтын жерге кетейін!» – деп тәуекелге бел буған.

Екеуі қалжырап, құшақтарын жазып, иық түйістіріп отыр. Айкүміс көйлегінің етегімен тізесін қымтай түсіп, үні дірілдей күрсініп, өксіп те қояды. Өртұлға басын шалқитып, қалың шашын саусағымен салалай қайырып, желкесіне жиыстырды да, шалбарының қалтасынан қол орамал алып, келіншегінің көзін, бетін сүртті. Иығынан құшақтап, самай шашынан иіскеп:

– Айкем менің! – деп еміренді.

– Қызмет қайда? Кезекшісің бе, баспаханаға барасың ба? – деді келіншегі пәс үнмен.

– Ешқайда бармаймын, сені іздеп келдім, жаным!

– Ораш, хатымды оқыдың ғой, онда жазғанымның бәрі рас... енді не істеймін?

– Ешқайда жібермеймін, өтініштеріңді қайтып аласың.

– Жұмыс орнымды өзгертпесем... қайтып бару ыңғайсыз...

– Оны өзің біл.

Телефон шылдыр етті. Өртұлға тұрып, Айкүмісті де екі қолынан тартып тұрғызып, барып тұтқаны көтерді:

– Алло!.. Ә, Ораз, иә?.. А?.. Таңертең бір-ақ барамын... А?.. Сөйлесейін... Әнеке, тындап тұрмын... Жарайды, жездеке, жақсы... Жарайды, сау болыңыз! – деп жымыып, тұтқаны орнына қойды.

– Ораш, ол қай жездеміз? – деді, төсек жанында киімін ауыстырып тұрған келіншегі.

– Әнуэрбек деген ақын, бағана танысып едік, әйелі біздің жақтың қызы көрінеді. «Балдызым екенсің, сені ебеп-жебеп жүремін», – дейді. Айтпақшы, Айкем, Әсем апай ертең ауруханадан шығады екен.

– Білем, кеше барып қайтқанмын.

– Мен бағана Ғабаннан естідім. «Апайларыңның сауығып шыққанына той жасаймын, сенбі күні тырп етпеңдер!» – деп кетті.

– Барамыз! – деді Айкүміс, жанына келіп құшағын ашқан күйеуінің бауырына еніп, ботакөзін төңкере қарап. Күйеуі аялай құшақтап, ақырын иіліп, екі көзінен кезек-кезек сүйді. – Ораш, бұдан арғы сенбіге дос-жолдастарыңды шақырайықшы, бас қоспағалы бір ай болды. Ғабағаң мен апайды ортамызға алайық, жарай ма?

– Жарайды, жаным!..

...Дос-жолдастардың бас қосуы – қашанда үлкен дүрмек-думан. Сипаттас сезімдер тоғысып, ортақ көңіл шарасына толып, ыстық бір толқынға айналып, енді қайтып ортаймастай, суымастай көрінетіні болады. Ал толғанның толқымауы, толқығанның көбік атпауы сирек. Атылған көбік еріксіз, ол шашылып түсер жер таңдай алмайды және түскен жерін былғайды, тіпті былғай алмағанның өзінде бәрібір дақ қалдырады.

Өрқашанғыларыңша әр қилы әңгіме көктеп, әзіл-қалжың өрістеп, ән өріліп, күй желпінген. Біраздан бері жүздеспеген жастардың жарасымды қауышуы болған. Тарқар мезет өлетінде Өртұлғаның әртіс жолдасы Әбіл:

– Әй, қадірлі қалам қайраткерлері! Орекеңнің кейіпкерінің: «Бәрі де жақсы-ау, тек профкомның езуі жаман», – дейтіні бар ғой... – дегенде Кәдірбек күркіреп күліп жіберіп:

– Білеміз, білеміз! Ол әу баста партком хатшысы еді, сценарий бойынша, бірақ құдіреті күшті худсовет оны профкомның председателіне айналдырып жібермеді ме?! – деді. Өртұлға қолын сермеп қалды:

– Қадеке, қайтесің соны?! Әбең айтарын аяқтасын, бөлмеңдерші, иә, Әбе, монологыңды жалға.

– Жалғасам, сол айтқандай, бүгінгі отырысымызда бәрі де «бәрекелді!» болды, тек бір ғана «әттеңіміз» – биді ұмытқанмыз.

Жүз грамм ішсе жұлқынып шыға келетін көршілерімізден неге үйренбейміз осы? Давайте, ортаны ашып жіберіп, біраз билейік те тарайық!

– Дұрыс!

– Әбекең тауып кетті!

– Өртіссіз өмір көңілсіз!

– Қане, үстелдерді іргеге қарай ысырайық! – деп қауқылдасқан жігіттер «би алаңын» лезде жасай қойды. Магнитофонға есе тиді. Әбіл Айкүмісті үйіріп ала жөнелгенде, оның келіншегі Нәзікен Өртұлғаға қолын созып:

– Ореке, екеуіміз далада қалып жүрмейік? – деп күлімдеді.

– Шын-ау, келші бері! Анау екеуі алды-артына қарар емес! – деп Өртұлға да әзілдеп, шашын кейін қарай бір сілкіп, Нәзікенді іліп әкетті. Бес жұп екі мақам вальс биледі.

– Тойып алған қазақтың биде не шаруасы бар десеңші, мен қапутпын, жолдастар! – деп Төлеубек екі қолын бірдей сермелеп, еңтігіп оқшаулана берді. Басқалар ду күлісіп, «біз де әрең шыдап едік», – дегендей-ақ жұптары оңай жазылды.

– Ал, ағайындар, осы екпінімізбен үйімізге жетіп қалайық, Орекең мен Айекеңе рахмет, көп-көп рахмет! Өзім бүгін бір жасап қалдым! – деді Кәдірбек.

– Дұрыс!

– Кәдекендер тоқтар кезін біледі-ау, шіркін!

– Енді жолаяқ жасауды білетіндер табылса ғой! – дескен ду-ду өзілді Әбіл:

– Шынында, әлгі желөкпе көршілеріміз үйреткен жолаяқты ұмыту жарамайды, ә, Айеке, солай ма? – деп аяқтады.

– Әбекең де біледі-ау, шіркін! – деп қалды Халел. Оның әйелі Хұрмакүлден басқалары ду күлді. Хұрмакүл кенет тұнжырап, күйеуін көзімен бір атып:

– Болды, жетті, жолаяқты қойыңдар! – деп бұрқ-бұрқ етті. Төлеубек оны:

– Өй, мына келіншек Халелдің Мүнирамен билегеніне әлі күйіп тұрғаннан сау ма, ей? – деп күле қағытты. Өртұлға дөңгелек күміс табақшамен жолаяқты ыңғайлап алып та келген еді.

– Қане, қасқалар мен жайсаңдар, жарыссөзді доғарып, мынадан үміті барларға жол берілсін! – деп қалжыңдап, арақ-шарап құюлы рөмкелер ұйлыққан табақшаны көтеріңкіреді. Айкүміс кәмпит толы тәрелкені ілестірді. Рөмкелер үлеске түсті.

– Хұрмажан, табақшада жетімсіреп жалғыз қалған рөмке сенікі ме, қане, екеуіміз дұрыстап бір соғыстырып жіберейік! – деді Кәдірбек ойнақы үнмен, рөмкесін ыңғайлап.

– Мен ішпеймін! – деп Хұрмакүл тағы да бұрқ етті.

– Айда, «ішкіштер», ендеше өзіміз кетейік! Орекендердің шаңырағына әрқашан тек жақсылық тілейік! Жолаяқты жиі жасап тұрсын! – деп Әбіл бастап жіберді. Қалғандарының бірі ішті, бірі ауыз тиді.

– Әбекең өзі атақ ала ал май жүрсе де, бізге атақ берді, дәл осы үшін тартып жібермесем бе! – деп Төлеубек әзілдеп, ернін тигізді де қоя қойды. Ол қылығына басқалар ду күлді. Беті жылымай тұрған Хұрмакүл күйеуін көзімен және бір атып:

– Балалар не болды екен, біз жүрміз мұнда! – деп ызғарланды.

– Хұрмаш-ау, далада жүрген жоқсындар ғой? Балаларың атасы мен апасының жанында, оларды сонша... – дей берген Айкүміске мырс етіп қараған Хұрмакүл:

– Баланың азабын сен қайдан білесің? – деді де, сырт айналды.

– Әй, Халел? Мынауың сені Мүнирадан шынында қызғанған екен, барындар, үйлеріңе барып сөйлесіп алыңдар! Ал біз әлі отырамыз! Қане, үстелдерді орындарына қояйық! Айеке, айналайын сенен, бағанағы қуырдағыңды ысытып жіберші! – деді Төлеубек ширыға сөйлеп. Хұрмакүлдің оқыс оғынан Айкүмісті қорғағаны еді.

– Төлеубек тауып айтпаса Төкең бола ма?! – деп Кәдірбек қол шапалақтап жіберді. Онысы – Хұрмакүлге жұмсалған шапалақ-ты. Басқалар ақ жарқын күле қостасып, үстел-орындықтарды орындарына қоюға кірісті.

– Қуырдақтың жарасы жеңіл ғой! – деп кухняға беттеген Айкүміске:

– Айка, мен көмектесейін, – деп Мүнира ілесе кетті.

– Төлеубек, жігіттер, сендер маған көмектесіндер, үстелдерді

реттейік, – деп Раушан көйлегінің жеңін түре бастады. Бұл әредікте Хұрмакүл есіктен шығып бара жатқан, соңындағы Халел табалдырыққа жете бере кідіріп, бұрылып қарап:

– Ореке, әй, жігіттер, көңілдерің ортаймасын, айналайын, кешіргейсіңдер! – деді де, екі қолын кеудесіне баса бір иіліп, ақырын ғана шығып кетті.

– Да-а-а! – деді Әбіл басын шайқап.

– Хұрма қымбаттайын деген екен, өй, жаман қатын!.. – деп Төлеубек оң қолын жұдырығын түйе бір сілкіп, теріс айналды.

– Әлгінің... – дей берген Кәдірбекті Өртұлға иығынан құшақтай бұрып:

– Әй, ағайындар, қойындар, қайтесіңдер соны, ол ештеңе деген жоқ, біз ештеңе естіген жоқпыз. О, эне, Төкең кірісіп те кетті, дұрыс, бәйбішелерімізге көмектесіп жіберейік. Түн өзіміздікі, асықпайық, – деді. Сол сәтте есік айқара ашылып, Оңайгүл мен Дәрібай көрінді.

– Бұл үйдің есігі әрқашан ашық қой, – деп Оңайгүл әзілін алдына сала келді.

– Әй, мыналарды қараңдар!

– Сендерді кім шақырды, ей?!

– Таң ата келмедіңдер ме, ей?! – деп жігіттер мәре-сәре болып қарсы алды.

– Оңайгүл келмей ортамыз толмайды дедім ғой!

– Оңаш-ау, қырғыз әніңді сағындық қой! – десіп келіншектер де мәз.

– Апам айтқан екен ғой? – деп Айкүміс жайраңдай жетті. Оңайгүл екеуі құшақтасып, беттерінен сүйісті.

– Жүдә жақсы келдіңдер, төрлетіңдер! – деді Өртұлға.

– Жамбылдағы ағайды білесің ғой, сол кісі сырқаттанып қалды деп естіген соң таңертең тартып кеткенбіз, ничего, бүйрегінің тентектігі ұстаған екен, дәрігер қарапты, тәуір, сендерге сәлем айтты, қонаққа келсін деді, – деп Дәрібай мән-жайды бір-ақ ақтарып салды.

– Айеке, мынаны сол үйдегі жеңешеміз беріп жіберді «Айкештің сыбағасы» деп, – деді Оңайгүл, қолындағы қызыл гүлді дорбашаны

ұсынып. – Қолдың құрт-майы ғой, бәріңе бұйырған екен, – деп те қойды.

– Құрт дедің бе?

– Әй, тезірек әкеліңдер бері! – деп дос-жолдастар және бір мәрте жарасымды желпіністі.

– Мәшинем қайтарда қиқаңдап, екі-үш рет кідіріп, содан кешігіп қалдық, әйтпесе баяғыда келетін едік. Жаңа ғана жетсек, апам: «Әй, сендерді Айкең іздеді, хабарласыңдаршы!» – дейді. Неге іздеді екен деп барлау жасамаймыз ба бағана! – деп Дәрібай күледі.

– Иә?!

– Бұл біздің. Штирлиц емес пе?!

– Содан соң?!

– Содан соң Кәдірбектерге телефон соқсам, әйтеуір, балаларың әлі ұйықтамаған екен, сендердің осында қонаққа кеткендеріңді айтты. Содан кейін, Төлеубек, сендердің үйлеріңе телефон соқтым, тұтқаны шалдарың алды, жатып қалған екен, «бұ қайсың, әй?!» – деп зірк етті...

– Бекер мазалағансың, түн ішінде, – деп қалды Кәдірбек.

– Ештеңе етпес, шалдардың ұйқысы қанады ғой! Сәлем беріп, хал-ахуалын сұрап, «айналайын атажан!» – деп жуып-шайып едім, жайылып түсті, сендердің осында екендеріңді айтты, содан соң несіне бөгелейік, жеттік, міне! – деді Дәрібай ыржия ежірейіп.

– Әй, молодец!

– Дұрыс!

– Ал жайғасыңдар, о, эне, қуырдақ та дайын болыпты! – деді Өртұлға. Кухня жақтан буы бұрқыраған нән табақ қуырдақты көтерген Мүнира көрінген-ді...

...Әзіл-қалжың мен ән-күйді жарыстырған дос-жолдастары тарасып, екеуі ғана қалған әредікте Айкүміс:

– Ғабағаң мен апайдың келе алмағандары жақсы болды, – деп ақырын ғана күрсініп қойды.

– Ауылдан үлкен кісілері келе қалғанын қарашы! – деді Өртұлға, өкінішті раймен. Ол Ғабдырасулдардың келе алмағандарына Айкүмістің ренжімеген сияқтануы Хұрмакүлдің оқыс, оғаш қылығын ол кісілердің көрмегеніне, өзінің мүлде ыңғайсыз күйге

тап болмағанына шүкіршілік еткені екендігін аңғарды. Біраздан бері араласып, шүйіркелесіп жүрген Хұрмакүлдің бүгінгі себебі беймәлім сырт мінезін есіне алса да, естіртіп таңданбаған, шағынбаған келіншегінің жүрегіндегі жүкті шамалады: «Шаңсызы бар мұндай жүктен құтыла алмауды маңдайыңа шынымен жазып қойғаны ма? Аяныш жасалмайтындай айыбы жоқ емес пе? Өмірдің осы жолын таңдап бергенің неткенің, тағдыр-ау?! Тән төзбес алапатқа жан төзер, бірақ төзімнің де шегі, жанның да мүжілуі бар ғой?!»

– Айкем, сен дем ал, ұйықта, шаршадың ғой, мен бүгінгі газеттерді шолып шығайын, – деді де, Өртұлға жұмыс бөлмесіне беттеді. Кештің қалай өткенін әдеттерінше әңгімелеуді бастағысы келмеді, олай етсе – сөздің соңы бал татымасын білді.

Жұмыс бөлмесінде газет оқудан қимылсыз отыруы ұзақ болды. Біресе түйіліп түйдектелген, біресе ұйтқып сапырылысқан сан бояу ой отбасының өткендегі тірлігін, қазіргісін әр қырынан, әр түсімен көрсетіп бақса, ертеңін де елестеткендей болды. «Алдағы күндер мен түндердің, айлар мен жылдардың аралықтары көмескілеу, сұрғылттау, бір-бірінен айырғысыздау болатын сияқты ма?.. Дос-жолдастардың көңіл күйлерінде жасандылық басым болып бара жатқан жоқ па? Үйдегі, түздегі кездесу, басқосу, сауық-сайран жасау сағаттары табиғи жылуын азайтып, жаққан пештің қызуы далаға кете бастағанға ұқсай ма?.. Жақсы ниеттің ығынан, шынайы жылы тілектің ізінен Айкүміс екеуіне сездірмеуге тырысқан елеусіз есіркеу-мүсіркеу елестейді-ау. Баласыз пенде кемтар болып көрінетін шығар, ал кемтарды есіркеу-мүсіркеу әлімсақтан бар. «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» кемсіту үшін айтылмаған болар, сол есіркеудің сөзі болар. Қазақтан қалған сөз жоқ. Баласыз үй, шынында... Бальзамдап қойған дене тәрізді дерсің, көрерге сырт бейнесі қалпында, бірақ іші қаңырап жансыз жатқаны. Ол кімге керек? Неменеге қажет? Ұстар иесі болмаса – алтын қалам ағашпен тең. Баланың қолы тимеген, баланың иісі сіңбеген дүние-мүлік те құнсыз. Айкем екеуіміз біріміз ерте, біріміз кеш кеткен күні мына үш бөлме иесіз, иен қалады. «Әкеңнен қалып па еді?!» – дейтін де қазақ. Басқа заттарды айтпағанда, менің

кітаптарымды «әкемдікі!» – дейтін не ұл, не қыз артымда қалмаса, иесіз емей немене?! – Өртұлғаның кеңсірігі ашып, аузы кермек татып, өзі бір бейтаныс жапан далада жалғыз қалғандай алағыза бастады. Жан-жағына қарады: кітаптары, портреттері, қорқорлары – бәрі-бәрі орындарында. «Айкем қайда?!» Алдына келіп жүгініп, анық жауабын алып тыншығандай болған, құдды жаны бардай беймаза сұрақ – «не істеу керек, қайту керек?!» – тағы да жантандап жетіп, құлағына күбірлеп тұрғандай болды. «Айкем кінәлі емес! – деді оған Өртұлға тағы да. – Айкем кінәлі емес... Тағдырдан кім қашып құтылған? Айкемді тағдыр бір жылатса, мен қосыла және жылатайын ба?.. Айкемнен безгенде қайда барам, кімді табам? Әйел тапқанмен опа табарым, бала сүйіп, қызыққа кенелерім анық па?.. Айкем көз алдымнан кеткенімен, көңілімнен кете ме? Жоқ, кетпейді, кетіре де алмаймын, жоқ, жоқ, кетіргім де келмейді! Ол кінәлі емес!.. Махаббатымның тұнығы. Мен оны сүйемін. Оның... әйелдің бала көтермеуі мүмкін емес шығар?.. Емдетуім керек. Мәскеуге, Ленинградқа апарып емдетемін. Мұндағы мамандардан соның жөн-жосығын сұрап білемін де, апарамын. Ем табылмауы мүмкін емес! Арнаулы емхана бар да болар...»

Өртұлға іштей жасаған байламын іске асырды. Әуелі хат арқылы, кейінде телефон арқылы хабарласып, ақылдасып, арада үш жарым ай өткенде Мәскеуге шақырылды. Айкүміспен келіспеген-ді. Шақырту алсам, сол күні ғана айтамын да, апарамын деп шешкен. Ал Айкүміс анау-мынау сылтаумен бұра тартпады. Мән-жайды естіген әредікте аз-кем ойланып отырды да, кәміл риза болғандай раймен: «Барайық. Мәскеуді көргім келіп, өзіңе алдағы жазда апаршы деп қолқа салу ойымда бар еді, жақсы болды ғой, барайық!» – деді. Көңілінде бас тартып жүрер ме екен деген күдігі де жоқ емес Өртұлға: «Мәскеуді көргісі келген адам оны алдымен Жаңа жыл кешінде көрсін, одан кейін қашан көрсе де еркі», – деген сөз бар, біз бұл жолы тура сөйтеміз: 1978 жылды Қызыл алаңда қарсы аламыз! Одан арыда жазын да, күзін де көретін боламыз, Айкем!» – деп шын жігерленіп кетті. Келіншегінің жайдарылана келіскенін жақсылыққа, «жолымыз боладыға» жорыған.

... Мәскеу – Алматы пойызы дігідік-дігідік деп зымырап келеді.

Төрт кісілік купенің жоғарғы орындарына жайғасқан Өртұлға мен Айкүміс сағат сегізден кете оянса да, тұруға асықпады, купе салқын. Таңертеңгі сағат тоғызда берілетін әдеткі соңғы хабарларда бүгін Ресейдің бірсыпыра жерлерінде 28-30 градус аяз болатыны мәлімделген. Пойыздың екпіні ол мөлшерді 5-10 градус арттырып та келе жатқан шығар.

Өртұлға өзінің астыңғы орнын балалы әйелге берген-ді. Бала екі жарым жаста екен. Аты – Тигран. Сірә, әкесі – армян, ал шешесі, міне, кәдімгі шикіл сары орыс. Бала ерекше ширақ. Аузы да, аяқ-қолы да тыным таппайды. Жасына сай қылығы бар. Ал шешесі алдарқатып көп әуре болмайды, кіжіне жекіп, жұлқып қалып, түйіп қалып «тәрбиелейтін» көрінеді. Қалың қара шашты Тигран шешесінің «тәрбиесіне» төселіп үлгірген болар, әйтеуір, оншама мойымайды, кінәсі жоқтай монтия қалып, тұнжыраңқырап сәл отырады да, шаруасына қайтадан кіріседі. Шаруасы шынында қыруар: көзіне көрінген буыншақ-түйіншектерді, үстелшенің асты-үстің «тексереді», аяқ киімін бір шешіп, бір киіп, еденге отыра кетіп, шешесінен сөз естиді. Шешесі әлде жалыққан, әлде шаршаған, қалайда еміренісі кемшін: «Менің сорыма тудың!» – деп тістене зекігенінен Өртұлға да еріксіз тіксінді.

Бұлар пойызға өткен күні інірде мінген. Таныстықты Тигран қыздырды, «ал, балақай, сенің атың кім?» – деген Өртұлғаның сұрағына: «Өзіңнің атың кім?» – деп жабыса кетті. Шешесі: «Таныс емес ағаға «сен» деп сөйлеме, «сіз» деп сөйле! Қанша айтсам да ұқпайды», – деп күйіп-пісті. «Әлі кішкене ғой, оны аңғармайды да», – деп өзіне ара түскен Айкүміске балақай үлкен қара көзін күлімдете қарап: «Сенің мен сияқты екі жарым жастағы ұлың бар ма?» деді. Біреу көкірегіне оқыс түйіп қалғандай болған Айкүміс кеудесін екі қолымен баса қалып, сірә, кінәсіз балақайдың сұрағын ауырсынуды өзіне күнә деп білсе керек, өзін-өзі көрінеу күштеп күліп жіберді де: «Бар, бар! Ал сенің апайың, қарындасың бар ма?» – деді. «Менің атым – Тигран, ал сенің атың кім?» – деді балақай Өртұлғаға. Айкүміспен әңгімесін бастағанынан үзіп тастай салғаны тез болды. «Менің атым – О, кэй», – деді Өртұлға, ағылшын сөзін әдейі қыстырып, атыма тілі келмейтін бала ежіктеп

сұрай бермесін деген оймен. «Сенің балаң бар ма? Ұл ма, қыз ба?» – деп Тигран өз жобасын сыза берді. «Бар және көп», – деп Өртұлға күлген болды. «Талмау жерімізді тапқанын қарашы, тексіз таныстарымыздың бірінің баласы болса, не әкесі, не шешесі «солай сұра», – деп әдейі үйретіп қойған ғой дер едік», – деп ойлады ол. Ал Тигран енді астыңғы қарсы орында теріс қарап жатқан шүйкедей кемпірге соқтығып үлгірді. «Әжей, сенің атың кім?» – деп, оны белдемшесінің жамбас тұсынан бас салып жұлқылай бастады. Шыдамы шегіне жетіп отырған шешесі сол сәтте оны иығынан бүре жұлқи үйіріп, еденге тыраң еткізді. «Ой! Ой!» – деп Айкүмістің жан дауысы шықты. Бала да бақырып жіберді. Шешесі жалма-жан сүйреп тартып алды да, төсекке шалқасынан «ыңқ» еткізіп атып ұрды және баласының үстіне әзірейілдей төніп, оның еріндерін бір қолымен бүре ұстап, екінші қолымен ұруға оңтайланып: «Жап аузыңды, алапес! Өлтірем!» – деп тістене жекірді. Тигранның үні өшті – көзі жапақтап, тырп етпей жатыр. Кемпірдің аяқ жағында отырған Өртұлға мен Айкүміс өрт шыққан үйде қалып қойғандай халге тап болған.

Өртұлға купеден шыға жөнелді. «Үніңді шығарма! Шығарсаң-ақ, анау жоғарыда жүк қоятын қуыс бар, соған лақтырып тастаймын!» – деп шешесі Тигранды тығырта түсті. Айкүміс те енді отыра алмады, купеден шығып, Өртұлғаны аңдап еді – ол әріректегі терезе алдында тұр екен. Әлдебір шаршас шалдықтырғандай делсал күйдегі Айкүміс күйеуінің жанына барып, ол да сыртқа көз тастады. Пойыз орман арасында келе жатқан болар, қараңғылық тұмшалаған сыртқы дүние – қараң-құраң бірдеңе. Ырғаландаған вагон дәлізіндегі сирек электр шамдарының жарығы терезенің ар жағындағы қара шымылдықты әлсіз қолмен әрең ысырыңқыраған сияқтанып, болмашы ғана бозамықтандырып, арагідік ақ бел қайыңдарды көзге шалындырады. Сыртқа қараған қалпында Өртұлға: «Болмады бұл, болмады. Мен басқа вагондардың проводниктерімен сөйлесіп келейін, орын табылуы мүмкін», – деді де, бойын тіктеп, алға құлаған шашын қос қолдай кейін ысырып, ақырын аяңдап кете барды. Айкүміс оны көзімен шығарып салып, қайтадан сыртқа үңілді. Беймәлім қара барқын әлемге қарадым

демесең, ештеңеге көз тоқтата алмайсың, тоқтап тұрған жоқсың, дігідіктеген пойызда дедектеп келесің. Бірақ Айкүмістің көз алдында – кішкентай Тигранның тынымсыз бейнесі, ал құлағында – күйгелек шешесінің: «Менің сорыма тудың!», «Сөйлеме!», «Жап аузынды, алапес!», «Үніңді шығарма... лақтырып тастаймын!» – деген суық, қорқынышты сөздері. Айкүмістің белі қиылып бара жатқандай болды. Терезе тұсындағы қабырға орындықтың түрулі тиянағын түсіріп, «uh!» – деп отыра кетті. Күйеуі шыққан есікке қарады. Вагон ырғалаңдап, пойыз зымырап келеді. Айкүміс терезенің жақтауына оң қолын тіреп, қарына маңдайын басты. Сырттың қараң-құраңдай қаумалай бастаған берекесіз ойларды серпу үшін вагон доңғалақтарының рельс түйістерін түгендегендей дүрсілдерін іштей санап еді, балаша ермек тапқысы келіп еді, бірақ онысынан дәнене шықпады, анау әйелдің мұз сөздері есіне еріксіз қайта-қайта түсіп, саннан жаңыла берді. «Жәбір көріп жатқан бала жөндеп ұйықтай алмайды, түнде шошып ояна береді», – деуші еді, Тигран да түнде жылап, мазасызданып шығатын болды, обал-ай!» – деп ойлаған Айкүмістің кенет іші-бауыры қалтырай бастағандай болды.

Купеге кірген соң шешінген-ді. Тондары сонда, тоқыма кеудеше мен белдемше аңырап тұрған дәліздің суығынан қорғай алсын ба! «Ораш тоңып кетер ме екен?!» – деп басын көтерген сәтте Өртұлға да келіп қалған, ол Айкүмісті қолынан ұстай еңкейіп: «Жүр, жатайық, бір түнге шыдармыз, ертең сағат он бір жарымда «св»-ға ауысамыз, проводнигімен келістім, жүз сом сұрады, беремін», – деді. Ақырын түрегелген келіншегіне «св»-нің «спальный вагон» екенін, ондағы купелердің екі кісілік екенін айтты. Екеуі купеге кіріп, орындарына көтерілді. Бүк түскен кемпір қыбыр етпегенге ұқсайды. Тигранын іргеге қаратып, арқасымен тіреп, өзі от жаққа қарап шешесі жатыр, көзі жұмулы, бірақ ұйықтамаған болар, жаңа ғана күйіп-пісіп отырған адамның шамалы уақытта мызғи қалуы мүмкін емес.

Айкүміс бас жағындағы қабырға шамды жақты да, төбедегі шамды сөндірді. Күйеуіне көз тастап еді, ол ары қарап жатыр екен.

Айкүміске бүкіл жарық дүние теріс айнала қалғандай болды,

өне бойы бір ысып, бір суыды, бір тылсым қараңғылық басып келе жатқандай-ақ түсініксіз, ойда жоқ әлдеқалай қорқынышты сезінді, төбедегі шамды қайта жаққысы келді де, анау әйел «сөндірі!» – деп шаңқ ете түсуге әзір жатқандай көрініп, одан да оқыс шошынды. «Бісімілдә, бісімілдә!» – деп күбірлеп, екі алақанымен бетін сипады. Қара құйын тиген қаудай ойпыл-тойпыл болған көңілі Айырдың желі кеткеннен кейінгі Тұнықкөл толқынынша бірте-бірте байыз тауып, ауырлап, орныға, тынши бастады. Бірақ өрекуі мүлде өшкен жоқ, қайта түптен түртпектеніп, басқа із тауып, шөгіп жатқан лайды көтергендей, басқа ойды қозғады. Ол ойды құдды қапияда көріп қалмайын деп қорыққандай-ақ, Айкүміс көзін жұма қойды. Өйткенімен ойы түйдектеле, қоюлана түспесе, тіпті де сейілген, селдіреген жоқ, метродағы сол бір мең-зең еткен күйге қайтадан алып барды. 1978 жылды Қызыл алаңда қарсы алғандағы ғажап серпілісті қуанышқа толы сағаттар, Мәскеуді аралаған ақ қанат күндер, «Москва» мейманханасында Өртұлғаның таныс, бейтаныс жазушы, аудармашы жолдастарымен жүздескен, әңгімелескен, дәмдес болған шат-шадыман сәттер салюттің сан түсті шоқтарында қас қағым ғана жаңбырлап, іле тез-тез көмескіленіп, сөніп, беймағлұм бір ғайыпқа сіңіп кетті де, Алматыға қайтар алдындағы екі күннің қос тағдыр іздеп келген үміт шоғын қолаптада қымтап ұстап, ақырында ол әйгілі дәрігер-академик, Лениндік сыйлықтың лауреаты Лаура Станиславскаяның демімен мәңгіге өшірген минуттары мейірімсіз «мен-мұңдалап» шыға келді. Аса кішіпейіл, ақ жарқын жаратылысты дәрігер Айкүмісті ресми жұмыс уақытынан әдейі кейінге, сағат он тоғызға өз кабинетіне шақырып, жайдары қабылдап, небір әдемі кәмпиттермен, ерекше хош иісті шаймен сыйлай әңгімелескен. Айкүмістің де, Өртұлғаның да әке-шешелері, туған-туысқандары кімдер екенін, денсаулықтарын сұрап білген. Қазақстанда болып көрмегеніне өкінішті екендігін айтты, бірақ қазақ халқының кешегі, бүгінгі өмір-тіршілігін Мұхтар Әуезов, Әнуар Әлімжанов мақалалары мен шығармаларынан жақсы білетінін ілтифатпен мәлім еткен. Әңгімесінің соңында Айкүмістің бойындағыдай дертті дәрігер болып істеп келе жатқан жиырма тоғыз жылда үшінші рет

қана кездестіріп отырғанын, бұл туралы былтыр Парижде өткен халықаралық симпозиумда пікір алысқанын, секциялық мәжілісте ирландиялық ғалым әйелдің «жұмбақ текті дерт», – деп атап баяндап, өз ұжымы жылдап жүргізген бақылау-зерттеу анализдері дәйекті дәлел бере алмағанын мәлімдесе, австриялық гинеколог ғалым өздерінде «күпия сырқат» деп аталатын ұрпақсыздық дерті ерде де, әйелде де кездесетінін және ол тұқым қуалап, бір әулетте 40-50 жылда бір рет ұшырасатынын, оған әлі ем табылмай келе жатқанын айтқан. «Тағдырдың алдында дәрменсізбіз ғой, амал жоқ!» – деді Станиславская шын налып. Өзі ана болған соң әйел затының бақытсыздығына жүрегі ерекше ауыратын күйін жасыра алмады, үні де, жүзі де сынық тарта қалды. Айкүмісті жұбатуға іштей қаншама құлшынғанымен, науқас жанды ең әуелі жылы сөзімен алдарқату тәжірибесі жеткілікті болғанымен, шындықты бүкпей айту парызын қаншама жайма-шуақтап атқарғанның өзі оны әрқашан қинайтын. Бұл жолы да солай болды.

Академик дәрігердің аузынан шыққан әрбір сөзді аңсары ауа аңдап отырған Айкүміс айдындағы ақ кемесі кенеттен қайырлап, ілгері жылжуға күш салған сайын шөгіп, ақырында суға батып бара жатқан капитанның кебіне ұшырап еді. Мына кабинетте болар кездесуге беттегендерінде көңілінің көгінде жауқазынша қылтиған үміт, әңгіме басында жапырағын жайыңқыраған үміт енді солып, өшіп бара жатты. Айкүміс жер бетіндегі жарық дүниеде тағы да жалғыз қалып, барша тіршіліктен тыс кеткендей мең-зең күйге тап болды. «Өзің барып шықшы!» – деп есік алдында қалған Өртұлға – құдай қосқан қосағы, күйеуі, сүйген жары Өртұлға да есіне түспеді.

Станиславскаяның кабинетінен қалай шыққанын Айкүміс қазірде де анық білмейді. «Машинам жеткізіп салсын», – деген дауысқа: «Жо-жоқ, рахмет!» – дегені ғана есінде. Тербей зымырап келе жатқан метро пойызында отырғанын бір-ақ аңғарған. Өртұлға жанында, иығынан құшақтап алыпты. Маңындағыларға қарады – бәрі бөтен, бөгде, жат кісілер. Бәрі үнсіз. Бірі сөмкесін құшақтап, бедірейіп, бірі кітапқа үңіліп, мылқиып... бәрі Айкүмісті әдейі жатырқап, әдейі тоң мінез көрсетіп: «Мынау қайдан келді?! Кім өзі?! Кімге керек бұл қатын?!» – деп отырғандай. Метро пойызы

баяулап тоқтады, сырылдап есігі ашылды, біреулер шықты, біреулер кірді. Пойыз тағы зымырай жөнелді... Тағы тоқтады... тағы зымырады... Тағы тоқтады... тағы зымырай жөнелді... Кіріп-шығып жатқандардың бірде-бірі жақ ашпады, «Пәлен аялдама...», «түген аялдама...» деген сүйкімсіз жарықшақ дауыс қана естіле береді... Пойыз бүгін, тіпті ешқашан тоқтамайтын сияқты. Айкүмісті бір елсізге апарып тастауға асығып кетіп бара жатқан секілді. Мына купе сол елсізге түсірер алдындағы ақырғы орны тәрізді, Өртұлға да, Тигран да... бәрі де осында қалады, бұл ғана түседі, мәңгі-бақиға қалуға, жалғыз қалуға түседі. Ешқайда жазылмаған, ешқайда оқылмаған құпия, тылсым үкім солай. Ол өзгермейді, ешкім өзгерте алмайды оны.

...Екікісіліккупеніңауасытымауыр.Айкүмісоңашаланғандарына қалайда қуана алмады, өз-өзінен елегізіді. Тентек Тигранды көргісі келе ме... Таңертең Өртұлға екеуі шабадандарын алып, қоштасып шыға берген кезде Тигран көзі бажырая, мұрны қоңқия қарап отырып: «Сендер үйлеріңе келдіңдер ме? Түсесіңдер ме?» – деген. Өртұлға жауапты тез тауып: «Иә, келдік, алдағы станцияда түсеміз, сау бол!» – деп, бұлар Тигранмен қол алысып қоштасқан. Ол төсегінен абың-күбің түсіп, купенің есігінен бұйра басын қылтитып тұрып: «Балаларыңа менен көп-көп, өте көп сәлем айтындар! Оларға ойыншықты көп алдыңдар ма?» – деп дауыстап қарап қалған.

Мәскеуден Алматыға дейінгі екі жарым тәулік Өртұлға мен Айкүмістің бұған дейінгі ортақ өмірлеріндегі тым ауыр мерзім болды. Оңаша купе екеуін бұл вагондағы басқалардан, қатарларындағы көршілерден ғана емес, тіпті, ең қиыны, бірінен-бірін оқшаулап тастағандай. Купе терезесінен қысқы далаға қарап, оны-мұны байқағандарын ақырын ғана айта отырып, түскі шайды асықпай ішкен соң Айкүміс: «Ораш, сенің арқанда астананы көрдім, армансыз араладым. Атақты Үлкен театрында ғана бола алмадық, оқасы жоқ. Қызықпен жүріп ұйқыны да ұмыттық, енді демалайық. Мен, сірә, үйге жеткенше ұйықтайтын шығармын», – деп, шаршаңқы жымиды да, киім ауыстырып, төсегіне іргеге қарап жатып қалды. Өртұлға өзінің қажыңқырағанын енді сезініп, ала

шыққан «Литературная газетаны» ұстап, ол да төсегіне жайғасты.

Пойыздың дігідігі бір баяулап, бір үдейді, тағы баяулап, тағы үдейді. Ерлі-зайыпты екеуі де бір оянып, бір ұйықтап, жолдың жарымына дейін шынында мамырлаған мезетті өткерді. Содан соңғы жерде Өртұлға сергіген сыңай танытқандай белсеніп: «Айкем, ай, бәйбіше! Жата берме, басың ауырады. Қазақ жерінде жүйткіп келеміз, эне, қарашы, біздің даланың қысы да көркемау!» – дейді. Ыстық шай әкеледі. Станциялардың бірінен «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Ара» журналының жаңа сандарын алып келді.

Ал Айкүміс серги алмады. Бірер кесе шай ішеді де: «Мен ұйқыдан бас көтере алатын емеспін», – деп жымияды да, төсегіне қисаяды.

Екеуінің кәдімгі жасырынбақтың бір жаңа түрін еріксіз тауып, еріксіз ойнап келе жатқандары анық-ты. Айкүміс ана болу, сәби сүю үмітінің соңғы елесінен көз жазып, жарық дүниенің қараңғы тұйығына тіреліп, қамалып келеді, одан шығар жол жоқ сияқты, болған күннің өзінде де, неге екенін өзі де білмейді, ондай жолды іздеуге зауқы соқпайды. «Керегі не?.. Қажеті қанша?.. Өзімнің өзегімді жарып шықпаған соң, біреудің баласына көз сүзу, бөтен құрсаққа ие болу... тірі тұлып болу емес пе?! Ол ертең өзегіме теуіп, өксітіп жүрсе, қайтем?.. Баламның жоқтығы шіркеу болып, сыпсың сөздерді естісем де естімегендей боп қашанғы қайғы жұтып жүре берем?! Орашты әкелік мейірімнен мақрұм етіп жүргенім ұят... жоқ, «ұят» деудің өзі – ұят! Ұят емес – қылмыс! Кешірілмес қылмыс!.. Ұятсыздық, қатыгездік, қылмыс!.. Әке болу құқынан айыру емей немене?! Бұлай жүре беруге менің де құқым жоқ!.. Айырылысуымыз керек... Айырылысамын... ауылға кетемін...» – осындай қиналыс құрсауындағы Айкүміс іштей қалжырап, купе іргесіне қараған күйі жатты да қойды. Көз алдына сонау жылдары қайың тоғайда Өртұлға екеуіне оқыс ұшырасқан қол арба, Еңлік апайының мүгедек бейнесі келді. Өлшеусіз ұйқы жоқ, шексіз қиналыс қана бар. Өртұлғаға сездіргісі келмейді, кірпігін күндіз күштеп айқастырып, ұйқыға жеңдірген кейіп танытуға тырысады. Түннің де жеңілдігі жоқ.

Әйтеуір, уһлемеуді ойлайды, Өртұлғаны мазаламауды ойлайды. Бас көтеріп отырар болса, сөйлессе, Өртұлға ойын оқып қоятын сияқтанады.

Өртұлғаның іші де – өрт. Станиславскаяның тұжырымын Айкүміс мейманханада жасырмай айтқан-ды. Екеуі де ләм-мим деспей біраз отырған. Өртұлға келіншегінің жылап жіберуінен қорыққан, шынында қорыққан. Содан қорғану үшін: «Көрерміз, Айкем, көрерміз, оған шаршай бермеші! Медицина бір орында тұрып қалмайды ғой, әлі талай-талай жаңалығы, жетістігі болады. Саспа, абыржыма! Мен кофе қайната қояйын, содан кейін «Сатира» театрына барып қайтайық, мына жерде, жақын, сыртынан көріп едің ғой, бағана Тәкен аға телефон соққанда айтқан, «театрда Аркадий Райкинмен кездесу болады екен, соған екеуіңе шақыру билет алдыртып қойдым, сағат жиырма бір отызда театрдың алдында кездесеміз» деген, барайық. Мәскеумен бұл жолы солай қоштасайық, ешқашан ұмытылмастай болсын, иә?! Райкин – ғажап әртіс, шын мәнінде ұлы әртіс!..» – деп әдейі көбірек сөйлеп, келіншегін алдарқатып баққан. Енді қазір оның ұйқыны сылтауратып, іштей мүжіліп, бірақ ол күйін өзіне сездірмеуге тырысып келе жатқанын ұқты. Ол күйінен серпілтудің жөнін қанша ойлағанмен таба алмады. Өзінің де көңілі ала барқын, алай-дүлей...

...Алматының кеші қақап тұр екен. Екінші станцияның вокзалы қаңырап, аңырап қарсы алды. Вокзалдан қалаға шығар есік ауызында ұшырасқан көршісі, іні есебіндегі сыйласы Санат құндыз бөркін баса киіп, қына тонының жағасын көтеріп алыпты. Көзәйнегін әдетінше сұқ саусағымен бір ырғап қойып, құшағын жая күлімсіреп:

– Ағатай, ренжи көрме, машинамызды бір гаишниктер тоқтатып, сәл кешігіп қалғаным. Айеке, келуіңізбен! Қалай, ат-көліктеріңіз аман ба? – деп емпілдеді.

– Рахмет, айналайын! Жақсы барып келдік. Өздерің есен-саусыңдар ма? Сіңлім қалай, кішкентайлар қалай? – деп Айкүміс те аңқылдады.

– Мә, ұста мынаны, осының ішіндегі кітаптардың қақ жартысы

саған. «Кузнецкий мосттағы» магазинде бірде-бір сыншының, бірде-бір философтың кітабы қалған жоқ, – деп Өртұлға мықшиып әкеле жатқан нән шабаданын Санатқа берді.

– Бәсе, менің қайнағаларым осылай болса керек-ті! – деді Санат. Үшеуі де мәз-мейрам.

Бұрыннан таныс, аралас-құралас Санаттардың Өртұлғалармен көрші болғандарына бір ай шамасы ғана. Ірге түйістіре салынған жаңа үйдің үшінші қабатынан үш бөлмелі пәтер алып, көшіп келген-ді.

– Әй, шырағым, есінде болсын, саған берер ерулігіміз – осы кітаптар, басқаны көксемем! – деген Өртұлғаның әзілі де біраз күлкі үйірді.

– Қойшы, Ораш, оныңне? Ерулікті бергенде осы бауырларымызға берейік, Шырын екеуіне тай сойсаң да – аз! – деген Айкүміске Санат:

– Қайран Айеке-ай, төбемді көкке бір жеткіздіңіз! Осы үшін үйге жаяу арқалап апарар едім, тек тоңдырып аламын ғой, бүгінше машинаның алдыңғы жағына отырыңызшы, басқа құрметім кейін! – деп, үшеуінің қалжыңдары жарасып, көңіл күйлері көтеріңкі өріліп, мәре-сәре қалыпта машинаға міністі. Машинаның есіктерін ашып, жүктерін орналастырып зыр жүгірген жігітті Санат: «Бұл жігіттің аты – Таңат, менің немере інім, мына тұлпары – өзінің жеке меншігі!» – деп таныстырды. Таңаттың тұлпары «оқыранып» алып, жұлқи жөнелді. Вокзал алаңына қойылған Жаңа жылдық үлкен шырша түрлі түсті шамдарын тағынып, қырауытып тұр екен...

Мәскеуден оралған соң үшінші күні Өртұлға жұмысқа шыққан. Бас редактор: «Ә, москвич, қалай, ат-көліктерің аман ба? Мәскеу орнында ма екен? Леонид Ильичке барып сәлем бере алдың ба?» – деп орынбасарымен әзілдей амандасты. «Леонид Ильич сізге мына бір сәлемдемені беріп жіберіп еді», – деп Өртұлға да ойнақы раймен оған автоқалам ұсынды. Редактор ықыластана алып: «Уай, көп жаса, рахмет! Мынаның қаламұшы алтыннан сау ма өзі?!» – деп орынбасарының қолын қайта алып, құшырлана қысты. Оны-мұны аз-кем сөйлескеннен кейін: «Ореке, бүгін... ә, жоқ, бүгін

жұмыста боламын, ал ертең ертерек шығып, Талдықорғанға барып қайтуым қажет болып тұр, бір шаруамен. Мұнда енді өзін барсың, мен алаңдамайтын болдым», – деді.

Түскі тамақты өздерінің асханасында бірге ішкен Өртұлға, Жақан, Әсет үшеуі Өртұлғаның кабинетінде әңгімелесіп отырған. Жоспар бойынша газеттің келесі айдағы бір санын «Әдебиет және ана тілі» деп атаған тақырыпқа арнамақты, бүгін соның нобайын жасап, авторларын белгілеулері керек. Жауапкершілік тізгіні Өртұлғада. Ол ой-пікірін сабақтауға кіріскен. Сол әредікте бас редактордың қабылдау бөлмесіндегі қыз есікті ашып қарап: «Жақан аға, Әсет аға, екеуіңізді бас редактор шақырады», – деді. Шақырылған екеуі әуелі біріне-бірі қарады, сонсоң Өртұлғаға қарасып, орындарынан тұра берді. Қарастарында: «Бөліп-жарып, атап шақырғаны несі?» – дегендей үнсіз сұрақ бар еді. «Босаған соң келерсіңдер, мынаны тиянақтап тасталық», – деді орынбасар, алдындағы жазбаларына үңілген қалпы.

Әлден соң Өртұлғаның есігі тағы ашылып, бас редактор кіре берді. Бұрылып қараған орынбасар жымия түрегеліп: «Е, маған Сәкеннің өзі...» – деді де, сөзі үзіліп, анық танданып, бөгеліп қалды. Бөлмеге редакция қызметкерлері барынша кірді. Өңдері сынық, қабақтары салыңқы. Қайсыбірінің көзінде жас іркіліп тұр. Өртұлғаның жүрегі тулап кетті.

– О не?! Ауылдан... – деді, сөзі тағы үзіліп.

Бас редактор жанына келіп, көзін әрең көтеріп, кемсеңдеп қарады:

– Ореке... айналайын, берік бол... жаңа маған техникумның директоры кім... Манасов... Ізекен телефон соқты... Айкеңнен айырылып қалыппыз! – деп Өртұлғаны құшақтай алып, солқылдап жылап жіберді.

– Не дейт?! – деп еріксіз ышқына айқайлап қалған Өртұлға оқыс лап еткен от-жалыннан қорғанғандай екі қолымен бет алдын көлегейлей шалқия берді. Бөлме зарлы үнге толып, аударылып бара жатты...

Дел-сал жаншылып, діңкесі құрып, тырп етуге шамасы қалмаған Өртұлға бетін жапқан шашын қос қолдап қайыра басын көтеріп,

бұлдырап тұрған бөлменің қарауытқан о тұс, бұ тұсына діңкелеп қарап отырып:

– Не болды?! Айкем қайда?! Айтыңдаршы!.. – деп күбірледі. Өзін иығынан құшақтаған әлдекім:

– Айкең... техникумның... техникумның қасында... автобус қағып кетіп... – деп қыстыға мүдіріп қалды.

– Айкем! Айкем-а-а-ай!!!

1995 жыл.

ТАҚИЯ

Телефон тұтқасын ашасына абдыраған әлпетпен асыға қоя салған Рахым сыртқа тұра жүгірді. Оның соңынан ілесе шыққан толықша денелі қыз жігіттің қобалжулы жүзіне жауандай қарап, өз-өзінен қызарқтап: – Тіпті ыңғайсыз-ақ болды бұл. Не істесем екен, аңқау басым. Ұят болды маған. Сене қалғанымды қарашы. Қайдан білейін енді, өзі тәп-тәуір жігіт сияқты еді, – дей береді.

Рахым олған «қойыңызшы өзі» дегісі келгендей бір сәт ала көзбен қарады да, ештеңе демей, теріс айналып тұрды. Максим Горький көшесін қиып өтетін Киров көшесі жаққа әлдекімді іздегендей мойын соза қарайды ол. Ал қыз күбір-күбір: – Арсыз екен өзі. Тіпті ондай деп ойлағаным жоқ. Сендім ғой оған, кім білген өйтетінін. Ұят болды бұл. Әй, аңқау басым! Шіркін-ай, арсызын-ай, ә! Тфу!

– Сонша бүлінгеніңіз не? – деді Рахым оған бұрылып, күлімсіреп. – Қойыңыз, шаршамаңыз енді. Велосипедін ұрлатқан мен де сабыр сақтап тұрмын ғой. Табылады, қайда кетеді.

– Иә, иә, табылады. Бірақ... әне милиция! Мен куәмін.

Бұлар тұстарына тоқтай қалған милиция машинасына ұмтылысты. «Москвичтен» шыққан орта бойлы, қара торы өңді лейтенант тиісті тәртіппен сәлемдесіп, жымия қарады Рахымға: – Иә, жігітім, талтүсте велосипедтен айырылып тұрсыз ба?

– Солай болғаны. Мына комсомол комитетінде бюрода отырып, қайта шықсам, – жоқ. Анау босағада тұрған. Бір жігіт мініп алып, «Восток» кинотеатры жаққа кетті, дейді.

– Кім?

– Мен, деді қыз, таңдайы тақ ете сөйлеп. – Мен көрдім. Студенткамын, аты-жөнім – Фарида Хуснитдинова.

– Баптап, реттеп айтыңызшы, – деді лейтенант.

Фарида көрген-білгенін баяндап берді. Комсомол комитетінде істейтін жолдас қызында бір шаруасы болған соң сағат 3 мөлшерінде осында келген. Мұнда бюро екен. Нұсқаушылар бөлмесінде әңгімелесіп жарты сағаттай отырды да, далаға шықты ол. Сыртта жүре тұрмақ болатын. Көшеде ары-бері өткен автомашиналарға карап 4-5 минутты өткізді. Одан соң өкшелері тротуарды тықылдата шертіп ерсілі-қарсылы кеткен қыз-келіншектердің аяқ киімдеріне, көйлектеріне, шаштарына қызыға да сынай қарады. Бір сәтте желке тұсынан шыққандай болған дауыстан селт етіп, кілт бұрылды. Екі-үш күміс тісі жалтырай күлімсіреген жігіт тұр жанында.

– Шошып қалдыңыз ғой, қарындас. Сыбырлап-ақ сәлемдесіп едім.

Жігітті бастан-аяқ шолған Фарида тіл қатқан жоқ. Өз жайымен тұра берді. Бейтаныс жігіт оның қарсы алдына шықты да: – Көңілсіз екенсіз, қарындас. Жүріңіз, ана велосипедпен біраз қыдыртып келейін, – деп қуақыланды.

– Рахмет. Көрінген жігіттің көлігіне мінер шамам жоқ.

– Солай ма? Ендеше ғафу етіңіз. Мазаңызды алмаймын.

Жігіт бас ие қоштасып, босағада сүйеулі велосипедті жолға шығарды. Оның оң қолы мойнына асулы болатын, қолының басы аппақ дәкемен таңылған.

– Жалғыз қолмен жүріп андағыны қайтетін едіңіз, ыңғайсыз емес пе? – деп қалды Фарида, аяқ астынан аяушылық білдіріп.

– Көрінген жанға құрғақ қамқорлық жасап қайтесіз, – деді жігіт, қырыс жауап қайтарып. Велосипедке лып етіп мініп, зырлатып жөнелді.

Осыдан кейін және жарты сағаттай уақыт өткенде кеңседен шыққан Рахым сан соқты. Ары жүгіріп, бері жүгіріп, қайта келді, милицияға хабарлады. Дабылға жеткен лейтенант оқиға жайын тәптіштеп айтқан қыздан ұрының кескін-кейпін, киім сипатының қандай екенін сұрады. Естігені: басында ескілеу тақия, қызыл

шырайлы сары жігіт, күміс тістері бар, оң қолы кемтар. Үстінде пенжақ па, желбегей қалың көйлек пе, әйтеуір, аңғармапты. Ал аяғында... ол да есінде қалмапты Фариданың.

Сағат кешкі 6 кезі. Кеңсеге оралған Солтанханға бөлім бастығы майор: – Аблакетка участогінде күдікті біреу ұсталды, велосипедті. Машина жіберілген, келіп те қалатын болды. Өзің реттей тұр. Басқамыз кешірек қайтатын шығармыз, – деп тапсырма беріп кетті.

Бөлмеде Константин екеуі ғана қалды. Солтанхан да, Константин де – қылмыстыларды іздеу бөлімінің оперативті өкілдері, екеуі де лейтенант. Әрқайсысы өз шаруасымен шұғылданып, әлдебір қағаздарды оқып, бірдеңелерді теріп жазып отыр. Тым-тырыс сәт көпке созылған жоқ. Ішке жебей басып енген кіші сержант – ұзын бойлы жігіт даурыға сөйлеп: – Екі езуі жиналмайтын бір жайдарманды жеткіздім. Сірә, Солтанхан осы сенің бағанағы велосипедшің болмағай өзі, – деп әзілдеді. Сыры мәлім жолдасы Мұхиттың мұнысына Солтанхан: – Әкеліп көрсетіп, көрімдік алмаймысың енді, – деді.

Ішке енгізілген жігіттің көзі күлімдеп, езуі жайылып, екі күміс тісі жылтырап тұр. Тап бір той үстіне келіп қалған адамдай жайнаң-жайнаң. Екі лейтенантқа кезек-кезек қарап, «е, сендер мұнда екенсіңдер ғой», деп іштей қуанышта сияқты.

– Отырыңыз мынаған, – деді Солтанхан оған, өзінің қарсы алдындағы орындықты нұсқап.

– Ал сіз боссыз, жолдас кіші сержант, бара беріңіз.

Солтанхан тергеуге кірісті. Күміс тістінің кім екенін, не жұмыс істейтінін, номерсіз велосипедпен неге қыдырып жүргенін сұрады. Күміс тісті көңілі көнши, ықыластана жауап қайтарды. Паспорты жанында, тек оған қайда істейтіні жайлы белгі соғылмаған. Өзі «ағаш зауытында тақтай тілушімін» деп отыр. Директорға немесе кадрлар бөліміне телефон соғып біліңіздер, егер сенбесеңіздер» деп қояды. Рас айта ма? Ұры ма, жоқ па? Велосипедінің маркасы келеді, бірақ номерсіз. Өзінің күміс тістері келеді, бірақ оң қолы сап-сау. Сонда кім? Не істеу керек?

Сұрақты тыйған Солтанхан жігіт жауаптарын жазып, басқа бір қағаздарды оқып отырып алды. Үзіліс, үнсіздік күміс тістіге қандай

әсер етерін байқау керек. Мұндайда кейбіреулердің біраздан соң тағаты таусылып, тергеушімен ілінісе бастайды. Тергеушіні ашуландырып, адастырғысы келеді. Енді біреулер сазарып, сыр бермеуге барынша тырысады. Бұл қайтер екен? Екі лейтенант та көз қараспен ұғынысып, екі жақтап елеусіз ғана бақылап қояды тақтай тілгішті. Ол болса, езуін жия бастады. Солтанханға үлкен қоңыр көзін жиі тастайды. Әлден соң жан-жағына, бөлме ішіндегі оны-мұныға қарады. Артына бұрылып, Константинге көз қадады. Осы тұста оның қысқалау қоңыр бұйра шашының желке етегі белдеулеген бас киімге қалыптасып қалғанын байқап үлгірді Солтанхан.

– Шашыңыз әдемі екен.

Жігіт жалт бұрылды. Шашын тарағысы келіп, пенжағының төс қалтасынан тарақ іздеді. Константин: – Мінекиіңіз, қажет болса, – деп тарақ ұсынды ту сыртынан. Солтанхан: – Оқасы жоқ, тақияңызды алуыңызға рұқсат, – деді. Күміс тісті екеуіне жалт-жұлт қарап, зорлана күлімсіреді. Сезік шалған жайы бар. Бастырмалатып көру керек. Сезігі тегін емес.

– Киіңіз тақияңызды, киіңіз, – деді Солтанхан.

– Қайдағы... қай тақия?!

– Сәл ескілеу шығар, одан қымсынбай-ақ киіп отыруыңызға болады.

– Менде ескісі де, жаңасы да жоқ! Мен білмеймін ештеңені!

– Оң қолыңызды шандыған ақ дәкенің де қайда екенін білмейсіз бе?

– Мен білмеймін ештеңені! Білмеймін! Мынау нағыз мазақ! Мазақ! Жалақорлық! Мен бұған төзбеймін!

– «Шошып қалдыңыз ғой, қарындас. Сыбырлап-ақ сәлемдесіп едім» – деді Солтанхан.

– Мен саған қарындасты көрсетемін!

– «Көңілсіз екенсіз, қарындас. Жүріңіз, ана велосипедпен біраз қыдыртып келейін».

– Мен саған велосипедті көрсетемін!

– «Солай ма? Ендеше, ғафу етіңіз. Мазаңызды алмаймын».

Фаридаға өзі айтқан сөздері енді өзіне қайтарылған соң ұрының

мысы жаси бастады. Көзін бірте-бірте төмендетіп, мүлгіп қалды ол.

- Сонымен, тақия қайда? Велосипедтің номері ше?
- Бәрін... бәрін айтып беремін.

ТӨРТ ХАТ

– Апа, пошташы тәтем мінеки хат әкеп берді, ашайын ба? – деген немересі Бақытгүлге жалт қараған Жаңыл:

– Аша ғой, балапаным, аш, әлде ағаннан шығар, аш! – деп абдырай сөйлеп, немересіне екі қолын бірдей созып: – Келе ғой, оқи ғой! – деді. Ол жаңа жамап отырған, алдында жатқан қоңыр ала белдемшесін оң жағына ысыра салған-ды. Бақытгүл баусыз бәтеңкесін аяғын сілке шешіп тастап, апасының алдына отыра бере:

– Ағатайымнан емес, ағатайымның хаты үш бұрышты болмай ма, ал мынау Алматыдан келіпті, Қабдырахманова деп жазыпты, – деді, конвертті мұқият аша бастап.

– Қабдырахман дейді?!

– Жазған кісінің фамилиясы – Қабдырахманова.

– Пәмилесі болса да бәрібір таныс емес, біздің Қабдырахман деген туысымыз жоқ, жарайды, оқышы, әлде Хамзаянымның жолдастарының біреуі шығар, Алматыда жолдастары бар еді... құлынымның.

– Апа, оқиын ба? – деді Бақытгүл.

– Оқы, балапаным, оқы! – деп Жаңыл немересін бауырына тартыңқырап, бұрымынан сипап-сипап, орайынан құшырлана иіскеді.

– Жазуы әдемі екен, қағазы да әппақ, – деген Бақытгүл хатты оқуға кірісті:

«Құрметті апай! Дені-қарыңыз сау ма? Бақытгүл... – немересі апасына жалт қарап: – Мені біледі екен! Қайдан біледі? – деді, қуанған үнмен.

– Айттым ғой, құлынымның жолдастарының біреуі жазды

дедім ғой! Оқышы, оқышы, балапаным! – деді Жаңыл немересінің төбесінен тағы иіскеп.

– ... Бақытгүл сау-сәлемет пе? Сабағын жақсы оқып жүр ме? Апай, сіздің атыңызды атауға ыңғайсызданып отырмын. Хамза маған сіз туралы айтса да, өзім көрмеген соң, таныс болмаған соң атай алмаймын, ол үшін, апатай, маған ренжімегейсіз. Менің атым – Асыл. Алматыда тұрамын, қалалық комсомол комитетінде қызмет істеймін. Апа, Хамза сізді, Бақытгүлді есіне үнемі алып жүреді екен, маған хат жазған сайын сіздің жағдайыңызға алаңдайтынын айтатын. «Қыс қалай болды екен? Бір сиыр мен екі қойына шөп түсіріп беретін, қысқы отынын дайындап беретін Тоқан да әскерге алынған шығар, қарайласатын жігіттер қалмауға айналды-ау!» – депті соңғы хатында. Бақытгүлге жаздырған екі хатыңыздан кейін ешқандай хабар-ошар болмағанын айтып еді. Мен: «Көп алаңдай берме, уайымдама, ел іші емес пе, ептеп тіршілік етер, сен жауды жеңіп, аман-есен оралсаң болды, бәрі оналады, – деп алдарқатып хат жазғанмын. Апа, денсаушылығыңыз қалай? Аяғыңыз ауырады деп еді, емделе алып жүрсіз бе? Дәрігерлер не дейді? Қазақы ем жасайтын білгірлер бар болса, соларға да көрініңіз, әйтеуір, біреуінен шипасы болып қалар. Бақытгүл төртінші сыныпта оқиды ғой, менің бұл хатымды да сізге сол балапаныңыз оқып беретін болар, Бақытгүл, солай ма?.. – Апа, менің төртінші сыныпта оқитынымды да, ағатайымнан келген хатты да, мына хатты да мен оқып беретінімді, сонсоң сенің мені «балапаным» дейтініңді де біледі екен? Қайдан біледі?! – деп тағы көңілдене жалт қараған немересі апасының үн-түнсіз жылап отырғанын көріп, қалт аңырып қалды.

– Балапаным, оқи бер, оқи ғой... – деп күбірлей сөйлеген Жаңыл көзін алақанымен ақырын сүртіп: – Асыл апайың бәрін біледі екен, иә, ә, менің сені «балапаным» дейтінімді де біледі екен, көрдің ғой, тегі Хамзажаным айтқан да. Оқи бер, оқы, – деді.

– ... Апаңның қолғанаты сен екенсің, өте жақсы, айналайын, жақсы болып өс. Сабағыңа мұқият бол. Кітап, дәптер, қарындаштарың бар ма, жеткілікті ме? Кластарыңда неше шәкірт оқисындар? Мұғалімдеріңнің аты-жөні кім? Мектептерің, үйлерің

жылы ма? Ауылда ағайын-туыстарың бар ма, апаңа көмектесіп жүре ме? Соның бәрін ағатайыңа да, маған да жазып тұр, Бақытгүл, жарай ма? Ағатайыңнан хат келіп тұр ма? Одан хат келген сайын сен жауап жаз. Поштаның конверті керек емесін білесің ғой, ағатайыңның өзінше үш бұрыштап жіберсең болды, өзің де сөйтіп жүрген шығарсың, иә?.. Құрметті апай, кішкентай Бақытгүл, осымен хатымды аяқтайын. Сіздерге денсаушылық тілеймін. Апай, күтініп жүріңіз. Көктем келді ғой, күн жылынар. Хамза да есен-сау келетін күн алыс болмас. Жау каншалықты құтырынса да, біздің Қызыл армияны жеңе алмайды. Хамзалар ертең-ақ жеңіспен оралады! Хош-сау болыңыздар! Бақытгүл, сенен жауап күтемін, тезірек жаз, жарай ма? Асыл Қабдырахманова. 16 март, 1943 жыл. Алматы».

Бақытгүл еңсесін жазып, апасына қарады. Жаңыл көзін орамалының ұшымен құрғатып, немересінің қолынан хатты алып, үнсіз үніліп отырды да, мұрнына ақырын ғана тақап, иіскеп-иіскеп, кемседеп: «Құлындарым-ай, құлындарым-ай!» – деп дауыстап жылап жіберді. Бақытгүл шошынып, бауырына тығыла құшақтай алып:

– Апа! Апа! Жыламашы! Сен жыласаң, мен де жылаймын! – деп шыр етті.

– Қайтейін-ай!.. Бәрімізді шырылдатты ғой қу соғыс, сұм пәшес, көрінде өкіргір Китлер!.. Әй, көрінде өкірерсің, сен кәпір!.. Жылама, балапаным, жылама... мен енді жыламаймын... ағатайыңды сағынған соң қайтейін! – Жаңыл немересін бауырына басып, екі бетінен кезек сүйіп: – Жыламайық, балапаным, құдай жылағаннан сақтасын. Тұра ғой, дәптерің мен сияңды әкел, Асыл апайыңа хат жазайық, сенен жауап хат күтетінін айтыпты, жазайық, көп тостырмайық. Ол да қайбір жетісіп жүр дейсің, сезіп отырмын ғой, сезіп отырмын, ууһ, заман-ай! – деді.

Бақытгүл шағын дөңгелек үстелді әкеп қойды. Төңкерме шыны сиясауытын, қаламсабы мен дәптерін әкеліп, жайланып отырып, апасына қарады. Жаңыл қолындағы хатты үстелге төсеп, алақанымен біреп сипады да, немересіне басын изеп:

– Жақсылап жаз, балапаным, қате жібермей жаз. Ағатайың

былтыр күзде келген соңғы хатында саған: «Бәкентай, хатында үш кате жүр, оның қалай?» – демеді ме, Асыл апайыңа қатесіз жазатын бол. Мені де асықтырмай отыр, балапаным, жарай ма?

– Жарайды.

– Ал, кәне, жазайық.

Жаңыл, құдды суретке түсетіндей-ақ, бас орамалын түзеп, көнетоз қамзолының іркілмелерін сипай жазып, тозыңқы сарғыш көйлегінің етегін дізесіне тартыңқырап, үстелді шынтақтай отырды. Кең мандайына тереңдеп түскен екі сызық әдейілеп жарыстырып қойғандай. Жазық қабағындағы сәл иіліңкі қоюша кара қасы суреттегідей көркем. Қыр мұрнының ұшы әнтек қусырыңқы – иесінің атжақты ақ құба жүзіне жарасып, ширақ мінезділікті меңзегендей. Жаңыл қой көзін немересінің дәптеріне жібере қоңыр үнмен сөз бастады:

«Айналайын Асыл, көрмеген балам, сенен хат алып, Хамзажанымнан хат алғандай қуанып, төбем көкке жеткендей болдым, көп жаса, айналайын! Таныс емеспін ғой депсің, солай десең де, таныстан артық жазып, хал-жағдайымызды сұрапсың, өте риза болдым, Бақытгүл сіңлің де қатты қуанып, міне, Асыл апайым мені біледі екен деп, мұның да төбесі көкке жетті. Балапанымның оқуы жақсы, тәртібі де жақсы, менің қолғанатым ғой, бұл болмаса, маған тіпті қиын болатын еді. Жағдайымыз жаман емес, «көппен көрген ұлы той» дегендей. Пронттағылардың жағдайын айтсаңшы, Хамзажан құлыным мен оның жолдастары не күйде жүргенін ойлағанда ұйықтай алмай шығамын, әйтеуір, соғысты бітіріп, аман-сау келсе екен! Ауылда кемпір-шал, шиедтей балалар ғана қалдық, ептеп күн өткізіп жүрміз. Қолқоз анда-санда қарайласып қояды, оларға өкпеміз жоқ, қайтсін енді. Қыс қатты болды, шөбіміз жетпейтін болған соң, қойдың біреуін сойып алдық, біреуін ұнға, шайға айырбастадым. Екеуі де қысыр қалып еді, соным дұрыс болды деп ойлаймын. Жалғыз сиыр да жетер, Бақытгүл сіңлің екеуімізге. Айналайын Асыл, балам, өзің қалайсың? Қызметің ауыр емес пе? Әке-шешең, туған-туысқандарың қайда тұрады, білмесем де, саушылықтарына тілектеспін, көп-көп сәлем айт! Хамзажаным жалғыз еді, сенен хат келген соң, құлынымның жалғыз емес екенін

түсініп, құдайға шүкір деп қуанып отырмын. Хамзажаным айтқан шығар, жалғыз немере ағасы – мына Бақытгүл сіңліңнің әкесі Дәнияр осыдан бес жыл бұрын қайтыс болды, келінім басқа ауылда тұрады, басы жас қой, бөгемедім, батамды бердім, Бақытгүлді бауырымда қалдырды, көп жасасын, бақыты жансын! Айналайын балам, бізге келіп қайтсаңшы! Көрейін, танысайық, білісейік, тілегіміз бір ғой, Хамзажаным келгенше бірімізге-біріміз сүйеніш бола жүрейік. Қаражат жағына қиналсаң, айналайын, оны айт, ұялма, хат жаз, жалғыз сиырды сатсам да, жолыңа жетерлік ақша жіберейін, біз ел ішіндеміз ғой, ештеңе етпейді, ол жағын ойлама, айналайын! Сөйт, күн жылынған соң отпүскеңді алып, бізге келіп, аунап-қунап қайт, балам. Хамзажанымыздан хат келмегелі төрт ай болды, неге екенін білмеймін, хат жазуға уақыты болмай жүр ме, әлде ауырып-сырқап қалды ма, құдай-ау, аман болса екен деп тілеуін тілеп жүрміз ғой, Бақытгүлің екеуіміз, бәріміз. Иншалла, тілегіміз қабыл болар, айналайын. Келіп қайт, жарай ма? Біз тосамыз, қашан келетінінді бұрынырақ хабарла, жарай ма? Көруге асығып, Бақытгүлге айтып хат жаздырушы шешең – мен Жаңыл деп біл, балам! Хош-сау бол, аман бол, айналайын...».

Апасы үнсіз отырып қалған соң, аз-маз кідірген немересі дәптерден басын көтеріп:

– Жазып болдық па? – деп апасына қарап еді, апасы екі алақанын жайып, ернін жыбырлатып отыр екен. Үйренісінше Бақытгүл де екі алақанын жайды. Көзінен жас домалап-домалап кеткен апасы бетін сипады. Бақытгүл іштей: «Ағатайым соғыстан аман келсе екен!» – деп, әрқашанғы тілегін қайталай бір мәрте, сонсоң: «Асыл апайым да келсе екен!» – деп және тілей екінші мәрте сипады бетін.

– Балапаным, бүгін кеш болып қалды, ертең мектебіңнен қайтып келе жатқаныңда поштадағы Айша тәтеңе барып, андағы хатыңды Асыл апайыңа салып жібер, сөйте ғой, балапаным, тезірек барсын. Сен сабағыңды қара, мен көже пісірейін, уақыт шіркін зулап өтіп жатыр-ақ. Е, тәңірім, түздегі Хамзажаным мен Асылжаным, үйдегі балапаным екеуімізге өзің бас-көз бола көр, ебеп-жебеп жүре көр! – деп бетін тағы бір сипап, орнынан жайлап тұрды.

Бақытгүл апасы былтыр тігіп берген мата сөмкесінен кітап,

дәптер, сызғыш алып, сабағын әзірлеуге кірісті. Сөмкесіне қайта үңіліп, түбін сипалай іздеп, қарындаштың тұқылын шығарды да, апасына бұрылып:

– Апа, мына қарындашым тіпті жазбай қойды, – деді.

– Тасқарындаш деген пәле шықты ғой, балапаным, не істе дейсің маған? Айтпақшы, Асыл тәтеңе «маған жұмсақ қарындаш ала келіңізі!» – деп жазып жібер, ала келер, Алматыда бар шығар.

– Ұят болмай ма?

– Несі ұят? Өзіңнің апайың ғой, ренжи қоймас.

– Жарайды, жазайын, мені біледі ғой, – деген бала көңілінде өзін сонау Алматыдағы апайы білетінін мақтаныш еткен, қуанышқа бөлеген пәк ыстық сезім шалқуы бары жылы да таза үнінен анық аңғарылды. Хатты алдына қайтадан қойып, соңына дереу қосымша жаза бастаған немересіне елжірей қараған Жаңыл: «Қуанған құйтақандай жүрегіңнен айналайын!» – деп күбірледі.

– Апа, маған бірдеңе дедің бе?

– Тоңып қалма, балапаным, астыңа құрақ көрпені төсеп отыршы!

– Тоңбаймын, неге тоңам?

«Құлыным тоңбады ма екен... ол жақ та – ақ қар, көк мұз болған шығар...» – деп іштей уайым етіп күрсінген қайран ана соқпапеш алдына барып, бір дізерлей отырып, іште қалаулы сары қидың тамызығына шырпы шақты.

...Асыл кеңседен кеш шыққан. Қарбалас жұмыстың қол байлауы көп. Күнара еріксіз бөгеледі. Ол үшін қиналады, үй ішінен ыңғайсызданады. Үйдегі кәрі-жас, обалы кәні, ренжіп көрген емес, сенімсіздік оймен оғаш сөз айтқан емес. Ержеткен екі ұлын майданға аттандырған шаңырақтағы қарт пен кәрияның, жасөспірім ұл-қыздардың бәрінің де көңілі жарадар. Біріне-бірі неге алакөз болсын. Тіршіліктің тең ортақ ауыртпалығын, көңілдің тең ортақ уайымын үнсіз бөлісіп, ойды қабақтан, сөзді ерін емеурінінен тани жүргендеріне тоғызыншы ай. Екі майдангердің үлкені – Рақыштан анда-санда хат келіп тұр, аман екен, әйтеуір. Ал кішісі – Қажырдың хаты тиылғалы бес айдан асып барады, ішке ұялаған уайымды үдетіп, үрейге ұластыра бастады-ау!.. Күлкісі азайған Асылдың ұйқысы да шамалы. Атжақты ашаң ақ құба

жүзіндегі қызғылт шырайынан ада болғалы үшінші жыл. Қажыр әскери міндетін өтеуге аттанған күні үйірілген үрейді: «Екі жыл деген не, дені-қары сау болсыншы, ертең-ақ қайтып келеді», – деп серпіп еді, ол екі жыл біте соғыс басталды да, көңіл көгіндегі сұрқай бұлт қошқылданып, зілденіп алған. Енді күн санап қарауытып, қалыңдап, ұлғайып барады. Ешқандай саңылау қалдырмастай...

Түн ортасы. Аядай бөлме төрінде сығылыса қатарласып жеті кісі жатыр. Оң жақ іргедегі жіңішке темір кереует бос. Ол Асылдікі. Ал Асыл кереуеттің аяқ жағындағы бұрышқа қойылған тапал төртпақ орындықтағы кәресін шамның алдында хат жазып отыр. Шам жарығын ұйқыдағыларға түсірмес дағдысы да, оларды ту сыртымен көлегейлеген. Білектей қос бұрымы арқасынан жарыса құлап, ұштары еденде жатыр.

Хат ұзақ болған жоқ. Тез тәмәмдаған Асыл екі алақаны мен бетін баса бүгіліп, иығы дір-дір етті. Сәлден соң еңсесін жазыңқырап, көзін ұзын жең ұшымен ақырын сүртіп, жарты минөт шамасы үнсіз отырды да, қайта еңкейіп, хатын іштей оқыды. Ақ қағаз бетіне көшірген сыры мынау еді:

«Ардақты апай! Хатыңызды алдым. Аман-есен екеніңізді біліп, қуанып қалдым. Бақытгүлдің жазуы сұлу екен, оқуы да жақсы деп ойлаймын. Бақытгүл, сен өте жақсы оқы, сонда өміріңнің жолы жеңіл болады, ертең майданнан жеңіспен оралатын ағатайыңды да қуантатын боласың. Саған жұмсақ қарындаш таба алсам, поштамен салып жіберемін. Өзім бара алмаспын, жұмыс көп, босатпайды.

Құрметті апатай, шақырғаныңызға көп-көп рахмет айтамын. Бізде шынында жұмыс тым қауырт, азаматтар майданға кетіп, мұндағы шаруаның бәрі бізге жүктелді ғой, бір жылғы тиесілі отпускемізді қай айда беретінін де білмейміз, мен былтырғы отпускемді де әлі алған жоқпын. Сондықтан, апатай, мені әзірше күтпеңіз.

Апатай, мен бірінші хатымда өзімді таныстырмаппын, ол үшін ренжімегейсіз, астан-кестен тіршілікте кейде бәрі есте бола да бермейді ғой. Ертеңді-кеш екі қолымыз – жұмыста, екі көзіміз – пошташыда, екі құлағымыз – радионың дауысында болатын қиын заманға ұшырадық, ақырының қайырлы болуын тілеп жүреміз де.

Мен Қажырдан гөрі Хамзадан хатты жиі алатын едім, Қажыр хат жазуға еріншектеу, ол Хамза жазған хаттың соңына кейде: «Мына ақын дос бәрін айтты, менің алып-қосарым жоқ. Сау болыңдар!» – деп қол қоя салатын. Ал Хамза хатты көбінесе өлеңмен жазады, ол – шынында ақын, елге жеңіспен есен-сау оралған соң бүкіл Қазақстан білетін үлкен ақын болары сөзсіз. Хамзаның келген тойына барар күн туса, өлеңдерін өзіңізге оқып беремін, Қажыр екеуінің хаттарын, бірге түскен фотоларын сақтап жүрмін. Екеуі дос. Соғыстың алғашқы айында кездесіп, достасыпты. Қажыр әскерге сіздердің Павлодардан алынды, біз сонда екі жыл қызмет істегенбіз. Тағдырдың жазуын қараңызшы, екеуін Павлодар емес, майдан табыстырды. Апатай, Қажыр деп отырғаным – менің күйеуім, біз қосылғалы бес жыл. Біз Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданынанбыз.

Апатай, Хамза мен Қажырдан хат келмегелі бес айдан асқан соң, не істерімді білмей, Сізге хат жазуды жөн көріп едім, Хамза ұқыпты ғой, үйіне хат келіп тұрған шығар, Бақытгүлге хат жаздырғаныңызда Қажырдың жағдайын сұрай салыңызшы деп Сізге өтініш айтпақшы едім, бірінші хатым дұрыс бара ма, жоқ па деп оны ашып жазбап едім. Енді хат Сізге келсе де, маған келсе де, екеуінің амандығын айтып тезірек хабарласайық!

Бақытгүл екеуіңізге денсаушылық тілеймін! Хамза мен Қажыр жеңіспен оралатын күн жақын болса екен!

Апатай, менің ата-енем, қайныларым мен қайынсіңлілерім Сізге дұғай-дұғай сәлем жолдап, тағдыр сіздер мен біздерді жеңіс тойында қауыштырсын! – деген тілектерін айтып отыр.

Хат жазушы – сіңліңіз Асыл. 8. IV. 1943 ж.»

Асыл жиырма екі күннен кейін Павлодардан хат алып, қуана ашып, пошта жәшігіне сүйене қалып оқыды да, сілейіп тұрып қалды. Мұң шалып жүрген көзінен ытқыған мөлдір жас қырмұрнының екі капталымен сорғалай жөнелді. Салдырап түскен оң қолындағы хатта: «Қадірлі Асыл! Хамзадан қарақағаз келіп, Жаңыл апайымыз төсек тартып жатып қалғалы он бес күн болды. Сіздің күйеуіңіздің елге аман оралуына барлығымыз тілектеспіз! Нағима», – деген төрт сөйлем бар еді...

2002 жыл.

ТӘУЕКЕЛ

Жаз күні. Күндіз дабыл ұрып жататын Өскемен, міне, тып-тыныш. Ауа тұнып, қаланы қызу еңбектен кейінгі ұйқы жылы құшағына алған. Мынау Жоғарғы пристаньде күні бойы әртүрлі машиналар ара-тұра ақыра зулап өтіп, Ертісте кемелер дауыстап, ерекше сән болады ғой. Ал кәзір бұл пристань де маужыраған қалыпта.

Пролетар көшесін бойлап, асықпай аяндап келе жатқан екеу осы жайларды сөз етеді, тамашалайды. Бұл екеу – ерлі-зайыпты Тұрған мен Ғайния. Тілектері табысқан, армандары астасқан, өмірлері өзектескен, жуықта сырт бейнелері біріне-бірі қарама-қайшы. Орта бойлы, толықша денелі Ғайния күйеуінің иығынан ғана. Жіңішкелігінен тым-тым ұзын көрінетін Тұрған жоғарыдан төмен қарап, келіншігіне әрнені бір әңгімелейді.

– Көшеде бізден басқа жан көрінбейді, шырт ұйқыда жатыр-ау жұрт, ә? – дейді ол. Сөйтіп қол сағатына үңіледі де, таңырқай түсіп сөзін жалғайды. – Сағат 2-ден кетіп барады екен ғой.

– Иә, көп отырдық әлгі үйде. Мәрсенін тәуір жігіт не деймін өзі, Тұраш? – дейді Ғайния.

– Ол екеуміз бала жастан бірге өстік дедім емес пе жақсы жігіт. Оныншы класты бітіріп, оқуға кетті, сегіз жылдан кейін кездескеніміз бүгін. Түк өзгермепті. Сол кішіпейіл, аңқылдағае Мәрсен.

Бұлар көшенің басына шығып, темір жолдан өтті де, одан арғы қараңқы көшеге түсті.

– Түні де күндізгідей жайнап тұрған Өскеменнің пристаньдегі осы бір көшелеріне электр жете алмай жатқанын айтсаңшы – деп Ғайния күйеуінің қолтығына тығылыңқыран түсті.

Тұрған келіншегін қағытып қойды.

– Сырықтай күйеуінің жанында келе жатып та қорқады екен-ау кісі деген. Бала кезде оқып едік қой, «сиыр сүйер баласын торпағым деп, қараңқыға баспайтын қорқағым деп» деген-ді. Сенің торпақ болғанын, ә?

Осы сәтте алдыңғы жақта маңқ-маңқ етіп ит үлді. Іле-шала «ұйықтай берсеңші, сорлы саққұлақ» деп қарлыға сыбырлаған үн

естілді. Тырс еткен дыбыс жоқта бұл үн ап-анық жетті. Тұрған мен Ғайния тоқтай қалысты. Енді құрғақ жолдың қиыршылық тастарын тырс-тырс сырғыта жебей басқан аяқ дабыры келді құлаққа. Тұрған келіншегін қолынан тарта тайқып, көшенің сол жағындағы қорған түбін сағалады.

– Үн шығара көрме, – деп сыбырлады оған.

– Неге? Жүре берейік те, – дейді Ғайния, дауысы сәл дірілдей шығып.

– Кәзір, кәзір, кішкене шыда.

Аяқ дабыры жақындай түсті. Міне, айсыз түн қараңқысында көлбең еткен екі бейне көзге шалынды. Ендіге басқан екеу Тұрғандар отырған тұстан ілезде өтіп кетті. Екеуінің де қолдарында қараңдаған аумақты-аумақты бірденелер бар. Екінің бірі – зор бітісті, бірі – жатаған бойлы.

– Мыналардың жүрісі суыт, тегін емес.

– Қойшы, жоқтан сезіктенбей. Жүр, кетейік, – деген келіншегін иығынан құшақтай тұрды да:

– Сен тоса тұр мені, анау жарық жерге дейін бақылап барып келейін, – деді Тұрған.

– Ал, бұзықтар болса қайтпексің? – Ғайнияның үнінде белгісіз бір үрей сыңайы байқалды.

– Онда ұстаймыз. Сен қорықпа, жаным, ештеңе етпеймін, – деп өткендердің соңынан ұмтыла берген Тұрған қайта бұрылды. Қалт тұрып қалған Ғайнияны құшағына ала аймалап:

– Үйге бір-ақ көше қалды ғой, өзің бара ғой енді. Түк жаманшылықа жорыма, көп кешікпей қайтамын, – деп кете берді.

– Қаруың да жоқ жаныңда...

– Көп кешікпеймін, жаным.

«Әлгілерден адасып қалмасам жарар еді» деп ойлап, барынша адымдай басты Тұрған. Сезіліп қалмау үшін сақтанады. Баста сан алуан ой ойнақтап, күдіктісі-күдіксізі аралас сұрақтар көкейге құйылып келеді. «Бұлар кім болды?», «Түн қатқан неткен жандар?», «Егер ұрылар болса ше?», «Бізге ұқсап қонақтан тым кеш қайтқандар шығар?», «Бозбалалар ма екен?», «Ал қолдарындағысы не десеңші?».

Әне, екеуі темір жолмен жарыса жатқан жарық көшеге шықты. Ұзын бойлының қолында екі чемодан, аласада – біреу, бірақ екінші білегіне әлде не іліп алған. Олар сәл аялдап, көшенің бас-аяғына қарап алды да, солға бұрыла жөнелді. Біраздан соң таудың қашалған етегімен кететін темір жолды жиектеп тартты. Аблакетқаға бет бұрғандары байқалды.

«Не істеу керек? Мыналар – ұрылар. Көпірдің күзетшісіне барсам ба?» Тұрған қалтасын қарап еді, документтері бағана киім ауысты. «Формасыз жүрген маған күзетші сене қоймас, өтірік айтасың деп шатақ шығаруы да мүмкін». Шарасы таусыла бастаған Тұрғанды «ұрыларды құтқарма?» деген өктем ой ширатып жіберді.

– Тәуекел!

Түнде жортқан екеудің соңына түскен жігіт еңкейе жүгіріп, екі темір жолды да кесіп өтті. Пролетар көшесінің басындағы автобус аялдмасының алдымен барып, Аблакетқаға қасқайған асфальт жолмен тартты. Көпірдің астынан өтетін еңісте сәл тоқтап, алдыңғы жағын шолды. Ана екеу өрдің тан жотасында, автобус тоқтайтын жерде тұр. Тұрған жайымен келе жатқан бейкүнә адам болып, асықпай аяңдауды жөн көрді. Ондағы ойы – өрепкіген көңілді, ары-бері алып қашқан ойды тоқтату. «Ұрылар ма, жоқ па? Әй, таза емес, таза емес қой. Қарулары болып қапылыста қастық істеп жүрсе ше? Менен сезіктенсе, оны да істеулері мүмкін. Неде болса – тәуекел?».

– Сәлем, жігіттер! – деді Тұрған немқұрайдылау үнмен, шаршаған сыңай аңғартып. Келген жағына және қарап қойды. – Машина атаулы мүлдем құрыған екен, біреуі көрінсеші тіпті.

– Жұмаққа кешігіп келемісің? Бұрқырамай жайыңа кете берсеңші, – деп алпамсадайы қыр-қыр етті.

Екеудің ұзын бойлы зоры орыс та, аласасы қазақ. Үш чемоданды қатар қойыпты, үстінде сулық па, бірдеңе жатыр. Жандарындағы бағана басының электр шамы бұлардың әлпеттерін әжептәуір айқын көрсетіп берді. Тұрған тани кетті: орыс – «Сұлу», дәл өзі. Үй тонайтын ұрылардың арасында «Сұлу» деген айдарлы атымен әйгілі Шалдыбин. Бұдан екі ай бұрын тұтқындар колониясынан қашып, ғайып болған-ды. Милиция органдарына таратылған кеуде

суреттерінің бірімен Тұрған танысқан. Участок бастығы капитан мұның кім екені айтып берген. «Міне, дәл өзі. «Сұлу» десе сұлу, келбетті-ақ ит», деп қойды Тұрған ішінен. Қазақты танымады, «жаңа мүше» болса керек.

– Қалай бет алдыңдар, жігіттер?

– Бес минуттан кейін келетін парходқа отырамыз, – деді қазақ, мысқыл уытын шашып.

Тұрған бұл мысқылға «оңтайыма келгеніңде тіліңді жиып ала алмастай етермін, қуым», деп ойша ғана жауап қайырды. Ештеңе сезбеген бола берді:

– О! Сағат 3. Қайдағыбір қыздармен байланысып, бар уақытты сандалумен өткіздім. Ештеңе етпес бірақ, ертең жексенбі ғой.

– Неткен ертең, бүгін, – деп «Сұлу» шырт түкіріп қойды да, шылым тұтаты.

Ертіс бойының тыныштығын машина гуілі болар-болмас бұзып жіберді. Аблакетка жақтан зырлап келеді екен. Жақындап та қалды, жүк машинасы, үсті жабық. Бұлардың тұсына жете тоқтады. Чемодандар машина қорабына ытқытылып, «Сұлу» мен серігі кабинаға сүнгіді. Бұл әредікте, олар шофермен тіл қатысқан жоқ. «Келісіп алғандар болды. Енді қайту керек?» Машина қозғала бергенде Тұрған оң жақ есігіне ұмтылды. Есікті ашып қалып:

– Бір папирос беріп кетіндерші, – деді.

Ортада отырған «Сұлу» жаңа тұтатқан папиросын ұстата салып, есікті тарс жапты. Тұрған темекі тартпайтын, тек шофердің өңін елеусіз түрде байқау үшін сылтау еткені еді, бірақ үлгірмеді.

Пролетар көшесін құлдай біраз жүрген машина Канавная, одан соң Пионер көшелеріне түсіп, сәлден кейін тағы бұрылды. Бет алысы – Бабкин диірмені жақ. Бір сағаттай уақыт өткенде төбе бауырындағы тарлау, қараңқы көшеде машина тоқтады.

– Осы көшенің жыра-шұңқыры машинадан бұрын өзінді қаусатады, – деп шофер рульге шынтақтай қисайып, «Сұлуға» қарады.

– Қалай бұлданғаныңмен литрден артық дәмепе. Оны да базардан кейін, – деді «Сұлу».

Кабинада сәл үнсіздік орнады. Шофер түзеліп отырды да, жасқаншақ дауыспен:

« – Васька, тым болмаса жартыға жеткізіп..., – дей беріп еді, Васькасы оны сөйлетпеді:

– Айтқан уақыттан кешігіп келгенің үшін бермеймін. Құдай сақтағанда бағанағы бір қаңғыбастан басқа ешкім жолықпады. Егер әлгі «ағаларыңның» біреуі кездесе ше? Құритын едік қой. Солай, сүйіктім, аман бола тұр.

Екі ұры кабинадан шығып, олжаларын түсіріп алды. Машина одан ары жөнep кетті.

– Жолдың шетімен жүрейік, – деді «Сұлу» серігіне сыбырлап. – Сонымен, «Жүйірім», жылмағайладық, ә?

– Өйтпегенде ше!

Көлденең көшеге жеткенде бұлар тоқтап, тың тыңдады. Маңай тым-тырыс. Бұрышты айналып, оң жақта шашырай орналасқан екі-үш үйден өткен соң үш чемоданды алып Шалдыбин қалды. «Жүйірік» жебей басып қараңқыға жұтылып кетті. «Сұлу» жан-жағына қарап-қарап қойды да, чемоданның біріне отырды. Бірдеңе дыбыр еткендей болды. Артына жалт бұрылды, бүк түсе сылқ құлап та кетті.

«Сұлу» қырынан сұлқ жатыр. Аузы әлденемен тығындаулы, қолы байлаулы. Мұны істеген Тұрған еді. Бағана темекі сұрап алған соң қалып қалғандай болды да, жөнелген машинаға лып етіп отырып алды. Қорабында екеудің «еншісінен» басқа ештеңе жоқ екен. Әуелгі әзірде машинадан түсіп қалғысы, жақын участоктың бірінен қуғын ұйымдастыруды ойлады. «Әлде көзжазып қаламыз ба, қай қақпаға сүнгіп кетерін кім білсін». Өртүрлі ой мазалап, ақыры ұялағаны: «Адасып қалсақ – абырой болмас. Тәуекел! Көріп алдым енді».

Сөйтіп, Тұрған кете барды. Машина тоқтауға ыңғайланғанда ептеп сусып, жасырынып үлгірді. Содан кейін соңына түсті түн жамылған екеудің. Күтпеген жерде «Сұлудың» жеке қалғанын көрісімен батыл шешім жасады. Ытқып кеп ұрыны жықты. Әріптестерінен артық бір тәсіл бар еді бұл милиционер жігітте. Онысы – қысылшаңда қаскөйді оң алақанының қырымен мойнына,

шықшыттан ұру. Қандай зорыңның өзін талдырып жібереді. «Лейтенант Сегізбаевтың алақанының қыры күректің қырынан кем емес», деп қалжындайды ол қызмет істейтін участкағағылар.

Шалажансар Шалдыбин есін жинай алатын емес әлі. «Мынау туламай жатқанда келгей әлгі біреусі», деп асыға күтті Тұрған. «Жүйрік» те онша кешіккен жоқ.

– «Бұлбұл» тосып отыр екен, – деп сыбырлай, жұмсақ жүгіре жетті. Әзірленіп, оңтайланып отырған ер жігіт оған қарсы атылып, ә дегенше оны сол жақ шықшыттан тартып өтті. Бұл адам да бүгіліп, бұралып барып шекесімен жер сүзді.

Арам пиғыл қос ұры осылай тұтылды.

Өскемен, 1964 ж.

НЕ ДЕЙДІ-АУ?!

Мәрсен көршісіне де, қалалық әкімдікке де ренжіген жоқ. Әйтеуір, біреуге ренжігісі келгендей күй кешіп еді, енді: «не ол емес, бұл емес, менің де күнім күн емес» деп, іштей абайшалап отыр. Көршісіне аузын ашып еді:

– Мәке-ау, мен биылғы еңбек демалысымды осы мына едені бар болғыр үшін алған жоқпын ба, қашанғы шыдайын! – деді көршісі.

Рас онысы, қашанғы шыдасын. Оның төрт бөлмесінің тақтайы түгел «ойбайлап», балалы-шағалы, кемпір-шалды жетеуінің жүйкесіи жеп бітіруге айналғанын Мәрсен біледі. Өзі де үйінің еденімен істес болған: екі бөлменің ырсиып-ырсиып кеткен тақтайларын ырқыма көндіріп беріндерші деп тұрғын үй басқармасына ауызша алты рет, жазбаша жеті рет жалынып, «асыл арманына» қолын әрең жеткізген.

Бір күні үй басқармасының мықтылары қасқиып қамал бұзардай асай-мүсейлерін арқалап келіп, екі бөлменің тақтайын төрт ай бойы төпелеп, әншейіндегі ақ самай Мәрсенді кәдімгі төбел тазға айналдырған. Соны көрген "көршісі үй басқармасына бармақ» ниетінен айнып, өзінің екі қолына жалынып, «оркестр-еденіне» азаннан ақшамға дейін өзі «дирижер» болып жүр. Зәндемге кеткен

шегелерді зареніретіп суырады, байғұс тақтайларын бажылдатып үстіріктейді, сонсоң қанқақсатып қиоластырып, шырқыратып қайтадан шегелейді. Екінші қабаттағы бұл қасап тірлік бірінші қабаттағы Мәрсеннің қанын сұйылта бастады. Сол халін ресми мәлімдей барып: «Бір жазба жұмысымды тез тәмәмдау керек болып, үйде тып-тыныш отырып тындырып тастауға ақы-пұлсыз екі апта мұрсат сұрап алып едім, кеңседе тіпті мүмкіндік жоқ...» деген шарифатты шағымына көршісінің не жауап ұстатқанын естідіңіздер.

Ал қалалық әкімдіктің де жазығы жоқ. «Әйтеуір беретін пәтерлеріңізді маған ең үстіңгі қабаттан берсеңіздер екен, қырқыншы қабат болса да. Жазба жұмыстан күндіз-түні бас көтермейтін пеңдемін, төбем жынойнақ болып жатпаса жарар еді!» деп жөнін айта барғанында қалалық әкімдікте мұрындарынан шаншылып отырғандардың тым құрыса біреуі «обал-ай!» демеді, қайта: «Ей, мырза, ерікпегін! Біздің құлағымызға да тыныштық керек, этаж тандап ерікпеңдер, басымызды ауыртпаңдар, ұқтыңдар ма?! Егер пәтер ұнамаса, оны айтыңдар!» деп, Мәрсеннің бетін келген жағына қаратып жіберді.

Ерікпеуге тиіс Мәрсен енді сыртқа шықты. Мәдениет және демалыс паркіне барып, таза ауада біраз сейілдеп, ертең де керек жекеменшік жүйкесін желдетіп оралмақшы.

Қоңыр күз шуағына бөленген көшеде қарбалас қауырт екен. Өне, жәшігіне жақпар-жақпар тас толтырып алған дәу көкқасқа мәшине жарық дүниені жат қылып дарылдап кетіп барады. Оның қаһарынан, шын бар-ау, жол жиегіндегі қара талдар да қалтырап тұрған тәрізді.

Көк қасқа дәудін сәлемі сап бола берген сәтте аспаннан қаңылтыр жауа жөнелгендей жәйт болды. Шошына тіксінген Мәрсеннің тұсынан қып-қызыл мотоциклді езулеген қып-қызыл бөрікті біреу құйғытып өте берді; дауыс құмықтырғышы қайда қалғаны беймәлім мотоциклдің шарылы жалпақ қаланы жаңғырықтырып бара жатыр. «Қызыл шөңкені төбесіне төңкеріп алып, жын қуғандай қағынуын қарашы!» деп али күбірлеген Мәрсен мотоциклшінің соңынан басын шайқап тұр.

– Басыңызды шайқамақ тұрғай, жұлып алып лақтырсаңыз да, ол бұрылып қарай қоймас, – деді қарсы беттен еңкейдеп келе жатқан, маңдайын әжім басқан әйел. Өзі де, басын бір шайқап, өтіп кетті.

Мәрсен автобустың аялдамаға келіп қалғанын аңғарып, аяғын жебей басты. Қырықаяқша бүкіл бауыры жыбыр-жыбыр етіп, белі қайысып, қоңыр «Икарус» жетті. Көше жақ бүйірінен қап-қара түтінді бұрқ-бұрқ бүркеді. «Мынау өзін жасап шығарған заводының түтінін түгел жұтып алып келген бе?!» деп ойлады Мәрсен.

«Икарус» о жері сытырлап, бұ жері бытырлап, орнынан созалаңдай қозғалды. Ыңырана жылжып, шұқыр-шұқанақтан салдырлай солқылдап өтіп, аялдамаларға ысылдап-ысылдап кідіріп,, сонсоң баяғы әніне қайта салып, әлдебір заманда парк алдына жетіп тоқтады. Есік ашылып, Мәрсен жерге түсе бергенде, «сен тұра тұр, мен өтіп кетейін!» дегендей-ақ, сигналын сарнатқан бір сап-сары такси «Волга» жанай өте шықты. Мәрсенмен қатар түскен жолаушылардың бірі:

– Бұлар оң мен солға қарамайтын да болды. Оқыралаған сиыр сияқты. Бір күні жүрек қабымды жарар бұлар! – деп әжептәуір кейіді.

Паркте кісі сирек екен. Оның есесіне радио торабына теңдік тиіпті-ақ: дүйкіл ме, сұңқыл ма, дарыл ма, шарыл ма, тас жару ма, тау бұзу ма... не керек, таскеренге де астапыралланы айтқызатын дабыл-дауылы бұрқап тұр...

– Тораптың бастығы таңертең базарға кетіпті, содан әлі келмепті, анаусының жағын қарыстыратын жан жок, – деді қыдырыс жолына түскен жапырақтарды жинастырып жүрген домалақ шал, жанынан өте берген Мәрсенге радиодан асыра айғайлай сөйлеп: – Тынығуға келген болсаң, шырағым, анау түкпір жаққа бар! – деп сыпырғышын шошайта жөн сілтеді.

Радионың дүмпуі түкпірге де жетіп жатыр. Бірақ, қалай дегенмен, біраз бәсен, бұқаның өкіргенінің жанындағы бұзаудың мөңірегеніндей ғана. Соған шүкірлік еткен Мәрсен жалғыз жігіт отырған ұзынша орындықтың бір шетіне жайғасты.

– Жігітім, анау радиолары қай тілде солқылдап тұр? – деді бейтанысы оған жымия қарап.

– Білмедім. Сәлеметсіз бе?

– Есен-саусыз ба?.. Ол ма, ол – шет елдің құрап-сұрап құтырықтатуға құмар композиторсымақтарының бірдеңесі. 120 – 130 децибелге тең даңғаза шу. Оны бүгін кешке денін тыңдасаңыз, мысалы, ертең таңертең төсегіңізден шала саңырау болып тұрасыз. Оллаһи! Кейбір хайуандар мен жануарлар 150 – 160 децибел шуға тап болса, айналасы 4-5 сағаттың ішінде жарық дүниемен қоштасын кете барады.

– Сұмдық екен!.. Децибел деп отырғаныңыз немене?

– Ол – шудың халықаралық өлшемі. Мысалы, мына сөйлесіп отырғандағы дауысымыздың несі.... қаттылығы 30 децибелге тең. Мөлшермен. Ал қала көшелеріндегі шудың күштілігі 60 децибелден, заводтағы станок шуы 70 децибелден аспауы керек, бірақ олар 80 – 90 децибелден асып жатады. Бақылау жоқ. Ал әлгі желөкпе балалар, немесе спортшылар арқыратып мініп жүрген мотоциклдің дауысы 120 децибелге жетеді. Ол дегеніңіз – жұрттың жүйкесін кеміретін кесепаттың бірі!.. 50 – 60 децибелден асқан шудың бәрі денсаулыққа зиян. Ал бұ шудың фон деп аталатын, әлгі децибелмен орайлас өлшемі де бар. Мысалы: мынау жапырақтардың сыбдыры 10 фон мөлшері. Автомобиль моторының кабинада отырған сізге естілетін дауысы 35 пен 55 фон арасы. Трамвайдың салдыры 70 фонға, жүк машинасының дені дұрыс жүргендегі дауысы 90 фонға тен. Егер сіз 90 фон шуда 7 – 8 сағат бойы жұмыс істесеңіз, онда көзіңіздің көру қабілеті 25 процент кемиді.

– Е, онда шоферлар шетінен соқыр болып қалмай қалай жүр? – деп таңданды Мәрсен, бейтаныс жігіттің қитығына тимек тентек ниетпен.

Бейтаныс білгішінің мұрны теріс бұрылыңқырап, өзінің дауысы қыстығыңқырап шықты:

– Сіз қызық екенсіз! Сіз, немене, шофер дем алмайды, көзі қалыбына келмейді дейсіз бе?

– Ә, солай екен ғой.

Бейтаныс енді Мәрсенге бағжия қарай қалып:

– Францияда, Жапонияда, Аргентинада, Бразилияда, тағы басқа да толып жатқан елдерде қаланың шуын күндіз-түні бақылайтын ғылыми институттар бар. Завод пен фабриканың, тағы басқаларының шуын тексеретіндерін былай қойғанда. Сіз оны білесіз бе? – деді.

– Білмеймін, – деді Мәрсен. Оның үнінен: «мен қояйын, бадырағым, сен де қойғынды» аңғаруға болатын еді. Ал бейтанысының жымысынан: «сендердің білмейтіндерің көп қойды» ұғу қиын емес-ті. Әрқайсысымыздың бойымызда бір-бір жылан бар емес пе, арбаспай қайтіп жүрейік?!

Мәрсеннің көршісі «арбасуын» соза түсті:

– Францияда, мысалы: поезда, автобуста, метрода, көшеде, ресторанда, пляжда, демалыс үйінде, мынадай паркте – барлық жерде, қылаяғы әлгі жұдырықтай ғана транзисторды сөйлетуге де тиым салынған!

– Не дейді...

– Швейцарияда машинаңның есігін сарт еткізіп қатты жапсаң да дереу айып салады!

– Не дейді...

– Онда машинаңды мөлшерден артық гүрілдетіп келе жатсаң, бәрібір құрыдым дей бер!

– Ұшақты ше?

– Ұшақтың шуын бақылау тіпті қатаң, бірақ оны жөнге салу әзірше қиын ғой. Мынадай бір қызық болыпты: бір заводта ұшақтың реактивті двигателін сынаған кезде оның жанында ұмыт қалып қойған темір шелек шудың күшінен мүлде үгітіліп кетіпті!

– Мұныңыз қызық емес, сұмдық қой! – деді Мәрсен, тентек ниетін тежеуге көшіп.

Мерейі үстем боларын сезген бейтанысы ұпайын арттыра түсті:

– Нью-Йорктың Кеннеди әуежайынан түнгі ұшақтарға үйреншікті күндізгі маршруттарындағыша тұрғын үйлердің үстімен ұшуға рұхсат жоқ. Олар іргедегі өзеннің үстімен ұшып барып-барып, содан кейін күндізгі маршрут жолдарына тез көтеріліп кетуге тиісті.

– Не дейді...

– Түнгі шу күндізгі шудан ең аз дегенде 10 децибел кем болуы керек, әйтпесе... ол...

– Бейқам жатқаныңда басып кірген жаумен бірдей десеңіші?!

– О, міне, дұрыс! Шудың адамға жау екені рас. Көзге көрінбейтін жау ол. Сондықтан осыдан пәлен жыл бұрын Еуропада шуға қарсы күрес жүргізетін ғылыми-зерттеу мекемелері ұйымдастырыла бастады. Оны атақты дәрігерлер, инженерлер, заңгерлер, акустика мамандары талап етті. Сөйтіп, ақырында, 1959-жылы, Шуға қарсы күресетін халықаралық ассоциация құрылды. Қазіргі кезде шудың адам организмiне әсерiн зерттейтiн, аудиология деп аталатын ғылым бар.

– Ол не дейдi?

– Ол айтады: адам – қапшық, ал даңғаза шу – құм десек, қапшыққа құмды нығарлап сала берсе, қапшық байғұстың күні не болады дейдi.

– Әлгi ассоциацияңыз не бiтiрiп жүр?!

– О, ол көп шаруа бiтiрiп жүр. Жылара дүниежүзілік конгресс өткiзедi, өзіне мүше елдерде шуға қарсы күрестiң жаңадан қандай тәсілдерi табылып жатқанын жария етедi. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымымен ғылыми тығыз байланыста. Ел-елде комиссиялары бар.

– Ондай комиссия бiзде, Қазақстанда бар ма?

– Бізде ме?.. Е, бiздiң жүйкемiз әлi тоза қойған жоқ қой...

«ФАЗЫЛДЫҢ ДАУЫСЫ ҒОЙ?!»

Қыңыр қалжыңға құмар Рахым: – Бас-аяғы дұрыс басқа бір мамандық бұйырмағандай, қайдан ғана хирург болғансың, жігітім? Ішек-қарынды, бүйрек-бүйенді ақтарғанда алтын табуды армандайсың ба? – деп Фазылға күлімсірей қарады.

Фазыл әуелде жалт етіп қадала қалған үлкен қоңыр көзін Рахымның дәл бұл жерде сыр суыртпас жүзінен жай ғана сырғытып әкетті. Ұзын кірпігінің ұлпа түбіне әлсіз діріл үйіріліп, ашық қабақты кең маңдайын жұқалаң қызғылт рең бір сәтке сипап өтті.

Күтпеген құлаққа кенет құйылып, шыңылтыр аяздай шымшып түскен әзілдің астарын аңдауға ұмтылған ой толқынының белгісі еді бұл. Алқынды толқынның ағындап кетуіне ақыл бөгет қойып үлгіргендей. Кемеріне келтіріп алып, кері жөңкілтіп жібергендей. Әбіл үндемеді. «Сумаң сұрақ. Сиқырлы сұрақ. Сұрғылт сұрақ. Сыр тарта алармысың сен бірақ. Ойыны болсаң да, ойындағысы болсаң да!

Хирург жігіт аппақ халатының төс қалтасынан ұшы сүйір көк қарындаш алып, дізесінде жатқан газеттің жиегіне сурет салуға кірісті. Рахым болса, сұрағына қайтарылар жауапты бәз сабырмен күтулі еді. Сом денелі, тобылғы торы өңді мұның қыңыр қалжыңы қалтарыссыз, кірбеңсіз көңілден шыққан болатын. Хирург мамандығының жақсы екенін ол білмейді емес. Тек, әйелдерге лайық, нәзік, жеңіл күйбеңді кәсіп деп түсінетіні рас.

– Таксист бол дейсің бе, әлде?

Хирург жігіттің бұл қарсы сұрағына енді ол да жауап ұстатпады. Мырс етіп күлді де қойды. «Алпамсадай жігіттің қала ішінде шауып жүретін таксист болғаны жараспайды-ақ. «Волганы» бүлдіршіндей қыз-келіншектер жүйткітіп отырса, міне, сәні сонда ғой. Еркек екенсің, ауыр жұмысқа бар, рульсіз отыра алмасаң, – анау жүк машинасын жүргіз», деп осында жатқан бір шофермен тағы таласқаны бар-ды өзінің. Әбіл соны еске түсіріп отыр.

– Мынау не? – Фазыл салған суретін қарындашымен нұсқады.

– Гүл ғой.

– Гүлдің қай түрі?

– Қай түрі дейсің бе... раушан шығар...

– Жок, жігітім, жок. Раушанның да бірнеше түрі бар. Ал, мынау басқа.

«Түн аруы» деп аталады бұл, өйткені: түнде ғана шешек атып, түнде ғана түрленеді.

– Солай ма?...

– Солай, Раха, солай. Гүлдің тым болмаса төрт-бес түрін білмеген соң, хирург жанын түсінемін дей көрме.

– Фазыл Құрманғалиевич, бесінші палатаға жүріңізші, – деді сол сәтте бөлмеге енген медбике.

– Раха, сен де палатана бар. Сұрағыңа жауап берген сияқтымын ба, қалай өзі, ойланып көрші.

* * *

... Аурухана. Палата. Алты төсек. Біреуі бос. Оны «соқыр ішегін сойдырғандардың төсегі» деседі. Ол келуінен кетуі тез, көбінесе соқыр ішек сырқатымен әкелінгендерге арналған. Әйтеуір, бұл төсектің иесі әрбір апта сайын жаңарып жатады. Қалған бесеуінде – «тұрақтылар». Олар бір айдан аса уақыт болған соң операция жасатады, бұдан кейін және бір ай шамасы дәрігердің күнделікті бақылауында. «Тұрақтыларды» «өкпесі тозғандар» деп те атайды. Сырқат жайы соншалықты сескенішті емес. Жұқпалы делінетіндер жағына жатпайды. Бронхоэктаз.

– Машинаның тозған бөлшегін ауыстыра салушы едік, – дейді Володя, өз кәсібін қолпаштай сөйлеп, – хирургтер өйтетін емес қой, оң жақ өкпенді түгел алып тастаймыз дегеннен танбайды, жаңалап беру былай, тұрсын.

– Сен сияқты дәудің өкпесін жаңалау үшін анау Лида киіп жүрген халаттың етегіндей дүние, керек шығар, егер шақ келсе ол, – деп қағытады Ермек.

– Екеуіңе иттің өкпесін салып берсе ғой, – дейді Рахым. – Уәй деген, тілді сала құлаш шығарып жіберіп, ырсылдап, шауып кеп жүрер едіңдер. Бір күні біздің кірпіш заводының ауласына келе қалсаңдар сонда. Өздеріңді ұстап алып, құйрықтарыңа бір-бір кірпіш байлап жіберер едім!

Оғаштығы аз ортақ әзіл ортақ күлкі тудырады әрқашан. Жігіттер бұлайша өзара әзілдесіп, бірін-бірі іреп-сойып жөнелгенде Гена күле тыңдап отырады әдетте. Жас мөлшері бұлардан көп кіші болған соң ортақ әзілге әуестігі аз. Оқта-текте қайсыбірін сәл қолдап қойғаны болмаса, тек тыңдаушы, тамашалаушы. Міне, көзінің төңірегіне күлкі табы үйіріліп, келесі қалжың-қағытпаны күтіп қалған. Бүркіт қабақ, орақ мұрын Володя, үлкен көкшіл көзі жалт етіп, тағы бірденені тіл ұшына ыңғайлап әкеле берген еді, – болмады: палатаға дәрігер Әбіл енді. Жанында медбике Лида.

Әбіл – жас хирург. Алматыда институт бітіріп, Москвада екі жыл білім жетілдіріп қайтқан. Бағана бөлім меңгерушісі Мариям

Ивановна екеуі келіп, сырқаттардың хал-жайын көріп-біліп кеткен.

– Катюнин, Дүйсенов! Екеуіңе екі күннен кейін операция жасаймын. Әке-шеше мен әйелдеріңе айтыңдар, келсін, сөйлесейік. Сендерді операцияға мына Лида әзірлейді, қырандар. Не айтасыңдар! Келісеміз бе?

– Мен бірінші болайын! – деді Ермек.

– Жоқ, маған алдымен жасаңыздар! – деді Володя.

Бұлары – басқаның ауыр операциядан кейінгі аянышты халіне өздерінше сау куә болғылары келмей, қайткенде алдымен құтылып алуды ойлағандық. Дәрігерлер қаншалықты кәміл сендіргенмен, «ертең-ақ оңалып кетесіңдер» дегенмен, жүрек шіркін істің ақыры қалай боларын болжай алмай әуреленеді емес пе. Әрине, жаманшылыққа жорымайды, жақсылықты тілейді-ақ. Әйткенмен, кеуденің сонау түкпірінде «әлде қайтем» деген бір шөкім күдік жатады. Пендешіліктің күдігі ғой. Ол «әлде қайтемнің» кейде өршіп, дабылдап кетері де, кейде сөніп, дамылдап бітері де бар. Бұл – дәрігердің беделіне, ауру адамның мінез-құлқына және ерік күшінің шама-шарқына байланысты жай.

Рахым болса, ол операцияның оңды нәтижемен аяқталарына біршамашүбәсіз сенеді. Тек бір өкініш ұялай береді көңілге. Қараңғы түнде көрінген жетім оттай өкініш. Телміріп, тесіле сығалап, көңіл терезесін тық-тық шертіп, тыншымайды, тыншытпайды әйтеуір. Рахым балалық шағын бейқамдық базарында, жігіттік шағын желауыз жеңгейлерінің желіктірмесінде өткізіп алған, білімге бейімделмеген бодаусыз жан еді. Бота көзді кездеспей, бақа көзді менсінбей, қыр мен ойды шарлаған көбелектей ұшып-қонғыштап кеткен-ді.

Өмірінің ес білгеннен бергісі құйын-жел ала қашқан бірер уыс топырақтай екеніне өкінеді Рахым. Кәзіргі жасы да ендігі қалған жолының үштен бірі шығар. Мүмкін. Тоқсанға жетер болса құба-құп, кәзіргі отызды оның үштен бірі дейтін. Салмағы ауыр сырқат елу-алпысты да көпсінбесіне кім кепіл.

Осындай ой толқыны ұрғанда Рахымның көңілі алабұртып кетеді. «Қанша өмірімді рәсуә еткенмін. Неткен ойсыздық еді», – деп іштей налиды ол. Күні кеше өзімен бірге барып, мектеп

есігін қатар ашқан, жетінші класты бұл бітірмей кетіп қалғанда, ол оқуын онан әрі жалғастырған Дәлелхан қайда кәзір? Дәлелхан – энергетик, ғылым кандидаты. Рәбиға ше? Институтта оқытушы. Сәлім ше? Совхозда агроном... Бәрі де ә дегеннен дұрыс бағыт, түзу жол таба білді. Тиіп-қашпай оқып, тиянақты тұғырға қонды. Жақсы атақтары жұрт аузында. Тел құрбың мен өз араңның жер мен көктей екенін көргенінде көз қайтіп кібіртіктемесін, көңіл қайтіп қажалмасын, тіл қайтіп мүдірмесін. Қымбат өмірдің қадірін кетіріп, көлеңкелі күйбіңге, көріксіз күлкіге, шарап шашырандысына, қызыл кеңірдектеген карта қызуына бой ұрғаннан не шықты.

Солай, Рахым. Биыл жасың отызды орап өтіп барады. Жұмысшы санына қосылғаныңа бір-ақ жыл. Коллектив құрметінен әлі сыбаға алуға жараған жоқсың. Отбасы шаңырағын көтеріп санатқа қосылғаның да жуықта.

Көз алдындағы Рахымның хал-ахуалын ептеп білетін дәрігер Әбіл оның соңғы кезде көп-көп толғанып қалатынын байқаған. Сыр тартпақ ниетпен әлденеше рет сөз талшықтамақ болған. Өмір туралы, денсаулық туралы, жігіт жасы туралы сөйлескен. Бірақ ешбір әңгіме шықпай жүр. Немесе Рахым жуымай, қатты қалжың ұсынып кетеді. Немесе Әбілдің өзінде кең уақыт болмай қалады. Бір бөлімде сегіз палата, төрт дәрігер. Жұмыс бастан асып жатады үнемі. Рахымның кеудесіне нендей бір кірбеңдік жібі оралып жатқанын сезгенмен, соны суыртпақтап кері төгудің сәті түспей келеді. Бірақ, бүгін мына:

– Катюнин, Дүйсенов! Екеуіңе екі күннен кейін операция жасаймыз. Әке-шеше мен әйелдеріңе айтындар, келсін, сөйлесейік., – деп көңілденіп келгенінде бір сыр бардай. Сөзін Рахымның төсегіне отыра бере аяқтап еді.

– Иә, жігітім, сенің жағдайың қалай? Не айтарың бар? – деді ол Рахымға.

– Жағдайым жақсы. Дәл кәзір космосқа ұшырса да мейлі.

– О, мынауың – нағыз мықтының сөзі.

– Бұл қу біледі, Әбіл Ғалиевич, күніне бір укол алғанша космосқа қашып кеткісі-ақ келіп жүр, – деп Володя шымшып қалды.

– Космосқа барсам сендерді ойға да алмас едім.
– Қайта түспей қойып жүрерсің?
– Түсем, түсем. Оны уайымдама ешқайсың. Бірақ сендерден аулақ осы. «Қызды ауыл, қайдасың?» деп қыдырып кетер едім.
– Барғанда құр қол емес, тым болмаса бір шоқ гүл ұстай барғайсың. Онда да көрінгеннің қолына ілігетін раушаннан емес, – деді Әбіл, анау бір күнгі әңгімеге тағы оралып, – ең әдемісінен, ең хош иістісінен апару керек.
– Осы сен тым-ақ гүлжанды екенсің. Үйдегі құрбының аты гүлбірдене емес пе? – деп Рахым да әзілге әзіл қосты.
– Гүл деген жақсы ғой, шіркін, – деді Ермек.
– Өкпеңді алдырып тастап, гүл иіскеп отырсаң, – деп Володя тағы қалжың шетін қылтитты.
– Гүлді сүйгенің – өмірді сүйгенің, тіршілікті қадірлей білгенің, табиғаттан ләззәт татқаның. Гүлді сүйген – оны көктей үзіп иіскемейді, көріп көз құмарын қандырады, көңіліне егеді. Өмірді сүйген – қуанып туғанмен жылатып өледі. Тіршілікті сүйген – телміріп күнелтпейді, тегеуірінді күшін танытып өтеді. Осылай тәрізді, – деген Әбіл қол сағатына көз жүгірте тұрды орнынан. – Уақыт шіркін зырлап барады екен...

* * *

...Уақыт шіркін! Ешқайсысың уақыттан жәрдем күтпегейсің. Сыпылдаған секунд минутты санап, мазасыз минут сағатты санап өткізіп, сағат тәулікті тәптіштеп, аптаға, айға, жылға білек артып, тоқтаусыз жол тартып жортып кете барады. Рахым мұны сезіп жүр, көріп жүр... Володя мен Ермекке операция жасалғаны кеше сияқты еді, оған да бір жарым апта болып қалыпты-ау. Екеуінің де жағдайы жақсы. Назарбектің халі қалай болады? Оған дәл қазір операция жасалып жатыр. Бір жарым сағат өтті. Ендігі кезекте Рахым. Ертең емес, одан арғы күні. Әлде қайтеді... Әлде қайтеді... Бар үміт, бар сенім, бар күш – жүрек. «Жүрегіңнің жұмысында мін жоқ, танктей тегеуірінді», деді емес пе дәрігерлер. Ендеше, ешбір күдік болмасыншы!

Көңілінде күдік пен сенім семсерлесіп, ақырында күдіктің сағын сындырған сенімнің ұзақ әлдіі Рахымды ұйқыға шомдырған

еді. Ол күнде түскі тамақтанудан кейінгі тыныштық сәтінде тез-ақ ұйықтайтын. Бүгін біртүрлі мазасызданып, ұзақ жатты да, көңіліне сенім әбден ұялағаннан кейін ғана тыншыды. Қалжырап барып қатты ұйықтаған реті бар. Кезекші медбике әрең оятып, қолтығына термометр қоюға ыңғайланды.

– Түк өзгеріс жоқ. 36,6 деп жаза салшы соны!

Медбике ымдаған қиыс бұрышқа бас көтере қарағанда Әбілді көрді ол. Бақыттың төсегінде отыр. Дәрігердің қолында кітап. Жүзі қара күреңденіп, қабағын болар-болмас түйіңкіреген қалпы. Кітапқа көз қадаған. Қыр мұрнының ұшында әлдене түспей тұрғандай, сол қолының сұқ саусағымен бірер рет сипап қойды. Медбике шығып кетті.

Палатадағылар жым-жырт. Бәрі де ояу. Ермек екі қолын алдына салып, май мұрны мен қалың ернінің салмағынан тұқырып қалғандай. Қысық көзінің ұзын кірпігі жалп етіп жабылып, жайлап қайта көтеріледі. Қайратты ұзын шашы қаулап ілгері құлаған. Володя шалқасынан жатыр. Қолын басына жастаған. Орақ мұрнының етегі әлсін-әлсіп желп-желп. Жұқа ерні жып-жылмағай, жыбыр етпес тәрізді. Бақыт болса, ол хирургпен қатар отыр. Шалқайыңқырап, бөлменің қабырғасына арқа сүйеген. Бұйра қара шашы жасаң өң берген бет әлпетінде беймазалық байқалады. Қиық көзі бірден бірге сырғып, келте мұрынның кеуде тұсында тұрақ таппай тұр. Енді бір сәтте Әбілдің самайын, құлағын, ұстара көгертіңкіреген желкесін, шығыңқы шықшытын, кең жауырынын шарлап өтті.

– Шыңғысты жақсы көресің бе, бауырым? – деген дәрігер сұрағынан саскалақтап қалды.

– Кімді? Шыңғысты ма?.. Оны... иә, иә, жақсы көрем.

– Мен де. Екеуіміз құрбымыз және. Бірақ, ол Лениндік сыйлықтың лауреаты, ал біз... Жуықта «Известияда» «Қызыл алма» деген әңгімесі жүр. Басқа әңгімелеріндей емес, пәстеу сияқты. Шыңғыс... Айтматов де.

Хирург кітапты ашық күйінде төсекке қойып, өзі шапшаң тұрды да, есікке беттеді. Рахымға бұрылып:

– Ұмытып барады екем, жігітім, саған операцияны... енді... бір

аптадан кейін жасаймыз. Сен де дем ал, мен де шаршадым, – деп өрескелдеу жымиды да, шығып кетті.

– О не, бірдеңе болып қалған ба? – деді Рахым, маңындағыларға.

* * *

...Операция жасалғанды оңаша жатқызатын екінші палатаның алдынан ары-бері үш дүркін өткен Рахымның буын-буыны қалтырап, жүрегі жұлынып түсердей жұлқына соғып жөнелді. Есік ашып, ішке карағысы келді. Бірақ әлдебір күш өзін ары қарай тартып әкететін сияктанады. Басқа палаталардың бірсыпырасының есіктері ашық. Олардағылардың да әңгімесі бүгінгі мына Назарбектің өлімі шығар. Бұл оқиғаның оны-мұнысын ары-бері алып қашып, әжептәуір сөз етпей қалар ма көпшілік. Медбикелер бөлмесінің оң қатарындағы үстел басында біреулер отыр, әне. Шеткерірек көзәйнекті қара жігіт көршілес алтыншы палатадан. Уколдан азар да безер шошитын уайымшыл Павлов. Одан әріректе мұндағылар «сынап көз», «қотыр тіл» деп атайтын Әйтімов. Шүңірейген кішкене көзі жылт-жылт тайғанақтап, жыпылықтап тұратын, біреуді кекеп-шалып жүрмесе бойына ас батпайтын қыңыр мінезді Әйтімов екі алақанын алма-кезек жайып тастап, жанындағыға бірдеңені күбің-күбің күбірлеп отыр. Олар да екінші палата жаққа әлсін-әлсін қарайды.

Екінші палатадан дәрігерлер мен медбикелер шығып, операция бөлмесіне беттеді. Рахым оларды көз қиығымен ұзатып салды да, ойқастап жақындап, палатаның есігін ашыңқырады. Сықыр еткен есік: «сығалама!» дегендей селт еттірді оны. Бұрыннан көзге таныс биік ақ төсекте жатқан мәйіт: «асықпа!» деп айқайлап жіберердей көрінді. Қолтығына біреу мұз баса қойғандай болған Рахым есікті жаба жалт бұрылды. Далаға ұмтылды. Көзіне құйыла қалған жастың екі-үш тамшысы табалдырыққа түсіп кетті.

Көз жасы құрғап, көңілі сабасына түсіңкірегені болмаса, Рахым даладан ешбір жұбаныш таппады, іздемеді де оны. Тобылғы торы өңі күреңітіп, қою қасты қабағы кең маңдай етегінде кемерленіп, қысқа кірпікті қысық көзінің қиығы ұзара түскен. Ат жақты мол бет пішініне жарасымды дөнес мұрын ауқымындағы жұқа ернінің жиегінде жүгіріп тұрған діріл де жоқ емес.

Даладан ешбір жұбаныш таппаған соң ішке қайта оралды ол. Бағанағыдай үнсіз ыңғайсыздық байқалмайды іште. Палаталардың алдында, зал терезелерінің тұсында екеу-үшеуден әңгіме-дүкен құрғандар. Сыбыр сыры, әңгіме әліппесі – Назарбек жайы.

Палата алдынан өтіп барып қайта оралған Рахымның көзі ә дегеннен төсекке түсті. Бос төсек. Биік төсек. Үстіне жаңа ғана ажал ұялатқан төсек. Жылы денені суытып жөнелтті ғой. Соғып келген жүректі тоқтатты ғой. Ендігі күткені кім! Не тілеп тұр? Рахымның жүрегі жарақаттар құрсауға тап болғандай. Демін тарылта, бойын тоңазыта тулады. «Анау төсекке, Назарбек қалдырған суық орынға сен да жатасың, Рахым, сен де жатасың!...» деп, әлденені астарлай табалаған тәрізді ме шынымен?!

* * *

Қалың ұйқы басып барады. Күздің қою тұманы қоршап тұрғандай. Көзін ашқан сияқты, бірақ ештеңе көрмейді. Көзін ашпақ болады, бірақ қалың ұйқы басып барады. Сөйтіп жатып су сұрайды. Шілдеде шыжыған күннің бір сынығын аузына, бір сынығын кеудесіне сұғып қойған сияқты. Күйдіріп жатыр. Әлдекім аузына әлдене тамызды. Аз, тіпті аз. Күйіп тұрған кеудесіне жетпей, таңдайына, тіліне сіңіп кеткендей. «Шөлің қанды ма?» дейді бір дауыс. Алыстан естіледі. Жоқ, жақындай түсті. Тағы естілді. «Халың қалай?» Кімнің даусы? Жанында ғой өзі. Иә, дәл жанында. Таныс адамдікі. Тұмшалаған тұман – ұйытқан ұйқы сейіле бастады. «Халың қалай, Рахым?». Мархұм әкесінің: «Қайдан келдің, Ракөш?» дейтін майда қоңыр дауысындай, құлаққа жып-жылы. «Бұл... бұл... Әбілдің даусы ғой!» Көзін кең ашқысы келді. Ашты. Көз алды мұнарланып барып-барып тұна қалды. Үлкен терезе. Мөп-мөлдір. Дала. Көк бояу аспан. Күн нұры құйылып тұрған терезе алдында бір шоқ гүл. Гүл жайпап тұр. Күлімсіреген Әбіл. Рас, күлімдеп тұр. Гүлдей жайнап тұр. Рахым да күлді. Рас, күлді. Бірақ, операциядан кейінгі бұл сәтте тіршілікке құштарлық қуанышының аялы алақанында күліп қоя берген жүректің күлкісін сырқат жанның өңінен аңғару қиын еді. Оны қолында күдіретті күш, көзінде күдіретті қырағылық бар хирург жігіт қана аңғарып қалды.

1965 жс.

ТІЛЕК

Түн маужыраған ортасынан ауып барады. Кезекшілік міндетін атқарып жүрген Қадыл ұзын коридордың төріндегі шеткі палатадан шығып, дәрігерлер бөлмесіне беттеп еді. Астыңғы этажға жаңағы бір әзірде өзі жұмсаған Жәмиланың асыға басып келе жатқанын көрді де, тосып тұрып қалды оны.

– Қазір біреуді әкеледі, машина кетіпті, – деді медсестра сыбырлай сөлеп.

...«Жедел жәрдем» машинасы алып келген адамды қарап жіберген Қадылдың қойнына мұз түсіп кеткендей болды. Әуелде көзін жұмып, ыңырсып жатқан жан – 16-17 жас маңындағы жігіт енді естен танды. Сол жақ бүйірін қан жапқан. Жүрекке сұқтана сілтенген суық қол пышақ жүрек тұсынан бастап жеңіл сызат салып, барып-барып сүбеге сүңгіп, бөксере орып шыққан...

Жана қызмет орнына келгеннен бергі ең бірінші күрделі операциясы Қадыл сәтті аяқтады. Жана қызмет орны емес-ау, институтты бітіріп, хирургтік өмір жолына өз төтесінен аяқ басқан екінші айдағы алғашқы қиындығы ғой. Әрбір істің әуелгісі ауыр тиіп, «әлде қалай боладысы» қабаттас келіп, көп тәуекел керек етеді емес пе. Ал хирургтің операция атаулыны жасауға деген тәуекелі ерекше жанкештілік болмақ. Сырқаттардың қайсысын атасаңыз да, олар сырттай біртектес десек те, әрбіреуінің астары әр басқа – операция үстінде бір-біріне ұқсамайтын өршулері, өзгерулері кездеседі. Мың сан комбинациялы шахмат ойынындай шымшытырық ол. Кей жолының адамның үзіліп бара жатқан өмірін жалғауы бар да, кей жолының ырық бермей өкініш сағымына телміртіп кетері бар.

Қадыл осыны ойлап отыр. Бүгін түнде соқыр ішегі сылынған төртеудің, қолы сынып келген соңғы біреудің жайынан бұрын Термештің халін қайта-қайта есіне оралтады. Өзінің өткен түнде адам өміріне нағыз арашашы бола алғанын, пышақтың қан-жоса ізің өшіріп, ажалдың тауын шаға алғанын іштей қанағат-қуаныш тұтады. Балғын жігіттің келешек ғұмырына құныққан қаскөйге де іштей қатты кіжінеді бір уақ. «Сен, қаскөй, менің алдыма өстіп

жарақаттанып келген болсаң, өміріңді жалғамас едім, қайта өшіріп жіберер едім!» дейді. Кіжінеді де, оның адырасы сөгілген арам пиғылын іштей және әжуалайды.

Таң атты. Көк жамылғылы тау қырқасынан күлімдеп күн де көтерілді. Сан қилы қиналыстың, сан түрлі сырқаттың һәм сан салалы әңгіме-сөздің аумағын біріктіріп жатқан аурухананың шығыс жақ терезелеріне үңіле бастады күн. Ол ештеңеден хабарсыз. Қадылдың түнгі әбігерін де, Термештің жарасын да, Қадылдың қазіргі қуанышын да сезбейді ғой. Е, сұлу күн, жылуың мол болғанмен, сезіміңнің жоқтығына адамзат өкпелі де емес, жылуына жаны жадырап, жүрегі күліп риза. Термеш жатқан палатаға енген Қадыл мен Жәмиланы терезеден құйылып тұрған сәуле қарсы алды. Бірақ оның Термешке әкелген жеңілдігі жоқ еді, жігіт еңтіге дем алып, терлеп жатыр. Ернін жалай береді, «су, су!» деп сыбырлайды. Көзін кең ашып, қайта жұмды, бірдеңені күбірледі, тағы да ашты, төбеге, оңы мен солына ептеп қарады. Жанына келе берген Қадылдарға қарап, қабағын шытып жіберді де, көзін тағы жұмды. Қадыл оның маңдайына алақанын басты, ұйпаланған шашын салалы жіңішке саусағымен жайлап қана тарады. «Халің қалай, жігітім? – деп жымыды. – Жаныңа Жәмила келіп тұрғанда қарамай жатармысың!».

Ертеңінде Қадыл тағы келді. Түндегі кезекшілігінің есесіне бір күн үйде дем алуға тиіс болса да келді. Термештің халін көрмей тыңши алмасын білген соң үйде отырмады. Ә, мықтым, жағдайың жақсы ма? – деді ол, сырқаттың төсегіне отыра беріп. Білегін алып, тамырын ұстады. – Жүрегіңнің соғуы дұрысталып қалған. Түнде тәуір ұйықтағаның жақсы болған, бәрін сұрап білдім жаңа. Ыстығың да қайта бастапты. Мықты жігіт деген осылай болса керек еді, ә? Енді бір алты-жеті күннен кейін бойың әбден жеңілдеп тез оңала бастайсың. Сосын, көп болса, бес аптадан соң үйіңе де қайтасың.

– Үйге ме?! – деді Термеш, көзі өткірлене түсіп. Даусында сенімсіздік пе, таңданғандық па, бір нышан бар.

– Иә, үйіңе қайтасың. Әбден сауығып шығасың, Термеш.

– Менің атым Термеш емес, Терлікбай. Мені жай... әлгі кім... солай атап, соны айтқам ғой..., – Терлікбай көзін жыпылықтата

қарап, жасаң үнмен әлсіз сөйледі. Сосын басын шайқап, Қадылдың жүзінен көзін тайдырып әкетті. Бетін іргеге бұрды. Алаулаған өңі қуқылданып, астыңғы ернін тістеп жатыр. Оның бетіне абыржи үңілген Қадыл жігіттің булығып, кемсендеп, көзінен қиналыс тамшысының домалап-домалап кеткенін көрді. Шашынан сипап: – Қой, айналайын, қой, мұның не? Сен осындай жасық жігіт пе едің! Қой, уайымдама. Әбден сауықтырып шығарамыз, ешқашан ауырмайтын боласың, ешқашан! – деді. Сол сәтте палатаға медсестра енді. «Қадыл, сізді меңгеруші шақырып жатыр», – деді ол.

Кәмал қою қара қасты біреумен сөйлесіп отыр екен. Онымен иек қаға амандасқан Қадыл, «құлағым сізде» дегендей, меңгерушіге қарады.

– Жаңағы айтқан дәрігеріміз осы жігіт. Бізге келгеніне енді күннен соң екі ай толады, жаңа кадр, жас кадр. Таныса отырыңдар.

– Сапар қылмыстыларды іздеу бөлімінің қызметкері екен. Бұйымтайы өзіңде көрінеді, – деді Кәмал Қадылға орын нұсқап.

– Мен нендей жиендік жасадым екен? – деп күлімсіреді Қадыл. Сапар да жайдары езу тартып, сөз бастады:

– Өткен айда мынадай бір оқиға болды. Біреулер селоның магазинін тонап, күзетшісін өлімші етіп кеткенін білесіздер. Ол осы сіздерде жатыр, бесінші палатада. Біз енді сол баяғы кәсібімізді істеп, тонаушыларды іздеп жүрміз. Біреуін тұтқындыдық та. Ол арқылы басқаларының ізін де шалып жатыр едік, аяқ астынан және бірін тапқанымыз. Мұнымыз – сіздің емдеуіңіздегі Терлікбай Жаңбыршынов.

Қадыл селт етіп, Сапардың бетіне аңырып қарап қалды.

– Жаңбыршыновты өзіміз де қарауылға ала бастағамыз. – Сапар сөзін жалғай берді. – Бірақ басшыларының ізіне түскенімізше тиіспелік деп едік, болмай қалды. Ал бұл бізге бұрын ұшыраспаған жан, жаңа біреу болар, әлде басқа жақтан келуі. Бірақ тым жас деп отыр Кәмал апай, соған қарағанда, бұзықтардың «жаңа кандидаты» болуы мүмкін. Әйтеуір бір құпия. Пышақталуында да бір гәп бар. Пышақтаған өз достары екені сөзсіз. Ал енді, егер сіз рұхсат етсеңіз, оны түрменің ауруханасына әкетсек деп едік!

Дәрігердің атжақты жүзі талаурап, дөңгелек қоңыр көзі жалтырап кетті. «Сола-а-ай ма...», деді ол ақырын ғана. Бетін Сапардан бұрып әкетіп, көзін терезеге қадады. Жайдақ қабағы сәл түйіле қалған. Қасының астында әлдебір діріл пайда болды да ұзын кірпігі «солай ма, солай ма!» дегендей екі мәртебе қағылып-қағылып кетті. «Бұл қалай? Не деді? Термеш... Терлікбай... Жаңбыршынов бұзық деп отыр. Рас па? Рас болғаны ғой. Сонда мен бұзық немені ажалдан алып қалдым ба? Бұл қалай болды? Мен алдандым, иә, алдандым. Енді не істеу керек? Әуелгі қиын операциямның сәтті өткеніне қуанып едім ғой, шын қуанып едім ғой. Шешесі де білмей ме екен? Ол қандай қуанып қайтты кеше!».

Шіп-шіп тершіген кең маңдайын алақанымен айқара сүртіп, Қадыл енді терезе түбіндегі батареяға сығырып қарап қалды. «Бала, әлі бала. Әлден бұлай болғаны... Бала өмірге бұзық болып туа ма? Жо-жок, бұзық болып тумайды, бірақ оны басқа біреулер бұзады. Терлікбайды да солар адастырған болды. Кім екен? Кім адастырды екен? Енді не болады ол? Бойына оң сөз дарыр ма, түзелер ме? Түзелсе, Терлікбай... ол түзелетін шығар. Ол бағана неге жылады? Үйіне қайтпасын білген екен ғой, сезген екен бұлай боларын. Бірақ онда байқамаппын, енді түсіне бастадым. Ол түзеледі! Бағанағы көз жасы ұят өртіне жауған жаңбыр емес пе! Ар-намысы жаншыған бала ғана солай жер болып жылайды. Сонда...».

– Өмір жолы өр-ылдисыз болмайды-ау, – деді осы кезде Кәмал, орнынан тұра бастап. Қадыл да ойдың ұзын шылбырын жиып алып, ақырын тұрды да, бір қағазды меңгерушінің алдына апарып қоя берген Сапарға қарап сөйледі:

– Бір жауызды ажалдан алып қалып, арымды былғағандай болдым. Ендігі жұбанышым – дәрігерлік парызымды өтедім дейтінім. Не болса да, әйтеуір болды. Мені мазалай бастаған және бір жай болып тұр, осы жерде ойға келген жай ол. Бұ жай – Жаңбыршыновтың келешегі. Ол бес жасамай жатып жаман жолға қалай түсті, кім түсірді? Сіздің жаңағы бір сөзіңізден оның бұрын бұзықтық іске араласпағанын аңғарғандай едім, сол сөзіңіз рас шығар. Бекер боларына менің де көңілім дауаламай тұр. Жаңбыршыновтың тәні ғана жаралы емес, оның жаны да

жаралы сияқтанады маған. Тән жарасының жазылуы оңай ғой, жан жарасының тауқыметін айтсаңызшы. Терлікбайға біздің дәрімізден гөрі сіздердің жылы қамқор сөздеріңіз шипа. Сонымен емдегейсіздер, Сапар. Ол түзелетін жан, түзеледі, әлі бала ғой.

– Жаксы айттыңыз, Қадыл, жаксы айттыңыз. Көп рахмет! – деп Сапар хирургтің қолын қатты қысты.

САПЕКЕҢНІҢ ӨМІРІНЕН **ҚОҢЫР ДӘПТЕР**

1937-жылдың қыркүйегі. Алматының бұраланды көшесі. Ашытқысы шала қамырдай сұйқылтым батпақты былш-былш басып, бауырына төрт дөңгелек орната салған науа тақылеттес арбаны лықсыта сүйреп қара ат желіп келеді. Қалқиған арбакеш, сібірлеп тұрған сүйкімсіз жанбырдан қорғанғаны шығар, көнетоз көкшіл көрпені күркелендіре жамылып алған. Бірлі-жарым жаяуы болмаса, төңірек қаңырап жатыр дерлік.

Бір кезде қара ат келтелеу құйрығын қокитып, төрт-бес қи тастады. Арбакеш оны елеген жоқ, жылқы малы күйіссіз, тастағаны иіссіз дейтін қазақ болса керек. Сол әредікте оң бүйірден әлдекім: "Ей! Тоқта! Тоқта!" деп барқ-барқ етті. Жарықшақ жуан дауыс. Арбакеш қыңбады. Естімеді ме, естісе де мән бермеді ме, оны өзі білер. "Ей! Тоқта! Саңыраусың ба, тоқта!" – Жуан дауыс тағы жұлқына шыққанға ұқсаған. Арбакеш бұрылып қарап еді: қара киімді сорайған қазақ жетсе-ақ оңдырмастай жудырығын ойнатып, батпақты шалп-шалп кеше жүгіріп келеді екен. Арбакеш ат басын ірке бергенде сорайған неме арбаны аударып тастардай солқ еттіріп қарғып мінді де, шынтағымен нұқып жіберіп :

– Тоқта дегенде тоқтау керек! – деп бажылдады.

– Сенің кімге бақырғаныңды мен қайдан білем?!

– Көшеде сенен басқа тірі жан жоқ! – деген анау делбені шап беріп: – Ну, пошел! – деп атты сол жаққа езулей бастады.

– Ей, сен, немене, жындымысың?! Біреудің ат-арбасында нең бар?! – Көлік иесінің де қаны салқын емес екен, көлденең

килікпеден делбесін ұмтыла жұлып алды да, қолтығынан шап бере көтеріп қалып: – Түс әйда! Кәне, түс! – деді. Қопарыла құлай жаздаған анау:

– Тоқта, дұрыстап сөйлесейік, мен органның кісісімін, – деді.

– Сөйлесек сөйлесейік, кім болсаң да еркің, тек құдайсынбай сөйле!

– Қазір, – деп анау шекпенінің омырауына қолын сұғып, әлдебір қағазды алып шықты да, алақанына астарлай ұсынды: – Мә, оқы, су тигізіп алма.

– Тигізбеспін...

– Өзің кімсің?

– Менің аты-жөнім – Сапарғали Бегалин. "Теміржолшы" деген гәзеттің қызметкерімін.

– Өлең жазасың ғой? Білем. Ал, жолдас Бегалин, бізге срочно көлік керек, бір срочный грузды управлению жеткізуіміз керек, жүр, көмектес!

– Бәрі срочно екен, мә! – Сапарғали делбені ұстата салды.

– Ну, пошел!..

Он минуттай уақыт үнсіз өткен соң көлік тоқтатылып, "қожайын" арбадан қарғып түсті де:

– Жүр, жолдас, көмектесіп жібер, – деді, бұйырғаны, өтінгені беймәлім раймен.

Аула Сапарғалиға таныс. "Ойпырым-ау!.." Өнебойы дір етті. Әлде ыстық бу шарпығандай, әлде ызғырық шалғандай... Үйдің сыртқы есігі шалқалай ашық. Алдында қара киімді төртпақ орыс қасындағы үлкен үш қораптың өзі жақ шеткісіне бір аяғын қойып, тасқа шыққан текеше кекірейіп тұр.

Жаңбыр толастаған-ды.

Сапарғалидың тынысы ауырлай бастаған.

– Подойди! – Төртпақ бажырая қатқыл сөйлеп, аяғын тартып, қорапты бір жағынан көтерісуге ыңғайланды. Сапарғалидың құлағы шыңылдады.

– Бұларың не? – деді ол, қазаққа қарап.

– Сұрап қайтесің, көтеріс.

– Өзі қайда?!

– Бағана тұтқындалды, тез, көтеріс!

Көтерісті. Орысқа көз тастады. Оның қалың жирен қас астындағы шегір көзі қазір ұясынан атылып шығардай. Сапарғали қорапқа қарады. Лықа толтырылғандардың бетінде көзіне де, көңіліне де ыстық кітәптар жатыр. Өнебойы тағы дірілдеп кетті...

Екінші қорапты арбаға салып бұрыла бергендерінде Сапарғали шеті қылтиған қоңыр дәптерді суырып алып, қойнына тығып жіберді. Шегіркөз шалып қалыпты:

– Ты что?! Что там?! Ну-ка, дай сюда!

– Не дам, это – моя тетрадь!

– Дай сюда, я сказал!

– Не дам! – Сапарғали оның қолын қағып тастап, үйге беттеді.

– Что случилось?! Не боп қалды?! – деді қазақ.

– Анау бір қорапта менің дәптерім жатыр екен, соны алдым. Менің өлең жазған дәптерім, ол: "оқып көрейін" деген соң бергенмін, соны алдым. – Сапарғали әрі тез, әрі нық сөйледі. Тез сөйлегені – соңынан ұмтылған орыстың алдын кескені. Нық сөйлегені – сыр берместен қазақты иландыруды ойлағаны.

– Да он сунул за пазуху тетрадь из коробки! – деді жирен төртпақ, Сапарғалиды бассалардай қомданып.

– Ты, Костя, обожди, я сейчас проверю, а ты дай сюда, я посмотрю, эжел бері, көрсет! Надо торопиться, дождь перестал.

Сапарғали дәптерді шығарып ұсына бере:

– Пожалуйста, вот, қаны бірді сатпассың, – деді де, орысқа қарап: – Я же сказал, что это – тетрадь моих стихов, которую я месяц, да, месяц тому назад дал ему прочитать, – деп қайтадан қазаққа бұрылды. Анау дәптерді ары-бері парактап, бірер тұсына үңілді де, қайтарып берді:

– Да, это его тетрадь, я проверял его документы, он – тоже поэт, ну, давайте, грузите, быстро!

Сол сәтте үйден: "Қоя бер мені! Жібер! Қолдарында өлейін! Пусти, пусти меня! О, сұмдық-ай! Бұл неткен бітпейтін сұмдық?!" – деген жанайқай естіліп, екі әйел жағаласып шығып келе жатты. Сапарғали дәптерді қойнына тыға салды да, әйелдерге қарай ұмтылды. Қазақ оны ұстай алып:

– Сен хозыякаға ие бол, қасындағы әйелді бізге жібер, сенің ат-арбанды сол алып қайтатын болады, ұқтың ба? – деді, жорта зілдене сөйлеп.

– Ұқтым, ағайын. Саған мың бір рахмет, аман жүр!..

* * *

Сапарғали сексеуіл қоймасына барып келуге шыққан. Көршісі Шахрулланың қара аты бар, соны таңертең әзіл өлең айтып сұрап алған. Қара ат аралас-құраластығы жарасқан екі үйге ортақ-ты. Аулада арбасын майлап жүрген көршісіне:

– Ей, Шаха, қара шолақ жарап тұр ма?

Ербитіп итқұлағын, қарап тұр ма?

Шиқылдақ трәшпеңкенді тіркеп бер де,

Қарық бол "Сексеуіл" деген ғажап жырға! – деп сәлемдескен Сапарғалиға Шахрулла күле қарап:

– Ақыры бармақсың ба? Жаңбырдың астында қалып жүрмейсің бе? – деген.

– Екеуімізді ақырған аязға да бермейтін көк көрпеміз аман болсын да!

– Ендеше, ей, Сапаш, мұртың сыла, қияқтансын,

Келіншегіңнің қастары сияқтансын.

Трәшпеңкеге сияды жүз сексеуіл,

Тарта алмаса – шолаққа, тией алмасаң – саған сын! – деп күлген, "сүйегім – ұйғыр, етім – қазақ пендемін" дейтін Шахрулла құрдасының қағытпасына кейде сөйтіп өлеңмен жауап қайтаруға дағдыланған еді. "Сәке, саған еліктеп жүріп, бір күні ақын болып кетпесем жарады-ау!" деп қалжыңдағаны да бар.

* * *

Жексенбі. Кіші бесін тақау. Сапарғали келіншегі мен екі ұлын Қаскелеңге баратын бір көлікке отырғызып жіберіп, үйіне оралған. Нәрестелі болып, шілдәқанасына шақырған жиеніне бұл жолы бара алмады, "ренжімесін, гәзеті бар болғырдың жұмысы көбейіп кетті", деп қалды. Сыртқы есікті іштен кілттеп, төргі бөлмеге кірді де, шытыралы сүйекбет төсектің астына еңкейе қол жүгіртіп, ықшам қобдишаны алып шықты. Кенеппен тысталған қобдишасы оның ісмерлік ыдысы еді, ішінде: балға, тістеуік, шеге, гайка, тағы

басқа керек-жарактың бәрі дерлік бар. Көршілері үшін Сапарғали гәзет қызметкері, ақын ғана емес, кәдімгі бесаспап шебер еді, үй ішіндегі су тұрбаның шүмегі, электрселтектер, тіпті электр үтіктері, плиталары бұзыла қалса, балаша жүгіріп барып, жөндеп бере қояды, ешқашан ақы-пұл алмайды. Енді, міне, "малтаппас" қобдишасынан гәзет орамды алып, қабаттарын ұқыптап жазды. Сексеуілсіз қалған күнгі қоңыр дәптері сонда еді, оны ақырын ала сипай көтерілді де, терезе түбіне қойылған шағын жазу үстеліне барып жайғасты. Дәптердің алғашқы бетін іштей "бісміллә" деп ашып, еңкейе үңіліп, үнсіз оқи бастады:

Таскында, тау суындай көңіл жыры,
Қазақтың сусындасын ойы-қыры!..

Сапарғали оқып отыр. Анда-санда ырғалып, мұртын сипап, басын изейді. Кейде орнынан тұрып кетердей қопандап қояды. Кейде алақанын ысқылап, аққұба өңі шырайланып, жымың-жымың етеді.

Өзгеге ұғындырмас өзі бұзбай,
Сыншыдан сақта, құдай, сортаң тұздай.
Шатасқан шалдуардан жиіркенем,
Елімнің ескісінен сөз айтқызбай...
...Көкшетау – жер жаннаты жеке біткен,
Бұл – сұлу, кең далада бойын күткен.
Жомарт тау дастарқанды, момақан тау,
Шипа тау, тазартатын барлық дерттен...
...Келіншек – жас жауқазын, сарымсақтай,
Қыздар да пісіп отыр қауыншақтай.
Ақ тамақ, алма бетті арулар жүр,
Қыдыртқан бақалшылар сабыншақтай...

Дәптер парағы бірінен соң бірі аударылып жатыр...

...Сүйегі жануардың жылқыдан жат,
Бұл емес текежәуміт, не қазанат.
Күйкиіп көзге қораш көрінсе де,
Шапқанда шалдырмастай бітер қанат...

Сапарғали басында тақиясы бары есіне енді ғана түскендей оны оң қолымен маңдайына тарта жылжытып, іле қарағұсына қайта ысырды. Үнсіз оқуы күбірге көшті:

...Өркеш-өркеш көрінген,
Орғылап су төгілген,
Балдырғаны білектей,
Балаусасы жібектей...

Сол сәтте есік тық-тық қағылды. Сапарғали елең етті. Тағы тық-тық. Сапарғали дәптерді үстелдің суырмасына сала қойып, есікке беттеді:

– О кім?

– Аға, мен ғой, Жақып.

– Ә-ә... қазір...

Есікті ашты.

– Ассалаумағалейкүм, аға!

– Уағалейкүмүссәләм! Төрлет!

– Аға, суық суымыздың қраны бұзылып... өзім жөндеп алам ғой, кілттеріңізді берсеңіз, сонсоң... кендір жібіңіз болса... ренжімесеніз...

– Несіне ренжиін, қазір.

Ол қобдишасын ұстап оралды:

– Жақып-жан, керегінді өзің осыдан асықпай тауып аларсың.

– Жарайды, аға.

– Ертең әкелерсің, мен қазір шығамын, кешірек келемін.

– Жақсы, аға, жақсы!..

... "Қазір шығамыны" бекер болса да, "кешірегі" расталды. Дәптердің соңғы бетін жапқанда іңір үйіріле бастаған. О тұсы мен бұ тұсына қайырыла үңіліп, кейбір шумақтарын жаттап алуға тиістей екі-үш мәрте оқып, еңсесін жаза күлімдеп, орнынан тұрып та кетіп, күлімдеген күйі басын шайқай ары-бері жүріп, қайтадан отыра қалып, тағы оқыған:

... Қарғалар қарқылдасып хабар салды,

Күшіген, қызыл көрген, аспанды алды.

"Білмеген ер қайғысын, сұмырай!" деп,

Қаршыға қуып жүрді сауысқанды...

... Жұрт мұнда тыңдаған жоқ биді, бекті,

Теңіз кеп тасығандай толқып кетті.

Ақырып тұс-тұсынан долданды жұрт,

Ызалы басу қиын болды көпті...

...Лағынат оқыды әнмен өткен күнге,

"Сол сұмдық қайтып қырда болмасын!" деп...

Ләм-мимсіз, қыбырсыз отырып қалған Сапарғали бір шамада дәптерді оқыс тез жауып, орнынан тез тұрып, іргедегі темір кереуетке етбеттеп сұлай кетті. Иесін оқыс ауырсынғандай-ақ, "бүйтпеуші едің ғой?!" деп тіл қатқандай-ақ, төсек сақыр-сұқыр етті де тыншыды.

...Бөлме қарабарқынданды. Төсек баяу ғана сықырлады. Иесі сылбыр түрегелген.

Сапарғали терезелердің шымылдығын қаусырып, шам жақты. Бөлмені алғаш көріп тұрған жанша аңырыңқырап, әуелі кісі бойы сәкіге, ондағы кітаптарға, үстінде "Теміржолшы" гәзетінің тігіндісі жатқан сандыққа, тұскиізге, төсекке көз кідіртті. Төсекке барып, ондағы екі жастықтың біреуін алып, текеметке малдас құрды. Гүлді жасылтым сәтен қабының төрт бұрышына үшкілдеп аппақ тоқыма тұтылған жастықты да жаңа көргендей. Оны қырларын сипай қарап, ауызтігісін тауып, қалтасынан бәкі шығарып, тігісті еппен сөкті. Ішкі ақ қабын да сөкті де, жастықты жанына тіктеп қойды. Орнынан тұрып, тұскиіздің шеткі шегесіне ілулі ақ сүлгіні, оның қатарына түйреулі ине-жіпті, үстелдегі дәптерді алып, қайта отырды. Дәптерді тағы біраз парақтады да, "бісмиллә" деп жауып, ақ сүлгімен орап, жастық мамығының орта тұсына мұқияттап тықты. Жастықтың екі қабын да қалпына келтіре тікті. Содан кейін жастықты төсекке апарып қойып, жазу үстеліне оралды.

* * *

Шілдәқанадан сәрсенбінің кешінде келген әйелі мен балаларының әңгімелерін тыңдап мәз болған Сапарғали әсіресе екі баласының ауылда көрген қызықтарын жарыса айтқандарына ден қойды. Қыртектінің кішісі тұрғай, үлкендері де құлынды, қозы-лақты, бота-бұзауды, күшікті көрсе, баламінезденіп кетпей ме, ал төрт жастағы, алты жастағы балалар ше?! Екеуі үш күндегі әсерлерін құмарлары қаңғанша таласа айтты-ақ. Шешелері: "Қойыңдар енді, қалғанын кейін айтарсыңдар, әкелерің таңертең қызметіне барады, ұйықтасын, дем алсын", дегенде де тоқтаған жоқ.

Әкенің жан жылылығын қас-қабағынан танып үлгірген бала оның алдында әрқашан еркін болады ғой. Екі ұлы екі дізесін меншіктеп алған Сапарғали да: "Е, көріп-білгендерін айтсын, айта берсін, менің ұйқым қанар", деп, екеуін кезек-кезек иіскеп мейірленген.

Балалары ұйықтаған соң ғана сөз кезегі тиген Сәлимәнің әңгімесін тыңдап болған Сапарғали мұртын сылап, салмақтана ойланып біраз отырды. Күйеуінің ол мінезіне таңырқаған Сәлимә:

– Сәке, неге үндемей қалдың? Жайшылық па? – деді, қарсы алдындағы күйеуіне сәл секемдене ақырын сөйлеп. Алқын-жұлқын, опыр-топыр заманның оқыс оқиғаларынан, мүлдем түсініксіз жағдаяттарынан қатты тіксініп жүргеніне үшінші жыл. Былтыр бірде: "Не болып барады?" деген зәрелі сұрағына күйеуі: "Білмеймін... қателік пе, қысастық па, түсіне алсамшы!.." деп шынын айтқан. Тәңірден ертелі-кеш іштей тыныштық тілеп, отбасына амандық сұрап жалбарынғаннан өзге не шара?! Өзінің де сезім сапырылысы үдеп, санасы жүдеп, онысын отбасына, көрші-қолаңға, жолдас-жораға аңғартпасқа бекініп, дүзде көбінесе үнсіздікті серік еткен Сапарғали әйелінің секемшіл бола бастағанын сезіп жүрген-ді.

– Мен кеше бір түс көрдім, қызық та қиын түс, соны айтайын, жорисың ба? – деді келіншегіне, езу тарта қарап.

– Қайдан білейін...

– Түсіме Абай кіргені. Абай атамыз. Біраздан бері оның ештеңесін оқыған жоқ едім, есіме де алмағанмын. Гәзеттің күндегі қаңқасап жұмысы "қамалды-атылдыдан" басқа нені ойлатып жүр... Жарықтық Абекем... кәдімгі өзі... Екеуіміз айдалада жолықтық. Сәлем бердім. Сәлемімді алды. Күлімсіреп тұр. Сұлу киінген. Қолтығында жастық бар...

– Жастық?!

– Иә, анау менің жастығым екен деймін... "Балам, мына жастық – киелі жастық, мұны ешбіреуге ұстатпа, ешбіреуге жастатпа, тысын өзің жу, басқалардың ешқайсысы жумасын, өзің жу. Өзіңнен басқа ешкім ұстамайтын болсын, ұқтың ба?" деді. "Ата, ұқтым!" дедім. Ол жастықты маған ұстатты да, ғайып болды, мен жастықты алдым да, біреу түртіп қалғандай-ақ оянып

кеттім. Күндегіше басыма жастап ұйықтаған жастықты Абайдың қолынан алып құшақтаған күйімде ояңғаным. Шалқамнан жатырмын... Кәне, не дейсің?

– Не деймін... білмеймін...

– Әйтсе де?

– Киелі адам болыпты ғой жарықтық... айтқанын орында, Сәке, орындап жүр. Жұма күні жеті шелпек пісірейін, марқұмның... жарықтықтың аруағына бағыштап құран оқышы...

– Сөйтейік.

...Жазу үстелінен түн ортасы әлетінде тұрған Сапарғали жуынып-шәйініп барып төсегіне қисайды да, жастығын әнтек жоғары жастанып, аялағандай алақанымен сипап: "А, құдай, өзің қосқан қосағыма бүгін бірінші рет жалған айттым, кешіре гөр!.. Сәлимәға сенбегенім емес, "сақтықта қорлық жоқ" дегенім... өзімізге өзіміз сену де тым қиын қисық-қысталаң, қиямет күнге тап болдық қой!.. Ертеңіміз қандай?.. Кешіре гөр!" – деді, іштей жалбарыныш наз айтып.

* * *

1957-жылдың көктемі қазақтың еңсесін көтере келді. Мүлде көншітпесе де, мойнына байланған жүз зіл тастың жетпіс-сексенін алып тастағандай, бойын көп жеңілдетті, тынысын көп кеңітті. Наурыз Жаңа Күн екені рас екен. Бұл жылы ол Ғажап Жаңа Күн болды. Сапарғалидың да көңілі көктем. Наурыздың 13-інде сәтті сәрсенбіні ырымдап, таңертең үйінен шықты. Басында: қаракөк тақиясы, үстінде: көкшіл жеңіл пенжақ-шалбар мен ақ көйлек, жазғы бәтіңке. «Бүгін – қазекеннің әбдікейі. Бұл күн жылы болып, қар еріп, торғай су ішсе, жаз тез шығады, ал қарасуық болса, жаз қырық күн кеш шығады» дейді. Биылғы әбдікейде, міне, тіпті, еритін қар қалмаған да. Көлеңкелі іргелерде ғана там-тұм жатыр. Ендеше, бәрекелді, жазың қыр астында! Ол іштей осылай бір желпініп, қанық қара қияқ мұртын сылап қойып, "Десятая линия" көшесін бетке алды. Әжептәуір қашық аралық. Бірақ, көлікке жуығысы жоқ. Жарқырап тұрған жайдары күнде жаяу сейілдемесе, сірә, обал да!..

Емен есіктің қоңырау түймесіне сұқ саусағы тиюі мұң екен,

арғы жағында әлдебір әуен сыңғырлады. "Музыкалы қоңырау орнатқан екен".

– Ол кім? – деген сауал да естілді, есік те ашылды.

– Сұрағыңызға жауап алар-алмаста-ақ ашады екенсіз?! – деді Сапарғали, әзіл үнмен.

– Сәке?!

– Иә, менмін, Фатима ханум, менмін ғой, сәлеметсіз бе?

– Қош келдіңіз, кіріңіз, төрлетіңіз! – деп бәйек болған Фатима қызылала халатының түймелерін сала шеттеңкіреп, күтпеген мейманына жол ашты.

Бөлмеден қалампыр иісі аңқыған. Сапарғали іштей: "Менің әжем де қалампырды жақсы көруші еді" деп, ауылы "Кербез апа" атап кеткен әжесін есіне алып үлгірді.

– Есікті Фатима ханумның өзі ашқанын жақсылыққа жориын, - деді ол, әзіл үнін үзбей.

– Сөйтіңіз, Сәке, уақыт шіркінді әйтеуір бір жақсылықты күтумен өткізіп келеміз ғой. Туфлиіңізді шешпесеңіз еді... онда тапочка киіп алыңыз, қазір...- Есікті жапқан Фатима босағадағы аяқкиім кебезесінен киіз шәркей алып берді.

– Рахмет.

– Жоғарылаңыз, Сәке, төрге шығыңыз, мен қазір... үй-ішіндік киіммен жүр едім, жалғыз өзім болған соң...

– Балалар қайда?

– Кеше Санжар алып кетіп еді, сонда қонып қалғандары, Ильфа жібермеген болар.

Сапарғали бөлмеге кіріп, ұзынша үстелді қоршай қойылған биік арқалықты орындықтардың орта тұсындағысына отырды. Төргі қабырғаға кең дала бейнеленген кілем ілініпті. Қарсы қабырғадағы екі терезенің аралығында басын бұлт шалған жақпар тасты таудың үлкен фотосуреті, бұлтқа тақау иық таста – қанатын қомдай тусыртына о жар бұрыла қараған қыран. "Анау қыран ақиық ақынның өзін бейнелегендей келісті екен! Сәтті сурет!"

– Сәке, өздеріңіз қалайсыздар? Бәйбішеңіз, бала-немерелеріңіз сау-сәлемет пе? – Фатима ашық-жарқын сөйлей келді. Шашын

жиып, тік жаға қызғылт кеудеше киіп, көк белдемше байлапты.

– Е, құдайға шүкір, ептеп жүріп жатырмыз. Өзіңіздің денсаушылығыңыз, көңіл күйіңіз қалай, жақсы ма?

– Біз де ақырындап жүрген сол, ел қатарлы дегендей.

– Фәке, мен сізді жас кездегімізше "Фатима ханум" дедім, Ілекең бірде маған: "Жеңгенді "ханум" дегенің дұрыс" деп еді, есіңізде ме?

– Сәке-ай, ол күндер ұмытылмайды ғой!

– Ол рас. Ал, Фатима ханум, мен кіріп-шығуға ғана келдім, ренжіменіз.

– Мұныңыз қалай? Отырыңыз. Мен шай қамдайын.

– Бір сағаттан соң жол жүретін едім, ел жаққа, Семейге. Тірлік-тіршіліктің таусылмайтын онысы-мұнысы баяғы. Рұхсат етіңіз, кейінірек әлі талай кездесеміз, әңгімелесеміз.

– Түү, Сәке-ай!..

– Әдейілеп келген бұйымтайым мынау еді. – Сапарғали қойын қалтасынан соно-о-оу қоңыр дәптерді алып ұсынды. – Сізге табыс етермін деп сақтап жүріп едім, бүгін сәті түсті.

– Бұл не?

– Ілекеңнің... Ілиястың "Құлагер" дастанының қолжазбасы, түпнұсқасы.

– Түпнұсқасы?! – Фатима екі қолын кеудесіне қоя, тұйғынша түйіле қарай қалды.

– Өзі тұтқындалған күні ойда жоқта, еріксіз барып қалып... есіңізде шығар, сіздің қасыңызда болып... сол күні тығып алып қалып едім... Халқымызға Ілекеңнің рухымен бірге оралды, қайырлы болсын!

Фатима дәптерді қос алақанына сала алып, маңдайына басты. Ұзын кірпікті кара көзінен ыршып-ыршып шыққан тамшылар жоталылау мұрнының екі қапталын құлдай жарыса төгілді...

"Тағдырыңның жолы кейде кең, кейде тар болып, өмір жүгің қайта-қайта ауа беріп... ай, Фатима ханум!.. Жазмыш қой... айтар не қалды?! Ілекеңнің кітаптарын тиеп әкеткен күні қасыңда қалып, күйзелісіңе ортақ болып, қосыла қиналғаным... Тағдырдың бізге, біздейлерге бұдан былай тарынбауын тілейік... Отбасыңа үйірілер

жақсылық ұзағынан сүйіндірсін!". Өзі де толқып кеткен Сапарғали іштей осылай мінәжәт ете отырып:

– Фатима ханум, маңдайға жазылған өшпейді емес пе, бәрін де көреміз, бәріне де төземіз. Өткенге енді өкінбелік. Мынау шаңырағыңызға үлкен қуаныш келе жатыр, ол – сіздің ғана емес, бүкіл халқымыздың, еліміздің қуанышы! Құтты болсын! – деді.

– Сәке, түсінесіз ғой, ғафу етіңіз! – Фатима дәптерді кеудесіне басып, қолорамалмен көзін қайта-қайта құрғатып отырған. Күтпеген мейманына шын кешірім өтінген кейіппен қарады. Жас шылаған көзі жаңбыр жуған қарақаттай мөлдірейді.

– Оқасы жоқ. Түсінемін, қысылмаңыз. Ілекеңдерді ақтар комиссия жұмысын жинақтап қалса керек, ресми тұжырымдары, менің естуімше, алдағы аптада жарияланады. Қуанышыңыздың қарлығашы андағы "Құлагер" дейік!

– Айтқаныңыз келсін! Біз көп күткен жақсылықтың жақындап қалғанынан хабардармыз, Сәке...

– Фатима ханум, рұхсат болса, мен қайтайын...

– Сәке-ау!.. Қазір... «куыс үйден құр шықпаңыз...» – Фатима қоңыр дәптерді қолтығына қыса түрегеліп, ауызғы бөлмеге шығып кетті де, сәлден соң гәзетке ораған әлденені алып кірді. – Сәке, мына қорап конфетті немерелеріңізге ала барыңызшы, Ілияс атасының ертеңгі тойынан сарқыт болсын!

– Фатима...

– Тойымыздың сарқытының басы болсыншы, Сәке!

– Жарайды, рахмет!

– Сәке... сонда сіз бұл дәптерді... – Фатима қолтығындағы дәптерді қолына алып, оң алақанымен ақырын ғана сипады. – Сонда жиырма жыл сақтадыңыз, ә?.. Менде 1936-жылы ноябрьде "Социалды Қазақстан" гәзетінде жарияланған екі-үш үзіндісі ғана бар, Ілекеңнің қолжазбасы КГБ құртқандардың арасында кеткен шығар деп түңіліп қойып едім. Сіздің бұл сыйыңыз, Сәке... – Фатиманың дауысы құмығып, өзі төмен қарап тұрып қалды.

– Фатима ханум, сіздей қайратты адам қажымас болар, сіздей жігерлі адам жасымас болар! – деген Сапарғали оны иығынан

құшақтап, жорта бірер ырғады да: – Жарайды, сау болыңыз! Ұлы тойға әзірлік жасай беріңіз! – деді, есікке беттеп. Фатима басын қалт көтеріп, жүрегіндегі өлшеусіз мол алғысын жәудіреген көзімен ақтара айтқысы келгендей қиыла қарап:

– Сәке!.. Сіз болмасаңыз... "Құлагер" Ілекеңнің өзімен бірге кететін еді... Сізге Ілиясыңыздың аруағы риза болсын! – деді.

– Факе, біз – қазақтың Ілияс Жансүгіровіндей тарихи тұлғаның тұрғыластары мен інілері – оның аруағына өле-өлгенімізше қызмет етсек те, парызымызды өтеп кете алар ма екенбіз, мен оны білмеймін... Сау болыңыз! – деді, есікті аша бұрыла қарап кідірген Сапарғали.

– Жолыңыз болсын, Сәке! Аман жүріңізші! – деді Фатима...

1982-жыл.

Автордан: *Бұл деректі хикаят кейіпкері қазақтың белгілі жазушысы Сапарғали Бегалин болған соң, ол ағамызға байланысты мына бір жәйтті қоса айту жөн болар деп білдім:*

«ОҚЖЕТПЕС»

Түскі үзілістен келіп, бөлмемнің есігін ашқаным сол еді, телефоным шылдырлады. Үстеліме жете бере қолсағатыма қарадым: 14 сағат 04 минөт. "Орнында шығар, жұмыс уақыты басталғалы төрт минөт болды ғой" деген есеппен хабарласқан бұл ұқыпты жан кім екен?» деп іштей күліп, телефон тұтқасын алдым.

– Ғаббассың ба? Сәлеметсіңдер ме? Мен Сапарғали ғой.

– Ассалаумағалейкүм, аға!

– Уағалейкүм. Сенде бір... азғана бұйымтайым бар еді.

– Құлағым сізде, аға, айта беріңіз!

– Ешқайда асығыс болмасаң, барып шығайын.

– Келіңіз, аға, келіңіз!

...Сапекең келді. 1979-жылғы шілде айының 22-нші күні-ау деймін. Бір ай шамасы бұрында Көкшетауға аттанған. Сондағы "Ясная поляна" санаторийына бізден, Әдеби қордан, жолдама алған-ды (мен Қордың директоры едім). Сапекең қоңырқайланып,

бүйрек бетінің ұшы қызғылтымданып, бұрынғысынан да сүйкімді бола түсіпті. Есен-саушылық сұрастық.

– Аға, демалыс жайлы болды ма? Біркісілік нөмірге жолдама табылмай қалып, екікісілігіне алып едік, қасыңызда болған адам мазаңызды кетірмеді ме? – дедім, бұл жылы оңаша жібере алмағанымға ұятты екенімді ептеп аңғартып.

– Мазалаған жоқ, менен екі жас үлкен, көп жыл обком хатшысы болған, әдебиетті, тарихты жақсы білетін кісі екен, әңгімеміз жарасып, ертеңді-кеш шүйіркелесіп жүрдік. Путевка бергеніңе рахмет, Оқжетпес пен Күміскөлді әбден тамашаладық, – деген Сапекең пенжағының қойынқалтасынан бүктеулі парақ алып ұсынып: – Мынаны машинкалатып бере ғой, Димекеңе жазған хатым, ертең ол кісінің қабылдауында болмақпын, – деді. Әрі кассиріміз, әрі машинкашы қызымыз Бәйменова Сұлушашты шақырып алып, Сапекеңнің хатын жақсы қағазға жазып әкелуді тапсырдым...

Ертеңінде түске жақын Сапекең телефон шалып, әншейіндегі бірқалыпты баяу қоңыр үнінен сәл-пәл "жаңыла" сөйлеп:

– Ғаббас, кешегі хатымыздың жолы болды, Димаш Ахмедович Қонаев жолдас жылы қабылдап, жақсылап әңгімелестік. Өзіңе қысқаша айтқанымды Димекеңе тәптіштеп жеткіздім. Ол кісі менің алдымда құдды кінәлі жанша қызарақтап: "Сапеке, кейде ескеретінді ескермей, ескермейтінді ескеріп жүретін "пысықтығымыз" болады ғой, – деп күлді де: – сол "Ясная полянаны" қазақшаға өзгерту ойымда болып еді, бірақ, қалайда құнт етпеппін, Сіздің әдейілеп келіп, "Оқжетпес" деп өзгертуді ұсынып отырғаныңыз оңды болды-ау, тілегіңізді кешіктірмей орындаймыз!" деп ризашылық білдірді, – деді. Сапекеңнің дауысынан көңіл қуанышы анық аңғарылған.

– Аға, сіз бір үлкен іс тындырдыңыз, қуанышымыз құтты болсын, жүз жасаңыз! Келесі жылы "Оқжетпестің" люкс-нөміріне жолдама береміз, қай айға керегін қазір айтыңызшы! – дедім. Сапекең дағдысынша ақырын ғана күліп:

– Оны асықпай кейінірек айтармын, – деп алды да: – СССР-да Толстойдың "Ясная полянасы" бар, оны қайталап қадірін кетірмеу керек, біздегі "Ясная полянаның" орнына қазақша ат қояйық деген

ұсыныс Министрлер Советіне, Димекеңе ауызша да, жазбаша да сан жолданған екен, оны осы жолы естіп-біліп келдім ғой, алайда, менің бір таңқалғаным: сол өтініштердің бірде-бірі Димекеңнің алдына жетпепті, – деді.

– Е, аға, бізде ондай жәйттер бола береді, – дедім...

Көкшетаудағы дос-жолдастарыммен сөйлескен, жүздескен сайын әрқашан мұнтаздай тап-таза болып жүретін ақкөңіл, қияқмұрт Сапекеңнің сол бір әңгімесі есіме түседі...

Бөлмемдегі диванда аға-іні болып қатар отырған кездерімізде аяулы Сапекеңінің "Қоңыр дәптер" оқиғасынан соң айтқаны осы «Оқжетпес» еді.

1983-жыл.

МАЗМҰНЫ

Тәлкек тағдыр	3
Жолаушылар	54
Екі жәйт	146
Тақия	325
Төрт хат	329
Тәуекел	337
«Не дейді-ау?!»	342
«Фазылдың дауысы ғой?»	347
Тілек	356
Қоңыр дәптер	360
«Оқжетпес»	372

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

ӨР-ЫЛДИЛЫ ӨМІР

(Хикаяттар)

Редакторы

Т. АЙТБАЙҰЛЫ

Беттеген

Д. ТАЛҒАТ

Басуға 14.11..2016 ж. қол қойылды.

Қалыбы 60x90 ¹/₁₆. Шартты баспа табағы 23
Есептік баспа табағы 23,5. Таралымы 50 дана.

«Тоғанай Т» баспасы: Алматы қ-сы, Қожамқұлов көшесі 128-39.

Тел.: +7 727 233 62 23, факс: +7 727 390 41 03.

e-mail: ToganayT@mail.ru